

л 2007  
1675к

МИХ. ШОЛОХОВ

ТЫНЬК  
ДОН





МИХ. ШОЛОХОВ

# ТЫНЫҚ ДОН

ТӨРТ КІТАПТЫ РОМАН

*төртінші кітап*




---

КАЗАКТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1956

120

Аударған  
Хамза Есенжанов



## ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

### 1

Оңтүстік майданнан қызылдардың әскерлерінің едәуірін өзіне қарай аударған жоғарғыдон көтерілісі — Дон армиясы командованияесінің Новочеркасскіні бүркеп тұрған майдандағы әскер күштерін емін-еркін қайта топтауына мүмкіндік беріп қана қоймай, Каменская мен Усть-Белокалитвенская станицалары аймағындағы ең бір табанды ақгвардия полктарынан, әсіресе оның төменгідондық және қалмақ полктарынан, жауды жапырарлық мықты группа жыйнақтауына мүмкіндік берді. Бұл группаның міндеті: тиісті кезеңде генерал Фицхалауровтың әскер бөлімдерімен қол ұстаса отырып, қызылдардың 8-армиясының бір бөлегі боп табылатын 12-дивизияны тойтара тастап, 13-дивизия мен Орал дивизиясының флангісі мен тылын жапыра, қақ жарып өтіп, солтүстік беттегі жоғарғыдон көтерілісшілеріне қосылу еді.

Осы қуатты группаны топтау жөнінде Дон армиясының қолбасшысы генерал Денисов пен штаб бастығы генерал Поляков жасаған жоспар майдың аяқ кезінде толығымен дерлік жүзеге асырылды. Каменскаяға 36 зеңбірегі және 140 пулеметі бар 16 мыңдай найза мен қылыш ұстаған қалың қол жіберілді; әскер жасындағы жас казактардан 1918 жылы құралған, жас армия деп аталған армияның ақырғы атты әскер бөлімдері мен тандаулы полктары жеткізіліп жатты.

Ал, бұл кезде төрт жақтан бірдей қоршауда қалған көтерілісшілер қызылдардың жазалаушы әскерлерінің атакаларын тойтарумен болды. Донның сол жақ жағасында, оңтүстік беттегі майданның өнбойында көптеген

кызылэскер батареяларының үздіксіз дерліктей, сұрапыл оқ жаудырғанына карамастан, көтерілісшілердің екі дивизиясы Доннан өткізбей жаудың жолын бөгеп, траншеяларында қасарып отырып алды; қалған үш дивизия батыс пен шығыс және солтүстік беттен көтерілісшілердің территориясын қорыды, бұлар орасан қырғынға ұшырады, әсіресе солтүстік-шығыс участокте қатты қырғын тапты; алайда шегінбестен, үнемі табан тіресіп, Хопер округінің шекарасынан шықпады.

Өз хуторының өкпе тұсында жатқан және бос жатып еріккен татарлықтар жүздігі бір күні қызылэскерлерге ойда жоқ жерден әлек салды: еркімен тіленіп шыққан казактар, дыбысын білдірмей, түнде косескекті қайықтармен Донның оң жақ бетіне өтіп алып, қапыда қызылэскер заставасына бассалды, қызылэскердің төртеуін өлтірді де, пулеметін қолға түсірді. Келесі күні кызылдар Вешенскаяның түбінен батарея келтірді, бұл батарея казак траншеяларына сырғытпа оқ жаудырды. Орманға сатұрсұтыр шрапнель түсе бастасымен-ақ жүздік тезінен траншеяларын тастай беріп, Доннан әрегірек, орман ішіне шегінді. Бір тәуліктен кейін кызылдар батареясын кері шақырып әкетті де, татарлықтар тастап кеткен позициясына қайта орналасты. Зеңбірек атқылауынан жүздік шығынға да ұшырады: жуырда ғана келген тың әскерлерден екі жасөспірім жігіт снаряд сынығынан өліп кетті және мұның алдында Вешенскаядан жаңа ғана келген жүзбасының шабарманы жараланды.

Мұнан кейін шамалы тыныштық орнады да, траншеяларда өмір ілкі қалпына түсті. Қатындар жиі қатнасып, түнге қарай нан мен самогон әкеліп тұрды, ал казактар тамақтан кенде болған жоқ: ауа жайылып келген екі қашарды сойып алды, және оның үстіне көлдерден күнде балық аулап тұрды. Христоня бас балықшы болып есептелді. Оның қарауында кері шегінген біреулердің жағада қалдырып кетіп, жүздіктің қолына түскен он сажендық сүзбе ауы болатын, Христоня соны сүйрелеп, бұл алапта ол кешіп шыға алмайтын ешбір көл жоқтай-ақ, мақтанып, ылғи «терещен» аулап жүрді. Балықты шаршамай-шалдыкпай бір жеті аулағаннан кейін оның көйлегі мен шалбарына балықтың кетпейтін ылғал исі әбден сіңіп қалған соң, Анкишка ақырында оған:

— Бейше өлген жайының иісіндей сасық иіс сенен үнемі аңқылды да тұрады! Сенімен енді бір тәулік бірге

тұра қалсаң, балықтан өмір бойы жаның түңілер...— деп, онымен жеркепеді бірге тұрудан үзілді-кесілді бастартты.

Содан былай, масаға қарамастан, Аникушка жеркепенің сыртында ұйқтайтын болды. Ұйқтар алдында ол жирене тыжырынып, құмға шашылған балықтың қабыршағын және иістенген шек-карнын сыпырғышпен сыпырып тастайтын, бірақ Христоня ертемен аудан қайтып келіп, ойында түк жоқ, жеркепенің кіре берісінде маңғаздана отырып алып, әкелген сартұқыштардың тағы да ішін жарып, тазарта бастайтын. Оның төңірегінде көк шыбын құжынай ұшып, долы сары құмырсқалар бұлша қаптап жүретін. Мұнан кейін еңтіге жүгіріп келе жатып, Аникушка анадайдан:

— Саған бұдан басқа жер құрыды ма? Сендей жынының тамағына балықтың қылқаны да тұрып қалмайды-ау! Әрі кетші, құдай ақына! Бұл менің жататын жерім, ал сен оған балықтың шек-карнын төгіп-шашып, бүкіл округ қол астындағы құмырсқа біткенді жыйып алыпсың, Астрахань іші сыяқты, төңіректің бәрін сасытып бітірдің!— деп бақыратын.

Христоня лөкір пышағын шалбарына үйкелей, Аникушканың ашу кернеген мұртсыз жүзіне ойланып ұзақ қарап тұратын да, байсалды пішінде:

— Балық исін жаратпағанына қарағанда, Аникей, сенің ішінде, сірә, жыланқұрт бар шығар. Аш қарынға сен сарымсақ жесең қайтеді? — дейтін.

Боқтап-балағаттап, жерге түкіріп, Аникушка кете баратын.

Бұлардың шекісуі күн-күн сайын болып тұратын. Бірақ жалпы алғанда жүздік тату өмір сүрді. Степан Астаховты қоспағанда, тамағы тоқ болғандықтан, казактардың бәрі де көңілді еді.

Аксиньяның Вешенскаяда Григориймен жолығысып тұратынын хутор казактарынан білді ме, әлде мұны жүрегі сезді ме — әйтеуір Степанға кенеттен қамығу пайда болды, тектен-текке взвод командирімен ұрсысып, қаруыл қызметін атқарудан біржола бастартты.

Жеркепенің ішінде қара бостектің үстінде жылжымас-тан жатып алды, аһлап-уһлеп, екпе темекіні құныға тарта берді. Мұнан кейін жүздік командирінің Аникушканы Вешенская станицасына патрон әкелуге жіберейін деп жатқанын есітіп қалып, екі тәулік дегенде бірінші рет тысқа шықты. Ол неше күн ұйқы көрмей ісінген, жасау-

раған көздерін сығырайта түсіп, теңселген ағаштардың көзді ұялта жарқыраған үрпек жапырақтарына, жел айдап түксиген ақжал бұлттарға күдіктене қарады да, күбірлеген орман шуылына құлағын тоса, Аникушканы іздеп, жеркепенің жанынан өтіп кетті.

Қазақтардың көзінше сөйлескісі келмей, Аникушканы шетке шығарып алып, тілек етті:

— Вешкида Аксињьяны тауып ал да, менің хал-жайымды біліп кетсін деп айтты дерсін. Көйлек, дамбалы жуылмаған, биттеп кеткен дерсің және оның үстіне...— деп Степан ұялыққырай күлімсірегенін білдірместен, сәл мүдіріп қалды да: — Қатты сағыныпты, тезінен келуінді күтеді дерсің,— деп сөзін аяқтады.

Аникушка түнде Вешенскаяға келді, Аксињьяның пәтерін тауып алды. Григориймен ренжіскеннен кейін ол бұрынғыдай апасының үйінде тұратын. Степанның айтқандарын Аникушка бұлжытпай айтып берді, және әйелге күштірек әсер етсін деген оймен жанынан қосып — егер де жүздік жатқан жерге Аксињья келмесе, Вешенскаяға Степан өзім барамын деді,— деп сескендіріп қойды.

Тапсырманы тындап болғаннан кейін әйел жыйынып-теріне бастады. Апасы тездетіп қамыр ашытып, бауырсақ пісірді, сөйтіп екі сағаттың ішінде еріне бағынышты Аксињья Аникушкамен бірге татарлықтар жүздігі жатқан жерге жүріп те кетті.

Степан әйелін ішінен жүрегі лүпілдей қарсы алды. Ол әйелінің жүдеп, ашаң тартқан жүзіне сынай қарады, хал-жайын аса сақтықпен сұрады, бірақ Григорийді көрді ме, жоқ па — бұл жөнінде бір ауыз сөз айтқан жоқ. Тек қана сөз арасында бір рет:

— Вешкиге сен неге оң жақ бетпен бардың? Хутор тұсынан неге өтпедің? — деп сұрады көзін төмен сала, сәл бірқырындай түсіп.

Аксињья жат адамдармен бірге өтуге мүмкіншілігі болмағанын, ал өткізіп жіберіндер деп Мелеховтардан өтіңгісі келмегенін айтты. Бірақ бұл сөзден Мелеховтардың оған жат болмай, жақын болып шығатынын ол жауабын беріп қойған соң ғана сезіп қалды. Сөйтіп, Степан тап осылай түсінеді-ау деп қысылуға айналды. Степан, шындығында да, тап осылай түсінген болуы керек. Өйткені оның қабақ асты селт ете қалды да, жүзінде бір көлеңке жүгіргендей болды.

Ол сыр тартқысы келгендей Аксињьяға көзін тіге қа-



рады да, әйелі оның бұл үнсіз сауалын түсіне қойып, қысылғаннан және өзіне өзі ызаланғаннан кенет қызарып кетті.

Степан әйеліне жауы ашып, ештеңені байқамағансыды да, үйден кетерінде үй-ішінің затынан не дүние жасырып үлгергенін және дұрыстап жасыра алды ма — соны сұрап, әңгімені шаруашылық жаққа бұра қойды.

Аксинья ерінің бұл кеңпейілділігін ішіне түйе, жауап қайырды, бірақ ол үнемі қымсынып, қысыла берді, скеуінің арасындағы алақөздіктің бекерден-бекер туғанын дәлелдеу үшін және өзінің іштей толқуын білдірмеу үшін сөзді әдейі мұқамдап, баптап, тартына сөйледі, солғын сөйледі.

Ол екеуі жеркепе ішінде отырып сөйлескен болатын. Бұлардың әңгімесін казактар үнемі бөле берді. Казактар үйге бірінен соң бірі кіріп жатты. Христоня келді де, тап сол жерге жатып ұйқтауға айналды. Оңаша сөйлесуге болмайтынын көргеннен кейін, Степан әңгімені амалсыз доғарды.

Аксинья қуана түрегелді де, дереу түйіншегін шеше бастады, станицадан алып келген бауырсағын күйеуіне берді, сонан соң оның жорық қоржынынан кір ішкіімдерін алып, қасындағы көлшімекке оны жууға кетті.

Орман үсті таң алдындағы тыныштық пен көгілдір тұманға бөленулі. Шық салмағын ауырлаған шөп жерге дейін иіліп тұр. Көлшімектерде бақалар бет-бетімен шуласып, жап-жакын бір жерде, жеркепенің маңында, қаулап өскен үйенкі бұтасының тасасында шәукілдек шыйкылдай айқайлады.

Аксинья сол бұтаның жапынан өтті. Бұтаның нақ ұшар басынан түбіне шейін балғын шөп бүркеген діңін өрмекшенің өрмегі орап алыпты. Шықтың ұп-ұсақ тамшылары моншақша тізілген өрмекшінің арқауы меруерттей жылтылдайды. Шәукілдек бір минуттай тына қалды да, Аксиньяның жалаң аяғы жапырған шөп қайта көтеріліп үлгірмей-ақ, тағы да дауыстады, көлшімектен ұшып шыққан қызғыш оған зарлы үнмен жауап қатты.

Аксинья кофтасын және, қыймылын еркіндетпей, денесін қысқан көкірекшесін шешіп тастап, көлшімектің буы бүркыраған жылы суын тізеден кеше, кір жуа бастады. Төбесінде қалың шіркей үйіріліп, сары маса ызыңдап тұрды. Аксинья шынтағынан бүгілген жұп-жұмыр қоңырқай білегімен масаны үркітіп, бетін сайпалай берді.

Үнемі Григорийді ойлаумен болды, жүздікке жүрер алдында екеуінің ренжіскені естен шықпай-ақ қойды.

«Бәлкім ол осы күні мені іздеп те жүрген шығар? Станицаға бүгін түннен қалмай кайтам» деген тұжырымды қортындыға келді де, Григориймен қалай жолығысарын, қалай тез табысатынын ойлап, Аксињья өз ойына өзі күлімсіреп те қойды.

Ғажап бір жәйіт: неліктен екені белгісіз, соңғы кезде Аксињья Григорийді ойлағанда, оның сырт пішінін нақ сол қалпынша көз алдына келтіре алмайтын. Аксињьяның көз алдына елестейтін Григорий — көпті көріп, талайды басынан кешірген кәдімгі өзі зор, өзі ержүрек, көздерін талыға жұматын, кара мұртының ұштары сарғыш тартқан, соғыс жылдарында бастан кешкен кемтарлықтың өшпес іздері қалған, яғни жасына жетпей самайына ақ кірген, маңдайын рақымсыз әжім айғыздаған казак емес — оның көз алдына: еркелете аялауға орашолак, жасөспірімдей дөкірлеу, өндірдей балғын, жұп-жұмыр, жіңішке мойынды, бейғам еріндерінің емеурінінен әрдайым күлкі нышаны арылмайтын бұрынғы Григорий Мелехов көлденеңдей беретін.

Аксињьяның оған махаббатының арта беруі де, тіпті аналық мейірімдей дерлік нәзік сезімдердің ұлғаюы да міне осыдан еді.

Мінекей, тап казірде: Григорийдің шексіз қымбатты жүзінің бар бейнесін көз алдына мүлтіксіз келтіріп, Аксињья тынысы ауырлап, күлімсіреп қойды, бойын жазды, ерінің шала жуылған жейдесін аяғының астына тастай берді де, рақаттана еңіреп жібере жаздаған ол кенеттен көмейіне ыстық бір түйнек тығылғанын түйсініп:

— Қарғыс атқыр-ай, көкірегімнен мәңгі-бақыш шықпай-ақ қойдың-ау! — деп сыбырлады.

Көз жасы оның бойын сергіте түсті, әйткенмен айнала қоршаған таңертеңгі көгілжім сұлу әлем сұрғылттанып, бейне оңып кеткен тәрізденді. Алақанының сыртымен ол бетін сүртті, жіпсіген маңдайынан шашып кері серпе тастады да, су үстімен сырғанап, жел көпіршіктен тұманның әшекейлі қойнына еніп, бірте-бірте жоғалып бара жатқан титтей сұрғылт балықшыға нұрсыз көзін қадап, мағнасыз пішінде ұзақ қарап тұрды.

Жуып болып кірін бұта басына жайды да, жеркепеге келді,

Христоня ұйқыдан оянып, нақ шыға берісте отырып

алып, Степанмен сөйлескелі өршелене түсті, ал Степан оның сұрауларына тіс жарып жауап қатпастан, бөстек үстінде жатқан күйі шылымын үнсіз тарта берді.

— Олай болса, сен қызылдар өзеннің бергі бетіне өтпейді деп ойлайсың ғой? Үндегің келмей ме? Үндемесен үндеме. Мен оларды аяқ өткелмен өтуге тырысады деп білем... Сөз жоқ, аяқ өткелмен өтеді. Оларға басқа жол жоқ. Әлде сен олардың атты әскері аттарын жүздіріп өтер деп ойлайсың ба? Степан-ау, сен неге үндемейсің? Демек, істің бітер жері жуықтап қалды, ал сенің кескен томардай көлбеуіңе жол болсын!

Степан ұшып түрегелді де, ашулана жауап қатты:

— Сен осы неге жабысасың? Қызық адамсыңдар! Әйелің хал-жай біліп кетуге келгенде де бұлардан бір саябыр болсайшы... Қайдағы бір мыйға қонбайтын әңгімелерді ала жүгіреді, қатынмен тілдесуге де мұрша бермейді.

— Тапқан екенмін тілдесетін адамды...— деп наразы Христоня орнынан түрегелді, жалаң аяғына мыжырайған шәркесін іле салды да, есіктің маңдайшасына басын мықтап бір соғып, сыртқа шығып кетті.

— Бұл жерде бізге сөйлесуге мүмкіндік бермес, жүр, орманға кеттік,— деді Степан әйеліне.

Сөйтті де ол әйелінің мақұлдауын күтпестен есікке қарай жүрді. Аксињья бойсұна соңына еріп жүре берді.

Жеркепеге олар түсте қайтты. Қызыл ағаш бұтасының саясында жатқан екінші взвод казактары бұларды көре сала карталарын жыйнай қойды, жымындап көздерін қысысып, күлгірси күрсінісіп, жым бола қалды.

Басындағы ұйпалақтанған шілтерлі ақ орамалын жүріп келе жатқан бойы түзете салып, Аксињья жаратпай ернін тыржыйта олардың жанынан өтіп кетті. Әйелді олар жанынан тіл қатпастан өткізіп жіберді, бірақ соңында келе жатқан Степан казактармен қатарласа бергенде-ақ, Аникушка орнынан ұшып түрегеліп, жатқандар тобынан белініп шықты. Ол жәдігөйлікпен құрмет көрсеткен боп, Степанға бүгіле тағзым етіп:

— Айтыңыз құтты болсын... ауыз ашыпсыз! — деді дауыстап.

Степан көңілдене езу тартты. Казактардың оны орман ішінен әйелімен бірге шығып келе жатқанын көргеніне ол мәз-майрам болды. Өйткені әйелімен тату тұрмайды екен деген түрліше алыпқашты сөздердің тыйылуына бұл

бірсыпыра ретте демеу боларлық жағдай ғой... Ол тіпті жігіттерше иығын да қозғап қойды.

Осыдан кейін ғана белең алған казактар қарқылдай күлісіп, желпіне сөйлей бастады:

— Жігіттер, өзі де бір сұрапыл қатын екен-ау! Степанның үстіндегі жейдесі сығып алғандай... Жаурынына жабысып-ақ қалыпты!

— Арынын әбден-ақ басқан екен өзінің, ақ кебігін шығарыпты ғой шіркін...— десті.

Есі кетіп, бұлдыраған көзімен Аксињьяны жеркепеге шейін шығарып салған бір жас жігіт:

— Құдай ұрсын, мынадай сұлуды бүкіл дүние жүзінен іздесең де таппассың! — деп салды. Бұған Аникушка:

— Сен өзің іздеп көріп пе едің? — деп орынды ескертті.

Лайықсыз әңгімені құлағы шалып Аксињья аздап сұрланып кетті, жаңағы ерімен жақындасқанын ойына алғандықтан және оның жолдастарының әдепсіз әңгімелерінен жирене қабақ тыржыйтқан күйі ол жеркепеге кірді. Степан оның көңілсіз екенін білді де, жұбатып:

— Қсюша, сен ана айғырларға ашуланба. Олар іші пысқандықтан айтады, — деді.

— Кімге ашуланарсың, — деп жауап берді Аксињья күңгірт дауыспен, кенеп дорбасын ақтарып, еріне алып келген нәрселерінің бәрін шапшаң шығарып жатып. Сонсоң онан да ақырынырақ: — өзіме өзім кейісем етті, бірақ ашуым келмейді...

Бұлардың әңгімесі біртүрлі қабыса қоймады. Он минуттан кейін Аксињья түрегелді. «Вешкиге баратынымды оған қазір айтам» деп ойлады да, тап сол мезет Степанның кепкен ішкіімдерін жыйып алмағаны есіне түсе қалды.

Жеркепенің кіре беріс аузында отырып алып, ол еңкеуден құлап бара жатқан күнге карап қойып, көпке дейін ерінің тер шіріткен ішкіімдерін жамаумен болды.

...Аксињья ақыры сол күні кете алмады. Батылдығы жетпеді. Ал ертеңіне күн шыға жүргелі әзірлене бастады. Степан оны тоқтату әрекетіне кірісіп тағы да бір күн қонақ бол деген тілек қойып еді, бірақ әйел алда-жалда көнбегеннен кейін ол енді қайтып қал демеді, тек айрылыстар алдында:

— Ниетің Вешкиде тұру ма? — деп сұрады.

— Әзірге Вешкиде.

— Менің жанымда қалсаң қайтеді?

— Маған мұнда қалуға жарамайды... Қазактар арасында.

— Солайын солай да...— деп қостады Степан, бірақ өзі салқын қоштасты.

Оңтүстік-шығыстың ескек желі есті. Ол алыстан ескектеп түн бойы жалыққан еді, алайда Атрау теңізінің арғы төріндегі шөлдердің ыстық лебін таң ата әкеліп те жеткізді, сол жағалықтың тоғайлы алқабын жаныша басып, шықты келтірді, тұманды айдал сыпырып тастады, тыншу қызғылт буалдырмен Дон бойындағы таулардың борлы сілемдерін бүркеп жапты.

Аксенья шәркесін шешін алды да, сол қолымен юбкасының етегін қармай (орман ішіндегі шөп бетінде әлі де шық жатқан болатын) қақас қалған орман жолымен жұмсақ басып, жеңіл аяндап келе жатты. Білгел жер жалаң аяққа сондай жағымды, салқындата түседі де, ал толық жалаңаш балтыр мен жұмыр мойынды аңызак жел ыстық еріндерімен тіміскілене сүйіп келеді.

Аксенья ашық алаңдағы гүлдеген итмұрын бұтасы жанына аялдауға отырды. Суы тартылып бітпеген көлшіктің таяу бір жерінде жабайы үйректер қамысты суылдатып жатты, жасыл мойын ата үйрек жұбайын шақырып, қарлыққан үймен қырқылдап қояды. Донның арғы жағында сирек-сирек тіркескен пулемет тарсылы үздіксіз естіледі, оқта-текте зеңбірек даусы гүрс ете қалады. Бергі жақта жарылған снарядтар, жаңғырық сыяқты, шұбатылған сарынды үн береді.

Мұнан кейін атыс толастай түсті де, Аксеньяға әлем өзінің дыбыс қазнасының аузын ашты: шағанның ақжолқ жапырақтары мен кесте төккен құбылмалы емен жапырақтары жел өтінде діріл қаға сыбырлай түседі; жас тораңғы нуынан тұтасқан гуіл естіледі; алысырақта көкөк өзінің мінгірлеген мұнды дыбысымен әлдекімнің қанша жыл өмірі қалғанын санап жатты; көлшіктің үстін көктей ұшқан айдарлы қызғыш: «Кімдікісіз, кімдікісіз?» деп өршелене сұрайды; титтей бір сұрғылт күс басын қайқайтып, көзін рақаттана жұмып қойып, Аксеньядан қос аттам жерде жол жырасынан су ішін жатыр; мақпал түкті, тозаңды әреген ызындайды; тоғай гүлдерінің балды таждарында жабайы қоңыр аралар теңселіп отыр. Олар дүр көтеріліп ағаштың көлеңкелі, саялы қуыстарына хош иісті «жұғын» тасуда. Актерек бұтақтарынан шырын тамшылап тұр. Ал долана бұтасы-

ның түбінен өткен жылғы шіріген жапырақтың быршыған, ашқылтым шірік исі бұрқырайды.

Қозғалмай отырған Аксињья орманның сан түрлі исін комағайлана жұтты. Сан дыбысты және ғажайып үнге толы орман бастапқы тұңғыш дәуіріндегі қуатымен өмір сүруде. Көктем ылғалына мейлінше қанған алаптың су шайған қыртысы сондайлық мол шөпті түр-түрімен қоздата өсіріпті, гүл мен шөптің кереметтей айкаса өрімделгені тіпті Аксињьяның көзін жаңылдырып жіберді.

Күлім қағып және дыбыссыз еріндерін жыбырлатып қойып, ол ақырындап қана көгілдір тартқан аты жоқ бір момақан гүлдердің сабақтарын теріп алды, сонан соң оны иіскемекші боп толысқан мүсінін ие түсіп еді, кенеттен меруертгүлдің талмаусыраған ләззатты хош исін мұрны шалып қалды. Қолымен шөпті ақтарып Аксињья оны тауып алды. Ол тап сол жерде, күн көзі өтпейтін көлеңкелі бұта түбінде өсіпті. Басында қардай аппақ, еңсесі төмен түскен гүл тостағаны бар оның әрі бақалтақ, әрі еңкіш сабағын бір кездегі жап-жасыл жалпақ жапырақтары әлі күнге шейін күн көзінен қызғана қорғапты. Бірақ шық пен сарғылт тот басқан жапырақтары қуара бастапты, тіпті гүлдің өзін де ажал жидігі жидіте бастаған: төменгі екі тостағаны бүрісіп, қап-қара болып кеткен, мөлдіреген шық моншағына бөленген жалғыз-ақ жоғарғы жағы ғана күн көзінде аса бір тартымды түрде, көзді ұялтарлықтай боп жарқ ете қалды.

Көз жасы мөлтілдей, гүлге үңіле карап, оның шерлі исін жұтқан тап осы қысқа мезеттің ішінде, неліктен екені белгісіз, Аксињьяның жастық шағы мен қуанышқа жарлы бүкіл ұзақ өмірі есіне түсті. Не шара, сірә, Аксињья қартайып та қалған секілді... Өткен күннің кездейсоқ естелігі жүрекке қадалғанға жас әйел жылай қоярма еді?

Сөйтіп, көз жасы көл болып, жұмарланған орамалына ісінген дымқыл жүзін сүйей, алақандарымен бетін басып, ол сол бүк түсіп жатқан қалпында ұйқтап кетті.

Жел каттырақ гуледі, қызыл тал мен актеректің бастарын батысқа қарай идірді. Ұйтқыған ақжапырақ құйынына оранған шағанның қуқыл діңі ырғала теңселіп тұр. Жел төмендей берді, ол түбінде Аксињья жатқан, шешек атып жетіле бастаған итмұрын бұтасының үстіне соқты да, сол кезде, бейнебір үріккен бір топ жасыл құстардай, қызғылт қауырсын-гүлжапырақшаларын түсіре, үрейле-

не сыбдырлап, жапырақтар дүрліге көтерілді. Үстіне ит-мұрынның солған гүлжапырақшалары күйылып, Ақсинья шырт ұйқыда жатыр, ол тұнжыраған орман шуылын да, Донның арғы жағындағы атысты да естіген жоқ, күннің тас төбеге шығып алып, мұның ашық жатқан басын күйдіріп тұрғанын да сезбеді. Ол үстіне төніп тұрған адамның сезінен және аттың пысқырғанынан оянып кетті де, шапшаң басын көтеріп алды.

Ерттеулі ақтанау атты тізгінінен ұстап, жанында селеу мұртты, ақшыл тісті жас казак тұр екен. Ол ыржыя езу тартты, иығын шошандатып, бір орында билей тұрып, қырылдақтау, бірақ сүйкімді саңкыл дауыспен:

Кұлап түсіп мен де жаттым,

Жан-жағыма карап бақтым.

Жан-жағыма

Карасам да,

Тұрғызар жан

жок бұл маңда!

Бұрылып ем арт жағыма —

Бір казак тұр тап жанымда... —

деп көңілді өлең сөздерін айта бастады.

— Мен өзім де түрегелем! — деп Ақсинья езу тартты да, ұйпалақтанған юбкасын жөндей, орнынан атып түрегелді.

— Аман-сау жүрсің бе, сүйіктім! Аяғың баспай қойды ма, әлде еріншектігің ұстады ма? — деп амандасты ақжарқын казак.

— Ұйқы қалжыратты, — деп ұяла жауап қатты Ақсинья.

— Вешкиге бара жатырсың ба?

— Вешкиге.

— Тілесен, мен жеткізіп тастайын?

— Немен?

— Сен атқа мін, мен жаяу жүрейін. Бірақ ат майын өтейсің... — деп көзін қысып қойды жас казак астарлы әзілмен.

— Жоқ, жолың болғыр, жүре бер, мен өзім де жетем.

Бірақ казак махаббат істерінде әрі тәжрибелі, әрі қайсар екенін көрсетті. Ол Ақсиньяның орамал тартып жатқанын пайдаланып, қысқалау қуатты қолымен әйелді құшақтап алды да, өзіне жұлқа тартып, сүйіп алмақшы болды.

— Жынданба! — деді де, Ақсинья кейіп, шынтақпен кеңсіріктен қойың қалды.

— Төбелеспе, сәулем! Айналаңа қарашы, қандай рақатшылық... Мақлұқ біткеннің бәрі жұптануда... Келші, біз де бір күнәға батайықшы?..— деп сыбырлады казак, күлімдеген көзін сықсыйта түсіп, мұртымен Аксињьяның мойнын қытықтап.

Қолын босатып алып, казактың быршып терлеген бетінен қос қолдай тіреп, Аксињья кәрленбей-ақ бәсану әрекетіне кірісті, бірақ казак оны берік ұстап, жіберер болмады.

— Ақмақ! Мен жаман аурумен ауырып жүрмін... Жібер! — деп тілек етті әйел еңтігіп, бұл әурелеуден осылай алдасам оңай құтылармын деп.

— Сол ма... қайсымыздың ауруымыз ағалар екен! — деп мінгірледі де, казак кенет Аксињьяны қаңбақша жоғары көтерді.

Қалжыңның аяқталып, істің жаман жаққа бет бұрғанын сезіп, әйел бар күшін салып жұдырықпен күнге күйген қара күрең тұмсыққа қойып жіберді де, қарыса ұстаған қолдан жырылып шықты.

— Мен Григорий Мелеховтың әйелімін! Иттің баласы, тек жақындап көр енді!.. Бәрін айтып берем — ол сені...

Сонда да айтқан сөзінің әсер етер-етпесіне сенбей, Аксињья жуан қу таяқты қолына алды. Бірақ казак су сепкендей басыла қалды. Қос танаудан мұртына ағылтегіл сорғалаған қанды сұр көйлегінің жеңімен сүртіп:

— Ақмақ! Әй, ақмақ қатын-ай! Сен оны бұрынырақ неге айтпадың? Қанның саулауын қарасайшы... Қанды жаумен жағаласып төккеніміз аздай-ақ, мұнда тағы өзіміздің қолтума қатындарымыз да ағыза бастады...— деді ол қамығып.

Қазактың жүзі кенет жабығыңқы түсіп, сұстана қалды. Жол жиегіне тұрған қақтан су алып ол жуынып жатқан кезде, Аксињья тез жолдан бұрылып шығып, асыға басып, алаңнан өтіп кетті. Бес минуттан кейін казак оны қуып жетіп, озып кетті. Ол үнсіз жымыйып, әйелге көз қырын жіберді де, кеудесіндегі винтовка бауын мұқияттай түзеп қойып, сар желіске салып жөней берді.

## 2

Сол түні қызыләскерлер полкы Кіші Громченок хуторының маңынан тақтай мен бөренеден сал байлап Доннан өтті.



Громковская жүздігі қапылыста қалды, өйткені казактардың көпшілігі сол түні сайрандап жатқан болатын. Жүздік орын тепкен жерге хал-жай білу үшін кештен бастап-ақ әскери қызметтегілердің әйелдері келген еді. Олар үйіп-төгіп тамақ, құмыра мен шелектерге құйып самогон әкеліпті. Түн жарымы болғанда жұрт тегісінен удай мас болды. Салынған ән, мас қатындардың у-шу айғайы, еркектердің қарқ-қарқ күлгені, ысқырғаны жеркелерді басына көтере, дуылдап жатты. Пулемет жанында бір қауға шелек самогонмен екі пулеметшіні қалдырып, заставада тұрған жыйырма казак та ішкілікке араласып кетті.

Донның оң жағасынан жым-жырт жылжып, қызыләскерлерді тиеген салдар шықты. Қызыләскерлер өтіп алып, сап құрып, қанатын кең жайып жіберді де, үнсіз Доннан жарты жүз сажен шамасындағы жеркелерге қарай жүрді.

Сал байлаған саперлар қызыләскерлердің жаңа дүркінін әкелуге асыға есіп, арғы жақтағы күтіп тұрған қызыләскерлерге қарай жөнелісті.

Сол жақ бетте казактардың жөн-жосықсыз әндерінен өзге ешбір дыбыс бес минуттай естілмей тұрды да, сонан кейін дүңк-дүңк етіп қол гранаталар жарыла бастады, пулеметтер күркілдеп кетті, бет-бетімен атылған мылтық даусы дүрсілдеп, үзілмелі «Ура-а-а! Ура-а-а-а!» лар көш жерге кетті.

Громковская жүздігінің тас-талқаны шықты, түн тастай қараңғы боп, ізіне түсіп қудалауға мүмкін болмағандықтан ғана ол біржола құртылудан аман қалды.

Аздап қана шығынға ұшыраған громковтықтар қатындарымен бірге Вешенскаяға қарай тоғай ішімен тырым-тырақай қашты. Бұл кезде салдар оң жақ бетте қызыләскерлердің жаңа дүрмектерін өткізе берді де, ал III-ші полктың бірінші батальонының жарты ротасы екі қол пулеметімен көтерілісшілердің Базковская жүздігінің флангісін жапыра әрекет етіп жатты.

Келген көмекші әскерлер олқы қалған ашық жерге ұмтылды. Бұлардың алға жылжуы аса қыйынға түсті, өйткені қызыләскерлердің ішінде жер жағдайын білетін ешкім жоқ еді және бөлімдерінде жол көрсетушілер де болмады, олар тек аққа тәуекел жүріп, қараңғыда кешіп өтуге болмайтын тасқын суға толған өзектерге ұшырай берді.

Бригаданың шабуылын баскарган командир Вешенскаяның маңайына таңға дейін резервты жақындатып алу үшін және шабуылды артиллерия дайындығынан кейін жүргізбекші боп, таң атқанша жау ізіне түсуді тоқтатып қойды.

Ал бұл олқылықты жоюға Вешенскаядағылар да жедел кірісе бастады. Шабарман келіп, қызылдардың өзеннен өткен хабарын жеткізісімен-ақ, штабтағы нәубетші дереу Кудинов пен Мелеховқа кісі шаптырды. Черный, Гороховка және Дубровка хуторларынан Каргинский полкының атты жүздіктері шақыртылды. Операцияны жалпы басқару ісін Григорий Мелехов өз міндетіне алды. Вешенскаяны жау шығыс жағынан орап алуға ұмтыла калған күнде Татарская және Лебяженская жүздіктеріне жәрдем беруге, олардың оң жақ флангісін күшейтіп жаудың бетін тоқтату үшін ол Ершский хуторына қылышты үш жүз қол аттандырды; батыс жақтан Донның сағасына қарай, Базковская жүздігіне көмекке Вешенскаяның «кірмелер» қосынын және чирскийлік жаяу әскер жүздіктерінің бірін түсірді; қауіпті участоктарға бөліп-бөліп сегіз пулемет қойды да, өзі екі атты жүздікпен — түнгі сағат екінші шамасында — қызыләскерлерге сап құрған атты әскермен лап қоймақшы боп, таңның атуын күтіп Күйік Орман алаңына орналасты.

Орманлы бетке ұстап Базки түбегіне бара жатқан Вешенскаяның «кірмелер» қосыны шегінген базковтықтарға соқтығып, оларды жау деп ойлап атысып қалып, кері қашқан кезде үркер сөнген де жоқ еді. Жағаға киімдерін тастай салып, қосындағылар Вешенская мен өзен інінің екі арасын айырып тұрған айдың көлді тұс-тұстан жүзіп өтті. Бұл жаңсақтық тез-ақ ашылды, бірақ қызылдар Вешенскаяға жақындап қалыпты деген лақап әудемде таралы. Қызылдар Доннан өтіпті, майданды қажарыпты, Вешенскаяға шабуыл жасап жатқан көрінеді деген лақапты жан-жаққа жайып, подвалдарға тығылған босқындар арқаға қарай қаптай жөнелді...

«Кірмелер» қосыны қашты деген хабарды естіп Григорий Донға қарай шаба жөнелгенде таң жаңа саз беріп еді. Алжасқандарын анықтап, қосындағылар дабырлап сөйлей, окоптарына қайтып жатты. Григорий бір топқа жақындап келіп:

— Айдыннан өткенде суға кетушілер көп болды ма? — деп сұрады кекетіп.

Үсті-басы су-су боп, көйлегін сығып келе жатқан бір атқыш сасып қалып:

— Шортандай жүздік! Суға кету қайда... — деді.

— Масқарашылық әркімге де кездеседі,— деді пайымдай сөйлеп, ішкііммен келе жатқан екінші біреу.— Ал, мына біздің взвод бастығымыз, шынында да, суға кетіп қала жаздады. Аяқ киімін шешкісі келмей — балтыр орауышты тарқатып жату қандай ұзақ — жүзе жөнеліп еді, балтыр орауышы су ішінде шешіліп кетіп аяғына оралды да қалды... өзі де бақырды-ау! Даусы Еланға да естілген шығар! — деді.

Қосын командиры Крамсковты тауып алып, атқыштарыңды орман шетіне алып шық, керек кезде қызыләскерлер шебін флангіден атқылауға ыңғайлап қой деп бұйырды да, Григорий өз жүздіктеріне кетті.

Жарым жолда оған штаб шабарманы жолықты. Қос бүйірін қағып солқ-солқ еткен атының тізгінін тежеп, шабарман:

— Зорға дегенде таптым-ау, сізді! — деп, демін бірақ алды.

— Татарская жүздігі окоптарын тастап кетіпті, штаб осыны хабарла деп бұйырды. Өздерін қоршап алмаса игі еді деген қауіп бар, құмға қарай шегінген көрінеді... Соларға тез жетсін деп Кудинов сізге ауызша бұйрық етті.

Өңкей аттары ұшқыр казактардан жарым взвод алып, Григорий орман ішімен жүріп отырып жолға шықты. Жы-йырма минут шапқаннан кейін олар Жалаңаш Ильмень көліне де келіп қалды. Бұлардың сол жағында үрейі қашқан татарлықтар тым-тырақай тоғай бойымен қашып бара жатыр екен. Майдандықтар мен көпті көріп ысылған казактар көлге таяу, жағалаудағы қоғаны тасалап, бетке ұстай, саспай өтіп кетіп жатыр; көпшілігін тек қана орманға жетіп алу ниеті билеп алса керек — сиректеу атылған пулемет оғына назарын да салмастан, олар тіке тартып, дүркіреп барады екен.

— Қуып жет аналарды! Сыдыр қамшымен!.. — Григорий ашу кернеп көзін сықсыйтып, айқай салды да, өзі алдымен атын тебініп, хуторлықтардың соңына түсті.

Ең соңында ақсай басып, ырғай билеп, жорға жортаққа салып Христоня келе жатыр екен. Алдында оның өкшесін балық аулап жүргенде қамыс мықтап тіліп кеткен болатын, сондықтан ол серендеген ұзын сыйрақтарына лайық ұшқыр жүгіріске сала алмай келеді. Қамшысын

бастан жоғары көтеріп Григорий оған жетіп-ақ қалды. Ат дүрсілін естіп Христоня жалт қарады да, жүгірісті анағұрлым үдетіп жіберді.

— Қайда барасың?! Тоқта!.. Саған айтам, тоқта!.. — деп Григорий босқа айқайлап келеді.

Бірақ Христоняның тоқтау ойында да жоқ. Қайдағы-бір елірген түйе тайраққа салып ол жүгірісті, тіпті, күшейте түсті.

Мұнан кейін кәріне мінген Григорий қырқырап тікесінен бір боқтап жіберді де, қыйқулап атты ұмтылдыра түсіп, жанаса беріп, Христоняның терден шылқыған арқасын қамшымен рақаттана осып жіберді. Христоня қамшыдан ыршып түсті, бейне қоян «орғыс» тәрізді бір орғуға салып шетке ыршып шықты да, отыра қалды, асықпастан, мұқыяттап арқасын сыйпай бастады.

Григорийге ерген казактар қашқандардың алдын орап алды, оларды тоқтата бастады, бірақ қамшы жұмсамады.

— Тілгіле аналарды!.. Тілгіле! — деп шашақты қамшысын үйіре, Григорий қырылдап айқай салды. Астындағы аты шырқ айналды, артқы аяғынап шаншылып тік шапшыды, қарысып алға аттағысы келмеді. Григорий оны күшпен бұрып, басын жөндеп алды да, алдындағы жүгіріп бара жатқандарға қарай шапты. Шауып келе жатып ол бұтаның жанына тоқтап, үндемей езу тартып тұрған Степан Астаховты көзі шалды; күлкіден сілесі қатып, тізесін бүге, алақандарын керней етіп, ащы әйел дауыспен:

— Ағайындар! Бастарыңды қорғандар! Қызылдар!.. Өйт, солар!.. Ұста!.. — деп шырылдап тұрған Аникушканы көрді.

Григорий үстіне мақталы күрте киген, талмастан зыр жүгіріп бара жатқан тағы да бір хуторлықты қуып жетті. Еңкіштеу келген сырт пішіні ғажайып таныс, бірақ оны айырып жатуға уақыт болмай, Григорий оған сонадайдан:

— Тоқта, иттің баласы!.. Тоқта, қылышпен шауып тастармын!.. — деп бақырды.

Сол мезетте мақталы күрте киген адам жүгірісін баяулатты да, тоқтай қалды, ол бала кезінен бері бұған таныс ерекше қыймылмен әбден қозбасы қозып кеткен сыйқын көрсетіп, бұрыла бергенде-ақ таң қалған Григорий, түсін көрместен-ақ, әкесін таный кетті.

Пантелей Прокофьевичтің де екі беті жыбыр өте қалды.

— Туған әкең сенің — иттің баласы ғой, шамасы, ә? Әкеңді шауып тастаймын деп қорқытасың ба? — деп айқайлады ол, үзілмелі шырылдақ дауыспен.

Әкесінің өзіне таныс зәр шашқан көздері сондайлық түгінденіп кетті де, Григорийдің ашуы су сепкендей басылды, ол атының басын күшпен тежеп:

— Сыртыңнан танымай қалдым! Көке, неменеге әулігесің? — деп айқайлады.

— Қалайша танымай қалдың? Әкеңді де танымай қалғаның ба?!

Қартың жоққа кек тұта қалғаны әрі жөнсіз, әрі орынсыз көрінді де, Григорий жымыя күліп, әкесімен қатарласа түсті, татуласа сөйлеп:

— Кейіме, көке! Үстіңдегі киімің мен көрмеген сюртук, оның үстіне және өзің де бәйгі атындай-ақ ұштың, тіпті аяғыңның сылтыңы да жоғалып кеткен! Қайдан таныйын мен сені? — деді.

Өзінің тап бұрынғы үйдегі қалпынша Пантелей Прокофьевич тез-ақ басыла қалды, жуасығанмен, сонда да алқына дем алып:

— Дұрыс айтасың, үстімдегі сюртугімің жаңа екені рас, мен оны тонға айырбастап алғанмын,— тонды сүйретіп жүру ауыр ғой,— ақсақтық дедің бе... Ойбай-ау, ақсап жатуға шама қайда? Бұл жерде, шырағым, ақсауға да мұршаң келмес... Ажал аузын ашып тұрғанда сен аяқты әңгіме қыласың...— деп келіске келді.

— Қой, өлімнің әлі аулы алыс. Көке, кейін қайт! Патрондарыңды шашып кеткен жоқсың ба?

— Қай жаққа кейін қайтам? — деп бұрқ ете қалды шал.

Енді Григорий дауыстап жіберді; ол әрбір сөзін дақпадақтай, команда беріп:

— Кері қайтасың! Соғыс үстінде командирдің бұйрығын тыңдамағанда устав бойынша не болатынын білесің бе? — деді.

Бұл сөз қартқа мықты әсер етті. Пантелей Прокофьевич иығындағы винтовкасын түзеп қойды да, ықлассыз кері аяңдады. Өзінен де ақырынырақ аяңдап келе жатқан бір шалмен қатарласып:

— Қазіргі ұлдардың сыйқы міне осы! Әкеге құрмет көрсету, яки, мысал үшін айтсақ, әкесін соғыстан босату былай тұрсын, қайта оны әлгі нағыз өртке... жіберуге тырысады... со-лай... Жоқ, жаны жәннетте болғыр, Петро

марқұм бұдан әлдеқайда артық еді! Оның жаны мінсіз болатын, ал мына бір Гришка деген сұрқылтай, күй еңбегі сіңген дивизия командирі-ақ болсын, бірақ Петродай емес. Құдды шөкенің үстінде тұрғандай, нұқуға келмейді. Бұл— түбі, қартайған кезімде, мені пеш үстіне бізбен шаншып алып, көтеріп отырғызар!

Татарлықтардың көп күш салмай-ақ ақылы кірді.

Аздан кейін Григорий жүздіктің бәрін жыйып алды, оларды тасалау жерге алып барды да, ат үстінде тұрып қысқаша түсінік берді:

— Қызылдар бері өтіп алды, Вешкиді басып алуға күш салуда. Дон бойында қазір ұрыс басталып кетті. Бұл ойыншық іс емес, сондықтан беталды қаша беруді мақұлдамаймын. Егер тағы да осылай қаша қалсаңдар, анау Еринскийде тұрған атты әскерге сендерді опасыздар есебінде қылышпен туратам! — деп Григорий ала-кұла киінген хуторлықтар тобын көзімен шолды да, жаны жаратпай: — Жүздіктердің ішінде түрлі-түрлі нәлеттер толып кеткен, үрейлерінді ұшырып жүрген де солар. Тырқырай қашып, штандарына жіберіп қойыпты, батыр-ақ екенсіңдер, шіркіндер! Әсіресе, бабайлар, байқандар сендер! Соғысқа шыққан екенсіңдер, бастарыңды бұттарыңның арасына тығып жан сақтайтын ештеме жоқ! Кәне, тез взвод-взвод боп анау тұрған шекараға қарай жөнендер де, шоғыр бұталардан Донға қарай ұмтылындар! Донның бойымен жортып, Семеновская жүздігіне қосылыңдар. Семеновская жүздігімен бірге қызылдардың флангісіне бассалындар! Тез! Марш! — деді.

Татарлықтар командир сөзін үнсіз тындап алды да, сол тіл қатпаған күйі шоғыр бұталарға қарай жөне-ле берді. Шалдар ренжіп аһлап-уһлеп күйғыта шапқан Григорий мен оның қосшыларына қарай берді. Пантелей Прокофьевичпен қатарласып аяндаған Обнизов шал насаттана сөйлеп:

— Бәрекелде, құдай саған еркек ұлды берген екен! Нағыз бүркіт; Христоняның жаурынын көбелей қалай тартып жіберді! Ап дегенше бәрін бір-ақ тәртіпке келтірді! — деді.

Әкелік сезіміне мақтау қонып, Пантелей Прокофьевич бұған шын мейірімен ден қойды:

— Айтпа тіпті! Мұндай ұлды дүние жүзін шарласаң да таппассың! Кеудесі лық толы крес ордені, бұл ойыншық па екен? Ал, жаны жәннатта болғыр, Петро марқұм,

туған ұлым және тұңғышым болғанмен, мұндай емес-ті. Өте момақан болатын, жын білсін, әйтеуір, бір шала жаралған неме еді. Жаны қатынның дамбалында жүретін сорлы болатын. Ал мынау — құйып қойғандай өзіме тартқан! Батылдығы тіпті асып та кеткен!

Жарты взводомен Григорий Қалмақ өткелге жақындай түсті. Орманға жеткеннен кейін олар қауіпсіз жерге іліндік-ақ деп еді, бірақ оларды Донның арғы жағынан, бақылау пунктiнен көріп қойды. Зеңбірекшілер взводы атқылай бастады. Қызыл талдардың үстімен зулап өтіп, бірінші снаряд, жарылмастан, батпақты бір жыныс ішіне гүмп етті. Ал екінші снаряд жолға жуық жердегі қартайған қара теректің жалаңаш түбіне соқты да, айналасына от шашып жіберді; казактарды гуілімен, қара топырақтың кесектерімен және шірік ағаштың қыйқымымен жауып салды.

Аттың сауырына көмескілеу түрде былқ еткізіп шапа-лақпен соғып қалғандай бір сезімді түйсініп, құлағы тарс біткен Григорий еріксізден қолын көзіне апарды да, ердің қасына еңкейе бұғып қалды.

Жерді солқ еткізіп снаряд жарылғанда, бейнебір команда бергендей, казак аттары тізелерін бүге түсті де, лап беріп алға ұмтылды: Григорийдің астындағы ат зорлана жоғары шапшыды, кері шегіншектеді, сонан соң ақырындап қана, бір бүйірлеп жығыла бастады. Шапшаңдап аттан қарғып түсіп, Григорий атты шаужайынан ұстады. Тағы да екі снаряд зулап өтті де, сонан кейін орман жиегіне рақат бір тыныштық орнай қалды. Шөп үстіне дәрі түтіні шөкті; жаңа қопарылған жердің, жаңқаның, шала шіріген ағаштың исі аңқыды; алыста қалың ну ішінде сауысқандар үрейлене шықылықтады.

Григорийдің аты қырылдай берді де, дірілдеген артқы аяқтарын бүге бастады. Оның сап-сары тіс қалқасы қыйнала ырсыйып, мойны созылып кеткен еді. Мақпалданған сұр желбезегінде қызғылт көбік отаулана түсті. Аттың өнебойы қалшылдап кетті де, торы түктің астында толқындалып құрысқан діріл жүгірді.

— Күн көргішің жазым болды ма? — деп сұрады дауыстап, шауып келген казак.

Григорий оған жауап қайырмастан, жанары сөне бастаған атының көзіне қарады. Ол тіпті жарасына да көз

салған жоқ, тек ат ебдейсіздене асығып бой жазып, бейне иесінен бір нәрсеге кешірім сұрағандай, басын төмен иіп, тізерлей құлағанда ғана сәл шегініп кетті. Ат бір бүйіріне ыңқ етіп жата кетті де, басын көтеруге әрекет жасады, бірақ ақтық қуаты кетіп бара жатқандай болды: діріл бірте-бірте сирей берді, көздері жансыздана түсті, мойнынан тер шыпшыды.

Тек шашаларында ғана, қақ тұяқ тостағандарының көбесінде әлі де ақтық жан таласы бар. Ердің қажалған қапталы болмашы ғана дір-дір етеді.

Григорий аттың сол жақ шабына көз қырын салды, қопсыған жараны, жарадан бұлақтай шапшып аққан жылы қара қанды көрді, тұттығып, көз жасын сұртпестен:

— Бір оқпен атып таста! — деді аттан түскен казакқа, сөйдеді де оған маузерін берді.

Григорий казак атына мінді де, жүздіктерін қалдырып кеткен жерге қарай шапқылай жөнелді. Онда ұрыс тұтанып та қалған екен.

Қызыләскерлер шабуылға таңсәріден кірісті. Олар сап түзеп, қат-қабат тұман ішінде, орындарынан көтерілді де, үнсіз Вешенскаяға қарай жүрді. Оң жақ флангідегі су толған ойпаттың жанында олар сәл кідірістеп қалды да, сосын оқшантайлары мен винтовкаларын жоғары көтере, кеудеден су кешіп, ілгері жылжый бастады. Аздан кейін Обдон тауынан төрт батарея айбын шаша, жұмыла күрсілдеді. Снарядтар орман бойында алқақотан үйіріле түскенде ғана көтерілісшілер атысты бастады. Қызыләскерлер енді жай жүрісті қойып, винтовкаларын көлденең ұстай, жүгіріске түсті. Олардың жарым шақырым алдында, орман ішінде сатыр-сұтыр шрапнель жарылды: снаряд быт-шытын шығарған ағаштар күрс-күрс құлап жатты, ақсаңдақ түтін будақ-будағымен көтерілді. Казактардың екі пулеметі қысқа дүркінмен оқты бытырлата түсті. Бірінші сапта қызыләскерлер оққа ұша бастады. Саптың ол жер, бұл жерінен шыйырып шинель белдеуленген адамдарды оқ бірден-бірге жиі жұлып әкете берді, оларды бүк түсіріп, болмаса шалқасынан сұлатып жатыр, бірақ қалғандары жатып бүкпады да, олар мен орманның екі арасы бірден-екі қысқара берді.

Шинельдің екі етегін беліне қыстырып алып, сәл еңкейе түскен ұзын бойлы жалаң бас командир екінші саптың алдында аршындай жүгіріп, заулап келе жатты. Сап бір секундтай шабандай түсті де, бірақ жүгіріп келе жат-



қан бойы командир артына қарап бірдеме деп айқай салған соң, жұрт қайта жүгірді, қарлыға шыққан өте күшті «Ура-а-а!» бұрынғыдан да басым өршелене шықты.

Сонан соң казактардың барлық пулеметтері жан-жақтан жамырата оқ жаудырды, винтовкалар тынбастан орман шеттерінде үсті-үстіне атылды. Орманнан шыға берісте жүздіктерімен тұрған Григорийдің әлдеқайда арғы жағынан Базков жүздігінің станокты пулеметы үдере дүркінмен атқылай бастады. Қаптап келе жатқан сап шыдамай бұғып жата қалды да, қорғанып атысуға кірісті. Ұрыс бір жарым сағатқа созылды, бірақ нысанасын түзу көздеп алған көтерілісшілердің оқтары төселе жауды да, екінші сап төзе алмай орнынан тұрып, жүгіре басып келіп жеткен үшінші саппен араласып кетті... Аздан кейін алап үстін тырым-тырақай кері қашқан қызыләскерлер қаптап кетті. Сол кезде орманнан сар желіспен саулап шығып, сапқа қатарластырып алып, Григорий жүздіктерін жау соңына салды. Кері шегінгендердің салдарға баратын жолын пәрменмен шапқан чирская жүздігі кесті. Нақ жағада, Дон жиегіндегі орман түбінде екі жақ араласып, қолма-қол ұрыс шиеленісті. Бұзып-жарып, салдарға қызыләскерлердің бір бөлегі ғана жетті. Олар салдарға лық тола тиеліп жағадан жылжый жөнелісті. Қалғандары Донға қыса тықсырылған күйі жан таласа ұрысты.

Жүздіктерін аттан түсірді де, атбағарларға орманнан шықпандар деп бұйырып, Григорий казактарды жағаға қарай ерте жөнелді. Ағаштан ағашқа жүгіріп өтіп, казактар бірден-бірге Донға жақындай түсті. Қол гранаттарын жұмсап, пулемет оғын жаудырып, жүз елу қызыләскер жабыла төнген көтерілісшілердің жаяу әскерін тойтарып, кері шегеріп тастады. Салдар сол жағаға қарай қайтадан жөней беріп еді, бірақ базковтық казактар мылтықтардан оқ жаудырып, ескекшілерді түгелге жақын қырып тастады. Бергі бетте қалғандардың тағдыры анық-ақ шешіліп қалды. Винтовкаларын тастай беріп, дәті шыдамағандар жүзіп өту әрекетіне кірісті. Теріс ақпа түбінде бұғып жатқан көтерілісшілер оларды оққа ұшыра берді. Донның ағынды сарқырамасын кесіп өтуге дәрмені жетпей, қызыләскерлердің көбі суға кетті. Арғы бетке олардың екеуі-ақ аман жетті. Ала-жолақ матрос көйлегін киген біреуі — тегінде жүзуге шебер адам болуы керек — құламалы тік жағадан төбесінен шаншыла, суға күмп бе-

ріп сүңгіп, Донның қак ортасына таяу жерден бір-ақ шықты.

Кере-кере құлаш ұрған матростың арғы бетке қалай тез жеткенін бұтақтары жайыла тарамдалған қызыл талдың қабатында бой тасалап тұрған Григорий көріп тұрды. Тағы да бір адам аман-есен жүзіп өтті. Ол кеудеден бойлап су ішінде тұрып бар патронып атып бітірді, сонан соң казактарға қарай жұдырығымен сес көрсете бірдеме деп айқайлады да, өзенді қыйғаштай құлаш ұрып жөнеле берді. Оқтар суды айнала шөпілдетумен болды, бірақ бақытты жанға оның біреуі де дарымады. Ол судан малтыға-малтыға сонау бір кездегі мал қора тұрған жерден барып шықты да, сілкініп, асықпастан, жарды өрмелей үйлерге қарай шыға бастады. Қалғандары Дон жанындағы құмды дөңнің қабатына бұғып, жатып алды. Олардың пулеметі оқты кожухындағы суы қайнағанша тоқтамастан жаудырды.

— Еріндер соңыма! — деп пулемет тоқтасымен Григорий ақырын ғана өмір етті де, қынабынан қылышын суырып алып, дөңге қарай жүгірді.

Казактар оның соңынан, ыңқыл қағып, аяқтарын дүрсілдете басып келеді.

Қызыләскерлерге дейін елу сажендай-ақ қалды. Үш дүркін атқаннан кейін құмды дөңнің қабатынан ұзын бойлы, қараторы, қара мұртты командир серейіп түрегелді. Былғары куртқа киген әйел оны қолтықтай сүйемелдеді. Командир жаралы екен. Үзілген аяғын сүйрете басып ол дөңнен төмен түсті, қолындағы найзасы бекулі винтовкасын ыңғайлап түсіп, қарлыққан дауыспен:

— Жолдастар! Ұмтылындар! Жайрат ақтарды! — деп команда берді.

«Интернационалды» әндетіп бұл батыр топ қарсы атақаға ұмтылды. Өлімге бел байлады.

Дон жағасында ең соңынан қаза тапқан жүз он алты адамның бәрі Интернационал ротасының коммунистері еді.

### 3

Штабтан пәтеріне Григорий түнде кеш келді. Прохор Зыков оны кіші қақпа түбінде күтіп тұрған-ды.

— Аксиња жөнінде не естідің? — деп сұрады Григорий, әшейін немқұрайды дауыспен.

— Жоқ. Жоғалып кетті ғой өзі,— деп жауап қайырды да, Прохор есіней түсіп, дереу ішінен: «Құдай-ай, тағы да тауып әкел деп жүрмесе игі еді... Менің сорыма бола-ақ қосақтасқан екен, сайтандар!» — деп ойлады үрейі ұшып.

— Су әкел жуынуға. Терден денем су болып кетті. Бар, тезірек! — деп Григорий кеи бастады.

Прохор үйден су алып шықты да, Григорийдің кемештеп тосқан қос алақанына кружкамен ұзақ уақыт құйып тұрды. Григорий рақаттанып жуынды. Тер сасыған гимнастеркасын шешіп тастап:

— Құйып жіберші аркама,— деп өтінді.

Арқасын қарып кеткен мұздай судан ол ыршып кетті де, фыр-фыр етіп, қайыс кескен иықтарын, жүн-жүн көкірегін ұзақ уақыт мықтап ысқылады. Таза атжабумен сүртініп жатып көңілдене бастаған дауыспен бұйырып:

— Ертемен маған ат келтіреді,— алып қал да, үстін тазала, жем тап. Өзім тұрғанша мені оятпа. Егер штабтан біреу-міреу келсе ғана оятарсың. Түсінікті ме? — деді Прохорға.

Сөйтті де ол сарай жаппасының астына кетті. Арба үстіне жатты да, тап сол сағатта-ақ оянбастай қатты ұйқыға кірді. Таңсәріде оның денесі мұздап, аяқтарын жыйды, шыққа малынған шинелін тартқыштады, сонан кейін күн шығысымен көзі қайтадан ілінді де, сағат жетінің кезінде үні үдеп шыққан зеңбірек атысынан оянып кетті. Станица үстінде көгілдір, тұнық аспан аясында күңгірттеу жалтыраған аэроплан айналып жүр. Оны Донның арғы бетінен зеңбірек пен пулеметтер жаудырта атқылап жатты.

— Өзін атып түсіруге де мүмкін-ау! — деп салды Прохор ат бағанына байлаған биік жирен айғырды цеткамен құшырлана тарап.— Пантелевич, қарап қойшы, астыңа мінуге қандай сайтанды жіберген өзі!

Айғырға көзді жүгірте бір қарады да, Григорий риза болып:

— Нешеде екенін қарағаным жоқ. Алтыға шыққан болуы керек? — деп сұрады.

— Алтыға.

— Ох, тамаша екен! Аяқтары тура қолмен жонып қойғандай және төрт аяғы бірдей ала аяқ. Сұлу жануар екен... Жә, ертте атты, ұшып келген кім екен, барып көрейін.

— Аттың жақсы екендігінде сөз жоқ. Шабысқа қалай болар екен өзі? Барлық түр-сыйпатына қарағанда ағыны қатты-ақ болуы керек-ау, — деп миңгірледі Прохор айылын тартып тұрып.

Аэроплан төңірегінде жарылған шрапнельден тағы да бір түтін түстес ақ бұлт бұрқ ете қалды.

Қонатын жерін тандап алып, ұшқыш шұғыл түрде төмендей берді. Григорий кіші қақпадан шықты да, арғы жағына, аэроплан қонған станицаның атқорасына қарай шаба жөнелді.

Станицаның нақ шетінде тұрған — тастан салған ұзын үйде — станицаның айғырларына арналған атқораның ішінде сегіз жүзден астамырақ тұтқын қызыләскерлерлік толы болатын. Күзетшілер оларды дәретке де шығармады және қора ішінде дәрет ыдысы да болмады. Ауыр иіс қоп-қою боп атқораның төңірегін торлап тұр еді. Несептің сасық селі табалдырық астынан ағып жатыр еді, несеп үстінде көк-жасыл шыбындар бұлттай қаптап, құж-құж ұшып жүр...

Бұл кіріптарлар абақтысынан күні-түні тарыққап ауыр ыңқыл естілетін. Тыйтығы жеткен жүдеуліктен және олардың арасындағы мейірімсіз көрін төккен сүзек пен дизентериядан тұтқындар жүздеп өліп жататын. Өлгендерді кейде тіпті бірнеше тәулік бойы әкетпейтін.

Атқораны айналып өтіп, Григорий аттан түспекші болып еді, Донның арғы жағынан тағы да зеңбіректің қатаң даусы күрс ете қалды. Жуықтап келіп қалған снаряд сыңғыры үдей түсті де, жарылған ауыр гуілмен тұтасып кетті.

Ұшқыш және онымен бірге ұшып келген офицер кабинадан шыға бергенде оларды казактар қоршап алды. Сол мезетте тау басындағы батареяның барлық зеңбіректтері сөйлеп қоя берді. Снарядтар атқораның айналасына аумай түсіп жатты.

Ұшқыш шапшаңдап кабинаға кірді, бірақ мотор істемей қалды.

— Қолмен дөңгелетіндер! — деп Донецстың арғы жағынан ұшып келген офицер ащы дауыспен казактарға команда берді де, өзі бастап аэропланның қанатынан ұстады.

Аэроплан шайқалақтап орнынан жеп-жеңіл қозғалып, қарағайларға қарай зырғыды. Батарея оны үсті-үстіне атып, шығарып салды. Снарядтың бірі тұтқындар

лық толған атқораға түсті. Қою түтін мен бұрқырай көтерілген қалың тозақ ішінде атқораның бұрышы құлап түсті. Есі шыққан қызыләскерлердің қатты айқай-шуынан атқора дір ете қалды. Үңірейген тесіктен тұтқындардың үшеуі жүгіре шығып еді, жан-жақтан жүгіріп келген казактар тікелей атып, олардың сау жерін қалдырмай оқпен тескілеп салды.

Григорий шауып шеткерірек шықты.

— Өлтіреді! Қарағайдың арасына кет! — деп айқайлады үрейі ұшып, ақшыл көздері адырайып кеткен бір казак, маңайынан жүгіріп өтіп бара жатып.

«Шынында да жазым етуі мүмкін. Сайтанның мазағына, көрер азабыңа тап келсе, не душар болмас, — деп ойлады да, Григорий асықпастан аттың басын үйге қарай бұрды.

Тап сол күні Мелеховты шақырмастан, Кудинов штапта өте бір құпия мәслихат өткізді. Каменская станциясының жанында топталған мықты группаның бөлімдері қызылдар майданын бүгін-ертең жарып өтпекші де, Дон армиясының генерал Секретев басқарған атты әскер дивизиясы көтерілісшілерге қосылуға ұмтылмақшы деп, Дон армиясының ұшып келген офицері қысқаша мәлімдеме жасады. Көтерілісшілер Секретев дивизиясына қосылысымен атты әскер полктарын Донның оң жақ бетіне шығару үшін тезінен өткел жабдықтарын әзірлеуді ұсынып, офицер резерв бөлімдерін Донға жақынырақ келтіруге кеңес берді де, жауды қудалайтын бөлімдердің қалай өтіп, қалай жүру жоспары жасалып біткеннен кейін, мәслихаттың нақ аяқ кезінде:

— Сіздердің мына тұтқындарыңыз неге Вешенскаяда тұрып қалған? — деп сұрады.

— Басқа ұстайтын жер жоқ, хуторларда үй-жай кемтар, — деп жауап берді штаб қызметкерлерінің бірі.

Жалтырата қырған тершіген басын қолорамалмен мұқияттап сұртті де, офицер сұр кителінің жағасын ағытты; ол күрсіне түсіп:

— Казанскаяға жөнелтіндер, — деді.

Кудинов танданып қасын керді.

— Ал сонан соң?

— Ал онан Вешенскаяға қайта жүргізерсіңдер... — деп түсіндірді офицер кешірім еткендей, ызғарлы көк көздерін сығырайта түсіп. Сонысын ол еріндерін тарс жымқырып, каталдана: — Мырзалар, осы сіздердің солар жөнінде не-

ге тирақсый қалғаныңызды мен түсінбеймін. Қазіргі уақыттың өзі ондайдың кезі емес сыяқты еді. Әлеумет өмірінде де, тән тіршілігінде де, барша аурудың ұясы болған бұл әблеттерді қырып тастау қажет. Оларды бөбектеуіміз жетті. Сіздердің орындарыңызда болсам, мен тап осылай еткен болар едім, — деп сөзін аяқтады.

Тұтқындардың екі жүз адамдық бірінші тобын ертеңіне құмға алып шықты. Арып-ашқан, жүздері көксолғын тартқан, аяқтарын әрең-әрең басқан қызыләскерлер бейне аруақ сыяқты жүріп келеді. Олардың аяғын іркес-тіркес басқан тобын аттылы конвой қоршап алған... Арасы он шақырым Вешенская мен Дубровканың екі аралығында сол екі жүз адамың бірі қалмастан басы кесілді. Екінші дүркініп кешке таман айдап шықты. Ере алмағандарды, лажсыз жерде ғана болмаса, атпай, тек қылышпен шауып өлтірілсін деген конвойға қатаң бұйрық берілді. Жүз елу адамын Қазанскаяға болғаны он сегіз адам жетті... Олардың ішінен цыган сыяқтылау бір қызыләскер жолшыбай есінен айрылды. Ол жұлып алған хош иісті жебірдің бір шоғын көкірегіне қысып, бүкіл жол бойы ән салып, билеп, жылаумен болды. Ол күйіп тұрған құмға етбетінен жығыла береді де, кір басқан алба-жұлба бөз көйлегін жел желпілдете түседі, сол кезде терісі сүйегіне жабысқан арбыйған кір аркасы мен көсіле түскен аяқтарының жарылған кара табандары конвойшыларға көрініп жатады. Оған фляжкадан қайта-қайта су бүркіп орнынан тұрғызып алады, ол есуастықпен алақ-жұлақ еткен кара көздерін ашып жіберіп, жай ғана сылқ-сылқ күледі де, теңселе басып, тағы жүріп кетеді.

Жолдағы хуторлардың бірінде қайрымды қатындар конвойшыларды қоршап алды да, ішіндегі әрі айбынды, әрі келбетті келген бір кемпір конвой бастығына катулана:

— Сен мына кара баланы босатқын. Бұл ақылынан жазған, құдайға бір табан жақын жан, егер мұндай адамды өлтірсендер сендерге кешірілмейтін орасан зор күна болады, — деді.

Конвой бастығы — сары мұртты пысық подхорунжий — мырс етіп күліп жіберді де:

— Шешеке, біз артық күнә жасаудан қорықпаймыз. Бәрібір бізден тасбиқ тартқан тақуа жан шықпайды! — деді.

— Сен карсыласпағын, босатқын, — деп кемпір ка-

далыңқырап сұрады. — Әрқайсының төбенде де төніп тұрған өлім бар...

Қатындар кемпірдің сөзін жұмыла қостады да, подхорунжий көніп:

— Аямай-ақ қойдым, алындар. Ол қазір зыянсыз жан. Ал біздің мейірімділігіміз үшін — бізге бетін алмаған сүттен жігіт басына бір-бір құмыра сүт әкеліндер, — деді.

Кемпір есалаңды жетектеп үйіне алып кетті, тамаққа тойдырып, төр үйге төсек салып берді. Жігіт бір күн тәулік бас көтерместен ұйқтады, сонан кейін оянып, терезеге арқасын бере тұрып алды да, ақырын ән сала бастады. Кемпір төр үйге кіріп, сандық үстіне отырды, алақанымен жағын таянып жас жігіттің ашаң жүзіне тесіле қарап ұзақ отырды да, сонсын жуандау дауыспен:

— Сіздің адамдар алыс емес көрінеді, есіттік... — деді.

Есалаң бір секундтай тына қалды да, жалма-жан тағы да ән сала бастады, бірақ өте ақырын әндетті.

Мұнан кейін кемпір байсалды түрде сөйлеп кетті:

— Сырқаулы шырақ, сен, өлеңмен ойнауды таста, жәдігөйсіме де, басымды да қатырма. Өмірді мен бастан кешіргенмін, және, алдайтын ақмағың емеспін, мені алдай алмайсың! Білемін, ақылың сау сенің... Есіттім ұйқтап жатып қалай сөйлегеніңді, сондай жап-жатық! — деді.

Қызыләскер әнді тоқтатпады, бірақ әні бірден-бірге баяулай берді. Кемпір сөзін жалғастырып:

— Менен сен қорықпа, саған мен жамандық тілемеймін. Екі ұлымды герман соғысында оққа ұшырды, кенжем Черкасскіде осы соғыста өлді. Солардың бәрін мен жүрегімнің түбіне сақтап таптым ғой... Еміздім, асырадым, бақтым, қарғадай бастан түн ұйқымды төрт бөлдім... Міне, сондықтан мен әскерде қызмет істеп жүрген, соғыста ұрысып жүрген жас қыршындардың бәрін аяймын... — деді. Кемпір аз уақыт үндемей қалды.

Қызыләскер де тына қалды. Ол көзін жұмды да, тотыққан жүзіне болар-болмас қызыл шырай жүгірді, шидей жүдеу мойнында көгілдір тартқан күретамыры қаты-қатты соқты.

Ол тіс жармай тосып бір минуттай тұрды да, сонан кейін барып қара көздерін аздап аша бастады. Оның көз жанары әрі мағыналы, әрі сабырсыздық отын шашып тұрғандай көрінді де, кемпір мырс ете қалды.

— Шумилинскаяға баратын жолды білесің бе?

— Жоқ, шешеке,— деп жауап берді қызыләскер, ер-  
нін болар-болмас жыбырлатып.

— Онда қалай барасың?

— Білмеймін...

— Әңгіме міне осында! Ал, енді мен сені қалай етем?  
— Кемпір ұзақ уақыт жауап күтті, сонсоң: — Өзіңнің  
жүруге шамаң бар ма? — деп сұрады.

— Барамын ғой лаждап.

— Қазір саған лаждап жүре беруге болмайды. Түнде  
жүру керек және адымды шапшаң басу керек, ой, сондай  
шапшаң басу керек. Тағы бір күн кідір, содан соң мен  
саған азық берейін және жол көрсету үшін жетекшілікке  
немеремді қосайын — сонсын жөней бер, жолың болсын!  
Сіздің әлгі, қызылдар, Шумилинскаяның арғы жағында,  
жақсы білемін. Сөйтіп, сен оларға жетіп барарсың. Тек  
болғаны сендерге қара жолмен жүруге болмайды — да-  
ламен, сай-саламен, ормандата, жолсызбен жүру керек,  
әйтпесе казактар кездесіп қалады да, пәлеге ұшыратады.  
Осылай, қарағым!

Ертеңіне ымырт үйрілісімен жолға шыққалы әзірлен-  
ген он екі жасар немересі мен казак шапанын киген қы-  
зыләскерге кемпір шоқындырып батасын берді де, қатты  
өсиеттеп:

— Жөнеліндер құдайға сыйынып! Байқандар, біз-  
дің әскери қызметтегілердің қолына түсе көрмендер!..  
Сақ болындар, қарағым, сақ болындар! Маған емес, хақ  
тәңіріге бас и! Мейірімді жалғыз мен ғана емес, ана біт-  
кеннің бәрі осындай мейірімдіміз... Сендей, малғұндар-  
ды, өлгенше аяймыз! Ал, жөнеліндер, енді, құдайдың өзі  
сақтасын! — деді де, үйдің сары балшықпен бояған қый-  
сық есігін тарс еткізіп жауып қалды.

#### 4

Ильинична күнде таң біліне оянады да, сыйыр сауып  
келіп, ас пісіре бастайды. Үйдегі пешті жақпай, жазғы  
ас үйге от тұтатып, түскі тамақты әзірлейді де, балалар  
жанына қайтадан үйге кетеді.

Наталья сүзектен баяу тәуірленіп келе жатты. Троица-  
ның екінші күні ол төсектен бірінші рет тұрды, жүдеу-  
ліктен сыйдыйған аяқтарын зорға көтеріп басып, бөлме-  
лерді аралады, ұзақ уақыт балаларының басын қарады,



тіпті орындыққа отырып алып балалардың киімін жуып та байқап көрді.

Оның әбден жүдеген жүзінен үнемі күлкі шырайы кетпей қойды, суалған жақтарына өң кіріп, қызғылт тартты, ал аурулық салдарынан үп-үлкен боп кеткен көздері, бейнебір босанғаннан кейінгі шаттық шақтағы сыяқты, сондайлық тебірене жайнаған жылы нұр шашып тұрды.

— Полюшка, көркемтайым! Мен ауырып жатқанда Мишатка саған жәбір көрсеткен жоқ па? — деп сұрады ол әлсіреген дауыспен, әрбір сөзін жекелеп те босандау етіп соза сөйлеп, қызының қара шашын қолымен сыйпай түсіп.

— Жоқ, маматай! Мишка мені бір рет қана ұрды. Онан басқа біз онымен жақсы ойнағамыз, — деп қыз сыбырлап жауап қайырды да, анасының тізесіне бетін баса берді.

— Әжең ше, әжең сендерді есіркеді ме? — деп Наталья күлімсіреп қазбалай бастады.

— Әбден есіркеді!

— Бөтен адамдар ше, қызыл солдаттар, сендерге тиген жоқ па?

— Ол қарғалғандар біздің қашарды сойып тастады! — деді әкесінен аумаған Мишатка гүрілдеңкірей.

— Мишенька, балағаттауға жарамайды. Қарай көр мұның қожайын бола қалғанын! Үлкендерге жаман сөзбен тіл тигізуге болмайды! — деді Наталья күлкісін басып, баласына ақыл үйрете.

— Оларға тіл тигізген әжем, нанбасаң Польшадан сұра, — деп қабағын түйе сөйлеп, кішкене Мелехов ақтала бастады.

— Ол дұрыс, маматай, олар біздің тауықтардың да бірін қалдырмай сойып, тып-тыйпыл ғып кетті.

Полюшка қызып кетті: қап-қара көздері жайнай түсіп, ол қызыләскерлердің аулаға қалай келгендерін, тауық пен үйректерді қалай ұстағандарын, Ильинична әжесінің олардан айдары үсіген сары қоразды тұқымға қалдырыңдар деп өтінгенін және оған ақжарқын қызыләскерлердің қоразды былғандатып: «Әже, бұл қораз совет өкіметіне қарсы айқайлады, сол үшін мұны өлім жазасына бұйырдық! Сұра-сұрама, бәрібір біз бұдан кеспе пісіреміз, ал саған оның орнына мына ескі байпақты қалдырамыз» — деп жауап қайырғанын әңгімеледі.

Сөйдеді де ол алақандарын жайып тастап, көлемін көрсете:

— Міне, мынадай байпақ қалдырды! Зордың зоры және өзі айнала тесік! — деді.

— Наталья балаларын әрі күліп, әрі жылап отырып еркелетті, танданған көзін қызынан айырмастан ол насаттанып:

— Аһ, менің Григорьевнам! Нағыз Григорийдің қызы! Құйып қойғандай, әкеңе тартқансың, — деп сыбырлады.

— Мен ше, мен тартқанмын ба? — деп сұрады да, Мишатка қызғана, жасқаныңқырай анасына қыйсая түсті.

— Сен де тартқансың. Бірақ байқа: ержеткен кезде әкең сыяқты тұрлаусыз болып жүрме...

— Ол тұрлаусыз ба, мама? Неғып тұрлаусыз ол? — деп Полюшка құштарлана сұрады.

Натальяның жүзін көлеңкедей боп мұң баса қалды. Наталья үн қатпады да, отырғыштан зорға көтерілді.

Әңгіменің басы-қасында болған Ильинична риза болмай теріс айналып кетті. Ал, Наталья балалар сөзіне құлақ салмастан, терезе алдында тұрып, Астахов үйінің жабулы терезе қақпақтарына ұзақ қарап күрсіне берді де, абыржып, оңып кеткен ескі кофточкасының бүрмесін түткілеумен болды.

Ертеңіне Наталья таң біліне оянды, балалар оянып кетпесін деп ақырын ғана орнынан тұрып, бетін жуды, сандықтан таза юбкасын, кофточкасын және ақ жаулығын алды. Ол көрер көзге қобалжый түсті де, оның қалай киінгеніне қарап, іштен тынған салмақты да мұнды пішінін көріп Ильинична келінінің Гришака атасының моласына баратынын аңғарды. Жорамалының дұрыстығын байқау үшін:

— Қайда баруға жыйналдың? — деп сұрады Ильинична жорта.

— Атайдың халін білуге барамын, — деп салды Наталья, жылап жіберермін деп қорқып, басын жоғары көтермей сөйлеп.

Ол Гришака атасының өлгенін және олардың үйі мен қора-қопсысын Кошевойдың өртеп жібергенін біліп те қойған еді.

— Әлсізсің ғой, жете алмассың.

— Демалып-демалып жетем ғой. Балаларды тамақтандырарсыз, әже, бәлкім, мен онда ұзақ айналып қалармын.

— Сенің неге айналарың да белгісіз, — кім біледі не боларын! Бақытсыздыққа кездесіп, ана сайтандардың үстінен шығып жүресің бе, кешіре көр құдай. Натальюшка-ау, бармай-ақ қойсаң етті!

— Жоқ енді, барамын, — деп Наталья қабағын түйді де, есіктің тұтқасын ұстады.

— Ендеше, тоқтай тұр, аш кетпекшісің бе? Кәне, айран құйып берейін бе?

— Жоқ, әже, Христос қолдасын, ешнәрсе де ішіп-жегім келмейді... Қайтып келген соң жермін тамақты.

Келінінің баруға белді бекем байлағанын көрген соң, Ильинична:

— Донның үстін ала, бақшаның ішімен жүргенің жақсы. Онда сен аса көзге түсе бермессің, — деп ақыл айтты.

Дон үстіне тұман шымылдықтана ілінген. Күн әлі шыққан жоқ, бірақ шығыс жақта ақтеректер тасалаған аспан жиегі жалындаған қызыл шапақ шашып тұр да, бұлт астынан тоңазытқыш таңғы жел де есе бастаған еді.

Жығылған, шырмауық шырмаған шарбақты аттап өтіп Наталья өз бағына кірді, қолын жүрегіне басып жас топырақты төмпештің жанына тоқтады.

Өршелене өскен қалақай мен алабота бақты басып кеткен. Айнала шыққа малынған түйе жапырақтың ылғал топырақтың, тұманның иісі аңқыды. Өрттен кейін қуарып қалған кәрі алма ағашының үстінде жүні үрпиген қараторғай дара қонып отыр. Қабыр топырағы төмен шөккен. Кейбір кепкен саз кесектерінің арасынан жарып шығып келе жатқан шөптің нәп-нәзік жасыл қылқандары көрінеді.

Өткен күннің есте қалғандары кенет бойын кернеп, ауыр күйзелген Наталья үнсіз тізерлей қалды да, мейірімсіз, мәңгі-бақыт өлім жидігінен өзге иіс бермеген қара жерге етбеттей жығыла кетті...

Бір сағаттан кейін Наталья жасырына жүріп бақтан шықты да, бір кездегі өзінің жастық шағы гүлденіп таусылған төркін жұртына жүрегі сыздана ақтық рет бұрылып қарап еді — күл-көмірге айналған сарай ашалары мен күйік пештердің және үй негізінің қыйратындылары баттасып, адыра қалған бос аула қарауыта түнеріп тұр екен, — ол келте көшеге түсіп ақырын ілби берді.

Наталья күн санап, барған сайын көзге көрінерліктей оңала бастады. Аяқ басысы шыйрады, иіндері жұмырланды, денесі толысып, жетіле түсті. Кешікпей ол енесіне тамақ пісіруге көмектесетін болды. Пеш жанында әуреленіп жүріп, олар ұзақ-ұзақ әңгімелесетін еді.

Бір күні таңертең Наталья ренжіп:

— Қашан бітер екен осы? Қасірет тарта-тарта жан күйзелді! — деді.

— Көрерсің, біздің кісілер Донның арғы жағынан жуырда бері өтеді, — деді Ильинична көзі жеткендей.

— Олардың жуырда келетінін сіз қайдан білесіз, әже?

— Жүрегім сезіп жүр.

— Тек біздің казактар аман болғай-ақ тағы. Біреу-міреуін я өлтіріп, я жаралағанын құдай көрсете көрмесін. Гриша біздің өте өжет қой, — деп күрсінді Наталья.

— Құдай мейірімсіз емес қой, бәлки, оларға ештеме де болмас. Біздің қарт бері өтіп халімізді біліп кетпекші еді, сірә, қорыққан шығар. Егер де келе қалса — сен де бірге өз адамдарымызға кетер ең, осы күнадан аулақ. Біздің хуторлықтар тап мына біздің хутордың өкпе тұсында жатыр, қорғаныста. Анау кезде, сен әлі ессіз-түссіз жатқан кезде, таңсәріде Донға барып су алып жатсам, құлағыма — Аникушканың Донның арғы жағында тұрып: «Амансың ба, шеше! Қартыңнан сәлем!» деген айқайы келеді.

— Ал Гриша қайда екен? — деп сұрады Наталья ептеп қана.

— Ол алысырақта тұрып, бәріне әмірін жүргізетін көрінеді, — деп жауап қайырды Ильинична ақпейіл аңқаулықпен.

— Ол қай жерде тұрып әмірін жүргізеді екен?

— Вешкиден жүргізетін шығар. Басқа қай жерден жүргізсін.

Натальяның үні шықпай қалды. Ильинична оған қарап:

— Мұның не сенің? Неменеге еңірейсің? — деп сұрады шошып кетіп.

Кір алжапқышты бетіне басып, жауап берместен Наталья ақырын өкси берді.

— Еңіреме, Натальюшка. Көз жасыңның көмегі бола қояр ма екен бұған. Құдай қосса, оларды тірі, сап-сау күйінде көреміз. Сен өзің сақтанып жүрші, бекерге тысқа

шыға берме, өйткені ана құдайдан безгендер көріп қояр да, көздеп қалып жүрер...

Ас үйдің іші қараңғылана бастады. Терезені сырт жақтан бір адамның тұлғасы қаптай қалды. Ильинична терезеге бұрылды да, шошып кетіп:

— Солар! Қызылдар! Натальюшка! Тез кереуетке жата қал да, ауырып жатқан бола ғой... Құнаға ұшыратпаса игі еді... Мына кенепті жамыл үстіңе! — деді.

Қорыққанынан дір-дір қалтыраған Наталья төсекке құлай кетісімен-ақ, есіктің сұқпа темірі шылдыр етті де, ұзын бойлы қызыләскер еңкейе бүгіліп, ас үйге кіріп келді. Құп-қу болып кеткен Ильиничнаның етегіне балалар жармаса түсті. Ал, кемпір сол пештің жанында тұрған күйі, сасқанынан піскен сүтімен құмыраны аударып алып, сәкіге отыра кетті. Қызыләскер ас үйді көзімен тез шолып өтіп, көтеріңкі дауыспен:

— Қорықпаңыз. Жемеймін. Сәләматсыз ба! — деді.

Наталья өтірік ыңқылдай түсіп, кенеппен басын бүркеп алды, ал Мишатка көзінің астымен қонаққа тесіле қарады да, қуана сөйлеп:

— Әже-ау! Міне мынаның өзі энеукүнгі біздің қоразды сойған! Есінде ме? — деп мәлімдеді.

Көксұр фуражкасын басынан алып тастап қызыләскер таңдайын бір қақты да, езу тартып:

— Дәл үстінен түстің, қу бала! Бірақ сен сол қоразды еске түсіре беруге несіне құмар болдың? Ал, шеше, мынадай бір жұмыс бар: бізге сен нан пісіріп бере алмасың ба? Ұнымыз бар, — деді.

— Болады... несі бар... пісірейін, — деді Ильинична асыға сөйлеп, қонақтың жүзіне қарамастан, сәкіге төгілген сүтті сүртіп жатып.

Қызыләскер есіктің жанына жүресінен отырды да, қалтасынан темекі дорбасын суырып алып, шылым орай отыра, әңгімеге кірісті:

— Түнге шейін пісіріп бере аласың ба?

— Егер сіздерге асығыс болса, түнге шейін де пісіруге болады.

— Шеше, соғыста істің бәрі асығыс. Ал анау қораз үшін сіз ренжімеңіз.

— Жоқ, біз ренжімейміз! — деді Ильинична қорқып кетіп. — Мына сәби ғой, ақмақ... Қерегі жоқ нәрсені еске гүсіруін қарасайшы!

— Алайда, сенің өзің сараң бала екенсің... — деп езу тартты сөзуар қонақ, ақжарқын түрмен Мишаткаға бұрылып. — Неменеге сен бөлгірікше қарайсың? Кел бері, сенің қоразыңды мейлінше талқылап көрейік, — деді.

— Бар, байғұс бала! — деп, Ильинична немересін тізесімен итермелеп, сыбырлай түсті.

Бала бірақ кемпірдің етегінен айрыла салып, ас үйден тайып тұру иетімен бір бүйірлеп есікке қарай жылжыды. Қызыләскер оны қолымен өзіне қарай тартып алды да:

— Әлде ашуланып қалдың ба? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді Мишатка сыбырлап.

— Ал, міне ашуланбағаның жақсы. Бақыт қоразда тұрған жоқ. Әкең қайда сенің? Донның арғы жағында ма?

— Донның арғы жағында.

— Олай болса, бізбен соғысып жүр екен ғой?

Жылы сөз, жұмсақ көзқарасқа сатылған Мишатка ықластана жеткізді:

— Ол бүкіл казактарға әмірін жүргізеді! — деді.

— Ой, өтірігіңе болайын!

— Нанбасаң мына әжемнен сұра.

Ал, әжесі немересінің сөзшеңдігінен біржола есі шырып, қолымен санын бір-ақ соғып, ыңқылдай бастаған болатын.

— Бәріне әмірін жүргізеді дейсің бе? — деп қайта сұрады аң-таң болған қызыләскер.

— Бәлкім бәріне емес те шығар... — деп, тесе қараған әжесінің сұсына шыдамай, жаңылған Мишатка жауапты босаңсытып жіберді.

Қызыләскер сәл үндемей қалды да, Натальяға көз қыйығын салып:

— Жас келін ауырып жатыр ма, қалай? — деп сұрады.

— Сүзек ауру, — деді Ильинична ықлассыздау жауап қайырып.

Қызыләскерлердің екеуі ас үйге бір қапшық ұн кіргізіп, табалдырық жанына қойды.

— Пешінді жақ, шеше! — деді оның біреуі. — Нанды алуға кешке келеміз. Абайла, өсімі дұрыс шығатын болсын! — деді және.

— Қолымнан қалай келсе, солай пісірермін, — деп жауап берді жаңа келгендердің қатерлі әңгімені бөліп

жібергеніне мейлінше қуанған Ильинична; Мишатка ас үйден жүгіріп шығып кетті.

Натальяға қарай иек қағып, біреуі:

— Сүзек пе? — деп сұрады.

— Ие.

Қызыләскерлер әлде не жөнінде өзара ақырындап сөйлесті де, ас үйден шығып кетті. Олардың соңындағысы бұрыштан айналып үлгірмей-ақ, Донның арғы жағынан атылған винтовка тарсылы шыға бастады.

Еңкейе жүгіріп қызыләскерлер жарым-жартысы құлап біткен тас дуалға жетті де, тасасына жата қалып, винтовкаларының шаппасын жұмыла сыртылдатып, қарсы атысқа кірісті.

Зәресі ұшқан Ильинична Мишатканы іздеуге аулаға ұмтылды. Дуалдың арғы жағындағылар оған:

— Әй, әже! Үйге кір! Өлтіреді! — деп айқайлады.

— Қорада біздің бала қалды! Мишенька! Шыбыным! — деп шақырды кемпір, жыламсыраған дауыспен.

Кемпір ауланың ортасына жүгіріп шығып еді, сол сәтте Донның арғы жағындағы атыс та тоқтай қалды. Арғы бетте тұрған казактар, сірә, кемпірді көріп қалған болуы керек. Ильинична жүгіріп келген Мишатканы қолынан ұстай алып, ас үйге кірісімен атыс қайтадан басталды да, қызыләскерлер Мелеховтардың ауласынан шығып кеткенше тоқталмады.

Натальямен сыбырласа сөйлесіп жүріп Ильинична нан ашытуға қойды, бірақ оған ол нанды пісіруге тура келмеді. Хутордағы пулемет заставасының қызыләскерлері түс кезінде кенет үйді-үйлерін асығып-үсігіп тастай жөнелді де, пулеметтерін сүйрете, жарды өрмелей, тауға ұмтылды.

Тау басындағы окоптарда жатқан рота сапқа тізілді де, шұғыл маршпен Гетман жолына қарай беттеді.

Бүкіл Обдонье үстіне лезде бір зор тыныштық кенет орнай қалған сыяқты. Зеңбіректер мен пулеметтердің үні өшті. Хуторлардан Гетман қара жолына қарай шөп басып кеткен жазғы сұрлеумен, жолдармен лаулар, батареялар шұбырды; жаяу және атты әскер колонна-колоннасымен жылжыды.

Кешеуілдеп қалған қызыләскерлердің борлы мүйістерді қапталдап, тау басына қалай тырмысып шығып бара жатқандарын терезеден қарап тұрған Ильинична, белдемшесіне қолын үйкей салып:

— Құдай ондады, Натальюшка! Қызылдар кетіп бара жатыр! — деп шын көңлімен шоқына түсті.

— Әже-ау, олар хутордан тау басындағы окоптарына бара жатыр, кешке қарай қайтып келеді.

— Ендеше олар неге сонша асыға жүгіреді? Біздің адамдар оларды айдап шықты! Шегінді қарғалғандар! Қашып барады құдайдан безгендер! — деп шаттанды да, Ильинична ашытқан қамырды қайтадан илеуге кірісті.

Наталья сенектен шығып табалдырық жанына тұрып алды да, ұзақ уақыт алақанымен көзін қалқалап, күн шұғыласы күйылып жарқырап жатқан борлы тауға, күнге күйіп сарғылт тартқан оның сілемдеріне қарап тұрды.

Нөсер алдындағы тынысын ішіне тартқан айбарлы бұлттардың ақ будақ сүйір өркештері тау тасасынан көтеріліп келеді. Тас төбедегі қайнар күн жерді қуырып тұр. Өрісте саршұнақ тышқандар шыйқылдайды, олардың мұнайыңқы баяу үні бозторғайлардың шырқаған шалқыма әніне оғаштау ұштасалы. Зеңбірек гүлінен кейін орнаған тыныштық рахат жүрегіне сондай жылы тиген Наталья орнында сәлт етпестен тұрып, тіпті бозторғайлардың жабайы жырын да, құдық аспасының сықырын да, кара жусанның ашкылтым иісін аңқытқан желдің суылын да құмарлана, ұйып тыңдады.

Бұл даланың ұшқыр, шығыс желі — әрі ашкылтым, әрі тыншу жел болатын. Бұл желден қаңсыған кара топырақтың ыстық лебі шалқыды, күн жапырған күллі шөптің бой балқырлық күшті исі аңқыды, алайда жаңбырдың жақындағаны да сезіліп қалған еді: Дошпан тұшы су ылғалы келіп тұр, жер бауырлай ұшқан қартығаштар қанаттарының айырық ұштарымен ауаны шыймайлай сызып жүр, төніп келе жатқан нажағайлы нөсерден қашқалақтап, көгілдір аспанның қыйыр төрінде құладын шарықтауда.

Наталья ауланы кесіп өтті. Тас дуалдың арғы жағында жапырылған шөптің үстінде винтовканың алтындай сары гильзалары үйіліп жатыр. Әйнектер мен үйдің ақталған қабырғаларын оқ тесіп, үңірейіп-үңірейіп қалған. Аман-есен қалған тауықтардың бірі Натальяны көре сала қақылдап, кілет төбесіне ұшып шықты.

Хутор үстіндегі мейірімді тыныштық ұзаққа барма-



ды. Жел тұрды да, иесіз қалған үйлердің ашық жатқан терезе қақпақтары мен есіктері тарсылдай бастады. Қардай аппақ бұршақ бұлты күн көзін өктемдеп қаптады да, батысқа қарай көшті.

Жел қобыратқан шашын қолымен бастыра Наталья жазғы ас үйге келді, сол жерден тауға қайтадан қарады. Алыста, ақсаңлақ шаңға бөленіп желе жортқан екі аяқты арбалар, шапқылаған жеке сайтаттылар көрінеді. «Кетіп бара жатыр, рас екен!» — деп Наталья көңлін бір демдеді.

Наталья сенекке кіріп үлгірмей-ақ, таудың арғы жағындағы алысырақ бір жерде мылқау сарынды зеңбірек атыстары күркірей қалды да, және тап солармен әдейі үн қосқандай, Вешенскаяның екі шеркеуінің жабыла жар салған қоңырауларының қуанышты сыңғыры Донның үстімен жылжый жүзіп бара жатты.

Донның арғы жағында орман ішінен қалың казактар ақтарыла қаптады. Олар қос ескекті үлкен қайықтарды жермен де сүйрейі, қолмен де көтеріп, Донға әкелді де, суға сала бастады. Қайықтың арт жағында түрегеліп тұрып, ескекшілер ескектерімен шапшаңдай қыймылдады. Отыз шақты қайық жарыса жүзіп, хуторға жетуге асықты.

— Натальюшка! Балапаным! Біздің адамдар келе жатыр!..— деп еңіреп жылай, ас үйден жүгіре шыққан Ильинична боздап қоя берді.

Наталья Мишатканы ұстап алып жоғары көтерді. Көз жанарлары еліре жарқ-жүрқ ете қалды да:

— Балапаным, қарашы, сенің көзің өткір ғой, қарашы... Мүмкін, казактармен бірге сенің әкең де келе жатқан шығар... Айыра алмай тұрсың ба? Анау алдыңғы қайықта келе жатқан сол емес пе? Ой, қарамайтын жаққа қарайсың ғой өзің!.. — дегенде оның даусы үзіліп-үзіліп шықты.

Пристань басында бұлар әбден жүдеп біткен жалғыз Пантелей Прокофьевичті ғана қарсы алды. Қарт еңалдымен өгіздердің, мүліктің, астықтың амандығын сұрады да, немерелерін құшақтап тұрып, көзіне аз ғана жас алды. Асыға-үсіге, ақсаңдай басып, өз ауласына енісімен өңі сұрланып, тізерлене құлай кетіп, қолын кең жайып шоқынды да, күншығысқа тағзым етіп, ақ шашты басын қаңсып жатқан ыстық жерден ұзақ уақыт көтермей қойды.

Атты алты зеңбірегі және он сегіз арпалы пулеметі бар Дон армиясының үш мың әскерлі атты группасы генерал Секретевтің басқаруымен 10 июнь күні күйрете соққы беру арқылы Усть-Белокалитвенская станицасының тұсынан майданды бұзып-жарып өтті де, темір жолды бойлай Казанская станицасына қарай жүрді.

Бұдан үш күн бұрын таңертең ерте 9-Дон полкының офицерлер шолғыншысы Дон жанында көтерілісшілердің дала қарауылының үстінен шықты. Атты отрядты көзі шалып қалған казактар жарға қарай жалт берді, бірақ шолғыншылардың бастығы казак есаулы көтерілісшілерді киімінен танып, қылышқа таққан колорамалын бұлап, ашы дауыспен:

— Өзіміз!.. Қашпандар, станичниктер! — деп айқайлады.

Шолғыншылар шапқылаған бойы қауіпсіз жар жиегіне жетіп келді. Көтерілісшілер қарауылының бастығы — ақ шашты қарт вахмистр шыққа шыланған шинелінің түймесін жүре салып, алға шықты. Сегіз офицер аттан түсе қалды, жиегінде офицер белгісі ағараңдаған сұр фуражқасын шешіп алып, есаул вахмистрге жақындап келді де, езу тарта:

— Ал, амансыздар ма, станичниктер! Кәне, казак әдетінше сүйісейік, — деді. Сөйтіп, вахмистрді айқыштап сүйді де, колорамалмен ернің, мұртың сүрте салып, өзіне карап тосырқай күткен жолдастарының ишетін сезіп, мәнді жымыйып, мұқамдай сөйлеп:

— Қалай, естеріңді жыйдыңдар ма? Өз адамдарың большевиктерден гөрі тәуірірек болған шығар? — леп сұрады.

— Дәл солай, текті мырза! Құнамызды жудық... Үш ай шайқастық, бар арманымыз сіздерді тосып алу болды.

— Кеш те болса ақылға келгендеріңіз жақсы болған. Ол енді өткен іс, ал ескіні еске түсіргеннің — көзі шықсын деген. Қай станицаникісіз?

— Казанскаянікіміз, текті мырза!

— Бөлімдеріңіз Донның арғы жағында ма?

— Дәл солай!

— Қызылдар Доннан қалай қарай кетті?

— Донды өрлеп кетті, сірә, Донецкая Слободкасына асқан шығар.

— Атты әскерлеріңіз бергі жаққа өте бастаған жоқ па?

— Жоқ-жоқ!

— Не себептен?

— Біле алмадым, текті мырза. Оң жағаға бізді алдымен жіберді.

— Олардың бұл жерде артиллериясы болды ма?

— Екі батареясы болды.

— Қашан әкетті оларын?

— Кеше түнге қарай.

— Соңына түсіп қудалау керек еді ғой! Ей, ашықауыз немелер! — деді есаул кіналай сөйлеп, сөйтті де ол атының қасына келіп, аспалы сумкадан блокнот пен карта алды.

Вахмистр екі қолын төмен түсірген күйі тік тұрып қалды. Онан екі адым кейін әрі қуанышты, әрі күдікті бейтарап сезімі билеп, офицерлерді және жорық арықтатқан арғымақ аттардың ер-тұрманын қарай-қарай, казактар топталып тұр.

Погонды және күйіп қойғандай қонымды ағылшын френчі мен кең бриджілерін киген офицерлер казактарға көз астымен қарап қойып, аттарының жанында тақымдарын жазып, олай-бұлай жүр. Олардың біреуінің үстінде де 1918 жылғы күздегідей сыя қарындашпен суретін салып қолдан жасаған погондар жоқ. Аяқкиім, ертоқым, патрон сумкасы, бинокльдер мен ердің қасына ілген карабиндердің — бәрі жап-жаңа және орыс жасап шығарған құрал-жабдық емес. Тек москалдау көрінген бір офицер ғана жұқа көк мауытыдан тіккен черкеска, бұқардың алтын түстес қаракөлінен кубанка, аяғына тақасыз тау етігін киіпті. Аяғын ептеп басып, сол бастап казактарға жақындай түсті де, планшеткадан бельгия королі Альберттің суреті салынған әшекейлі папирос сауытын суырып алып:

— Туғандар, тартыңыздар! — деп ұсынды.

Казактар папироска қомағайлана ұмтылды. Баска офицерлер де жақындай түсті.

— Ал, Совет қоластында қалай тұрдыңыздар? — деп сұрады жалпақ бас, жауырынды хорунжий.

— Аса мақтаулы емес... — деп тартына жауап берді хорунжийдің жуан балтырларын тырсыпта қысып тұр-

ған, тізеге жеткізіле баулықталған биік гетрден екі көзін айырмай, папиросты құныға тартқан ескі шекпенді казак.

Тозығы жетіп, сірісі кыйсайған жыртық шәрке ол казактың аяғында зорға ілініп тұр еді. Сан қабат тормыштап, шалбардың балағын ішіне тыққан ақ шұлығы жыртылып біткен-ді, сондықтан да ол тозу дегенді білмейтін ұлтанының қалыңдығына қызығып, жез пистондары жарқыраған ағылшын ботинкасынан көз айырмай таңдана қарап тұр.

— Па шіркін, аяқкиіміңіз де келісті екен! — деп салды ол шыдамастан, ақкөңілділікпен қызыққанын білдіріп.

Бірақ хорунжий онымен мәмлелеп сөйлесуге бейім көрінбеді. Ол мысқылдай, шамдандыра сөйлеп:

— Шетел жабдығын Мәскеу шабатасына айырбастағыларың келген өздерің емес пе, қазір енді біреудің үстіндегіге көз салатын ешнәрсе жоқ! — деді.

— Жаңсақтық болды. Құналымыз... — деп жауап берді казак сасқалақтап, қостар ма екен деген кісіше жолдастарына жалт-жұлт қарап қойып.

— Сендердің ақылдарың құдды өгіздің ақылындай болып шықты. Өгіздің ежелгі әдеті: әуелі бір адым аттайды, сонан кейін тоқтайды да, ойға батады. Жаңсақтық болды! Күздігүні майданды ашық тастап кеткен кездеріңде не ойлап едіңдер! Комиссар болғыларың келді ғой! Эх, отан қорғағыш немелер!.. — деді хорунжий кемсіте, қорлай сөйлеп.

Асыра сөйленкіреп жіберген хорунжийдің құлағына: «Жетер енді, болды ғой!» — деп жап-жас бір жүзбасы сыбыр ете қалды. Хорунжий папиросын аяғымен таптап, түкіріп тастап, теңселе басып, аттарға қарай жүрді.

Есаул оған записка берді де, ақырын ғана бір сөз айтты.

Ауыр денелі, қорбандау хорунжий күтілмегенде атқа жеп-жеңіл қарғып мінді де, тізгінін шұғыл бұрып алып, батысқа қарай шаба жөнелді.

Казактар қысылып үндемей қалды. Жақындап келген есаул үнді баритон даусының төменгі ырғағын ойнақшытта құбылтып:

— Бұл арадан Варваринский хуторына дейін қанша шақырым? — деп сұрады, жайдарылана.

— Отыз бес, — деп казактар жамырай жауап берді.

— Жақсы. Ал, станичниктер, былай — сіздер тез барып бастықтарыңызға айтыңыздар: атты әскер бөлімдері бір минут кідірместен бергі бетке өтсін. Өткелге дейін сендермен бірге офицер барады, атты әскерді сол басқарады. Ал, жаяу әскер жорық тәртібімен Казанскаяға қарай жылжый берсін. Түсінікті ме? Кәне, құдайға сыйынып, солға қарай шыр айнал да, шагом марш!

Казактар тобымен тау етегіне қарай жөней берді. Олар ақылдасып қойғандай үндеместен жүз сажень жер жүрді, сонсоң бағанағы пысық хорунжий сыйын берген ескі шекпенді, жұпыны казак басын шайқап:

— Туысқандар, қосылдық дегеніміз осы болса... — деді күрсініп.

— Бірінен бірінің оңғаны жоқ, редькадан крен тәтті емес деген осы! — деді екіншісі ілесе. Ол құшырлана боқтап жіберді.

## 6

Қызыләскер бөлімдерінің шұғыл шегінгені Вешенская станицасына мәлім болысымен-ақ, Григорий Мелехов атты екі полкпен Доннан жүзіп өтті де, алға күшті шолғыншылар жіберіп, өзі оңтүстікке ұмтылды.

Обдон дөңінің арғы жағында ұрыс болып жатты. Бейне жер астынан шыққандай, зеңбірек дүңкілі бір-біріне ұштаса күрсілдеді.

— Кадеттер снарядты аямай жұмсайды-ау, сірә! Оқты үсті-үстіне төгуін көрдің бе? — деді Григорийге жақындап келген командирдің бірі, риза болған пішінмен.

Григорий тіл қатпады. Ол жан-жағына мұқияттап қарап, колоннаның алдында келе жатқан болатын, Доннан Базковский хуторына дейін тұтасымен үш шақырым жерде көтерілісшілердің қалдырып кеткен мыңдаған бричкалары мен арбалары тұр. Орман ішінде барлық жерде шашылып жатқан мүлік: қыйраған сандықтар мен отырғыштар, киім, әбзелдер, аяқкиім, киім тігетін машина, бидай толы қапшықтар, не керек, несінің көзі қыймай алып шығып, шегінгенде Донға әкелген дүниенің бәрі осы жерде. Кей жерде жол үстіне тізеден келтіріле сап-сары алтын бидай төгіліпті. Тап сол жерде іші кеуіп, шіріп, ірепеті кеткен өгіздер мен аттардың сасық өлімтіктері жатыр. Жаны түршіккен Григорий:

— Пәлі, қожалық еткен-ақ екенсіңдер! — деп ышқына айқайлап жіберді бөркін қолына алып, дем алмауға тырысып, үстінде құшағын жайып казак фуражканы, қан-қан шекпенді бір шал өліп жатқан, кептелген бидай төбешігін ептеп айналып өтіп.

— Шәлекен мүлкін қарауылдап болған екен! Сайтан тұрткен ғой оны осы жерде қалуға, — деді казактардың бірі аяп.

— Бидайын қыймаған шығар, тастап кетуге...

— Әй, жүріңкіре, желдіртіндер! Құдай сақтасын, сасық нис мұрнымды жарып барады. Әй, жүріңкірендер! — деп айқайлады артқы қатардағылар ашуланып.

Сөйтіп, жүздік аяннан желіске түсті. Әңгіме су сепкендей басылды. Жалғыз-ақ ат тұяғының сансыз сартылы мен жымдасқан казак жабдықтарының дыңғыры орман бойында үн қосқандай болды.

...Ұрыс Ливнишквийдің именшесіне таяу жерде жүріп жатты. Ягодноедан шеткерірек алқап бойымен қашқан қалың қызыләскерлер көрінді. Олардың төбесінен шрапнель жарылып, артынан пулемет атқылады да, кері шегінетін жолын бөгей, дөңді қапталдай, қалмақ полкылап қойды.

Полктарымен Григорий ұрыс біткен кезде жетті. Вешенскаяның асуымен шегінген 14-дивизияның бытыраған бөлімдері мен лауларын қорғаған қызыләскерлердің екі ротасын 3-қалмақ полкы тас-талқанын шығарып, бірін қалдырмай құртып жіберді. Григорий командованиені Ермаковқа дөң басында-ақ бере салып:

— Мұндағылар жұмысты бізсіз аяқташты. Сен оларға барып қосыла бер. Мен бір минутқа усадьбаға кіріп шығайын, — деді.

— Сондайлық не жұмыс болып қалды? — деп сұрады Ермаков аң-таң болып.

— Не деп айтуға болар саған, бұл жерде мен жас күнімде жалшылықта болғанмын, сол ескі орынды көргім келіп кетті...

Проходды шақырды да, Григорий Ягодноеға қарай жүрді, жарым шақырым жер жүргеннен кейін ол, — казактардың бірі алдын ала сақтық ретінде ала шыққан үлкен ақ кеуелтің бастаушы жүздіктің төбесінде желге желтілдеп, жоғары көтеріле қалғанын көзі шалды.

Амалсыздан жүріп келе жатқандай, колоннаның алқапқа ақырын ғана жылжып түсіп бара жатқан сый-

қын байқап және оларға қарсы көк шалғынды тура жарып саржеліп келе жатқан секретевтік ақвардияның атты әскер тобын көріп, дүдәмалды қапалық кернеген Григорийге «бейне қолға түскелі бара жатқан сыяқты» деген үрейлі ой келді.

Григорий имениенің құлап қалған қақпасынан аулаға кіріп келгенде, алабота басып кеткен ауладан мұңмен қанрағандық аңғарды. Ягодное жан танымастай болған. Ұқыпсыздықтың, күйзеушіліктің жан түршігерлік іздері кез келген жерден-ақ көрініп жатыр. Бір кездегі салтанатты үй ажарсызданып қалған және бейне аласарып кеткен тәрізді. Не заманнан бері сырланбаған қанылтыр төбе тоттанып, шұбарланып сарғая түскен, сынған суағар шүмектер баспалдақ жанында шашылып жатыр, топсасынан жұлынған терезе қақпақтары қыйсая салбырап тұр, әйнегі уатылған терезелерден жел ысқыра гулейді де, жан мекендемеген үй ішінен көгеріп, өңезденген нәрселердің көңірсі исі аңқыды.

Үйдің күншығыс жақ бұрышы мен баспалдақты үш дюймдік зеңбірек снаряды қыйратып кеткен. Снаряд құлатқан үйеңкінің ұшар басы коридордың венециялық стилімен жасалған сынық терезесіне сұғынып жатыр. Ол үй іргесіндегі кірпіш үйіндісіне түбін тірей құлап жатқан күйінде қалған. Ал сол үйеңкінің солып қалған бұтақтарын қуалай жорғалап, бұйраланған бойлауық жабайы құлмақ аман қалған терезе әйнектерін баппен шырмап, кәрнезге де өрмелепті.

Мезгіл мен жауын-шашын да білгенін істепті. Қорақопсылардың сондайлық тозығы жетіп, кісі қарарлық түрі қалмапты, тіпті адамның қамқор қолы бір жансыпаған сыяқты. Жазғы жауын түбін жуа-жуа, атқораның тас қабырғасы құлап түскен, арба сарайының төбесін дауыл ашып тастаған және сүйегі қурап ақсыйған итарка тіреуіштер мен олардың қоспаларының әр жерінде жартылай шіріген сабанның шүйке-шүйке бөлшектері ғана қалыпты.

Жалшылар үйінің баспалдағында көптен кісі көрмей тағы болып кеткен үш тазы ит жатыр еді. Олар келгендерді көре салып, орындарынан ұшып түрегелді де, арсылдай ырылдап, сенекке тығылды. Флигельдің аяққыйып жатқан терезесіне төніп келді де, Григорий ат үстінен айқай салып:

— Тірі жан бармысың? — деп сұрады.

Флигель ішінде көпке дейін ешбір дыбыс білінбеді, сонсоң шатынаған әйел даусы:

— Құдай үшін, тоқтай тұрыңыз! Қазір шығамын, — деп жауап қатты.

Жалаң аяғын тырпылдата басып қартайған Лукерья баспалдаққа шықты, күннен ұялған көзін сығырайта түсіп Григорийге ұзақ уақыт қалада қарады.

— Танымай қалдың ба, Лукерья апай? — деп сұрады Григорий аттан түсіп жатып.

Сонап кейін ғана Лукерьяның бұжыр бетінде бір нәрсе жыбыр ете қалды да, топас немкеттілік пішінді күшті ішкі сезім толқыны басып кетті. Ол жылап жіберді де, көп уақыт бір сөз айтуға да халі келмеді.

Григорий атың байлады, сабырмен күтіп тұрды.

— Жәбір-жапаның бәрін бастан кешірдім. Басқа бермесін, енді қайтып құдай көрсетпесін... — деп сыңсып зарлай бастады Лукерья, кір-кір кенеп алжапқышпен бетін сүртіп.— Тағы да солар келіп қалды ма деп ойлап едім... Ой, Гришенька-ай, мұнда не болғанын көрсең... Айтып та жеткізе алмассың!.. Мен жалғыз өзім ғана қалдым ғой.

— Саша қарт қайда? Әлде пандармен бірге шегініп кетті ме?

— Егер шегініп кетсе, бәлкім, тірі қалған да болар еді...

— Апыр-ау, өліп қалды ма?

— Өлтіріп кетті оны... Үш тәулік болды базда жатқанына... көму керек еді, бірақ өзім сырқаттанып жүрмін... Зорға тұрдым... Және оның үстіне, өліктің қасына баруға зәрем қалмайды, жаным түршігеді, жақындауға...

— Не үшін өлтірді? — деп сұрады Григорий, басын жоғары көтерместен күңгірт дауыспен.

— Бие үшін жазықтады... Біздің пандар асығыс шегінді. Тек ақшаларын ғана әкетті, ал мүліктің бәрін маған қалдырып кетті. — Лукерья сыбырлай түсті: — Ине-жібіне дейін сақтап қалдым! Көмген нәрсенің бәрі сол күйінде жатыр. Ал, жылқыдан тек болғаны арғымақ айғырлардың үшеуін ғана алды да, қалғандарының бәрін Сашка қартқа қалдырып кеткен-ді. Көтеріліс басталғаннан бері жылқыны казактар да, қызылдар да алып жатыр. Вихорь дейтін қара айғырды, — мүмкін есінде шығар? — жазға салым қызылдар алып кетті.



Зорға ерттеді. Оның арқасына ер тимеген еді ғой туғаннан бері. Бірақ әйтеуір оның үстіне мініп шаттанып жүрулеріне тура келмеді. Бір жетіден кейін каргин казактары келген-ді, солар әңгіме қылып отырысты. Адырдың басында олар қызылдармен түйісіп қалып, бірін-бірі үйте бастапты. Сол кезде казактардың астындағы бір дарбақайлау бие кісінеп жіберген көрінеді. Вихорь қызыләскерді казактарға ала жөнелмесін бе? Бар пәрменмен биеге қарай шаба жөнелген, үстіндегі адам тоқтата алмапты — бас бермеген. Айғырдың бой бермесіне көзі жеткеннен кейін ол шауып келе жатқан бойда ат үстінен қарғып түсуге тырысқан. Қарғуын қарғыған көрінеді, бірақ аяғын үзенгіден шығара алмапты. Сөйтіп оны Вихорь құйғытып отырып казактардың қолына әкеліп беріпті.

— Қатырған екен! — деп айқайлап жіберді Прохор, сүйсініп.

— Қазір ол айғырды каргин подфорунжыйы мініп жүр, — деді Лукерья баптап сөйлеп. — Пан қайтысымен Вихорьды сол сағатта-ақ орнына табыс етуге уәде берген болды. Сөйтіп жылқының бәрін алып бітірді, жалғыз-ақ Пример мен Суженаядан туған желгір Стрелка қалды. Ол буаз болатын, сондықтан оған ешкім тиген жоқ. Стрелка жақында ғана құлындады да, құлынын Сашка қарт сондай мәпеледі, сондай мәпеледі дейсің — тіпті айтып жеткізерлік емес. Қолына алып көтеріп жүрді; мүйізге құйып сүт беріп және буыны шыйрақ болсын деп бір шөпті қайнатып, тұндырмасын ішкізіп жүрді. Сөйтіп жүріп бәлеге тап болды... Бұрнағы күні кешке таман қызылдардың үшеуі шауып жетіп келді. Қарт бақтың ішінде шөп шауып жатқан-ды. Олар қартқа: «Бері кел, бұзақы неме!» — деп даурыға бастады. Қарт шалғысын тастап, қастарына келді, амандасты, бірақ олар оған қарамастан сүт ішіп жатты да: «Ат бар ма?» — деп сұрады. Қарт: «Біреу бар, бірақ ол соғыс ісіне жарамсыз: бие, және оның үстіне сорып тұрған құлыншағы бар, құлынды бие» — деді. Олардың ішінен ең бір зұлымы: «Бұл сенің мыйың жететін іс емес! Әкел бері биені, көрі сайтан! Атымның арқасы жауыр, оны маған ауыстырып міну керек!» деп даурықпасы бар ма. Сол бие үшін қасармай-ақ, айтқандарына көне қою еді, ал ол, сен өзің білесің, бірбеткей шал еді ғой... Тіпті панға да кейде бір сөйлемей қалмайтын. Бәлки, есінде шығар?..

— Сонымен, ол биені бермеді ме? — деп Прохор әңгімеге кірісе кетті.

— Ой, қалайша бермессің? Қарт тек болғаны оларға: «Сіздерге шейін атты әскердің қаншамасы келіп ба? жылқыны алып кетсе де, бұл биені аяп, тимеп еді, ал сіздердің бұныңыз...» деп еді. Олар сол жерде дуылдап көтеріліп-ақ кеткені ғой. «Тақылдауын қарашы, панның жағымпаз жарамсағы, сен оны панға сақтап тұрсың ба?» деп ақырды. Сөйтіп, шалды жан-жақтан балағаттай жөнелісті... Біреуі биені алып шығып, ерттей бастап еді, құлын биенің бауырына кіріп, емшекке жармаса түсті. Қарт: «Мейіріміңізді сала көріңіз, алмаңыз! Құлыншақты қайда жіберемін?» — деп тілек ете бастады. «Міне, мында!» — деп, екіншісі құлынды енесінен шеткерірек қуып шықты да, иығынан мылтығын алып сарт еткізді. Менің көз жасым егіл-тегіл боп кетті. Жүгіріп кеп тілек ете бастадым, қартты жұлқылап бәледен аулақ әкетуге тырыстым, ал оның құлыншаққа көзі түсіп кетті де, сақалы ербең ете қалды, мүлдем ақ қабырға сыяқты боп-боз боп кетті де: «Егер бұлай болса, мә! Мені де ат, қаншықтың күшігі!» — деді. Және оларға ұмтылып жармаса түсті, биені ерттетпеуге айналды. Сонсоң олар ашланды да, қызу үстінде оны өлтіріп кетті. Қартты олар атып жібергенде менің есім шығып кетті. Қазір оған не істеу керек, мыйым жететін емес. Оны үйге әкеп арулау керек еді, бірақ бұл қатынның қолынан келетін іс пе?

— Екі темір күрек пен ақ кенеп бер, — деді Григорий.

— Қабірге қояйын деп пе едің? — деп сұрады Прохор.

— Иә.

— Басыңа бейнет тілеп не сор, Григорий Пантелевич! Мен қазір казактарды ертіп келейін. Олар табыт та жасайды, қабірін де келістіріп қазады...

Прохордың қайдағы бір шалды жерлеп әуре болғысы келмегені көрініп тұр еді, бірақ Григорий оның ұсынысын қабыл етпей, тойтарып тастады.

— Қабірін де өзіміз қазамыз, жерлеуін де өзіміз жерлейміз. Бұл шал жақсы кісі еді. Сен баққа жүре бер, тоғанның жанында күтерсің, мен барып өлікті көріп шығайын.

Баяғы салалы бұтақтары жайқалған кәрі теректің түбінен, жиегін бақа теңкесі дейтін өсімдік көмкерген

тоғанның жанынан, бір кезде Григорий мен Аксиныяның нәресте қызын өз қолымен көмген жерден Сашка қарт та өзіне ақтық баспана тапты. Құлмақ исі аңқыған таптаза кебінге ораған оның қаудыраған тәнін көрге салды да, үстін топырақпен жапты. Титтей қабір төмпесінің жанынан мұқыяттап етікпен таптаған, жап-жаңа және ылғалды саз балшық топырағы жарқыраған тағы да бір төмпе өсіп шықты.

Өткен күндерді еске түсіріп жаны күйінген Григорий жүрегіне өте жақын әрі қымбат кішкентай молаға жақын жерде шөпке жантая кетті де, ендеп жатқан айбынды көгілдір аспанға ұзақ уақыт қарап жатты. Сонау жоғарыдағы шексіз аспан әлемінде жел сайран салып, күн жарқыратқан суық бұлттар жүзіп жүр еді, ал ақжарқын және маскүнем атшы Сашка қартты жаңа ғана құшағына алған қара жердің үстінде құлшынған өмір бұрынғы қалпынша қайнап жатыр: жайқалған көк шалғыны баққа дейін келген жасыл далада, ескі қырман шетенінің жанындағы ну өскен жабайы конопляның ішінде үздіксіз қырқысқан бөденелер дыбдырлайды, саршұнақ тышқандар шыйқылдайды, түкті араларызындайды, жел әлдилеп, шөп сыбдырлайды, күйылмалы сағым ішінде бозторғайлар әндетеді, және жаратылыс ішінде адам ұлықтығын дәлелдеп алыстағы бір алқапта пулеметтің көмескі даусы өжеттене, өшіге тарсылдайды.

## 7

Штаб офицерлерін және казактардан жүз кісі жеке конвой ертіп Вешенскаяға келген генерал Секретевті жұрт нан-тұзбен, дүңгірлеген қоңырау даусымен қарсы алды. Тап пасха күндеріндегідей екі шеркеудің екеуінде де күні бойы жаппай қоңырау қағылумен болды. Жараған, жорықта арыған дончактарға<sup>1</sup> мінген төменгідон казактары көше-көшені аралап кетті. Олардың иықтарындағы погондары көз шамданғандай көкпенкөк. Алаңдағы, көпес үйінің жанында, генерал Секретевке әзірленген пәтер маңында атқосшылар топтанып тұр. Олар шемішкесін шырт-шырт шағып, жандарынан өтіп бара жатқан, сәндене киінген станица қыздарымен тіл қағыса бастады.

<sup>1</sup> Дончак — асыл тұқымды дон жылқысы.

Түс кезінде салтатты үш қалмақ тұтқын қызыләскерлерден он бес адамды генералдың пәтеріне айдап келді. Ұрлеп тартатын музыка аспаптарын үйе тиеген лау олардың соңынан келе жатты. Қызыләскерлер біртүрлі ерекше киініпті: үстерінде сұр мауыты шалбар және жеңінің қайырмасын қызылмен көмкерген сондай сұр күрте. Тектен-текке қақпа жанында тұрған атқосшыларға жақындап келіп егде қалмақ аттан түсті де, балшықтан жасалған трубкасын қалтасына сұға салды.

— Біздікі қызылдардың кернейшілерін айдап келді. Ұқтың ба? — деді.

— Оның ұғатын неменесі бар? — деп керенаулау үн қатты көнтектұмсық атқосшы, шемішкенің қауызын қалмақтың тозаң басқан етігіне бүркіп.

— Несі неменесі — қабылда тұтқындарды. Семірген майлы тұмсық, босқа былшыл керекпейт.

— Но-но! Сөйлетермін мен сені, мәліш құйрық! — деп атқосшы кек тұтып қалды. Сөйтсе де тұтқындар әкелінгенін мәлімдегелі кетті.

Қыпша белі қынай тігулі қызыл-қоңыр бешпет киген іркілдек есаул қақпадан шыға келді. Қеспелтектей аяқтарын талтыйта, едірейе бүйірін таянып, топтанып тұрған қызыләскерлерді бір қарап алып, ол:

— Музыкамен комиссарлардың мейірін кандырған-сың-дар ғой, шамасы, тамбовтың жалаңаяқтары! Сұр мундир қайдан келген? Немістердің үстінен шешіп алдыңдар ма? — деді барқылдай дауыстап.

— Жоқ-жоқ, — деп жауап берді басқалардан ілгері тұрған қызыләскер, көзін жиі-жиі жыпылықтатып. Және ол тез-тез сөйлеп: — Бұл форманы тіпті Керенскийдің тұсында біздің музыканттар командасына арнап тіккізген болатын, июнь шабуылының алдында... Міне оны сол уақыттан бері киіп келеміз... — деп түсіндірді.

— Кидіерермін мен! Киерсің! Кидіерермін мен сендерге! — деп есаул тақыр басындағы әлі жазылып жетпеген боз-қызыл тыртығын жалаңаштай, аласа кубанкасын желкесіне қарай ысырып жіберді де, қыйсайған биік өкшесімен қалмаққа кілт бұрылды. — Бұларды неге айдап келдің, дінге кірмеген сүдінсіз неме? Сайтанына әкелдің бе? Жол бойы жұмысын бітіре салуға шамаң келмеді де? — деді.

Қалмақ байқатпастан дереу жыйнақтала қалды, қо-

дас аяқтарын еппен жылжытты да, сұр фуражкасының кунқағарынан қолын алмастан:

— Жүздік командирі осында айдап кел керек бұйрық етті! — деді.

— «Осында айдап кел керек!» — деп өшіктей келекеледі кербез есаул, кемсіте, жұқа еріндерін қыйсайтып, және, ісінген аяқтарын салмақтап басып, жуан бөксесін қойқандата түсіп, қызыләскерлерді айналып шықты, жылқы таңдаған ат саудагеріндей, оларды ұзақ уақыт мұқияттап қарады.

Атқосшылар ақырындап күлісіп қойды. Қонвойшы қалмақтардың жүздерінде қашанғы салқын қалпы өзгерген жоқ.

— Ашындар қақпаны! Аулаға айдап кіргізіндер мыналарды! — деп бұйырды есаул.

Қызыләскерлер және музыка құралдары қалай болса солай тиелген көлік баспалдақ жанына тоқтады.

— Капельмейстер<sup>1</sup> кім? — деп сұрады есаул темекі тартып тұрып.

— Жоқ ол, — деп жауап берді бірнеше дауыс ілесе.

— Ол қайда? Қашып кетті ме?

— Жоқ, өлтіріп тастады.

— Барсын барар жеріне. Онсыз да бірдеме етерсіңдер. Ал, құралдарыңды қолға алыңдар!

Қызыләскерлер көліктің қасына келді. Шеркеу қонырауларының мазасыз даңғыр-дұңғырымен қосыла ауланың ішінде трубалардың жасқаншақтау шыққан бақыр үні келіссіз әндете бастады.

— Ал даярланыңдар! «Сақта, құдай, патшаны» ойнайсыңдар!

Музыканттар үн қатпастан бір-біріне қарай қалды. Ешкім бастамады. Бұл үнсіз ауыр жағдай бір минутке созылды, сонан кейін олардың ішіндегі жалаңаяқ болса да аяғын орауышпен мұқияттап орап тастаған біреуі, төмен қарап тұрып:

— Ескі гимнді біздің ішімізде ешкім білмейді, — деді.

— Ешкім де? Ғажап... Әй, онда қайсын барсын!? Атқосшылардың жарым взводы винтовкасымен мында келсін!

Есаул етігінің тұмсығымен бір тактыны есіттірмей ты-

<sup>1</sup> Капельмейстер — оркестрді басқарушы.

кылдатып тұрды. Коридорда карабиндерін сартылдатып атқосшылар сапқа тізіліп жатты. Палисадниктің артындағы жаян-жаққа жайылып қоя өскен акациялардың ішінде торғайлар шырылдайды. Аула ішінде сарай төбелерінің күнге қызған қанылтыры мен адамның ашы тер исі аңқыды. Есаул күйдірген күн көзінен кетіп, көлеңкеге барып тұрды, сол кезде жалаңаяқ музыкант жабыққан түрде жолдастарына бір қарап алды да, ақырын ғана:

— Асыл текті мырза! Бұл жердегі біздің бәріміз де — жас музыканттармыз. Ескі күйді ойнауға тура келген жоқ... Көбінесе төңкеріс маршруттарын ойнап келеміз... Асыл текті мырза! — деді.

Есаул үндемеді, жайбарақат пішінмен әшекейлі белбеуінің ұшын айналдыра берді.

Атқосшылар баспалдақ жанында сапқа тізіліп, бұйрық күтіп тұрды. Қызыләскерлердің арасын жарып жол ашып, көзінде ағы бар қартандау музыкант артқы қатардан алға шықты, жөтеліп қойып:

— Рұқсат етіңіз? Мен ойнай аламын, — деді де, есаулдың мақұлдауын күтпестен күнге Қызған фаготты жыбырлаған еріндеріне тақады.

Көпес үйінің кең ауласынан серпіле көтерілген, мыңқылдай зарлаған дара дыбысқа есаулдың түршіккен беті тыржыя қалды. Қолды бір сілтеп, ол:

— Тоқтат! Қайыршыны зар қақтырып... ғынан тартқандай! Осы да музыка болып па? — деп айқайлады.

Терезелерден штаб офицерлері мен адъютанттардың күлімсіреген жүздері көрінді.

— Сіз оларға жерлеу маршын ойнауға әмір беріңіз! — деп айқайлады қоңыр дауысты жас қана жүзбасы, терезеден кеудесін тұтас шығарып.

Қоңыраулардың ауыр даңғыр-дұңғыры бір минутке тоқтап қалды да, есаул қастарын қаға түсіп, жылмандап:

— «Интернационалды» ойнай алатын шығарсындар деп сенемін? Кәне, ойнаңдаршы! Қорықпандар! Кәне, мен бұйрық еткеннен кейін, ойнаңдар! — деді.

Шаңқай түсте маужыраған тыныштықтың дәл ортасында, майданға шақырғандай, «Интернационалдың» кернейлі наразы үндері әрі айбынды, әрі жымдаса, кенеттен дүрілдей жөнелді.

Бейнебір кедергіге кездескен өгіздей, басын сәл ие түсіп, аяқтарын талтайтып, есаул мелшиіп тұрып қалды.

Тұрған бойы тыңдай түсті. Оның етшенді мойны мен сығырайған көздерінің көкшіл тартқан ақ еттеріне қан толып кеткен.

— Тоқ-тат! — деп бақырды ол, шыдамастан, ашу кернеп.

Оркестр бірден тына қалды да, жалғыз-ақ валторна кешеуілдеп қалып, оның аяқталмай қалған ынталы үндеуі қайнаған қапас ауаға ұзақ уақыт ілініп қалғандай болды.

Музыканттар кезерген еріндерін жалай түсіп, жеңдерімен, кір қолдарымен сүрте бастады. Олардың жүздері қажыған, селқос пішінде еді. Жалғыз-ақ біреуінің көзінен, бетіне дымқыл із тастап, опасыз бір тамшы ағып кетті...

Осы кезде генерал Секретев бұрынғы орыс-жапон соғысы кезіндегі өзінің бірге қызмет еткен адамының туысқандарында қонақта болып, мас адъютанттың сүйемелімен алаңға шықты. Ыстық пен самогон оны есенгіретіп тастаған еді. Гимназияның кірпіш үйіне қарсы бұрышта халі мүшкілденген генерал сүрініп кетті де, ыстық құмға етбетінен түсті. Сасып қалған адъютант оны орнынан тұрғыза алмай бекерге әуреленді. Мұны көріп жуық маңда тұрған топтың ішінен біреулер жәрдем беруге ұмтылды. Қәрі казак шалдарының бір-екеуі генералды аса құрметпен көтермелеп тұрғызды да, тап сол жерде бүкіл халықтың алдында генералдың жүрегі айнып, локсып кетті. Бірақ, ол құсық толастаған кездерде жауынгер түрде жұдырығын түйіп, әлденені айтып айқайлап, күш көрсетуге тырысты. Қасындағылар оны зорға қойдырып, қолтықтап пәтеріне алып кетті.

Әрегіректе тұрған казактар оны көпке дейін көзімен ұзатып салды да, ақырын ғана өзара сөйлесе бастады:

— Ой, сыркаттыны қалжыратқан-ақ екен! Өзін мұқыят ұстай алмаған соң генерал болып керегі не.

— Самогон шен-орденге карамайды ғой.

— Алдына не қойса соның бәрін сорнылдатпауы керек...

— Ей құдажан-ай, көрінгеннің бәрі шыдай бермейді. Кейбіреу мас күйінде маскарашылыққа қойын-қонышынан батады да, өмірі ішпейтін тәубеге келеді... мәтелде айтқандай: жемеймін деп серт еткен нәрсесін шошқа құныға жейді — деген осы.

— Әңгіме міне осында! Балаларға жекіріп қой, әре-

гірек кетсін. Қатарласып қалмайды және онан көздерін айырмай қадалып қалған, дұшпан немелер, өмірінде мас адамдарды көрмегендей-ақ.

...Қонырау жаппай қағылып жатты да, станицадағылар самогонды да ымырт жабылғанша ішісті. Офицерлер мәжлісіне берілген үйде, келгендерге арнап, көтерілісшілер командованияесі кешкілікте банкет жасады.

Ұзын бойлы сымбатты Секретев — ол Краснокутская станицасының бір хуторында туып-өскен ежелгі тұрғын казак-ты — атқа есі кеткен әуесқор, асқан шабандоз және кавалерияның желікпе генералы болатын. Бірақ ол шешен емес еді. Оның банкетте сөйлеген сөзі мастықтың мақтаныштығы болып шықты да, сөз аяғында ол күлбіл-телемей-ақ жоғарғыдон көтерілісшілерін кіналап, күш көрсетіп қойды.

Банкетке қатнасқан Григорий генерал Секретевтің сөздерін ынталы және ызалы назарын салып тыңдады. Мастықтан айығып үлгірмеген генерал, исі аңқыған самогонды стаканнан шалпылдата шашып, саусақтарын тірей, столға сүйеніп тұрды; әрбір сөзін тым-ақ нықтап сөйледі:

— ...Жоқ, көмек үшін біз сендерге емес, сендер бізге рақмет айтуларың керек! Дәл мына сендер, мұны нықтап айту қажет. Біз болмағанда қызылдар сендерді құртып жіберетін еді. Мұны өздерің де жақсы білесіңдер. Ал біз оларды сендерсіз-ақ талқандаған болар едік. Естеріңде болсын, біз оларды бүкіл Россияны әбден тазартып біткенше талқандаймыз және талқандай бермекшіміз. Сендер күздігүні майданды тастап кеттіңдер, казак жеріне большевиктерді жіберіп қойдыңдар... Сендер олармен бірге тату өмір сүрмек болдыңдар, бірақ ол мүмкін болмады! Сондықтан да сендер мүліктеріңді аман алып қалу үшін, өмірлеріңді сақтап қалу үшін көтеріліс жасадыңдар. Былайша айтсақ, өз қарабастарыңды сақтап қалуға көтерілдіңдер. Өткенді мен сендердің кіналарыңды бетке басу үшін еске түсіріп тұрғаным жоқ... Бұл сендерді жәбірлеу үшін айтылған сөз емес. Бірақ шындықты ашып көрсету ешқашан да зыян болмайды. Сендердің істеген опасыздықтарыңды біз кешірдік. Нағыз қысылшан минутта ағайын есебінде біз сендерге қол ұшын беруге, көмек көрсетуге келдік. Алайда сендер өткендегі масқарашылықтарыңды алдағы күнде ақтауларың керек. Түсінікті ме, офицер мырзалар? Сендер оны асқан ерлікпен



және тынық Донға мүлтіксіз қызмет етумен жууға тиісіндер, түсінікті ме?

— Кәне, кінаны жуу үшін! — деп жекелеп, ешкімге де бұрылмастан, сәл ғана езу тартқан күйі Григорийге қарсы отырған орта жастағы әскери старшина басқаларды күтпей-ақ алдымен ішіп қойды. Ол өзі — ер келбетті, аз-маз бетінде шешек дағы бар, қой көзді адам екен. Секретев сөз сөйлеп тұрған кезде оның еріндері әлденеше рет емеріліп, белгісіз бір жымыя күлу нышанын көрсеткен болатын, және оның сол кезде көздері де қоңырқай тартып, мүлде қаракөз боп көрінген еді. Әскери старшинаны бақылап отырған Григорий, оның Секретевпен «сен» деп және өте еркін, терезесі тең адамдай сөйлескеніне де, ал басқа офицерлерге аса ұстамды, салқын қарайтынына да назарын аударып отырған-ды. Сол банкеттегілердің ішінде жалғыз-ақ соның үстінде ғана хаки түсті кительге хаки түсті погонды қосып тігіп тастаған және жеңінің үстінде корнилов шевронының белгісі бар екен. «Сірә, идеялы біреу шығар. Өзі тіленіп шыққандардың бірі ғой», — деп ойлады Григорий. Ат суды қалай ішсе, әскери старшина да арақты солай сімірді. Ол закуска да жемеді, мас та болмады, тек қана жалпақ ағылшын белбеуін оқтын-оқтын босатып отырды.

— Маған қарама-қарсы отырған бұл шұбарлау кісі кім? — деп сұрады Григорий, сыбырлап, қатарында отырған Богатыревтен.

— А, жын білеме оның кім екенін, — деп қолды бір сілтеді аздап мас болған Богатырев.

Кудинов қонақтардан самогонды аямады. Стол үстінде бір жақтан спирт те пайда болып қалды, ал, Секретев сөзін күшке аяқтап, сұр сюртугінің омырауын ашып тастап, орындыққа дүрс етіп отыра кетті. Бет әлпеті өте айқын моңғол типті жас жүзбасы генералға еңкейіп, бірдеме деп сыбыр етті.

— Жоғал! — деді де, Секретев қызарып кетіп, Кудиновтың жарамсақтана құйған спирті бір-ақ жұта салды.

— Ал мына қысық көздісі кім? Адьютант па? — деп сұрады Григорий Богатыревтен.

Аузын алақанымен қалқалап ол:

— Жоқ, бұл оның асырандысы. Ол оны бала уақытында жапон соғысы кезінде Манчжуриядан алып келген. Тәрбиелеп өсіріп, юнкерлер мектебіне берген еді. Адам боп шықты. Нағыз тобжар, сайтан неме! Кеше Макеевка-

ның түбінде қызылдардың ақшалы жәшігін қолға түсіріпті. Екі миллион ақшаны қағып алды. Қарасайшы, қалталарының бәрінен десте-дестесімен шығып тұрған ақша. Жолы болған қарғалғанның! Таза қазына. Әй, сен өзің ішсейші, неменеге оларға қарай қалдың? — деді.

Жауап сөзді Қудинов сөйледі, бірақ оны ешкім тыңдамады десе де боларлық. Ішкілік бірден-бірге ұлғая түсті. Секретев сюртугін шешіп тастап, жалғыз ішкөйлекпен отырды. Оның ұстарамен тақырлап қырған басы терден жылтырап кетті де, ал кіршіксіз таза ақ полотно көйлегі қып-қызыл беті мен күнге күйген күрең мойнын онан да гөрі айқынырақ күреңдете түсті. Қудинов оған ақырын ғана бірдеме деп еді, бірақ ол оған қарамастан қайсарлана қайта-қайта:

— Ж-жок, ғафу ет! Мұны сен ғафу ет! Біз сендерге қаншалық қажет болса, соншалық қана сенеміз... Сендердің опасыздықтарың тез ұмыт бола қоймас. Күздігүні қызылдар жағына жалт беріп шыққандардың бәрі мұны, тасқа таңба басқандай, есінде тұту керек...

«Біз де сендерге қаншалық қажет болса, соншалық қана қызмет етерміз!» деп ойлады да, ішінен кәрлене, жыны келген Григорий, қызынқыраған бойы орнынан тұрды. Ол фуражкасын кимеген күйі баспалдаққа шықты да, бойы жеңілейіп, түнгі таза ауаны кеудесін кере жұтты. Жаңбыр алдындағыдай, Донда бақалар азан-қазан у-шу боп, су қоңыздары жабырқанқы түрде гуілдеп жатыр. Құмды шығанақта жылқышылар бір-бірімен зарыға үн қатысады. Алыстағы жайылманың алабында енесінен көз жазып қалған құлын нәзік кісінеске салып шұрқырап жүр. «Бізді сендерге теліген әттең сұм зәрулік, әйтпесе сендердің шөкімдей де керегің болмас еді бізге. Қарғыс атқан нәлеттер! Сіркесі су көтермей сынып тұр, кіна қояды-ау және, бір жұмадан кейін бұл әлі бізді алқымнан ала түседі... Жымдасуыңа болайын! Сына қағар жер қалмады деген осы. Осылай болады ғой деп ойлап едім... тап осылай болып шығуға да тиіс еді. Қазактар енді ер батқандай қайқандар-ақ! Мәртебелілердің алдында тік тұрып тағзым етуден безініп те кетіп еді ғой» — деп ойлады Григорий, баспалдақтан түсіп, қараңғыда сыйпалап қосалқы қақпаға қарай бара жатып.

Спирттың күші оған да әсер етіп қалған болатын: басы айналып, аяқ басысы алжасып, ауырланып кетті. Қақ-

падан шыға беріп ол тәлтіректеп кетті де, фуражкасын баса киді, аяғын зорға сүйреп, көше бойымен жүре берді.

Аксиньяның нағашы апасының үйінің жанында ол ойға қалып бірер минут тоқтады да, сонан кейін батыл түрде баспалдаққа қарай адымдай түсті. Сенектің есігі жабық емес еді. Есік қақпастан төр үйге кіріп келіп Григорий қарсы алдында стол жанында отырған Степан Астаховты көрді. Пеш жанында Аксиньяның нағашы апасы әбігерленіп жатты. Таза дастарқанмен жауып қойған стол үстінде ішіп тауыспаған самогон бутылкасы тұр, тарелкада қызғылт тартып, тураулы кепкен балық көрінеді.

Степан стаканды жаңа ғана босатып, закуска жеуге тұтынды ма, қалай, бірақ Григорийді көріп қалып тарелканы ысыра салды да, арқасын қабырғаға сүйеді.

Григорий қаншама мас болса да, Степанның өліктей сұры қашып кеткенін және көзінің оты қасқырша жарқете түскенін байқап қалды. Күтпеген жерден кездесіп, қатты сасқан Григорий, қарлыққандау дауыспен шаққа дегенде:

— Аман тұрасыз ба? — деді.

— Құдайға шүкір, — деп жауап қатты оған Григорий мен жиенінің жақындығына сөзсіз қанық және оның ері мен сүйген жігітінің бұл андаусыз кездесуінен ешбір жақсылық күтпей үрейі ұшқан үй иесі кемпір.

Степан сол қолымен мұртын сыйпай түсіп, жайнаған көзін Григорийден айырмады.

Ал, Григорий аяғын талтайта түсіп, босағада тұрған күйі өтірік күлді де:

— Хал білуге келген едім... Гафу етіндер, — деді.

Степан үндемеді. Үй иесі кемпірдің батылы барып:

— Жоғары шығыңыз, отырыңыз, — деп Григорийді шақырғанша іштен тынған ыңғайсыз жағдай еңсені басып тұрғандай болды.

Ендігі жерде Григорийдің жасыратын да ештемесі қалған жоқ еді. Өйткені оның Аксиньяның пәтеріне келуі Степанға бар сырды айтпай-ақ баян етті. Сондықтан Григорий күлбілтені қойып:

— Әйелің қайда жүр? — деп сұрады.

— Сен не... соның халін біле келіп пе едің? — деп Степан ақырын болса да, анық есіттіре сұрады да, жыпылықтаған кірпіктері мен көздерін көлегейлей түсті.

— Ие, соның халін біле келген едім,—деп шынына көшті Григорий, демін ішке тартып.

Тап сол мезетте ол Степаннан бар жамандықты күтті де, бірте-бірте есін жыйнап, бас қорғауға әзірленді. Бірақ Степан көздерін ашып (көзінің әлгідегі оты сөніп те қалған еді):

— Мен оны араққа жібердім, қазір келеді. Отыр, күте тұр,—деді.

Ол тіпті орнынан тұрып — өзі ұзын бойлы, келісті адам болатын—Григорийге отырғыш жылжытты; үй иесі кемпірге қарамастан:

— Апай, таза стакан беріңізші, — деп сұрады да, Григорийге:—Арақ ішесің бе? — деді.

— Аздап ішуге болады.

— Жә, отыр.

Григорий стол жаңына отырды... Степан бутылкада қалғанды екі стаканға тең бөліп құйды да, бір түрлі мұнарт шалған көздерін Григорийге аударды.

— Не бар жақсылыққа!

— Есендікке, саулыққа!

Стакандарын қағыстырды. Ішіп салды. Біраз үндемей отырысты. Тышқандай шапшаң қожа кемпір қонаққа тезінен тарелка мен сабы кедір-бұдырвилка қойды.

— Балық жеңіз! Бұл жеңіл ғана тұздалған балық.

— Рақмет.

— Сіз тарелкаға салып алыңыз, жеңіз! — деп сыйлады көңілдене түскен қожа кемпір. Ұрыссыз, аяқ-табақ қыйрамастан, дап-дұңсыз істің оңға басқанына кемпір қатты риза болды. Шатаққа ұшыратарлық әңгіме де аяқталып қалды. Ері әйелінің жігітімен тап-тату бір стол жаңында отыр. Қазір екеуі де үн қатпастан тамақ жеп жатыр. Біріле бірі қарамайды да. Жөн-жосықты жақсы білетін қожа кемпір сандықтан таза сүлгі алды да, Григорий мен Степанды бір-бірімен табыстырғандай, сүлгінің екі шетін екеуінің тізесіне қойды.

— Сен неге жүздіктен тыс жүрсің?— деп сұрады Григорий тыранды мүжи түсіп.

— Мен де хал білуге келдім,— деп жауап қайырды Степан сәл бөгеліп, ал сөз екпініне карағанда оның бұл шын жауабы ма, әлде кекесіні ме — оны айыру өте қы-йын еді.

— Бәлкі, жүздік үйді-үйінде шығар?

— Бәрі де хутор ішінде қонақта. Кәне, ішіп бітірмейміз бе?

— Кәне.

— Есендікке, саулыққа!

— Не бар жақсылыққа!

Сенектің сұқпа темірі шылдыр ете қалды. Мастықтан әбден айығып алған Григорий көзінің астымен Степанға жалт қарады да, оның жүзіне тағы да қуқылдық толқыны қаптап кеткенін байқап қалды.

Басын кілем төр орамалмен орап алған Аксинья Григорийді танымай, столға жақындап келді, оған қырынан көзі түсіп кетті де, шарасынан шығып кете жаздаған қара көздерінде қорқыныш үрейі лып ете қалды. Оның тынысы тарылып:

— Сәламатсыз ба, Григорий Пантелевич! — деген сөзді зорға айтты.

Степанның стол үстіне қойып отырған шодырлау қолдары кенеттен дір-дір ете қалды да, мұны байқап қалған Григорий сөз қатпастан Аксиньяға үңсіз ғана басып иді.

Екі бутылка самогонды стол үстіне қойып тұрып Аксинья қорқынышы мен жасырын қуанышы аралас көз қырын Григорийге тағы да бір тастап жіберді де, бұрылып төр үйдің қараңғы бұрышына қарай кетті, сандық үстіне отырып, қалтыраған қолдарымен шашын түзеді. Ішкі толқуын басып, Степан қысып кеткен көйлек жағасын ағытып жіберді, стакандарды толтыра самогон құйды, әйеліне бетін бұрып:

— Стакан ал да, үстел жанына кел, — деді.

— Отырғым келмейді.

— Отыр!

— Степан-ау, мен оны ішпеймін ғой!

— Неше рет айту керек саған? — Степанның даусы қалтырап кетті.

— Көрші, отыр! — деп Григорий қошеметтей езу тартты.

Аксинья Григорийге жалынышты көзбен қарады да, тез кішкене шкафқа жақындай түсті. Сөреден шайтабак түсіп кетті де, шылдыр етіп, уатылып қалды.

— Қап, мына бәлені-ай! — деп қожа кемпір қыжыла, санын бір-ақ соқты.

Аксинья үндеместен шайтабактың сынықтарын жыя берді.

Степан әйеліне де самогонды стаканға ернектете құй-

ды да, көздерінде қапалы өшпенділік қайтадан лап ете қалды.

— Кәне, ішейік...— дей берді де, ол үндемей қалды.

Жым-жырт үйдің ішінде стол жанына отырған Аксињьяның үзіп-үзіп, қатты-қатты алған демі ап-айқын естіліп тұрды.

— ...Қатын, кел, көп уақыт айрылып кеткеніміз үшін ішейік. Немене, ішкің келмей ме? Ішпейсің бе?

— Сен өзің білесің ғой...

— Мен бәрін білемін... Жә, айрылу үшін емес! Қымбатты қонақ Григорий Пантелевичтің денсаулығы үшін.

— Оның денсаулығы үшін ішейін! — деді де Аксињья сынқылдаған дауыспен, стакандағыны қағып салды.

— Ой, бишара болған сорлы басың-ай, жазған! — деп сыбырлады үй иесі кемпір ас үйге жүгіре шығып.

Ол бұрышқа тығыла түсті, екі қолын кеудесіне басты, стол дүрс етіп құлап, құлақты тұндыра мылтық даусы кенеттен күрс ете қалар деп күтті... Бірақ төр бөлме тым-тырыс қалпында қалды. Жалғыз-ақ жарық мазасын алған төбедегі шыбындардың ызыңы мен терезеден әрі станица ішінде түн ортасын құттықтап қораздардың үн қатысқан даусы естіліп жатты.

## 8

Донда июнь түндері қараңғы келеді. Тастай кара түнек аспанда қажытарлық үнсіз әлемде алтын жарқылдар лап ете қалады, Донның ағысты сарқырамасына сәулесі төгіле жұлдыздар аға жөнеледі. Майда жылы жел шешек атқан жебір гүлінің бал исін даладан үйге әкеледі, ал қорықта сулы шөптің, тұнба майда топырақтың, ылғалдың тұшқылтым исі аңқыды; дамыл таппастан шәукілдек айқайлайды, және бейне ертегідегідей, жағадағы орман тұтасымен тұманның күміс қамқасын бүркеніп жатады.

Прохор түн ортасында оянды. Пәтер иесінен ол:

— Біздің командир әлі келген жоқ па? — деп сұрады.

— Келген жоқ. Генералдармен бірге сайрандап жатыр.

— Онда ғой, дәуде болса, арақ ішіп жатыр, ә! — деп Прохор күндеп күрсіне берді де, есіней түсіп, киіне бастады.

— Сен кайда жыйналдың?

— Барып аттарды суарып, жем саламын. Пантелевич таңменен Татарскийге жүріп кетеміз деген еді. Онда бір күн кідіріп, сонан кейін өз бөлімдерімізді қуып жетуіміз керек.

— Таңға әлі алыс. Ұйқтап алсаң етті.

Прохор наразы жауап қайырды:

— Қарт, сенің түріңе қарағанда, тегінде, әскер қатарында болмағаның көрініп-ақ тұр. Егер де мына біздің қызметте атты суармасаң, жемдемесең, дұрыстап бакпасаң, онда тірі де қала алмайсың. Арық атпен еркіндеп шабуға бола ма? Астағы жануарың неғұрлым жақсы болса, солғұрлым жаудан тез қашып құтыласың. Мен мынадай жанмын: жауды қуудың маған қажеті жоқ, ал егер апа-лаң-топалаң қысылшаң кез тап бола қалса— алдымен тайып жөнелемін! Онсыз да менің маңдайымды оққа тосқаныма әлденеше жыл өтіп барады, әбден жалықтырды. Қартым, от қабызшы, әйтпесе шұлғауымды таба алмай жатырмын. Әй бәрекелде! Иә, мына біздің Григорий Пантелевич соғыстың тандырына басын тығып крес пен шенді қоймады, ал мен ол сыяқты ақмақ емен, маған бұлай етудің қажеті жоқ. Тоқта, со білем жын қуып келе жатқан, дәуде болса, ол удай мас шығар.

Біреу ақырындап есік қақты.

— Кіріңіз,— деп айқайлады Прохор.

Сұр гимнастеркасына кіші урядниктің погонын таққан және кокардалы фуражка киген бейтаныс бір казак кіріп келді.

— Генерал Секретев группасының штаб атқосшысымын. Асыл текті Мелехов мырзаны көруіме бола ма? — деп сұрады ол, тағзым етіп, босағада тік тұрып.

— Ол үйде жоқ,— деп жауап берді, тәртіппен үйретіп тастаған атқосшының бой түземдігі мен әдептілігіне таң қалған Прохор.— Жә, сен олай керіліп тұрма, мен де жас күнімде, сен сыяқты, ақмақ болғанмын. Мен оның шабарманымын. Ал қандай жұмыспен келдің? — деді.

— Генерал Секретевтің бұйрығы бойынша Мелехов мырзаға келдім. Оның қазір офицерлердің мәжіліс үйіне келуін өтінді.

— Ол кештен сонда кеткен.

— Онда болды да, бірақ сол жерден үйіне кетті.

Прохор ысқырып жіберді де, кереует үстінде отырған үй иесіне көзін қысып қойып:

— Қарт, түсіндің бе? Олай болса, аяулысына аялдаған екен ғой.., Ал, сен, әскери адам, жүре бер, мен оны тауып алып, тура сонда жып-жылы күйінде табыс етейін! — деді.

Шалға аттарды суарып жем сал деп тапсырды да, Прохор Аксињяның нағашы апасына кетті.

Көзге түртсе көрінбейтін түн түнегінде ұйқыға бөленіп станица жатыр. Донның арғы бетіндегі орман ішінде тұс-тұстан бұлбұлдар ысқырысады. Прохор асықпастан таныс үйіне келді, сенекке кіріп есіктің тұтқасынан ұстай беріп еді, — Степанның жуан даусын құлағы шалып қалды. «Мәссаған кездесу керек болса! — деді Прохор ішінен. — Неге келдің дейді ғой? Айтатын түгім жоқ. Мейлі, не болса ол болсын — көріп алдым көресіні! Самогон сатып ала келдім, юсы үйде самогон бар деп көршілер жіберді — дермін».

Сөйтіп ол, батырлана түсіп, төр бөлмеге кіре беріп еді — таңданғаннан есі шығып, аузы аңқыйып қалды: бір столдың жанында Астаховпен бірге Григорий отыр, және оның үстіне ойларында түк жоқ, лай-жасыл самогонды стаканмен сілтеп жатыр.

Степан Прохорға жалт қарады да, зорлана күлімсіреп:

— Сен неменеге аузыңды аңқыйтып, амандаспай тұрсың? Әлде бір таңғажайып нәрсе көріп қалдың ба? — деді.

— Соған жақын... — деп жауап берді таңданғаннан есін әлі жыйып үлгірмеген Прохор, екі аяғын кезек-кезек суытып.

— Жә, қорықпа, жоғары шық, отыр, — деп шақырды Степан.

— Отыруға мұршам жоқ... Григорий Пантелевич, мен саған келдім. Дереу генерал Секретевке келуге бұйрық етті.

Прохор келгенше де Григорий әлденеше рет кетуге оқталған еді. Ол рюмкасын ысырып қойып, әлденеше рет орнынан тұрды, бірақ кетуімді Степан қорқақтықтың айқын белгісі деп бағалар деп ойлап, сол сәтте-ақ қайта отырған болатын. Аксињяны қыйып Степанға тастап кетуге тәкаппарлығы оған ырық бермеді. Ол іше берді, бірақ самогонның қуаты енді оған дарымады. Сөйтіп, халінің бүкілдей тұрақсыз екенін парасатты түрде бағалап, Григорий істің ақырын күтті. Мұның — Григорийдің — ден-



саулығы үшін ішіп жіберген мезетте Степан өзінің әйелін соғып жіберетіндей көрінді оған. Бірақ ол қателескен еді: Степан қолын көтеріп күс-күс алақанымен күнге күйген маңдайын сүртті де — сәл үндемей отырғаннан кейін Аксињьяға таңдана қарап: «Жарайсың, жұбайым! Батылдығың үшін сүйемін!» деген-ді.

Сонан кейін Прохор кірген болатын.

Біраз ойланып алып, Степанға ойындағысын айтқызу үшін Григорий кетпеуге бел байлады.

— Сен онда бар да, мені таппадым де, түсіндің бе? — деді ол Прохорға.

— Түсінуін түсіндім-ау. Бірақ, Пантелевич, онда барып қайтқаның жақсы болар еді.

— Жұмысың болмасын! Жөнел.

Прохор есікке қарай жүре беріп еді, бірақ, күтпеген жерден сөзге Аксињья араласып кетті. Григорийге қарамастан ол салқын түрде:

— Жоқ, Григорий Пантелевич, айналақтайтын ештеме жоқ, бірге жүре беріңіз. Келгеніңізге, қонақ болып, бізбен бірге көңіл көтеріп, уақыт өткізгеніңізге рақмет... Көп уақыт болды, әтештер екінші рет шақырып та қойды. Кешікпей таң да атады, Степа екеуміз алакөлеңнен үйге жүріп кетуіміз керек... Және сіз көп ішіп қойдыңыз. Жетеді! — деді.

Степан оны тоқтатпады да, Григорий орнынан түрегелді. Қоштасып жатып, бейне ақтық рет бірдеме айтқысы келгендей Степан Григорийдің қолын өзінің қатаң салқын қолымен ұстап, сәл жібермей тұрды да, бірақ ешнәрсе айтпастан көзімен есікке дейін шығарып салды, сонсоң, асықпастан, ішіліп бітпеген бутылкаға қолын созды...

Көшеге шыға берісімен Григорийге аса күшті қалжырау пайда болды. Аяғын зорға басып ол көшенің түйіскен тоғыспасына әрең жетті де, өкшелес келе жатқан Прохорға:

— Бар да, аттарды ерттеп, осы жерге алып кел. Мен жете алатын емеспін... — деген тілек қойды.

— Жүретініңді мәлім етсем бе екен?

— Жоқ.

— Ал ендеше, тоқтай тұр, мен ә дегенше алып жетейін!

Әрдайым жайбасар Прохор бұл жолы пәтерге қарай жүгіре аяндап, жөней берді.

Григорий шарбаққа отыра кетті де, темекі тартты. Степанмен кездескенін есіне қайта түсіріп, селсоқ түрде: «Жә, мейлі, енді оған бәрі аян. Тек Аксиньяны сабамаса болғаны» деп ойлады. Мұнан кейін шаршап салығу, бастан кешкен қатты қобалжу оны еріксіз жантайты. Ол қалғып кетті.

Кешікпей атпен Прохор да келіп жетті.

Донның оң жақ бетіне пароммен өтіп шықты да, аттарын сар желіске салып, бұлар жөнөп берді.

Таң ата Татарскийге келіп кірді. Өз ауласының қақпасы жанында Григорий аттан түсті де, тізгінін Прохорға тастай салып, жүрегі лүпілдеп, үйге қарай асыға басты.

Наталья шала киініп әлденеге сенекке шыққач еді. Ерін көргенде оның ұйқылы көздерінен қуаныш оты ұшқын атып жарқ ете қалды да, Григорийдің жүрегі дір етіп, күтпеген жерден кенет көзіне жас алды. Ал, Наталья үндеместен жап жарын аймалап, құшақтай, бауырына кіре берді де, Григорий әйелінің нықтары селк-селк еткеніне қарап, оның жылап тұрғанын білді.

Ол үйге кіріп, кәрілер мен ұйқтап жатқан балаларды кезек-кезек сүйіп, ас үйдің нақ ортасында тұрып қалды.

— Ал, ауыр жайды қалай бастан кешірдіңдер? — деп сұрады ол аптыға абыржып.

— Құдайға шүкір, ұлым, қорқыныштың талайын көрдік, бірақ аса жәбірлей қойған жоқ, — деп асыға жауап берді де, Ильинична, жылап тұрған Натальяға көзінің қыйығымен қарап, қатал түрде: — Қуанудың орнына сен неге сыңсыйсың, ақмақ! Жә, болды, босқа тұрма! Отын кіргіз, пеш жағу керек... — деді айқайлап.

Кемпір мен Наталья тездетіп ертеңгі асты дайын еткенше, Пантелей Прокофьевич таза сүлгі әкеліп:

— Жуын, мен сенің қолыңа су құяйын. Аздап басың жеңілейер... Өзіңнен арақ исі аңқыйды. Кеше қуаныш үстінде ішіп жіберген шығарсың?

— Болды ондай іс. Бірақ, қуаныш үстінде ме, әлде күйінішпен бе — бұл әзірге белгісіз...

— Қалайша? — деп шал аңтарылып қалды.

— Секретев бізге аса кәрін тігуде.

— Жә, оның оқасы жоқ. Ол шынымен-ақ сенімен бірге ішті ме?

— Әлбетте.

— Тілеуің берсін, айтшы! Бұл не деген дэброй, Гришка! Нағыз генералмен табақтас болу! Ойлап қарашы! —

Сөйдеп, Пантелей Прокофьевич ұлына елжірей қарады да, қайран қалып, таңдайын қақты.

Григорий күліп жіберді. Шалдың бұл балаша мәз-мәйрам болғанын ол, әрине, қостай алған жоқ.

Мал мен мүліктің амандығын, қанша астықты ысрап еткендерін салмақты түрде сұрай отырып, Григорий әкесінің бұрынғыдай шаруашылыққа зауықты емес екенін байқап қалды. Шалдың ойында шаруашылықтан гөрі маңыздырақ бір нәрсе бары көрінді, сол нәрсе оның тынышын ала беретін сыяқтапты.

Бұл ойын ол кешікпей айтып та салды.

— Гришенька, енді қалай болмақшы? Шынымен тағы да әскерге баруға тура келе ме?

— Сенің мұның кім жөнінде?

— Шалдар жөнінде. Мысалға, тіпті мені алуға болады.

— Әзірге белгісіз.

— Олай болса аттану керек шығар?

— Саған қалуға болады.

— Қойшы-ау! — деп Пантелей Прокофьевич қуанғаннан айқайлап жіберді де, неғыларын білмей, ақсаңдай басып, ас үйдің ол жақ, бұл жағына шықты.

— Отыр деймін, ақсақ сайтан! Аяғыңмен күреп үй ішін шөп-шарға толтырасың! Қуанғанынан жаман күшіктей ерсілі-қарсылы жүгіруін қарашы! — деп Ильинична қатты зекіп қойды.

Бірақ шал оның зекуіне көңіл де қойған жоқ. Ол қуанғаннан, жымья алақанын үйкелеп, столдан пешке ақсаңдай басып әлденеше барды... Бір мезет оған шүбә пайда бола қалды.

— Ал сенің босатуға қолыңнан келе ме?

— Әрине, келеді.

— Қағаз жазып бересің бе?

— Әлбетте.

Шал батылы бармай күйбектеп тұрды да, дегенмен:

— Қағаз болғанда ол... Мөрсіз қалай болады. Әлде, мүмкін, сенде мөр де бар шығар? — деп сұрады.

— Мөрсіз де жарай береді! — деп езу тартты Григорий.

— Жарайды, олай болса сөйлеудің де керегі жоқ! — деп шал қайтадан қуанды. — Құдай өміріңді ұзақ қылсын! Ал, өзің қашан жүремін деп ойлайсың? — деді.

— Ертең.

— Сендердің бөлімдерің ілгері кетті ме? Усть-Медведицаға?

— Ия. Ал, көке, сен өзің үшін уайым жеме. Бәрібір, кешікпей сен сыяқты шалдарды үйді-үйіне таратпақшы. Сендер міндеттеріңді әлдеқашан өтегенсіңдер.

Көңілі мүлдем жай тапты білем:

— Я, құдай, бере гөр! — деп Пантелей Прокофьевич шоқынып алды.

Балалар да оянды. Григорий оларды қолына алып, тізесіне отырғызып екеуін кезек-кезек сүйді де, жымыя күліп, олардың шатты шықылығын тыңдаумен болды.

Бұл балақандардың шаштарының исі қандай! Күн исі, шөп исі, жылы жастықтың исі және тағы аса жақын, аса тәтті бір иіс шығады. Оның туған нәрестелері бейне-бір титтей сахара құстары сыяқты. Оларды аймалаған әкесінің қап-қара зор қолдары сондайлық дөкір, әрі еб-дейсіз көрінеді. Белбеуі шешілмейтін күлімсі солдат исі мен жорықта шіріген ат терлігінің ащы тері бойына көктей сіңген және сол атынан бір тәулікке ғана қол үзген осы салт солдаттың өзі де мына үй ішінің бейбітшілік жағдайына сондайлық жат, бөтен адам болып қалған...

Григорийдің көздерін жас буалдыры жауып, мұрт жапқан еріндері жыбырлап кетті... Әкесінің сұрауларына ол үш рет жауап та қайырмай қойды, тек Наталья оның гимнастеркасының жеңінен тартқанда ғана стол жапына келді.

Жоқ, жоқ, мына Григорий мүлде бұрынғы Григорий емес. Ол ешуақытта да мұндай күйрек болып көрген еместі және ол бала кезінде де сирек жылайтын еді ғой. Ал, мына көз жасы, жүректің қатты-қатты соғысы және көмейде бір үнсіз қонырау соғып тұрған тәрізді нәрселер болғаны қалай... Бәлкім, мұның бәрі бүгінгі түнде арақты көп ішіп, ұйқысыз өткізгеннен де болған шығар...

Өріске сыйырларды айдап тастаған Дарья келді. Дарья күлімсіреген аузын Григорийге тосты да, ал ол әзілмен ымдай, мұртын сыйпап, жүзін жақындата бергенде — әйел көзін жұма қалды. Бейне жел қозғағандай оның кірпіктері қалай дір ете қалғанын Григорий көріп қалды да және өмірі өңін бермейтін бетінен шыққан далаптың хош иісін сезді.

Міне, Дарья әлі сол бұрынғысындай. Ешқандай қайғы Дарьяны қайыстыра алмады, қайыстыру былай тұрсын, тіпті басын да игізе алмаған сыяқты. Әрі солқылдақ, әрі

әдемі, әрі қолға келгіш қызылталдың шыбығындай өмір сүріп келеді ол жарық дүниеде.

— Гүлденудесің бе? — деп сұрады Григорий.

— Жол бойында өскен мендуанадай! — деп отты көздерін төңкере тастап, Дарья күндей күлімдеді. Сөйтті де ол дереу орамал астынан үрпий шыққан шаштарын жөндеп, әсемдену үшін айнаның алдына барды.

Дарья міне осындай болатын. Бұған ешнәрсе істеп те болмас, мұны ешнәрсе қажытпас та. Петроның өлімі оны шықпыртып жібергендей болды да, бірақ басқа түскен қайғыдан есін жыйнай салып, ол өмірге бұрынғыдан да гөрі құмарта түсті, сырт келбетіне көбірек көңіл бөлді...

Сарайда ұйқтап жатқан Дуняшканы да оятты.

Бүкіл үй іші болып шоқынып алды да, стол басына ас ішуге отырысты.

— Ағатай-ау, қартайып қалыпсын ғой! — деді Дуняшка аянышты түрмен.— Бөрі сыяқты, бір түрлі сүп-сүр болып кетісің.

Үндеместен және езу де тартпастан Григорий оған столдың арғы жағында отырып бір қарап алды да, сонан кейін:

— Маған бұлай болу табиғи да. Менің қартайып, сенің бойжетіп күйеу іздер шағың... Тек қана саған айтатыным: бүгіннен бастап Мишка Кошевойды ойлауды да ұмыт. Егер де сенің бұдан былай соны ойлап сарғайып, солғаныңды естісем — бір аяғыңды басып тұрып, екінші аяғыңнан ұстап алып, тарбақадай етіп екіге айырып тастаймын. Ұқтың ба? — деді.

Дуняшка көкнәрдің гүліндей қып-қызыл болып кетті, көз жасы мөлтілдеп Григорийге қарады.

Ол Дуняшкадан зәрлі көзін айырмады, оның мұрт астынан тісін ақсыята тістенуінде, ашумен қысыла түскен көздерінде, бүкіл қатулы жүзінде Мелеховтардың тұқым қуған қаталдығы ап-айқын шыға келді.

Бірақ Дуняшка да осы тектен жаралған болатын: қысылудан айығып, ызасы басылғаннан кейін ол жайлап қана батыл түрде:

— Ағатай, сіз білесіз бе? Жүрекке бұйрық беруге болмайды ғой! — деді.

— Сенің дегеніңе көнбесе — ондай жүректі суырып алу керек, — деп ақыл берді Григорий салқын түрде.

«Ұлым, сен бұл жөнде тіл беземесең де болар еді», — деп ойлады Ильинична. Бірақ тап сол жерде сөзге Пан-

телей Прокофьевич кірісіп кетті. Ол жұдырығымен столды қойып қалып:

— Сен, иттің қызы, жұм аузыңды! Әйтпесе, мен саған сондай жүрек жазып берермін де, сен тіпті басыңдағы шашыңды да жыйып ала алмай қаларсың! Қап, мына жүзіқараны-ай! Қазір мен барып, тура делбені алып келіп...

— Ата-ау! Бізде делбеден бір де делбе қалған жоқ. Бәрін алып кетті! — деді де, Дарья момақан түрде әңгімені үзіп жіберді.

Пантелей Прокофьевич оған қарап көздерін құтырына жарқ еткізді де, даусын бәсеңдетпестен, ойындағысын қалдырмастан ақтара берді:

— ...Мен сырттықты әкеліп — сен сыяқты сайтандарды...

— Сырттықты да қызылдар әлдеқашан алып кеткен! — деп сөз қыстырды Дарья бұрынғыдан гөрі қаттырақ сөйлеп, қайынатасына сол мүләйімсіген көзбен қарап қойып.

Пантелей Прокофьевич мұны мүлде көтере алмады. Мылқау долылықпен жүзі қара-күренденіп, әуезсіз есінеп, аузын кере түсіп ол келініне бір секундтай қарап қалды да (тап осы кезде ол судан сүйреп шығарған көксеркеге ұсап кетті), сонсоң қарлыққан үнмен айқайлап:

— Қарғалған, өшір үніңді, жағыңа жылан жұмыртқалағыр! Сөз айтуға мұрша бермейді, түгі. Бұл не деген сұмдық? Дунька, сен біліп қой: бұл істі өмірде болады екен деме! Бұл саған айтқан әкелік сөзім! Ол арамза туралы ойлайтын болсаң — сені өлтіру аз — деп Григорий дұрыс айтты! Тапқан екенсің ғашық болар жайсанды! Жаныңды өртеген екен сол қанішер! Ойбай-ау, сол да кісіме? Христостан безген сондай қарғалған маған күйеу бала болмақшы ма? Менің қолыма түсе қалсыншы — тура өз қолыммен өлтіремін! Тек енді аузыңды ашып қарашы: шыбық алып келіп мен сені...

— Сол шыбық дегенінді қорадан күндіз шам жағып іздесең де таппассың, — деп күрсінді Ильинична. — Қорада доп домалатқандай, от тұтатуға да шыбық таба алмайсың. Жетістік әбден! — деді.

Пантелей Прокофьевич бұл қулықсыз ескерткен сөзде де жауыз ниет бар деп тапты. Ол кідірген көздерімен кемпіріне қарап қойды да, жынды кісіше орнынан ұшып түрегеліп, аулаға жүгіріп шығып кетті.

Григорий қасығын тастай беріп, сүлгімен бетін басып, үнсіз күлкіден селкілдеп шек-шілесі қатып қалды. Ашуы тарқап, күлкісін тыя алмады, көптен бері бұлай күлген жоқ еді ол. Дуняшкадан баскасының бәрі ду күлісті. Стол басы көңілді шаттыққа айналды. Бірақ Пантелей Прокофьевич тырпылдата басып баспалдаққа шыға бергенде — бәрінің жүздерінде де салмақтылық пайда бола қалды. Ұзын қандыағаш сырғауылын сүйретіп Пантелей Прокофьевич дауылдай екпіндете, бұзып-жарып кіріп келді.

— Мінеки! Мінеки! Сүйрендеген қарғыс атқандар, сендердің бәріңе осы да жетеді! Ұзын етек мыстандар!.. Кәне шыбық жоғы?! Шыбық емей мынау немене? Кәрі сайтан, саған да жетеді! Дәмін татарсындар сендер мұның!..

Сырғауыл ас үйге сыймады да, шал, шойынды аударып кетіп, дүрс еткізіп оны сенекке тастай берді, — өзі ентіге дем алып стол жанына кеп отырды.

Оның көңіл күйі көрер көзге бұзылып кетті. Мұрны пыс-пыс етіп тамақты үндеместен жей берді. Басқалары да үндемеді. Күліп жіберермін деп қорқып, Дарья столдан басын көтермеді. Ильинична күрсініп қойып, естілер-естілмес етіп: «О жасаған, жасаған! Ауыр ғой біздің күнамыз!» деді. Жалғыз Дуняшканың ғана күлкімен ісі болған жоқ, шал шығып кеткен кезде біртүрлі қажыған азапты күліспен езу тартқан Наталья да қайтадан тұнжырап, мұңая қалды.

— Тұз бер! Нан әкел! — деп гүрілдеп қойып отырды Пантелей Прокофьевич көзін жарқ еткізіп үй ішіндегілерге айнала қарап.

Үй ішінің ұрыс-керісі өте бір күтпеген жерден аяқталды. Бәрі тегіс үндемей отырғанда Мишатка атасын жаңадан зәбірлеп тастады. Ұрсысқан кезде әжесінің атасын балағаттаған сөздерін бала талай естіген болатын, ал қазір карттың үй ішін тегіс сабаймын деп айқайлап, үйді басына көтергеніне балалықпен ол қызып кетті де, танауын делдите түсіп, сылдыраған дауыспен:

— Төбелескіш, ақсақ албасты! Таяқпен басыңа қойып қалса, ендігәрі әжетайым мен бізді қорқытуды қояр едің!.. — деді.

— Сен мені... яки атанды... солай етпекшісің бе?

— Сені! — деп Мишатка ерлікпен нықтай түсті.

— Туған атаңды солай етуге бола ма... Сондай сөздермен?!

— Сен неге даурығасың?

— Қалай мына қарғадай бәлең? — деп сақалын сыйпап Пантелей Прокофьевич қайран калып, отырғандарды көзімен шолып өтті...—Осының бәрі сенен, мыстан кемпір, жаман сөздер құлағына сіңіп болған! Үйрететін сен! — деді.

— Кім үйретуші еді оны? Сені мен мына папасына тартқан да қойған бұл жүгенсіз, ауған жоқ мінезі! — деп ақтала түсті Ильинична ашуланып.

Наталья тұрды да, зеки сөйлеп:

— Атаңа сен бұлай сөйлеп үйренбе! Үйренбе! — деп Мишатканы шапалақтап тастады.

Мишатка бетін Григорийдің тізесіне тыға, өкіріп қоя берді. Немерелерін жанындай жақсы көретін Пантелей Прокофьевич стол жанынан ұшып түрегеліп, көзіне жас алып және сақалына сорғалаған жасын сүртпестен, қуана:

— Гришка! Ұлым! Анаңа алты рақмет! Кемпір дұрысын айтты! Өзіміздің! Мелеховтардың қанынан жаралған! Міне, қанның қай уақытта көзге түскені! Бұл ешкімге де сыбағасын жібермейді! Немеретайым! Балапаным өзімнің!.. Мә, соқ, алжыған ақмақты, немен қаласаң сонымен соқ!.. Сүйре сақалымнан ұстап! — деді айқайлап. Сөйтті де ол Григорийдің қолынан жұлып алып Мишатканы аспандата төбесіне көтерді.

Ертеңгі асты ішіп болып бәрі стол жанынан тұрды. Әйелдер ыдыс-аяқ жва бастады да, Пантелей Прокофьевич темекі тартты. Григорийге қарап:

— Саған өтінудің өзі келіссіз де, өйткені сен қонақсың ғой, бірақ амал да жоқ... шарбақтарды тұрғызуға, қырманды қоршауға көмектесіп жіберші, әйтпесе тегісінен бәрі жығылып жатыр, ал бөтен біреулерді шақырып та келтіре алмайсың — жұрттың бәрінікі де тегіс қыйраулы, — деді.

Григорий мұны жан-тәнімен мақұлдады да, екеуі қорада дуалды жөнге келтіріп түске шейін жұмыс істеді.

Бақшада бағаналарды жерге көміп жатып шал:

— Пішен шабу басталады, не істеуге де білмеймін — қосымша шөп сатып алуға ма, әлде алмасқа ма. Шаруашылық жөнінде сен не айтасың? Машақаттануға тұрар ма? Әлде бір айдан кейін қызылдар қайтадан келе қал-



са, бәрі тағы да жындардың ойнағына түсіп кетер ме екен? — деді.

— Тіпті білмеймін, көке, — деді Григорий ашықтан-ашық, — қалай болып кетерін және кімді кім жеңерін білмеймін. Қамбалар мен корада ешбір басы артық нәрсе ұстамай тұра бер. Қазіргі заманда мұның бәрі керексіз нәрсе. Ана қайынатамды көрмейсің бе: өмір бойы арқасы арса боп мал жыйды, байыды, өзінің де, өзгенің де тыйтығын құртып бітірді, сонда неменесі қалды? Қорасында қалғаны күйік түбірлер ғана!

— Бала, менін өзім де солай ойлаймын, — деп мақұлдады шал демін басып.

Енді қайтып шаруашылық жөнінде әңгіме қозғамады. Тек қана түстен кейін Григорийдің қырман кактасын ерекше ұқыптап шегелеп жатқанын байқап, ызалана күйіп кетіп:

— Істей сал. Неменесіне тырысасың? Мәңгі тұрар дейсің бе! — деді.

Тұрмысты ескіше тәртіпке келтіруге күш салудың бәрі нәтижесіз іс екенін шал жана ғана ұғынған тәрізді.

Күн батар алдында Григорий жұмысты тастап үйге кетті. Төр бөлмеде Наталья жалғыз өзі отыр еді. Ол мейрамға дайындалғандай сәнді киінген. Жүн матадан тоқылған көк юбка мен кеудесін кестелеп тігіп, жеңіне шілтер әділтеген көкшіл поплин<sup>1</sup> кофточкасы өте жарасып тұр. Оның екі беті жұқа ғана албырап, сол карсанда сабындап жуынғандықтан аздап жылтырай түсіпті. Ол сандықтан бір нәрсе іздеп жатыр еді. Григорийді көрді де, сандықтың қақпағын жауып, күлімсіреген күйі бойын жазды.

Григорий сандыққа отырды да:

— Кел, отыр біраз, әйтпесе ертең кетемін, әңгімелесе алмай қаламыз, — деді.

Наталья бағынышты түрде қатарына отыра кетті де, сәл шошынған көздерімен қырыннан қарап қойды. Григорий оның күтпеген жерден қолынан ұстап, мейірімі түсе:

— Сен мүлде ауырмаған кісі сыяқты, семізсің ғой өзің, — деді.

— Оңалғаным ғой... Біздердің мына, қатындардың,

<sup>1</sup> Поплин — жібек арқаулы, ұсақ бедерлі жылтыр өнді мата.

мысық сыяқты, жаны берік келеді,— деді ол қорына жымыйып және басын ие түсіп.

Григорий оның болар-болмас албырай түскен құлағының сырғалығын, желкедегі бұрым арасындағы ашылған шаш түбінің сарғыш терісін көріп қалды да:

— Шашың түсіп жүр ме! — деп сұрады.

— Тегіс түсіп қалуға айналды. Жақында жалтыр бас боламын.

— Қазір шашыңды ұстарамен алып берсем қайтеді?

— Саған не болған! — деп Наталья шошып кетті.— Неменеге ұқсамақшымын мен онда?

— Қырып тастау керек, әйтпесе шаш шықпай қалады.

— Әжем қайшымен алып беремін деп еді,— деп, қысылып езу тартты да, Наталья жалма-жан басын аса көгерте нәлдеген аппақ орамалмен бүркей салды.

Әрі әйелі, әрі Мишатка мен Полюшканың анасы — ол қазір өз ерінің жанында. Ол сол ері үшін сәндене киініп, бетін жуған болатын. Аурудан кейін сондайлық түрі қашып кеткен басын көрсетпеу үшін орамалды асыға гартып, басын сәл қыйсайта түсіп, адам аярлық және ажарсыз болса да, ол әп-әдемі, кіршіксіз бір ішкі көркемдікпен нұры балқып отыр. Бір кезде мойнының көркін қашырған тыртығын ерінен жасыру үшін ол һаманда биік жаға салатын. Осының бәрі бір сол үшін... Мейірімділіктің асқар толқыны Григорийдің жүрегін қаптап, басып кетті. Ол еркелете, жүрекке жылы тигендей бір нәрсе айтпақшы болып еді, бірақ сөз таба алмады да, үндеместен әйелін өзіне тартып, тәйпиген ақ маңдайы мен мұңды көздерінен сүйді.

Жоқ, ол бұрын әйелін ешқашан да мұндай еркелеткен жоқ-ты. Өмір бойы Акси́нья оған мейірімін түсіртпеген-ді. Ерінің бұл мейірімді сезімі қатты әсер еткен Наталья ұялғаннан қып-қызыл болып, оның қолын ұстап аузына апарды.

Екеуі үндеместен бір минут отырысты. Батар күн төргі бөлмеге алкүрең шұғыласын түсіріп жіберді. Баспалдақта балалар шу-шу етеді. Дарьяның пештен қызара күйген құмыраларды алып жатқаны, наразы түрде енесіне: «Сіз, сірә, сыйырларды күнара сауған шығарсыз... кәрі сыйыр сүтті аз бере бастады...» дегені естіліп жатты. Өрістен табын да қайта бастады. Сыйырлар мөңіреді, балалар ұшына қыл таққан шыбыртқыларын шартыл-

датады. Қарлыға, үзіп-үзіп хутор бұқасы өкіреді. Онын жібектей әукесі мен жұп-жұмыр жатық арқасын соналар қанын шығара талаған. Бұқа басын ашулана бұлғап қойды да, жүріп келе жатқан бойы алшак біткен қысқа мүйіздерімен Астаховтардың шарбағын іліп алып төңкере тастап, әрі асты. Наталья терезеге қарап алды да:

— Бұқа да шегініп, Донның арғы жағына өтіп кеткен-ді. Әжем: хутор ішінде мылтық атылысымен-ақ бұқа тура қорадан шығып, Донды жүзіп өтіп кетті де, ұдайы түбекте жүріп жан сақтады — дейді.

Григорий ойланып қалды. Натальяның көздері неліктен бұлай мұңды? Және онда ұғып болмастай бір сыр біресе байқалып қалып, біресе жоғалып кетеді. Ол өзі қуаныш үстінде қайғылы да біртүрлі түсініксіз жан... Мүмкін, Наталья оның Вешенскаяда Аксиньямен жолығысып жүргенін есітіп қалған шығар? Ақырында ол:

— Бүгін сен неліктен соншама жабығыңқысың? Жүрегінде не сыр бар, Наташа? Айтсаң болмас па еді, ә? — деп сұрады.

Ол әйелін еңірет де кіналар деп күтті... Бірақ Наталья шошып кетіп:

— Жоқ, жоқ, саған солай көрінген шығар, менде ешнәрсе жоқ... Шынында, мен әлі сауығып кеткенім жоқ... Басым айнала береді, еңкейсем жә болмаса бір нәрсені көтерсем — көзім қарауытып кетеді, — деді.

Григорий оған сынап қарап алды да, тағы да:

— Мен жоқта саған қалай болды?.. Ешкім тиген жоқ па? — деп сұрады.

— Жоқ, саған не болған? Мен үнемі ауырып жатым ғой, — деп Григорийдің көзіне тура қарады да, тіпті болар-болмас езу тартып та қойды. Үндемей аз отырып: — Ертең ерте кетесің бе? — деп сұрады.

— Таңсәріден.

— Бір күн кідіруге болмай ма? — Натальяның үнінде сенер-сенбес болмашы бір үміт бары байқалды.

Бірақ Григорий болмайды деп басын шайқады да, Наталья күрсініп қойып:

— Саған қалай... қазірден погон тағу керек пе? — деп сұрады.

— Тағу керек болар.

— Олай болса сырт көйлегінді шеш, жарық барда мен оны қадап берейін.

Григорий тамағын қырып қойып, гимнастеркасын

шешті. Гимнастеркасының тері кеппеген болатын. Аркасында және жауынгерлік аспа қайыстардың жалтырата қажап, із қалдырған иықтарында дымқыл дақтар қарайып тұр еді. Наталья сандықтан күнге күйіп оңып кеткен сұр погондарды алды да:

— Мыналар ма? — деп сұрады.

— Тап өзі. Сақтап қалдың ба?

— Біз сандықты көміп қойғанбыз-ды, — деп күбір етті Наталья инесін сабақтап жатып, өзі ерінің көзін ала беріп шаң-шаң гимнастерканы бетіне өте жақын тақады да, ашкылт тер ісін қомағайлана жұтты...

— О не қылғаның сенің? — деп сұрады Григорий танданып.

— Сенің ісің шығады... — деп көздері жалт-жұлт етіп, Наталья бетінің қызарып кеткенін көлегейлей басын тұқыртты да, инені шапшаңдап шанша бастады.

Григорий гимнастеркасын киді де, қабағын түйіп, иықтарын қозғап көтере түсті.

— Саған погон жарасымды! — деді Наталья, насаттанғанын жасырмастан еріне қарап.

Алайда ол сол иығына көзінің қырымен қарады да, күрсініп:

— Мәңгі-бақыі көрмесем етті осыны. Ешнәрсені де түсінбейсің сен! — деді.

Қол ұстасқан бойы үндеместен өз қамдарын ойлап, олар мұнан кейін де төр үйдегі сандықтың үстінде ұзақ уақыт отырысты.

Сонан соң, қас қарайып, суынған жерге қора-қопсылардың қою кошқыл көлеңкелері түскен кезде — кешкі тамақ ішуге ас үйге барды.

Сөйтіп, міне, түн де өтіп кетті. Таңсәріге дейін аспанда жарқыл жалын атып тұрды, таң аппақ атқанға дейін шие бағының ішінде бұлбұлдар сайрап жатты. Григорий оянды да, көзін жұмған күйі бұлбұлдың әндете тәтті шықылықтағанын ұзақ уақыт ұйып тыңдап жатты, сонсоң Наталья оянып кетер деп ақырын ғана орнынан тұрды, киінді де, қораға шықты.

Пантелей Прокофьевич строй атын жемдеп болып, қызмет көрсеткенсіп:

— Кәнекей, мен мұны жорық қарсаңында өзенге алып барып жуып келейін бе? — деді.

— Керегі жоқ, — деді Григорий таң алдындағы салқын ылғалдан бүрісе түсіп.

— Ұйқын жақсы қанды ма? — деп сұрады шал.

— Жақсы ұйқтадым! Тек булбулдар ғана оятып жіберді. Бүтін түн бойы қалай сайрау қызығына түсті десеңші, сұмдық!

Пантелей Прокофьевич аттың жем дорбасын алды да, езу тартып.

— Бала, олардың жұмысының өзі де сол. Тәңірінің бұл кішкене құстарын кей уақыт күндейсің де.... Соғыста жоқ, бүліншілік те жоқ оларға...

Қақпаға атпен Прохор келді. Ол жаңа ғана қырычып алған, бұрынғы ақжарқын әңгімешіл күйі. Шылбырын ашаға байлай салып Григорийдің қасына келді. Прохордың парусин көйлегі жатық тегістелген. Иықтарында жап-жаңа погондар.

— Григорий Пантелевич, сен де погон ілгенсің бе? — деп дауыстады ол жақындап келіп. — Жатуы жетті қарғалғандардың! Ендігі жерде бұларды таксақ та тоздыра алмаспыз! Өле-өлгенімізше жетер! Мен әйеліме: «Ақмақ, өлгенше мықтап қадама! Тек іліктіріп қана қой, жел үріп түсірмесе болғаны!» дедім. Әйтпесе біздің іс шиті емес пе? Тұтқынға түсе қалсаң, погонның бастырмасына қарай сазанды береді, мен офицер чинінде болмасам да, аға урядник атым бар ғой: «Әй, сен бұзақы, қызмет ете білген екенсің, енді басыңды тоса да біл!» дейді ғой. Погондарымның неге ілініп тұрғанын көрдің бе? Шегін қатарлық! — деді.

Шынында да оның погондары бір жіппен ғана қадалып, зорға ілініп тұрған болатын.

Пантелей Прокофьевич қарқ-қарқ күлді. Оның бурыл сақалының арасынан дақ тимеген аппақ тістері жалт-жұлт етті.

— Бәрекелді, жауынгер болғаныңа! Сәл тықыр-таян болса погонды жұлып тастамақсың ғой, шамасы?

— Е, сен қалай деп ойлап едің? — деп күліп жіберді Прохор.

Григорий күліп, әкесіне:

— Көке, көрдің бе менің қандай шабарман тауып алғанымды? Бұндай жанмен бәлеге кездессең де өмірі қор болмайсың!

— Ол өзі әлгі, Григорий Пантелевич... Мен ертең-ақ өлейін, ал сен бүгін өле тұр—дегеннің кебі ғой,— деп Прохор ақтала түсіп, погондарын оп-оңай жұлып алды да, қалай болса солай қалтасына тыға салды.— Майдан-

ға жақындағаннан кейін мұны сол жерде де қадауға болады ғой,—деді.

Григорий ертеңгі тамақты тез-тез ішті; туғандарымен қоштасты.

— Сактай гөр ұлымды, көк патшасы Мариям-ана! — деп сыбырлады есі шыққан Ильинична ұлын сүйіп жатып.— Қалған жалғызымыз сенсің ғой біздің.

— Ал, жыраққа аттандыру — көзге артық жас алу деген сөз. Қош болындар! — деді де, Григорий, даусы дірілдеп, атының қасына келді.

Басына қайыненесінің қара қыйықша орамалын бүркеніп Наталья қақпаның сыртына шықты. Балалары оны юбкасының етегінен ұстап алыпты. Полюшка жұбанбастан бақырып, көз жасына шашала, мамасынан:

— Жіберме папамды! Маматай, жіберме! Соғыста өлтіріп тастайды! Папатай, барма онда! — деп өтінді жалынып.

Мишатканың еріндері жыбырлай түсті, бірақ ол жылаған жоқ. Ол ерлікпен тоқтамдылық жасады да, қарындасына кейіп:

— Жалған сөйлеме, ақмақ! Ондағының бәрін теп-тегіс өлтіре бермейді,— деді.

Ол атасының казактар ешуақытта да жыламайды, жылау казактар үшін ұяттың ең зоры деген сөздерін есінде мықтап ұстаған болатын. Алайда, ат үстінде отырып алдына алып оның бетінен сүйген кезде, әкесінің кірпіктері суланып кеткенін байқап ол таң қалған еді. Міне осы жерде Мишатка да шыдай алмады: көздерінен жас бұршақтай домалады. Ол әкесінің аспа қайыстар буып тастаған кеудесіне басын тыға түсіп:

— Ең жақсысы, жауласуға атам барсыншы! Неге қажет ол бізге!.. Тек сені жібергім келмейді!..— деді.

Григорий ұлын ептеп жерге түсірді де, алақанының сыртымен көзін сүртіп, атын қозғады.

Жауынгер ат кілт бұрылып, туған үйдің жанында тұяғымен жер тарпып жолмен де, жолсызбен де майданға алып ұшып, нешеме рет казактарды обып жатқан қара тажал өлімнің аузына оны алып бармады ма, нешеме рет казактарға жыр болған: «Күн сайын, сағат сайын қорқыныш та қайғы» оны жерге түсірмеді ме,— ал, міне қазір, тап бүгінгі еркелеткен ертеңгі кездегідей, Григорий ешуақытта да хутордан соншалық жүрегі сыздай, ауыр халде кеткен емес еді.

Көмескі болжал сезіммен сарылып, үрей мен шер жаныштап, ол нақ адырға жеткенше артына бір қарамастан, тізгінді ердің қасына іліп қойып келе жатты. Тозанды жолдың жел диірменге қарай бұрылатын торабында мойнын бұрып артына қарады. Қақпа жанында жалғыз Наталья тұр еді, ертеңгі салқын жел оның қолынан азалы қара орамалын жұлқылай түсті.

Көгілдір тұңғыйық тереңде жел айдаған ақ көбік бұлттар жөңкіле жүзіп барады. Көкжиектің ирек-ирек ернеуінде толқындана сағым құйылып тұр. Аттар аяңмен келеді. Ер үстінде ырғала теңселіп Прохор қалғып кетеді. Григорий, тістеніп, артына жиі-жиі бұрылып қарайды. Алдымен ол қызыл талдың төңкерілген көк күмбездерін, шыймайлап иреңдеген Донның күміс таспасын, жел диірменнің асықпай қаққан қанаттарын көрді. Сонсоң жол оңтүстікке бұрылып кетті. Қорық, Дон, жел диірмен тапталған егіндіктердің арғы жағында жасырынып қала берді... Бір күйді ысқыра әндетіп Григорий ұсақ тер моншақтары жапқан аттың алтын түстес жирен мойнына қадала қарап, енді қайтып ер үстінде артқа мойын бұрмады. «Жын алсын, соғысын! Ұрыс Чир бойында болды, Дон бойында болып өтті, ал сонсоң Хопер бойында, Медведицада, Бузулукта күркіремекші. Ең ақырында, мейлі, жау оғы оны қай жерде ұшырып түсірсе де бәрібір емес пе?»— деп ойлады ол.

## 9

Ұрыс Усть-Медведицкая станицасының іргесінде жүріп жатты. Жазғы сүрлеуден Гетман жолына шығып алған соң, Григорий зеңбірек гуілін есітіп қалды.

Бүкіл жол бойында қызылдардың әскер бөлімдерінің тез шегінген іздері көрініп жатыр. Тастап кеткен екі аяқты арбалар мен көк арбалар өте мол кездеседі. Матвеев хуторының артындағы сайда снаряд белдігін үзіп, люлькасын бүлдіріп тастаған зеңбірек тұр. Повозканың бәлек ағашындағы қайыс жетектер қыйғаштап қырқылған. Сайдан жарым шақырым жерде, сортаңда, күнге күйіп, құрап кеткен аласа шөптің үстінде, сұр көйлек, сұр шалбарлы, балтырын шандып ораған және темір тағалы ауыр ботинка киген жауынгерлердің қалың өлігі жатыр.

Бұлар казактардың атты әскері қуып жетіп, қылышпен кескілеп тастаған қызыләскерлер еді.

Жандарынан өтіп бара жатып Григорий күдірейген көйлектеріндегі кеуіп қалған қанның молдығына және өліктердің қалпына қарап оларды оп-оңай таныды. Олар бейне бір шапқан шөп сыяқты жапырылып жатыр. Қазактар ізге түсіп құдалауын тоқтатпағандықтан ғана олардың киімдерін сыпырып алуға үлгірмеген болулары керек.

Долана бұтасының жанында өлі казак шалқасынан түскен. Кере талтайған аяқтарының санында лампастары қып-қызыл боп, құлпырып көрінеді. Таяу жерде қапталы қызыл бояумен сырланған ері бар кертторы жылқының өлігі сұлап жатыр.

Григорий мен Прохордың аттары салығып қалды. Оларды өттатып, тынықтыру керек еді, бірақ Григорий жаңа ғана соғыс жүріп кеткен жерде аялдағысы келмеді. Ол бір шақырымдай жер жүріп келіп өзектің ішіне түсті де, атын тоқтатты. Анадай жерде бөгетін жағалыққа дейін су жырып жуып кеткен тоған көрінді. Шетіндегі топырағы қатып, жарылып-жарылып кеткен тоғанға Прохор жақындай түсті де, дереу атының басын кері бұрды.

— Сен неге бұрылдың?— деп сұрады Григорий.

— Жақындап барып қарашы.

Григорий тоғанға қарай атын тебіне түсті. Су жырған шұқырдың ішінде өлген әйел жатыр екен. Оның бетін көк юбкасының етегімен жауып тастапты. Балтырлары күнге тотыққан, тізесінде шұқыршағы бар топ-толық ашпақ бұттары ұятсыз түрде өрескел талтайтылған. Сол қолын жаурынының астына қайырып тастапты.

Григорий жалма-жан аттан түсті, фуражкасын алды да, еңкейіп өлген әйелдің юбкасын жөнделді. Уылжыған қараторы беті өлгеннен кейін де әдемі екен. Қасіретті, нілген қара қастарының астында шала жұмылған көздер нұрсыз жылтылдайды. Жұмсақ сызылған ауыз бейнесінен мықтап қысқан жиі тістері меруеттей жарқырайды. Шөпке басылған бетін шаштың нәзік бұрымы көлегейлеп жатыр. Өлім өңсіз сары-зағпыран көлеңкелерін тастап үлгірген тап осы бетте әбігерленген құмырысқалар жорғалап жүр.

— Иттің балалары, қандай сұлудың түбіне жеткен! — деді Прохор ақырын ғана.



Бір минуттай ол үндемеді де, сонсоң қатулана жерге түкіріп:

— Мен мұндайларды... мұндай ақылды немелерді жарға жабыстырар ем! Құдай үшін, кетейікші осы жерден! Мен мына әйелге қарауға шамам келер емес. Жүрегім аунақшып барады!— деді.

— Мүмкін, оны жерлеп кетерміз!—деп сұрады Григорий.

— Біздің не болғанымыз, бүкіл өлік біткенді көмуді міндетімізге алыппыз ба соншама?—деп Прохор бажете қалды.— Ягодноеда қайдағыбір қартты көмдік, мұнда мына қатынды... Егер біз олардың бәрін көмуге кіріссек, қолымызға сүйел де жетпей қалар! Ал қабірді немен қазбақшымыз? Ыстықтан қаңсып, жер бір аршын бойы тастай боп қалған, оны, шырағым, қылышпен шұқып қаза алмассың,— деді.

Прохор асып-сасқаны соншалық, тіпті етігінің тұмсығын үзеңгіге зорға іліктірді.

Адырға атпен қайта шықты, барынтасын салып бір ой ойлап келе жатқан Прохор тап сол жерде:

— Пантелевич, қалай болды бұл, жерге қанды осы төккеніміз де жетпей ме? — деп сұрады.

— Солай дерлік.

— Сенің ойыңша қалай, жақында бұл бітер ме екен?

— Бізді қалай қыйратып салады, солай бітеді.

— Міне кездесті де қызық өмір, сайтан ғана шаттанар бұған! Қыйрататын болса, тезірек қыйратса етті, тіпті, Герман соғысында саусағын өзі оққа жұлғызса, біржола үйге қайтарушы еді, ал мұнда тура, қолыңды бүтіндей үзіп кетсе де, бәр:бір әскерге зорлап қызмет еттіреді. Қыйсық қолдыларды да стройға алады, ақсақтарды да алады, қыйтарларды да алады, жарығы барларды да алады, бүкіл нәлеттерді қалдырмай алады, тек аяғынан қалтйып басса болғаны. Бұлай болғанда соғыс бітуге мүмкін бе? Сайтан қырып бітірер ме бұларды!— деп Прохор торығып жолдан шықты, атынан түсті де, ақырын ғана бірдемені миңгірлеп, атының айылын босатты.

Усть-Медведицкаяның қасындағы Хованский хуторына Григорий түнде келді. Үшінші полктың хутор шетіне қойған тосқауылы оны тоқтатып еді, бірақ дивизия ко-

мандирін даусынан танып, Григорийдің сұрағына: дивизия штабы осы хутордың ішінде, штаб начальнигі жүзбасы Қопылов сағат санап күтіп отыр деп жауап берісті. Тосқауылдың сөзуар начальнигі Григорийді штабқа дейін апарып салуға тапсырма беріп, бір казакты бөлді де, ақырында:

— Григорий Пантелевич, жау жағы мықтап бекініп алыпты, біз, сірә, Усть-Медведицаны тез ала алмаспыз. Бірақ кім біледі... Біз жағының күші де мол. Ағылшын әскері келе жатыр екен, Морозовскаядан шығыпты десеңді. Сіз оны естіген жоқсыз ба? — деп сұрады.

— Жоқ, — деп жауап берді Григорий, атын қозғай беріп.

Штабқа арнап алған үйдің терезе қақпақтары тастай жабық екен. Григорий үй ішінде ешкім жоқ шығар деп ойлап қалып еді, бірақ коридорға кірісімен қыза сөйлеген күңгірт дыбысты естіді. Қонақ үйдегі үлкен аспалы шамның жарығы қараңғыдан келген Григорийдің көзін шағылыстырып жіберді де, мұрнына махорка түтінінің ащы қою иісі сап ете қалды.

— Келдің бе әйтеуір! — деді Қопылов қуана, стол үстінде будақтап тұрған темекінің көк бұлты арасынан шыға келіп. — Бауырым-ай, біз сені күте-күте сарылып болдық қой!

Григорий бөлме ішінде отырғандармен амандасты, шинаелін шешіп, фуражкасын алды да, стол жанына келіп отырды.

— Ой, темекіні де тартқан екенсіңдер! Тыныс алуға болар емес. Неменесіне тастай бекітілдіңдер, ең болма-са бір терезені ашсаңдаршы! — деді ол, тыржыйып.

Қопыловпен қатар отырыған Харламбий Ермаков күліп:

— Мұрнымыз темекі ісіне үйреніп болған, тіпті сезбейміз де, — деп шынтағымен терезенің бір көзін түртіп қалып, қақпағын тарс ашып жіберді.

Түнгі таза, салқын ауа бөлмеге емін-еркін құйылып кетті. Шамның оты лап беріп жарқ етті де сөніп қалды.

— Шаруа болсаң осындай бол! Әйнекті неменесіне ойып жібердің? — деді Қопылов наразы тұрмен, қолымен стол үстін ақтарып. — Сіріңке қайсында бар? Байқаңдар, мына жердегі картаның жанында сыя тұр.

Шам жағылды, терезенің бір қақпағы қапсырылды, сонсоң Қопылов асыға сөзге кірісті:

— Мелехов жолдас, майдандағы жағдай бүгінгі күні мынадай: төрт мың шамалы найзалы қол күшімен үш жақтан қорғап қызылдар Усть-Медведицаны бермей тұр. Олардың артиллериясы мен пулемет саны да жеткілікті. Монастырь жанында және басқа да бірқатар жерде траншеялар қазыпты. Обдон биіктері солардың қолында. Алайда позициялары—алдырмастай берік деуге болмайды, дегенмен, баса-жаншып ала қоюға бірталай қыйындық та келтірерлік. Бізге генерал Фицхалауровтың дивизиясы мен офицерлердің тіке шабуыл жасайтын екі отрядынан өзге тұтасымен Богатыревтің бригадасы және бірінші дивизиямыз келіп жетті. Бірақ біздің дивизияның құрамы толық емес, жаяу әскер полкы жоқ, ол әлі күнге Усть-Хоперскаяның маңындағы бір жерде, ал атты әскерлердің бәрі келіп болғанмен, жүздіктердің құрамы толық жыйнақталды деуге болмайды,— деді.

— Мысалы, менің полкымның үшінші жүздігінде болғаны отыз сегіз казак бар,— деді 4-ші полктың командирі подхорунжий Дударев.

— Бұрын қанша еді? — деп сұрады Ермаков.

— Токсан бір болатын.

— Жүздікті неге бетімен жіберіп таратасың? Командирлығың қайсы сенің? — деді Григорий қабағын түйіп, саусақтарымен столды даңғырлатып.

— Сайтан да ұстап тұра алмас оларды! Туған-туысқандарының халін білгелі хутор-хуторға тарап кетісті. Дегенмен, біртіндеп келіп те жатыр. Бүгін үшеуі келді.

Қолылов картаны Григорийге таман ысырды,— бөлімдердің орналасқан жерін шынашағымен нұсқап көрсетіп, сөзін жалғастыра берді.

— Шабуылға біз әлі араласып кеткеніміз жоқ. Тек қана кеше біздің екінші полк жаяу строймен мына бір учасокте шабуыл жасап еді, бірақ сәті болмады.

— Шығын үлкен бе?

— Полк командиріның мәлімдеуі бойынша кешегі күні өлгені және жаралысы бар жыйырма алты адамы қатардан шыққан. Сонымен, күштердің теңбе-теңдігі жөнінде: сан жағы бізде басым, бірақ жаяу әскердің шабуылын қолдауға пулемет жетіспейді, снаряд жағы да жақсы емес. Олардың боепитание<sup>1</sup> начальнигі оқ-дәріні қалай алысымен бізге төрт жүз снаряд және жүз елу мың пат-

<sup>1</sup> Боепитание — әскерді оқ-дәрімен қамтамасыз ететін орын.

рон бермекші болды. Бірақ ол қашан келіп жетеді бізге, ал шабуылды ертеңнен-ақ бастау керек — генерал Фицхалауровтың бұйрығы солай. Тіке шабуылшыларды қолдау үшін ол бізге бір полк бөліндер дейді. Тіке шабуылшылар кеше төрт рет атакаға шықты да, үлкен шығынға ұрынды. Өте қатты қасарысып соғысты! Сөйтіп, Фицхалауров оң қанатты күшейтіп, ұрыстың салмағын мына жерге салындар дейді, көрдің бе? Бұл арада жер жағдайы жаудың окоптарына жүз-жүз елу сажендай таяу келуге мүмкіндік береді. Айтқандай, оның адъютанты жаңа ғана кетті. Ол күш біріктіріп амал ету жөнінде өткізілетін маслихатқа ертеңгі сағат алтыға екеумізге келсін деген ауызша жарлық әкеліпті. Генерал Фицхалауров пен оның дивизиясының штабы қазір Үлкен Сенин хуторында. Жалпылап айтқанда, қазіргі мақсат: Себряково станциясынан қосымша күштері келіп жеткенше жауды дереу шегіндіріп тастау. Донның оң жақ бетіндегі біздің әскер іске онша қызу кірісе алмай тұр... 4-дивизия Хопердан өтіп алды, бірақ қызылдар күшті тосқауылдар қойып, қатты табан тіресіп, темір жолға жібермей, жолын бөгеуде. Қазір олар әзірге Доннан қалқыма көпір салып алып Усть-Медведицкаядан соғыс жабдығы мен оқ дәріні шапшаңдап тасып шығарып жатыр.

— Одақтастар келе жатыр деп былшылдайды казактар, осы рас па?

— Чернышевскаядан бірнеше ағылшын батареясы мен танктері келе жатыр деген сыбыс бар. Бірақ мәселе мынада: олар сол танктерді Доннан қалай өткізбекші? Менімше, танкі келеді дегені — өтірік. Бұл жөнде көптен бері әңгіме болып келеді...

Төргі бөлмеде көпке дейін үнсіз отырысты.

Копылов қоңыр қызғылт түсті офицерлік френчинін түймесін ағытты, алақанымен сарғыш қылтанақ жапқан томпақ жақтарын сүйеніп, ойға шомып, сөніп қалған шылымын ұзақ уақыт тістелей берді. Алшақ біткен дөңгелек кара көздері қалжырап қысыла түскен, кірпік қақпай өткізген түндер сұлу жүзінің ажарын сындырған.

Бір кезде ол шеркеулік-приход мектебінде мұғалімдік қызметін атқарған еді, жексенбі сайын станица көпестеріне қонаққа барып жүріп купчихалармен стуколка<sup>1</sup> соғысып, көпестердің өздерімен кішкентайлап преферанс<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Стуколка — карта ойыны.

<sup>2</sup> Преферанс — бұл да ақша салып ойнайтын карта ойыны.

ойнайтын, гитарды өте шөбер тартатын, сондай ақжарқын көпшіл жас жігіт болатын; сөйтіп ол станицада өмір сүре беріп, сөзсіз пенсияға дейін қызмет еткен де болар еді, бірақ дүниежүзілік соғыста әскер қызметіне алынды. Юнкер мектебін бітіргеннен кейін оны батыс майданға казак полктарының біріне жіберді. Қопыловтың мінезі мен түрін соғыс өзгерткен жоқ. Оның топ-толық аласа бойлы пішінінде, кішіпейілді жүзінде, қылыш тағу тәсілінде, өзінен кіші шенділермен сөйлесуінде жүз жыртыспайтын момақандық, қарапайым кеңсе қызметкерінің мінезі бар еді. Оның даусында командирлық қатандық та жоқ, әскер адамдарынша қысқа, тұжырымды етіп сөйлеуді де білмейтін, офицердің формалы киімі солпыйып, жараспай тұрады, жыйнақтылық, әскери бой түзеушілік дегенді ол майданда өткізген үш жыл бойына үйрене алмай-ақ қойды; осының бәрі оның соғыста кездейсоқ адам екенін дәлелдеп тұратын; нағыз офицерден гөрі ол офицер киімін кигізе салған кәдімгі семіріп кеткен қарапайым адамға көбірек ұқсас еді, дегенмен, тап осыған қарамастан казактар оны сыйлайтын, штаб маслихаттарында оның сөздеріне құлақ қоятын және көтерілісшілер командирлары айқын ақылын, байсалды мінезін және, көзге түсу үшін ғана емес, бірнеше рет көрсеткен шын ерлігін өте бағалайтын.

Григорийдың штаб начальнигі Қопыловқа дейін сауатсыз және ақылсыз Кружилин дейтін бір хорунжий еді. Чир бойында болған ұрыстардың бірінде ол өлгеннен кейін штабты Қопылов қабылдап алып, істі ұқыпты, ақылды түрде, әдісін біліп жүргізді. Ол, бір кездегі оқушылардың дәптерлерін түзеткендей, соғыс операцияларын дайындау ісін штабта шын ниетімен табан жылжытпай отырып жасайтын, алайда керек болған кезде Григорийдың бұйрық сөзі аузынан шығысымен-ақ, штабты тастай беріп, атқа қарғып мініп, өзі бастап полкты ұрысқа алып кіретін.

Штабтың жана начальнигі жөнінде Григорий әуелде теріс пікірде болды, бірақ екі ай ішінде оны жақсылап біліп алды да, бір күні ұрыс соңынан оған турасынан: «Қопылов, мен сен туралы жаман ойда едім, алжасыппын, шынында мынадай болып шықтың, кешіре гөр» деді, Қопылов күлді де үндемеді. Бірақ дөрекілеу түрде болса да мұндай мадақтағанына насаттанып қалған сыяқты.

Атаққұмарлықтан аулақ және тыянақты саяси көзқарасы жоқ Копылов соғысты құтылмайтын бәле деп қарайтын және оның бітуін арман ететін. Міне, ол қазірде Усть-Медведицкаяны күшпен басып алу жолындағы операция қай түрде өріс алып кетер екен деп отырған жоқ, үй ішін, туған станицасын еске түсіріп, бір айға, бір жарым айға демалыс алып, үйге жетіп барса, жаман болмас еді деп ойлап отыр...

Григорий Копыловқа ұзақ уақыт қарап отырды да, орнынан тұрды:

— Жә, атаманец<sup>1</sup> бауырлар, енді тараңдар да ұйқтандар. Усть-Медведицаны қалай алу жөнінде бізге бас қатыратын ешнәрсе жоқ. Ендігі жерде біз үшін генералдар ойлап шешпек. Ертең Фицхалауровқа барамыз, біз сорлыға ақыл-сана үйретіп көрсін... Ал, екінші полк жөнінде былай деп ойлаймын: әзірге билік өзімізде,— полк командирі Дударевті бүгіннен бастап төмендету керек те, барлық шен-ордендерінен айыру қажет...

— Ботқа үлесінен де,— деп сөз қыстырып қойды Ермаков.

— Жоқ, әзілді қоя тұр,— деп әңгімесін соза түсті Григорий,— бүгіннен бастап оны жүздікке көшіру керек те, командир етіп Харлампийды жіберу қажет. Ермаков, тура сонда тарт та, полкты қабылдап ал, ертемен біздің әмірімізді күт. Дударевты ауыстыру туралы қазір Копылов бұйрық жазады, соны өзіңмен бірге ала кет. Көріп жүрмін: Дударев басқара алатын емес. Ол түк нәрсеге түсінбейді, сондықтан казактарды тағы да соққының астына салып жіберуі мүмкін... Жаяу ұрыс дегеніңіз — ол сондай іс... Мұнда командир парықсыз болса — адамдарын жойып алу оп-оңай.

— Дұрыс. Мен Дударевты ауыстыруды қолдаймын,— деп қостады Копылов.

— Ермаков, сен немене, қарсымысың? — деп сұрады Григорий, Ермаковтың жүзінде наразылық тәрізді бір нәрсені байқап қалып.

— Жоқ, іштеме емес. Маған қасымды қағуға да болмай ма?

— Тіпті жақсы. Ермаков қарсы емес. Оның атты әскер полкын әзірге Рябчиков ала тұрар. Михаил Григорич, бұйрық жаз да, жатып ұйқта. Сағат алтыда аяғыңнан

<sup>1</sup> Атаманец — Атаман полкының казагі, гвардияшы.

тік тұратын бол. Көрейік сол генералды. Өзіммен бірге төрт атқосшы ала жүремін.

Қолылов таңдана қасын керді.

— Неге керек оның бәрі?

— Айбынды болу үшін! Біз де жөкеден жөрмелген емеспіз ғой, — дивизия басқарамыз. — Григорий күліп иіндерін сілкіп қойды да, шинелін иығына жамылып, тысқа қарай жүрді.

Ол астына ат жабу төсеніп, аяқкиімін және шинелін шешпестен сарай жаппасының астына жата кетті. Қорада көпке шейін атқосшылар дабырласты, жақын жерде аттар пысқырынып, бір қалыппен шөбін шайнап тұрды. Кепкен тезектің және күндізгі ыстықтан суынып жетпеген жердің исі аңқып шықты. Ұйқылы-оюу қалғып жатқан күйі Григорий атқосшылардың дауыстары мен күлкісін естіп жатты, олардың біреуі — даусына қарағанда жас жігіт болуы керек — атын ерттеп жатып, күрсініп қойып:

— Ой, ағайындар-ай, жалықтырып та болды-ау! Түніне, түн ортасына қарамастан, пакетті аласың да жөнелесің, ұйқы да жоқ, тыныштық та жоқ... Тоқта, деймін сайтан! Аяғыңды тарт! Аяғыңды деймін мен саған! — деді.

Ал, екінші біреуі күнгірттеу қарлыққан жуан дауыспен ақырын ғана:

— «Қызмет шіркін, мазаны алдың, бездірдің. Атты әскерді азаптадың, тоздырдың...» деп әндетіп келді де, аяғын іскер түрде сұрағы аралас шапшаң сөзге айналдырып жіберді: — Прошка, бір тартым темекі сепші! Ойпырмай, барып тұрған сараңсын-ау! Белавин түбіндегі қызыл-әскер ботинкасын бергенімді ұмыттың ба? Нәлетсің сен! Басқа кісі болса, ондай аяқкиімді өмірі ұмытпас еді, сенен бір тартым темекі де сұрап алуға болмайды.

Ат ауыздығын шайнап салдыр-күлдір еткізді. Ол барынша демін ішке толтыра тартыл алды да, тас сыяқты, қатқыл құрғақ жерді тағасымен сарт-сұрт соғып, жүріп кетті. «Бәрінің айтатыны сол... Қызмет шіркін мазаны алдың, бездірдің», — деп күлімсіреп, ішінен қайталады да, Григорий дереу ұйқтап кетті. Көзі ұйқыға кетісімен-ақ бұрын да бір енген түсін қайта көрді: орылған егістіктің құба дөңін қаптап қызыләскерлер шеп құрып келеді. Алдыңғы сап — көз жеткен жерге шейін созылыпты. Оның арғы жағында алты-жеті шеп келе жатыр. Шабуылшылар жақындап қалған, жым-жырт тыныштықтың өзі де

адамды басып-жаншып тұрғандай. Қарауытқан кішкене тұлғалар бірте-бірте зорайып келеді. Сүрініп-қабынып оқ атым жерге жуықтап қалған, құлақшын бөрік киген солдаттар винтовкаларын көлденең ұстап, дыбыс шығармастан жүгіріп келе жатқаны көрініп тұр. Григорий таяздау қазылған окопта жатыр, винтовка шаппасын есі шыға қозғап қойып, жиі-жиі ата түседі: ол атқан сайын қызыләскерлер шалқасынан түсе құлайды. Жаңа обойма салып жан-жағына қарай қалғанда: көршілес окоптардан ұшып түрегелген казактар көзіне түседі. Олар кері бұрыла салып қаша жөнеледі, қорыққаннан олардың түрі де қашып кетіпті. Жүрегінің тарс-тарс соққаны құлағына келіп, Григорий: «Атындар! Нәлеттер, қайда барасындар? Тоқта, кашпаңдар!» — деп айқайлайды. Ол бар күшін сала айқайлайды, бірақ даусы өте әлсіреп кеткен, құлаққа әрең-әрең шалынады. Оның құты қашып кеткен. Ол да ұшып түрегеліп, үнсіз төніп келген қызыләскерді ақтық рет атады, бірақ тигізе алмағанын жақсы сезеді. Қызыләскердің жүзі қызу ерлікпен жайнай түсіпті. Қастары қайқайып, бөркі желкесіне кете, шинельдің етегін беліне түріп алып, ол аяғы жерге тиместен ұшып келеді. Төніп келген жаудың оты жанған көздерін, бұйра сақал көмкере бастаған сұрғылт жақтарын, етігінің кеп-кең қоныштарын, сал төмен түскен винтовканың аузын және оның үстіндегі, жүгіргенде бір жоғары, бір төмен шайқалақтаған найза ұшын Григорий көз ілескендей тез уақыт ішінде анықтап қарап алады. Григорийдің бойын адам айтқысыз қорқыныш билеп кетеді. Ол винтовканың шаппасын қыймылдата түседі, бірақ шалпа тістесіп қалыпты, ырыққа көнбейді, Григорий неғыларын білмей шаппаны тізесіне соғады, бірақ онан да еш нәтиже шықпайды! Қызыләскер бес-ақ адым жерде. Григорий кері бұрыла салып қаша жөнеледі. Алдыңғы жағындағы құба дала жүгірген казактардан шұп-шұбар боп кетіпті. Арт жағындағы қуып келе жатқан жаудың ырсылдағанын, оның аяғының дүрсілдегенін Григорий есітіп-ақ келеді, бірақ қаттырақ жүгіруге дәрмені келмейді. Дымы құрып буыны кеткен аяқты тезірек жүгіруге мәжбүр ету үшін көп күш салу керек. Ақырында ол жарым-жартылай қыйрап қалған бір түнеріңкі бейітке жетеді, оның құлап жатқан қоршауынан қарғып өтіп молашықтардың, қыйсайған крестер мен кішкене шеркеу тәрізді тамдардың ара-арасымен жүгіріп келеді. Тағы да біраз қайрат жұмсаса ол құтылып-ақ кетпекші.



Бірақ сол кезде арттағы дүрсіл үдеп, дыбыс қаттырақ шығады. Қуғыншының ыстық демі Григорийдің мойнын шарпып кеткендей болады да, тап сол мезетте шинелінің белдігі мен етегінен бассалып ұстағанын да сезеді. Қатты айқайлап жіберді де, Григорий оянып кетті. Ол шалқасынан жатыр екен. Тар етік қысқан аяқтары ұйып қалған, маңдайынан мұздай тер шып-шып шығып, бейне бір соққы жегендей, тұлабойы ауырып қалыпты. «Тьфу, бәлекет! — деді ол қарлыға, өзінің даусына рақаттана құлақ салып және осы жаңа ғана бастан кешкеннің бәрі — түс екеніне сенер-сенбесін біле алмай. Сонсоң аударылып қырынан жатып, басын шинельмен қымтай түсті де, ішінен: «Жақын келтіріп, соққысын қағып жіберіп, мылтықтың құндағымен ұрып жығып, сонсоң қашып кету керек еді» деп ойлады. Екінші рет енген осы бір түсті мыйына салып, осының бәрі нашар түс қана, шынында оған әзір таянып тұрған қауіп-қатердің жоқ екенін бірер минуттай қуана ойлап жатты. «Өңдегіден түсте он есе қорқынышты болатыны несі екен, ғажайып емес пе? Қаншама қысылшаң кезеңдерді бастан кешірsem де, мұндай қорқынышты өмірімде кездестірген емеспін!» — деп ойлады ол, ұйқтап бара жатып және ұйыған аяқтарын рақаттана соза түсіп.

## 10

Таң ата оны Копылов оятты.

— Тұр, жүретін уақыт жетті! Сағат алтыға келіп жетсін деген бұйрық бар ғой.

Штаб начальнигі жаңа ғана қырығып, етіктерін тазартыпты және ұйпалақтанып қалған таза френч киіпті. Оның асыққаны беп-белгілі еді: томтайған беттерін екі жерден ұстара кесіп кетіпті. Бірақ оның барлық бейнесінде бұрын оған бітпеген әлдебір кербезденген ықшамдылық бары көрініп тұр.

Григорий оны басынан аяғына шейін сынай қарап шықты да: «Шікіреюін, қарай гөр! Генералдың алдына қалай болса солай киіне салып барғысы келмепті!..» деп ойлады.

Тап оның ой-өрісін іздеп тапқандай, Копылов оған:

— Салдыр-салақ түрде жетіп баруымыз ыңғайсыз болар. Айтатын ақылым — сен де өзіңнің үсті-басынды тәртіпке келтір, — деді.

— Онсыз да бәрібір іліп-қағады, — деп мінгірледі Григорий керіле түсіп. — Сағат алтыға келіп жетуге бұйырды дейсің бе? Сен екеумізге енді бұйыра да бастады ма?

— Заман жаңа — жыр жаңа. Үлкендігіне қарап біз оған мойын ұсынуға міндеттіміз. Фицхалауров — генерал ғой, бізге ол өз аяғынан келе қоймас.

— Солайын солай. Неге ұмтылсақ, соған жеттік те тындық, — деді де, Григорий құдыққа жуынуға кетті.

Үй иесі әйел жүгіріп үйге кірді де, кестелі таза сүлгі алып шығып, иіліп сәлем етіп Григорийге берді. Григорий мұздай су қарып кеткен кірпіштей қызыл бетін сүлгінің ұшымен ашына ысты да, қасына келген Копыловқа:

— Солайын солай, бірақ та генерал мырзаларға мынаны да ойлап қою керек еді: революция болғаннан бері халық та басқаша болып кетті, қайтадан туды дерсің! Ал, генералдар әлі күнге ескі аршынмен өлшеп жүр. Қара да тұр, аршыны сынып та кетер... Бұрылыс кезеңдерде олар өте топас. Сықырламау үшін мыйларын қарамаймен майлар ма еді өздерінің! — деді.

— Сен мұны не жөнінде айтып тұрсың? — деп сұрады Копылов ұмытшақтыққа салынып, жеңіне түскен қыйқымды үргілеп тұрып.

— Олардікінің бәрі ескіге бой ұра береді — міне сол жөнінде айтамын. Герман соғысынан бері менің мына офицерлік шенім бар. Мен оны қан төгіп, еңбек сіңіріп алдым! Ал офицерлер ортасына бара қалсам тура, үйден жалаң ішкиіммен аязға шыққандай боламын. Маған слардан сондай ызғар лебі соғады — тіпті бүкіл арқам сезіп, шіміркеніп кетемін! — деп Григорий байқамай дауыстап жіберді де, көздері құтырына жарқ ете қалды.

Копылов наразы түрде жан-жағына қарап қойды да, сыбырлап:

— Жайырақ сөйле, атқосшылар тыңдап тұр, — деді.

— Айтшы, бұл неліктен? — дел даусын бәсеңдетіп, сөзін жалғастыра берді Григорий. — Мен олардың ішіндегі ақ қарғамын — міне бұл содан. Оларда — қол болса, ал менде қол орнына — мүйізденіп күс басып кеткен тұяқ! Олар аяғын сарт еткізіп тік тұрып қалса, ал мен қалай бұрылсам да — бәрібір көрінген нәрсеге қақтығып қаламын. Олардан иісті сабын мен түрліше қатындар жағынатынның иісі шығатын болса, ал менен аттың несебі мен тердің иісі аңқыды. Олар шетінен ғалым, ал мен шеркеу мектебін зорға бітірдім. Мен басымнан бақайыма шейін

жат жанмын оларға — өгей баладаймын. Міне, мұның бәрінің неліктен екені осыдан! Мен олардан шыққанда бетіме бір шырмау — өрмекшінің өрмегі ілініп тұрғандай болады да — әрі сондай жұғымсыз, әрі жыбырлатып мазамды алатын сыяқты, тіпті үсті-басымды үнемі тазартқым келіп тұрады.— Григорий сүлгіні құдықтың шегеніне тастай берді де, сүйек тарақтың сынығымен шашын тарады, қараторы дидарында күн шалмаған маңдайы айрықша ағарып көрінеді. — Әкесін танытып, ескінің бәрі опырыла құлал түскенін олар ұққысы келмейді! — деді Григорий енді ақырын сөйлеп.— Олар бізді басқа қамырдан иленген, қарапайым халықтың арасынан шыққан, оқымаған адам, мал сыяқты деп ойлайды. Мені, яки мен сыяқтыларды әскер ісін олардан аз біледі деп ойлайды. Ал қызылдардың командирлары кім? Буденный — офицер ме? Ескі әскердің вахмистрі, сол емес пе бас штабтың генералдарының әкесін танытқан? Өкшесі жерге тимей офицер полктары содан қашқан жоқ па еді? Гусельщиков — казак генералдарының ішіндегі ең жау жүректісі, атақты генерал; тап сол емес пе өткен қыста Усть-Хоперскаядан жалғыз ішкііммен салт қашып үлгірген? Оның табанын тайдырған кім екенін білесің бе? Кәдімгі-ақ мәскеу слесары — қызыл полк командиры. Ол туралы соңынан тұтқындар әңгімелеген-ді. Осыны түсіну керек! Ал, мына біз, оқымаған офицерлер, казактарды көтеріліске нашар бастадық па? Генералдар бізге көп жәрдем етті ме?

— Аз жәрдем еткен жоқ,— деп жауап берді Копылов маңызды түрде.

— Мүмкін, Кудиновке жәрдем еткен шығар, ал мен басқаның ақылын тындамай-ақ, ешбір жәрдемсіз-ақ қызылдарды соққылап келемін.

— Демек, сен соғыс ғылымын мойындамайсың ба?

— Жоқ, мен ғылымды жоққа шығармаймын. Бірақ, шырағым, соғыста ең керек нәрсе ол емес.

— Пантелеевич, енді немене?

— Не үшін соғысасың,— міне, соны білу керек...

— Әрине, бұл басқаша әңгіме...— деді Копылов құлағын тіге.— Өзінен өзі белгілі... Бұл істе идея — ең керектісі. Не үшін соғысатынын жақсы білген адам және сол ісіне мейлінше сенген адам ғана жеңіп шығады. Әлем қандай кәрі болса, бұл да сондай көптен келе жатқан кәрі шындық, мұны сен бекер-ақ жаңадан өзің ашқансый-

сын. Мен ескі заманды, ескі мейірімді заманды қолдаймын. Олай болмағанда, мен әлдеқайда барып, әлдене үшін соғысуға бір саусағымды да қыбырлатпаған болар едім. Бізге ергендердің бәрі — бүлік шығарған халықты басушы, өздерінің ескі айрықша праволарын қару-жарақтың күшімен қорғаушы аламдар. Сол басушылардың есебіне мына біз де кіреміз. Алайда, мен сені, Григорий Пантелеевич, көптен сынап, байқап жүрсем де, түсіне алмай-ақ қойдым...

— Соңынан түсінерсің. Кәне, жүрейік, — дей салды да, Григорий сарайға кетті.

Григорийдің әрбір аяқ басқанын аңдып жүрген үй иесі әйел оның көңілін табуға тырысып:

— Мүмкін, сүт ішерсіз? — деді.

— Рақмет, мамаша, сүт ішіп жатуға уақыт жоқ. Соңынан көрерміз.

Сарай жанында Прохор кесемен айранды бар ынта-сын сала ішіп тұр еді. Атының тізгінін шешіп жатқан Григорийге қарап, ол кірпігін де қаққан жоқ. Көйлегінің жеңімен аузын сүрте салды да:

— Алысқа барасың ба? Мен де барайын ба сенімен? — деп сұрады.

Григорий ашу қысып бұрқырап кетті, ол зәрлене шапнап:

— Әй, сен, оңбаған сұмырай, өз қызметінді білмейсің бе? Ат неге ауыздығымен тұр? Маған атты кім әкеліп бермекші! Түпсіз зымран! Үнемі сылпылдатып соғасын да отырасың, құлқыныңды тойдыра алмайды екенсін сен-ақ! Жә, таста қасықты! Тәртіпті білмейсің!.. Сайтанның сапалағы! — деді.

— Сен осы неге бұліндің сонша? — деп миңгірледі Прохор өкпелеп, ерге былшыйып отырып алып. — Бостан-босқа бақырасың. Сенің де асқан ақ иықтығың шамалы. Маған жолға шығар алдында жүрек жалғап алуға болмайды ғой, шамасы? Апыр-ау, неге даурығасың сонша?

— Сен менің басымды жұтасың, сүмелек, міне сол себепті! Менімен осы қалай-қалай сөйлесесің өзің? Қазір генералға барамыз, көзінді ашып қара!.. Әйтпесе ағайынгершілікке әбден бой үйретіп алғансың. Мені кім деп тұрсың өзің? Бес адым кейін жүр соңымнан! — деп бұйырды Григорий қақпадан шыға беріп.

Прохор және басқа үш атқосшы кейінірек қалып қойды да, Қопыловпен қатар жүріп келе жатқан Григорий бастаған әңгімесіне кірісіп, мысқылдап:

— Жә, сен неліктен түсінбейсің? Мүмкін, мен саған ұғындырармын? — деді.

Дауыс ырғағы мен сұрақ түріндегі мысқылды байқамай, Қопылов жауап қайырып:

— Бұл істегі сенің позицияңды ұқпаймын, менің түсінбейтінім міне осы! Бір жағынан сен — ескілікті жақтаушы күрескерсің, ал екінші жағынан, әлдебір, — қатты айтсам кешір, — сен өзің большевик сыяқтысың, — деді.

— Менің большевиктігім неде? — Григорий қабағын түйді де, ер үстінде жұлқына қозғалып қойды.

— Большевиксің демеймін, большевикке ұқсассын деймін.

— Бәрібір. Ұқсастығым неде? Айтшы.

— Офицерлер қауымы жөніндегі, олардың саған қалай қарайтыны туралы әңгімелерінде. Солардан осы сенің тілейтінің не? Өзін жалпы не тілейсің? — деп қамшы сабын ермек етіп, аккөңіл шыраймен күлімсіреп Қопылов қазбалай түсті. Ол әлденені қыза талқылап келе жатқан атқосшыларға қарап алып, қаттырақ сөйлеп жіберді. — Тең праволы адам есебінде олар сені өз орталарына кіргізбейді, саған тәкаппар қарайды — міне осы ғой сенің өкпелейтінің. Бірақ олардың көз қарасынша, бұл дұрыс, мұны біліп қою керек. Дұрысында, сен офицерсің, бірақ офицерлер арасында сен мүлде кездейсоқ офицерсің. Артық сөзімді кешір, офицер погонын тағып жүргеннің өзінде де сен баяғы дәрекі казаксың. Сен сыпайы манер дегенді білмейсің, қате және дөкір сөйлейсің, тәрбиелі адамға тән керекті қасиеттердің сенде бір де бірі жоқ. Мысалы: мәдениетті адамдарша, қолорамал пайдаланудың орнына сен қос саусақты селбей сіңбіресің, тамақ жегенде қолыңды я етігіңнің қонышына, я шашыңа сүрте саласың, жуынғаннан кейін аттың жабуымен сүртінуге де жиренбейсің, қолыңның тырнақтарын не тісіңмен тістеп қырқасың, не қылыштың ұшымен кесіп түсіресің. Және тағы мұнан да сорақысы сол: қыстыгүні сен Каргинскаяда ерін казактар тұтқынға алған бір оқымысты әйелмен сөйлесіп тұрып шалбарыңның түймесін салдың, қасыңда мен бар болатынмын, есінде шығар...

— Олай болса, мен шалбарымның түймесін ағытулы

қалдырғаным жөн болады екен ғой? — деп сұрады Григорий, тұнжырай езу тартып.

Олардың аттары бүйіріне бүйірі түйісе аяңмен келе жатты да, Григорий көзінің астымен Копыловтың мейрімді жүзіне қарап қойып, ренжісе де оның сөзін тыңдай берді.

— Әңгіме онда емес! — деп дауыстап жіберді Копылов, ызалана қабағын тыржыйтып. — Өзің жалаңаяқ, шалбаршаң ғана отырып сол әйелді қалайша қабыл еттің, соны айтшы? Сен тіпті кителінді де иығыңа ілмедің, есімде, мұны мен өте жақсы білемін! Әрине, мұның бәрі ұсақ мәселе, бірақ бұл сенің... Қалай деуге болады...

— Айта сал шеберлемей-ақ!

— Сенің өте мәдениетсіздігіңді көрсетеді. Ал, қалай сөйлейтініңді білесің бе? Масқара! Және әрбір сауатсыз адам сыяқты, шет тілдің дыбысы күшті сөздеріне есін кеткенше құмар-ақсың, оны керек жеріне де, керексіз жеріне де қолданасың, сұмдық бұзып сөйлейсің, ал штаб мәслихаттарында сенің көзінше біреу кәдімгі белгілі әскер терминологиясынан дислокация, форсирование, диспозиция, концентрация сыяқты сөздер кіргізіп сөйлесе, сен сол сөйлеушіге аузыңды ашып қаласың, тіпті қызғана қарайсың десем де боларлық.

— Ал, мұның енді былшыл! — деп дауыстап жіберді Григорий, жүзіндегі ақжарқын шырай жоғалып кетті. Атының қос құлағының арасын сыйпап, жал астындағы жібектей жұмсақ жылы тәнін қасып түсті де, ол: — Жә, айта бер, жер-жебіріне жет командиріңнің! — деді.

— Бері қара, жер-жебіріне жететін несі бар! Бұл жағынан онып тұрмағаның онсыз да өзіңе айқын болуға тиіс. Осыдан кейін сені офицерлер тең санамайды деп өкпелейсің. Сыпайылық, білімділік мәселесінде сен тура қалқып жүрген қалтқысың! — Копылов байқаусызда аузына келіп қалған тіл тигізерлік сөзді айтып салды да, өзі қорқып кетті. Ол Григорийдің ашуы келгенде өзін-өзі ұстай алмайтынын білетін-ді, сондықтан бұрқ ете қала ма деп сасып қалды, бірақ Григорийге жалт қарады да, көңілі лезде жай тапты: ер үстінде шалқая түсіп, мұрт астынан ақсыйған тістері жарқырай, Григорий дыбысын шығармастан сылқ-сылқ күліп келеді екен. Сөйтіп, Копыловқа өз сөздерінің нәтижесі де сондай оқыс, Григорийдің күлкісі де сондай әсерлі көрініл: — Міне көрдің бе, басқа, парасатты біреу болса, мұндай сөгіс сөзге жылар еді,

ал сен оқыранып келесің... Мәжнүн емес деп кім айтар сені? — деп өзі де бірге күліп алды.

— Сонымен, сен мені қалтқы дейсің бе? Е, мейлі, оттай беріңдер! — деп салды Григорий, күліп болып.— Сендердің әдептіліктерің мен сыпайылықтарыңды үйренгім де келмейді. Өгіз жанында жүретін маған бұлардың керегі де жоқ. Құдай қалап — тірі болсам,— маған өгізбен әрекет етуге тура келеді. Сонда оларға тағзым етіп: «Ой, әрегірек тұрыңыз, қасқабас; Шұбар, сіз ғапу етіңіз! Сіздің мойынтұрығыңызды жөндеп жіберуге рұқсат етіңіз! Мейірімді тақсыр, өгіз мырза, бороздалықты шалқайтлауыңызды бас ұрып тілек етемін!» — деп жатпаспын. Оларға қысқасынан: цоб•цобэ, деу керек, міне барлық өгіз дисклокациясы осы.

— Дисклокация емес, дислокация! — деп түзеді Копылов.

— Жарайды, дислокация-ақ бола қойсын. Ал міне, бір мәселеде мен сенімен келісе алмаймын.

— Не мәселеде?

— Мені — қалтқы дегеніңе. Мен мына сендерде ғана қалтқымын, кішкене тоқтап тұр, уақыт бер, қызылдарға өтіп алайын, оларда мен қорғасыннан да ауырырақ боламын. Онда әдепті, білімді арамтамақтар менің қолыма түсе көрмендер! Өгін ту сыртынан жармай алармын! — деді Григорий қалжыңды-шынын араластыра, сөйдеді де атты тебініп қалып, бірден сар желіске салып жіберді.

Обдонье үстіндегі таң сондайлық нәзік иірілген тыныштық шымылдығына оранып тұрған сыяқты, тілгі болмашы ғана дыбыстың өзі де оны жыртып, жаңғырық береді. Далада тек бозторғайлар мен бөденелер ғана өкімін жүргізуде, бірақ шектес жатқан хуторларда кәдімгі ірі-ірі әскер бөлімдері бір жерден екінші жерге ауысқанда кездесетін, дамылсыз шығатын ақырын гүріл құлақтан кетпейді. Жол соқпағында зеңбірек пен заряд салатын жәшіктердің дөңгелектері даңғырлайды. Құдық жанында аттар кісінейді, өтіп бара жатқан пластун<sup>1</sup> жүздіктерінің бір қалыппен жұмыла басқан жұмсақ адымдары дік-дік етеді, майдан линиясына қару-жарақ, оқ-дәрі тасыған қарапайым халықтың көк арбалары мен жайдақ арбалары салдырлайды; жорық асханасының маңынан бөрткен сөк-

<sup>1</sup> Пластун — жербауырлаушылар.

гін, лавр жапырағымен дәмдеген ет аралас ботқанын және жаңа піскен нанның исі аңкыйды.

Усть-Медведицкаяның нақ түбінде жиі-жиі атылған мылтық даусы шартылдайды, жалқаулау және үнділеу түрде сирек шыққан зеңбірек атысы дүңк-дүңк етеді. Ұрыс жаңа ғана басталып келеді.

Қажыған реңді мосқал адъютант:

— Бірінші көтерілісшілер дивизиясының командирі Мелехов және дивизияның штаб начальнигі Қолылов, — деп мәлім еткен кезде генерал Фицхалауров ертеңгі тамағын ішіп отыр еді.

— Менің бөлмеме кірсін, — деді де, жұмыртқаның қабығы лық толған тарелканы Фицхалауров жуан сінірлі үлкен қолдарымен ысыра салды, асықпастан бір стакан жаңа сауылған жебінді сүт ішті, сулық орамалды мұқияттап бүктеді де, стол жанынан тұрды.

Қазак үйінің есіктерінің маңдайшалары қыйсайған, терезелері сығырайған титтей төр бөлмесінде бойы бір сажен, қарттықтан ауыр тартқан іркілдек денелі генерал шындыққа жараспастай өте ірі көрініп кетті. Мінсіз тігілген мундирының тік жағасын жүріп бара жатып түзеп, шаңқылдата жөтеліп, генерал көрші бөлмеге шықты, орнынан түрегелген Қопылов пен Григорийге болмашы ғана бас иді де, қол берместен, ыммен нұсқап, оларды стол жанына шақырды.

Қылышын қолымен икемдей, Григорий ептеп кана отырғыштың шетіне отырды да, көзінің қыйығымен Қопыловқа қарап қойды.

Салмағынан сықыр ете түскен венский орындыққа Фицхалауров зілдей боп отыра кетті, серейген аяқтарын бүгерледі де, ірі қолдарын тізесіне қойып, қою жуан дауыспен сөйлей бастады:

— Офицер мырзалар, мен сіздерді кейбір мәселелерді келісіп алу үшін шақырдым... Көтерілісшіл партизаншылық аяқталды! Сіздің бөлімдеріңіз өз алдына дербес бүтін әскер есебінде тіршілік етуін енді қояды, олар өзі, дұрысында, дербес бүтін әскер болған да емес. Бұл — фикция. Бұл бөлімдер Дон армиясына қосылмақшы. Біз жоспарлы түрде шабуыл жасауға көшіп отырмыз, мұның бәрін ұғатын және жоғарғы командованиенің бұйрықтарына сөзсіз бойсұнатын мезгіл жетті. Жауап беріңізші, неге сіздің жаяу әскер полкы кеше тіке шабуыл жасаушы батальонның шабуылын сүйемелдемеді? Менің бұйрығы-



ма карамастан, полк неге атакаға шығудан бастартты?

Командирі кім сендердің әлгі дивизия дейтіндерінің?

— Мен, — деп жауап берді Григорий ақырын ғана.

— Сауалға жауап беріп көріңіз?

— Мен дивизияға кеше ғана келдім.

— Сіз қайда болып едіңіз?

— Үйге соға кеткелі бұрылғам-ды.

— Соғыс операцияларының уақытында дивизия командирі үйінде қонақ болып жүреді! Дивизияда — басыздық! Тәртіпсіздік! Жүгенсіздік! — Генералдың жуан даусы тар бөлмеде бірден-бірге қаттырақ гүрілдей бастады, есік алдында адъютанттар сыбырласып, күлісіп, аяғының ұшынан басып жүре бастады, Копыловтың беті бірте-бірте молырақ қуқылданды, ал Григорий алкүреңденіп кеткен генералдың бетіне, оның түйілген ісініңкі жұдырықтарына қарап, өзін де тоқтата алмастық ашу кернеп бара жатқанын сезді.

Фицхалауров кенет ұшып түрегелді, — отырғыштың арқасынан ұстап алып, айқайлап:

— Сіздердікі әскери бөлім емес, ойдан-қырдан жыйналған қызылгвардия!.. Қазак емес, азғындар! Мелехов мырза, сізге дивизияны басқару емес, денщик болып істеу кол!.. Етік тазартқан жөн! Есітіп тұрсыз ба? Бұйрық неге орындалмады?! Митинг өткізбегендіктен бе? Талқыламағандықтан ба? Сіздердің жолдас дейтіндеріңіз мұнда жоқ және большевиктердің тәртібін құруға рұқсат ете алмаймыз!.. Рұқ-сат ете ал-май-мыз!.. Мұны басыңыздағы бөркіңіздей көріңіз! — деп дауыстады.

— Мен сіздің маған ақырмауыңызды өтінемін! — деді Григорий. кату түрде және орнынан тұрып, отырғышты аяғымен ысыра салып.

— Сіз не дедіңіз?! — деп столға асыла еңкейіп, ашудан тынысы тарылып, Фицхалауров ғыр-ғыр етті.

— Маған ақырмауыңызды өтінемін! — деді Григорий қаттырақ қайталап. — Сіз бізді мәселе шешу үшін шақырдыңыз... — Бір секундтай үндемей қалды да, төмен қарап Фицхалауровтың қолынан көзін айырмастан, сыбырлағандай дерлік даусын бәсеңдетіп: — Ал енді сіз, жоғары дәрежелі мырза, маған сыңар саусағыңызды тигізбек боп әрекет етсеңіз де, — тұрған жеріңізде шауып тастаймын! — деді.

Бөлмеде сондай тып-тыныш бола қалды, тіпті Фицхалауровтың еңтіге дем алғаны да ап-айқын естіліп тұрды.

Бір минуттай тым-тырыс боп тұрды. Есік сәл ғана сықыр ете қалды. Саңылаудан үрейі ұшып кеткен адъютант сығалады. Есік еппен білдіртпей қайта жабылды. Григорий қылыштың сабынан қолын алмаған күйі түрегеліп тұр. Қопыловтың тізесі көзге ілінер-ілінбес дір-дір етті де, көздері әлдеқайда қабырғаны кезіп жүрді. Фицхалауров орындыққа салмақпен отыра кетті де, қарттарша уһлед, мінгірлей бастады:

— Келісті-ақ іс! — деді аса салмақты түрде, бірақ Григорийге қарамастан: — Отырыңыз. Қызараңдастық — сол жетер. Ал енді тыңдаңыз: бүкіл атты әскер бөлімдерін дереу... Ау, отырсаңызшы!..

Григорий отырды да, кенеттен бетіндегі молынан сорғалап кеткен терді жеңімен сүртті.

— ... Сонымен, бүкіл атты әскер бөлімдерін дереу оңтүстік-шығыс учаскокке жіберіңіз де, тезінен шабуылға аттаныңыз. Оң жақ флангіңіз әскер старшинасы Чумыковтың екінші батальонмен түйісіп, қоян-қолтық әрекет етерсіз...

— Дивизияны мен онда апармаймын, — деді де, баяулау түрде Григорий орамал алуға шалбарының қалтасына қолын салды. Натальяның шілтерлі қол орамалымен тағы да маңдайының терін сүртіп: — Дивизияны мен онда апармаймын, — деп қайталады.

— Неге?

— Қайта топтау көп уақыт алады.

— Оның сізге қатысы жоқ. Операцияның нәтижесіне мен өзім жауап беремін.

— Жоқ, қатысы бар, жауап беретін жалғыз сіз ғана емес..

— Сіз менің бұйрығымды орындаудан бастартасыз ба? — деп сұрады Фицхалауров қырылдап, көрер көзге шыдамай, өзін өзі зорға тежеп.

— Ия.

— Олай болса дивизияны басқару ісін қазірден бастап тапсыруға тырысыңыз. Менің кешегі бұйрығымның неге орындалмағаны енді маған түсінікті...

— Мұны қалай түсінсеңіз солай түсініңіз, бірақ мен дивизияны тапсыра алмаймын.

— Сізді қалай деп түсінуге болар екен?

— Мен қалай дедім, солай түсінесіз, — деп, Григорий болар-болмас езу тартты.

— Дивизияны басқару ісінен мен сізді босатамын! —

дегенде Фицхалауровтың даусы саңқылдай түсті де, Григорий жалма-жан орнынан түрегелді.

— Мен сізге бағынбаймын, жоғары мәртебелі мырза!

— Жалпы айтқанда, сіз өзіңіз, сірә, ішкімге бағынасыз ба?

— Ия, көтерілісшілер күшінің қолбасшысы Кудиновқа бағынамын. Ал, сізден мына сөздердің бәрін естуім тіпті ғажап... Әзірге сіз бен біз тең праводамыз. Сіз дивизияны басқарасыз, мен де солай. Сондықтан әзірге маған қоқандаманыз... Мені жүздік командирі етіп көшірген кезде әміріңізді айтарсыз, онда құба-құп. Бірақ төбелесуге... — Григорий кір-кір сұқ бармағын шошайтып әрі күлімсірей, әрі ашумен көзі шатынап: — Төбелесуге онда да жол бере алмаспын! — деп сөзін аяқтады.

Фицхалауров орнынан тұрып, қылқындырған жағасын жөнделді де, сәл басын ие:

— Бізге ендігі жерде сөйлесетін сөз қалған жоқ. Қалай тілесеніз, солай істеміз. Сіздің мінез-құлқыңыз жөнінде армия штабына дереу хабар етемін, көзіңізді жеткізе айтайын, нәтижесі кешікпей-ақ білінер. Біздің әскери-дала сотымыз әзірге мүдіріссіз істеп келеді, — деді.

Қопыловтың үмітсіз көзқарасына назарын аудармасаң, Григорий фуражкасын баса киіп, есікке қарай жүрді. Ол босағаға тоқтай қалып:

— Сіз тиісті жеріне хабарлай беріңіз, бірақ мені қорқытпаңыз, қорқытар адамыңыз мен емеспін... Және әзірінше маған тиіменіз. — Сәл ойланды да: — Өйткені менің казактарым сіздің өзіңіздің дал-дұлыңызды шығарып жүрмегей еді деп қорқамын... — деп қосып қойды сөз аяғында. Есікті теуіп ашты да, қылышын сарт-сұрт еткізіп, кере адымдай сенекке қарай аяңдады.

Абыржыған Қопылов баспалдаққа шыққанда оның соңынан қуып жетті.

— Пантелеевич, сен есіңнен айырылғансың ғой деймін! — деп сыбыр етті ол, не істерін білмей өз қолын өзі қысып.

— Аттарды әкел! — деп ақырды Григорий қамшысын жұмарлап.

Прохор баспалдаққа жың соққандай жетіп келді. Қақпадан әрі шыққан соң Григорий артына қарады: әдемі ер-тұрман ерттеулі зәулім атқа мінгізгелі генералға үш атқосшы әбігерлене жәрдем беріп жатыр екен...

Үндеместен жарты шақырым жер шапты. Григорий-

дің әңгімелесуге бейім емесін және онымен қазір таласудың қатерлі екенін түсініп Копылов тіл қатпады. Ақырында Григорийдің дәті шыдамады.

— Неге үндемейсің? — деп сұрады ол жұлып алғандай... — Сен неге бола бардың? Куә болуға ма? Жымжырт ойнауға ма?

— Шырағым, сен де өнерді шығардың-ау!

— Е, ол шығармады ма өнерді?

— Айталық, онікі де дұрыс емес. Оның бізбен сөйлескендегі сөз сарыны тура зығыр қайнатарлық!

— Бізбен ол өзі сөйлесті ме әуелі? Бастан-ақ бақырып қоя берді ғой, сондай-ақ құйрығына біз сұғып алғандай!

— Алайда сен де тамашасың! Соғыс жағдайында шені жоғары адамға бағынбау деген, шырағым, бұл...

— Бұл дейтін оның ештемесі жоқ! Әттең, ол маған қол көтермеді! Мен оны қақ маңдайдан қылыштың жүзімен тартып жіберіп бас сүйегін шытыр еткізген болар едім!

— Мұнсыз да саған енді жақсылық күтуге болмайды, — деді Копылов наразы үнмен, сөйдеді де атының басын тежеп, аяққа салды. — Көрерсің, олар енді тәртіпті күшейте бастайды, сақ бол!

Пысқыра түсіп, қыл құйрықтарымен бүгелекті жасқай, екеуінің аттары қаз-қатар жүріп келе жатты. Копыловқа келекелей қарап алып, Григорий сұрақты жаудыра бастады:

— Сен осы неменеге бола әдемі киіндің, ә? Балкім, сені шаймен сыйлайды деп ойлаған шығарсың? Стол жанына ақ қолымен қолтықтап апарады деген боларсың? Қырындың, френчінді тазарттың, етіктерінді жылтыраттың... Орамалыңды түкіріктеп алып тізелеріндегі дақтарды қалай ысқылағаныңды мен көріп тұрдым!

— Қойшы, рақмет жауғыр! — деп Копылов қызарып, қорғана түсті.

— Еңбегің зая кетті! — деп келемеждеді Григорий. — Басқасын қойып, тіпті сені қолына да жақындатпады ғой.

— Сенімен бірге жүргенде мұнан да басқасын күтуге болар, — деп тез-тез мінгірлей түсті де, Копылов көзін сығырайта қарап, тандана-шаттанып: — Мына қара! Бұл біздің адамдар емес. Одақтастар! — деп айқайлап жіберді.

Бұларға қарсы шолақ тар көшемен алты қашыр жеккен көлік ағылшын зеңбірегін әкеле жатыр еді. Жанында жирен шолақ атқа мінген ағылшын офицері келеді. Ал-

дыңғы жегімде отырған адам ағылшын формасын киген, бірақ фуражкасының төбелігінде орыс офицерінің кокардасы бар және өзі поручик погондарын тағыпты.

Григорийге бірнеше сажен жер қалғанда офицер пробка шлемінің құнқағарына қос саусағын таяды да, иек қағып, жол беруін өтінді. Шолақ көше тап-тар екен, атты бұрып, тас дуалға тақап қойғанда ғана қарсы келгендерді зорға өткізіп жіберуге боларлық еді.

Григорийдің жағындағы бұлшық еттері ойнақшып шыға келді. Ол тістенген күйі офицерге тура жүрді. Офицер таңдана қасын керді де, сал шеттей түсті. Ағылшын краганы<sup>1</sup> тырсыйта киген оң аяғын арғымақ биесінің жылтылдаған жап-жалпақ сауырына салғанда ғана екеуі әрең-әрең жанасып өтіп кетті.

Артиллерия қызметшілерінің бірі, сырт пішініне қарағанда бұл да орыс офицері, Григорийге ашулана қарап алды.

— Сіз жол беруге тиіс едіңіз ғой! Тап осы жерде де мәдениетсіздігіңізді көрсету керек пе еді?

— Сен, қаншықтың желіні, өтіп кет те аузыңды жап, айтпесе мен саған жол беруді көрсетермін!...— деп ақыл айтты оған Григорий ақырын ғана.

Офицер төс темірдің үстінен көтеріле, арт жағына қарап:

— Мырзалар! Тоқтатындар ана арсызды! — деп айқайлады.

Қамшысын кезене үйіріп Григорий шолақ көшемен аяндап аса берді. Қажыған, шаң басқан артиллеристер, шетінен мұртсыз жат-жас офицерлер, оған қастық шыраймен айнала көз жіберісті де, бірақ ешқайсысы тоқтауға әрекет жасамады. Алты зеңбіректі батарея бұрылыста көзден таса болды да, Копылов ернін тістей, Григорийге кимелей жетіп келді.

— Сен жынданып кеттің білем, Григорий Пантелеевич! Мінезің баланың мінезіндей!

— Немене, сені маған тәрбиеші етіп қойып па еді? — деп беттен ала түсті Григорий.

— Сенің Фицхалауровқа ашуланғаның маған түсінікті, — деді Копылов нығын бүлк еткізіп, — ал, мына ағылшынның не жазығы бар еді? Әлде саған оның шлемі ұнамады ма?

<sup>1</sup> Крага — ботаниканың үстінен кететін белек қоныш.

— Маған оның тап осы жерде, Усть-Медведица түбінде кигені ұнамайды... басқа бір жерде кесе дұрыс болар еді.. Екі ит таласып жатқанда — білесің бе, үшіншісі араласпасын?

— Солай ма? Сен шетелдің араласуына қарсы екенсің ғой? Бірақ, менімше, алқымнан алып жатқан кезде — қандай жәрдем болса да қуанарсың.

— Ал, олай болса сен қуана бер, мен болсам өз жерімізге оларды аттатып та бастырмас едім!

— Сен қызылдардағы қытайларды көрдің бе?

— Жә?

— Мұның бәрі бір емес пе? Ол да шет жердің жәрдемі ғой.

— Сенің мұның бекер сөз! Қызылдарға қытайлар өз еркімен келді.

— Ал мыналарды, сеніңше, мұнда зорлап әкелді ме?

Григорий жауап айтарлықтай сөз таппай қалды, зорлана ойлаған күйі ұзақ уақыт үнсіз келе жатты да, сонсоң:

— Міне, сіздер, оқымысты адамдар, бойлай солай етесіз... Қар үстінде ізі қалған қоянның жалтарыс қарғуындай, бұлтарыс жасаумен боласындар! Мен, шырағым, қазір сенің дұрыс сөйлемей келе жатқаныңды жақсы сеземін де, бірақ қалай етіп аузыңды аштырмай тастауды білмеймін... Кәне, бұл жөнінде сөзді қояйық. Шатастырма мені, сенсіз де өзім шатасулымын! — деді. Оның даусында ашықтан ашық ыза лебі бар еді.

Копылов өкпелеп, үндемеді де, енді қайтып олар пәтерге жеткенше сөйлеспеді. Жалғыз-ақ әуестік азабы батқан Прохор оларды қуып жетіп сұрай кетті:

— Григорий Пантелевич, бекзатым, айтшы құдай ақына, әлгі кадеттердің зеңбірекке жеккені қандай айуан? Құлақтары кәдуілгі есектің құлағындай, ал басқа жағы — аумаған жылқы тұлғасы. Мұндай малға тіпті қараудың өзі де ыңғайсыз... Бұл қандай сайтан, қандай тұқым — түсіндіре гөр, әйтпесе біз ақша салып бәс тігіскенбіз... — Ол бес минуттай ере жүрді де, жауап ала алмаған соң кейінірек қалып, басқа атқосшылардың маңына жете бергенде, сыбырлап: — Жігіттер, олар тіл қатпастан кетіп бара жатыр, сірә, қайран қалып, жарық дүниенің жүзінде мұндай былықпайдың қайдан шығатынын өздері де мүлде білмейді-ау деймін... — деді.

Таяз окоптарынан казак жүздіктері төртінші рет тұрып, қызылдардың пулеметтерден жаудырған сұрапыл оғына шыдамай төрт рет қайта жатты. Сол жақ жағалаудағы орманды паналаған қызыләскер батареялары казактардың позицияларын және жар ішіне жыйналып жатқанын күштерін таңсәріден бастап тоқтаусыз атқылауда.

Шрапнельдің сүттей ақ, тез ерігіш бұлттары Обдон биіктерінің үстінде бұрқ-бұрқ етеді. Казак окоптарының қыйсық-қыйсық линиясының алдынан да, артынан да оқтар бурыл шанды уыстап-уыстап қабады.

Түске қарай ұрыс лаулап қызды да, батыс желі артиллерия гүрілін, Дон бойын қуалай, алысқа жеткізіп жатты.

Көтерілісшілер батареясының бақылау пунктінен Григорий дүрбімен ұрыстың барысын қадағалап қарады. Өлгеніне қарамастан, жүгіре, бой тасалап офицер роталарының қалайша қасарыса шабуыл жасап жатқаны оған көрініп тұрды. Оқ оты үдеген кезде олар окопқа бой тасалап жатып алады да, тағы да жүгіре жөнеліп, жаңа орынға иек сүйейді; ал солға таман, монастырь жақ беттегі көтерілісшілердің жаяу әскері орнынан ешбір көтеріле алмады. Григорий сыза салып, Ермаковқа байланысымен записка жіберді.

Жарты сағаттан кейін күйіп-пісіп Ермаков шауып келді. Батареяның ат байлайтын кертесінің жанында ол аттан түсе салып, — демін зорға алып, бақылаушының окобына көтерілді.

— Казактарды орнынан тұрғыза алатын емеспін! Тұрмайды! — деп ол қолын қайта-қайта бұлғап, анадайдан ақ айқайлап жіберді. — Біздің жыйырма үш кісімізді жоқ қып жіберді! Қызылдардың пулеметпен қалай қыркып жатқанын көріп тұрсың ба?

— Офицерлер жүріп-ақ келе жатыр ғой, өз адамдарыңды тұрғызуға сенің шамаң келмейді, ә? — деді Григорий, тістенгеннен сөзін сыздықтата шығарып.

— Қарасайшы, олардың әр взводында бір қол пулеметтең де, патрондары басынан асып жатыр, ал бізде не бар?

— Жә, жә, сен маған ежіктеме! Қазір баста да алып бар, әйтпесе басыңды алармыз?

Ермаков бір боқтап жіберді де, қорғаннан жүгіріп түсті. Ізінше Григорий де оның соңынан кетті. Екінші

жаяу әскер полкын атакаға оның өзі бастап апармақшы болды.

Долана бұтақтары жасырып бүркемелеген шеткі зеңбіректің қасында батарея командирі тоқтатты.

— Григорий Пантелевич, ағылшындардың қалай атқан қызығына кара. Қазір олар көпірді қыйратуға кіріседі. Қорған басына шыксақ қайтеді?

Қызылдар саперларының Донға салып тастаған понтон көпірі жіп-жіңішке боп дүрбі арқылы көзге әрең ғана шалынады. Көпірдің үстімен көліктер үздіксіз ағылып жатыр.

Бес минуттан кейін тасты қырқаның арғы жағындағы ойпатқа орналасқан ағылшын батареясы ата бастады. Төртінші снаряд көпірдің орта шенін қыйратып кетті. Көліктердің ағылуы да тоқтала қалды. Қызыләскерлердің қыйраған брнчкалар мен ат өлімтіктерін өбігерленіп Донға тоғытқаны көрініп тұрды.

Сол мезетте оң жағадан төрт үлкен қайықпен саперлар жүзе жөнелді. Бірақ олар көпір үстіндегі қыйраған төсемді құрастырып үлгірмей-ақ, ағылшын батареясы тағы бір дүркін снаряд жіберді. Снарядтың біреуі сол жағалағы кіреберіс дамбаның<sup>1</sup> тас-талқанын шығарды, екіншісі көпірдің нақ жанынан көк-жасыл дңгектей етіп суды аспанға шапшытты да, көпір бойындағы қайта бас-талған қыбыр тоқталып қалды.

— Қалай дәл соғады иттің балалары! — деді батарея командирі сүйсініп. — Оларға енді түнге дейін өткел бермейді. Бұл көпірдің жаны қалмас!

Көзінен дүрбіні алмастан Григорий:

— Ал, сен неге тым-тырыс тұрсың? Жаяу әскерінді демесең етті. Пулемет ұялары әне тұр ғой.

— Жаң-тәніммен демер едім, бірақ бір де снарядым жоқ! Мұнан жарты сағат бұрын ақтық снарядты ытқыттым да, енді ауызды тастай беркіттім.

— Мұнда енді нағып тұрсың? Алдыңғы белдікке зеңбірегінді сал да, жөнел көзіме көрінбей!

— Снаряд сұрап кадеттерге кісі жібердім.

— Бермейді, — деп Григорий кесіп айтты.

— Бір рет бермей қайтарды, екінші рет жібердім. Бәлкім, мейірімі түсіп қалар. Мына пулеметтердің үнін

---

<sup>1</sup> Д а м б а — қашы. Бұл жерде көпірге түсе берістегі жағаны тегістеп беркіте үйген топырақты айтады. (Ред).



өшіру үшін бізге жыйырма шақтысы да жетер еді. Жыйырма адамымызды құртты — бұл ойыншық емес қой. Мұнан бұлай нешеуін жусатар? Қарашы, қалай сусылда-тып тұрғанын!..

Григорий көзін казактар окобына бұрды, қасындағы тау баурайында оқ бұрынғыша жерді бұрқылдата қазып жатты. Ал, пулеметтің дүркінді оғы тиген жерде бейне-бір көзге көрінбейтін біреу ізінше еріп жоқ болып кететін сұрғылт сызық сызып тұрған сыяқты. Бүкіл казак окоптарының бойы шаңнан тұр салғандай түтігіп жатты.

Бұдан әрі Григорий ағылшын батареясының қалай тиюін бақыламады. Артиллерия мен пулеметтің үні үзілмеген атысына бір минуттай құлағын тосты да, қорғаннан түсіп, Ермаковты қуып жетті.

— Менің бұйрығымды алғанша атакаға шықпа, артиллерияның демеуісіз оларды кері шегіндіре алмаймыз.

— Менің саған айтқаным да осы емес пе? — деді Ермаков кіналай, шабыспен қызып, атысқа елегізіп алған атына мініп жатып.

Түтеген оқтан тайсалмай шауып бара жатқан Ермаковты көзімен ұзатып: «Жын қуды ма екен төтесінен шауып? Пулемет қырқып түсіреді ғой мұны? Ойпатқа түсіп жырамен жоғары көтерілсе, адырдан әрі қауіп-қатерсіз жетер еді өз адамдарына», — деп ойлады Григорий үрейлене. Ермаков ойпатқа дейін құйғытып барды да, сүңгіп жоқ болды, ол енді қайтып арғы жақта төбесін көрсетпеді. «Түсінген екен! Енді аман жетеді» — деп көңілін демдеді де, Григорий қорған түбіне жата кетіп, асықпастан шылымын орады.

Григорийдің тұлабойын ғажап бір енжарлық билеп кетті. Жоқ, ол казактарды түтеген пулемет отына сала алмайды. Арзымсыз іс! Атакаға тіке шабуылшы офицерлер роталары-ақ барсын. Усть-Медведицаны солар-ақ алсын. Қорған түбінде жатып Григорий сол жерде бірінші рет қырғынға араласудан бастартты. Тап осы кезде оны қорыққандық, өлімнен сескенгендік, болмаса мақсатсыз шығынға ұшырау қорқынышы менгеріп кеткен жоқ. Жуырда ол өз өмірін де, өз қарамағындағы казактардың өмірін де аямаған болатын. Ал, міне қазір бір нәрсе сынып кеткен тәрізді... Бұл болып жатқан уақығаның бүтіндей түкке тұрмайтынын ол осы күнге дейін тап қазіргідей айқын сезбеген болатын. Күтпеген жерден көңілі қалуға оның Қопыловпен әңгімелескені ме, Фицхалау-

ровпен шекіскені ме, әлде тіпті осы екеуі қосыла себеп болды ма, әйтеуір ол енді қайтып оқ өтіне басын сұқлауға бел байлады. Қазактарды қызылдармен келістіре алмайтынын, өзінің де олармен ымыраласуға жаны жар бермейтінін ол бұлдырлау ойлап қойды, ал өзіне өшпенділікпен қастерін тіккен рухани жат адамдардың, өзін жек көретін, өзі де оларды мықтап жексұрын санайтын бүкіл Фицхалауров сыяқтылардың ендігәрі таяғын соққысы да келмеді, соға аларлық та болмады. Сөйтіп, тағы да оның алдында баяғы қайшылықтар іш жібітпейтін қатал күйінде көлденеңдей берді. «Мейлі жауласа берсін. Көлденеңнен көріп байқайын. Дивизияны қолымнан алысымен-ақ стройдан шығып, тылға кетуге сұранамын. Осыным да жетер!» деп ойлады да ішінен, Копылов екеуінің таласына қайтадан соғып, өзінің қызылдарды ақтау жағында екенін анық сезді. «Қытайлар қызылдарға құр қол келіп кіріп жатыр және болмашы солдат жалакысы үшін күнде-күнде ажалдың аузында болады. Осы жалақының бұл жерде қандай қатысы бар? Ол сайтанға не сатып алуға болады өзі? Тек картаға салып ұттыруға ғана жарамаса... Демек, мұнда пайдакүнемдік жоқ, басқа бір нәрсе... Ал одақтастар офицерлерін, танктерін, зеңбіректерін жіберіп жатыр, тіпті анау қашырларына дейін жіберген! Ал, кейін мұның бәріне ұзын сарықұлақ сұрайды. Айырмасы, міне, қайда жатыр! Жә, бұл жөнінде біз кешке тағы да егесерміз! Штабқа келісімен оны шақырып алып шеткерірек шығарайын да: «Ә, Копылов, айырмасы бар екен, сен енді менің басымды қатырма!»— дейін.

Бірақ енді қайтып егесуге тура келмеді. Копылов түстен кейін запастағы 4-ші полктың тұрған жеріне бара жатты да, жолда кездейсоқ келіп тиген оқтан қаза тапты. Мұны Григорий екі сағаттан кейін білді.

Ертеңіне генерал Фицхалауровтың 5-ші дивизиясының бөлімдері Усть-Медведицкаяны ұрыспен басып алды.

## 12

Григорий кеткеннен соң үш күннен кейін Татарский хуторына Митька Коршунов келді. Ол жалғыз келген жоқ, қасына ерген оның жазалау отрядында бірге істеген екі қосшысы бар болатын. Оның бірі Маныч жағында

туып-өскен қартандау қалмақ еді де, екіншісі — Распопинская станицасының ажарсыз бір казагы. Митька қалмаққа кемсітіп «ходя» деген ат қойды да, распопиндік маскүнем сұрқыяны Силантий Петрович деп атап кеткен-ді.

Жазалау отрядында істегенде Митька Дон әскеріне аз қызмет көрсетпеген сыяқты: бір қыста ол вахмистрлік, онан кейін подхорунжийлік шенін алып, хуторға офицерлік жана формасының барлық айбынымен келді. Шегінген кезде, Донецтың арғы жағында да оны жаман тұрмады деп ойлауға болады; Митьканың қақпақтай жауырыны мен иықтары жеңіл сұр френчті керіп-ақ тұр, тік жағаны желкенің қып-қызыл майлы қыртыстары мен бұғағы жауып кеткен, қынай тіккен лампасты көк диагональ шалбардың арты айрылып кетуге шақ қалған... Революция болмағанда, сыртқы қасиеттеріне қарағанда Митька лейбгвардия Атаман полкының жауынгері болар еді де, сарайда тұрып, император дәрежелі патша ағзам хазіретін күзетіп тұрар еді. Мұнысыз да Митька өмірге өкпелі емес. Офицер шеніне оның да қолы жетті, бірақ ол бұл шенді Григорийге ұқсап ажалдың аузына басын сұғып, әумесер ерлікпен тапқан жоқ. Жазалау отрядына қызмет істеп, шен алу басқаша қасиеттерді керек етті... Ал Митьканың мұндай қасиеттері асып-төгілерліктей десе де болатын: казактарға онша сене бермей, большевизмге қатысы бар дегендерді атуға өзі апарып жүрді, дезертирлерге қамшымен жә болмаса сүмбімен дүре соғып, жазасын беруге де беті шіміркенбеді, ал тұтқындардан жауап алу ісінде бүкіл отрядта оған теңдес ешкім болған жоқ, тіпті әскер старшинасы Прянишниковтың өзі де таңдана иығын көтеріп қойып: «Жоқ, мырзалар, қалай десеңіз олай деңіз, ал Қоршуновтан асып түсу мүмкін нәрсе емес! Адам емес, ол — айдаһар!» дейтін. Оның және бір көзге түсетін тамаша қасиеті мынау: тұтқыңға алынғанды атып тастауға рет келмей, босатып жіберуге мүмкіндігі болмайтын кезде жазалаушылар оны дүре жазасына бұйырушы еді де, орындауын Митькаға тапсыратын. Ол орындағанда елу сокқыдан кейін кіріптардың аузынан қанды құсық ақтарыла бастайды да, жүзден кейін — ол кісінің жүрек соғуын тыңдамай-ақ, шүбаланбастан шетпірге орай салатын... жазаланған жандардың ешбірі Митьканың дүресінің астынан тірі тұрып кеткен емес. Ол өзі кұліп қойып: «Егер де мен кұрт-

қан барлық қызылдардың шалбарлары мен юбкаларын сыпырып жыйнап алса, бүкіл Татарский хуторын киіндіріп шығаруға жетер еді!» деп әлденеше рет айтқан-ды.

Бала кезден Митьканың басына тән бұл мейірімсіздік жазалау отрядында пайдалануға лайық болғаны былай тұрсын, ешбір тыю салмағаннан кейін мұның өзі жан түршігерліктей етек алып өршіп кетті. Ойдан-қырдан отрядқа жыйылған офицерлердің қырынды-жырындыларымен — кокаин тартушы, әйел зорлаушы, тонаушы, тағы осы сыяқты интеллигентсымақ қаныпезерлермен қызмет бабында жақын араласып жүріп, Митька олардың қызылдарға өшпенділігінен туған бар сорақы зұлымдықтарын жан-тәнімен үйреніп, біліп, тіпті сол ұстаздарының өздерінен де асып түскен болатын. Нахақ жандардың қаны мен тартқан азаптарынан қолы қайтқан кейбір неврастеник-офицерлер шыдай алмай шеттеп шыққан кезде, Митька тек болғаны өт ұшқыны шашыраған сарғыш көздерін сықсыйта түсіп, істі бітіріп тастайтын.

Қазақ бөлімінен кетіп, оңай нан табу жолына — әскер старшинасы Прянишниковтың жазалау отрядына кірген Митька міне осындай болып шыққан-ды.

Хутор ішіне кіргеннен кейін ол кекірейе түсіп, жолыққан катындар бас исе, оларға болар-болмас қана амандасып, аяқпен өз үйіне өтіп кетті. Шала жанып қара құрым болған қақпаның жанында атынан түсті де, қалмаққа тізгінді ұстата беріп, адымдай басып ауланын ішіне кірді. Силантийды ертіп жүріп үндеместен үйдің негізін айналып шықты, өрт кезінде еріп кесектелген көгілдір әйнектерді қамшы сабымен түртіп қойып, ашу кернеп, қарлыққан дауыспен:

— Өртеп жіберген... Бай мекен-жай еді. Бүкіл хуторда бірінші болатын. Өртеген өз хуторымыздың адамы. Мишка Кошевой. Атамды да өлтірген сол. Ата қоныстың өрттен қалған күл-көңіне ғана сәлем беруге тура келді... — деді.

— Ал, ол Кошевойдың үйінде тірі ешкім бар ма? — деп сұрады анау ілесе.

— Болу керек. Біз олармен әлі көрісерміз... Қазір тура құдаларға барамыз.

Мелеховтарға бара жатып жолда кездескен Богатыревтердің келінінен Митька:

— Донның арғы бетінен мамам қайтқан жоқ па? — деп сұрады.

— Әлі қайтпаған сыяқты, Митрий Мироныч.

— Мелехов құда үйінде ме?

— Шал ма?

— Иә.

— Шал үйінде, әйтеуір, Григорийден басқасының бәрі де үйінде. Петроны қыстыгүні өлтіргенін есітіп пе едің?

Митька басын изеді де, атын тебініп жіберіп жорта жөнелді.

Жан алам жоқ, қаңыраған көшемен келе жатты ол, оның ызғарлы, оты шыққан шегір мысық көздерінде әлгіде ғана жайнай түскен ашудың ізі де қалмапты. Мелеховтың ауласына жақындай бере қосшыларының ешқайсысына арнап меңземестен:

— Туған хутор да осылай хош алады екен! Ат шалдырып түстенуге де туыс іздеуге тура келеді... Токтай тұр, күш сынасып көрерміз әлде де!..— деді ол естілерестілмес етіп.

Пантелей Прокофьевич жаппа астында орақ машинасын жөндеп жатыр еді. Келіп қалған аттыларды көрді де, ішіндегі Қоршуновты танығаннан кейін, ол қақпаға қарай жүрді.

— Хош келдіңіз,— деді ол ризалық ниет білдіре, кіші қақпаны ашып жатып.— Қонақты қуанышпен қарсы аламыз! Қайырлы келіс болсын!

— Құда, сәләматсыз ба? Есеп-сау жүрсіз бе?

— Құдайға шүкір, әзірге! Қалай өзің, офицер болып қалғансың ба?

— Е, ақ погон тағу тек сенің ұлдарыңның маңдайына ғана жазылды деп ойлап па едің?— деді Митька кеудесін көтере, шалға тамыры білеудей серейген қолын беріп жатып:

— Менің ұлдарым погонға онша құмар да емес еді, — деп күле жауап қайырды да, Пантелей Прокофьевич ат байлайтын орын көрсету үшін ілгері кетті.

Ашық қол Ильинична қонақтарды тамақтандырды да, сонан кейін барып әңгіме басталды. Өз үй-ішінің жайын Митька әбден егжей-тегжейлей сұрады, бірақ көп сөйлемеді, жә ашулы, жә қайғырған пішін де көрсетпеді. Ал Кошевойлардың үй-ішінен хуторда жас балалары мен Мишканың шешесі қалғанын әлдеқалай немкетті түрде сұрап білді де, басқаларға байқатпай жып етіп Сылантйға көзін қысып қойды.

Қонақтар кешікпей жүруге ыңғайлана бастады. Оларды аттандырып жатып, Пантелей Прокофьевич:

— Хуторға қонаққа ұзақ уақытқа келдің бе? — деп сұрады.

— Екі-үш күнге ғана.

— Шешенді көресің ғой?

— Реті қалай болар әлі.

— Ал, қазір алыс сапарға жүрмексің бе?

— Жәй... Хуторластарға сәлем беруге барамын. Біз кешікпей келеміз.

Митька қосшыларымен Мелеховтарға қайтып үлгірмей-ақ: «Қалмақтарымен Қоршунов келіпті, Кошевойдың үй-ішінің бәрін бауыздап кетіпті!» деген сыбыс жайылып кетті. Ешнәрсе естімеген Пантелей Прокофьевич қолына орағын ұстап, ұста дүкенінен қайтқан бойы тағы да орақ машинасын ондауға кіріспекші болып еді, бірақ Ильинична оны:

— Прокофич, бері келші! Шапшаңырақ! — деп шақырды.

Кемпірдің даусы ашықтан-ашық үрейлене дірілдеп шықты да, Пантелей Прокофьевич аң-таң болып жалмажан үйге қарай жүрді.

Егіл-тегіл жылаған Наталья сұп-сұр болып пеш жанында тұр. Ильинична Аникушканың әйеліне қарай көзімен меңзеп, күнгірт дауыспен:

— Шал, жаңалықты естідің бе? — деп сұрады.

«Ой, Григорийге бірнәрсе болып қалмағай еді... Сақтай гөр, есіркей гөр!» — деген күдік Пантелей Прокофьевичтің өзегін қарып кетті. Ол сұп-сұр болып кетті де, қорыққаннан және ешкім ешнәрсе демеген соң, терісіне сыймай айқайлап жіберді:

— Қарғыс атқандар, айтсаңдаршы шапшаңырақ!.. Жә, не болып қалды? Григорийге бірдеме болды ма? — Айқайдан мүлде дымы құрып қалғандай сәкіге отыра кетті де, ол дірілдеген аяқтарын сыйпай берді.

Григорий жөнінде қаралы хабар келді ме деп әкесінің үрейі ұшып кеткенін бәрінен бұрын Дуняшка сезе қалды, ол шапшандап:

— Жоқ, көке, бұл хабар Гриша туралы емес. Кошевойларды Митрий қырып кетіпті, — деді.

— Қырып кеткені қалай? — Пантелей Прокофьевичтің жүрегі орнына түсе қалды да, бірақ Дуняшканың айтқан сөздерінің мағынасын әбден ұға алмай ол: — Коше-

войларды? Митрий дейсің бе? — деп қайталап сұрады.

Жаңалық хабар жеткізген Аникушканың әйелі аптыға сөйлей, әңгімені бастай жөнелді.

— Ағай-ау, мен бұзау іздеуге шыққан болатынмын, сөйтіп Қошевойлардың үйінің жанынан өтіп бара жатсам, Митрий және сарбаздардың екеуі аулаға келді де, үйге кірді. Менің ойымда: бұзау жел диірменнен әрі кетпейді, бүгін бұзау бағу кезегі...

— Сайтаныма керек пе маған сенің бұзауың! — деп Пантелей Прокофьевич жекіріп, оның әңгімесін бөліп жіберді.

— ...Сөйтіп олар үйге кіріп кетті, — аптығып қатын әңгімеге қайта кірісті, — мен тұрып қалдым, не болар екен деп күттім. «Бұлар жақсылық үшін келген жоқ қой» деп ойлаймын. Сонымен, үйде айқай басталды, ұрып жатқаны естіліп тұр. Өлердей қорқып кеттім, зытып жөнелгім келіп шарбақтан былайырақ шыға бергенімде — арт жағымнан дүрсіл естілді; жалт қарасам, әлгі біздің Митрий кемпірдің мойнына басжіпті салып жіберіп, оны дырылда-тып жер күштыра сүйреп келеді, бейнебір ит сүйреткендей, о тоба, кешіре гөр тәңірім! Сүйреп сарайға жеткізді; ал кемпір, жүрегі нашар еді ғой, түк үн шығарған жоқ, сірә, ес-тұсын білмей қалған шығар деймін; әлгі қасындағы қалмақ өрлікке секіріп шықты... Қарасам — Митрий басжіптің бір ұшын оған тастай беріп: «Тарт та тұзақтап байла!» — деп даурыққаны бар емес пе. Ой, көресіні көрдім ғой! Сорлы кемпірді менің көз алдымда буындырып өлтірді де, сонан кейін аттарына қарғып мініп, шолақ көшемен кете барды, сірә, правлениеге кеткен шығар. Үйге кіруге мен қорықтым... Бірақ сенектің табалдырығы астынан баскышқа шейін қан ағып жатқанын тура өз көзіммен көрдім. Құдай енді қайтып мұндай көресіні келтірмесін де, көрсетпесін де!

— Құтты қонақты жіберген екен құдай бізге! — деді Ильинична, не дер екен дегендей шалға қарап.

Пантелей Прокофьевич әңгімені бастан-аяқ өте қатты назаланып тыңдады да, тіл қатпастан дереу сенекке шығып кетті.

Кешікпей какпа түбінде қосшыларымен Митька көрінді. Пантелей Прокофьевич тездете басып, оларға қарсы ақсаңдады.

— Токтай тұр! — деп айқайлады ол анадайдан-ақ. — Кіргізбе аттарыңды қораға!

— Құда, немене? — деп сұрады Митька аң-таң болып.

— Кері бұр атыңның басын! — Пантелей Прокофьевич тақау төніп келді де, Митьканың жылт-жылт еткен сарғыш шегір көзіне қарап тұрып нықтап: — Құда, сен ашуланба, бірақ та мен сені мекен-жайымда қонғызғым келмейді. Білген жеріңе жақсылықпен жөнелгенің жөн, — деді.

— Ә-ә... — деді Митька созып, бұл сөз көкейіне қона қалғандай, сөйтті де өзі сұл-сұл болып кетті. — Үйіңнен ку-мақшысың ғой, шамасы?

— Саған мен үйімді арамдатқым келмейді! — деді шал қайталап, батыл сөйлей. — Және мұнан бұлай маған қарай аяқ басушы болма! Мелеховтарға жендеттер тума болып көрген емес!

— Түсінікті! Бірақ та, құда, сен өте аяғыш боп кеткен екенсің!

— Қатындар мен балаларды жазалай бастағаныңа қарағанда сен, сірә, аяушылық дегенді ұқпайтын-ақ шығарсың! Эх, Митрий, сенің бұл кәсібің жарамсыз кәсіп... Сенің қылығыңды көрсе, әкең марқұм шаттанбас-ақ еді!

— Сен, ақмақ шал, менің олармен шүйіркелескенімді тілейсің бе? Әкемді өлтірді, атамды өлтірді, ал мен енді олармен Христостасып<sup>1</sup> сүйіспекпін бе? Кет, жоғал — білесің бе қайда?.. — Митька ашу кернеп шатынап, тізгінді жұлқып жіберіп, атын кіші қақпаның сыртына шығарды.

— Балағаттама, Митрий, жасың кіші, ұлымдайсың. Сені мен менің бөлісерлік те ешнәрсем жоқ, жөнел, жолың болғыр!

Бірден-бірге өңі куара түсіп, Митька қамшысын үйіре сұс көрсетіп, күңгірт дауыспен:

— Мені сен күнаға батырма, батырма деген соң батырма! Эттең Натальяны қыймаймын, әйтпесе мен сендей аяғышты... Білемін сендерді! Сендердің не пиғылда екендерің менің көз алдымда! Жұрт Донецтың арғы жағына шегінгенде сендер бармадыңдар ғой? Қызылдарға қол бердіңдер ме? Міне, әңгіме осында!.. Сендей иттің балаларын бірінді қалдырмай ана Кошевойлардай етіп жоқ қылса да болар еді! Кеттік, жігіттер! Ал, сен, ақсақ төбет, байқа, қолыма түсуші болма! Менің уысымнан ытқып шығу қыйын болар! Сенің нан-тұзыңды мен саған көрсе-

<sup>1</sup> Христостасу — православие дініндегілердің қызыл жұмыртқа мейрамын күттықтап, бір бірімен үш қайтара сүйісуі.



термін! Сен сыяқты жақынды да мен сілкілеп көргенмін!— деді айқайлап.

Пантелей Прокофьевич қолдары қалтырай, кіші қақпаны жауып сұқпасын салды да, үйге қарай ақсаңдады.

— Ағанды қуып жібердім,— деді ол Натальяның жүзіне қарамастан.

Қайынатасының қылығына ішінен риза болса да, Наталья үндемей қалды, ал Ильинична тез шоқынып жіберіп, қуанғаннан:

— Құдайға құлдық: пәлекет кетті! Натальюшка, сен менің жаман сөзімді кешір, ал мына Митькаңыз кәдімгі малғұнның нағыз өзі болып шықты! Және қандай қызмет тапқан десейші. Басқа казактардай адал әскери бөлімде де емес, көрдің бе! Жан алғыш отрядқа кірген! Жан алғыш болу, кемпірлерді асу, балаларды қылышпен турау — осы да қазақтың іс болып па? Апырм-ау, анау кемпір мен балалар Мишка үшін жауапкер ме? Олай болған күнде сені мен бізді, Мишатка мен Полюшканы Гриша үшін қызылдар кескілеп тастай алатын еді ғой, бірақ кескілеген жоқ, мейірімі түсті! Жоқ, құдай өзі сақтасын, мен мұнымен келісе алмаймын! — деді.

— Мен ағамды жақтап тұрғаным жоқ қой, маманя,— деді Наталья бар болғаны, орамалдың ұшымен жасын сүртіп тұрып.

Хутордан Митька сол күні аттанып кетті. Каргинскаяның маңындағы бір жерде ол өзінің жазалау отрядына қосылыпты-мыс, сол отрядпен бірге Дон округының украин слободаларында тәртіп орнатуға аттаныпты, бұл слободалардың халқы жоғарғыдон көтерілісін басуға қатнасқаны үшін айыпты екен, деген хабар естілді.

Ол кеткеннен кейін хутор ішінде бір жұмадай түрліше дақпырт таралып жүрді. Кошевойдың үй-ішін Митьканың сотсыз-тергеусіз өздігінен жазалағанын көпшілік теріс деп тапты. Өлгендерді жұртшылық қаражатымен жерледі; Кошевойлардың үйін сатуға ұйғарысып еді, бірақ оны алушы шықпады. Хутор атаманының бұйрығы бойынша терезе қақпақтарын тақтаймен айқыштай шегелеп тастады, сөйтіп көпке шейін бұл құбыжық орынның төңірегінде балалар ойнауға да қорқып жүрді, ал шал мен кемпірлер қырғынға ұшыраған үйдің жанынан өтіп бара жатып шоқынып, қаза тапқандардың жаны жай жатуын тілеп дұға етіп жүрді.

Сонан соң пішен шабу маусымы басталды да, жақында рана болып өткен уақытталар ұмытылып қала барды.

Хутор бұрынғыша жұмыс үстінде тіршілік етті, майдан хабарларына да қанып жатты. Жұмыс малы аман қалған үйлер аһлап-уһлеп, даттасып-балағаттасып жұрт қатарлы ылау берумен болды. Өгіз бен аттарды, күн-күн сайын дерлік, жұмыстан айырып станицаға жіберіп тұруға тура келді. Шөп машинасынан аттарын доғарып жатып шалдар ұзаққа созылып кеткен соғысты теріс батамен де сыбап қоятын болды. Бірақ снарядтарды, патрондарды, тікенек сымның шумақтарын, азық-түлікті майданға тасып, жеткізіп тұру да керек болды. Жұрт оны тасыды да. Пісіп үлгірген, ерекше құнарлы шөпті шауып-жыйып ала бер дегендей, тап сол кезде қасақана күн райы да жадырай түсті.

Пантелей Прокофьевич шабынға дайындалды да, Дарьяға өлгенше ызаланды. Өйткені ол пар өгізге патрон тиеп кеткен еді де, тасымал пунктіден кері қайтпақшы болған-ды, бірақ хабар-ошарсыз бір жұма өтіп кетті; ал шаруаға ең көнбісті бұл қос қартаң өгізсіз қырға шығып та ешнәрсе бітіріп болмайтын.

Істің ең абзалы — Дарьяны жібермей-ақ қою керек еді... Қелінінің ойын-күлкімен уақыт өткізуге желігіп тұратынын, малды күйттеп қарамайтынын біле тұра-ақ Пантелей Прокофьевич өгіздерді оның қолына амалсыздың күнінен сеніп берген-ді, өйткені лауға жіберуге лайықты Дарьядан өзге ешкім табылмады. Дуняшканы жіберуге болмады — неге десеңіз танымайтын жат казактармен ұзақ жолға шығу — қыздың жұмысы емес; ал Натальяның жас нәрестелері бар; сонда енді сол бір құдай қарғаған патрондарды шалдың өзі тасымақшы ма? Дарья жан-тәнімен тіленіп кетті. Ол бұрын да ойда-қырда жүруге: диірменге баруға, сөк ақтатуға, я болмаса басқа бір шаруашылық ісіне бара қоюға бар ықыласымен дайын тұратын; мұның бәрі тек емін-еркін жүрудің қамы еді, өйткені үйден аулақ жерде ол бостандық рақатына бататын. Жолға шығу оған — шаттық та қызық. Қайынененің қарауынан сытылып шыққаннан кейін оған қатындармен қосылып, өсек-аянды айызы қанғанша айтуға да, және өзі айтқандай, ұнаған бір казакпен ат үсті махаббат үйрілтуге де мүмкіндік мол. Күйеуінің тірі күнінде көзіне шөп салып жүрген Дарья, бейнебір өлген ерінің абройын

сақтауға міндетті кісідей-ақ, Петро өлгеннен кейін қатал Ильинична үйде оған еркіндік бермей қойған-ды.

Қожасы қарағандай өгіздің бабы болмайтынын Пантелей Прокофьевич жақсы-ақ білді, бірақ амал қанша — үлкен келінін жабдықтап жолға шығарды. Жабдықтауын жабдықтаса да, бір жұма бойы зәресі кетіп, жаны тыныштық таппады. Түн ортасында оянып, ауыр күрсініп қойып ол: «Өгіздерім құрыйтын болды-ау!» деп ойлады әлденеше рет.

Он бір тәулік дегенде ертемен Дарья келді. Пантелей Прокофьевичтің қырдан қайтып келгені сол еді. Ол Аникушканың әйелімен шөпті серіктесіп шауып жүрген-ді, Дуняшамен екеуін қырға тастап, өзі су мен тамақ алуға хуторға келген болатын. Сырт-сырт соғып бричка дөңгелегі құлаққа таныс сылдырымен терезе алдынан өте берген кезде қарттар мен Наталья ертеңгі тамақты қолға алып жатыр еді. Терезеге жүгіріп барып Наталья орамалын көзіне түсіре қымтай байлап алып салыққан, жүдеген өгіздерді ішке кіргізіп бара жатқан Дарьяны көрді.

— Сол ма екен? — деп сұрады шал, қақала, шашала тамағын бітеу жұтып.

— Дарья!

— Өгіздерімді көремін деген үмітім жоқ еді! Құдая, тоба! Қарғыс атқан бетпақ! Мекеніне зорға дегенде келіп жетті-ау... — деп күбірледі шал, кеудесін кере кекіріп және шоқынып жатып.

Өгіздердің бас жібін ағытып, Дарья ас үйге кірді де, төртке бүктеген кенепті босағаға қоя салып, үй-ішімен амандасты.

— Мұның қалай болды, шырағым! Саған қалса тағы да бір жұма жүрер едің? — деді Пантелей Прокофьевич ашуланып Дарьяға көзінің астымен қарап, сәлеміне жауап қайырмастан.

— Өзіңіз барсаңыз етті! — деп шап ете қалды келіні, шаңға батқан орамалын басынан шешіп жатып.

— Неге мұнша ұзақ жүрдің? — деп Ильинична сөзге араласты, көрген жерден келіссіз басталған әңгімені жуып-шаймақ болып.

— Қайтармады, сондықтан ұзақ жүрдім.

Пантелей Прокофьевич сенбей, басын шайқады да:

— Христоняның қатынын тасымал пунктінен қайтарған да, сені қайтармаған ғой? — деп сұрады.

— Мені қайтарған жоқ! — деп Дарья ашумен көзі жарқ еткізді де: — Егер де сенбесеңіз — барыңыз да, ана лауды басқарып жүрген бастықтан сұраңыз, — деді.

— Сен жөнінде сұрап жүрудің маған керегі жоқ, бірақ ендігі жолы үйде отырарсың. Сені тек ажалды әкелуге ғана жіберген жөн болар.

— Сіз мені мықтап қорқыттыңыз! Ой, сондай қорқыттыңыз! Менің өзім де енді қайтып бармаймын! Жіберсеңіз де бармаймын!

— Өгіздер қалай, сау ма? — деп сұрады шал татушылдық ниетпен.

— Сау. Өгіздеріңізге ешнәрсе де болған жоқ... — Дарья ықылассыз жауап қайырды және ол түннен де түнерінкі көрінді.

«Жолда сүйіктісінен айрылып кеткен шығар, соны ызасы ғой» деп ойлады Наталья.

Ол Дарьяға және оның арамы сұйық жүрістеріне қынжыла, жиркеніш сезіммен қарайтын.

Ертеңгі тамақтан кейін Пантелей Прокофьевич жүрмекші болып дайындала бастап еді, бірақ сол жерде хутор атаманы келіп қалды.

— Жолың болсын дер едім, бірақ тоқтай тұр, Пантелей Прокофьевич, кетпе.

— Тағы қайтадан лау алуға келген жоқпысың? — деп сұрады шал, бояма түрде бойсұнып, бірақ өзі ашу қысып дем ала алмай қалды.

— Жоқ, бұл басқа музыка. Бүгін бізге бүкіл Дон армиясының қолбасшысы келмекші, генерал Сидориннің өзі келмекші, түсіндің бе? Шабарман арқылы станица атаманынан дереу қағаз алдым, қарттар мен қатындардың бәрін қалдырмай жыйылысқа жыйнасын деген бұйрық беріпті.

— Есі дұрыс па өздерінің? — деп айқай салды Пантелей Прокофьевич. — Осындай қызу жұмыс үстінде кім жыйылыс құрар? Қысқа маған сенің генерал Сидориннің пішен жыйнап берер ме?

— Ол екеуімізге бірдей, саған қандай генерал болса, маған да сондай, — деді атаман салмақпен. — Маған не бұйырса, мен соны істеймін. Доғар көлігінді! Нан-тұзбен қарсылау қажет. Онымен бірге одақтастардың генералдары да келеді екен деседі, өзара айтқанда.

Пантелей Прокофьевич үндемей, арбаның жанында тұрды да, аз ойланып алып, өгіздерін доғара бастады.

Айтылған сөздің әсер еткенін көріп, атаман көңілдене түсті де:

— Сенің биенді пайдалансақ болмас па екен? — деп сұрады.

— Онымен не істемекшісің?

— Кірпі қадалғырлардың алдынан қарсылап Тентек сайға екі тройка жіберілсін деп бұйрық берілті. Мұның тарантастарын қайдан аларсың, аттарын қайдан табарсың, — мыйға сыймайтын іс! Алакөленкеден тұрып, зыр жүтірудемін, бес рет көйлегімді сығып алдым — сондағы тапқаным төрт-ақ ат. Халық тегіс жұмыста, ойбай салсаң да табылар емес!

Көніп қалған Пантелей Прокофьевич биесін беруге риза болып, тіпті солқылдақ тарантасын да қоса ұсынды. Қалай болғанда да, келе жатқан армия қолбасшысы және оған шет жердің генералдары де еріп келмекші, ал генералдар дегенде Пантелей Прокофьевичтің бойын эрқашан бір қошемет сезімі билеп кететін...

Атаманның ыждағатымен өрең дегенде екі тройканың басы құралып, құрметті қонақтарды қарсы алу үшін Тентек сайға жіберілді. Алаңға халық жыйналып жатты. Жұрттың көбі шабынды тастай беріп қырдан хуторға ағылды.

Жұмысқа қолды бір-ақ сілтеп, Пантелей Прокофьевич те сәнденуге кірісті, үстіне таза көйлек, ламласты мауыты шалбар, басына бір кезде сыйлық етіп Григорий әкелген фуражкасын киді де, Дуняшкаға су мен тамақты Дарьядан беріп жібер деп кемпіріне бұйрық етіп, өзі алаңға қарай маңғаздана ақсаңдады.

Кешікпей жол үстінде қою шаң құйындай ұйтқып көтерілді де, тасқындай дереу хуторға лап берді, ал шаң арасынан металл сыяқты нәрсе жарқ ете қалды, алыстан әндете шыққан автомобиль гудогының даусы естілді. Қонақтар қаракөк сыры жалтыраған жап-жаңа екі автомобильмен келе жатты; олардың арт жағында алысырақта шабыннан қайтқан орақшыларды басып озып, салтанатты уақыйғаға арнап атаманның тауып берген почта қоңырауларын мұнайта шылдырлатып, бос қайтқан тройкалар шапқылап келеді. Алаңдағы топ іші де жандана түскендей болды — күбір-күбір әңгіме, тандана шулап сықылықтаған балалардың даусы естіліп жатыр. Нан-тұз табағын тарту ететін қадірлі қарттарды жыйғыштап, абыр-

жып, атаман жүр. Оның көзіне Пантелей Прокофьевич түсіп кетті де, атаман қуанғаннан оған жармаса түсті.

— Құдай үшін құтқара гөр! Көпті көргенсің, адаммен де шүйіркелесе білесің... Олармен қалай амандасып, қалай сөйлесуді де сен жақсы білесің... Және сен Кругтың мүшесісің ғой, балаң да анадай адам... Тәңір тілеуінді берсің, мына нан-тұзды ұстай гөр, өйткені мен жүрексініп тұрмын ба, қалай, тізелерім дірілдеп барады.

Бұл құрметке мейлінше масаттанған Пантелей Прокофьевич әдеп сақтап көпке шейін көнбеді де, сонсоң дереу басын ішіне тығып алып, шапшандап шоқынып жіберді, бетін кестелі сүлгімен жапқан нан-тұз салған табақты қолына алып, толты шынтақтай жарып, ілгері шықты.

Үре-үре дауыстары қарлыққан ала-құла бір үйір ит қанжығалай соғына ерген автомобильдер де алаңға жедел жуықтап келеді.

— Сен... қалайсың? Жүрексініп тұрған жоқсың ба? — деп сыбырлап қана жай-мәніс сұрады Пантелей Прокофьевичтен сұп-сұр болып кеткен атаман. Мұндай ұлық бастықтарды ол бірінші рет көріп тұрған болатын. Пантелей Прокофьевич оған қыйығымен көзінің ақ етін төңкере бір қарады да, сасқаннан өзі де қырылдай сөйлеп:

— Мә, ұстай тұр, мен сақалымды тарап алғанша. Ұстасайшы! — деді.

Атаман жалбақтана табақты алды, ал Пантелей Прокофьевич мұрты мен сақалын тараштай сыйпады да, батырлана кеудесін қақшыя керіп — ақсақтығын білдірмеу үшін мүгедек аяғын ұшынан басып — табақты қайтадан өз қолына алды. Бірақ қолындағы табағы қатты селкілдеп кетті де, атаман шошып кетіп:

— Түсіріп алмайсың ба? Ой, байқай гөр! — деді.

Пантелей Прокофьевич жаратпай, иығын бір көтеріп қойды. Пантелей түсіріп алмақ қой, шамасы! Адам деген де мұндай ақмақтық сөзді айта береді екен! Кәдімгі Кругтың мүшесі болған және наказной атаманның сарайында жұрттың бәрімен қол беріп амандасқан адам, кенеттен қайдағы бір генералдан қорқып кетпекші ме? Мына бір сорлы атамансымағың, сірә, мүлде ақылынан адасқан шығар!

— Мен, шырағым, Войско Кругында болған кезде наказной атаманның өзімен де... — деп бастай берді де, Пантелей Прокофьевич аузын жұма қойды.

Алдыңғы автомобиль оған он-ақ адымдай жерде тоқ-

тай қалған болатын. Күнқағары үлкен фуражкалы және френчине орыстікіндей емес, жіп-жіңішке погондар таққан, қырынған шофер дік етіп секіріп түсті де, машинаның есігін ашты. Сұр киім киген екі әскери адам машинадан байсалды түрде түсіп, топқа қарай беттеді. Олар тура Пантелей Прокофьевичке қарай жүрді де, ал шал сол қақшыйып тұрған күйінде қозғалмай қатып қалды. Генералдар тап осы жұпыны киінген адамдар екенін, ал анау арт жақта келе жақан сәнді киінгендер жай ғана соңына еріп жүрген бұлардың нөкеріндегі чиндер екенін ол аңғара қойды. Жақындап келіп қалғандарға шал кірпік қақпастан қарады да, сонымен бірге оның көзқарасында ашықтан-ашық таңырқаушылық күшейе берді. Шашақтары салбыраған генералдық эполеттері қайда? Аксельбанттары мен ордендері қайда? Егер де түріне қарап жай солдат хатшыларынан өзгешелігін айыра алмасаң бұлардың генералдығы қайда? Пантелей Прокофьевич сәл уақыттың ішінде-ақ қатты түңіліп қалды. Ол өзінің соншама қошеметпен қарсы алмақшы болғанына және генерал атын былғайтын мына генералсымақтарға ыза болды. Егер де ол мұндай сұмпайы генералдар келетінін білген болса, соншама мұқияттап киінбеген де болар еді, оларды жүрегі дүрсілдеп күтпес те еді, ең болмағанда тіпті, мына қолындағы бір маңқа кемпірдің шала пісірген нанын табаққа салып, ақмақтарға ұксап, бүйтіп тұрмаған да болар еді. Жок, Пантелей Мелехов ешуақытта да мұншалық жұртқа күлкі болып көрген емес-ті, ал қазір масқара болуға тура келді: жаңа ғана ол желкесінде тұрған балалардың сықақтап күлгендерін өз құлағымен естігенді, тіпті бір сайтан бала: «Балалар! Ақсақ Мелеховтың қақшыюын қарандар! Тура алабұға жұтып жіберген сыяқты!» — деп тамағын жырта айқайлаған болатын. Бұл сыяқты келекені көтеруге тұрарлық және домбыраның шегіндей керіліп ауру аяғыңды қыйнарлық құнды іс болса бір сәрі еді... Пантелей Прокофьевич терісіне сыймай, зығырданы қайнап кетті. Осының бәрі әлгі қарғалған қоян жүрек атамансымақтың қылығы! Келіп алып өтірікті суылдатып бие мен тарантасты алды, тілін салақтатып хуторды зыр айнала жүгірді, тройкаға сылдырмақ қоңырау іздеді. Ақыйқатына келсек: тегінде жақсы нәрсе көрмеген адам шірікке де шаттанады екен. Өз өмірінде Пантелей Прокофьевич мұндай генералдардың талайын көрді ғой! Мысал үшін тіпті император байқауындағыны

алайықшы: кейбіреуі келе жатады — омырауы толған крест, ордендер мен медальдар, кигені алтынмен оқалаған асыл киім; қарағанының өзіне де жаның сүйсінерлік, генерал емес-ау, бейне құдайдың суреті сыяқты! Ал, мыналар ше — бейнебір ұзаққарға сыяқты жап-жасыл киген бірдемелер. Біреуінің басында, керек десен, форма бойынша киетін фуражка да жоқ, кездемеден тіккен қазанша сыяқты бірдемені басына төңкере салыпты, және сүдінін көрмейсің бе — тап-тақыр етіп қырып тастаған, фонарь жағып іздесең де бір қылшық таба алмассын... Пантелей Прокофьевич қабағын қарыс жауып, жиренгеннен жерге түкіріп жібере жаздап еді, бірақ оны біреу артынан келіп мақтап итеріп жіберді де, есіттіре сыбырлап:

— Барсайшы, апарсайшы!.. — деді.

Пантелей Прокофьевич ілгері адымдай түсті. Генерал Сидорин оның үстінен бойлап топты көзімен бір шолды да, дауыстап:

— Саламатсыз ба! Қарт мырзалар! — деді.

— Сау болуыңызды тілейміз, ұлы мәртебелі мырза! — десті хутор адамдары жамырай.

Генерал нан-тұзды Пантелей Прокофьевичтің қолынан рахыммен қабыл алды да, «алдыразы болсын!» деп табқты адъютантына ұстатты.

Сидоринмен қатар тұрған ашаң өнді ұзын ағылшын полковнигі көзіне мыйлықтата киген шлем астынан казактарға ызғарлы түрде сұқтана қарап тұрды. Кавказдағы британдық әскери миссияның начальнигі генерал Бриггстың бұйрығы бойынша ол Қызыл Армиядан тазартылған Дон Войскосының жеріне инспекциялық сапарға шыққан. Генерал Сидориннің шашпауын көтермелеп жүріп, тілмаш арқылы казактардың сыр-сыңайын жете зерттеп келе жатқан-ды және бір жағынан майдандағы жағдаймен де танысуда еді.

Жол бейнеттері, даланың біркелкі көріністері, зеріктірерлік әңгімелер және ұлы держава уәкілінің салалық қыйын міндеттері полковникті әбден қажытқан болатын, бірақ та корольдік қызметтің мүддесін көздеу — бәрінен де жоғары іс қой! Сондықтан да ол станица шешенінің сөзін мұқияттап тыңдап, теп-тегіске жақын ұғып алды, өйткені орыс тілін жақсы білетінін бөтендерден жасыра жүрген-ді. Казактар тобына бір қарағанда-ақ үнемі көзге шалына кететін түрлі нәсілдердің араласқан қойыртпағына қайран қалып, ол қырдың жауынгер ұлдарының сан



сыйпатты қараторы жүздеріне тәкәппар пішінмен қарады; аққұба славян-казакпен қатар нағыз монгол кейіптілері де тұр, ал оған көршілес салтақ баумен қолын мойнына асып алған, қара қарғаның қанатындай, қап-қара жас казак ақшашты тәурат патриархымен күбірлесе кеңеседі, және тап осы ескі дәстүрлі казак шекпенін киіп, аса таяққа сүйеніп тұрған патриархтың қан тамырларында, сөз жоқ, аралассыз кавказ таулықтарының қаны тасқындап тұрғанына бәстесіп талассаң да боларлық...

Полковник тарихты аз-мұз білетін: казактарға қарап тұрып ол: бұл варварлар түгіл, тыңнан шыққан жаңа бір Платовтың қолбасшылығымен бұлардың немерелері де Индияға аяқ баса алмас деп ойлады. Большевиктерді жеңгеннен кейін азамат соғысынан қансырап әлсіреген Россия ұлы державалардың қатарынан ұзақ уақыт шығып қалады да, жуырдағы ондаған жылдардың ішінде Британияның шығыс жақтағы жерлеріне ешбір қауіп төнбейді. Ал большевиктерді жеңетініне полковниктің көзі толық жетеді. Ол ақыл иесі адам еді, соғыстан бұрын ұзақ уақыт Россияда болды және ол, сөз жоқ, жартылай жабайы елде коммунизмның утопиялық идеялары жеңіп шығады дегенге мүлде сенбейтін...

Полковниктің назары есіттіре сыбырласып жатқан қатындарға ауды. Ол басын бұрмастан қатындардың жарылған шықшытты беттеріне көз жіберді де, мықтап жымқырылған еріндерінде көзге ілігер-іліклес менсінбейтін күлімсіреу пайда болды.

Нан-тұзды тапсырып Пантелей Прокофьевич топ ішіне араласып кетті. Ол вешенскилік шешеннің келгендерді Вешенская станицасы атынан қалай құттықтағанын да тыңдап тұрмастан, топты шыр айналып, әрегіректе тұрған тройкаларға қарай кетті.

Аттар ақ көбігі шығып бүйірлерін катты-катты, ентіге соғып тұрған болатын. Шал түпке жеккен биесінің қасына келді де, жеңімен танауын сүртіп жіберіп, күрсініп қойды. Ол балағаттап жібергісі және биені дереу доғарып үйге алып кеткісі келді — оның көңілі сондайлық қатты қалып қойған еді.

Тап сол кезде генерал Сидорин татарлықтарға арнап сөз сөйлеп тұр еді. Қызылдардың ту сыртында жасаған жауынгерлік қыймылдарын мақұлдай келіп, генерал оларға былай деді:

— Біздің баршамызға ортақ жауларға қарсы сіздер

ерлікпен күрестіңіздер. Большевиктерден, олардың жан-түршігерлік тепкісінен бірте-бірте құтылып келе жатқан отанымыз сіздердің зор қызметіңізді ұмытпақ емес. Өзімізге белгілі, қызылдарға қарсы қарулы күресте ерекше көзге түскен мына сіздің хуторыңыздың біраз әйелдерін наградпен атап-атап ардақтап кетсем бе деп едім. Қазір фамилиялары аталатын біздің казачка-герой әйелдердің ілгері шығуын сұраймын!

Офицерлердің бірі қысқаша ғана тізімді оқып шықты. Тізімде бірінші Дарья Мелехова жазылыпты, ал қалғандары Дарья сыяқты Сердобский полк қолға түскеннен кейін Татарскийге айдап келтірілген тұтқын коммунистерді жоқ қылуға қатынасқан, көтерілістің бас кезінде ерлері өлген жесір әйелдер екен. Пантелей Прокофьевич әмір еткенмен Дарья қырға шықпай қалған-ды. Ол топтанған хутор катындарының арасында болып шықты және өзі тойға баратындай-ақ сәндене киініпті. Ол фамилиясын есітісімен-ақ катындарды киіп-жарып, шеті шілтерлі ақ орамалын жүре түзеп, қабағы сәл ғана шытынай түсіп, аз-мұз абыржыған күйі езу тарта, ілгері жүрді. Шаршатқан жол жүрісінен және қызықты сүйіспеншілік уақыттарынан кейін де ол өте сұлу болатын! Сәл сығырая түскен ізденген көздерінің отты жылтылын күн шалмаған сұрғылт бет өршіте түскен, ал боялған қастардың албырт иіндерінде және еріндерінің күлкі шырайлы емеурінінде шамшылдық, арамзалық жасырынып тұрғандай.

Топқа теріс қарап тұрған офицер оның жолын бөгеді. Ол офицерді ақырын ғана итеріп жіберіп:

— Күйеу жақынына жол беріңізші! — деді де, Сидоринге келді.

Сидорин адъютантының қолынан Георгий лентасын байлаған медальді алып, саусақтарын орашолақ қыймылдатып, әйел кофтасының сол жақ омырауына медальды қадады да, күлімсірей Дарьяның көзіне қарады.

— Сіз март ішінде қаза тапқан хорунжий Мелеховтың жесірісіз бе?

— Иә.

— Қазір сіз ақша аласыз, бес жүз сом. Ақшаны сізге мына офицер береді. Войско атаманы Африкан Петрович Богаевский мен Дон үкіметі сіздің көрсеткен зор ерлігіңізге алғыс айтады және сізге көңіл білдіреді, соны қабыл етуіңізді сұрайды. Атаман да, үкімет те сіздің қайғыңызға ортақ.

Генералдың не айтқанын Дарья тегіс түсінген жоқ. Ол бас изеп рақмет айтты да, адъютанттың қолынан ақшаны алды, сөйтті де үндеместен ол да күлімсіреп, онша кәрі емес генералдың көзіне тұп-тура қарады. Бұл екеуінің бойы бірдейге жақын еді де, Дарья онша қымсынбастан генералдың ашаң жүзіне қадала қарады. «Петромды арзан бағалады, екі өгіздің құнынан қымбат емес... Ал, генералдың өзі әжептәуір екен, жарарлық», — деп ойлады әйел тап сол минутта, өзіне тән бұзық оймен. Сидорин әйелді қазір-ақ кетер деп күтіп еді, бірақ ол айналақтай берді. Сидориннің арт жағында тұрған адъютанттар мен офицерлер бір-біріне қабағымен меңзеп, өткір жесір әйелді нұсқады; олардың көзінде жайдары ұшқын жайнай түсті; тіпті полковник ағылшың да жан кіргендей, белбеуін жөндеп қойды, аяғын кезек-кезек суытты және оның самарқау жүзінде шалғайлау болса да күлімдеуге ұқсас бір шырай пайда болды.

— Кетуге бола ма? — деп сұрады Дарья.

— Иә, иә, әлбетте! — деп Сидорин асыға рұқсат етті.

Ебдейсіз қыймылмен Дарья ақшаны кофтасының ойындысына тыға салды да, топқа қарай жүрді. Сөз сөйлеуден және салтанатты жағдайлардан шаршаған офицерлер Дарьяның жеп-жеңіл, сырғанай басқан жүрісіне қадағалай қарады.

Аяғын имене басып Сидоринге марқұм Мартин Шамильдің әйелі келді. Ескі кофтасына медаль қадалып болған кезде кенеттен Шамилиха жылап қоя берді, оның әйелдерше егіл-тегіл еңіреп жібергені офицерлерге де әсер етті, олардың жүздеріндегі ақ жарқын шырай жоғалып, салмақты, тіпті, жан ашығандай жайсыздық қалыпқа көшті.

— Сіздің еріңіз де өлген бе еді? — деп сұрады Сидорин қабағын түйіп.

Жылап тұрған әйел қолымен бетін басып, үндеместен басын изеді.

— Оның балаларын тиесең бір көлікке сыймас! — деді казактың бірі жуан дауыспен.

Сидорин ағылшыңға бұрылып, дауыстап:

— Біз большевиктерге қарсы ұрыстарда ерекше ерлік көрсеткен әйелдерді наградтап отырмыз. Бұлардың көпшілігінің ерлері большевиктерге қарсы көтерілістің бас кезінде өліп кетті, ал мына жесір әйелдер ерлерінің өлімі үшін кек алып, жергілікті коммунистердің үлкен бір отря-

дын тұтасымен жоқ етті. Мен алдымен наградтаған офицер әйелі — қаталдығымен атаққа шыққан коммунист-комиссарды өз қолымен өлтірген, — деді.

Тілмаш офицер ағылшынша жедел сөйлеп жіберді. Полковник тындап болып, басын еңкейтіп:

— Бұл әйелдердің батырлығына мен қайран қаламын. Генерал, айтыңызшы, олар ұрысқа ерлермен бірдей қатынасты ма? — деп сұрады.

— Иә, — деп Сидорин қысқа жауап қайырды да, қолын сабырсыз ербендетіп, үшінші жесірді жақынырақ келуге шақырды.

Наград бергеннен кейін қонақтар кешікпей станицаға жүріп кетті. Шабынға асығып, алаңнан халық тез тарай бастады, сөйтіп иттер үріп шығарып салған автомобильдердің қарасы жоғалғаннан кейін бірнеше минуттан соң шеркеу дуалының жанында қарттардың үшеуі-ақ қалды.

— Ғажайып замандар орнады! — деді олардың біреуі аң-таң болып, алақанын кере жайып. — Бұрын соғыста егор кресін яки медальді зор істер үшін, батырлық үшін беретін еді, және кімге береді десейші? Нағыз барып тұрған тайынбайтындарға, жаннан безгендерге! Крест табуға тәуекел етушілер де аса көп табыла бермейтін. «Жә крест алып қайт, жә сұлап жатып қал» деген накылды әлдеқалай шығарған жоқ-ты. Қазір медальдарды қатындарға іліп бітірді... Және оны ең болмаса қызметі үшін берсе екен-ау, жәй, текке... Қазактар хуторға айдап әкелді де, ал аналар тұтқындарды, кәдімгі карусыз адамдарды казықпен ұрып өлтірді. Мұнда қандай батырлық бар? Түсінсем, жазамды тәңір берсін!

Соқырлау және мешел екінші шал аяғын талтайта түсіп, шыйырып бүктеген мата дорбасын қалтасынан баптап суырып:

— Олар, әлгі Черкасскіден келген бастықтар, жақсы біледі. Солай болса, олар онда былай деп ойлап шешкен: тегіс көтерілу үшін және мықтап жауласу үшін қатындарға да еліктірерлік жем тастау керек. Мынау медалі, анау бес жүз сом ақшасы — мұндай сыйлы құрметке карсы қандай қатын табан тіреп тұрар! Қазактардың кейбіреуі майданға шыққысы келмес еді, соғыстан есен қалуды ойлар еді, бірақ ол қайтіп бармай қалар? Қатын оның құлағының құрышын жеп бітірер! Түн көкегі белгілі көкек қой, сұңқылдаса әрқашан өз дегеніне жетеді! Сөйтіп қа-

тындардың әрқайсысы да: «Бәлки, медальді маған да ілер?» деп ойлайды.

— Федор құда, сен бұлай дел бекерге айтасың! — деп дау айтты үшіншісі.— Наградтау керек болды, міне наградтады. Қатындар жесір қалды, шаруашылық жөнінде оларға бұл ақша үлкен көмек болады, ал медаль олардың желікпелігі үшін берілген. Котляровка алдымен сот жасаған Мелеховтардың Дашкасы, бұл дұрыс та! Олардың бәріне судья бір құдайдың өзі, бірақ қатындарды да айыптауға болмайды: жаны күйген тәңірісін қарғайды деген...

Шалдар кешкі намазға қоңырау қаққанға шейін егесумен, балағаттасумен болды. Шеркеу қоңыраушысы қоңырауды соғып жіберісімен-ақ үшеуі де орнынан тұрды, бөріктерін алды, шоқынды, сонсоң маңғаздана қатар түзеп, дуалдың ішіне кіріп кетті.

### 13

Ғажап-ау өзі, Мелеховтар үйішінің өмірі қалай өзгеріп кетті десеңізші! Пантелей Прокофьевич жақында ғана үйішін билеп-төстеп отырған қожа еді, үйіші оған тегісімен кәдіксіз бағынатын, жұмыс та рет-ретімен жүріп жатушы еді, қуанышына да, қайғысына да бәрі тегіс ортақ-ты және бүкіл тұрмыстарында көп жылдан бергі қалыптасқан ынтымақ айқын аңғарылатын. Бір ауызды берік семья еді, ал осы көктемнен бастап бәрі өзгеріп кетті. Алдымен Дуняшка жеріді. Ол әкесіне ашықтан ашық бойсұнбаушылық көрсеткен жоқ, бірақ орындауға тиісті жұмысының бәрін көріне ықылассыз, өзінікі емес, өзгенің жұмысы сыяқты етіп істеді, сырт қарауға да тұйық және жат адам сыяқтанып кетті; қазір Дуняшканың бейқам күлкісі анда-санда ғана есітілетін болды.

Григорий майданға кеткеннен кейін қарттардан Наталья да алшақтай бастады; уақытын түгел балалармен өткізеді, солармен ғана сөйлесіп, солармен ғана болады, оның үстіне Наталья білдіртпей бірнәрсеге қатты қайғыратын сыяқты да, бірақ қайғысы жөнінде жақындарының біріне де тіс жарып бір сөз айтқан емес, бір адамға да мұңын шаққан жоқ, тек болғаны — ауыр халін басқадан жасыра түседі.

Дарья туралы әңгімелемесе де боларлық: жұрт қатар-

лы лау айдап қайтқаннан бері ол мүлде бұрынғы Дарья сыяқты емес, қайын атасына жиірек қарсылық көрсете берді, Ильиничнаға назарын да салмайтын болды, ешқандай себепсіз жұрттың бәріне тегіс қастерін тікті, шабынға бармау үшін сырқатпын деген сылтау тапты және өзін Мелеховтардың үйінде ақтық жұма тұратын адамдай-ақ ұстады.

Үйіші Пантелей Прокофьевичтің көз алдында-ақ тозығындап бара жатты. Шал мен кемпір екеуі ғана қалды. Туысқандық қалыптары күтпеген жерден және қауырт бұзылды, ыстық қарым-қатынас жоғалып кетті, сөз ішінде ашушандық, шеттеушілік үндері бұрынғыдан гөрі жиірек байқалып қалатын болды... Стол жанына кәдімгі бұрынғыша — бір тұтас ынтымақты үйіші емес, әлдеқалай жыйылып қалған адамдар сыяқты отырысатын болды.

Осынның бәріне себеп болған нәрсе — соғыс, Пантелей Прокофьевич мұны өте жақсы түсінеді. Қыз құмарлығымен жан-тәні сүйген жалғыз ғана Михаил Кошевойға қашанда болса тұрмысқа шығу үмітінен айырған әке-шешесіне Дуняшка ызалы; Григорийдің Аксиньяға қайтадан ойысқанына ежелгі мінезі бойынша іштен тынып, Наталья ауыр қайғыруда. Ал, Пантелей Прокофьевич болса мұның бәрін де көріп отыр, бірақ үйішіне бұрынғы тәртіпті қайта орнату үшін қолынан келер түк нәрсе жоқ. Шынында да, болған уақыттардан кейін қызының барып тұрған большевикпен неке қыйдыруына ол қалай рұқсат бермекші, және ол жын ұрған күйеу майданда, оның үстіне тіпті қызыләскер бөлімінде жортып жүрсе, оның берген рұқсатынан не пайда? Григорий жөнінде де тап сондай: егер де ол офицер шенінде болмаған болса, Пантелей Прокофьевич оны тезінен-ақ қолға тұрғызар еді. Оны мүлдем енді қайтып Астаховтың ауласына көзінің қырын да салмастай етіп сазайын тартқызар еді. Бірақ соғыс бәрін шатастырып жіберді де, шалды тап ойындағыдай етіп өмір сүру, үйін билеу мүмкіндігінен айырды. Соғыс оны сорлатып кетті, жұмысқа деген бұрынғы жігерден айырды, үлкен ұлын алды, үйішіне ала ауыздықпен берекесіздік енгізді. Соғыс оның өмірінің үстінен, бейнебір ойдым бидай егісінің үстінен соғып өткен сұрапыл дауылдай боп, жапырып өтті, бірақ бидай дауыл соңынан да күн көзінің шарапатымен бас көтеріп, бой жазады, ал шалдың енді қайтып бас көтеруге халі келер емес. Ол

ішінен не болса ол болсын! — деп бәріне де қолын бір-ақ сілтеді.

Генерал Сидориннің қолынан награда алып, Дарья жайрандай түсті. Сол күні ол алаңнаң қуанышты және бақытты қайтты. Көзі жалт-жұлт етіп ол Натальяға медалін көрсетті.

— Мұны саған не үшін берген? — деп Наталья аң-таң қалды.

— Мынау Иван Алексеевич жұрағатым үшін, жаны жәннетте болғыр, иттің баласы! Ал мынаны Петя үшін алдым... — Сөйтіп ол мақтанып, шытырлаған бір буда Дон ақшасын жайып салды.

Дарья қырға ақыры бармады. Пантелей Прокофьевич оны тамақ апарып беруге жібермекші болып еді, бірақ Дарья безере бастартты.

— Атеке, аулақ жүрші, жолдан өзім сілем құрып қайттым!

Шал қабағын түйді. Дарья өрескел түрде жұмысқа барудан бастартқанын жуып-шаю үшін қалжыңға айналдыра:

— Бүгінгідей күні мені қырға қууыңыз күна болады. Менің бүгін дарқан күнім! — деді.

— Өзім де апарармын, — деп көне қалды шал. — Жә, ана ақшаны қайтпексің?

— Ақшасы немене? — деп Дарья таңданып қасып кере түсті.

— Ақшаны қайда қоясың деп сұрап тұрмын?

— Ә, бұл менің өз жұмысым. Қайда қаласам, сонда қоямын!

— Яғни бұл қалайша болғаны? Ақшаны саған Петро үшін берген жоқ па?

— Ақшаны маған берді, сондықтан оны тиісті орнына жұмсау сіздің жұмысыңыз емес.

— Сен осы үйдің кісісің бе, әлде жоқ па?

— Атеке-ау, сіз осы үйдің кісісінен не қаламақсыз? Ақшаны өзіңізге сыпырып алмақсыз ба?

— Бәрін сыпырып алу үшін емес, дегенмен осы Петро біздің ұлымыз ба, жоқ па, сеніңше, қалай өзі? Біз кемпір екеуміз үлес алуға тиісті емеспіз бе?

Қайынатасының талабы көрер көзге солқылдақ болды да, Дарья батыл түрде басымдық алып кетті. Ол қорлай, салмақпен сөйлеп:

— Мен сізге ешнәрсе де бермеймін, тіпті бір сом да

бермеймін! Мұнда сіздің үлесіңіз жоқ, болса оны сіздің қолыңызға берген де болар еді. Сіз осы мұнда менің үлесім бар дегенді қайдан шығарып алдыңыз? Бұл жөнде ешбір әңгіме болып көрген емес, сондықтан менің ақшама қол созсаңыз да ештеме ала алмайсыз!

Сонан соң Пантелей Прокофьевич ақтық әрекетін істеді бақты:

— Сен бізбен бірге тұрасың, жегенің біздің нан, сондықтан біздің бар нәрсеміз де ортақ болуға тиіс. Әркім өз бетімен бөлектеніп, өз шаруасын құра бастаған бұл қандай тәртіп? Мен бұлай етуге жол бермеймін! — деді ол.

Бірақ Дарья бір ғана өзіне бағышты ақшасына қарттың қожалық етем деген бұл әрекетін де тойтарып тастады. Ол арсыздана күлімсіреп:

— Атеке, мен сізбен некелі емеспін, бүгін сізде тұрсам, ертең күйеуге шығамын, мені көргеніңіз бір күндей де болмас. Ал, жеген тамағым үшін ақша төлеуге міндетті емеспін. Сіздің үй ішіне мен он жыл жұмыс істедім, бір де тыным тапқаным жоқ, — деді.

— Істесең өзің үшін істедің, бұзылған қаншық! — деп айқайлап жіберді Пантелей Прокофьевич ашу кернеп. Ол тағы да бірдеме деп бақырып жатты, бірақ оның сөзі тындаған Дарья жоқ, қарттың қарсы алдынан кілт бұрылып, етегін бір желпіді де, өзінің төргі бөлмесіне кетті. «Тап болғаны саған тәлкек қылар кісің!» деп сыбырлады ол, әжуалай күліп.

Әңгіме осымен бітті де. Шынында да, Дарья шалдың ашуынан қорқып кетіп, өзінікін өзгеге беруге көнетін адам емес-ті.

Пантелей Прокофьевич қырға баруға дайындалды да, жүрер алдында Ильиничнамен қысқаша сөйлесіп алды.

— Сен Дарьяға көзінді сала жүр... — деп өтінді.

— Оның неменесіне көз салмақшымын? — деп Ильинична тандана қалды.

— Ол сырғыр да, жөніне тартар, үйден біздің мүлкімізді іле кетпесін, соған сақ бол. Қанатын бостан-босқа қомдап жүрген жоқ қой деп ойлаймын мен оны... Жұбын тауып алған сыяқты, бүгін болмаса, ертең күйеуге шығып кетеді.

— Солай болу керек, — деп қосыла кетті Ильинична күрсініп. — Тура жалғыз үй отырған хохол сыяқты, өзімен өзі болып кетті; ешнәрсеге іші жылымайды, ештеме де оған ұнамайды... Ол хұдды кесілген нан тілімі сыяқты,



кесілген нанды қаншама тырыссаң да қайта жапсыра алмайсың.

— Бізге оны жапсырудың керегі де жоқ! Сен байқа, ақмақ кемпір, егер әңгіме шығара қалса, оны тоқтатам деуші болма. Кетсінші осы ауладан. Соны тізгіндеймін деп-ақ өзімнің де мазам кетті, — деп Пантелей Прокофьевич арбаға мінді де, өгізді айдай түсіп: — Шыбыннан қорғанған иттей, ол жұмыстан бой тасалайды, ал өзінің ұдайы көздейтіні тәтті бір кесек пен ойын-сауық. Бізге, жаның жәннетте болғыр, Петро өлгеннен кейін мұндай адамды ұстаудың керегі жоқ. Қатын емес бұл, нағыз жұкпалы мерездің өзі.

Шал мен кемпірдің жорамалы қате жорамал еді. Күйеуге шығу Дарьяның ойында да жоқ болатын. Оның ойлағаны ерлі-зайыптылық емес, жүрегінде басқа бір кам бар-ды...

Сол күні Дарья күні бойы адамға жанасқыш және өте көңілді жүрді. Ақша жөніндегі шекісіп қалғандары да оның көңіл хоштығына шіркеу келтіре алмады. Медальді жан-жағынан қарап, ол шыр айналып айна алдынан шықпай қойды, жолақ Георгий лентасының қай кофтасына жарасатынын байқағалы бес рет киініп, бес рет шешінді. «Шенгелді енді кіреске салсам!» деп қалжыңдады, — сонсоң Ильиничнаны бөлмесіне шақырып алып, жыйырма сомдықтан екі қағазды оның жеңіне қыстырды да, кемпірдің кедір-бұдыр қолын өзінің ыстық қолымен ұстай алып жүрегіне басып: «мынау — Петяның асына жұмсау үшін... Әже, шеркеуге жаназа оқуға заказ беріңіз, шелпек пісіріңіз...» деді де жылап жіберді. Бірақ бір минуттан кейін көзінің жасы мөлдіреген күйі Мишаткамен ойнап та кетті, балаға өзінің тойда тартатын жібек шәлісін бүркеп, өмірде жылап көрмеген көз жасының ащы дәмін татпаған адамдай-ақ бейқам күлкіге басты.

Дуняшка қырдан қайтқаннан кейін ол біржола көңілденіп кетті. Оған медальді қалай алғанын, генералдың қалайша салтанатты сөз сөйлегенін, қарақшыдай қақшыйыт тұрған ағылшынның оған қалай қарағанын күлкі етіп аудармай салып берді, ал сонан соң Натальяға астыртын, мекерлікпен көзін қысып қойып, байсалды түрде, георгий медалімен наградталған офицер жесірі болғандықтан мына маған да офицер шенін бермекші де, казак шалдарының жүздігіне командир етпекші деп сендіре бастады ол Дуняшканы.

Наталья балалардың көйлегін жамап отырған-ды, ол жымыйысын тыя, Дарьяның сөзін тыңдай берді, ал есі шыққан Дуняшка жалынғандай қолдарын қусырып:

— Дарьяжан! Сәулешім! Құдай үшін, жалғандамашы! Сөзіңнің қайсысы өтірік, қайсысы шын екенін түсінсем бұйырмасын, шындап айтшы,— деді.

— Нанбайсың ба? Олай болса сен ақмақ қыз екенсің! Менің саған айтқанымның бәрі шын. Офицерлердің бәрі майданда, ал шалдарды осында сап түзеп жүруге және басқа да тиісті әскери ісіне кім үйретпекші? Міне, соларды менің қол астыма бермекші, Мен ол қарт сайтандарды уысыма алып көрермін! Міне мен оларға әмірімді былай жүргіземін! — Қайыненесі көрмесін деп Дарья ас үй жақтағы есікті жауып қойып, юбкасының етегін дереу бұтының екі арасынан өткізді де, оны арт жағынан қайырып ұстап алып, жалаңаш балтырлары жылтырап, бөлме ішінде олай-бұлай жүре бастады. Сонсоң Дуняшканың жанына келіп тұра қалды да, жуан дауыспен: «Шалдар, смирно! Сақалдарыңды жоғарырақ көтеріндер! Бас аяқтарыңды, шыр айнала сөлға қарай! — деп әмір берді.

Дуняшка шыдай алмай алақанымен бетін басып мырс етіп күліп жіберді. Наталья күлген күйі:

— Саған бірдеме көрінер! Сенің мұның жақсылық болардағы құтыру емес, — деді.

— Жақсылық алдында болмаса мейлі! Сендер өздерің сол жақсылықты көріп жүрсіндер ме? Сендерді осылай етіп көңілдендірмесе, мұң-шерден көгеріп, өңезденіп бітерсіндер!

Дарьяның бұл шаттық лепірісі, кенет басталғанындай, кенет аяқталды. Жарты сағат өткеннен кейін Дарья өзінің жанама бөлмесіне кетті, қырсық медальді ызалана кеудесінен жұлып алып, сандық ішіне лақтырды; жағын таянып терезе алдында ұзақ отырды да, түнге қарай бір жаққа жоғалып кетіп, қораздың бірінші айқайынан кейін ғана үйге қайтты.

Мұнан кейін төрт күндей ол бар ынтасын сала қырда жұмыс істеді.

Шабын жұмысы көңілді болмады. Жұмыскер қолы жетіспеді. Күніне екі десятинадан артық шөп шабылмады. Қаумадағы шөпке жауын тиіп, жұмыс үстіне жұмыс қосылды: қауманы қопарыстырып, күнге кептіруге тура келді. Шөмеле салып үлгіртпей, қасарған күзгі қара жаңбыр нөсерлей құйып, кештен бастап таң атқанша басылмады.

Сонсоң жаймашуақ орнады да, шығыс желі соқты, далада шөп машиналары қайтадан дырылдады, қарайып көгерген шөмелелерден тәтті-ашқылтым иіс аңқыды, дала буға бөленді де, көкшіл тартқан мұнартта қарауыл қарайтын қорғандардың көмескі бейнелері, көгілдірленген сай сағалары және алыстағы тоғандардың үстінен қызылталдардың төңкерілген жасыл бөріктері бұлдырай бастады.

Төртінші тәулік дегенде Дарья қырдан тура станицаға бармақшы болды. Мұны ол қос басында түскі тамақ үстінде мәлім етті.

Пантелей Прокофьевич жаратпай келеке қыла:

— Сені соншама не қысты? Жексенбіге шейін күте алмайсың ба? — деп сұрады.

— Демек, жұмыс бар да, күтуге уақыт жоқ.

— Тегі, бір күн күтуге де болмай ма?

Дарья тістене жауап беріп:

— Жоқ! — деді.

— Жә, егер солай қаласаң, аздап шыдай тұруға да болмайтын болса, онда енді — жүре бер. Сонда да, саған бұл қандай қауырт жұмыс кездесіп қалғаны? Білуге бола ма?

— Бәрін біле берсеңіз — уақытынан бұрын өлерсіз.

Дарьяда жауап әрдайым әзір болатын, бұл жолы да ол сөз іздеп аңтарылып тұрмады, Пантелей Прокофьевич ызаланып жерге бір түкірді де, сұрағын доғарды.

Ертеңіне станицадан қайтып келе жатып Дарья жолшыбай хуторға соқты. Үйде балалар мен жалғыз Ильинична ғана бар еді. Мишатка жеңешесіне жүгіріп келіп қалып еді, бірақ Дарья оны салқын түрде қолымен итеріп тастап, қайыненесінен:

— Әже, Наталья қайда кеткен? — деп сұрады.

— Бақшада, картоп отап жатыр. Ол неменеге керек болып қалды саған? Әлде шал сені соған жіберді ме? Шал ақылынан адаспасын! Өзіне тап солай де!

— Ешкім де мені Натальяға жіберген жоқ, оған менің өзімнің айтайын дегенім бар еді.

— Сен жаяу келдің бе?

— Жаяу.

— Біздің адамдар тез бітіретін бе?

— Ертең бітіруге тиіс.

— Тоқтай тұр, қайда барасың ұшып? Пішенді жауын мықтап бүлдіріп пе? — деп кемпір мазасын ала сұрай бер-

ді, баспалдақтан түсіп бара жатқан Дарьяның соңына қалмай.

— Жоқ, мықтап бүлдірген жоқ. Жә, мен кеттім, өйткені уақыт жоқ...

— Бақшадан қайтарда кіріп шалдың көйлегін ала кет, естідің бе?

Дарья кемпірдің сөзін естімеген болды да, асыға басып мал қорасына қарай аяндады. Пристань жанына тоқтай қалды да, — тұщы ылғал лебі ескен Донның жасылдау жазығына сығырая көз жіберіп, ақырын ғана бақшаларға қарай жылжыды.

Дон үстінде жел серуендейді, шағалалардың канаттары жарқылдайды. Жайпақ жағаға толқын керенаулана еңбектеп, өрлей түседі. Көкшіл мұнар жапқан борлы таулар күн көзінде көмескі ғана жарқырайды да, жауын жуып кеткен жағалық орман Донның арғы бетінде көктем басындағыдай жасаң тартып, құлпырып тұр.

Шаршап-талған аяқтарынан шәркесін сыпырып тастап Дарья аяқтарын жуды да, алақанымен күннен көзін қалқалап, шағалалардың көңілсіз айқайларына, толқындардың бірқалыпты шолпылына құлағын төсеп, жағадағы қызған құм-тастардың үстінде ұзақ уақыт отырып қалды. Бұл тыныштық және шағалалардың дене түршіктірерлік даусы Дарьяны көзге жас аларлықтай мұңайтты, және оның кенеттен келіп киліккен бақытсыздығы мұның бәрінен де ауыр, бәрінен де ащы көрінді.

Наталья белін зорға жазды, шотын шарбаққа сүйей салды да, Дарьяны көріп, оған қарсы жүрді.

— Даша, сен маған келдің бе?

— Саған, қайғымды айтуға...

Екеуі қатарласа отырды. Наталья басындағы орамалын алып, шаштарын жөндеп, сөз күтіп Дарьяға қарады. Дарьяның жүзіндегі соңғы күндерде болған үлкен өзгеріс Натальяны аң-таң қалдырды: жақтары суалып, күнгірт тартып кеткен, маңдайды қыйғаштай қазып, терең әжім түскен, көз жанарында үрейлі бір от пайда болған.

— Бұ не болған саған? Бетің мүлде қап-қара болып кетіпті ғой, — деп сұрады Наталья, аяп.

— Әрине, қараярсың... — Дарья зорланып күлімсіреді де, үндемей қалды. — Отайтын жерің көп пе әлі?

— Кешке дейін бітіремін. Сонымен не бәлеге ұшырадың?

Дарья абыржып, түкірігін жұтып жіберді де, көмескі және шапшаң сөйлеп:

— Міне не болғаны: мен ауруға шалдықтым... Жаман ауру... Осы соңғы сапарымда іліктірдім... Қарғыс атқыр бір офицерсымақтың берген сыбағасы!

— Желөкпелігің жеткен екен түбіңе!.. — деп Наталья үрейлене қайғырып, алақандарын сарт еткізді.

— Жетті түбіме... желөкпелік... Айтатын да ешнәрсе жоқ, шағынатын да ешкім жоқ... Өзімнің дәйексіз көңгіш мінезімнен... Қарғыс атқыр жылмаң қақты да, қолға түсірді... Тістері аппақ меруеттей де, ал өзі мерез болып шықты... Міне, мен сөйтіп құрыдым енді.

— Сорлы болған бас! Жә, енді не болады бұл? Енді не істемекшісің? — Наталья Дарьяға көзін бақырайта қарады, ал Дарья өзін-өзі билеп алды да, аяғының басына карап тұрып, байсалды түрде:

— Көрдің бе, бұл бәлені мен өзім жолда байқай бастағанмын... Басында: мүмкін бұл әлгі... болар деп едім. Сен өзің білесің ғой, біздің қатындар ісінде әртүрлісі кездеседі ғой. Аңада жазғытұры мен бидай салған үлкен қапшықты жерден көтеремін деп үш жұма бойы етек кірім тыйылмаған-ды. Ал қазір, байқасам, мүлде ондай емес... Аурудың таңбалары шыға бастады... Қеше станцаға фершілге бардым. Ұялғаннан жерге кірердей болдым... Шаруа бітті енді, келіншектің қылмаң қағып болған жері осы.

— Емделу керек, мұның масқарасы да зор ғой! Бұл ауруды емдеп жазады деседі жұрт.

— Жоқ, бойжеткен, менің ауруымды емдеп жаза алмайсын. — Дарья өтірік күлімсіреп, осы әңгіме үстінде бірінші рет жалын шашқан көздерін жоғары көтеріп алды. — Менікі — теңге қотыр. Бұл аурудан жаза алмайды. Бұл аурудан мұрын опырылып кетеді. Анау әлгі Андрониха кемпірдікіндей, сен оны көрген шығарсың?

— Енді сен қалай етесің? — деп сұрады Наталья жыламсыраған дауыспен, көздеріне жас толып.

Дарья ұзақ уақыт үнсіз отырды. Жүгері сабағына жабысқан шырмауық гүлін жұлып алып, оны көз алдына әкеліп тақады. Нәп-нәзік, жиектері қызғылт тартқан, сондайлық жеп-жеңіл, салмағы жоққа тандық титтей гүлдің аузынан күнге қызған топырақтың тән исі анқып тұр. Бұл қарапайым ажарсыз гүлге, бейнебір бірінші рет көріп тұрғандай, Дарья құмарта, тандана қарады; жыбыр қақ-

қан танауларын кере шелтитіп гүлді иіскеп алды да, сон-соң оны ұқыптап қана жел кептірген борпылдақ жерге қойып:

— Мен не істемекшімін, соны сұрайсың ғой? Станица-дан келе жатып ойландым да, ақылға салдым... Өзімді өзім жоқ қыламын, міне менің істейтінім! Бұл аянышты-лау да, бірақ таңдайтын да ешнәрсе қалмаған сыяқты. Бәрібір, егер де емделетін болсам — хутор іші тегіс біледі де, қолымен шұқып көрсетіп, теріс айналып, күлумен бо-лады... Мұндай болған соң мен кімге қажетпін? Сұлулы-ғым жоғалады, қаншырдай қатып, тірілей шірімекпін... Жоқ, бұлай болғым келмейді! — Ол өзімен өзі ойласқан адамша сөйлеп, Натальяның наразылық қыймылына да назарын салмады. — Станицаға бармас бұрын мен, егер де жаман ауру болса — емделермін деп ойлап едім. Соның үшін де әкейге ақшаны бермегенмін, фершілге төлеуге ке-рек болар деп ойлаған едім... Ал, қазір басқаша шештім. Тойдырды бәрі де! Бездім өмірден.

Дарья еркекше мықтап боқтап жіберді де, ұзын кір-піктеріне тұрып қалған моншақ жасты алақанының сыр-тымен сүртіп тастады.

— Қандай жаман сөздер сөйлейсің өзің... Құдайдан қорықсаң етті! — деді Наталья ақырын ғана.

— Маған ол, құдайың, қазір ешнәрсеге де керек емес. Онсыз да ол маған өмір бойы бөгет жасаумен келді. — Дарья күлім қақты, осы бір жәдігөй де сотқар күлімсіреу Натальяның көз алдына тап бұрынғы Дарья-ны алып келгендей болды. — Ананы істеуге болмайды, мынаны істеуге жарамайды деп һаман күнә да қыямет-қайым, ылғи сонымен қорқытады... Мына менің өзіме өзім жасағалы отырған ауыр үкімімді ойлап та тап-пассын. Наташка, қажытты, тойдырды бәрі де! Жұрт тегіс көңіл суындырып бітті... Өз есебімді өзім бітіру маған ауыр болмайды. Менің артымда қалар да, алдым-нан шығар да ешкімім жоқ. Жүректі жыртып кетерлік қыймасым да жоқ... Міне солай!

Наталья оның бұл ниеттен безінуін, ақылға келуін өтініп, өзінді-өзің өлтіруді ойыңа алма деп тілек ете бас-тап еді, бірақ басында қалай болса солай құлақ тосқан Дарья есін жыйып алды да, ашумен оның сөзін бөліп жіберді:

— Наташка, сен мұны таста! Мен саған жалынып, мені осы ниетімнен қайтарсын деп келген жоқпын! Мен

саған қайғымды айтуға және бүгіннен бастап маған балаларыңды жұйтпа деп ескерту үшін келдім. Ауруым жұқпалы, фершіл солай деді, және өзім де бұл ауру жөнінде көп нәрсе естігенмін, сондықтан менен солар жұқтырып алып жүрмесін, түсіндің бе, ақмақ неме? Кемпірге де сен айтарсың, оған өзім айтуға жүзім шыдамайды. Ал мен... мен бірден тұзаққа мойнымды салады екен деп ойлама, оған әлі уақыт жетер... Жарық дүниенің қызығын көріп, әзір жүре тұрамын, дүниемен хош айтысамын. Өйтетін себебім: білесің бе біздің қандай екенімізді? Жүректен келіп қадалғанша — біз жүре береміз, айналамызда не болып жатқанын да көрмейміз... Мына менің бастан кешкен өмірімнің бәрі соқырлықпен өткізген өмір сыяқты да, ал станицадан шығып Дон бойын өрлеп келе жатып осы дүниенің бәрімен қоштасарымды ойға алғанда, көздерім бейне жарқырап кеткендей болды! Донға қараймын, беті қаймақшып жатыр, мүлде күміс сыяқты боп көрінеді күн көзінде, сондайлық құбыла түседі, тіпті қарауға көзің таларлық. Айналама көз жіберсем, о сұбхан нем, қандай көркем дүние! Ал, мен мұны осы күнге шейін байқамаппын... — Дарья ұяла езу тартып үндемей қалды, қолын тастай қысып, көмейге тірелген еңіреуді тоқтатты да, қайтадан сөйлеп кетті, оның даусы бұрынғыдан гөрі көтеріңкі және зорланыңқырап шықты: — Жол бойы мен әлденеше рет еңіреп алдым... Хуторға жақындап келіп қарасам — титтей балалар Донда суға шомылып жатыр екен... Соларға қарадым да, жүрегім шыдамай, бейне ақмақ адамдай, егіл-тегіл, көзжасымды тыя алмастан жыладым. Құм үстінде екі сағат жаттым. Егер де ойлай бастасам маған оңай да емес... — Жерден тұрып юбкасын қағып жіберіп, үйреншікті қыймылмен басындағы орамалын түзеді. — Өлім туралы ойласам: ол дүниеде Петромен көрісемін ғой деп, тек соған ғана қуанамын... «Ал, достым, Петро Пантелевич, қабыл ал бұзақы әйелінді, келдім, дермін!» — Және өзінің белгілі арсыз қуақылығымен: — Ол дүниеде төбелесуге болмайды, төбелесшілдерді ұжмаққа кіргізбейді, дұрыс па? Жә, Наташенька, хош бол! Менің бақытсыздығымды қайыненейге айтуға ұмытып кетпе! — дегенді де қосып қойды.

Сопайған кір алақандарымен бетін басып Наталья отырды. Қарағайдың қабығының арасынан шып-шып шыққан шайырдай, оның саусақтарының арасынан көз

жасы жылтылдады. Дарья талдан өрген есіне жетті де, сонан соң қайта оралды, ол ұқыпты түрде:

— Бүгіннен бастап мен тамақты бөлек ыдыстан ішемін. Мұны шешейге айтып қой. Және тағы мынаны ескер: бұл жөнде ол атайға ешнәрсе демей-ақ қойсын, себебі — шал жынданады да, мені үйден қуып шығады. Мағиң ендігі жетпей тұрғаны оң-ақ. Мен осы жерден тура пішен басына кетемін. Хош бол! — деді.

14

Келесі күні орақшылар қырдан қайтып келді. Пантелей Прокофьевич түстен кейін пішенді тасый бастауды ұйғарды. Дуняшка өгіздерді Донға айдап кетті де, Ильинична мен Наталья шапшандап столға тамақ дайындады.

Дарья стол басына жұрттан соң келді. Ильинична оның алдына кішірек мискамен ши қойды да, қасық және бір үзім нан берді, қалғандарына күндегі әдетінше үлкен бір мискаға бәріне бір құйды.

Пантелей Прокофьевич аяқтан боп әйеліне бір қарады да, Дарьяның мискасын көзбен ымдап көрсетіп:

— Бұл немене тағы да? Оған неге бөлек құясын? Әлде ол біздің діннен шығып кетті ме? — деп сұрады.

— Сенің өзіңе не керек? Жей бер!

Шал Дарьяға ажуалай қарады да, езу тартты:

— Аһа, түсіндім! Ол әлгі медаль алғаннан бері бір ыдыстан сораптамайтын болған екен ғой. Қалай, Даша, әлде саған бізбен бір ыдыстан ішу ұят па?

— Ұят емес, бірақ бірге ішуге болмайды, — деп жауап қайырды Дарья қырылдап.

— Неліктен болмайды?

— Тамағым ауырып жүр.

— Е, онда қайтеді екен?

— Станицаға барып қайттым, фершіл бөлек ыдыстан іш деді.

— Менің де тамағым ауырған, бірақ мен бөлінгенім жоқ, құдайға шүкір, менің жарам басқаларға жұққан жоқ. Сондай-ақ бұл не қылған тұмау-сүзек сенікі?

Дарья сұп-сұр боп кетті, ол алақанымен ернін сүйкей салды да, қасығын столға қойды. Шалдың қазбалап сұрағанына Ильиничнаның зығыры қайнап, оған зекіп:

— Сен неменеге жабыса қалдың қатындарға? Стол



басында да сенен бір маза жоқ! Ошағандай жармасып алады да, өмірі айрыла алмайсың мұнан!

— Күл болмасаң бұл бол! — деп күңк ете қалды Пантелей Прокофьевич ашу кернеп. — Маған десең, мейлі ыдысты бастарына көтеріп ішсеңдер де.

Ол ызаланғаннан ыстық шиді қасықты толтыра ұртап қалып аузын күйдіріп алды да, сақалына кері лоқсып жіберді, және барылдақ дауыспен барқырап:

— Қарғалып кеткендер, тамақ бере білмейсіңдер! Қайнап тұрған шиді тура қазаннан әкеліп бергенді кімнен көріп едіңдер?! — деді.

— Стол басында азырақ мылжыңдасаң, аузыңды күйдірмеген де болар едің, — деп жұбатты Ильинична.

Қара күренденіп кеткен әкесінің сақалының арасынан капуста мен картоп түйірлерін теріп алып жатқанына қарап Дуняшка мырс етіп күліп жібере жаздады да, бірақ басқаларының жүздері өте байсалды болғаннан кейін бұ да бөгеліп қалды және орынсыз жерде күліп жіберермін деп әкесінен көзін бұрып әкетті.

Түскі тамақтан кейін шал екі келінің ертіп екі арбамен пішен тасуға кетті. Ұзын сапты ағаш айырмен пішенді жерден Пантелей Прокофьевич алып беріп тұрды да, ал Наталья арба үстінде қызғын иісті шөпті құшақ-құшағымен іліп алып, таптап тұрды. Қырдан ол Дарьямен екеуі бірге қайтты. Пантелей Прокофьевич аяңшыл кәрі өгіздерімен ілгері озып кетті.

Қорғаннан әрі асып, күн батып бара жатты. Шөбі шабылған даладан қара жусанның ащы исі кешке қарай күшейе түсті, бірақ та ол түс кезіндегі тыныс тарылтқыш өткір исін жоғалтып, жұмсағырақ, сүйкімдірек болып қалыпты. Ыстық қайтып қалған. Өгіздер ықыласты жүріп келеді, олардың тұяғы қопсытқан жазғы жолдың тұнба шаңы бұрқырап көтеріліп, жол бойындағы түйетікеннің бұталарына шөгіп қалады. Түйетікеннің ұшы солғын-қызыл шешек атып, албырап жайнап тұр. Оның үстінде шырап айналып батсайы ара ұшып жүр. Бір-бірімен қыйқуласа хабарласып, даланың алыс жатқан қара суына қызғыштар ұшып барады.

Етбетінен түсіп, шынтағына сүйеніп, анда-санда Натальяға бір қарап қойып, теңселген пішен жүгінің үстінде Дарья жатыр. Наталья әлденендей ойға шомып, батқан күнге қарайды; оның байсалды бейқам жүзінде жездей қызғылт сәуле жүгіреді. «Бақытты адам міне Наташка,

ері де, балалары да бар, ешнәрсенің керегі жоқ оған, үйшінің бәрі сүйеді оны, ал мен болсам — біткен жанмын. Өлсем — ой бишара-ай, деп те ешкім айтпайды», — деп ойлады да, Дарья кенеттен оның ой төрінде қалайда Натальяны ренжітіп, оған да бір жара салу пиғылы бүлк-бүлк ете қалды. Неге жалғыз Дарья ғана үнемі қынжылып, қор болған өмірі жөнінде күні-түні ойлап қайғы шегуге тиіс? Ол тағы да Натальяға көзін сырғыта бір жүгіртіп алып, монтансыған дауыспен елжірей түскен болып:

— Наталья, сенің алдында мен кешірім сұрамақпын... — деді.

Наталья бірден тіл қата қоймады. Күннің баюына қарап, ол сонау өткен бір кездегі қалыңдық ойнап келген Григорийді шығарып салуға қақпадан әрі шыққанда тап бүгінгі сыяқты, байыған күн өрттей лаулап, батыс бетте қызыл шапақ атып тұрғанын, қызылталдың ішінде ұзақ қарғалардың қыйқу салғанын еске түсіріп, көз алдына елестеткен еді... Сол бір шақта ер үстінде бір қырындай бұрылып, Григорий кете барған-ды, шаттық жасы көзінен мөлт-мөлт тамып Наталья қала берген-ді, сүп-сүйір қыз емшекті жанай, кеудесіне қолын басқанда жүректің өршелене соққанын сезген-ді... Бұл бейқам тыныштықты Дарьяның бұзып жібергені оған жайсыз тиді де, ол көңілсіздеу түрде:

— Неменеге кешірім сұрамақшысың? — деп сұрады.

— Мынадай бір күна болды... Жазғытұрым Григорий майданнан демалысқа келді ғой, есінде ме? Әлі ойымда, сол күні кешке мен сыйыр сауғанмын-ды. Үйге қарай кетіп бара жатыр едім, Аксињьяның мені шақырып тұрғанын есіттім. Ол шақырып алып маған қояр да қоймай мына сақыйнаны сыйлады да, — деп, Дарья есімсіз саусағындағы алтын сақыйнаны айналдырып-айналдырып қойды, — Григорийді шақырып жіберші деп өтінді... Менің шаруам қанша... Григорийге айттым. Ол сонда түні бойы... Кудинов келген екен, сонымен бірге отырып қалдым дегені есінде шығар? Онысы өтірік! Ол Аксињьямен түнеген-ді!

Есі шығып сүп-сұр болып кеткен Наталья үн-түн жоқ, қураған түйе бұршақтың бұтағын салалап сындыра берді.

— Наташа, сен маған ашуланба. Қай-қайдағыны мойынға алғаным өзімнің де көңлім көншіп отырған

жоқ...— деді ол барлай, Натальяның көзіне тіктеп қарауға тырысып.

Наталья үнсіз көз жасын жұта берді. Күтпеген жерден оны қайта түйреген қайғы соншалық күшті болды да, ол Дарьяға жауап қайыруға шамасы келмей, жапа шегіп өңі кеткен кескінін жасыра, теріс айнала берді.

Хуторға кіре бергенде Дарья өзіне-өзі ызаланып: «Сайтан түрткен шығар мені соның жарасының аузын ашуға. Енді ол көз жасын бір ай сорғалатады! Ешнәрсе білмей-ақ өмір сүре бергені жөн еді. Наталья сыяқты сыйырларға ешнәрсені көрмей-білмей тұра берген артық», — деп ойлады. Сөзінің қатты әсер еткенін жуып-шаймақшы болып, ол:

— Сен аса қайғыра берме. Бұ да қасірет болып па! Менің қайғым сенікінен әлдеқайда ауырырақ, сонда да мен сыр бермей жүрмін. Және, оны жын білеме, мүмкін, ол ақыйқатында әйелмен жолығыспай Қудиновқа барған шығар. Мен оның қайда барғанын бақылағаным жоқ. Қолға түспеген — ұры емес, — деді.

— Өзім де солай болжап едім... — деді Наталья ақырын ғана, орамалының ұшымен көзін сүртіп.

— Болжаған болсаң, онда ендеше неге өзінен түптеп сұрап білмедің? Өй, босбикесің ғой сен! Менің қолымда болса, ол тыпыр ете алмас еді! Мен оны бүкіл сайтан атаулының жүрегін түршіктірерліктей, жанын шығара қыспаққа алған болар едім!

— Шындықты білуге өзім де қорықтым... Сен мұны — оңай деп ойлайсың ба? — деді Наталья көздері жарқ-жұрқ етіп, абыржып тұттыға сөйлеп.— Сен Петро екеуің солай тұрдыңдар... Еске түсірсем... бастан кешіргеннің бәрін еске түсірсем... Маған қазір сондай қорқынышты!

— Жә, олай болса мұның бәрін де ұмыт, — деп ақыл берді Дарья жайдары жүзбен.

— Бұл ұмытарлық нәрсе ме!.. — деп дауыстап жіберді Наталья, қарлыққан жат дауыспен.

— Мен ұмытқан болар едім! Осы да зор іс пе екен!

— Сен ауруынды ұмыт!

Дарья күліп жіберді.

— Мен қуана-қуана ұмытқан болар едім-ау, бірақ ол қарғалған өзінен өзі еске түседі. Наташа, бермен қара, сен тілесең мен Аксињьядан мұның бәрін түптеп білейін? Ол маған айтып береді. Құдай ұрсын! Өзін кім сүйетінін және қалай сүйетінін шыдамы жетіп айтып бермейтін

қатын болмайды. Мен мұны өзімнен тәжірибе қыламын!

— Маған сенің жақсылығыңның керегі жоқ. Сен онсыз да маған жақсы қызмет көрсеттің, — деп жауап берді Наталья салқын түрде. — Мен — соқыр емеспін, сенің мұны маған неге айтқаныңды көріп тұрмын. Қалай жеңгетай болғаныңды сен мені аяғаннан мойныңа алып отырған жоқсың, менің жаныма тию үшін айтып отырсың...

— Дұп-дұрыс! — деп қол қойды Дарья, күрсініп. — Өзің ойлашы, қайғы шегу бір ғана менің үлесіме тиген бе?

Дарья арбадан түсті де, басжібін қолына алып, шаршап аяғын зорға басып келе жатқан өгіздерді өрге қарай жетектеді. Шолақ көшеге кіре берісте ол арбаның қасына келді:

— Әй, Наташа! Сенен менің сұрайын дегенім... Сен күйеуіңді мықтап сүйесің бе?

— Қолымнан келгенше, — деп жауап қайырды Наталья мінгірлеп.

— Ендеше мықтап сүйесің ғой, — деп күрсінді Дарья. — Ал маған ешбіреуін де мықтап сүйеге тура келмеді. Мен әрең-әрең, қалай болса солай сүйдім... Өмірді мен қазір қайтадан бастаған болсам — бәлкім, басқаша болар ма еді?

Қып-қысқа жаз іңірінің орнына қап-қара түн келіп жетті. Пішенді қораға тастай қараңғыда үйісіп жатты. Әйелдер жұмысты үн шығармастан істеді де, Дарья тіпті Пантелей Прокофьевичтің жекіруіне де жауап қатпады.

## 15

Усть-Медведицкаядан шегінген жаудың соңына жедел түсіп Дон армиясы мен жоғарғыдон көтерілісшілерінің біріккен бөлімдері солтүстікке ойысты. Медведицадағы Шашкин хуторының түбінде талқаны шыққан 9-Қызыл Армия полктары казактарды бөгеу әрекетін жасап еді, бірақ қайтадан тойтарылды да, белдесе табанды қарсылық көрсете алмай, тап Грязе-Царицынская темір жол тармағына дейін ығысты.

Шашкин хуторы түбіндегі ұрысқа араласып, Григорий флангіден жасалған соққының астында қалған генерал Сутуловтың жаяу әскер бригадасына мықтап көмектесті. Григорийдің бұйрығы бойынша атака жасаған Ермаков-

тың атты өскер полкы екі жүздей қызылөскерді тұтқынға алды, станокты төрт пулемет және патрон тиейтін он бір күркелі арба қолға түсірілді.

Бірінші полктың бір топ казактарымен кешке қарай Григорий Шашкин хуторына кірді. Дивизия штабы орналасқан үйдің жанында жарты жүз казактар күзетіп, бөз көйлек-дамбалдарымен шағаладай бой иін тірескен тұтқындар тобы тұр. Олардың көбінің-ақ киімдері мен аяқ-киімдері сыпырып алынып, көйлек-дамбалшаң қалдырылған, тек болғаны ақшыл тартқан топ ішінің әр жерінде ғана кір-кір сұр гимнастертка көгеріп көзге ілінеді.

— Қаз сыяқты, қандай аппақ боп қалған! — деп айқайлап жіберді Прохор Зыков, тұтқындарды көрсетіп.

Григорий тізгінін жыйып ұстап, атын бір қырындай бұрды да, казактар тобының ішінен Ермаковты тауып алып, саусағымен ымдап өзіне шақырды.

— Кел бері, немене жұрттың қабатында бой тасалап жүргенің?

Аузына жұдырығын тоса жөтеліп, оның қасына Ермаков келді. Селдір қара мұрт астындағы еріндеріне қабыршақталып қан қатқан, он жақ беті ісіп кетіпті және жап-жаңа түскен жараның көкшіл ізі көрінеді. Атака кезінде астындағы аты пәрмендете шауып келе жатқан бойы сүрініп кетіп, жығылып қалды да, ерден ұшып кеткен Ермаков томарлы өрісте екі сажендай етбетінен сырғанаған-ды. Өзі де, аты да бір мезгілде ұшып түрегелді. Енді бір минуттан кейін ат үстінде фуражкасыз, бет-аузы қан-қан, жалаң қылышы қолында ол бөктерді қыялайлап қойып, заулап бара жатқан казактарға жетіп те қалған болатын...

— Неменеге мен бой тасаламақшымын? — деп сұрады ол тандаған боп, Григориймен қатарласа беріп, ал өзі қысылып, соғыстан кейін әлі де шоғы сөнбей, қанталап құтырынған көздерін басқа жаққа бұра берді.

— Кімнің етін жеп қойғанын мысықтың өзі де сезеді-ау, батшағар! Неге жұрттың соңында келе жатырсың? — деп сұрады Григорий ашуланып.

Көнтиіп кеткен еріндері зорға жымыйып, Ермаков көз қыйығын тұтқындарға жүгіртіп өтті.

— Сенің айтып тұрғаның қандай ет жөнінде? Сен маған бірден жұмбақтап кетпе, бәрібір мен жұмбағынды шеше алмаймын, аттан бүгін төбемнен шаншыла құладым...

— Мынау сенің істеген ісің бе? — деп Григорий камшысымен қызыләскерлерді көрсетті.

Тұтқындарды бірінші рет көріп тұрғандай, керемет қайран қалғансып:

— Иттің ғана балалары-ай, ә! Ой, қарғалғандар-ай! Тонап алғанын қарашы! Мұны қай уақытта ғана істеп үлгерген десейші?.. Тәңір тілеуің берсін, айтшы! Тимеңдер деп қатаң-ақ бұйрық беріп кеткенімнің өзі жаңа ғана, мына қара енді, сорлылардың түгін қоймай сыпырып алғанын!.. — деді Ермаков мекерлікпен.

— Сен маған ақмақ бола қалғансып былшылыңды сокпа! Неменеге жәдігөйси қалдың? Сен бе мыналардың киімін сыпырып алуға әмір еткен?

— Құдай сақтасын! Григорий Пантелеевич, есің дұрыс па өзіңнің?

— Бұйрық жадында ма?

— Бұл әлгі анау не жөнінде ғой...

— Иә, тап сол жөнінде!..

— Әлбетте, жадымда. Мен оны жатқа білемін! Кәдімгі әлгі мектепте жүргенде жаттап алатын өлеңдей білемін.

Григорий еріксіз күліп жіберді де, ат үстінен еңкейіп Ермаковтың портупея белбеуінен ұстады. Осы бір өжет те тайынбайтын батыр командирді ол жақсы көретін.

— Харлампий! Қалжыңды қой, тонауға неге жол бердің? Ана штабтағы Копыловтың орнына отырғызылған жаңа полковник үстіңнен шағым береді де, саған жауап беруге тура келеді. Созбұйдалы тергеу мен жауап басталып кетсе, өзің де өмірі қуанбастай боласын ғой.

— Шыдай алмадым, Пантелеевич! — деп жауап қайырды Ермаков, қалтқысыз шынын айтып.— Үстерінде Усть-Медведицада берілген, ине-жіптен әлгіде ғана шыққан сужаңа киімдер екен, ал біздің жігіттердің киімдері тозып бітті, үйлерінде де сіресіп тұрғаны шамалы. Тылға барғаннан кейін бәрібір бұлардың үстіндегілерін сыпырып алмай ма? Сонда, қолға түсіруші біз боламыз да, сыпырып алушы тылдағы нәлеттер болмақшы ма? Жоқ, онан да өзіміздің жігіттер пайдаланғаны жақсы! Жауап беруші мен, ал менен түк те шығара алмайды. Тәңрі жарылқасын, сен маған жабыса берме. Мен ешнәрсені білмеймін және бұл іс жөнінде ештемені көрген де емен, сезген де емен!

Екеуі тұтқындар тобымен қатарласты. Топ ішіндегі имене сөйлескен тежеулі әңгіме тына қалды. Шеттегілер аттылардан ығыса түсті де, казактарға тұнжырап сескене де, сақтана да қарасты. Григорийдің командир екенін біліп бір қызыләскер таяу келді де, қолымен үзентісін ұстай:

— Жолдас начальник! Казактарыңызға айтыңыз, бізге ең болмаса шинельдерімізді қайтарып берсін. Осындай бір мейірімізді салыңыз! Түн салқын, ал біз болсақ, міне, өзіңіз көріп тұрсыз, тырдай жалаңашпыз, — деді.

— Жаздың қак ортасында үсіп өлмессің, сен сарышұнақ! — деді Ермаков қатал түрде, сонсоң атымен қызыләскерді әрегірек ығыстыра түсіп, өзі Григорийге бұрылды. — Сен шүбәлаңба, мен бұларға ескі-құсқыны беріндер дермін. Жә, жол бер, жол бер, жауынгерсымақ немелер! Сендердің қолдарың казактармен соғысу емес, шалбарларыңның битін сығу еді ғой!

Штабта тұтқын рота командирінен жауап алып жатты. Ескі клеенкамен жапқан стол жанында — самай шаштары мол ағарған, үлкен құлақтары баланың құлағындай қалқыйған, мосқал пұшық офицер — штабтың жаңа бастығы полковник Андреянов отыр. Оның қарсы алдында столдан екі адым жерде қызыл командир тұр. Дивизияға Андреяновпен бірге келген штаб офицерлерінің бірі, жүзбасы Сулин жауап берушінің айтқандарын жазып отыр.

Қызыл командир — ұзын бойлы, жирен мұртты, кірпінің қылқанындай түксіп тұрған селеу шашты адам — анда-санда полковникке қарап қойып; бояулы еденде жалаң аяғын ебдейсіз түрде алма-кезек суытып тұрды. Тұтқынның үстінде казактар сары бөзден тіккен солдат көйлегін ғана қалдырыпты да, сыпырып алған шалбарының орнына лампастары оңып кеткен, жамауларын қалай болса солай жапсыра салған жыртық-жыртық казак шалбарын беріпті. Стол жанына өтіп бара жатып Григорий тұтқын командирдің өзінің жалаңаш денесін жасыруға тырысып, жыртық шалбарын жалма-жан қымсына қымтай түскенін байқап қалды.

— Сіз, Орел губерниялық соғыс комиссарнаты әскерлікке алды дейсіз бе? — деп келтесінен сұрады полковник, көзілдірігінің үстінен тұтқынға көз жіберіп, сонсоң тағы да көзін төмен түсіріп, документ білем, қолындағы

бір қағазды сығырая қарап, олай-бұлай шыр айналдыра бастады.

— Иә.

— Өткен жылдың күзінде ме?

— Күз аяғында.

— Сіз өтірік айтып тұрсыз!

— Шындықты айтып тұрмын.

— Күмансыз, сіз өтірік айтып тұрсыз!

Тұтқын үн қатпастан, түсінбегендей, иығын шошаң еткізді. Григорийге бір қарап алды да, полковник мен-сінбеген түрде тұтқын жаққа иек қағып:

— Мына тамашаны қараңыз: бұрынғы император армиясының офицері, ал қазір, міне, көрдіңіз бе, большевик. Қолға түсіп қалған соң қызылдар қатарына әлдеқалай түсіп қалдым, еріксіз мобилизациялады деп қыйыстырып соғып тұр. Хұдды гимназист сыяқты, өтірікті әрі қыйсынсыз, әрі ерсі етіп соғады, мұнысына және жұрт нанады ғой деп ойлайды, ал өзінің отанға жасаған опасыздығын азаматша мойындауға ерлігі жетпейді... Қорқады, сұмырай!

Жұтқыншағын зорға бүлкілдетіп, тұтқын сөзге кірісті.

— Тұтқынға тіл тигізуге сіздің азаматтық ерлігіңіздің мол жететінін мен де көріп тұрмын, полковник мырза...

— Сұмырайлармен мен сөйлеспеймін!

— Маған қазір сөйлесуге тура келіп тұр.

— Байқаңыз. Ерегістірмеңіз, менің қол тигізіп, қорлауға да шамам келеді!

— Сіздің жағдайыңызда бұл онша қыйын да іс емес, және оның үстіне сізге қауіпті де іс емес!

Тіс жарып бірауыз сөз айтпастан, Григорий стол жағына отыра кетті де, ыза кернеп сұп-сұр болып, тайсалмай беттен алған тұтқынға қарап, қостай езу тартты. «Полковниксымағынды қатырып-ақ түткіледі!» деп ойлады ол риза болып, Андреяновтың ыза кернеп жыбыр-жыбыр етіп былшыйған алкүрең бетіне табалай көз жіберді.

Өзінің штаб начальнигін Григорий бірінші кездескеннен-ақ жаратпай қалған-ды. Андреянов дүниежүзілік соғыс кезінде майданға бармастан, қызмет жөніндегі және жекжат, тамыр-таныс арасындағы байланыстарын пайдаланып, бар күшімен қауіпсіз қызметке жармасып,



тылда ақылмен бой тасалап отырып алған офицерлердің бірі болатын. Полковник Андреянов азамат соғысы кезінде де Новочеркасскіде отырып алып, айлалап, қорғаныс жұмысында ғана қызмет атқарды, ол тек атаман Красновты өкімет басынан тайдырғаннан кейін ғана майданға еріксіз аттанды.

Андреяновпен бір пәтерде екі түн бірге өткізгендегі Григорийдің оның өз аузынан есітіп білгені: ол өте діншіл екен, шеркеудегі салтанатты құлшылықтарды ол көзіне жас алмай айтып бере алмайды екен, ал оның әйелі — қандай десең, сондай, аты Софья Александровна екен, оған бір кезде наказной атаман фон Граббенің өзінің де көңілі кетіп, рай көрсетіпті, бірақ ештеме шығара алмапты; мұнан басқа да полковник оған марқұм әкесінің қандай имениесі болғанын, Андреяновтың өзінің полковник шеніне қалай қолы жеткенін, 1916 жылы қандай ұлы дәрежелі адамдармен аңға шыққанын айтып берген болатын; және тағы оның бір білдіргені: ол карта ойынының асылы — вист, ішкіліктің ішіндегі ең пайдалысы — тмин жапырағына нәлдеген коньяк та, ал қызметтің ең тиімдісі — әскердің интенданттық мекемесінде істеу — деп есептейді екен.

Зенбіректің жақын күрсілінен полковник селк ете қалатын, бауырының ауруын сылтауратып салт жүруге онша ықлас білдіре қоймайтын: штабтың күзетін арттыруға қажымастан қам жасайтын, ал казактарды көріне-ақ жаратпайтын, өйткені оның айтуына қарағанда, 1917 жылы олар тегісінен опасыздық жасаған және тап сол жылдан бастап ол «кіші чинділердің» бәрін жек көріп кеткен болатын. «Россияны тек дворяндар нәсілі құтқарады!» дейтін полковник, өзінің дворян нәсілінен екенін және Андреяновтар Донда ескіден келе жатқан еңбегі сіңген тұқым екенін жанамалай ескертіп.

Андреяновтың басындағы негізгі кемшілік, сөз жоқ, оның мылжындығы, жас кезінен аузы барғанша сөйлеп, көрінгенді көпіре сөз қылатын, ал қартайған кезде сөзшендік ауруына ұшыраған кейбір ақылсыз адамдардың кәдімгі алжуға айналған ерсі көк мылжындығы еді.

Мұндай құс нәсілдес адамдармен Григорий өз өмірінің ішінде сан рет кездескен еді де және оларды үнемі жексұрын көрумен келе жатқанды. Андреяновпен танысқан күннің ертеңінде-ақ Григорий онымен кездесуден бойын аулақ сала бастап, күндіз мұның ретін тауып та жүр-

ген еді, бірақ түнеуге тоқтасымен-ақ Андреянов оны тауып алып: «Бір қонамыз ғой?» деп атүсті сұрай салып, жауап күтпестен: «Сіз, міне, аса сүйіктім, жаяу ұрыста казактар табансыз дейсіз, ал мен тапсырма орындаушы офицері болып тұрған кезімде ұлы дәрежелі... Әй, сыртта кім бар, менің чемоданым мен төсегімді әкеліндер мында!» дей бастайтын. Григорий шалқасынан жатып алатын да, көздерін жұма түсіп, тістене тыңдайтын, сонсоң тынышын кетірген мылжың әңгімеге құлақ аспай, әдепсіз түрде арқасын бере теріс айналып, шинелімен басын бүркеп алатын да, ашу қысып: «Басқа жерге ауысуға бұйрық алысымен бәлемнің басына бір ауыр нәрсемен қойып қалармын: мүмкін, сонан кейін ең болмаса бір жұма тілсіз жүрер!» деп ойлайтын. «Сотник, сіз ұйқтап жатырсыз ба?» деп сұрап қоятын Андреянов. «Ұйқтап жатырмын», деп Григорий күңгірт жауап қайтаратын. «Кәне, мен әлі айтып бітіргенім жоқ!» — деп анау әңгімені жалғастыра беретін. Көзі ұйқыға кетіп бара жатып Григорий: «Бұл жексұрынды маған қасақана жіберген ғой. Фицхалауров шығар бұлай етуге тырысқан. Қалайша мұнымен, мұндай мерткіпен қызмет істей аларсын?» деп ойлайтын. Сөйтіп, ұйқтап бара жатып ол үйдің қаңылтыр төбесін тесе жаздаған жаңбырдың жыбыр-жыбыр тырсылындай полковниктің сүйектен өтерлік қоңыр даусын естіп жататын.

Міне сондықтан да тұтқын командир сөзуар штаб начальнигінің сазайын тартқызғанына Григорий табалай қуанған-ды.

Бір минуттай Андреянов үндемеді, көзін сықсыйтты; оның қалқыйған құлақтарының солпыйған сырғалықтары ашық-ақ күрендене түсті, сұқ қолында шомбал алтын сақыйнасы бар оның стол үстінде жатқан томпыйған аппақ қолы селк-селк етті.

— Қортық, сіз тыңдаңыз! — деді полковник ашу кернеп қырылдаған дауыспен. — Мен сізді бұл жерге сізбенен сайысу үшін алдырып отырғаным жоқ, мұны сіз ұмытпаңыз! Сізге енді тырп етуге болмайтынын өзіңіз түсінесіз бе?

— Өте жақсы түсінемін.

— Түсінгеніңіз өзіңіз үшін тіпті жақсы. Қысқасы, сіздің қызылдарға өз еркіңізбен барғаныңыз, болмаса сізді мобилизациялағаны маған түк қажет емес. Керегі бұл

емес, әңгіме сіздің ар-намысты алжас түсініп, жауап беруден бастартуыңызда болып тұр...

— Сірә, сіз бен біз ар-намыс мәселелерін түрліше түсінетін болсақ керек.

— Бұл сізде оның мына тырнақтай да қалмағандығынан!

— Сізге келетін болсақ, полковник мырза, сіздің менімен қай түрде тілдесіп отырғаныңызға қарағанда, сізде тіпті сол ар-намыс бұрын-соңды болды деуге аузым бармайды!

— Менің байқауымша, сіз істің аяқталуын тездеткіңіз келеді ғой?

— Сіз, оның аяқталуын соза түсу менің пайдам деп ойлап па едіңіз? Қорқытпаңыз мені, мұнан ештеме шықпайды!

Андрейнов қалтыраған қолдарымен портсигарын алды, темекі тартты, түтінді құлғына екі жұтып жіберді де, тұтқынға қайтадан тіл қатты.

— Сонымен, сіз сауалға жауап беруден бастартасыз ғой?

— Өзім туралы мен айттым.

— Жоғал әрі! Сіздің сұмырай жеке басыңыз мені мүлде қызықтырмайды. Онан да мына сауалға жауап беріп көріңіз.. Себряково станциясынан сіздерге қандай бөлімдер келді?

— Мен сізге білмеймін деп жауап бергенмін.

— Сіз білесіз!

— Жақсы, болады, сіздің көңіліңіз тынсын: иә, мен білемін, бірақ айтпаймын.

— Мен сізге сүмбімен дүре салуға бұйрық берем, міне сонда сіз сөйлей бастайсыз!

— Солай бола қояр ма екен! — деді де, тұтқын сол қолымен мұртын қозғап қойып, өзіне өзі сенген пішінмен езу тартты.

— Бұл ұрысқа Камышин полкы араласты ма?

— Жоқ.

— Бірақ та сіздің сол қанатыңызды кавалерия бөлімі бүркеді ғой, бұл қандай бөлім?

— Оспақты қойыңыз! Мен сізге тағы да қайталап айтайын — бұл секілді сауалдарға мен жауап бермеймін.

— Қай тандауы: жә сен, ит, қазір шешіліп сөйлейтін боласың да, жә он минуттан кейін атыласың! Жә?!

Мұнан соң тұтқын кенеттен баланың үніндей жіңішке, ашық дауыспен:

— Сіз менің мазамды алып бітірдіңіз, қартамыс ахмақ! Қара дүрсін топас неме! Егер де сіз менің қолыма түскен болсаңыз, мен сізден жауапты бұлай етіп алмаған болар едім!...

Андреянов сұп-сұр болып кетті, наганның қабына жармасты. Сол мезет Григорий асықпастан орнынан тұрды да, алдын ала ескертіп қолын көтерді.

— Ой-ой! Жә, жетті енді! Тіл қағыстыңыз — болды. Байқап тұрсам екеуіңіз де өте ыссы екенсіздер... Келісе алмаған екенсіңдер — не керегі бар енді оны әңгімелеп? Өз адамдарын ұстап бермей ол өте дұрыс етті. Құдай біледі, бұл өте тамаша! Мен мұны күткен жоқ ем!

— Жоқ, тоқтай тұрыңыз!.. — Наганның қабын ағытуға бекерден-бекер тырысып, Андреянов қыза түсті.

— Рұқсат етпеймін! — деді Григорий ақжарқын қыймылмен, тұтқынды тасалай, столға тақала, жақындай түсіп. — Тұтқынды өлтіру — оп-оңай жұмыс. Мынаған, мына сыяқты жанға ұзданыңыз шыдап қалайша оқталасыз? Қарусыз, кіріптар адам, әнекей үстіндегі киімінен де жұрдай қылыпты, ал сіз оған қол көтересіз...

— Жоғалсын! Маған тілін тигізді ол соғылған! — Андреянов Григорийді күштеп итеріп жіберді де, наганын суырып алды.

Тұтқын жүзін жалма-жан терезеге бұрды, — суықтан шіміркенгендей иығын көтере түсті. Григорий күлімсіреген бойы Андреяновты бақылады, ал Андреянов уысындағы револьвердің бұп-бұжыр сабын сезіп, сөлекеттеу етіп оны сілтеп қалды да, сонсоң қарудың аузын төмен түсіріп, теріс айналып кетті.

— Қолымды былғағым келмейді... — деді ол қырылдап, ентіге демін алып және кезерген еріндерін жалай түсіп.

Күлкісін бөгеместен, мұрт астына тізбектелген тістері ақсыя жарқырап, Григорий:

— Олай етуге мүмкін де болмас еді! Қарасаңызшы, наганыңыз оқтаусыз ғой. Мен кеше қонған жерде ерте оянып, оны отырғыш үстінен алып қараған болатынмын... ішінде бір де патроны жоқ және де тазартылмағанына, сірә, екі ай болған шығар! Сіз қаруыңызды нашар күтеді екенсіз!

Андреянов төмен қарады, бас бармағымен револьвердің барабанын айналдырып:

— Сайтан-ай! Дұрыс екен... — деп күліп жіберді...

Мұның бәріне үндемей күле қарап тұрған жүзбасы Сулин тергеу протоколын жыя салды да, тілін біртүрлі ұнамды түрде шолжындата сөйлеп:

— Қаруды сұмдық нашар ұстайсыз деп, Семен Поликарпович, мен сізге сан рет айттым. Мына бүгінгі уақыға — бұған көріне дәлел, — деді.

Андреянов қабағын тыржыйтып:

— Әй, кіші шенділерден қайсының барсың? Мұнда кел! — деп айқайлады.

Алдыңғы бөлмеден екі атқосшы және қарауыл бастығы кірді.

— Әкетіңіз! — деп, Андреянов иек қағып тұтқынды көрсетті.

Тұтқын бұрылып Григорийге басын иді де, есікке қарай жүрді. Григорийдің көзіне тұтқынның жирен мұртының астынан алғыс айтқандай жылы шыраймен еріндері қыбыр ете қалған сыяқты көрінді...

Жүріс дыбысы басылғаннан кейін қалжыраған босаңқымылмен көзілдірігін алып оны замшы бөлшегімен мұқыяттап сұртті де, бұрқырап:

— Әлгі нәлетті сіз тамаша жақтадыңыз, — бұл әрине, сіздің өз ықтиятыңыздың қалауы, бірақ оның алдында нағанды сөз қылып мені қысылшаң күйге салғаныңыз — бұл өзі не болып шығады, қараңызшы? — деді Андреянов.

— Онан келер-кетер бәле шамалы, — деп Григорий тату жауап берді.

— Жоқ, дегенмен, бұл керексіз нәрсе. Білесіз бе, мен оны өлтіріп тастауым мүмкін еді. Зығырынды қайнататын тип! Сіз келгенше мен онымен жарты сағат әуре болдым. Қаншама ол өтірік айтып, шатастырып, жалтарысқа салып, көрер көзге жалған ақпар берді десенізші — сұмдық! Ал мен өтірігін мойнына салғаннан кейін, сөйлеуден турадан-тура, үзілді-кесілді бастартты. Көріп тұрсыз ба, әскери құпия істерді жауға айтып беруге офицерлік ұжданы бармайды. Большевиктерге сатылған кезде офицерлік арнамысты ойламаған, иттің баласы... Осыны және команда құрамынан бір-екеуін дабыр-дұбырсыз атып тастау керек деп ойлаймын. Бізге керекті мағлұматтарды алу жөнінде — бұлардың бірде-бірінен үміт жоқ: барып тұрған тү-

зелмес соғылғандар, солай болғаннан кейін — бұларды аяудын керегі жоқ. Сіз қалай дейсіз?

— Оның рота командирі екенін қай жолмен білдіңіз? — деп сұрады Григорий жауап қайыру орнына.

— Өзінің қызыләскерінің бірі оны ұстап берген.

— Мен тап сол қызыләскерді ату керек те, командирлерді қалдыру керек деп ойлаймын! — деді де, Григорий жауап күткендей Андреяновқа қарады.

Андреянов әрі-сәрі болып күлімсірей қалды, мұндай күлімсіреу сөйлесіп отырған адам келіссіз қалжыңдағанда ғана кездесетін.

— Жоқ, шынында да, сіз қалай қарайсыз?

— Сол, сізге қалай айттым, солай қараймын.

— Тоқтаңыз, бұл қандай пікір бойынша?

— Қандай пікір бойынша? Бұл сол орыс армиясының тәртібі мен қалпын сақтап қалу пікірі бойынша. Кеше біз жатқан кезде, полковник мырза, большевиктерді қыйратып болғаннан кейін жастарды қызыл аурудан айықтыру үшін сіз армия ішінде қандай тәртіп орнату туралы өте мағналы сөз айттыңыз. Есіңізде ме, мен сіздің пікіріңізге толық қосылғанмын-ды? — Полковниктің бет әлпетінің құбылғанын бақылап Григорий мұртын сыйпай түсіп, парасатты түрде: — Ал сіз қазір не бұйырып отырсыз? Мұнымен тек бұзақылық орнатасыз ғой! Солдаттар, мейлі, командирлерін ұстап бере берсін демексіз бе? Мұнымен оларды сіз не жақсылыққа үйретпексіз? Егер де сіз бен біз сондай халге ұшырасақ, онда не болмақшы? Жоқ, кешірерсіз, мен бұған бой бермеймін! Мен — қарсымын, — деді.

— Қалай етсеңіз де мейліңіз, — деді Андреянов салқын түрде, Григорийге қадала қарап. Дивизияның ереуілшіл командирінің өр мінезді және дарақылау екенін ол естіген болатын, бірақ мынадай сөлекет істі одан күткен жоқ еді. Ол тек болғаны: — Қолға түскен қызыл командирлер, әсіресе, оның ішіндегі бұрынғы офицерлер жөнінде біз әдетте осылай істеп келіп едік. Сіздердің мыналарыңыз біртүрлі жаңалық екен... Және мына секілді талассыз дерлік мәселеге сіздің бұл көзқарасыңыз маған онша түсінікті емес, — дегенді де қоса айтты.

— Ал біз әдетте оларды, кездесе қалса, ұрыс үстінде ғана өлтіреміз де, керек емес жерде тұтқындарды атпаймыз! — деп жауап берді Григорий, күреңіте түсіп

— Жарайды, жақсы, оларды онда тылға-ақ жіберелік, — деп келісті Андреянов. — Енді мынадай бір мәселе бар: тұтқындардың бір бөлегі мобилизацияға іліккен Саратов губерниясының шаруалары көрінеді, олар біздің қатарымызға кіріп соғысуға тілек қойып отыр. Үшінші жаяу әскер полкының саны үш жүз найзагерге де жетпей қалды. Сығайлап таңдағаннан кейін сол өзі тіленген тұтқындардың бір бөлегін осы полкқа сапырылыстырып жіберуді мүмкін санар ма екенсіз? Бұл жөнде армштабтан бізде айқын нұсқаулар бар.

— Мен өз дивизияма бір мұжықты да алмаймын. Кеміп қалған полктарды маған казактармен толтырып берсін, — деп Григорий тойтарып тастады.

Андреянов оны көндіруге тырысты:

— Тыңдаңызшы, таласты қояйық. Дивизияда біртектес өңкей казак болса екен деген тілегіңіз маған түсінікті, бірақ мұқтаждық тұтқыннан жиренбеуге ырықсыз көндіреді. Ерікті армияда да кейбір полктар тұтқындармен толықтырылып жатыр.

— Олар не істесе, соны істесін, ал мен мұжықтарды алудан бастартам. Бұл жөнде енді қайтып әңгіме көтермейтін болайық, — деп Григорий кесіп тастады.

Аздан кейін ол тұтқындарды жөнелтуге бұйрық беруге шықты. Ал Андреянов түскі ас үстінде абыржый түсіп:

— Сірә, біз сізбен істесе алмайтын шығармыз... — деді.

— Мен де солай деп ойлаймын, — деп жауап қайырды Григорий селқос қана.

Сулиннің жымыя күліп отырғанын байқамастан, ол тарелкеден піскен қой етінің бір кесегін қолымен алып жіберіп, қатты шеміршекті тісімен қасқырша күтірлете бастап еді, бір жері мықтап ауырып кеткендей Сулин бетін тыржыйтып, тіпті бір секундтай көзін жұмып қалды.

Екі күннен кейін шегінген қызыл армия бөлімдерін қудалауды генерал Сальниковтың әскер тобы жүргізді, ал Григорийді топ штабына тығыз түрде шақырып алды да, штаб начальнигі, тоқтасқан келбетті генерал, көтерілісшілер армиясын тарату жөніндегі Дон армиясы қолбасшысының бұйрығымен таныстырып, күлбілтелестен:

— Қызылдарға қарсы партизан соғысын жүргізгенде сіз дивизияны ойдағыдай басқардыңыз, ендігі жерде біз сізге дивизия түгіл, полкты да сеніп бере алмаймыз. Сіз-

дің әскери біліміңіз жоқ, майданның ұлғайған жағдайларында, осы күнгі ұрыс жүргізу әдістері бойынша сіз ірі әскери құраманы басқара алмайсыз. Сіз мұны мақұлдайсыз ғой? — деді.

— Иә, — деп жауап қайырды Григорий. — Дивизияны басқарудан мен өзім де бастартпақшы едім.

— Сіздің бұлайша өз қабілетіңізді асыра бағаламауыңыз өте жақсы. Бұл қасиет осы күнгі жас офицерлерде аса сирек кездеседі. Сонымен әңгіме былай: майдан қолбасшысының бұйрығымен сіз Он тоғызыншы полктың төртінші жүздігінің командирі болып тағайындаласыз. Полк қазір жорықта, осы жерден жыйырма шақырым жердегі Вязников хуторының маңында. Бүгін жүріп кетіңіз, ең болмағанда — ертең жүріңіз. Сіз бір нәрсе айтқыңыз келіп тұр ғой деймін?

— Мені шаруашылық бөліміне шығарса екен деп едім.

— Бұл мүмкін емес. Сіз майданға керексіз.

— Екі соғыста он төрт рет жаралы және зақымды болдым.

— Бұл ештеме емес. Сіз жассыз, ажарыңыз да жақсы, әлі де соғыса аласыз. Ал жаралану дегенге келсек, айтыңызшы, офицерлердің жаралы емесі бар ма? Кете беруіңізге рұқсат. Жолыңыз болсын!

Көтерілісшілер армиясын таратарда жоғарғыдондықтар арасында болмай қалмайтын наразылықтан алдын ала сақтану үшін болуы керек, әйтеуір Усть-Медведицкаяны алғаннан кейін көтерілісте көзге түскен қатардағы казактардың көбінің погондарына лычки қадалды, вахмистерлер тегіске жақын подхорунжийлыққа өткізілді, ал көтеріліске қатынасқан офицерлер шендері жоғарылатылып, наградтар алды.

Григорийді де құр қалдырмады: оны жүзбасылыққа өткізді, армия бойынша шыққан бұйрықта қызылдармен күрестегі оның озат еңбегін атай өтіп, оған алғыс жариялады.

Көтерілісшілер армиясын тарату бірнеше күнге созылды. Дивизиялар мен полктардың сауатсыз командирлерінің орнына генералдар мен полковниктер келді, жүздіктерге командир етіп тәжрибелі офицерлер тағайындалды; батареялар мен штабтардың командирлік құрамы тұтасымен алмастырылды, ал Донецтегі ұрыстарда дал-дұлы шыққан Дон армиясының номерлі полктарын толықтыруға қатардағы казактар кетті.



Кешке таман казактарды жыйнап алып Григорий дивизияның таратылғанын жариялады, олармен қоштасып:

— Станицалықтар, сөге жамандамандар! Кіріптарлық мәжбүр етті, бірге қызмет атқардық, ал бүгіннен бастап қасіретті бөлек-бөлек шекпекпіз. Ең бастысы — бастарыңды сақтандар, қызылдар төбелеріңді тесіп тастап жүрмесін. Біздің бастарымыз өзі ақмақтау бастар, бірақ ақмақ та болса оларды бостан-босқа оққа тоса берудің керегі жоқ. Бұл баспен әлі де ойлауға тура келеді, бұдан бұлай іс қалай болар — соны мықтап ойлауға тура келеді...

Казактар тұнжырап үндемей қалды, сонсоң түрлі дауыспен бәрі жамырай шулап қоя берді:

— Ескілік қайтадан бастала ма?

— Бізді енді қайда жібермекші?

— Халықты қалай зорлағысы келсе, солай зорлайды, нәлеттер!

— Қаламаймыз таратуды! Бұл қандай жаңа тәртіп?

— Ой, жігіттер-ай, сорымызға қарай біріккен екенбіз!...

— Мәртебелілеріңіз бізді қайтадан зіркілдетеді десеіші!

— Ал шыдап бақ, ап дегеннен-ақ бастар! Құрыс-тырысымызды жазып, буындарымызды бүтіндей түзетуге кірісер...

Григорий тынышталған кезді аңдып тұрып:

— Тамақтарыңды босқа жыртасындар. Бұйрықты талқылап, бастықтарға қарсылық ететін жеңіл кезең бітті. Пәтерлеріңе тарандар да, тілдеріңді азырақ безендер, өйткені қазіргі заманда тіл Киевке жеткізбейді, тек қана дала соттары мен айыптылар жүздіктеріне тұп-тура алып барады, — деді.

Казактар взвод-взводымен келіп, Григориймен қол алысып:

— Қош бол, Пантелевич! Сен де бізді сөге жамандама.

— Бөтен адамдармен әскер қызметін атқару, ой, бізге де жеңіл тимес!

— Сен бізді бытыратуға бекер келістің. Дивизияны тапсыруға келіспесең етті!

— Мелехов, сені біз қыймаймыз. Бөтен командирлер, мүмкін, сенен білімдірек те шығар, бірақ онан бізге келер жеңілдік жоқ, қайта ауырырақ тиеді, міне қырсықтың қайда жатқаны!

Тек қана Наполовский хуторында туып-өскен, жүздіктегі қалжынбас, шақпа тілді бір казак:

— Григорий Пантелевич, сен бұларға нанба. Ұжданың бармайтын жұмыс болса — өз адамдарыңмен бірге істесең де, өзгемен істесең де, бәрібір ауыр! — деді.

Ермаков және басқа командирлермен түн бойы Григорий самогон ішті де, ертемен Прохор Зыковты ертіп алып 19-ші полкты қуып жеткелі жүріп кетті.

Жүздікті қабылдап алып, адамдарымен ойдағыдай танысып үлгірместен, ол полк командиріне шақыртылды. Таңертенгі ерте кез еді. Аттарды карап айналақтап қалды да, Григорий тек жарты сағаттан кейін барды. Офицерлерге қатал, ысқырған полк командирі ескерту береді ғой деп күткен еді Григорий, бірақ командир жылы амандасып: «Жә, қалай екен жүздік, қандай деп ойлайсыз? Пайдаға асарлық халық па?» деп сұрады да, жауап күтпестен, көзін Григорийден асыра, әлдеқайда бір жаққа карап тұрып:

— Әңгіме мынадай, шырақ, мен сізге өте қайғылы бір хабар естіртпекпін... Сіздің үйіңіз үлкен бір бакытсыздыққа ұшыраған. Бүгін түнде Вешенскаядан телеграмма келді. Үйішіңіздегі істеріңізді реттеуге бір айлық демалыс беремін. Жүріп кетіңіз, — деді.

— Телеграмды беріңізші, — деді Григорий, бозара бастап.

Ол төртке бүктеген қағазды алып, оны жазып жіберіп оқып шықты да, дереу тершіп кеткен қолына қыса түсті. Өзін-өзі билеп алуға оған көп күш керек болған жоқ, ол тек:

— Апыр-ай, мен мұны күтпеген едім. Ендеше мен жүрейін. Кош болыңыз, — дегенде ғана аздап мүдіріп қалды.

— Демалыс туралы куәлік қағаз алуды ұмытпаңыз.

— Иә-иә. Рақмет, ұмытпаймын.

Әдетінше қылышын қолымен сүйемелдеп, ол аяғын бағыл және мығым басып сенекке шықты, бірақ биік баспалдақтан түсе бастағанда — ол кенеттен өз адымының дыбысын естімей қалды да, сол мезет жүрегіне найзадай қадалған қатты бір шаншу пайда болғанын сезінді.

Баспалдақтың төменгі сатысында ол ауытқып кетті де, сол қолымен солқылдақ таяныштан ұстай алды, ал оң қолымен — шапшандап гимнастеркасының жағасын ағытты.

Катты және жиі-жиі дем алып бір минуттай тұрып қалды, бірақ тап осы бір минут ішінде қайғыға мас болып қалғандай, таяныштан қолын алып, кіші қақпа түбінде байлаулы тұрған атына қарай жүргенде талтіректеп, аяғын зорға көтерін, әрең-әрең басты.

Дарьямен сөйлескеннен кейін бірнеше күн бойы Наталья бейнебір жаман түс көріп, ауыр бастығырылып, бірақ оянуға дәрмені жоқ қалыпта жатқан адамдай, делсал болып жүрді. Ол әскер кері шегінген кезде Григорий Вешенскаяда Аксиныямен кездесіп жүрді ме, жоқ па, соны сұрап білу үшін Прохор Зыковтың әйеліне баруға сыпайы сылтау іздеді, күйеуінің кінәлі екенін жете білгісі келді, өйткені Дарьяның сөзіне нанарын да, нанбасын да біле алмады.

Шыбығын бейқам бұлғандатып, қас қарая ол Зыковтардың қорасына келді. Прохордың әйелі шаруасын бітіріп, қақпа жанында отыр еді.

— Сәламат па, жалмерка!<sup>1</sup> Біздің бұзауды көрмедің бе? — деп сұрады Наталья.

— Құдайға шүкір, шырағым! Жоқ, көрмедім.

— Сондай қаңғыбас, қарғалған неме, — мүлде үйде тұрмайды! Қайдан іздеу керек оны — мыйым жетер емес.

— Отыра тұр, азырақ аялда, табылар. Шемішкемен сыйлайын ба?

Наталья жақын келді де, қасына отырды. Қарапайым қатын әңгімесі бастала кетті.

— Жауынгерден ештеме естілмей ме? — деп шұғылданна түсті Наталья.

— Ешбір хабар жоқ. Бейне суға батып кеткендей, күпір немелер! Сенікі әлде хабар жіберіп пе?

— Жоқ, Гриша жазармын деп еді, бірақ әлденеге хат салмай тұр. Жұрт біздің адамдарды Усть-Медведицадан әрі кетіпті деседі, ал бұдан өзге ешнәрсе естімедім. — Наталья әңгіменің бетін жақында болған Доннан әрі шегініске бұрды да, жауынгерлердің Вешенскаяда қалай тұрғанын, оларға хутор адамдарынан кім барып, кім қойғанын

<sup>1</sup> Жолнеж — солдат (полякша). «Жалмерка» осы сөзден шыққан, «солдатка» деген мағынада.

андысын аңдып сұрай бастады. Прохордың қу қатыны Натальяның оған неге келгенін түсіне қойды да, тілін тарта, сыр бермей салқын сөйлесті.

Күйеуінің айтуынан Григорий туралы ол бар сырды біліп алған еді, бірақ сөйлеуге тілі қышып тұрса да, Прохордың: «Біліп қой: бұл туралы біреуге бір сөз айтатын болсаң — сандалға басыңды салбыратып саламын да, мәкіру тілінді бір аршын созып жіберіп, кесемін де аламын. Егер де бұл туралы Григорийдің құлағына бір сөз тисе — ол мені сол жерде өлтіре салады! Менің діңкемді құртып, тойдырып біткен жалғыз сен ғана, ал өмірден мен әлі безгенім жоқ, түсіндің бе? Кәне, өлімтіктей тын енді ішіңнен!» деген өсиеті есіне түсті де, естіген-білгенін айтып беруге қорықты.

— Вешкиде сенің Прохорың Астахова Аксињьяны көрмеп пе екен? — деп сұрады төтесінен, сабыры кеткен Наталья.

— Ол оны қайдан көруші еді! Ондайға мұршасы келіп пе олардың? Құдайлық шыным, Мироновна, ешнәрсе де білмеймін, бұл жөнде мені қыйнасаң да айтарым жоқ. Менің шәмбіл сайтанымнан өмірі жөнді сөз ести алмайсың. Тек қана — бер де ал дегенді біледі.

Сөйтіп, ештеме біле алмай құр кеткен Наталья бұрынғыдан да көбірек күйініп, көбірек ызаланып қайтты. Ол қалайда бұл істен бихабар күйде қалғысы келмеді, оны Аксињьяға кіріп шығуға итермелеген де міне осы еді.

Көрші-қоңсы тұрғандықтан, олар соңғы жылдарда жиі-жиі кездесіп қалатын, үн-түн жоқ бір-біріне бас иісіп, кейде тіпті бірнеше сөзбен тіл қағысып та қоятын еді. Кездескенде амандаспай, бір-біріне өшпенділік көзін қадап, атысып жүретін кезең өтіп кеткен-ді; уы шыққан жеккөрушілік жұмсарып қалған болатын, сөйтіп Наталья Аксињьяға келе жатып үйінен қуып шықпас, басқа жөнінде сөйлемесе де, Григорий жөнінде сөйлесер-ақ деп үміт еткен-ді. Бұл болжалынан ол қателеспеді.

Танданғанын жасырмастан Аксињья оны бөлмесіне шақырды, терезелердің пердесін түсірді, шам жақты, сонсоң:

— Не жақсылықпен келдің? — деп сұрады.

— Мен саған жақсылықпен келмеспін...

— Жамандығыңды сөйле. Григорий Пантелеевичке бір бәле кездесті ме?

Аксиньяның бұл сұрағынан сыр бүгуге келтірмейтін аса терең үрейлі бір үн естілді де, Наталья бар сырды түсіне қойды. Бір ауыз сөзден Аксиньяның бүкіл өзі тұтас көрінгендей болды, оның немен тіршілік ететіні және неден қорқатыны ашылып қалды. Мұнан кейін, ең абзалы, оның Григориймен қандай араласы барын сұрап жатудың керегі де жоқ еді, алайда Наталья кетіп қалмады: жауапты жайлана қайырып:

— Жок, ерім тірі де, сау да, қорықпай-ақ қой,— деді.

— Қорқып тұрған мен жок, мұны сен қайдан таптың? Оның денсаулығын сен ойлап, сен азап шегуің керек, менің өз қамым өзіме жеткілікті.— Аксинья еркін сөйледі, бірақ қаны бетке шауып қызарып кеткенін сезді де, шапшаңдап стол жанына келіп, қонаққа сыртын бере, онсыз да жақсы жанып тұрған шамның отын ұзақ уақыт жөндеумен болды.

— Степан турасында ешнәрсе естімедің бе?

— Жуырда сәлем айтып жіберіпті.

— Ол аман-есен бе екен?

— Аман болу керек.— Аксинья аң-таң болып нығын көтерді.

Ол бұл жерде де сырын бүгіп, ішкі сезімін жасыра алмады: ерінің тағдырына селқос қарайтындығы оның жауабынан ашықтан-ашық көрініп қалды да, Наталья еріксіз күліп жіберді.

— Ол туралы сен аса қатты қайғырмайсың ғой, шама-сы... Бұл, әрине, сенің өз жұмысың. Менің келгенім мынау: Григорий тағы да Аксиньяның қасынан қыйсайып шықпайды екен, үйге қайтып келген кезде екеуі көрісіп тұрады екен, деген хутор ішінде былшыл әңгіме бар. Рас па осы?

— Сұрайтын кісінді таптың! — деді Аксинья келеке етіп.— Кәне, мен сенен сұрап көрейін: осы рас па, жок па?

— Шындықты айтуға қорқасың ғой?

— Жок, қорықпаймын.

— Олай болса айт, мен білейін, азаптанбайын. Мені бекерге зарықтырудың не қажеті бар?

Қара қастарын қыймылдатып қойып, Аксинья көздерін қыса түсті.

— Маған сен бәрібір аянышты адам болмайсың,— деді ол қатал түрде.— Екеуіміздің жайымыз мына түрде: — мен азаптансам — саған жақсы, сен азаптансаң — маған

жақсы... Бөле жаратынымыз бір адам емес пе? Жа, біліп алуың үшін мен саған шындықты айтып берейін. Осының бәрі рас, жұрт бекерге былшылдамайды. Григорийді мен тағы да өзіме қарытып алдым және ендігі жерде қолдан шығармау жағына тырысып бағамын. Кәне, мұнан кейін сен не істемейсің? Үйінің терезесін қыратасың ба, болмаса пышиқ саласың ба?

Наталья түрегелді, мейісқак шыбықты күрмен түйді, оны соған соң пенке тастай берді де, өз басына тән емес беріктікпен жауап қатты.

— Мен саған ап дегеннен ешбір жамандық істемеймін. Анысын аңдып көрем, Григорий келеді, онымен сөйлесем, сонсоң сен екеуіңе не істейтінім белгілі болады. Менде екі бала бар, мен олар үшін де, өзім үшін де тұрса аламын!

Аксинья күліп жіберді:

— Сонымен маған әзірге қауіпсіз өмір сүре тұруға болады ғой?

Келеке етіп тұрғанын аңдамай, Наталья Аксиньяға жақындап келіп жеңінен тартты.

— Аксинья! Өмір бойы сен маған көлденең тұрып келесің, бірақ мен енді, сол кездегідей, сенен тілек етпеймін. Есінде ме бұл? Ол кезде мен жасырақ та, ақылсызырақ та едім, тілек етсем — ол мені аяр, мейрімділік етер. Гришадан безер деп ойлап едім. Енді олай етпеймін! Жалғыз ғана менің білетінім: сен оны сүймейсің, тек бауыр басып қалғандықтан оған бой ұра бересің. Сенің оны мен сыяқты етіп сүйген уақытың болды ма екен? Жок, сүймеген шығарсың. Сен Листницкиймен де шатастың, сен, сайқал, кіммен шатаспадың? Сүйген жар — бұлай етпейді.

Аксинья сұп-сұр болып кетті, — Натальяны қолымен итере, сандық үстінен түрегелді.

— Ол мұны менің бетіме басқан жок, ал енді сен баспақшысың ғой? Сенің онда қандай шаруаң бар? Жарайды! Мен — жаманмын, сен — жақсысың, ал сонсоң?

— Бәрі осы. Ашуланба. Қазір кетемін. Шындықты ашып айтқаныңа рақмет.

— Алғыс айтуға тұрарлық ешнәрсе жок, айтпай-ақ қой, мұны менсіз де білген болар едің. Азырақ кідіре тұр, терезе жабуға мен де шығамын сенімен бірге. — Баспалдақта Аксинья тоқтап қалды: — Біздің жақсылықпен, төбелессіз айрылғанымызға мен қуанып тұрмын, бірақ, сүйікті көршім, менің саған ақтық айтарым: қолыңнан

келсе — оны менен сен аласың, ал қолыңнан келмейді екен — өкпелеме. Жақсылықпен мен де онан безе алмаймын. Жасым болса уылжып тұрған жоқ және мен, сен қаншама сайқал десең де, — сіздің Дашка емеспін, ондай іске мен өмірімде әуес боп көрген емен... Сенің ең болмаса балаларың бар, ал менде, — Аксиныяның даусы дірілдей және күңгірттене жуандап шықты, — бұл жарық дүниенің жүзінде жалғыз сол ғана! Біріншісі де, ақырғысы да. Білесің бе не дейтінімді? Ал, енді ол жөнінде бұдан бұлай әңгіме қылмалық Ол тірі болса, өлімнен оны Мариям ана патшаның өзі сақтасын, қайтқан соң — өзі таңдар, өзі білер...

Наталья түнде ұйқтамады да, ертемен Ильиничнамен бірге бақша шөбін отауға кетті. Жұмыс оның көңлін алаңдатып, қайғысын жеңілдетті. Күлдей боп ұнтала түскен, күн кептірген жұмсақ сортаңның кесек топырағына кетпенін бір ауанмен сілтеп, тек аида-санда тыныс алып, бетінің терін сұртуге және сусын ішуге ғана бой жазған Наталья ойды аз ойлады.

Жел дал-дұлын шығара жыртқан ақ бұлттар көкте жылжый жүзіп, еріп кетіп жатты. Қызып кеткен жерді күн аптабы күйдіріп тұр. Шығыстан жаңбыр төнді. Жөңкілген қара бұлттың күн көзін қаптағанын басын көтермей-ақ Наталья арқасымен сезді; сәл уақыт салқын бола қалды, ыстық леп шашқан құба жерді, тармақтанған қарбыз шырмағын, күнбағыстың бойшаң сабақтарың сұрғылт көлеңке жедел жауып өтті. Ол қабақтағы бақшаларды, тамыздан талықсып құлап қалған шөпті, жапырағына құс саңғып, ластап, басын төмен иген долана мен шомырт бұталарын бүркемеледі. Бөдененің өжет қыйқылы күштірек сыңырлады, бозторғайдың сүйкімді әні ашығырақ естілді, тіпті жылы шөпті тербеткен аңызак та аса ыстық сыяқты сезілмейді. Ал сонан соң батысқа қарай жүзіп кетіп бара жатқан қара бұлттың көз шағылыстырарлық аппақ жиегін күн қыйғыштай жарып өтті де, босанып алып, алтындай жарқыраған сәулесін жерге қайтадан нөсерлей төгіп жіберді. Әлдсқайда алыста, Обдон таулары сілемдерінің үстінде қара бұлтты ұзатып бара жатқан қоңыр көлеңке жерді әлі де шарлап, дақ салып барады, ал бақша үстінде меруерттей жалқын-сары тапа-талтүс өктемдігін қайта жүргізулі, көкжиектегі құйылмалы сағым қалтырап, құбыла түседі, жердің, одан тояттаған шөптің ісі тұншықтыра аңқыйды.

Түс кезінде Наталья жар астынан қазған шұңқырға барып бір құмыра мұздай бұлақ суын алып келді. Ильинична екеуі сусынын қандырып, қолдарын жуды да, шақырайған күн көзінде тамақ ішуге отырды.

Төселген алжапқыш үстіне Ильинична нанды ұқыптап кесті, сумка ішінен қасық пен шынаяқ шығарды, күннен жасырып қойған айран құюлы қылмойын құмыраны кофта астынан суырып алды.

Наталья тамақты ықлассыз ішті, қайыненесі онан:

— Көптен бері байқап жүрмін, сен бұрынғыдай емесің... Әлде Гришка екеуіңнің араларында бір жараспастық бар ма? — деп сұрады.

Натальяның жарылып кеткен еріндері аянышты түрде жыбырлап кетті.

— Әже, ол Аксињьямен қайтадан көңіл қосып жүр.

— Бұл... неден белгілі болды?

— Кеше мен Аксињьяға бардым.

— Сөйтіп, ол, дүзіқара, өзі мойнына алды ма?

— Иә.

Ильинична ойланып, үндемей қалды. Әжімді бетінде оның екі езуі сұсты түрде жымқырыла түсті.

— Ол, қарғалған, мүмкін, мақтанған шығар?

— Жок, әже, бұл анық, күмансыз...

— Жете қадағалай алмадың оны... — деді кемпір абайлай сөйлеп. — Ондай күйеуден көзді айыру керек емес.

— Қалай қадағалап жүрерсің? Мен оның ар-ұятына сеніп едім... Қалайша оны қасымнан шығармай арқандап қоям? — Наталья опына езу тартты да, естілер-естілмес етіп: — Тыйым салатын ол Мишатка емес. Шашының тең жарасы ағарып кетті, бірақ сонда да ескі әдетін тастамайды... — деді.

Қасықтарды жуып, сүртіп, шынаяқты шайып, ыдысты жыйып сумкаға салып болып, Ильинична сонан кейін ғана:

— Бар бәле міне осы ма? — деп сұрады.

— Әже, сіз қандай едіңіз... Жарық дүние сүйкімсіз болуға осы бәленің өзі де жетер!

— Ал, енді неге бел байладың?

— Басқа неменеге бел байлайын? Балаларымды аламын да, төркініме кетем. Мұнан былай онымен тұрмаймын. Мейлі, Аксињьясын үйге алып келіп, сонымен-ақ тұрсын. Азап шегуім онсыз да жеткілікті болды.

— Жас кезімде мен де осылай ойлағанмын, — деді.



Ильинична күрсініп. — Менің шалым да осал төбет болған жоқ. Оған тартқан қайғымды айтып жеткізуге болмайды. Тек болғаны құдай қосқан қосағыннан кету оңай емес және оның керегі де жоқ. Мыйға салып байқашы — өзінің де көзін жетер. Және әкесінен балаларды айырып әкете деген, бұл не сұмдық? Жоқ, мұны бекер айтасың. Бұлай деп ойлаушы болма, ризалығым жоқ!

— Жоқ, әже, мен онымен тұрмаймын, бұған бола сөзіңізді шығын қылмаңыз.

— Қалайша мен сөзімді шығын қылмаймын? — Ильиничнаның зығыры қайнап кетті. — Сен маған кім боласың өзін, туған келінім емеспісің? Оңбаған немелер, осы сендер маған аяныштысыңдар ма, әлде жоқ па? Мен сыяқты, мына кәрі енеңе, осындай сөздерді айтасың, ә? Айтылды ғой саған: мұндай ойды таста деп, ендеше — әңгіме сонымен бітсін. Қара мұның ойлап тапқанын: «Үйден кетем!» деп. Ал сонда қайда бармақшысың? Төркініңнің қайсысына керексің сен? Әкең жоқ, жұрттарыңды өртеп жіберді, шешен өзі біреудің босағасында қайыр сұрап күн көрмекші, сен сонда соған тығылмақшысың немерелерімді соңыңнан шұбыртып? Жоқ, шырағым, сенің айтқаның болмайды! Гриша келсін, оған не істейтінімізді сонан кейін көрерміз, ал қазір сен маған бұл жөнде ештеме айтпа, рұқсат та етпеймін, тындамаймын да!

Натальяның жүрегіндегі көптен бергі жыйналған шердің бәрі қалшылдата булықтырған еңіреумен лақ етіп кенет сыртқа тепті. Ол аһ ұрып, басындағы орамалын жұлып алды, кеуіп қалған мейрімсіз қара жерге етпеттей құлады да, жерді кеудесімен құшып, көз жассыз өксі берді.

Ильинична — бұл данышпан ер кемпір — орнынан да қозғалмады. Ол қалған сүтімен құмыраны кофтасына мұқияттап орады, оны салқын жерге қойды, сонсоң шынаяққа су құйып алып жақындап келді де, Натальяның жанына отырды. Бұл секілді қайғыға сөзбен жәрдем беруге болмайтынын ол білетін және құрғақ көз бен ерінді жымқыра тістенуден гөрі жас шыққаны — тәуір болатынын да жақсы білетін. Жылап болғанша Натальяға мұрса беріп, Ильинична жұмыстан күстелген қолын келінінің төбесіне қойды, оның жылтыраған қара шаштарын сыйпап, қатал түрде:

— Жә, жетті! Бар жасты төгіп бітіре алмайсың, екінші кезекке де қалдыр. Мә, мінеки, су іш, — деді.

Наталья өксуін басты. Тек анда-санда ғана оның иықтары көтеріле түсіп, тұлабойы дірілдей берді. Ол дереу ұшып түрегелді, шынаяқпен су ұсынған Ильиничнаны итеріп жіберді де, бетін шығысқа бұрып, көз жасымен су болған алақандарын дұға еткендей жая түсіп, тез-тез сөйлеп, булығы:

— О, тәңрі! Ол менің жанымды бүтіндей жең бітірді! Бұлай өмір сүруге енді халім жоқ! Құдай, ол қарғалғанның сазайын тарттыр! Бұдан былай ол өмір сүрмеу үшін, мені азаптамау үшін... Оған сол жерде өлім құштыр!..— деп айқайлап жіберді.

Шығыстан будақтаған қара бұлт жылжыды. Күн шатырлай күркіреді. Дөңгелек бұлт төбелерін түйрей өтіп, ақ-шымқай нажағай көк жүзін көктей ирең қақты. Жел күбірлеген шөптерді батысқа қарай майыстырды, жолдың ащы шаңын айдады, шемішкесін ауырлаған күнбағыс қалпақтарын жерге тигізе бүгілдірді.

Жел Натальяның қобырап кеткен шаштарын ұйпалақтады, суланған бетін құрғатты, шаруаға кнетін кең сұр юбкасының етегін бұтына әкеп орады.

Жоққа сенгіш Ильинична есі шығып, келініне бірнеше секунд қарап тұрып қалды. Көктің жартысын қаптап тұрған түнерген нажағайлы қара бұлт астында келіні Ильиничнаға біртүрлі жат және жан сескенеңлік болып көрінді.

Жаңбыр екпіндете келіп қалды. Нажағай ойнар алдыңдағы тыныштық ұзаққа бармады. Қыялай жер бауырлап ұшқан күйкентай үрейлене шырылдады, інінің аузында саршұнақ ақтық рет ысқырып қалды. Ұсақ құмды шаң мен екпінді жел Ильиничнаның бетіне соғып өтіп, далаға қарай ұлығ жөнелді. Кемпір орпынан зорға тұрды. Келіп қалған дауылдың гуілін жара:

— Есінді жый! Құдай қолдағыр! Кімге өлім тілейсің? — деп айқай салғанда оның сұп-сұр болып өңі қашып кеткен еді.

— Құдай-ай, жазала оны! Сазайын тарттыр, құдай!— деп айқайлап, нажағайдың көз шағылдырарлық жарқылы әлсін-әлсін жарқыратып, дүлей құйын өркештендірген айбынды асау қара бұлттардың жақпар-жақпар үйіндісіне ессіз көздерін қадай, Наталья қарғай берді.

Дала үстін жаңғырықтыра сатыр-сұтыр етіп күн күркіреп өтті. Үрейі ұшқан Ильинична шоқына түсіп, тәлті-

ректей адымдап, Натальяға жақын келді де, оның қарынан ұстай алды.

— Бүк тізенді, тоба қыл! Естисің бе, Наташка?

Наталья біртүрлі мағнасыз көздерімен қайыненесіне жалт қарады да, еріксіз тізерлей қалды.

— Кешірім сұра құдайдан! — деп Ильинична өктем әмір етті. — Сенің дұғанды қабыл етпеуін сұра! Кімге өлім тіледің сен? Өз балаларыңның туған әкесіне өлім тіледің ғой. Ох, қандай зор күна... Шоқын! Тәжім ет жерге. «Құдая, мен жексұрынның күнасын кешіре гөр!» де.

Наталья шоқына түсті, кезерген еріндерін жыбырлатып бірдемені сыбырлады да, тістеніп, ебдейсіз түрде бір бүйірлей жерге сұлай жығылды.

Нөсер жауынға шомылған дала тамаша жасарып кетті. Қыйыр шеттегі тоғаннан Донның нақ өзіне шейін жарқыраған бүкір кемпірқосақ тартылды. Батыс жақта күн мылқаулана күркіреді. Бүркітше саңқылдап жар ішінде ылай тау суы зулады. Көбіктенген жылғалар тау баурайы мен бақшаларды аралай, төмен, Донға қарай ұмтылды. Олар жаңбыр қырыққан жапырақтарды, жер қыртысынан жуып шығарған шөп тамырларын, үзілген қара бидай масақтарын ағызып әкетіп жатты. Бақша бойларында қарбыз бен қауын шырмақтарын бастырмалап, қыртысты жұмсақ салынды қаптай жылжыды; жазғы жолды жағалай, сораптарды тереңдете жуып, су буырқана ағып жатты. Алыстағы сайдың өзегіндегі нажағай өртеген пішен шошағы жанып бітуге айналды. Көкке құшағын жайған кемпірқосақтың төбесіне таяу ақшыл-көк түгін мұнарасы аспандай көтерілді.

Батпақ, тайғақ жолмен жалаң аяқтарын ептеп басып, юбкаларын жоғары түріп Ильинична мен Наталья хуторға қарай келе жатты. Ильинична:

— Хақтағала-ау, жастар, осы сендерде бас асаулық зор! Қыйт етсе — сендер жындана қаласындар. Жас шағымдағы мен сыяқты болып тұрсаң, сен сонда не істер едің? Бүкіл өмір бойы Гришка саған бір саусағын тигізіп көрген жоқ, ал сен сонда да риза емессің, не керемет мінез шығардың десейші: ерінді тастап та кетпекші болдың, талып та қалдың, сен не істемедің, құдай екеш құдайды да арам істеріңе әкеліп шаттың... Жә, шермендем, кәне айтшы — осы да жақсы іс пе? Жас шағымда менің шолақ-

аяқ идолым<sup>1</sup> жазықсыздан жазықсыз мені өлім халіне жеткізе ұрып жүрді; оның алдында менің ешбір күнам болып көрген жоқ. Өзі сұмырайлық жасап келіп кегін менен алып жүрді. Таң ата қайтады да, ал мен айқай салып, жылап кіналай бастасам, жұдырықты жаудырады... Бір ай бойы темірдей көкпеңбек болып жүретінмін, бірақ сонда да міне тірі қалдым, балаларды бағып өсірдім және үйден кетемін деп бір де ниеттенгенім жоқ. Мен Гришканы мақтамаймын, бірақ та ондай кісімен әлі де бірге тұра беруге болады. Тек ана сұр жылан болмағанда, ол хутор казактарының ең алды болар еді. Ол оның басын дуалап алды, сөз жоқ, солай, — деді.

Әлде не туралы ойлана-толғанып Наталья ұзақ уақыт үндемей келе жатты, сонан соң ол:

— Әже, бұл жөнде енді мен ешнәрсе айтқым келмейді. Григорий келер, сонда менің қайда барарым белгілі болар... Мүмкін, өзім кетермін, мүмкін, тіпті ол қуып жіберер, ал қазір мен сіздің үйден ешқайда қозғалмаймын, — деді.

— Міне бағанадан бері осылай десең етті! — деп Ильинична қуанып кетті.— Құдай жөнін берсе, бәрі де бірыңғайлы болар. Ол сені тіпті де қуып шықпайды, мұны ойына да алма. Ол сені де, балаларды да жақсы көре тұрып, сондай ойға бармақшы ма? Жоқ-жоқ! Ол сені Аксињьяға айырбастамайды, істей алмайды ол ондайды! Ал, өзара үй-ішінде не болмаушы еді? Тек өзі тірі қайтсыншы...

— Мен оған өлім тілемеймін... Әлгіде бәрін ойламай айтып салдым... Бұл үшін сіз мені кіналамаңыз... Жүректен оны суырып тастай алмайсың ғой, бірақ та бұл қалыппен тұру ауырырақ!..

— Қарашығым менің, айналайын! Мен мұны түсінбейді дейсің бе? Тек ап дегеннен ешнәрсе істеу керек емес. Шынайы сөзім, осы жөнінде әңгімені тастайықшы! Христос үшін, сен де шалға қазір ештеме айтпа. Бұл оның жұмысы емес.

— Мен сізге бір нәрсе айтқым келеді... Григориймен мен бірге тұрамын ба, жоқ па, бұл әзір белгісіз, бірақ енді қайтып мен онан бала тапқым келмейді. Мына балалармен де қайда барарым мәлімсіз... Ал, әже, өзім қазір екі қабатпын...

---

<sup>1</sup> Идол — табынатын пұт.

— Көптен бе?

— Үшінші ай.

— Онан енді қайда барып құтылмақшысың? Қаласанда, қаламасанда да табуға тура келеді ғой.

— Таппаймын,— деді Наталья үзілді-кесілді.— Күні бүгін бәлгер Капитоновна шешейге барам. Ол мені мұнан құтқарады... Кейбір қатындардың баласын түсірді ғой ол.

— Бұл не деген сұмдық — нәрестенді құртпақпысың? Қайтіп аузың барып айтып тұрсың мұны, ұятсыз? — Ашу қысып Ильинична жолдың қақ ортасына тұра қалды да, алақанын соғып жіберді. Ол тағы бірдеме айтқысы келіп еді, бірақ арт жағынан дөңгелек салдыры, балшыққа басқан ат тұяғының қатты салпылы және біреудің атты шүү-шүүлеген даусы естілді.

Жүріп келе жатқан бойы юбкаларының етектерін түсіріп жіберіп, Ильинична мен Наталья жолдан шықты. Қырдан қайтқан шал — Бесхлебнов Филипп Агеевич — бұлармен қатарласты да, жүрдек биесінің басын тежеді.

— Отырындар, қатындар, үйлеріңе жеткізіп тастайын, балшықты бекерге илегеннен ештеме шықпас.

— Ой, рақмет жаусын, Агеевич, әйтпесе тайғанақтай-тайғанақтай әбден діңкеміз құрып бітті,— деді де, Ильинична риза болып, кеп-кең жайдақ арбаға алдымен мініп алды.

---

Түстен кейін Ильинична Натальямен сөйлеспекші болды, оған жүктіліктен халас болудың керексіз екендігін дәлелдегісі келді; ыдыс жуып жатып, ол, өз пікірінше, көңілге көбірек қонады деген дәлелдерді саптады, Натальяның бұл ойын шалға білдіріп, қайғыдан ашынған келінін ақылсыз қылықтан соның жәрдемімен айнытсам ба деп те ойлады, бірақ ол шаруасын реттеп болғанша Наталья ақырын ғана жыйналып, үйден шығып та кеткен еді.

— Наталья қайда? — деп сұрады Ильинична Дуняшкадан.

— Бір нәрселерді түйіншек етіп жыйныстырды да шығып кетті.

— Қайда? Не деді? Қандай түйіншек?

— Маматай-ау, мен қайдан білейін? Орамалға таза юбка және бірдемелерді түйді де, шығып кетті, ешнәрсе де айтқан жоқ.

— О, сорлы бас! — Дуняшканы аң-таң қалдырып, Ильинична дәрменсіз жылап жіберді де, сәкіге отыра кетті.

— Маматай-ау, сізге не болған? Құдай қолдағыр, сіз неменеге жылайсыз?

— Мазамды алма, сұмпайы! Жұмысың болмасын! Не деді өзі? Ол дайындада бастағанда неге ғана айтпадың сен маған?

Дуняшка ызалана жауап қайырды:

— Таза бәле болдыңыз ғой, мұқым! Мұны сізге айтудың керек екенін мен қайдан білейін? Біржола кеткен жоқ қой ол? Шешесіне қонаққа кеткен шығар, оның неменесіне жылайсыз, — тіпті ақылға сыйғыза алмаймын!

Натальяның қайтуын Ильинична зор қауіп-қорқынышпен күтті. Кіналап, кейіп бітер деп қорқып, шалға айтпауға бел байлады.

Күн бата өрістен табын келді. Қысқа жазғы ымырт жабылды. Хутордың әр жерінде шамдар жағыла бастады, бірақ Наталья әлі де келген жоқ. Мелеховтардың үйіші кешкі тамаққа отырысты. Абыржып сұп-сұр болған Ильинична столға шемішке майына қыздырған, пыязбен дәмдеген алма әкеліп қойды. Шал қасық алды, қасыққа кепкен нанның қыйқымдарын сыпырып салды, оны сақал басқан аузына қағып жіберді де, стол жанында отырғандарды селқостау қарап алып:

— Наталья қайда? Тамаққа неге шақырмайсындар оны? — деп сұрады.

— Ол жоқ, — деп Ильинична жай ғана тіл қатты.

— Қайда жүр ол?

— Шешесіне кеткен болу керек, қонақ болып, айналып қалған шығар.

— Ұзақ қонақ болған екен. Тәртіпті түсінетіндей мезгілі болып еді ғой... — деп Пантелей Прокофьевич жаратпай, күбір етті.

Ол, әрқашандағыдай, асты ыждағаттап, баптап ішті; анда-санда қасығын төңкеріп қойып отырды, онымен қатар отырған Мишатканы сүйсінген көзбен қыйғаш қарап алып, дөкірлеу түрде: «Бөпетайым, аздап бері бұрылшы, мен сенің ерніңді сүртіп жіберейін. Шешен сенің — қыдырма, сендерге көз салу деген жоқ...» — деді. Сөйтіп, күсті және қап-қара алақанымен немересінің үлбіреген алқызыл еріндерін сүртті. Үйіші үнсіз кешкі тамақты

ішіп бітірді, стол жанынан тұрды. Пантелей Прокофьевич:

— Отты өшіріндер. Керосин азда оны бекерге тауысудың қажеті жоқ, — деп бұйырды.

— Есікті бекітейік пе? — деп сұрады Ильинична.

— Бекіт.

— Наталья ше?

— Қелсе — қағар. Мүмкін, ол таң атқанша тентіреп? Бұл да сән шығарған... Кәрі мыстан, сен оған көбірек үндемесен етті! Түнделетіп қонаққа жүруді тапқанын қарай гөр... Мен оған ертең көрсетейін көресіні. Дашкадан үлгі алған ғой...

Ильинична шешінбестен жатты. Үнсіз аударыла түсіп, аһлап-уһлеп жарты сағаттай жатты да, Капитоновнаға барғалы орнынан тұруға ниет етіп еді, терезе түбінде біреудің аяғын сүйрете, босан басқан дыбысы естілді. Жасына тән емес жеделдікпен Ильинична орнынан ұшып түрегелді, сенекке асыға жүгіріп шықты да, есік ашты.

Өліктей боп-боз болып кеткен Наталья, таянышқа жармасып, баспалдаққа әрең шығып келе жатыр еді. Толған ай оның жүдеу тартқан бетіне, ұясына кіріп кеткен көздеріне, қыйнала бүгілген қастарына сәулесін жарқырата төкті. Ауыр жараланған аңдай, ол теңселе басып келе жатты, ал оның аяқ басқан жерінде — қарауытып қанды дақ қала берді.

Ильинична үндеместен оны құшақтады да, сенекке кіргізді. Наталья есікке арқасын сүйеді де, қарлыққан үнмен:

— Үйіші ұйқтады ма? Әже, менің соңымдағы қанды сүртіңіз... Көресіз бе — із жосылып жатыр ғой... — деді сыбырлап.

— Немене істеп тастадың сен өзіңе өзін?! — деп қалды Ильинична ақырын ғана, еңірей булығып.

Наталья езу тартқысы келіп еді, бірақ күлімсіреудің орнына бет-аузы аянышты түрде қыйсайып кетті.

— Әже, дабырламаңыз... Әйтпесе үйішін оятасыз... Міне енді мен құтылдым. Менің енді жаным жай тапты... Бірақ, тек қан көп кетті... Бейне бір кесіп жібергендей саулап тұр менен... қолыңызды беріңізші, әже... Басым айналып барады.

Ильинична есіктің сұқпасын салды, бейнебір бөтен үйдегідей, ұзақ уақыт қалтылдаған қолымен сыйпалай қармалап, қараңғыда есіктің тұтқасын таба алмай қой-

ды. Аяғын ұшынан басып ол Натальяны төргі үлкен бөлмеге апарды; Дуняшканы оятты да, бөлмеден шығарып жіберді, Дарьяны шақырды, шам жақты.

Асұйдің есігі ашық еді де, сол жақтан Пантелей Прокофьевичтің бір ырғақты күшті қорылы естіліп тұрды; ұйқтап жатып еріндерін рақаттана шөпілдетіп қойып кішкене Полюшка бірдеме деп былдырлап жатты. Ешнәрседен алаңсыз бала ұйқысы қатты ғой, шіркін!

Ильинична жастықты көпіртіп, төсек дайындағанша, Наталья сәкіге тізесін бүкті, дәрмені кетіп басын стол шетіне сүйеді. Дуняшканың төргі бөлмеге кіргісі келіп еді, бірақ Ильинична оған қатал түрде:

— Жоғал да, қайтып көрінбе мұнда, ұятсыз! Сенің қыстырылатын жерің емес бұл,— деді.

Қабағын қарыс түйген Дарья су шүберек алды, сенекке шығып кетті. Наталья басын зорға көтеріп:

— Кереуеттен таза төсек-орынды сыпырып алыңыз... Маған кенеп төсеп беріңіз... Бәрібір былғап тастаймын... — деді.

— Шығарма үніңді! — деп бұйрық етті Ильинична.— Шешін, жат. Қалай, халің нашар ма? Бәлкім, су әкелу керек шығар?

— Мен әлсіредім... Маған таза көйлек пен су әкеліңіз.

Наталья орнынан әрең тұрды, тәлтіректей басып кереуетке келді. Қан Натальяның юбкасына әбден сіңіп, баса салбыратып, аяқтарына жабысып тұрғанын Ильинична сол жерде ғана байқап қалды. Бейнебір жаңбыр астында қалған адамдай, Натальяның еңкейіп етегін сығып, шешіне бастағанын көріп оның есі шығып кетті.

— Сен өзің қансырап қалғаның ғой! — деп өксіп жіберді Ильинична.

Көзін жұмып, жиі-жиі ышқына дем алып, Наталья шешіне бастады. Ильинична оған бір қарап алды да, батыл түрде ас үйге қарай тартты. Ол Пантелей Прокофьевичті зорға дегенде ырғап оятып:

— Наталья ауырып қалды... Өте нашар, өліп қалмаса жарар еді... Қазір ат жек те станицадан фершілді алып кел,— деді.

— Жоқты шығарасың! Не болып калыпты оған? Ауырып қалды? Түнделетіп азырақ сенделсе етті...

Не болғанын кемпір қысқа ғана түсіндірді. Жынданған Пантелей Прокофьевич ұшып тұрды,— шалбарының түймесін жүре салып, төргі бөлмеге тартты.



— О, оңбаған! О, иттің қызы! Қарашы, не істегенін? Кіріптарлық па оған мұны істеткен?.. Мен қазір оған көрсетейін көрсені!..

— Есіңнен айрылдың ба, қарғалған!? Қайда барасың кимелеп?.. Барма онда, оның саған қарауға халі жоқ!.. Балаларды оятасың! Бар қораға, тезірек ат жек!..

Ильинична тоқтатқысы келіп еді, бірақ Пантелей Прокофьевич тындамастан, төргі үйдің есігіне келді де, оны теуіп ашып жіберді.

— Табарынды таптың, сайтанның қызы! — деп айқай салды ол босағада тұрып.

— Болмайды кіруге! Кірме, ата! Христос үшін, кіре көрме! — деп ащы дауыспен айқайлап жіберді Наталья, шешкен көйлегін кеудесіне баса түсіп.

Ұрсып жүріп Пантелей Прокофьевич шекпенін, фураж-касын, ат әбзелдерін іздей бастады. Ол асықпастан соншалық ұзақ жүріп алды да, Дуняшка шыдамай ас үйге кіріп келіп, жыламсырай әкесіне дүрсе қоя берді:

— Бар тезірек! Көң аударған қоңыздай немене ақтарып кеттің?! Наташа өлгелі жатыр, ал бұл болса табандаған бір сағат дайындалады! Келісті-ақ! Әке дейді-ау мұны да! Барғың келмейді екен — айт солай деп! Өзім жегемін де барамын!

— Ал ақмақтанды! Сен немене, байлаудан сытылып шықтың ба? Сен қалып едің сөйлемеген, тырысқақ кәтіраш! Бұл да әкесіне әкірендейді, жексұрын! — Пантелей Прокофьевич қызға шекпенімен сілтеп қалды да, ақырын күбірлей қарғап, қораға шығып кетті.

Ол кеткеннен кейін үй ішіндегілердің бәрі де еркінірек сезінді. Орындықтар мен сәкілерді аласұра жылжытып, Дарья еденнің дағын жуып жатты, шал кеткеннен кейін Ильинична төргі бөлмеге кіруге рұқсат еткен Дуняшка Натальяның бас жағында отырды, жастығын оңдады, су берді; Ильинична анда-санда бүйір бөлмеде ұйқтап жатқан балаларға кіріп-шығып, төргі бөлмеге қайтып келіп, алақанымен жағын таянып, қайғыра басын шайқап, Натальяға ұзақ уақыт қарап отырды.

Шаш бұрымдары таралып кеткен және терлеп су-су болған басын жастыққа олай-бұлай домалатып, Наталья үнсіз жатты. Ол қансырай берді. Әрбір жарты сағаттан кейін Ильинична оны аздап қана мәпелей көтеріп, шылқылдаған жаялықты астынан суырып алып, жаңасыч тө-

сеп тұрды. Сағат сайын Наталья бірден-бірге әлсірей берді. Түн ортасы ауғанда ол көзін ашты да:

— Таң тез ата ма? — деп сұрады.

— Кешікпей атады, — деп жұбатты оны кемпір, өзі ішінен: «Тірі қалмайды екен! Ес-тұсын білмей қалып, балаларын көре алмаймын деп қорқады ғой...» деп ойлады.

Тура мұның осы болжалын дәлелдегендей, Наталья жайлап қана:

— Әже, Мишатка мен Полюшканы оятыңызшы, — деп тілек етті.

— Саған не болған, қалқам! Түн ішінде оятып не керек оларды? Сені көріп олар қорқып кетеді де, шу көтереді... Не керек оларды оятып?

— Екеуін көргім келеді... Менің халім жақсы емес.

— Құдай жар болғыр, не дейсің өзің? Міне қазір атаң фершіл алып келеді де, ол саған жәрдем етеді. Шермендем-ау, ұйқтасаң етті өзің!

— Маған ұйқы қайда! — деп жауап қайырды Наталья, сәл ыза болған дауыспен. Мұнан кейін ол ұзақ уақыт үнін шығармады, тынысы түзеле бастады.

Ильинична ақырындап баспалдаққа шығып кетті де, көз жасын еркіне жіберді. Шығыс бетте таң саз бере бастаған кезде ол қып-қызыл ісінген бетпен төргі бөлмеге қайтып келді. Есіктің сықыр еткеніне Наталья көзін ашып жіберді, тағы да:

— Таң тез ата ма? — деп сұрады.

— Атып келеді.

— Тонмен аяғымды қымтаңызшы...

Дуняшка қой терісінен істеген жағалы тонды оның аяғына жапты да, көрпесін бүйір жақтарынан түзеп қойды. Наталья көзімен алғыс айтты, сонсоң Ильиничнаны қасына шақырып алып:

— Менің қасыма отырыңыз, әжеке, ал сен, Дуняшка, Дарья, сен де, бір сағатқа шыға тұрыңыз, мен әжекемнің бір өзімен сөйлескім келеді... Кетті ме әлгілер? — деп сұрады Наталья, көзін ашпастан.

— Кетті.

— Атам әлі келген жоқ па?

— Кешікпей келеді. Халің нашарлап бара ма, әлде?

— Жоқ, бір қалыпта... Менің айтайын дегенім мынау еді... Әжеке, мен кешікпей өлемін... Жүрегім сезіп жатыр. Қаншама қан кетті менен — адам шошырлық! Сіз Дашкаға айтыңыз, пеш жаққанда ол суды молырақ етіп қой-

сын... Мені сіз өзіңіз жуыңыз, қаламаймын бөтен адамдардың...

— Наталья! Тоба де, қарағым, есіңді жый! Неменеге сен өлім туралы сөйлей бастадың? Құдай рахымды ғой, сауығарсың.

Наталья қолын әлсіз ғана сермеп, қайыңненесінің үндемеуін өтінді.

— Менің сөзімді бөлмеңіз... Маған қазір сөйлеу де ауыр, бірақ менің айтқым келеді... Тағы да басым айналып барады... Мен сізге су турасында айттым ба? Ендеше, алде де тың екенмін... Мен келісімен-ақ, түстен кейін, Капитоновна маған әлдеқашан жасады... Ол, сорлы, өзі қорқып кетті... Ой, қан көп кетті менен... Тек таңға дейін өмір сүрсем екен... Суды молырақ жылытыңыз... Өлгенде таза болғым келеді... Әжеке, маған жасыл юбкамды кигізіңіз, алгі бүрмесін шілтерлеген юбкамды... Менің соны кигенімді Гриша жақсы көруші еді... Және поплин кофтамды кигізіңіз... ол сандықтың үстіңгі жағында, оң жақ бұрышында, шәлінің астында жатыр... Демім бітісімен балаларды біздікіне алып кетсін... Мамама кісі жіберсеңіз етті, қазір келсін... Қоштасуым керек қой... Алыңызшы астымнан. Шылқып кетті бәрі...

Натальяны белінен сүйеп Ильинична жаялықты суырып алды, жаңасын зорға-зорға дегенде астына тықты. Наталья сыбырлап:

— Мені қырымнан... салыңыз! — деп үлгірді де, сол замат есі ауып кетті.

Терезеден көгілдір таң білінді. Дуняшка шелекті жуды да, қораға сыйыр саууға кетті. Ильинична терезені ашып жіберді де, жас қанның жылымшы исі мен жанған керосиннің ысы сіңіп қалған төргі бөлмеге жазғы таңның өткір самал салқыны құйылып кетті. Шие жапырақтарынан терезе алдына жел шық жасын сілкіп қалды; таңғы құс дауыстары, сыйырдың мөңірегені, бақташы шыбыртқысының үздік-создық жиі шартылы естіліп жатты.

Наталья есін жыйды, көзін ашты, тілінің ұшымен кезерген қансыз сарғылт еріндерін жалады, сусын сұрады. Ол балаларын да, шешесін де сұраған жоқ. Онан бәрі де қашықтаған және мәңгі қашықтаған сыяқты...

Ильинична терезені жапты, кереует жанына келді. Бір түн ішінде Наталья қандай қатты өзгерген! Бір тәулік бұрын ол шешек атқан балғын алма ағашы сыяқты сұлу, таза, қуатты еді, ал қазір екі беті Обдон тауының боры-

нан да ағырақ секілді, мұрны сүйірленіп кеткен, кеше ғана уылжып тұрған еріндер өңінен айрылып, жұқара түскен, тіпті арсыйған тіс тізбектерін зорға қымтап тұрған тәрізді. Натальяның көздері ғана бұрынғы жарқылын сақтап қалған, бірақ жанарларының нұры басқаша еді. Оқта-текте түсініксіз бір тілектің селбеуімен көкшіл кірпіктерін жоғары көтеріп жіберіп, көзімен бөлмені айнала шолып, бір секундтай Ильиничнаға тоқтата қалған уақытта Натальяның көз қарасында жаңа бір шошынарлық жат нәрсе бейнеленді...

Күн шыға Пантелей Прокофьевич келді. Ұйқысыз түндерден және сүзекпен ауырғандардың, жаралылардың машақатынан қажыған, ұйқы басқан фельдшер бір керіліп, тарантастан түсті, отырғыш үстінен түйіншегін алды да үйге қарай жүрді. Ол баспалдақ үстінде брезент шекпенін шешті, — таяныш үстінен асыла иіліп түкті қолдарын өлгенше сабындады, қолына құмырамен су құйып тұрған Дуняшкаға көзінің астымен қайта-қайта қарай берді, тіпті бір — екі рет қызға көзін де қысып қалды. Сонсоң ол төргі бөлмеге кірді де, алдын ала жұртты бөлмеден шығарып жіберіп, он минут Натальяның жанында болды.

Пантелей Прокофьевич пен Ильинична ас үйде отырды.

— Ал, қалай? — деп сұрады шал сыбырлап, екеуі төргі бөлмеден шығып келе жатқанда.

— Нашар...

— Мұны ол өз бетімен істеді ме?

— Өз білдігі... — Ильинична тура жауап беруден жалғарып кетті.

— Тезінен ыстық су әкеліндер! — деп әмір етті фельдшер, шашы ұйпалақтанған үрпе-түрпе басын есіктен қылтыйтып.

Су қайнағанша фельдшер ас үйге шықты. Шалдың дыбыссыз сұрағына қолын үмітсіз бір-ақ сілтеді..

— Түске таман жан тапсырады. Қан тым көп кеткен! Ештеме істеп болмайды! Григорий Пантелеевичке хабарлаған жоқсындар ма?

Жауап берместен, Пантелей Прокофьевич сенекке қарай асыға шойнаңдады. Дарья шалдың сарай жаппасы астындағы шөп машинасының тасасына барып, былтырғы тезек үймесіне басын қоя, еңіреп жылағанын көріп тұрды...

Фельдшер тағы жарты сағат аялдады, баспалдақ үстінде отырды, шыққан күннің шұғыласы астында қалғый бастады, сонсоң самаурын қайнағаннан кейін төргі бөлмеге тағы кірді, Натальяға камфара жіберді де, қайта шығып сүт сұрады. Есінеуін зорға басып отырып, екі стакан сүт ішті де:

— Сіз қазір мені апарып салыңыз. Менің станицада ауруларым мен жаралыларым көп және менің бұл жерде болуымның маңнасы жоқ. Бәрі пайдасыз. Григорий Пантелеевичке шыбын жаныммен қызмет етер едім, бірақ шынымды айтайын: жәрдем беру қолымнан келмейді. Біздің жұмысымыз шамалы — біз тек сырқаттыларды емдейміз, ал өлгендерді тірілтуді біз әлі үйренгеніміз жоқ. Келініңізді сондайлық паршалаған көрінеді, тіпті өмір сүрерлік ештеме қалдырмапты... Мүлде сау жері жоқ. Кемпірдің темір ырғақпен әрекет еткені көрініп-ақ тұр. Қараңғылығымыз біздің, ешбір амал жоқ, — деді.

Пантелей Прокофьевич тарантасқа шөп салды да, Дарьяға:

— Сен апарып саларсың, Донға түсісімен биені суарып алуды ұмытпа, — деді.

Ол фельдшерге ақша ұсынбақшы болып еді, бірақ фельдшер ақша алудан табандап бастартып, шалдың өзін ұялтты:

— Пантелей Прокофьевич, сенің мұндайды әңгімелеуіңнің өзі ұят. Өз адамыңызбыз, ал сен ақшанды ала жүгіресің. Жоқ-жоқ, ақшамен маңыма да жуыма! Немен алғыс айтуға дейсің бе? Бұл жөнде сөйлесудің де керегі жоқ! Егер сіздің келініңізді емдеп жазып, аяғын тік бастырсам, — онда әңгіме басқаша.

Таңертең, сағат алты кезінде, Наталья өзін анағұрлым тәуір сезінді. Ол беті-қолын жуғызуды сұрады, айнаны Дуняшкаға ұстатып қойып, шашын тарады және туғантуысқандарын жаңаша жайнаған көзбен шола қарады, әрең деп күлімсіреп:

— Ал, мен енді тәуір болуға бет алдым! Өзім қорқып кетіп едім... Маған акыр соны осы — деп ойлап едім... Бұ не бұл, балалардың сонша ұзақ ұйқтағаны? Дуняшка, бар, қарашы, оянып па екен?

Грипашка мен Лукинична келді. Қызын көре сала кемпір жылап қоя берді, бірақ Наталья абыржып, іле-шала сөйлеп кетті:

— Маматай-ау, сіз неге жылайсыз? Менің халім он-

шалық жаман емес... Сіз мені жерлей келген жоқсыз ғой? Ал сіз, шынында, неге жылайсыз?

Грипашка байқатпай шешесін түртіп қалды да, кемпір, түсіне қойып, көзін сүртті, қызын жұбата:

— Сен немене, қызым, мен жәй, ақмақтықтан көз жасымды ағызып алдым. Сен көзіме түскенде жүрегім шымырлап кетті... Мықтап өзгеріп кетіпсің...— деді.

Мишатканың даусы мен Полюшканың күлкісін естіген заматта Натальяның аздап бетіне қызыл шырай ойнап шыға келді.

— Оларды мұнда шақырындаршы! Шақырындаршы тезірек!..— деп өтінді ол.— Кейін киінер!

Полюшка алдымен кірді, жұдырығымен ұйқылы көзін ұқалап, ол табалдырықта тұрып қалды.

— Маматайың ауырып қалды сенің... — деді Наталья жымыйып.— Қасыма кел, аяулым!

Сәкі үстінде маңғазды түрде отырған үлкендерді Полюшка анықтап қарап алды, шешесіне жақын келіп, ренжіп:

— Сен мені неге оятпадың? Бұлардың бәрі неге жыйналған? — деп сұрады.

— Олар менің халімді білуге келген... Ал мен сені неге оятпақшымын?

— Мен саған су әкелген болар едім, сенің қасында отырған болар едім...

— Жарайды, бар, жуын, таран, құдайға жалбарын, сонан кейін келіп қасымда отырарсың.

— Сен ертеңгі тамақ ішуге тұрасың ба?

— Білмеймін. Сірә, тұра алмаспын.

— Онда мен саған осында әкелем, жарай ма, маматайым?

— Аумаған әкесі, оған тек жүрегі тартпаған, жұмсағырақ...— деді Наталья болмашы ғана жымыйған күйде, басын шалқайта түсіп және қалтырап көрпені аяғына тартып.

Бір сағаттан кейін Натальяның халі нашарлап кетті. Ол сұқ қолымен ымдап балаларды өзіне шақырып алды, оларды құшақтады, шоқындырды, бетінен сүйді, сонан соң шешесінен оларды өз үйіне алып кетуін сұрады. Лукинична балаларды алып баруды Грипашкаға тапсырды да, өзі қызының жанында қалды.

Наталья көзін жұмды, бейнебір талықсып жатып айтқандай:

— Сонымен мен оны көре алмайтын болдым... — деді. Содан кейін бірнәрсе тура есіне түсе қалғандай, кереуеттен шұғыл көтеріле түсті.— Мишатканы қайтарыңыз!

Жылап-сықтаған Грипашка баланы бөлмеге итермелеп кіргізді де, өзі естілер-естілмес етіп жоқтау айтып ас үйде қалды.

Мелехов тұқымына тән қатыгез көзқарасты, тұнжыраңқы Мишатка имене басып кереует жанына келді. Анасының жүзінде пайда болған қатты өзгеріс оны танымастай жат етіп көрсетті. Наталья ұлын өзіне жақындата тартты, қолға түскен торғайдың жүрегіндей Мишатканың кішкентай жүрегiнiң тез-тез соғып тұрғанын сезді.

— Еңкейші маған, ұлым! Жақынырақ! — деп сұрады Наталья.

Ол Мишатканың құлағына бірдеме сыбырлай бастады, сонан соң оны өзінен кейін шегіндіріп көзіне құмарта қарады, жыбырлаған еріндерін қымқыра түсті де, аянышты, қыйналған жымыйыспен зорға деп езу тартып:

— Ұмытпайсың ба? Айтасың ба? — деп сұрады.

— Ұмытпаймын... — Мишатка анасының сол қолын ұстап алды да, кішкентай ыстық уысына салып қысты, оны бір минуттай ұстап тұрып, босатып жіберді. Неге екені белгісіз, ол қолдарын қалбаңдата, аяғының ұшынан басып кереуеттен кейін кетті.

Наталья оны есікке дейін көзімен шығарып салды да, үн шығармастан, қабырғаға бұрылды.

Түс кезінде Наталья қайтыс болды.

## 17

Майданнан өзінің туған хуторына дейін екі тәулік жол жүргенде Григорий көп ойланып, көп нәрсені еске түсірді... Наталья жөніндегі естен қыл-елі шықпас қайғы мен ойларынан өзге серігі жоқ, иен далада бір өзі қалмау үшін ол қасына Прохор Зыковты ерткен болатын. Жүздіктің тұрған жерінен шығысымен-ақ Григорий соғыс жөнінде әңгіме бастады, австрия майданында 12-полкта қалай қызмет еткенін, Румынияға қалай барғанын, немістермен қалай шайқасқанын еске түсірді. Ол ауыз жаппастан, тынымсыз сөйледі, полктастарының басында болған әртүрлі күлдіргі уақығаларды еске түсіріп, күлумен болды...

Григорийдің ерекше әңгімешілдігіне қайран қалып, алғашқыда түсінбей күдіктене көз қырын салып келе жатқан аңқаулау Прохор, соңынан оның ауыр ойлардан көңлін басқа жаққа бұру үшін қай-қайдағы өтіп кеткен күндерді еске түсіріп келе жатқанын түсіне қалды да, әңгімені қолдай түсті, тіпті оны үзбеуге артығырақ та тырысып жіберді білем. Бір кезде Чернигов госпиталында жатуға тура келгенін бүге-шігесін қалдырмай айтып келе жатып Прохор әлдеқалай Григорийге қарап қалды да, оның тотыққан бетіндегі ағыл-тегіл сорғалап келе жатқан жасты көрді... Прохор сыпайыгершілікпен бірнеше сажень кейін қалып қойып, жарты сағаттай соңына ере жүрді, ал сонан кейін қайтадан қатарласты да, басқа бір болмашы нәрсені сөз қылмақшы боп байқап көріп еді, бірақ Григорий әңгімеге кіріспей қойды. Сөйтіп олар қатарласа, үзенгі қағыса, түске шейін үндеместен жортты.

Григорий тым қатты асықты. Ыстыққа қарамастан, ол атын бірде сар желгізіп, бірде шоқырақтатып, анда-санда ғана аяңдатып алып отырды. Тек талтүсте, төбеден тік түскен күн аптабы шыдатпай күйдіре бастаған мезетте ғана Григорий сайға кеп тоқтады, аттың ер-тоқымын алды, оны отқа жіберді, ал өзі көлеңкеге кетті де, бүк түсті — сол күйі тап ыстық басылғанға дейін жатты. Аттарға олар бір рет сұлы берді, бірақ Григорий атқа ойдағыдай жем жегізуге, шалдыруға жөнді уақыт бермеді. Олардың алыс сапарға үйреніп қалған аттарының өзі де бірінші тәуліктің ақырына қарай мықтап жадап қалды, алғашқы талмас қарқын былай қалып, баяулай жортты. «Міне бұлай етсек аттарды өлтіріп алу да оп-оңай. Осылай етіп те адам жүре ме? Бұл сайтанға ештеме емес, ол өзінікін зорықтырады да, қай кезде болса да астына ат тауып мінеді, ал мен қайдан алмақшымын? Шаба-шаба аттарды зорықтырады-ау, мына сайтан, осынша алыс жерден Татарскийге дейін жаяу борсандауға яки лау жалдауға тура келіп жүрмесе неғысын!» деп ойлады Прохор, кейіп.

Келесі күні таңертең Федосеевская станицасы хуторларының бірінде ол төзбеді, Григорийге үн қатып:

— Осы сен өміріңде мүлде қожайын болып көрмеген адам сыяқтысың ғой өзің... Жә, осылай етіп те адам дамылсыз күні-түні шапқылай ма? Қарашы өзің аттардың іші қабысып қалғанын. Тым болмаса кешкі сәріде аттарды ойдағыдай шалдырып алайықшы, — деді.



— Жүре бер, қалып қойма,— деп жауап қайтарды Григорий, селқостау ғана.

— Мен саған ілесе алатын емеспін, атым болдырып та қалды. Мүмкін, тынығып алармыз?

Григорий үндемей қойды. Бір ауыз тіл қатыспастан олар жарты сағаттай жортты да, сонан соң Прохор үзілді-кесілді:

— Кәне, аттарға аздап болса да жұлдыртып алайық! Мен бұдан әрі жүре алатын емеспін! Естідің бе? — деді.

— Тебін, тебін!

— Қашанға шейін тебіне бермек керек? Тұяқтары қақырағанша ма?

— Қысқарт!

— Рақымшылық ете гөр, Григорий Пантелевич! Жалғыз атымның терісін іреймін бе, бәтір-ау, әңгіме соған айналып барады ғой...

— Жарайды, тоқта ендеше, сенің-ақ дегенің болсын, жын соққыр! Шебі тәуір жерді қара.

Григорийді іздеп Хопер округінің станицаларын шарлаған телеграмма өте кешігіп келген-ді... Григорий үйіне Натальяны жерлегеннен кейін үшінші күн дегенде жетті. Кіші қақпа жанында ол аттан түсті, өксіп жылап жүгіре шыққан Дуняшканы жүріп келе жатқан бойы құшақтады да, қабағын түіе:

— Атты жақсылап аяңдат... Және сыңсыма! — деп өтіңді де, Прохорға қарай бұрылып: — Бара бер үйіне. Керек болып қалсаң — өзім айтармын, — деді.

Машатка мен Полкошканы қолынан жетектеп Ильинична ұлын қарсы алғалы баспалдаққа шықты.

Григорий балаларды қапсыра құшақтады, даусы дірілдеп:

— Жылай көрмендер тек! Егілмендер жалғыз-ақ! Қарақтарың! Сөйтіп, желім қалдыңдар ма? Жә-жә... Маман бізді жайсыз жағдайға тастап кетті-ау... — деді.

Ал өзі көмейге тірелген өксуді шаққа деп бөлеп, үйге кірді, әкесімен амандасты.

— Сақтап қала алмадық... — деді де, Пантелей Прокофьевич дереу сенекке қарай ақсаңдады.

Ильинична Григорийді төргі бөлмеге алып кетті, Наталья туралы ұзақ әңгіме айтты. Кемпір түпел айтқысы келмей еді, бірақ Григорий:

— Неліктен ол бала таппайын деген ойға келді, білмейсің бе? — деп сұрады.

— Білемін.

— Ал?

— Мұның алдында ол әлгі сенің... анауына барып қайтқан-ды... Аксињья оған бәрін де айтып қойған...

— Үм... солай ма? — Григорий күп-күрең болып кетті де, төмен қарады.

Төргі бөлмеден ол қартаң тартып және сұп-сұр бошықты; дірілдеген көкшіл еріндерін бүлк-бүлк еткізіп, стол жанына келіп отырды, тізесіне мінгізіп отырып ұзақ уақыт балаларын еркелетті, сонан соң кішкене сумкасынан шаң басып сұрғылт тартқан бір шақпақ қап алды, оны алақанына салып пышақпен екіге бөлді, имене езу тартып:

— Мінекей, сендерге әкелген барлық базарлығым... Сендердің әкең міне осындай... Ал енді қораға жүгіріңдер, атаңды шақырып келіңдер! — деді.

— Зиратқа барып қайтасың ба? — деп сұрады Ильична.

— Кейінірек барармын өйтіп-бүйтіп... Өлгендер өкпелемейді ғой... Мишатка, Полюшка қалай? Ештеме етпестей ме?

— Әуелгі күні қатты жылады, әсіресе, Полюшка... Қазір, ақылдасып қойғандай, біздің көзімізше Наталья жөнінде естеріне де алмайды, ал бүгін түні Мишатканың дыбысын шығармай, өксіп жылағанын есіттім... Ешкім естімесін деп басын жастықтың астына тығып алыпты... Мен қасына келіп: «Құлыным, саған не болды? Мүмкін, менің қасыма жатарсың?» десем, ол: «Ештеме емес, әже-тай, мен мұны түсімде істеген шығармын», — дейді. Сөйлес екеуімен, еркелет... Кеше таңертең тыңдап тұрсам, өзара екеуі сенекте сөйлесіп тұр. Полюшка: «Бізге ол қайтып келеді. Ол — жас, жас кісілер біржола — біржола өлмейді» — дейді. Ақылдары аз әлі, бірақ үлкен адамдар сыяқты, олардың да кішкене жүректері сыздап, ауырады ғой... Сен аш шығарсың? Кәне, мен саған жейтін бірдеме даяр етейін, неге үндемейсің?

Григорий төргі бөлмеге кірді. Ол мұнда бейнебір бірінші рет кірген адамдай болды, қабырғаға айнала мұқыяттап қарады, жастықтарын қопсыта жыйнап қойған кереуетке көз тоқтатты. Наталья осы кереует үстінде өлді, сол жерде оның даусы ақтық рет шықты... Григорий На-

тальяның балалармен қалай арыздасқанын, оларды қалай сүйгенін, мүмкін, тіпті шоқындырғанын да көз алдына елестетті, және әйелінің қайтыс болғаны жөніндегі телеграмманы оқығандағыдай, жүрегіне шаншыла қадалған қатты хастені, құлағының күңгірттеніп зың ете қалғанын қайтадан сезді.

Үй ішіндегі әрбір ұсақ-түйектің бәрі Натальяны еске түсірді. Натальяны еске түсірмеске тіпті болмайтын болды және осының өзі мүлде азапты да еді. Григорий әлденеге барлық бөлмелерді аралап шықты да, үйден асыға басып, тысқа ұмтылды, тіпті, баспалдаққа жүгіре шықты. Жүректегі жара үсті-үстіне жандыра түсті. Мандайына шыпшып тер шықты. Ол зәресі ұша, сол жақ кеудесін алақанымен басып, баспалдақтан түсті: «Сірә, асу-асу асқар таулар мендей көкшолақтың діңкесін құртқаны ғой, шамасы...» деп ойлады.

Дуняшка аула ішінде атты аяңдатып жүр еді. Қамба жанында ат, тізгінін тартыпшақтап, тоқтай қалды, жер іскеді, — мойнын созып, жоғарғы ернін шүйіріп, тізілген тақта сары тістерін ақсыйтты, сонан соң пыскырып жіберді де, ебедейсіздеу түрде алдыңғы екі аяғын бүгуге айналды. Дуняшка тізгінді соза тартты, бірақ ат оған қарамас-тан жата бастады.

— Жатқызба! — деп атқорадан Пантелей Прокофьевич айқай салды. — Көрмейсің бе оның ерттеулі екенін! Ер-тоқымын неге алмадың, ақмақ сайтан!

Асықпастан, әлі күнге дейін кеудесінің ішінде не боп жатқанына құлағын тосқан күйі, Григорий аттың қасына келді де ер-тоқымын алды, зорлана күлімсіреп, Дуняшкаға:

— Әкей даурығып қоя ма? — деді.

— Әрқашандағысындай, — деп Дуняшка қарсы күлімсіреді.

— Тағы да аздап жетектей түс, қарындасым.

— Тері әлдеқашан кепті оның, жарайды онда, жетектейін.

— Аунауға ырық бер оған, бөгеме.

— Жә, ағатай... Қайғырасың ба?

— Е, сен қалайша деп ойлап ең? — деп жауап қайырды Григорий, булығып.

Жан ашырлық сезімі билеп Дуняшка оның қарынан сүйіп алды да, әлденеден қатты абыржып, кенет теріс айналып кетті, атты мал қораға қарай жетеледі.

Григорий әкесіне кетті. Ол атқораның көңін ыждағаттап күреп шығарып жатыр еді.

— Сенің әскери атыңа қора дайындап жатырмын.

— Неге айтпадың мұны? Мен өзім тазалаған болар едім.

— Ойлап тапқаныңа болайын! Мен немене, әлде мешел дейсің бе? Мен, шырағым, шақпақ мылтықтаймын. Маған тозу жоқ! Әлі де аздап секіруге шамам бар. Ертең қара бидай шабуға жүрсем бе деп ойлап тұрмын. Сен ұзақ уақытқа келдің бе?

— Бір айға.

— Міне жақсы болды! Қырға шығамыз ғой? Жұмыс үстінде қайғыңның серілуі анағұрлым жеңілірек болар...

— Өзім де осыны ойлап едім.

Шал айырын тастай берді, жеңімен бетінің терін сүрті, үннің асыл ырғағымен:

— Жүр үйге, түстік ішейік. Мұнан, бұл қайғыдан ешқайда бой тасалап қала алмайсың... Қашсаң да, сақтансаң да құтыла алмайсың. Солай болу керек...

Ильинична столға тамақ әзірледі, таза орамал берді. Григорий тағы да: «Наталья өстіп дайындаушы еді...» деп ойлады. Ішкі қобалжуын білдірмеу үшін ол тамақты тез-тез жей бастады. Шоланнан аузын шөппен тығындаған құмырамен самогон әкелген кезде ол әкесіне құрмет сезімімен қарап қойды.

— Жаны жәннатта болғыр, келін марқұмды еске түсірейік, — деді Пантелей Прокофьевич берік түрде.

Екеуі бір-бір стаканнан ішіп салды. Шал жалма-жан тағы құйды да, күрсініп:

— Бір жылдың ішінде біздің семьядан екеуі жоқ болды... Өлім біздің үйге дәндеді.

— Көке, бұл жөнде әңгімені қоялықшы! — деп өтінді Григорий.

Ол екінші стаканды қағып салды, ыстаған балықтың бір үзімін ұзақ шайнады, самогонның қызуы басқа қашан шауып, шырмаған ойларды қашан тұншықтырып жібереді деп күтті.

— Быйылғы жылы қара бидай бітік. Біздің егін басқалардан мүлде өзгеше! — деді Пантелей Прокофьевич мақтанып. Бұл мақтаншылықтың өзінде және айтылғандағы үн нәшінде Григорий жорта, әдейі айтқандық барын байқап қалды.

— Ал бидай ше?

— Бидай ма? Аздап шалдыққан, ал былайша жаман емес, отыз бес, қырық пұт түсер. Ой, жұрттың грановкасы қандай тамаша боп шыққан, сорымызға қарай, біз оны себе алмадық. Бірақ мен аса өкінбеймін! Мұндай бүліншілікте ол астықты қайда қоймақсың? Паромоновқа апара алмайсың, ал сусекте оны ұстап тұра алмайсың. Майдан бері жылжыса — жолдастар, жалап қойғандай етіп, бәрін сыпырып алады. Алайда, сен ойлама, быйылғы өнімнен басқа да астығымыз екі жылға жетеді. Бізде ол, құдайға шүкір, сусекте аузы-мұрнынан шығып тұр, және басқа жерде де бар... — Шал қулана көзін қысып қойды: — Дашкадан сұра, біз қара күнге арнап қанша астық көмдік екен! Тереңдігі сенің бойындай және ені бір жарым құлаш көмбені ернектете толтырып алғанбыз! Бізді мына қарғыс атқан өмір аздап жарлы етіп тастады, әйтпегенде біз де әлді қожайын болып кетер едік... — деп шал өз қалжыңына есіре күлді, бірақ аздан кейін сақалын маңғаздана тараштады да, енді іскерлікпен шындап: — Мүмкін, сен қайыненең жөнінде бір нәрсе ойлайтын шығарсың, ол жөнде саған мен мынаны айтам: оны мен ұмытқаным жоқ та, мұқтаж болғанда оларға көмектестім де. Бір ретте ол құлаққағыс етіп, бір сөз айтып та үлгерместен, мен келесі күні бір лау астықты өлшемей-ақ тиеп апарып бердім. Наталья марқұм өте риза болды, бұл туралы естігенде тіпті көзінен жасы ыршып кетті... Кел, бала, үшіншіні қағып жібереміз бе? Менде қалған жалғыз қуаныш тек сен ғана!

— Олай болса, әкел,— деп мақұлдады Григорий, стаканын тосып.

Осы кезде стол жанына, бата алмай, бір бүйірлеп Мишатка келді. Ол өрмелеп әкесінің тізесіне шықты да, сол қолымен ебедейсіз түрде оны мойнынан құшақтап, ернінен мықтап сүйіп алды.

— Ұлым, сен немене? — деп сұрады Григорий елжіреп, самогонның сасық иісін ұлына иіскетпеу үшін баланың жасқа толып буалдырланған көздеріне шегіне қарап.

Мишатка ақырын ғана:

— Төргі бөлмеде жатқанда... тірі уақытында маматайым мені шақырып алды да, саған былай деп айт деді: «Әкең келген соң оны мен үшін сүй де, оған сендерді еркелетсін деп айтты де» — деді. Ол мұнан басқа да бір-нәрселер айтып еді, бірақ мен ұмытып қалдым... — деді.

Григорий стаканын қойды да, терезеге қарай теріс

айналды. Үнсіз ауыр жағдай бөлме ішіне ұзақ уақыт орнап қалды.

— Ішеміз бе? — деп сұрады Пантелей Прокофьевич ақырын ғана.

— Ішкім келмейді, — Григорий ұлын алдынан түсірді, түрегелді де, тез сенекке қарай жүрді.

— Токтай тұр, ұлым, — ет бар емес пе? Піскен тауық, құймақ бар! — деп Ильинична пешке ұмтылып еді, бірақ Григорий есікті сарт еткізіп жауып та жіберді.

Аула ішінде мақсатсыз қыдырыстап, ол сыйыр қораны, ат қораны қарап шықты; атына қарап қойып: «жуу керек еді өзін» деп ойлады, сонан соң сарай жаппасының астына кірді. Егін шабуға дайындап қойған орақ машинаның қасында, жерде шашылып жатқан қарағай жаңқаларын және қыйсық тақта кесіндісін көрді. «Әкей Натальяға табыт жасаған екен» деп түйді Григорий. Сонан соң ол шапшандай басып баспалдаққа қарай аяндады.

Баласының талабына бойсұнып Пантелей Прокофьевич тез дайындалды, шөп машинасына аттарын жекті, бір кеспек су алды; Григориймен бірге олар түнде қырға шығып кетті.

## 18

Григорийдің қайғы азабын тартқаны Натальяны өзінше сүйгендіктен және бірге өткізген алты жылда бойы үйреніп қалғандықтан ғана емес, әйелінің өліміне себепші болдым деп сезінгендіктен де еді. Егер де Наталья тірі күнінде өзінің балаларын шешесінің үйіне алып кетпек болған бопсасын орындап шыққан болса, опасыз ерін жек көрген күйі жараспастан төркінінде өліп кетсе, бұл қазаның ауырлығы оған аса батпаған да болар еді және оны мұндай өкініш соншама қатты азаптамас та еді. Бірақ ол Ильиничнаның сөздерінен Наталья оның барлық күнасын да кешіргенін, сүйіп, ақтық минутқа дейін есінен шығармағанын есітті. Бұл жәйт оның қасіретін арттыра түсті, үні өшпес ұждан азабын ауырлата берді, өткенге және сол өткен күндегі өзінің құлық, пиғылына жаңаша мағна беруге оны мәжбүр етті...

Григорийдің өз әйеліне өте салқын, парықсыз қарап, тіпті ұнатпаған кезі де болды, бірақ соңғы жылдарда оған басқаша қарай бастады, Натальяға көзқарасының бұлай өзгере қалуына бас себеп болған — балалары еді.

Соңғы кезде пайда болған күшті әкелік мейірімін Григорий алғашқы кезде балалары жөнінде де сезінген жоқты. Майданнан үйге қысқа мерзімге келіп-кетіп жүрген кездерде ол балаларын міндетті нәрседей және шешесінің көңлін аулау үшін ғана еркелетіп әлпештеген болды, бірақ мұнан оның ешқандай ләззат алмайтыны былай тұрсын, тіпті Натальяға да және оның тасқындап шыққан аналық махаббатына да шұба келтіре таңқалатын. Мына сыяқты титтей бақырауық нәрестелерді қайтіп жан-тәнімен жақсы көруге болатынын ол түсінбейтін де еді және Наталья түнде тұрып, баласына емшек емізіп жүрген кездерде ол әйеліне ызаланып, әжуа ете: «Есалаң адамша несіне ұшып түрегелесің? Аузын ашып үлгірместен сен тұрып та кетесің. Мейлі, біраз бұртыйсын, айқайласын, алтын тамшысы көзінен атып шықпас» деп әлденеше рет айтқан болатын. Балаларының да оған деген селқостығы бұдан кем емес-ті, бірақ есейген сайын олардың әкесіне үйірлігі де өсе түсті. Бала махаббатына жауап ретінде Григорийдің де сезімі оянды, бұл сезім, бейне от секілді, жылжып Натальяға да көшті.

Аксиньямен арасы алшақтап кеткеннен кейін, Григорий ешуақытта да шындап әйелімен ажырасам деген ойға келген жоқты; тіпті Аксиньямен қайтадан табысқан күнде де ол ешуақытта бұл әйелді балаларының өлген анасының орнын толтырар деп ойлаған жоқ. Ол бұл екі әйелді басқа-басқа сүйіп, екеуімен тұруға да қарсы емес еді, бірақ та өз әйелі өлгеннен кейін Аксиньяны біртүрлі жатырқай бастады да, бара-бара екі арадағы сырларын ашқаны үшін, осы қылығымен Натальяны өлімге итермедегені үшін оған мүлде қаһарын тіге бастады.

Қырға шығып кетіп Григорий қайғысын қаншама ұмытам десе де, ойында сол қайғыға еріксіз қайта орала берді. Бірнеше сағат бойы орақ машинасынан түспей, жұмыспен өзін өзі қалжыратпақшы болды, бірақ сонда да Наталья ойға түсе берді; әлдеқашан өтіп кеткен нәрселерді, ерлі-зайыпты боп өткізген өмірінің түрліше жақтарын, көбінесе оның болмашы бір эпизодтары мен әңгімелерін Григорийдің жады жандандырып, көз алдына тартумен болды. Алып-ұшып тұрған ойының тізгінін бір минут еркіне жіберсе-ақ болғаны, көз алдына, тірі күніндегідей жымыя күліп, Наталья шыға келеді. Григорий әйелінің мүсінін, жүрісін, бұрымын жөндердегі оңтайлануын, күлкісін, дауыс ырғақтарын үнемі есіне түсірумен болды...

Үшінші күні бұлар арпа шаба бастады. Бір мезгілде, тапа-талтүсте Григорий, әкесі аттарды тоқтатқан кезде, орақ машинаның артқы отырғышынан түсіп, қысқа сапты айырын такта үстіне қойды да:

— Көке, мен аз ғана уақытқа үйге барғым келіп тұр,— деді.

— Неменеге?

— Біртүрлі, балаларды сағынып кеттім.

— Бара ғой олай болса,— деп шал көне қойды.— Сен барып келгенше біз шөмеле сала тұрармыз.

Сол сағатында-ақ Григорий шөп машинадан атын доғарып алып, мінді де, қылтанақты сары аңызбен жолға қарай аяндап жүре берді. Натальяның: «Сендерді есіркесін, еркелетсін деп айтты де, оған» деген даусы құлағынан кетпеді. Григорий көзін жұмып, тізгінді бос жіберді де, ойға шомған қалпы атқа жолсызбен жүруге ерік берді.

Қошқыл-көк аспанда жел ысырып тастаған сирек бұлттар әр жерде қозғалмай-ақ тұр дерлік. Ұзақ қарғалар аңыз үстінде аяқтарын талтандай басып жүр. Олар шөмеле бастарына семьяларымен қонып алыпты; жуырда ғана қауырсындап, апыл-ғұпыл ұшып жүрген балапандарының ауыздарына үлкендері тұмсығымен жем салып қояды. Шабылған десятиналардың үсті ұзақ қарғаның айғайынан ың-жың.

Григорийдің аты жолдың шетімен жүруге тырысты, кейде ол жүріп келе жатқан бойы шалып оттап, ауыздығын салдыр-гүлдір еткізіп, түйебұршақ бұтағын шайнап келе жатты. Алыстағы жылқыларды көріп, ат екі рет тұра қалып кісінеп жіберді, бұл кезде Григорий селт ете қалып, атты тебіне түседі де, ойы басқада болып, түк нәрсені айырмайтын көз қараспен даланы, шаң басқан жолды, бытыраған сары шөмелелерді, пісе бастаған көк-бурыл тары танаптарын шола қарайды.

Григорий үйіне келісімен, күннің ыстығына қарамастан, үстіне ағылшын мауытысынан тігілген френч пен балағы тар, бұты кең шалбар киіп Христоня жетіп келді. Ол жаңа ғана жонып алған үлкен ақ шаған таяққа сүйеніп келді, амандық сұрасты.

— Хал-жай біле келдім. Қайғыңыз жөнінде естігеміз. Наталья Мироновнаны жерлегенсіз ғой, шамасы?

— Сен майданнан қалайша келдің? — деп сұрады Григорий, сауалын естімеген болып, Христоняның ұсқын-



сыз, аздап еңкіштеу тұлғасын сүйсінген пішінмен жіті қарап.

— Жарақаттан кейін сауығуға жіберді. Ішіме кесе-көлденең екі оқ бірден тиіп, қырнап кетті. Шектердің маңында жүр, қарғалған немелер, тұрып қалған болуы керек. Сондықтан ғой балдақ таянып жүргенім, көрмейсің бе?

— Сені қай жерде бүйтіп бүлдіріп кетіп жүр?

— Балашов түбінде.

— Алдыңдар ма Балашовты? Оқ қалай тиді саған?

— Атакаға ұмтылғанбыз. Балашов та, Поворино да алынды. Мен алдым.

— Ал сөйлеші, қай бөлімде, кімдермен бірге болдың? Біздің хуторлықтардан кім бар еді? Отыр, міне темекі.

Григорий тосын адамға және өз қайғысына соқпайтын бөтен бірдеме жөнінде сөйлесуге мүмкіндік болғанына қуанып кетті. Көңіл айтудың Григорийге қажеті жоқ екенін байқап, Христоня бірқатар тапқырлық көрсетті, сөйтіп ол ықласпен, бірақ баяулатып, Балашовты алғандары туралы, өзінің жарақаттанғаны жөнінде сөйлей бастады. Дәу шылымды түтіндете отырып ол жуан дауыспен:

— Жаяу тізілген сапта күнбағыс арасымен жүріп келеміз. Жау бізді, әрине, пулеметтермен және зеңбірекпен атқылады, винтовкамен атуы болса-болмаса да өз алдына тұр ғой. Мен өзім көзге түсерлік адаммын, тізбек ішінде келе жаттым, тауықтардың ішіндегі ата қаздай боп, қаншама еңкейсем де, бәрібір көрініп келем, сондықтан ол мені бірден тауып алғаны. Менің ұзын болғаным да жақсы болды, өйткені сәл аласарақ болсам — оқ тұп-тура басыма тиер еді. Оқтар маған талып жетсе де, соғуын қатты соғып, ішімді қорқ ете түсірді және, сайтанның, ыстығын айтсайшы, тура пештен шыққандай... Оқ тиген жерді қолмен шап беріп ұстай алдым, сезем — оқтар ішімде тұр, бейнебір без сыяқты, ұстағанда ет пен терінің арасында бұлт-бұлт етеді, аралары бір сүйемдей-ақ. Ал, мен оларды саусағыммен езгілей түстім де, әрине, құлап қалдым. Құрысын, мұнымен ойнауға болмас деп, ойладым! Жатқаным жақсы болар, әйтпесе басқа бір пысығырағы келіп көктей өтіп кетер дедім. Сөйтіп жата бердім, әрине, әлгі сол оқтарды, мезгіл-мезгіл ұстап та қоям. Әлі сол жерде, біріне бірі тақау. Өзім және қорқып та кеттім, оңбаған немелер ішіме түсіп кетсе қайтем, онда не болар екен? —

деп ойлаймын. Ішіме барып, шектерімді кезіп жүрсе, докторлар қалай таппақшы? Оның маған да қуанышы шамалы. Адам денесі, тіпті менің денемді алсақ та, өте босанғой, оқтар кезіп жүріп үлкен шекке жетсе — поштабайдың қонырауындай, соны данғырлат та жүр. Денені толық бұзу болып шығады ғой мұның аты. Күнбағыстың қалпағын бұрап үзіп шемішке шағып жатырмын, бірақ өзімде үрей жоқ. Біздің шен кетіп қалған. Сөйтіп, Балашовты алысымен, мен де сонда командировкаға бардым. Тишанскаяда лазаретте жаттым. Торғай сыяқты, әрине, пып-пысық докторы болды. «Оқтарыңды кесіп алып тастайықшы?» деп өтініп, қоймады. Ақылымнан адасқаным жоқ, әйтеуір «Бекзатым, бұл оқтар ішке түсіп кете ала ма?» деп сұрадым. «Жоқ, түсе алмайды» деді. Е, онда мен бұларды кестіріп тастауға көнбейін деп ойладым. Білем мұндай амалдарды. Кесіп алып тастайды, бірақ жараның аузы бітіп үлгірмей-ақ, бөліміңе қайтадан баруың керек. «Жоқ, бекзатым, көнбеймін. Маған сол оқтардың бойымда болғаны қызық. Мен оларды үйге алып кайтып, әйеліме көрсеткім келіп тұр, ауыр жүк емес, маған олардың бір де кесірі жоқ» дедім. Балағаттап сөкті, бірақ бір жұмаға үйге қайтарды.

Жымыя күліп, Григорий қулықсыз айтылған әңгімені тындап болды да:

— Сені қайда, қай полкқа жіберіп еді? — деп сұрады.

— Төртінші құрама полкқа.

— Сенімен бірге хуторлықтардан кім бар?

— Біздің жігіттер онда көп: Аникушка, Скопец, Бесхлебнов, Коловейдин Аким, Мирошников Семка, Горбачев Тихон бар.

— Ал казактар қалай? Наразы емес пе?

— Офицерлерге өкпелі, әрине. Өңкей нәлеттер қаптап кеткен, күн көрсетер емес. Және бәрі тегіске жақын орыстар, казактар жоқ.

Христоня әңгіме айтып отырып френчинің шолақ жеңдерін кере берді де, өз көзіне өзі сенбеген адамша, түкті, төзімді ағылшын мауытысынан тіккен шалбарын жете қарап, тізелігін сыйпап қойды.

— Ал, менің аяғыма шақ ботинка, әрине, табылмады, — деді ол ойланып. — Ағылшын державасында, оның адамдарында мұндай дөкей аяқ жоқ... Біз бидай егіп, ақ нан жейміз, ал олар, Россия сыяқты, жалғыз қара бидайнанын қорек етеді. Оларда мұндай аяқ қайдан болушы

еді? Бүкіл жүздікті мұздай киіндіріп шығарды, хош исті папирос жіберіпті, сонда да бәрібір — жаман...

— Несі жаман? — деп Григорий сұқтана қалды.

Христоня жымыя күлді де:

— Сырттан жап-жақсы да, іштей жаман. Білесің бе, казактардың тағы да соғысқысы келмей жүр. Әрине, бұл соғыстан түк шықпайды. Хопер округінен әрі бармаймыз дегенді айтысады...

Христоняны шығарып салып, аз-кем ойланғаннан кейін, Григорий: «Бір жұмадай болам да, майданға жүріп кетем. Бұл жерде уайым-қайғыдан құрырсың» деген байламға келді. Кешке дейін ол үйде болды. Балалық шағын ойға алды, Мишаткаға қамыстан жел тиірмен жасап, аттың құйрығынан торғай ұстауға тұзақ есіп берді, қызына айналмалы дөңгелектері және әшекейлі тертесі бар, тамаша етіп титтей коляска жасады, шүберек қыйқымынан қуыршақ құрастырмақшы болып еді, бірақ ешнәрсе шығара алмады; қуыршақ Дуняшканың жәрдемімен жасалды.

Бұрын ешуақытта Григорий назарын аудармаған балалар оның ойлап шығарған ойына баста сенімсіз қарады да, кейін қасынан бір минут шықпай қойды, ал кешке қарай Григорий қырға жүргелі дайындала бастаған кезде, Мишатка, көзіне жасын іркіп:

— Сен әуел бастан-ақ осындайсың! Бір сағатқа келесің де, бізді тағы да тастап кетпексің... Тұзақтарды да, тиірменді де, сылдырмақты да, бәрін де өзіңмен бірге ала кет! Маған керегі жоқ! — деді.

Григорий үлкен қолдарымен баласының кішкентай қолдарын ұстап тұрып:

— Онда ендеше мынадай байлам жасайық: сен — казаксың, екеуміз бірге қырға шығамыз: арпа шабамыз, шөме-меле саламыз, атаңмен машинаға мінерсің, ат айдарсың. Ой, шөп арасындағы шегірткенің көптігін көрсен! Жыраның іші қаптаған түрлі-түрлі титтей құстар! Полошка әжесімен үйде қалады. Ол бізге өкпелемейді. Қыздың жұмысы — үйде отырып еден сыпыру, кішкентай шелекпен Доннан әжесіне су тасып беру ғой, және мұнан өзге де әйелдердің үйде істейтін жұмысы аз ба? Мақұл ма? — деді.

— Мақұл болмағанда! — деп Мишатка қуанғаннан айқайлап жіберді. Және қызыққа күні бұрын дәмеленіп, көздері жалт-жұлт ете қалды.

Ильинична қарсыласа кетті.

— Қайда алып бармақшысың баланы? Қай-қайдағыны ойлап шығарасың-ау! Қайда жатып, қайда ұйқтамақшы ол бала? Оған ол жерде кім бас-көз болмақшы? Құдай-ай, сақтай гөр, әлде атқа жақын барып қалып, ат теуіп жібере ме, әлде жылан шағып ала ма. Әкеңмен бірге барма, қалқатайым, үйде қал! — деп қолқа салды кемпір, немересіне.

Баланың кенет қысыла түскен көздерін қаһарлы түрде ыза кернеп кетті (ашу қысқандағы тура Пантелей атасындай), жұдырықтарын түйіп, жыламсыраған жіңішке дауыспен айқайлап, ол:

— Әже, аузыңды ашпа!.. Бәрібір барамын! Әкетай, тыңдама оның сөзін!.. — деді.

Григорий күліп, баласын қолына алды да, шешесін жұбатты:

— Ол менімен бірге жатып ұйқтайды. Барғанша аяңдап қана барамыз, қолымнан түсіріп ала қоймаспын. Мамаша, оның киімін әзірле, және қорықпа — аман-есен сақтап, ертең кешке алып келемін, — деді.

Григорий мен Мишатканың арасындағы достық осылай басталды.

Татарскийде өткізген екі жұманың ішінде Аксиньяны Григорий тек қана үш рет көрді, оның өзінде де шалашарпы көріп қалды. Аксинья, өз басына тән ақылдылықпен, әдеппен, Григорийдің көзіне түспеу дұрыс екенін біліп, кездесуден қашқақтап жүрді. Әйелдік сезіммен ол Григорийдің көңіл күйін таный қойды, абайламастан және уақыты жетпей сүйіспендік сырын білдіру салдарынан Григорийді өзіне қарсы етіп алуы, екі арасындағы байланысқа қандай да бір дақ түсіруі мүмкін екенін түсіне қалды. Ол Григорийдің өзі бастап сөйлесуін күтті. Бұл Григорий майданға жүрерден бір күн бұрын болды. Григорий қырдан бір лау астық әкеле жатқан-ды, кеш қалған болатын, қас қарая қыр жақ шеттегі шолақ көшенің қасында Аксиньяны кездестірді. Әйел алыстан бас иіп амандасып, болмашы ғана езу тартты. Бұл — әйелдің күткен, қобалжыған күлімсіреуі еді. Григорий де басын изеді, бірақ үндемей өтіп кете алмады.

— Тұрмысың қалай? — деп сұрады ол, білдірмей делбесін тежеп, аттардың ақырын аяңын бәсеңдете түсіп.

— Жаман емес, рақмет, Григорий Пантелевич.

— Неге көрінбей жүрсің?

— Қырда болдым... Жалғыздық, шаруашылықпен арпалысып жүрмін.

Григориймен бірге жүктің үстінде Мишатка отырғанды. Григорийдің аттарды тоқтатпағаны және Аксињьямен бұдан әрі әңгімелеспегені, бәлкім, осыдан да шығар. Ол бірнеше сажень өткеннен кейін дыбыс есітті де, бұрылып, кері қарады. Аксињья шетен жанында тұр еді.

— Хуторда ұзақ боласың ба? — деп сұрады әйел, жұлып алған қазтабан гүлінің жапырағын абыржый жұлқып.

— Жақында жүремін.

Аксињьяның бір секундтай аузына сөз түспей мүдіріп қалғанына қарағанда, оның тағы басқа бір нәрсені сұрағысы келгені көрініп тұр еді. Бірақ ол сұрамады, қолын бір сілтеді де, артына бір де қарамастан, асыға басып өріске кетті.

## 19

Аспанды бұлт торлады. Бейне електің көзінен өткізгендей, ұп-ұсақ жаңбыр сіркіреді. Жас алсын, құрайлар, даладағы бытыраған жабайы шомырт бұталары жылтылдай түсті.

Хутордан мезгілінен бұрын жүріп кеткенге мықтап ренжіген Прохор тұнжырап, үнсіз келе жатты, жол бойы Григориймен бір ауыз сөз сөйлеспеді. Севастьяновский хуторының сыртында бұларға үш салтатты казак кездесті. Олар аттарын тебініп қойып, қызу-қызу сөйлеп, қазқатар жүріп келе жатыр еді. Олардың ішінен жасы тоқтасқан, жирен сақал, тоқыма шекпен киген біреуі Григорийді анадайдан-ақ танып кетті, жолдастарына: «Ағайындар-ау, мынау Мелехов қой?!» — деді дауыстап сөйледі де, қатарласа беріп бойшан торы атының тізгінін тежеді.

— Аман-сау жүрмісің, Григорий Пантелевич! — деп амандасты ол Григориймен.

— Шүкір! — деп жауап қайырды Григорий, осы жирен сақал, бір көрмеге тұнжыранқы казакпен қай жерде кездескенін есіне түсіре алмай, текке тырысып.

Оған подхорунжий атағын жуырда берген болу керек — қарапайым казак дегізбеу үшін ол жап-жаңа погондарын тура шекпеніне қадап алыпты.

— Танымай тұрсың ба? — деп сұрады ол жанамалап

келіп, шоқтай қызыл түк басқан жалпақ қолын созып, аузынан арақтың қоңырсық исі аңқып. Жаңа жоғарылатылған подхорунжийдің топас жүзінде өзіне өзі мәз-майрам болған шырай бар, титтей көкшіл көздері жылт-жылт етеді, жирен мұрттың астынан күлімсіреп, ыржыя, екі езуі екі жаққа кетіпті. Шекпенді офицердің ерсі түрі Григорийді көңілдендіріп жіберді. Жасырмай мысқылдап:

— Таный алмай тұрмын. Мен сенімен қарапайым уағында кездескен шығармын... Подхорунжий атағын саған жуырда берді ме? — деп жауап қатты ол.

— Тап үстінен түстің! Бір жұмадай болды жоғарылатылғанына. Сенімен біз Куудиновтың алдында штабта кездескенбіз, сірә, Благовещение қарсаңында ғой деймін. Сен сонда бір бәледен құтқарған болатынсың, ойлап көрші! Әй, Трифон! Ілби беріңдер, мен қуып жетем! — деп айқайлады сақалды, анадай жерде тоқтай қалған казактарға.

Жирен сақал подхорунжиймен қандай жағдайларда кездескенін Григорий зорға дегенде есіне түсірді, оның «Семак» деген атында және Куудиновтың: «Атқанын қате жібермейді, қарғыс атқан! Зырлап келе жатқан қоянды винтовкамен атып түсіреді; ұрыста да бәлекет, жақсы барлаушы да, ал ақылға сәби баладай» — деген мінездемесін де жадына әбден анық түсірді. Көтеріліс кезінде жүзбасы боп жүргенде Семак бір жарамсыз қылық жасап, сол үшін оны Куудинов жазаламақшы болған еді, бірақ бұған Григорий ара түсті де, Семактың күнасы кешіріліп, сол жүздік командирінің лауазымында қалдырылған болатын.

— Майданнан келесің бе? — деп сұрады Григорий.

— Дәл солай, Новохоперскінің түбінен демалысқа келе жатырмын. Жүз елу шақырымдай жер оралып келем, Слащевскаяға соқтым, онда менің жақындарым бар-ды. Мен жақсылықты ұмытпаймын, Григорий Пантелевич! Сені сыйлағым келіп тұр, мейіріміңнен құр тастамассың деймін? Қоржынымда алып келе жатқан екі бөтелке таза спиртім бар, соны ішіп қойсақ?

Григорий ішуден біржола бастартты, бірақ сыйлық етіп ұсынған бір бөтелке спиртің қабыл етті.

— Сұрама ондағыны! Казактар мен офицерлер дүниеге белшесінен батты! — деп Семак мақтана сөйледі. — Мен Балашовта да болдым. Біз ол қаланы алдық та, ең алдымен темір жолға ұмтылдык, онда сыңсып тұрған

состав екен, жол біткеннің бәрі бітеліп қалыпты — сықай толған вагондар. Бір вагонда қант, екіншісінде — киім-кешек, үшіншісінде — түрлі мүліктер. Кейбір казактар киімді қырық комплектен алды. Ал сонан соң, жөйіттерді<sup>1</sup> талауға шыққандағыны айт — тұрғанымен күлкі! Менің жарты жүздігімдегі бір жылпос жігіт жөйіттерден он сегіз сағат сыпырып алған, оны алтын сағат; нағыз барып тұрған бай көпес секілді, оңбаған неме, кеудесін толтыра тағып алыпты! Ал сақыйна мен жүзік дегенің онда есебі жоқ! Әрбір саусағында екіден, үштен...

Григорий Семактың қампайған қоржынын нұсқап:

— Ал, мынауың не нәрсе? — деп сұрады.

— Әшейін... түрліше нәрселер.

— Сен де тонадың ба?

— Ой, сен де айта білесің-ау — тонадың ба дейсің...

Тонағаным жоқ, заң жолымен тапқаным. Біздің полк командирі: «Қаланы алсаңдар, екі тәулік емін-еркін сендердің қолдарыңда болады» деген-ді. Е, олай болса мен басқалардан кеммін бе? Қолға іліккен қазна затын ала бердім... Басқалар онан да жаман істеді.

— Жауынгер-ақ екенсіңдер! — деп Григорий жиренішті түрде малтапқыр подхорунжийді көзімен шолып өтті де: — Сен сыяқтылармен соғысқа барғаннан гөрі, үлкен жолдың бойында, көпір астында отырып, жол тосқан жөн. Соғысты тонаушылық кәсібіне айналдырдыңдар! Ай, нәлеттер-ай! Тапқан екенсіңдер жаңа қолкәсіпті! Бұл үшін сендердің де және полковниктеріңнің де қашан болса да бір сазайын беріп, жонынан таспа сыдырмас деп ойлайсың ба?

— Не үшін?

— Тап осы үшін?

— Кім ол сыдыра алатын?

— Шені жоғарылар.

Семак мазақтай күліп:

— Олардың өздері де осындай ғой! Біз тек қоржынмен, арбамен ғана тасыймыз, ал олар кірелеп жөнелтуде, — деді.

— Сен өзің көрдің бе?

— Сол да сөз бе екен, — әрине, көрдім! Сондай кірені Ярыженскаяға дейін өзім күзетіп алып барғанмын. Тек күміс ыдыс, шынаяқтар мен қасықтардың өзі толы бір

<sup>1</sup> Еврейлерді бұрын жөйіт деп атайтын.

лау! «Не алып бара жатырсындар? Кәне көрсет!» — деп тап берген офицерлер де болды. Пәлен генералдың өз мүлкі десем болғаны, ығысып, құралақан кете барады.

— Ол кім деген генерал? — деп сұрады Григорий көзін сығырайтып, ашумен тізгінін жыйыра түсіп.

Семак, кулана күліп, шебер жауап қайырды:

— Фамилиясын ұмыттым... Кім еді әлі, еске түсіре гөр, тәңрім!? Жоқ, жадымнан шығып кеткен, ойыма түсер емес! Григорий Пантелевич, сен бекерге ренжисің. Ақыйқат шындық, жұрттың бәрі солай етеді! Басқалардың ішінде мен әлі қасқырға қарағанда қозыдай-ақпын; мен жеңіл-деп қана алдым, ал басқалар жұртты көшенің қақ ортасында шешіндірді, әйелдерді зорлауда шығаннан шығып кетті! Мен мұндай іспен айналысқаным жоқ, өзімнің некелі қатыным бар, және қандай қатын десейші: қатын болғанда, хұдды айғырдай қатын? Жоқ-жок, сен маған бекерге кіжінесің. Тоқтай тұр, қайда барасың?

Григорий Семакпен бас изеп салқын түрде қоштасты да, Прохорға:

— Кәне, қозғал, ер соңымнан! — деді де, атты сар желіске салып, жөней берді.

Демалысқа қайтқан казактар біріндеп те, топ-тобымен де жол бойында бірте-бірте жиі кездесе бастады. Қос атты көліктер де жиі ұшырады. Олардың жүктерін брезентпен, болмаса ақ кенеппен қымтап, мұқияттап таңып тастапты. Көліктердің соңына ілесе жап-жаңа жазғы гимнастерка, сұр түсті қызыләскер шалбарын киген казактар үзеңгіге шірене қопандап жортып келе жатады. Қазактардың шаң басқан қарақошқыл жүздері өте сергек, көңілді көрінеді, бірақ Григориймен кездескенде жауынгерлер, бейнебір команда бойынша істегендей, колдарын фуражкасының күнқағарына көтеріп, құрмет көрсетеді, сөйлеспестен тез өтіп кетеді де, едәуір жер өтіп кеткен соң ғана өзара қайтадан сөйлесе бастайды.

— Көпестер келе жатыр! — деп мысқылдайды Прохор, тонаған мүліктерін көлікпен әкеле жатқан аттыларды алыстан көріп.

Алайда, демалысқа жұрттың бәрі тегісінен тең-тең олжамен келе жатқан жоқ. Хуторлардың бірінде ат сұаруға құдық басына тоқтаған кезде Григорий көрші үйден шыққан әнді құлағы шалып қалды. Талдырмаш таза, әдемі дауысқа қарағанда, ән салып жатқан жас казактар сыяқты.



— Әскерге жауынгерді шығарып салып жатқан болуы керек, — деді Прохор шелекпен су алып жатып. Соның алдында ғана ішіп алған бір бөтелке спирттен кейін ол бас түзеуге қарсы емес еді, сондықтан аттарды тездетте суарды да, күле сөйлеп:

— Қалай дейсің, Пантелевич, анау үйге бармаймыз ба? Шығарып салу құрметінде, бәлкі, бізге де бірер стаканнан тиіп қалар. Төбесін қамыспен жапқанмен, өзі бай үй сыяқты ғой, — деді.

«Қоғажайды» қалай шығарып салатынын көріп шығуға Григорий қарсы болған жоқ. Аттарды шарбәкқа байлай салып, Прохор аула ішіне кірді. Сарай жаппасының астындағы дөңгелек оттықтың жанында ерттеулі төрт ат тұр. Бұттық темір шелекті үйе толтырып, бала жігіт қамбадан сұлы алып шықты. Ол, Григорийге жалт қарады да, оқыранып тұрған аттарға қарай кетті. Үйдің бұрышынан шырқаған ән естілді. Дірілдеген жіңішке қоңыр дауыс бастап:

Бір кезде оқшау жатқан сұрлеуменен,  
Жаяулап ешуақытта жан жүрмеген...

Шылымнан қарлыққан қою жуан дауыс, соңғы сөздерді қайталап, қоңыр дауысқа қабысты, сонан соң жатық жаңа дауыстар қосылды да, ән айбынды, еркін және мұңды нәшпен шалқыды. Григорий кіріп келіп, әншілердің әнін үзіп жібергісі келмеді, ол Прохорды жеңінен түртіп қалып:

— Тоқтай тұр, көрінбе, әнін бітірсін, — деп сыбыр етті.

— Бұл — шығарып салу емес. Еландықтар осылай салады. Солар ғой әнпаздыққа салынып жатқан. Тамаша шырқамай ма, сайтандар! — деп қостады да, Прохор кейіп жерге бір түкірді: барлық жағдайға қарағанда, арак ішем деген дәмесі іске аспаған сыяқты.

Құлаққа жағымды қоңыр дауыс соғыста қапы жіберген казак тағдырын өлеңмен бастан-аяқ айтып берді.

Еш жанның атты, жаяу із түспеген.  
Полкы өтті казактардың сол жолменен.  
Черкес ер қабырғада ауған күйі,  
Басында әшекейлі ызба жүген.  
Оралып аяғына жібек тізгін,  
Иесіз бір ат келед полк ізімен.  
Жас жігіт дон казагі жаяу қалған  
Зар қағып ұшып келед ат соңынан:

«Токташы, жан серігім, тастамашы,  
Каптаған зұлым чечен тұзағынан  
Кұтылар күн жоқ сенсіз, жалғыз маған...»

Әнге есі кеткен Григорий, аттың кісінегенін де, шолақ көшемен өтіп бар жатқан арбаның сықырын да естіместен, үйдің ағартқан негізіне арқасын сүйеп тұрып қалды...

Бұрыштың тасасындағы әншілердің бірі әнін бітіріп, жөтеліп қойды.

— Әніміз аса мәз шықпады, айтудан кенде болмады! Жә, жарар, барымен базар деген. Ал, әжейлер, сіздер жауынгерлерге жолазыққа тағы бірдеме берсендер етті. Өте жақсы тамақтандық, христос жарылқасын, ал, жолда жеуге бізде ешқандай тағам болмай тұр...

Григорийдің терең ойы жадырап кетті де, бұрыштан шыға келді. Баспалдақтың төменгі сатысында төрт жас казак отыр екен, оларды жақын үйлерден жүгіріп келген қатындар, кемпірлер, балалар топ-тобымен тығыз қоршалап тұр. Тыңдаушы әйелдер солқылдай жылап, орамалдарының ұшымен көз жасын сүрте береді, Григорий баспалдаққа жақындағанда ұзын бойлы, қара көзді, солған жүзінде сурет сыяқты сұлулықтың іздері бар бір кемпір шұбата сөйлеп:

— Қарақтарым-ай! Әнді қандай әдемі, өзекті өртерлік етіп саласындар! Сендердің ғой әрқайсыңның да анаң бар, ұлының соғыста өлетінін ойлап, сорлы ананың ғой көз жасы көлдей боп жүр...—Амандасқан Григорийге ашумен көзінің сарғыш тартқан ақ етін жарқ еткізіп:— Бекзатым, осы сыяқты бәйшешектерді де сен көзің қыйып өлімге жетектеп жүрсің-ау, ә? Соғыста құртып келесің ғой! — деді.

— Әже, біздің өзімізді де құртуда,— деп жауап берді Григорий түнеріңкі пішінмен.

Таныс емес офицердің келе қалғанына абыржып, казактар басқыш үстіндегі ас қалдықтары салулы тарелкаларды аяқтарымен ысыра тастап, жалма-жан орындарынан атып тұрды, гимнастеркаларын, погондарын, портупеяларын түзеді. Олар тіпті винтовкаларын да иығынан алмастан ән салып тұрған болатын. Ішіндегі ең үлкені жыйырма бестен әрі емес еді.

— Қай жерденсіңдер? — деп сұрады Григорий, жауынгерлердің уылжыған жап-жас беттеріне көз жіберіп.

— Бөлімнен... — деп жауап қатты таңқы мұрын, күлегеш көзді біреуі, қорғалақтап.

— Мен сенен — қай жердікісің, қай станицанікісің деп сұрап тұрмын? Бұл жердікі емессіңдер ғой?

— Еландықпыз, демалысқа бара жатырмыз, бекзатым.

Даусына қарап Григорий оның ән бастаушы екенін біліп қалды да, күліп:

— Әнді бастаған сен бе? — деп сұрады.

— Мен.

— Даусың тамаша екен! Не себептен әндетіп отырсыңдар? Шаттықтан ба? Түрлеріңе қарағанда арақ ішкен сыяқты емессіңдер.

Шашын едірейте тараған, айдарын шаң басып бұрыл тартқан, бетіне қызыл шырай жүгірген ұзын бойлы ақсары жігіт, кемпірлерге көзінің қыйығымен қарап қойды да, қысыла жымыйып, ықласыз жауап берді:

— Не қылған шаттық... Шаттық емес, бізге ән шырқататын кемтарлық! Қалт-құлт өмір сүресің, бұл жақ аса жарытып тамақтандырмайтын көрінеді, бір үзім нан береді, — бар татырары осы. Сондықтан ән салу тәсілін үйреніп алдық. Әнді шырқай бастасақ, тыңдауға қатындар жыйналып қалады, сосын біз бір зарлы әндерге басамыз да, соған олардың көңлі босап кетіп, біреуі бір кесек шошқа майын, біреуі бір құмыра сүтін, болмаса басқа бір жейтін тамағын әкеледі...

— Сотник мырза, біз хұдды поптар сыяқтымыз, ән салып садақа жыйнаймыз! — деді ән бастаушы, жолдастарына көзін қысып, жымая күліп, күлегеш көздерін сықсыйта түсіп.

Қазақтардың бірі төс қалтасынан май-май қағазды суырып алып Григорийге ұсынды.

— Міне біздің демалыс куәлігіміз.

— Маған оның керегі не?

— Бәлки, шүбаланарсыз, біз қашқын емеспіз.

— Сен мұны жазалау отрядымен кездескенде көрсетерсің, — деді Григорий ызаланып, бірақ сонда да ол көтер алдында ақылын айтты: — Түнделетіп жүріңдер, ал күндіз бір жерде аялдауға болады. Қағаздарың сенімді қағаз емес, қолға түсіп қалып жүрмесендер қайтсін... Мәрсіз ғой өзі?

— Біздің жүздікте мөр жоқ.

— Ал, егер қалмақтардың сүмбісінің астына жату-

ға құштар болмасандар, менің берген ақылымды тындандар!

Хутордан үш шақырым жерде, жолға тақау өскен кішкене орманға жүз елу сажень қалғанда Григорий тағы да қарсы келе жатқан екі салтаттыны көрді. Аттылар көз тоқтатып бір минуттай тұра қалды да, жалт бұрылып орманға кіріп кетті.

— Мыналар қағазсыз келе жатқандар, — деп топшылады Прохор. — Көрдің бе олардың орманға жалт бергенін? Жын қуды ма екен күндіз жүріп!

Тағы да бірнеше адам Григорий мен Прохорды көре салып, жолдан бұрылып кетті, бой тасалауға асықты. Үйіне жасырын қайтып келе жатқан қартаңдау жаяу әскер казак межедегі қояндай жалт етіп, күнбағыс арасына тығылды. Оның тұсынан өтіп бара жатып, Прохор үзенгіге шіреніп көтеріле түсіп, айқай салды:

— Әй, ауылдас, ұқсатып жасырынбапсың! Басынды жасырғансың, бірақ... көрініп жатыр? — Сөйтті де, қаталданған боп: — Кәне, шық бері! Документіңді көрсет! — деп кенет ақырып қалды.

Қазак ұшып түрегеліп, күнбағыстың ара-арасымен еңкейе жүгіріп, қаша жөнелгенде, Прохор тамағын жырта қарқ-қарқ күлді де, қумақшы боп атын тебіне беріп еді, бірақ оны Григорий тоқтатып тастады:

— Ақмақтанба! Жоғалсын атамның аржағына, онсыз да ол өкпесі өшкенше қашады. Оның үстіне тағы қусаң, қорыққанынан өліп кетер...

— Саған не болған! Оған тазымен қусаң да жете алмассың! Ол он шақырым жерге шоқырақпен де талмай жетеді. Күнбағыстың ара-арасымен қалай сілтейді! Осындай кездерде адамға ұшқырлық қайдан пайда бола кетеді десейші, тіпті қайран қалам.

Жалпы дезертирлер жөнінде қарсы пікір білдіріп, Прохор былай деді:

— Жүрістерін қарашы, тура топ-тобымен жөнкіп барады. Айтарсын, бұларды қапшықтан ақтарып, төгіп жіберген дерлік. Пантелевич, байқа, кешікпей бүкіл майданға тіреу боп тек екеуміз ғана қалмайық...

Майданға жақындаған сайын Григорийдің көз алдында Дон армиясының іштен іріген жексұрын суреті молырақ айқындала берді, — бұл кәдімгі қатарын көтерілісшілермен толтырып алған армияның Солтүстік майданда ең ірі табыстарға жеткен шағында басталған іштен іру еді.

Армия бөлімдерінің тап осы кезде қатты шабуылға кірісуге, жаудың қарсылығын жеміріп жіберуге қабілетсіз екені былай тұрсын, жау шындап тиіссе, қатаң тегеуіріңге тіпті өзі де төтеп берерлік емес-ті.

Запас әскерлер тұрған жердегі станица мен селоларда офицерлер бас көтерместен мастыққа салынды, тол-топтың бүкіл кірелерінің бәрі талан-тараждан түсірілген, бірақ әлі тылға жіберілмеген мүліктен қайысып тұр, бөлімдерде құрамның 60 проценттейі-ақ қалды, демалысқа казактар өз беттерімен кетіп жатты, ал қалмақтардан құралған, даланы кезіп кеткен жазалау отрядтарының жаппай жөңкілген қашқындар толқынын тоқтатуға күші жетпеді. Саратов губерниясының жеңіп алынған селоларында казактар өздерін бөтен елді жаулап алушылар есебінде саналды: халықты тонады, әйелдерді зорлады, астық запасын құртты, малды қырды. Армия қатарын бұғанасы қатпаған жастар мен елудегі шалдар толықтырды. Жорық жүздіктерінде жұрт соғысуға ықласы жоқтығын ашықтан ашық айтатын болды, ал Воронеж бағытына жіберілген бөлімдерде казактар офицерлеріне тура бойсұнбай қойды. Сырт есітуге қарағанда, алдыңғы позицияларда офицерлерді өлтіру де жиі-жиі кездесіп тұрды.

Ымырт жабылған кезде Григорий Балашов маңындағы бір кішкене деревняға қонғалы тоқтады. Әскер жасындағы аға казактардан құралған 4-ші ерекше запас жүздік пен Таганрог полкының сапер ротасы деревнядағы адам тұратын үй-жайдың бәріне тегіс орналасып алған екен. Григорийдің қонатын жерді ұзақ іздеуіне тура келді. Күндегі қалпынша, оларға дадада түнесе де боларлық еді, бірақ түнге қарай жаңбыр жаууға айналды да және оның үстіне Прохордың безгегі ұстап, қалшылдағаннан кейін бұл түнді үйде өткізуге тура келді. Деревнядан шыға берісте, айнала ақ терек өскен үлкен үйдің жанында снаряд бүлдірген бронеавтомобиль тұр еді. Маңайынан өтіп бара жатып Григорий машинаның жасыл қабырғасындағы сыр жаппаған: «Ақ нәлеттерге өлім келсін!» деген және оған төменіректе: «Мейрімсіз» деген жазуды оқыды. Аула ішінде кертте жанында аттар пысқырды, адам дауыстары естілді; үй сыртындағы бақшада алау жанып, ағаштардың жасыл төбелерін түтін жауып жатты; алау айналасында от жарығы түскен казактардың тұлғалары ербеңдеді. Жел алауда жанған сабан мен үйткен шошқа қылшығының исін әлдеқайда алысқа әкетіп жатты.

Григорий аттан түсті де, үйге кірді.

— Қожайыны кім бұл үйдің? — деп сұрады ол, іші адамға лық толы аласа бөлмеге кіріп.

— Мен. Сізге не керек еді? — деп, пешке сүйеніп тұрған аласа бойлы мұжық, тұрған қалпын өзгертпей Григорийге бұрылып қарады.

— Үйіңізге қонуға рұқсат етсеңіз? Екі адамбыз.

— Онсыз да өзіміз, қарбыздың шопағындай, лық толымыз, — деп мінгірледі наразы түрде, бой сәкі үстінде жатқан қартандау казак.

— Мен қарсы болмас едім, тек үйде адам өте тығыз, — деді үй иесі, ақтала сөйлегендей боп.

— Амалдап сыйысармыз. Жаңбыр астында далада қонуға болмайды ғой? — деп қадалды Григорий. — Аткашым ауру.

Сәкі үстінде жатқан казак мекіреніп қойып, аяғын төмен түсірді де, Григорийге үңіле қарап, даусын өзгерте сөйледі:

— Бекзатым, қожайындарды қосқанда екі бөлмеде біз он төрт жанбыз, ал үшінші бөлмеге екі деншигімен ағылшын офицері орналасты және олармен бірге біздің бір офицер бар.

— Бәлки, солармен бірге орналасарсыз, — деді құрмет көрсете, сақалын мықтап бурыл шалған, аға урядник погонын таққан екінші бір казак.

— Жоқ, мен осында-ақ болам. Маған аз ғана орын керек, еденге жата кетем, сендерді қыспаймын. — Григорий шинелін шешіп, алақанымен шашын жатқыза сыйпады да, стол жанына отырды.

Проход аттардың қасына шығып кетті.

Жапсарлас бөлмедегілер әңгімені естіп қалған болуы керек. Бес минут өткеннен кейін сәндене киінген кішкене поручик кіріп келді.

— Сіз қонатын жер іздеп жүрсіз бе? — деді де, ол Григорийге, жалма-жан погонына көз жіберіп, сүйкімді күлкімен: — Біздің бөлмемізге жүріңіз, сотник. Мен және ағылшын армиясының лейтенанты Кэмпбелл мырза екеуміз тілек етеміз, бізге келіңіз, сізге онда жайлырақ болар. Менің фамилиям — Щеглов. Сіздің фамилияңыз ше? — Григорийдің қолын қысып: — Майданнан келесіз бе? А, демалыстан ба! Жүріңіз! Сізді қуанышпен қарсы аламыз. Бәлкім, сіздің қарныңыз ашқан шығар, сізді сыйларлық тамақ мол бізде, — деді.

Офицердің үстіндегі аса жақсы жасыл шұғадан тіккен френчінде офицерлік георгий кресі бұлаңдап тұр, кішкене бастағы шаш айрығы түп-тура етіліп, мінсіз таралған, етіктері жалтырата тазаланған, қырынған боз-қоңыр беттен, барлық сымбатты желбетінен кіршіксіз тазалықтың, тез серіле қоймайтын бір гүл иіс-суының хош иісі аңқып тұр. Сенекте ол Григорийге алдын ала ескертіп, оны алға қарай өткізіп жіберді де:

— Есік сол жақта. Байқаныз, мына жерде жәшіктер тұр, соқтығып қалмаңыз, — деді.

Қыйғаштай тілінген жоғарғы ернің жауып тұрған жұмсақ кара мұртты, арасы жақындау біткен қой көзді, ұзын бойлы, тығыз денелі жас лейтенант Григорийді қарсылап торнынан түрегелді. Поручик оған Григорийді таныстырып, ағылшынша бірдеме айтты. Лейтенант қонақтың қолын қысып, біресе оған, біресе поручикке қарап, ағылшынша бірнеше сөз айтты да, ыммен одан отыруын өтінді.

Бөлменің қақ ортасында қатарынан жыймалы төрт кереует тұр, бұрышта небір жәшіктер, жорық қапшықтары, чемодандар үйіліп жатыр. Сандық үстінде: Григорий көрмеген системалы қол пулеметі, дүрбінің қабы, патрон қалайылары, кара күндақты және жап-жана, қажалмаған, күнгірт стволды карабин жатыр.

Григорийге жылы шыраймен қарат қойып, сүйкімді ғана күнгірт жуан дауыспен лейтенант бірдеме деді. Құлағына ерсі естілген жат сөзді Григорий ұққан жоқ, — бірақ өзі туралы сөйлегенін түсініп, аздап қымсына түсті. Поручик чемодандардың бірін ақтарып жатып, күлетінде да, сосын:

— Қэмпбелл мырза казактарды өте құрметтеймін дейді, өз пікірінше, ол казактарды асқан кавалеристер және жауынгерлер деп санайды. Сіздің, бәлкім, тамақ ішкіңіз келген шығар? Арақ ішетін бе едіңіз? Адамды қауіп-қатер кезең жақындастырады дейді ол... Е, сайтан неме, қайдағы бос сөзді сөйлейді! — Поручик чемоданнан бірнеше консерві, екі бөтелке коньяк алды да, лейтенанттың сөзін аударып жатып, чемоданға қайтадан еңкейді. Оның айтуына қарағанда, Усть-Медведицада казак офицерлері оны құрметтеп қарсы алыпты. Офицерлер үлкен бір бөшке дон шарабын ішіп бітіріп, жығыла мас болып, гимназияда оқыған қыздармен уақытты аса шаттықта өткізсе керек. Әрине, бұл табиғи, болып тұратын нәрсе!

Сыйға сый, меймандостыққа лайық меймандостық көрсетуді ол жарасты борышым деп есептейді. Осы сыйлықтың ауыртпалығын сізге көтеруге тура келеді. Сіздің халіңіз маған аянышты... Арақ ішетін бе едіңіз? — деді.

— Рақмет. Ішемін, — деді Григорий, тізгін ұстап, жол шаңына кірленіп, баттасқан қолдарын байқатпай қарай түсіп.

Поручик банкаларды стол үстіне қойды да, оларды пышақпен шебер ашып жатып, күрсініп:

— Сотник, сіз білесіз бе, ағылшынның мына азбан қабаны мені әбден безіретіп болды. Таң атқаннан бастап, түннің ортасына дейін арақ ішеді. Ала бөтен, судай сіміреді. Ішуді мен де теріс көрмеймін, бірақ мына сыяқты Гомер сермеуіндей етіп, салқар мөлшерде ішуге шамам келмейді. Ал, мынау, — деп, поручик лейтенантқа жымыя қарап қойды да, Григорий күтпеген жерден мықтап бір боқтап жіберді. — Аш қарынға да ішеді, қалай келсе, солай сіміреді, — деді.

Лейтенант ыржыя түсіп, басын изеді, орыс тілін бұра сөйлеп:

— Тұрыс, тұрыс!.. Шақсы... ішіс керек сіз тен саулық үшін! — деді.

Григорий күліп жіберді де, шашын серпе тастады. Мына екі жігіт оған мүлде ұнап кетті, әсіресе, мағнасыз ыржыйған және орысша сөйлегенде шек-сіленді қатыра күлдіретін лейтенант өте тамаша көрінді.

Стаканды сүртіп жатып поручик:

— Екі жұмадан бері осымен әуре-сарсаң боп жүрмін, бұны қалай дейсіз? Ол біздің екінші корпусқа берілген танктерді жүргізу жөнінде нұсқаушы болып қызмет істейді, мені соған тілмаштыққа жегіп қойды. Ағылшын тілін жақсы білуші едім, мені құртқан сол болды... Арақты бізде де ішеді ғой, бірақ мынау сыяқты емес. Бұл не деген сұмдық! Оның қандай қабілеті барын әлі көрерсіз! Бір өзіне тәулігіне ең кемі төрт-бес бөтелке коньяк керек. Әлсін-әлсін іше береді, бірақ мас болмайды, тіпті сондай порциядан кейін қызмет істеуге де қабілетті. Ол мені әбден шаршатты. Біртүрлі, ішім ауыра бастады, осы соңғы күндерде көңлімнің хошы жоқ және бүкілдей спирттеніп болдым, тіпті жанып тұрған шамның қасында отыруға да қорқамын... Не деген сұмдық! — Сөйлеп тұрып ол коньякты екі стаканға лық толтырды, өзіне болар-болмас қана құйды.



Көзімен стаканды көрсетіп, күліп қойып, лейтенант бірдеме деп, қызу сөйлей бастады. Поручик кешірім сұрап, қолын кеудесіне қойып, ұстамды түрде күлімсірей жауап қатты, тек аңда-санда ғана оның мейрімді қара көздерінен ашу оты жылт-жылт етті. Григорий стаканды қолына алып, жарқын жүзді үй иелерімен қағыстырды да, бір-ақ қағып салды.

— О! — деді де, ағылшын мақұлдап, стаканынан аздап сіміріп жіберіп, поручикке жек көре қарады.

Лейтенанттың қарақошқыл, үлкен жұмыскер қолдары стол үстінде жатты, алақандарының сыртына қоңыр машина майы жұққан, жиі-жиі бензин тигендіктен саусақтары түлеп және терісі сыдырылып жара боп қалған, ал беті күтім көрген, топ-толық және нарттай. Қолдары мен бетінің айырмасы соншалық, Григорийге тіпті лейтенант маска киіп отырған сыяқты боп көрінді.

— Сіз мені құтқардыңыз, — деді поручик, екі стаканды ернеуімен бірдей етіп толтырып.

— Е, ол өзі неге жалғыз іштейді?

— Гәптің өзі, міне, сонда! Ертемен ол өзі жалғыз ішеді, ал кешке жалғыз іше алмайды. Кәне, келіңіз, ішіп жіберейік.

— Күшті зат... — Григорий стаканнан аздап ұрттады да, лейтенантты таң-тамаша қалдырып, қалғанының бәрін аузына құя салды.

— Сізді ер жігіт екен дейді. Сіздің ішуіңіз оған ұнап кетті.

— Сізбенен қызмет алмастыруға болар еді, — деді Григорий күліп.

— Сөз жоқ, екі жұмадан кейін қашып кетер едіңіз, бұған мен кәміл сенем.

— Мына секілді байлықтан ба?

— Басқаны білмеймін, өз басым осы байлықтан қашып кетлекпін.

— Майданда бұдан гөрі нашарырақ.

— Бұл да — майдан. Онда оқтан я снаряд сынығынан зақым боласың, және оның өзі де екіталай нәрсе, ал бұл жерде елесті ауруға ұшырауым даусыз. Мына бір консервілеген жемісті алып көріңізші. Сүр етті қалай көресіз?

— Рақмет, жеймін.

— Ағылшындар — бұған шебер келеді. Олар армиясын біз сыяқты етіп тамақтандырмайды.

— Бізде армияға тамақ бере ме екен өзі? Біздің армия тебінде ғой.

— Өкінішке қарай, бұл дұрыс. Жауынгерлерді мұндай әдіспен бағып, ұзаққа бара алмассың, әсіресе, олардың қолын қақпай, халықты тонауға ерік беретін болса...

Григорий поручикке ілтипатпен қарады да:

— Сіз алысқа баруға әзірлендіңіз бе? — деп сұрады.

— Біздің жолымыз бір ғой, сіз не жөнінде сұрап едіңіз? — Лейтенанттың бөтелкені қолға түсіріп алып, оған стаканды толтыра құйғанын поручик байқамай қалды.

— Сізге енді түбіне дейін ішіп қоюға тура келеді, — деп күлді Григорий.

— Басталды! — деп ыңқыл қақты поручик, стаканға қарап қойып. Оның екі беті тегісінен албырттана түсті.

Үшеуі де үнсіз соғыстырып, ішіп қойды.

— Жолымыз бір де, бірақ жұрттың сапар шегуі баска-баска... — дел сөйлеп кетті Григорий, тағы да қабағын тыржыйтып және тарелкадағы сырғанаған өркітті шанышқымен ұстай алмай, бекерге әуреленіп. — Бейнебір поездағы сыяқты, біреу жақыннан түседі, біреу алысыраққа барады.

— Сіз соңғы станцияға дейін бармайсыз ба?

Григорий өзінің қыза бастағанын сезді, бірақ оны мастық әлі женіп кете қоймады; ол күліп, жауап берді:

— Ақырына дейін менің билетке қаржым жетпейді. Ал, сіз ше?

— Менің жағдайым басқа: тіпті түсіріп тастаған күнде де, шпал бойлап жаяулай жүріп отырып, ақырына дейін барамын!

— Олай болса жолыңыз болсын! Келіңіз, ішейік!

— Ішуге тура келеді. Істің тек басталуы қыйын ғой...

Лейтенант Григориймен және поручикпен соғыстырып үндемей ішті, тамақты өте аз жеді. Беті кірпіштей қызарып, көздері нұрлана бастады, қыймылдарында өлшеп-пішкен шабандық пайда болды. Екінші бөтелкені ішіп бітірмей-ақ ол орнынан зорға тұрды, чемодандарға аяғын батыл басып барды да, үш бөтелке коньяк алып келді. Бөтелкелерді стол үстіне қойып жатып, ернінің емеурінімен ғана күлімсіреп, жуан дауыспен бір сөз айтып салды.

— Кэмпбелл мырза бұл көңіл көтеруді соза түсу керек дейді. Жын алсын, бұл жын алғыр мырзаны! Сіз қалай дейсіз?

— Олай болса, созуға болады,— деп мақұлдады Григорий.

— Апырай, өрісінің кеңін қарасайшы! Мынау ағылшын денесінде — орыс көпесінің жаны бар ғой деймін. Мен, сірә, мас болып қалсам керек...

— Түріңізге қарағанда мастығыңыз білінбейді,— деп мекерсіді Григорий.

— Несіне мас болмаймын! Қазір мен әлсізбін, хұдды қыз сыяқтымын... Дегенмен әлі де жарамдымын, шамама лайық халім бар, солай-солай, әбден жарамдымын!

Толтырып ішкен стаканнан кейін поручик көріне есеңгіреп қалды: оның қара көздері жылтылдап кетті және аздап қылайлана түсті, бет бұлшықтары әлсірей берді, еріндері еркіне көнбей қалды да, бет сүйектері терісінің астындағы еттері ритммен бүлкідей, шықшыт тамырлары жыбыр-жыбыр ете бастады. Соңғы ішкен коньяк оны мүлде есеңгіретіп тастады. Поручиктің түрі, тап сояр алдында он қадақтық балғамен маңдайдан қойыл жіберген өгіздің түріндей болды.

— Сіз әлі сол бір қалыптасыз. Бабыңызға жаңа келдіңіз, енді қайғырмайсыз,— деп қолдап қойды Григорий. Ол да недәуір мас болды, бірақ әлде де көп іше алатынын байқады.

— Шын ба? — Поручик көңілденіп кетті.— Жок, жок, мен баста аздап босаңсыған едім, ал қазір рақым етіңіз, қанша болса да ішем! Дәл айтсам, қанша керек болса, сонша ішем! Сотник, сіз маған ұнайсыз. Мен, сізде күшпен адалдық бар дер едім. Маған осы ұнайды. Кәне, мына акмақ маскүнемнің отаны үшін ішіп жіберейік. Ол өзі шынында хайуан сыяқты, бірақ оның отаны тамаша. «Биле, Британия, теңіздерді!» Ішеміз бе? Тек тауыса ішпелік! Кэмпбелл мырза, сіздің отаныңыз үшін! — Өжеттене көзін жұмып поручик ішіп алды да, сүр еттен жеп жіберді.— Қандай ел десейші, сотник! Сіз оны көз алдыңызға елестете алмайсыз, ал мен онда тұрған болатынмын... Жә, ішіл жіберейік!

— Өз анаң қандай болса да, жат анадан жақынырақ қой.

— Егеспейік, ішіп қояйық!

— Ішейік.

— Отанымыздың ішіндегі шірікті көк карудың күшімен құрту қажет, бірақ әлсізбіз. Бізде, айнала келгенде, отан жоқ болып шықты. Мейлі, күл болмаса бұл болсын!

Кэмпбелл біздің қызылдарды жеңіп шығатынымызға сенбейді.

— Сенбей ме?

— Ия, сенбейді. Біздің әскер туралы ол жаман пікірде, ал қызылдарды мақтап сыпаттайды.

— Бұл өзі ұрысқа қатнасты ма?

— Қатнаспағанда! Оны тіпті қызылдар ұстап ала жаздады. Қарғыс атқан коньяктың кесірі!

— Күшті көрінеді! Спиртпен бірдей ме өзі?

— Сәл бәсенірек. Кэмпбеллді бәледен құтқарған атты әскерлер, айтпегенде оны қолға түсіріп-ақ еді. Бұл Жуков хуторының түбінде болған уақығға. Қызылдар онда біздің бір танкымызды қолға түсірді... Сіз қайғылы пішіндесіз. Неге олай?

— Жуырда әйелім өлген еді.

— Сұмдық-ай! Бала қалды ма?

— Ия.

— Балаларыңыздың денсаулығы үшін! Менде бала жоқ, мүмкін, бар да шығар, бар болса, сөзсіз, бір жерде газет сатушысы болып зыр жүгіріп жүрген шығар... Кэмпбеллдің Англияда қалыңдығы бар. Қалыңдығына ол жұмасына екі рет тап-тұйнақтап хат жазып тұрады. Және, сөзсіз, жоқтан өзгені жазатын болу керек. Мен оны жаратпаймын десем де боларлық, немене?

— Мен ешнәрсе дегенім жоқ. Ол қызылдарды неге құрметтейді?

— «Құрметтейді» деп кім айтты?

— Сіз айттыңыз.

— Мүмкін емес! Ол қызылдарды құрметтемейді, құрметтеуге мүмкін де емес, сіз қателесесіз! Дегенмен, өзінен сұрайыншы.

Сұп-сұр болған мас поручиктің сөзін Кэмпбелл назарын сала тыңдалды да, бірдемені ұзақ сөйледі, сөздің акыры күтлестен Григорий:

— Не деп былдырлайды мынау? — деп сұрады.

— Ол шабата киген қызылдардың жаяу сапта танқыға қарсы атака жасағанын көрген. Осы жеткілікті ме? Халықты жеңуге болмайды дейді ол. Ақмақ! Сіз оған иланбаңыз.

— Қалайша иланбасқа?

— Жалпы алғанда.

— Жә, қалайша?

— Ол мас және жоқтан өзгені былшылдайды. Халық-

ты жеңуге болмайды дегені — не деген сөз? Халықтың бір бөлегін күрту керек те, қалғандарын орындау кажет... Мен қалай дедім? Жоқ, орындау емес, бағындыру кажет. Біз нешеуін ішіп бітірдік? — Поручиктің басы былған етіп қолының үстіне түсіп кетті, ол шынтағымен консервілі банканы аударып тастады да, екі инінен дем алып, столға кеудесін тірей, он минуттай отырды.

Сыртта түн тастай қараңғы еді. Терезе қақпақтарын қалың жаңбыр даңғырлата соғып тұр. Әлдеқайда алыста гүріл естілді де, бұл күн бе күркіреген, әлде зеңбірек даусы ма — оны Григорий айыра алмады. Шылым түтінінің көк бұлтына оранып Кэмпбелл коньякты тісінің арасынан сыздықтата ішіп отыр. Григорий поручикті жұлқылап, — өзі аяғын қалт-құлт басып тұрып:

— Бері қара, сұрашы анадан: қызылдар бізді неліктен жеңуге тиіс? — деді.

— Жоғал! — деп поручик күңк етті.

— Жоқ, сен сұра.

— Жоғал! Жоғал көзіме көрінбей!

— Сұра деген соң сұра!

Поручик бір минуттай Григорийге абдырай карап тұрды да, тұттыға сөйлеп, назарын сала тыңдаған Кэмпбеллге бірдеме дей салып, айқастыра тосқан алақандарына басын қайтадан түсіріп жіберді. Кэмпбелл поручикке менсінбеген түрде езу тартып қарады да, Григорийді жеңінен түртіп қойып, үнсіз-ақ түсіндіре бастады: ол өрік сүйегін столдың ортасына қарай тартып қойды, екеуін салыстырғандай, оның қатарына өзінің зор алақанын қырынан қойды да, таңдайын қағып, сүйекті алақанымен жаба салды.

— Ойлап тапқаныңа болайын! Мұны мен сенсіз де білемін... — деп мінгірледі Григорий ойға шомып. Теңселе түсіп ол қонақжай лейтенантты күшақтады, қолын кен серпіп столды көрсетті де, басын иді. — Сыйыңызға рақмет! Қош. Білесің бе менің не айтқалы тұрғанымды? Сен, мұнда мойныңды жұлғызып алмай тұрып, тез үйіңе қайт! Мен саған мұны шыныммен айтам. Түсінікті ме? Біздің ісімізге сендердің араласуларыңның керегі жоқ. Ұқтың ба? Тілеуің болсын, кете гөр, әйтпесе мұнда таяқ жейсің!

Лейтенант түрегеліп басын иді, ұйқтап кеткен поручикке дәрменсіз карап алып, жайдары жүзбен Григорийді нығынан қағып қойып, ол қызу сөйлеп кетті.

Григорий есіктің сұқпа темірін зорға дегенде тапты да,

теңселе басып баспалдаққа шықты. Қыйғаш соққан ұсақ жаңбыр оны бетке сабалады. Нажағай жаркылы кең ауланы, су шарбақты, бақшадағы ағаштардың жайнай жылтыраған жапырағын жарқыратып жіберді. Баспалдақтан түсе беріп, Григорий тайып жығылды да, тұрып жатып мынадай дауыстарды есітті!

— Офицерсымақтар әлі ішіп жатыр ма? — деп сұрады біреу сенекте сіренке шағып.

Күңгірт қарлыққан дауыс салмакпен сескендіре:

— Ішу түбіне жетеді олардың... Олар ішумен өздерінің түбіне жетеді, — деген жауап қайырды.

## 20

Хопер округінің шекарасынан шыға бере, 1918 жылғыдай, Дон армиясы тағы да өзінің өрлеген шабуыл күшін жойып алды. Жоғарғы Донның көтерілісшіл казактары және кейбір хоперлықтар бұрынғыдай Дон облысынан тыс шығып соғысқысы келмеді; жаңадан қосымша тың әскер алған, бұдан былай халқы өзіне тілектес территорияда қыймылдаған қызыләскер бөлімдерінің қарсылығы да үдей түсті. Бұл учасюктегі казактар жағының күш теңдігі басым болса да: 11000 найзалы әскері, 5000 қылышты әскері, 52 зеңбірегі бар, ұрыста қажыған 9-шы Қызыл армияға 53 зеңбірегі, 14400 найзалы әскері, 10600 қылышты әскері бар казак корпустары қарсы шығарылса да — казактар қайтадан қорғану соғысына көшуді теріс көрмеді, оларды Дон армиясының командованияесі ешқандай айла-әдістермен жуырдағы өз облысының ішіндегідей табан тірестіре соғыстыра алмады.

Ең қызу операциялар флангылық бағыттарда, нақ Ерікті-Кубаньдық оңтүстік армияның соғысқан жерлерінде болды. Украинаның қақ ортасына қарай ойдағыдай өрлеумен қатар, генерал Врангельдің басқаруымен Ерікті армияның бөлімі ығыстыра, қырғын ұрыспен Саратовқа қарай жылжый отырып, 10-шы Қызыл Армияға қатты қысым жасады. Қаланы қорғаған әскердің көбін тұтқынға түсіріп алып, 28 июльде Кубань атты әскері Камышинге төніп келіп қалды. 10-шы армияның бөлімдері жасаған қарсы атака тойтарылып тасталынды. Батыл маневр жасаған Кубань-Терек құрама атты дивизиясы сол жақ флангыны орап алу қаупін туғызды, осының салдарынан

10-шы армияның командованиесі бөлімдерін Борзенково — Латышево — Красный Яр — Каменка — Банное майданына апарып қойды. Бұл кезде 10-шы армияның қатарында 18000 найзалы әскері, 8000 қылышты әскері және 132 зеңбірегі болды; оған қарсы тұрған Ерікті-Кубаньдық армияның 7000 найзалы әскері, 10750 қылышты әскері, 68 зеңбірегі бар еді. Мұнан басқа, ақтардың қолында танк отрядтары, барлау қызметін жүргізетін және ұрыс операцияларына қатынасып отыратын бірталай самолеттері бар болатын. Алайда, Врангельге француз самолеттерінің де, ағылшын танқылары мен батареяларының да септігі шамалы болды; Қамышиннен әрі жылжуға сәті түспеді. Майдан шебіне болмашы ғана өзгеріс енгізген бұл участокте өте ұзаққа созылған қыян-кескі ұрыстар басталды.

Оңтүстік майданның бүкіл орталық участогі бойынша байтақ кең шабуылға шығуға июльдің аяғында қызыл армиялардың әзірлігі басталды. Осы мақсатпен Троцкийдің жоспары бойынша Шориннің басқаруымен 9-шы және 10-шы армиялар қуатты группа етіп біріктірілді. Қуатты группаға запаста ұстау үшін Шығыс майданынан жіберілген бұрынғы Қазан бекіністі ауданының бригадасын қоса 28-ші дивизия және Саратов бекіністі ауданының бригадасын қоса 25-ші дивизия келмекші болды. Мұнан басқа да Оңтүстік майдан командованиесі қуатты группаны майдан запасында тұрған әскерлермен және 56-шы атқыштар дивизиясымен күшейтті. Үстемеге берілген, Шығыс майданынан алынған 31-ші атқыштар дивизиясының және 7-ші атқыштар дивизиясының күшімен қосалқы соққы Воронеж бағытында берілуге белгіленді.

Жаппай шабуылға шығу августың бірі мен оны арасына белгіленді. Қызылдардың бас командованиесінің жоспары бойынша 9-шы және 10-шы армиялардың соққысы флангыдағы армиялардың орап алу әрекеттерімен қоса жүргізілуге тиіс еді және сонымен бірге жауалты, әрі күрделі міндет 10-шы армияның үлесіне тиді, өйткені ол Донның сол жағасын бойлай соғыса отырып, жаудың негізгі күштерін Солтүстік Кавказдан бөліп тастауға тиіс болды. Батыс жақта 14-ші армияның бір бөлімімен Чаплино — Лозовая шебіне қарай қозғалыс жасап, жауға мықтап қыр көрсетілсін деп ұйғарылды.

9-шы және 10-шы армиялардың участоктерінде қайта топтау ісі жүргізіліп жатқан кезде, жауының әзірлеп

жатқан шабуылына кедергі жасау мақсатымен, ақтар командованиесі қызыл армиялардың алыс тылдарына рейд жасау үшін Мамонтов корпусын құрастырып бітірді. Царицын бағытындағы Врангель армиясының табысы осы армияның майданын солға бұрып, Дон армиясының майданын қысқартып, оның құрамынан бірнеше атты әскер дивизиясын босатып алуға мүмкіндік берді. 7 августа Урюпинская станциясында 6000 қылышты әскер, 2800 найзалы әскер және төрт зеңбіректі үш батарея жасақталды. Ал августың 10-ында генерал Мамонтовтың басқаруымен жаңадан құрастырылған корпус 8-ші және 9-шы армиялардың түйіскен жерінде майданды бұзып-жарып өтті де, Новохоперскіден Тамбовқа қарай бет алды.

Ақтар командованиесінің алғашқы ниеті бойынша қызылдардың тылдарына рейдіге аттандыруға Мамонтов корпусынан басқа тағы да генерал Коноваловтың атты әскер корпусы белгіленген еді, бірақ бұл Коновалов корпусының бөлімдері орналасқан учасоктарда ұрыс басталған соң, оны майданнан босатып әкетуге мүмкіндік болмады. Мамонтовқа жүктелген міндеттің шағындығын да осы жағдайлар белгілеген-ді, оған асқақтамай және Москваға жорық жасауды арман етпей, тек қана жаудың тылдары мен коммуникацияларын талқандап, қайтадан қосылу міндеті жүктелді, ал әуел басында қалың атты әскерді жауып жіберіп, қызылдардың тылдары мен флангілеріне қыйрата соққы беріп, жедел жүріспен Россияның ортасына қарай өрлеп, советке қарсы ниеттегі бұқара топтарымен қара көбейтіп, Москваға дейін бару туралы Мамонтов пен Коноваловқа бұйрық берілген болатын.

Армияның запас әскерін іске қосумен 8-ші Қызыл Армия өзінің сол жақ флангісін бұрынғы қалпына қайта түсіре алды. Ал 9-шы армияның оң жақ флангісінің сапы мықтап бұзылған боп шықты. Негізгі қуатты группаның қолбасшысы Шорин тез шара қолданып, екі армияның да ішкі флангілерін қоян-қолтық қабыстырып алды, бірақ Мамонтовтың атты әскерін тоқтатуға мүмкіндік болмады. Шориннің бұйрығы бойынша, Кирсанов ауданына Мамонтовқа қарсы запастағы 56-шы дивизия шығарылды. Бұл дивизияның көлікке отырғызыл Сампур станциясына жіберілген батальонын Мамонтов корпусының жанама отрядтарының біреуі-ақ, алғаш кездескен ұрыста тас-талқанын шығарды. Тамбов — Балашов темір жол участогін қорғауға аттанған 36-шы атқыштар дивизиясының атты әскер



бригадасы да осындай халге ұшырап қалды. Мамонтовтың қаптаған қалың атты әскеріне тап болып, аз ғана ұрысқаннан кейін бригада бытырап кетті.

18 августа Мамонтов екпінді шабуылмен Тамбовты алды. Алайда Мамонтовпен күресу үшін группа құрамынан екі дивизиядай жаяу әскер бөлуге тура келсе де, Шорин группасының негізгі қарулы күштерінің шабуыл бастауына бұл жағдай кедергі жасай алған жоқ. Сонымен қатар Оңтүстік майданның украиндық участогінде де шабуыл басталды.

Солтүстік және солтүстік-шығыс бетте Старый Осколдан Балашовқа дейін тұп-тура созылған және керттеліп келіп Царицынға қарай ойысқан майдан түзетіле бастады. Жіі-жіі қарсы атака жасай, шекара сайын кідіре-кідіре, күші басым жаудың қысымынан казак полктары оңтүстікке шегінді. Дон жеріне аяқ басқаннан кейін казактар айрылып қалған жауынгерлігін қайта тапты; әскери қызметтен қашушылық шұғыл азайды; Орта Донның станицаларынан қосымша әскер қаптады. Шориннің қуатты группасының бөлімдері Дон Войскосының жеріне басып еніп, әрілеген сайын қарсылық көрсету де күшейіп, қаталдана берді. Жоғарғы Дон округінің көтерілісшіл станицаларының казактары жыйылыстарында өздері бастап тегісінен мобилизация жариялады, шеркеуде жалбарыну дұғасын оқысып, дереу майданға аттанысты.

Жеңілуді көкसेген Троицкийдің зыянкестік жоспарының ауыр зардабы мықтап тие бастап еді: ақтардың арпалысқан қарсылығын күйрете отырып, үздіксіз ұрыспен Хопермен Донға қарай өрлеген және халқының көбі қызылдарға қас ниетте болған территорияда соғысқан Шорин группасы қарқынды шабуыл күшін бірте-бірте сарқа бастады. Ал бұл кезде Качалинская станицасы мен Котлубань станциясы аймағында табысын үдете түсіп, алға ұмтылған 10-шы қызыл армияға соққы беру үшін ақтар командованнесі кубаньдық үш корпус және 6-шы жаяу әскер дивизиясынан маневрші күшті группа құрып қойған болатын.

## 21

Мелеховтар семьясының бір жыл ішінде тең жартысы кеміп қалды. Бір кездегі, өлім біздің үйге дәндеді — деген Пантелей Прокофьевичтің сөзі дұрысқа шықты. Натальяны жерлеп үлгірісімен Мелеховтардың кеп-кең төргі бөл-

месінде қайтадан адыраспан мен гүлді көк тікен исі аңқыды. Григорий майданға кеткеннен кейін бір жарым жұмадан соң Дарья суға кетіп өлді.

Ол сенбі күні, қырдан қайтып келіп, Дуняшкамен суға түсуге кеткен-ді. Екеуі бакша жанында шешініп, тапталыңқыраған жұмсақ шөптің үстінде ұзақ уақыт отырды. Дарьяның таңертеңнен бастап-ақ көңілінің хошы болмады, басының ауырғанын, біраз сырқаттанғанын айтып, шағына берді, бірнеше рет жасырып жылап та алды. Суға енер алдында Дуняшка шашын шумактап түйіп, қыйықша орамалымен басын байлап алды да, Дарьяға көзінің қыйығын салып, аянышты түрде:

— Дашка, сен қандай жүдегенсің, қу сүйегің ғана қалыпты ғой? — деді.

— Кешікпей оңаламын!

— Басың ауырғанын қойды ма?

— Қойды. Кәне, шомылайық, әйтпесе күн кеш болып қалды.

Дарья алдымен жүгіріп келген бойы суға күмп берді, сүңгіп қайта шықты да, фыр-фыр етіп, өзеннің ортасына қарай жүзді. Қатты ағын оны ала жөнелді де, бой бермей ағызып әкете бастады.

Еркектерше саржандап, кере құлаш ұрған Дарьяға сүйсініп Дуняшка суды кіндіктен келтіре кешіп барып, жуына бастады, кеудесін және күнге қызған сүмбідей жұп-жұмыр әлді қолдарын батырып, суға шомылды. Көрші бакшада Обнизовтардың екі келіні капуста суарып жатыр еді. Дуняшканың күліп:

— Дашка, кері қарай жүз! Әйтпесе жайын сүйреп кетеді! — деп Дарьяны шақырғанын олар естіп тұрғанды.

Дарья кері бұрылды, үш сажень жер жүзді, содан кейін бір мезет шапшып, су бетінен кеудесін шығара көтеріле түсті, екі қолын төбесіне қойып: «Қатындар, кош болындар!» деп айқай салды да, тастай батып су түбіне кетті.

Ширек сағаттан кейін жалаң іш көйлегімен сұп-сұр боп үйге Дуняшка жүгіріп келді.

— Маматай, Дарья суға кетті! — дегенді ол булығып зорға айтты.

Дарьяны желіқармақ жабдығымен тек келесі күні таңертең ғана тауып алды. Татарскийдегі ең тәжрибелі балықшы қарт Архип Песковатсков таңмен Дарья суға кеткен ағысты жердің төменгі жағынан алты желіқармақ

куршып кыйды, кармактарын карауна Пантелей Прокофьевичтен екеуі кетті. Жаңада қатындар мен бала-шағалар шоғырланып жыйналып қалды, бұлардың ішінде Дунышка да бар еді. Ескектің сабымен төртінші желіні іліп алып, Архип жаңадан он сажень кеткен кезде, оның ақырын ғана: «Бар білем, сірә...» дегенін Дунышка айқын естіп қалды, сөйтті де шал ештеп күшін сала, тереңге тік бойлап кеткен желіні тартып жыйнай бастады. Мұнан кейін оң жақ бетте бір нәрсе анараң еле қалды, екі шал судың бетіне еңкейе түсті, қайықтың ернеуінен су құйылып кетті де, ішінен тына қалған жұрттың құлағына қайыққа салған адам денесінің күңгірттеу дүрс еткен дыбысы естілді. Жұрт жаппай күрсінесті. Қатындардың бірі өксіп жылап жіберді. Таяу тұрған Христоня балаларға өрескел түрде: «Кетіндер бұ жерден!» деп жекіріп қалды. Дунышка жылдаған күйі, Архиптің қайықтың құйрығында тұрып, ескекті суға шалтыдаптай салып, жаңаға қарай шеберлеп есіп келе жатқанын көріп тұрды. Жағаның борбас шөгінді топырағын ұнпай, қашыр-құшыр сыбдырлап келіп, қайық жерге жетті. Дарья аяқтарын астына бұйып, қайықтың дымық түбіне бетін сүйей, тытыр ептей жансыз жатыр. Аз-маз көгеріп, біртүрлі қарақошқыл тарпа бастаған оның ақ денесінде бойлата тескен қармақ іздері көрінеді. Тотыққан апан балшырында, тізеден сәл төменірек, суға түсер алдында Дарья шешуге ұмытып кеткен шүберек шұлық асқыштың қасында, жаңа түскен сызат жараның қызарып, қаны шығып тұр. Тілді қармақтың өткір ұшы аяқты бойлай сырғанап келіп, бороздалай жырып, қылсық, сызық салыпты. Алжалқышты есі шыға жұмарлап, Дарьяның қасына алдымен Дунышка келді, тігісінен сөгілген қалшықпен оның үстін жапты. Пантелей Прокофьевич іскер түрде шалбарының балағын шапшаң түріп, қайықты тартып, жақындата бастады. Кешікпей көлік те келді. Дарьяны Мелеховтардың үйіне апарды.

Қорыққанын және жиреніп денесі шіміркенуін тоқтатып, Дунышка терең Дон суының ызғары кетпеген мұздай өлікті жууға шешесіне жәрдем берді. Дарьяның аздап ісінген бетінде, су нұрын кетірген күңгірттеу көз жаңарында біртүрлі жағтық және қаталдық бар сыяқты. Шапшаң арасында өзен құмы күмістей жылтырайды, екі бетіне жабысқан жібек балдырдың жасыл тартқан жіптері көрінеді, ал созылып, тақтадан жансыз салбырап кеткен қолдарында төтенше тыншығу бар еді, Дунышка қа-

рай салды да, мына жансыз Дарьяның кеше ғана ойнап-күліп жүрген, өмірді өте жақсы көретін Дарьяға ұқсамайтынына таң-тамаша қалып және үрейі ұшып, кері шегініп кетті. Сонынан көп уақытқа шейін Дарьяның тастай суық емшектері мен іші, жаны кеткен мүшелерінің икемді серпінділігі ойға түскенде денесі түршігіп, осының бәрін тезірек ұмытуға тырысатын болды. Өлі Дарья түсіме кірер деп ол бір жұмадай Ильиничнамен бір кереуетке жатып жүрді және жатарда ішінен: «Құдая! Оны менің түсіме ендірмейтін ет! Сақта құдай!» деп сыйынатын болды.

Егер де Дарьяның: «Қош болындар, қатындар!» деген айқайын естіген Обнизов келіндерінің әңгімелері таралып кетпеген болса, суға кеткен әйелді у-шусыз, тып-тыныш жерлеген де болар еді, ал өз өмірін өзі жою ниетін дәлелдейтін оның өлер алдындағы даусы жөнінде хабарланып қалған Виссарион поп өзін өзі өлтірген әйелдің жаназасын оқымайтынын кесіп айтты. Пантелей Прокофьевичтің:

— Сен қалайша жаназасын оқымаймын дейсін? Ол немене, шоқындырылмаған әйел ме екен? — деп зығыры қайнап кетті.

— Өзін өзі өлтірушілерді жерлей алмаймын, заң бойынша жарамайды.

— Сеніңше қалай, ит сыяқты етіп, жерге көме салу керек пе?

— Меніңше, қалай көмсең солай көм, және қайда көмемін десен, сонда көм, тек адал ниетті христиандар жерленген бейіттен аулақ көмсең болғаны.

— Жок, тәңір тілеуінді берсін, сен мейірбандық ет! — деп Пантелей Прокофьевич оны көндіру жағына көшті. — Біздің үрім-бұтағымызда мұндай масқарашылық өмірі болып көрген емес.

— Істей алмаймын. Шеркеу қауымының үлгілі жамағаты деп сені, Пантелей Прокофьевич, қатты құрметтеймін, бірақ мұны істей алмаймын. Архирейге жеткізіп қойса — бәлеге қаламын, — деп поп қасарып қалды.

Мұның өзі масқаралық болды. Мінез шығарған попты көндіруге Пантелей Прокофьевич мейлінше тырысты, қымбаттырақ етіп және сенімді Николай ақшасымен төлеуге уәде берді, сыйлыққа бір тұсақ та ұсынды, бірақ, ақырында, жалынудың әсер етпегенін көріп, қорқыта сөйледі:

— Оны мен бейіттен тысқары көме алмаймын. Ол ма-

ған бір бүйірден қосылған жет адам емес, менің туған келінім. Күйеуі қызылдарға қарсы ұрыста және офицер шенінде қаза тапты, өзі сыйлыққа Егор медалын<sup>1</sup> алды, ал сен мыңан қайдағыны былшылдайсың?! Жоқ, қария, мұнынан түк шықпайды, менің құрметім үшін-ақ жерлерсің! Олай болса, мейлі, өлік менің төртгі бөлмеде жата тұрар, ал мен бұл жөнде тура станица атаманына хабар етем. Ол сенімен сөйлесіп көрер!

Пантелей Прокофьевич поштың үйінен қоштаспастан шығып кетті және ашу үстінде есікті де тарт еткізіп жатты. Дегенмен, оның байбаламы полқа мықтап әсер етті: жарты сағаттан кейін поштың шайбарманы келіп, қазірет Вассарионның причтен<sup>2</sup> бірге қазір келетінін айтты.

Дарьяны, тиісінше, бейітке, Петрованың жанына қойды. Моласын қазған кезде, Пантелей Прокофьевич өзіне де орын таңдап алды. Кетпенмен жер қазып жатып ол айнала көз жіберіп, бұдан артық орынды таппайсың да және іздеудің де керекті жоқ деген ақыға келді. Петрованың моласының басындағы жаңада ғана еккен терек, жас бұтақтары желге шілліп, үлдеп тұр, түсе бастаған күз теректің бас жағындағы жапырақтарын мезгілсіз солу сырымен, күйіншітті сары бөгемен сырлапты. Қыйраған дуалдан бұзаулар кіріп, мола-моланың арасына жалғыз аяқ соқпақ салыпты; дуалдың жанымен жел тиірменге баратын жол өтеді; өлгендердің қамқор тумалары еккен: үйенкі, терек талдар және жабайы өскен шомырт — әлі де жайдарылана жайқалып, жап-жасыл боп тұр; бұлардың жанында бұп-бұйра шырмауық, сарғыш кенже қышы өскен, қара сұлы мен бөртпе бидайық масағын иіп тұр. Түбінен басына шейін жайдары көк шырмауыққа оратылып, крестер тұр. Шынында да бұл өзі жайнаған, құрғақ, жақсы орын еді...

Шал мола қазды, қайта-қайта кетпенін тастай беріп, ылғалды саз жерге отырып, темекі тартты, өлім туралы ойлай берді. Бірақ шалдарға туған мекендерінде жайымен өліп, ата-бабаларының ақырғы орын тепкен жеріне жайланысатын уақыт әлі жетпеген сыяқты...

Дарьяны жерлегеннен кейін Мелеховтардың үйінде бұрынғыдан да тыйышырақ болып қалды. Егін тасылды, астық басылды, бақшалардан мол өнім алынды. Григорий-

<sup>1</sup> Георгиев медалы.

<sup>2</sup> Причт — шеркеу қызметкері.

ден хабар күтісті, бірақ майданға кеткеннен бері онан еш-бір хабар естілмей қойды. «Балаларға да сәлем айтып жібермейді, қарғыс атқан! Әйелі өлгеннен кейін біздің оған кереміміз болмай қалды...» — деп Ильинична әлде-неше рет айтты. Соған соң Татарскийге әскери казактар жиі-жиі келе бастады. Балашов майданында казактарды ысырып тастапты, олар су бөгелісін пайдаланып, қысқа шейін қорғану үшін Донға қарай шегініпті деген сыбыс таралды. Ал қысты күні не боларын әңгімелеп, барлық майдандықтар, жасырмастан, бұл туралы: «Дон қаты салысымен қызылдар бізді тап теңізге дейін айдап апарды» — дәсті.

Астық бастыруға ынтасымен кіріскен Пантелей Прокофьевич, Обдолье бойына таралып кеткен сыбысқа ерекше назар аудармаған сыяқты еді, бірақ та болып жатқан уақытқаға немкетті қарауға шамасы келмеді. Майданның жақындап қалғанын естіп ол Ильинична мен Дуняшкаға жиі ақыратын болды, бұрынғыдан да ашушаң бола бастады. Шаруаға керекті көр-жер нәрсені ол өзі істеп жүрді, бірақ істің бір жері сәл оңға келмесе болғаны, ол бұрқсарқ ашуланып, жұмысты тастай беріп, жерге түкірініп, балағаттап, ашуын басу үшін қырманға қарай жүгіретін болды. Мұндай бұлқан-талқанның Дуняшка талайын көзімен көрді. Бір күні Пантелей Прокофьевич мойынтұрық ондауға кірісті, ісінің сәті болмады да, жоқ жерден жын-данған шал балтаны ала салып, мойынтұрықты турап тастағаны сондай, құр жанқасын ғана қалдырды. Қамыт жамағаны да осындай болды. Кешкілікте шам жарығымен Пантелей Прокофьевич тарамыс шыйратып, қамыттың жыртылған шұжығын тікті; әлде тарамыс шірік болды ма, әлде шалдың күйгелектігі ұстады ма, әйтеуір тарамыс қатарынан екі қайтара үзілді — осының өзі де жеткілікті болды: төбе шашты тік тұрғызарлық етіп боктап, Пантелей Прокофьевич ұшып түрегелді, отырғышты төңкере тастап, аяғымен пешке қарай теуіп жіберді де, төбеттей ырылдап, қамыттың былғары тысын тісімен тістеп жырта бастады, сонсоң қамытты еденге тастай беріп, қораздай секектеп, аяғымен оны таптауға кірісті. Ерте жатқан Ильинична даңғыр-дүңгірді естіп, үрейлене ұшып түрегелді, бірақ не болғанын көргеннен кейін, шыдай алмай, шалды:

— Қарғыс атқыр, қартайғанда сен есіңнен айрылған шығарсың? Қамыт саған не жазды? — деп кіналады.

Пантелей Прокофьевич ақылынан алжасқан көз қараспен әйеліне бір қарап:

— Өшір үніңді сен-н, бұзақы!!! — деп ақырды да, қамыттың сынығын кемпірге лақтырып қалды.

Қүлкіге булығып Дуняшка сенекке қарай окша зымырады. Ал, шал, аздап құтырынып алды да, жуасып, ашумен айтып салған сорақы сөздері үшін кемпірінен кешірім сұрады, қырсық қамыттың сынығына қарап қойып, ішінен: мұны неге пайдалануға болар екен деп ұзақ уақыт аһлап-уһлеп, желкесін қасып тұрды. Оның бұл сыяқты ашудан булығыуы әлденеше рет қайталанды, бірақ әккі болып қалған Ильинична бұған килігуге басқа әдіс тапты: Пантелей Прокофьевич аузынан балағат сөздерді ақтарып, үй ішінің бір затын қыйрата бастаған кезде, Ильинична момақан түрде, бірақ дауыстап:

— Қыйрат, Прокофич! Сындыр! Екеуміз тағы да тауып алармыз дүниені! — дейтін. Және өзі де қыйратуға жәрдемдесе бастайтын. Сол кезде ғана Пантелей Прокофьевич бірден суына қалатын, мағнасыз көз қараспен әйеліне бір минуттай қарап алып, дірілдеген қолдарымен қалтасын ақтаратын, темекі дорбасын тауып алып, күйгелектігіне іштей лағнат айтып және келтірген зыянын есептеп, темекі тартып, ашуын басу үшін, шетке шығып отыра кететін. Шалдың жүгенсіз ашуының құрбаны боп палисадникке кіріп кеткен үш айлық торай қаза тапты. Пантелей Прокофьевич қазықпен ұрып, оның белін үзіп жіберді, ал бес минуттан кейін бауыздап тастаған торайдың қылшығын шегемен жұлып отырып, тұнжыраған Ильиничнаға жазықты түрде жағымпаздана қарап қойып:

— Торайдың өзі де бір түкке тұрмайтын сорлы торай екен... Бәрібір өлер еді. Шошқаға осы кезде оба тиіп жатыр, мынау әйтеуір жеуге келеді, әйтпесе бекерге құрыр еді. Дұрыс қой, кемпір? Сен неменеге бұршақ жауар бұлтша төніп тұрсың? Ант атсын ол ант атқыр торайды! Торай сыяқты торай болса екен-ау, нағыз бір өлімтігі! Оны қазықпен соқпай-ақ, қатты сіңбіріп қалсаң да, ұшып түсерлік-ті. Және қандай жауыз! Қырық түп картопты қазып тастапты! — деді.

— Палисадник ішіндегі картоптың небәрі отыз түптен артық емес-ті, — деді Ильинична ақырын ғана, шалдың қатесін түзеп.

— Ал, егер де қырық болса, ол қырық да істен шығарар еді, сондай неме ғой ол! Бұл жаудан құтылғанымыз-

ға, құдайға шүкір! — деп жауап қайырды Пантелей Прокофьевич, ойланбастан.

Әкесін шығарып салғаннан кейін балалардың іші пыса бастады. Үй шаруасынан қолы босамаған Ильинична оларға жеткілікті көңіл бөле алмады да, балалар өз бетімен кетіп, күні бойы бақшада, болмаса қырман сыяқты бір жерде ойнайтын болды. Бір күні түстен кейін Мишатка жоқ болып кетті де, тек күн батар кезде ғана келді. Қайда болдың деген Ильиничнаның сұрағына — Мишатка — балалармен Дон жағасында ойнадық деп жауап берді, бірақ Полюшка оның өтірігін табанда мойнына қойды.

— Әжетай, ол өтірік айтады! Ол Аксињья апайдың үйінде болды!

— Сен оны қайдан білесің? — деп сұрады бұл жаңалықты жақтырмай танданған Ильинична.

— Солардың шарбағынан қарғып түскенін көріп қалдым.

— Сонда болдың ба? Жә, айта ғой, бөпетайым, неменеге қызарып кеттің?

Мишатка әжесінің көзіне тура қарады да:

— Әжетай, мен өтірік айттым... Шынында, Дон жағасында емес, Аксињья апайдың үйінде болдым, — деп жауап қайырды.

— Онда сен неменеге бардың?

— Ол мені шақырды, сосын мен бардым.

— Балалармен ойнадым деп неге алдадың сен?

Мишатка бір секундтай төмен қарап қалды, сонан соң шыншыл нәркес көздерін жоғары көтерді де, сыбырлап:

— Сені ұрсасың ғой деп қорықтым... — деді.

— Мен саған неге ұрсайын, ұрсатын несі бар? Жок... Сені ол неге шақырды? Сен онда не істедің?

— Ештеме істегенім жоқ. Ол мені көрді де, дауыстап: «Мұнда кел!» — деді, мен бардым, ол мені жетектеп үйге алып кірді, орындыққа отырғызды...

— Жә, сосын? — деп Ильинична абыржығанын білдірмей, егжей-тегжейіне жете, тағатсыздана сұрады.

— ... суып қалған құймақ жегізді, сосын міне мынаны берді, — деп Мишатка қалтасынан бір шақпақ қант суырып алды, оны мақтанышпен көрсетті де, қалтасына қайтадан тықты.

— Саған ол не сөз сөйледі? Бәлкім, бір нәрселерді сұраған шығар?

— Маған келіп тұр деді, өйткені жалғыз өзіме көңіл-



сіз деді, базарлық берем деді... Маған келгеніңді ешкімге айтпа, әйтпесе әжең ұрсады деді.

— Қарашы оны... — деп салды Ильинична, ыза керней булығып.— Жә, сонан кейін ол ешнәрсе сұрады ма сенен?

— Сұрады.

— Не сұрады? Сен айта бер, айналайын, қорықпа!

— Ол: папатайыңды сағынасың ба? — деп сұрады.

Мен: сағынамын дедім. Тағы да ол папаң қашан келеді, не хабар бар деп сұрады, мен оған білмеймін, папам соғыста соғысып жүр дедім. Сонан кейін ол мені тізесіне отырғызып, ертегі айтты.— Мишатка қыза сөйлеп, көзі жарқ-жұрқ етті, күлін қойды.— Қызық ертегі! Бір Ванюшка туралы, оны қаздар-аққулар қанатына қалай мінгізіп ұшырғаны жөнінде және жалмауыз кемпір жөнінде.

Ильинична, ерің тістеп, Мишатканың сырын тыңдап болды да, қатал үнмен:

— Немерем, мұнан былай ол әйелге барма, керегі жоқ. Одан ешқандай базарлық та алушы болма, керегі жоқ, өйткені атаң біліп қояды да, сені сабайды. Құдай сақтасын, атаң білсе — ол сенің теріңді сыпырып алады! Барма, бөпетайым! — деді.

Алайда, кемпірдің қатал бұйрығына қарамастан, екі күннен кейін Мишатка тағы да Астаховтардың үйінде болды. Ильинична мұны Мишатканың көйлегіне бір қарағаннан-ақ біліп қойды: таңертең өзі тігіп беруге мұршасы келмеген жыртық жеңін әсемдеп қайып тігіп қойыпты, ал жағасында жап-жаңа тана түйме ағараңдап тұр. Астық бастырудан қолы босамаған Дуняшканың күндіз балалардың киімін жамай алмайтынын біліп, Ильинична кіналып:

— Тағы да көршілердікіне бардың ба? — деп сұрады.

— Тағы да... — деп салды да, Мишатка сасып қалып, дереу: — Мен ендігәрі бармаймын, әжетай, сен тек ұрыспа... — деді.

Сол күннен бастап Ильинична Аक्सиньямен сөйлесіп, Мишатканы ешқандай базарлықпен, ешқандай ертегімен қызықтырып өзіне тартуды қой, әуре етпе деп қадап айтпақшы болды. «Натальяны көрге тықты, енді балаларға жақындауға тырысып жүр, қарғыс атқан, сөйтіп Гришканың басын айналдырып алмақшы ғой. О, сұр жылан. Ері өлмей тұрып көксегені бізге келіп болу... Бірақ оның бұл дегені бола қоймас! Тап сондай күнадан кейін Гришка оны алар ма?» — деп ойлады.

Үйде болған кездегі Григорийдің Аксињьядан қашақтап жүргені Ильиничнаның аналық қызғаншақ та көреген көзінен таса қалған жоқ-ты. Григорийдің бұлай етуі жұрттың жазғыруынан тайсалғандық емес, әйелінің өліміне Аксињьяны кіналы деп есептегендіктен екендігін Ильинична жақсы түсінетін. Натальяның өлімі Григорийді Аксињьядан біржола айырар және Аксињья өмірі біздің үйге келін боп кірмес деп үміттенетін Ильинична ішінен.

Сол күні кешке Ильинична Аксињьяны Дон жағасындағы пристаньда көріп:

— Әй, келін, бері келіп кетші бір минутқа, сөйлесуім керек еді... — деп оны қасына шақырды.

Аксињья шелектерін жерге қойды да, байсалды түрде Ильиничнаның жанына келіп, амандық сұрасты.

— Әңгіме мынадай, шырағым, — деп бастады Ильинична, көршісінің сұлу болғанмен, бұған жексұрын көрінетін жүзіне қадала қарап. — Сен неге біреудің баласын алдап шақырып аласың? Неменеге баланы үйіңе апарып сөз сөйлетесің? Оның көйлегінің жыртығын тігіп бере гөр, сыйлық тарта гөр деп кім өтінді сенен? Сен немене, шешесі жоқ болған соң оны ешкім қарамайды деп ойлайсың ба? Немене, сенсіз күн көре алмайды деп ойлайсың ба? Жүзің қайтып шыдайды, ұятсыз жүзіқара!

— Мен не жаманшылық істеппін? Шешей, неге балағаттайсыз? — деп сұрады Аксињья, ашу қысып.

— Қалайша жаманшылық емес? Өзін көрге тыққаннан кейін Натальяның баласымен жұғысуға сенің қандай хақың бар?

— Шешей, сізге не болған? Тоба деңіз! Кім көрге тығыпты? Өзіне өзі ғой істеген.

— Сенің кесіріңнен емес қой, ә?

— Қойыңыз әрі, мұндайды мен білмеймін.

— Сен білмесең, мен білем! — деп айқай салды Ильинична, терісіне сыймай.

— Шешей, әулікпеңіз, айқай көтеретін мен сізге келін емеспін. Бұлай етуге менің өз ерім де бар.

— Не пиғылың барын мен түгел білем! Сырың маған мәлім! Келін емессің, бірақ сол келін болуға жанталасып жүрсің! Алдымен балаларды алдап, өзіңе жақындатып алып, соңынан Гришканың өзіне жуыспақсың ғой?

— Сізге келін болайын деп тұрған мен жоқ. Шешей, сіз ақылыңыздан адасқансыз! Менің ерім тірі.

— Солай сол, сен еріңнің тірі күнінде, одан шығып, басқаға жармаспақшысың!

Аксинья көрер көзге сұп-сұр боп кетті де:

— Неліктен маған тиісіп, не үшін мені масқаралап тұрғаныңызды білмеймін... Мен ешқашан да ешкімге жабысқаным жоқ, жабыспақшы да емеспін, ал сіздің немереңізді өзіме шақырсам, мұнда қандай жаманшылық бар? Өзіңіз білесіз, менде бала жоқ, сондықтан кісі баласына мээ болам, бұ да алданыш, баланы сол үшін шақырам... Қарай гөр, алдап-сулаппын! Бір шакпақ қант берген де сыйлық болып па? Не қылам мен оны алдап-сулап? Құдай біледі, аузыңызға түскенді соғып тұрсыз!.. — деді.

— Шешесі тірі күнінде сен оны шақырғыштаған жоқ едің ғой! Наталья қалай өлді, солай сен мейірбанды бола қалыпсың?

— Ол бала Наталья барында да менде талай қонақта болған, — деді Аксинья, болар-болмас езу тартып.

— Соқпа өтірікті, ұятсыз!

— Сіз әуелі баладан сұрап алыңыз, өтірік туралы сонан кейін айтарсыз.

— Жә, қалай болған күнде де, мұнан былай баланы үйіңе шақырушы болма. Мұнымен сен Григорийге сүйікті көрінем деп ойлама. Григорийге сен өмірінде қатын болмайсың, мұны біліп қой!

Ашу қысып өңі бұзылып кеткен Аксинья қырылдап:

— Жап аузыңды, не істейтінін ол сенен сұрамайды! Басканың ісіне кірісуші болма! — деді.

Ильинична басқа да бірнәрселер айтпақшы болып еді, бірақ Аксинья кері бұрылды да, шелектерінің қасына келді, іінағашын жұлқый көтеріп иығына салды да, суды шалпылдата, тез-тез аттап, жалғызаяқ соқпаққа қарай кетті.

Сол кезден бастап Аксинья жолығып қалғанда Мелеховтардың ешқайсысымен амандаспай, жантүршігерлік тәкәппарлықпен мұрнын шүйіріп, жандарынан өте шығатын болды, бірақ Мишатканы көргенде жалтақтап жанжағына айнала қарайтын да, егер де төңіректе ешкім көрінбесе, жүгіріп келіп баланы көкірегіне қысатын, оның күнқақты маңдайыш, Мелеховтарға тартқан тұнжыранқы қара көзін сүйгіштеп, еш байланысы жоқ: «туған Григорьевичім! Сүйіктім! Мен сені қандай сағындым! Ақмақ Аксинья апаң... Ақмақ болғанда қандай!» — деген сөздерді сыбырлайтын. Содан кейін көпке дейін оның еріндері-

нен дірілдеген күлкі шырайы кетпейтін, жасаураған көздерінен, бейнебір жас қыздардай, бақыт нұры жайнай түсетін.

Августың аяқ шенінде Пантелей Прокофьевич мобилизацияға ілікті. Сол кезде онымен бірге Татарскийдің мылтық ұстауға жарайтын казактары майданға тегісінен кетті. Хуторда еркектерден тек жарымжандар, жасөпірімдер және кәрі шалдар ғана қалды. Мобилизация жаппай болды да, дәрігерлік комиссияларда көріне мүгедектерден өзге ешкім босатылмады.

Жыйналатын пунктке мәлім болуға хутор атаманынан бұйрық алып, Пантелей Прокофьевич кемпірі, немерелері және Дуняшкамен атүсті қоштасты да, аһлап-уһлеп тізесін бүкті, жерге екі рет тағзым етті, икондарға шоқынып:

— Қарақтарым, қош болындар! Біз енді қайтып көріспейтін шығармыз, осы ақырғы сағат-ақ шығар. Сендерге айтатын өсиетім мынау: астықты күні-түні бастырындар, жаңбырға шейін бітіріп алуға тырысындар. Керек болған күнде—жәрдемдесетін адам жалдандар. Егер де күзге шейін қайтпасам — менсіз-ақ басқара берерсіңдер: күштерің жеткенше сүдігер жыртындар, бір десятина болса да қарабидай егіндер. Кемпір, сен байқа, істі бабымен басқар, қол қусырып отырма! Біз Григорий екеуміз қайтып келеміз бе, жоқ па, бірақ сендерге бәрінен де гөрі астық қажеттірек болады. Соғыс—өзімен өзі, ал астықсыз өмір сүру — бұл да бір көңілсіз нәрсе. Жә, тәңір жар болсын! — деді.

Ильинична шалын алаңға дейін шығарып салды, Христонямен қатарласып, көлік соңынан оның тез-тез ақсаңдай басып бара жатқанына ақтық рет қарады, сонсоң алжапқышпен ісінген көздерін сүртті де, артына бір қарамастан, үйге қарай жөнелді. Оны қырманда бастырылып бітпеген бір төсем ақ бидай, пеш ішінде сүт күтіп тұр еді, балалар таңертеңнен бері тамақ жемеген болатын, кемпірдің істейтін әрекеттерінің ұшы-қыйыры жоқ-ты. Сондықтан ол тоқтамастан, анда-санда кездесіп қалған қатындарға басын ғана изеп, әңгімеге кіріспей, үйге жетуге асықты, көңіл білдіріп, «жауынгерлерді шығарып салдың ба?» деген таныстарына да мақұлдай басын изеп қана қойды.

Бірнеше күн өткеннен кейін Ильинична, ертемен сыйырларын сауып, келте көшеге дейін айдап салып, аулаға кіре берген еді, құлағына бір күңгірт, тұнған гуіл

естілді. Айнала көкке қарап, аспанда ол бір түйір бұлт таппады. Аздан кейін гуіл қайта шықты.

— Музыканы есіттің бе, кемпір! — деп сұрады табынға жыйғалы сыйырларды иіріп тұрған қарт бақташы.

— Қандай музыканы дейсің?

— Мына әлгі жалғыз жуан дауысқа салатын музыканы.

— Естуін естідім де, бірақ не нәрсе екенін ұға алмай тұрмын.

— Кешікпей ұғасың. Анау жақтан хуторды төсей сілтегенде — бірден ұғасың! Зеңбіректен атқылағаны ғой бұл. Біздің шалдардың шек-қарнын ақтарып жатыр...

Ильинична шоқынып жіберіп, үндеместен, кіші қақпаға кіріп кетті.

Сол күннен бастап зеңбірек даусы төрт тәулікке дейін үзілмеді. Ертеңгілік кезде мықтап естілетін болды. Ал солтүстік-шығыс желі соққанда алыстағы ұрыстың гүрсілі талтүсте де естіліп тұрды. Сол шақта қырман бастарындағы жұмыс бір минуттай тоқтай қалады, қатындар шоқына бастайды, жақындарын еске алып, сыбырлап дұға оқып, ауыр-ауыр күрсініп қояды, содан кейін қырман үстінде тас доңғалақтар қайтадан дүрсілдейді, айдаушы балалар аттар мен өгіздерді қуалай түседі, велякалар гүрсілдейді, сөйтіп, қайнаған еңбек күндегісіндей тағы да бар пәрменімен қыза түседі. Августың аяқ шенінде ауа райы таңқаларлықтай жадырап, күн ашық боп тұрды. Жел айдап, топан тозаңы хуторды шаңдатты, бастырылған қарабидай сабанының тәтті исі аңқыды, күн мейрімсіз қыздыра түсті, бірақ күздің жақындаған нышаны барлық нәрседен де білініп тұр еді. Жайылымдардағы қураған боз жусан көмескі ағараңдады, Донның аржағында теректердің ұшар басы сарғайып кетті, алма бақтарында антоновканың исі күшейе түсті, күзгі күнгідей алыстағы көкжиек жарқырап кетті және бос қалған қырларда қайтып бара жатқан тырналардың алғашқы топтары да көріне бастады.

Гетман жолымен Дон өткеліне оқ-дәрі жеткізген лаулар батыстан шығысқа қарай күн сайын шұбырып жатты, Обдон хуторларында босқындар пайда бола бастады. Казактар ұрыспен шегініп келе жатыр деп әңгімеледі олар, кейбіреулері казактар қызылдарды алдап әкелу үшін, сосын қоршауға алып, құрту үшін әдейі шегініп келеді деп сендірісті. Татарскийлықтардың кейбі-

реуі білдірместен ақырын ғана жол жүруге жыйнала бастады. Аттары мен өгіздерін жемдеді, түн бойы көмбелерге астығы мен қымбатты бұйымдар салған сандықтарын тыққыштады. Тынуға айналған зеңбірек гуілі 5 сентябрьде күшейіп, қайта басталды да, бұрынғысынан айқын да айбынды шыға бастады. Ұрыс Доннан қырық шақырым жерде, Татарскийдің солтүстік-шығыс бетінде жүріп жатты. Бір күннен кейін батыс жақта өзенді жоғары өрлей де күркіреді. Майдан бетбұрмастан Донға қарай жылжыды.

Хуторлықтар көпшілігінің шегінуге бел байлап дайындалып жатқанын білген Ильинична Дуняшкаға: біз де кетіп қалайық дегенді айтты. Ол абыржып әрі-сәрі халге түсті, шаруашылықты, үйді қалай етерін білмеді: мұның бәрін тастап, жұртпен бірге кету керек пе, әлде үйде отырып қалған жөн бе, осыны шеше алмады. Пантелей Прокофьевич майданға жүрерде астық бастыру, сүдігер жырту, малды күту жайында айтты да, ал Татарскийге майдан жақындап қалған күнде не істеу керек — бұл жөнде тіс жарып бір сөз де айтқан жоқ-ты.

Ильинична аңдысын аңдып: балалар мен ең қымбат бұйымдарды қолына ұстатып, Дуняшканы хуторлықтардың біріне қосып жөнелтуді, ал, хуторды тіпті қызылдар алып қойған күнде де, өзі осында қалуды ұйғарды.

Сентябрьдің 17 не қарай, түнде үйге күтпеген жерден Пантелей Прокофьевич келіп қалды. Ол Казанская станциясының түбінен жаяу келіпті, азап шегіп, ашулы қайтты. Жарты сағаттай демалып, ол стол басында, мейлінше ашқарақтанып, тамақ жеуге кірісті, оның бұлай етіп тамақ жегенін Ильинична өмірі көрген жоқ-ты: жарты шелектік шойын толған етсіз шиді қағып салды да, сөк ботқасына бассалды. Кемпір қайран қалып, алақандарын жайып жіберіп, қайта соқты.

— Астапыралда, Прокофич-ау, саған не болған! Бейне үш күн тамақ жемеген кісі сыяқтысың ғой!

— Сен мені тамақ жеді деп ойлап па едің, кәрі есуас? Тура үш тәулік болды ауызға нәр тимегеніне!

— Саған не болған, әлде онда тамақ бермей ме?

— Тап осылай етіп солардың өздерін тамақтандырса игі еді! — деді Пантелей Прокофьевич мысықша мырылдап, аузы лық толған күйі. — Қолыңа не түссе, соны жұтасың, ал мен әзірше ұрлық істеуге үйренгенім жоқ. Бұл кәсіп жастарға ғана лайық — оларда екі тыйындық

та ар-ұят қалған жоқ... Мына қарғыс атқан соғыс кезінде жастардың қолы ұрлыққа сондай жатық боп алған, мен бұған жаным түршіге қарап жүрдім-жүрдім де, сонынан қолды бір-ақ сілтедім. Не көрсе соның бәрін алады, талайды, сүйрейді, түге... Соғыс емес, құдайдың құбыжығы ғой бұл!

— Сен бірден тоя жемесең етті. Бір бәле болып қалмаса игі еді. Қарашы, қандай қампыйып кеттің, тура өрмекшідей болдың!

— Үндеме. Сүт әкел, үлкенірек құмырамен әкел!

Өлердей ашыққан шалына қарап, Ильинична жылап та жіберді.

— Қалай, өзің біржола келдің бе? — деп сұрады кемпір, Пантелей Прокофьевич ботқадан шегінген кезде,

— Уақытында көрерміз... — деп ол жалтара жауап берді.

— Шалдарды үйіне қайтарып жатыр ғой, шамасы?

— Ешкімді де босатқан жоқ. Қызылдар Донға тықсырып әкелгенде, босату қайда. Мен өзім кетіп қалдым.

— Бұл үшін жауап беріп жүрмейсің бе? — деп сұрады Ильинична, қауіптеніп.

— Ұстап ала қалса, жауап беруге де тура келер.

— Онда қалай етесің, тығыласың ба?

— Сен қалай деп ең, мені ойын-сауыққа жүгірер, болмаса қонақтан қонаққа сабылар деп ойлап па едің? Тьфу, парықсыз малғұн! — Пантелей Прокофьевич ашуланып жерге түкіріп жіберді, бірақ кемпір тыныштық таппады:

— Ойпырмай, қандай күнаға тап болдық! Бәлеге қаламыз әлі, сорыңды қайнатады әлі сенің...

— Жә, мейлі енді, ойдан-қырдан винтовка арқалап сенделгенше, ұстап алсын да абақтыға-ақ отырғызсын, — деді Пантелей Прокофьевич қажыған түрде. — Күніне қырық шақырым жер сілтейтін, окоп қазатын, атақаға да жүгіретін, жер бауырлап та жорғалайтын, оқтан да сақтанатын мен жап-жас жігіт емеспін. Ол оқтан сайтан да сақтана алмас! Менің Қыйсық бұлақтан келген жорықтасымды сол жақ жауырынының астынан оқ тық еткізді де—ол аяғын да серіпкен жоқ. Мұндай істің де сүйсінерлік жері шамалы!

Шал винтовкасын және оқшантайын патрондарымен топан үймесіне тықты, ал Ильинична одан шекпенін қай-

да жібергенін сұрағанда, ол тұнжырап және өте ықласыз жауап берді:

— Құртып қойдым: дұрысын айтсам — тастап кеттім. Шумиловская станицасының аржағында бізді қатты қыспаққа алғаны сондай, бар нәрсені тастап, жарымес адамдарша қаштық. Онда шекпенге қарауға мұрша келген жоқ... Кейбіреулердің шолақ тондары да бар еді, оларын да лақтырып кетті... Есіңе алғандай сол шекпен сенің неңе қажет еді? Ол ең болмаса бір жақсы шекпен болса екен-ау, қайыршының сілімтіріндей бірдеме....

Шынында ол берік, жаңа шекпен еді, бірақ шалдың айрылып қалған нәрсесінің бәрі түкке жарамайтын зат боп шығатын. Өзін өзі жұбату үшін онда осындай бір әдет пайда болған-ды. Ильинична осы әдетін білетін еді де, сондықтан шекпеннің сапасы жөнінде шалмен ерегісіп жатпады.

Түнде үйіші кеңесінде: мүлікті қорғауға, бастырылған астықты көмуге Ильинична және Пантелей Прокофьевич балалармен ақырына шейін үйде қалып, Дуняшка екі үлкен өгізге сандықтарды тиеп, Чир бойындағы Латышев хуторындағы ағайынға жөнелтілсін деп ұйғарысты.

Бұл жоспардың толық жүзеге асырылуын тағдыр хош көрмеді. Таңертең олар Дуняшканы шығарып салып еді, ал сол күні түс кезінде Татарскийге Сальскийдің казак-қалмақтарынан құралған жазалау отряды келіп кірді. Жасырын қайтқан Пантелей Прокофьевичті, тегі, хуторлықтардың бірі көріп қалған болуы керек; жазалау отряды хуторға енгеннен кейін бір сағаттан соң Мелеховтардың үйіне төрт қалмақ шауып жетіп келді. Аттыларды көре сала Пантелей Прокофьевич ғажап қаларлықтай тез әрі епті түрде тырмысып, шатырға шығып кетті; қонақтарды қарсы алуға Ильинична шықты.

— Сенікі шал қайда? — деп сұрады аға урядник погоны бар, тоқтасқан, сымбатты қалмақ, аттан түсіп, Ильиничнаның жанымен кіші қақпадан кіріп бара жатып.

— Майданда. Басқа қай жерде болушы еді ол? — деп Ильинична өрескел жауап қайырды.

— Баста үйге, мен тінту жасайды.

— Не іздемекшісің?

— Сенікі шал іздеймін. Ұят-ай! Өзің кәрі — өтірік жасайсың! — деп батырсымақ урядник кіналап басын шайқады да, тізілген аппақ тістерін ақсыйта түсті.



— Сен ақсыйма, мәкруһ неме! Айтылды ғой саған, жоқ деп, ендеше — жоқ болғаны!

— Мылжың бітір, үй баста! Бастамайды — өзіміз жүреміз,— деді жәбірленген қалмақ, қаталданып, сонсоң ол қамыт аяқтарын кере аттап баспалдаққа қарай жүрді.

Бөлмелерді олар мұқыяттап қарап шықты, қалмақша сөйлесіп алды, сонан кейін екеуі қосалқы үйді қарауға кетті де, енді біреуі—шешек дағы бар, батық мұрын, аласа бойлы қошқыл қарасы — лампаспен әшекейленген кең шалбарын көтере түсіп, сенекке шықты. Ашық қалған есіктен қарап Ильинична, қалмақтың қарғып кесе ағаштан ұстай алып, еппен жоғарыға шығып кеткенін көріп тұрды. Бес минут өткеннен кейін ол тағы да сол ептілікпен дік етіп секіріп түсті де, оған еріп, үсті-басы топыраққа боялған, сақалына өрмекшінің өрмегі жабысқан Пантелей Прокофьевич аһлап-уһлеп, ақырындап қана түсті. Еріндерін мықтап қымқырып алған кемпіріне қарап ол:

— Қарғыс атқырлар тауып алды! Демек, біреу көрсеткен...— деді.

Конвойға айдатып, Пантелей Прокофьевичті әскеридала соты тұрған Қаргинская станицасына жіберді, ал Ильинична аздап қана жылап алды да, қайта басталған зеңбірек гүрсілі мен Донның арғы бетіндегі пулеметтің ап-анық естілген сатыр-сұтырына құлағын түре, аздап болса да астық жасыру үшін қамбаға кіріп кетті.

## 22

Қолға түскен он төрт қашқын сот болуын күтті. Сот қысқа да мейрімсіз болды. Сот мәжілістерінде председателдік етуші кәрі есаул сотталушының фамилиясын, атын, әкесінің атын, шенін, бөлімінің номерін сұрайды, сотталушының қанша уақыт қашып жүргенін анықтайды, сонан кейін сот мүшелерімен — бір қолы шолақ хорунжиймен және тегін тамаққа семірген томпақ сүдінді, мұртты вахмистрмен—сыбырласып, бірнеше сөз айттып, кезек-кезек тіл қағысады да, үкім жариялайды. Қашқындардың көбі дүре соғу жазасына бұйырылды, осы мақсатқа әдейі арнап босатып қойған иесіз үйге апарып, қалмақтар жазалыларға дүре соғып жатыр. 1918 жылғыдай халық алдында ашық дүрелеуге болмайтын

болса керек, өйткені жауынгер Дон армиясының ішінде әскер қызметінен қашушылық өте көбейіп кетіпті...

Есеп бойынша алтыншы етіп Пантелей Прокофьевичті шақырды. Сот столының алдында ол абыржып, сұп-сұр болып, қолдарын төмен түсіріп тұрды.

— Фамилияң кім? — деп сұрады есаул, жауапкерге қарамастан.

— Мелехов, текті мырза.

— Атың, әкең аты?

— Пантелей Прокофьевич, текті мырза.

Есаул қағаздан басын көтеріп алып, шалға қадала қарады.

— Сіздің ата-тегіңіз қай жерден?

— Вешенская станицасының Татарский хуторынан, текті мырза.

— Сіз, сотник Мелехов Григорийдің әкесі емессіз бе?

— Дәл солай, әкесімін, текті мырза. — Кәрі арқасынан дүре таяғының қашықтап бара жатқанын сезіп, Пантелей Прокофьевичтің кенет рухы көтеріліп кетті.

— Бері қараңыз, мұныңыз ұят емес пе? — деп сұрады есаул, Пантелей Прокофьевичтің жүдеген бетінен өткір көздерін айырмастан.

Сол жерде Пантелей Прокофьевич уставты бұзып, сол қолын кеудесіне қойды да, жыламсыраған дауыспен:

— Текті таксыр, есаул мырза! Мәңгі-бақы тілеуіңізді тілейін құдайдан — дүрелеуге әмір ете көрмеңіз! Үйлікүйлі екі ұлым бар еді... үлкенін қызылдар өлтірді... немерелерім бар, мен сыяқты өлмелі кәрі шалды да дүрелеу керек пе? — деді.

— Қызметті қалай атқару керек екенін біз шалдарға да үйретеміз. Сен әлде бөлімнен қашқаның үшін крест берер деп ойлап па едің? — деп, шолақ хорунжий оның сөзін бөліп жіберді. Хорунжийдің зығыры қайнап, екі езуі жыбыр-жыбыр етті.

— Маған крестің керегі не... Мені бөліміме жіберіңіз, ақыйқат ақ ниетіммен қызмет етейін... Неге қашқанымды өзім де білмеймін: басымды жын айналдырған болуы керек... — деді де, Пантелей Прокофьевич бастырылып бітпеген астығы, аяғының ақсақтығы, күйзелген шаруашылығы туралы, түк байланысы жоқ тағы бірдемелерді айтты, бірақ есаул қолын сермеп, оны үндетпей қойды да, хорунжийге қарай еңкейіп, оның құлағына

бірдеңе деп ұзақ уақыт сыбырлады. Хорунжий оған мақұлдап бас изеді де, есаул Пантелей Прокофьевичке бұрылды.

— Жақсы. Сіз айтып болдыңыз ба бәрін де? Мен сіздің балаңызды білемін де, оның мұндай әкесі барына қайран қаламын. Сіз бөлімнен қашан қашып кеттіңіз? Бір жұма бұрын? Бұл қалай болғаны, сіз, сірә, қызылдар келіп хуторыңызды басып алуын, теріңізді іремей сойып, тірідей сыпырып алуын тілейсіз ғой, шамасы? Жас казактарға осындай үлгі көрсетесіз ғой, шамасы? Заң бойынша біз сізді соттауға және дүре соғу жазасын беруге тиістіміз, бірақ сіздің балаңыздың офицерлік шенінің құрметі үшін мен сізді бұл жазадан құтқарамын. Сіз қатардағы жауынгер ме едіңіз?

— Дәл солай, текті мырза.

— Қандай шенде?

— Кіші урядник болдым, текті мырза.

— Жұлып таста лычқанды! — деді есаул, «сен» дегенге көшіп, даусын көтере, екілене бұйрық етіп:— Қазірақ бөліміңе жөнел! Жүздік командиріне әскери-дала сотының қарарымен урядник атағынан айрылғаныңды мәлім ет. Осы соғыста, яки өткен соғыстарда наградтар алып па едің?.. Бар!

Пантелей Прокофьевич қуанышы қойнына сыймай, сыртқа шықты, шеркеудің күмбезіне шоқынды да... адырдың үстін баса жолсызбен үйге қарай жөней берді. «Жә, мен енді олай етіп жасырына қойман! Атасының басын табар, үш жүз қалмақ жіберсе де!»— деп ойлады ол, қарабас жусан өсіп кеткен аңыздың бойымен шойнаңдай басып.

Жүргіншілердің назарын аудармау үшін, далада жолмен жүру дұрысырақ деп білді ол. «Қашқын екен деп ойлар тағы да. Жалақтаған бір белсенділерге тап келсең, сотсыз да қамшыны қардай жаудырар» — деді ол есіттіре сөйлеп, егістіктен бұрылып, үстін жолжелкен жауып кеткен жазғы ескі сүрлеуге түсіп және өзін ендігі жерде әлде бір себептен қашқын деп те санамай.

Донға жақындаған сайын босқындар көлігі оған жиірек кездесті. Көтерілісшілер көктемде Донның сол жақ бетіне шегінген кездегінің бәрі қайтадан басталыпты: далада үйішінің ұсақ-түйек бұйымдарын тиіп ерсілі-қарсылы ағылған жадағай арбалар мен көк арбалар, мөңірей қаптаған ірі қарамал табындары, жорықтағы атты әс-

кердей, шандатып келе жатқан қора-қора қойлар... Арба дөңгелектерінің сықыры, жылқының кісінеуі, адамның айқайы, көп тұяқтың дүбірі, қой маңырап, бала жылаған азан-қазан үн — бәрі қосылып жайбарақат жатқан жалпақ даланы ың-жың шуға толтырып тұр.

— Қарт, қай жаққа бет алдың? Кері қайт, арт жағымыз — қаптап келе жатқан қызылдар! — деп, басын таңып алған бейтаныс бір казак өтіп бара жатқан лау үстінен айқай салды.

— Зукыйт өтірікті! Қай жерде ол қызылдар? — деп Пантелей Прокофьевич сасқалақтап тұрып қалды.

— Донның арғы жағында. Вешкиге келіп қалды. Сен сол жаққа бара жатырсың ба?

Көңлің жайлаңдырып, Пантелей Прокофьевич ілгері аса берді де, кешке қарай Татарскийге жақындады. Таудан түсіп келе жатып ол айнала үңіле қарады. Хутордың қаңырап бос қалғаны оны қайран қалдырды. Көшелерде жан жоқ. Терезелері жабылып, иесіз тасталған үйлер үнсіз тұр. Адамның да, малдың да ешбір дыбысы естілмейді; тек Донның жағасында ғана жұрт өрсілі-қарсылы жосып жүр. Пантелей Прокофьевич жақындап келіп, қайықтарын судан сүйреп шығарып, хуторға тасып жатқандардың қару-жарақты казактар екенін оп-оңай таныды. Татарскийді тұрғын халқы тастап кетіпті, Пантелей Прокофьевичке бұл айдан анық болды. Сақтана басып шолақ көшеге бұрылды да, ол өз үйіне қарай аяңдады, Ильинична мен балалар ас үйде отыр еді.

— Міне, ата-екем де келді! — деп айқайлап жіберді Мишатка қуанып, атасының мойнына асылып.

Ильинична қуанғаннан жылап қоя берді, көзінің жасы мөлт-мөлт тамып, ол:

— Сені көрем деп үміттенген де жоқ едім! Ал, Прокофич, не қылсаң о қыл, бұл жерде қалуға мен енді көнбеймін! Бәрі тегісінен өртегіп кетсе де, мейлі, енді мен иесіз үйді күзетіп отыра алмаймын. Хутордан жұрт тегіске жақын кетіп болды, ал мен болсам, ақмақ адамша, балалармен отырмын. Қазір биені жек, қай жаққа болса да кетеміз! Сені босатты ма?

— Босатты.

— Біржола?

— Ұстап алғанша, біржола...

— Ал бұл жерде саған да жасырынуға болмайды! Бүгін таңертең қызылдар арғы жақтан сондай қатты ат-

қылады — мүлде жантүршігерлік! Атыс басылғанша мен балалармен базда отырдым. Ал қазір оларды қуып жіберді. Қазактар келіп кетті, сүт сұрап ішті, бұл жерден кетіндер деп ақыл берді.

— Қандай казактар, біздің хутордікі емес пе? — Пантелей Прокофьевич құлағын тіге қалды, терезенің жақтауындағы жаңадан тесіп кеткен оқтың үңірейген орнын ілттипатпен қарап.

— Жоқ, бөтен казактар. Хопер жақтан білем.

— Олай болса кету керек, — деді, Пантелей Прокофьевич күрсініп.

Түнге қарай ол тезек қораның ішінен ұра қазып, оған жеті қапшық бидай төкті, ұраны әбден мұқияттап көмді де, үстіне тезек үйді, сонсоң қас қарайысымен — арбаға биесін жекті, оған екі тон, бір қапшық ұн, бір қап сөк, және аяғын буып бір саулық салып, арбаның артқы жақтауына екі сыйырының екеуін де байлады да, Ильинична мен балаларды арба үстіне мінгізіп:

— Ал енді, құдай жар болсын! — деді. Ауладан шықты, делбені кемпірге ұстатты, қақпаны жапты, сонсоң арбамен қатарласа аяндап, нақ адырға жеткенше сіңбіріне берді де, шекпенінің жеңімен көз жасын сұртумен болды.

## 23

Отыз шақырымдай үдере асып, Шориннің қуатты группасының бөлімдері 17 сентябрьде Донға төніп қалды. 18-нде ертемен Медведицаның сағасынан Казанская станицасына дейін қызылдардың батареялары дүрілдей бастады. Қысқаша ғана артиллерия әзірлігінен кейін жаяу әскер Обдон хуторлары мен Букановская, Еланская, Вешенская станицаларын алды. Бір күн ішінде Донның сол жақ жағалауы ұзындығы жүз елу шақырымнан артығырақ жерге дейін ақтардан тазартылды. Доннан тәртіппен өтіп, казак жүздіктері алдын ала дайындалған позицияларға шегінді. Барлық өткел құралдары казактардың қолында болды, алайда, Вешенскаяның көпірі қызылдардың қолына түспей, шақ қана қалды. Оны өртеу үшін казактар көпір жанына күні бұрын сабан үйді де, оның ағаш төсемдеріне жермай құйып қойып, тіпті өртеуге де кіріскен еді, бірақ тап сол кезде, 37-полюктың бір жүздігі Перевозный хуторынан шығып,

Вешенскаяға өткелге келе жатыр деген хабарды алып байланысшы шауып келді. Артта қалған жүздік көпір басына қызылдардың жаяу әскері станицаға кіре берген кезде ғана шапқылап жетті. Түтеген пулемет оғына қарамастан, өлісі, жаралысы бар, — небәрі оннан артығырақ адамдарын, сол шамалы аттарын оққа ұшырып, казактар көпірден шауып өтіп және сол көпірді өртеп те үлгірді. 9-шы қызыл армияның 22-ші және 23-ші дивизияларының полктары Донның сол жақ бетіндегі жеңіп алған хуторлары мен станицаларын сентябрьдің аяғына дейін бермеді. Жауласқан екі жақты өзен ғана бөліп тұрды, ал өзеннің ені сол кезде сексен саженьнен аспайтын, тіпті кей жерлері отызға да жетіп қалатын. Қызылдар өткелден өтуге белсене әрекет жасағалы қамдана қоймады; кейбір аяқ өткелі бар жерлерде Донды кешіп өтпекші боп көріп еді, бірақ жау олардың бетін қайтара берді. Осы участоктегі майданның бүкіл өн бойында екі жұма бойы артиллерия және винтовка атысы қызу жүріп тұрды. Дон маңында шоғырланған жау тобын атқылап, жағаға келуіне мүмкіндік бермей, казактар осы жердегі үстемдік етуге қолайлы оң жағалық биіктерге орналасып алған еді, бірақ бұл участоктегі казактар жүздігі ең бір жауынгерлік қабілеті аз әскерден құралғандықтан (шалдар және он жеті мен он тоғыздың арасындағы жастар) қызылдарды тықсырып, сол жақ бетте шабуыл жасау үшін Доннан өтуге ақтардың өздері де әрекет етпеді.

Донның оң жақ бетіне шегініп алып, алғашқы күні казактар қызылдар алған хуторлардың үй-жайлары қазір-ақ лаулап жана бастар деп күткен еді, бірақ оларды кереметтей қайран қалдырып, сол бетте бірде-бір түтін көрінбеді; ол ол ма — түнде арғы беттен келген тұрғын адамдар қызыләскерлер ешбір мүлікке тимейді, алған азық-түліктері үшін, тіпті қарбыз бен сүтке дейін мол етіп совет ақшасын төлейді деген хабар әкелді. Бұл жағдай казактар арасында түсінбестік және мықты абыржу туғызды. Олар көтеріліске қатысқан хуторлар мен станицаларды қызылдар түгін қалдырмай күлін көкке ұшырып, өртеп жіберер, елде қалған халықты, ең болмағанда оның еркек жағын, қырып тастар деп күткен еді, алайда — ең анық мәліметтер бойынша — қызылдар бейбіт халықтың ешбіріне тимепті, тіпті өш алу дегенді ойламапты да.

Вешенская тұсында заставада тұрған хоперлік казактар жұлдыздың 19-на қараған түні қызылдардың таңқаларлық осы бір оғаш хұлқын барлап білмекші болды; даусы зор бір казак екі қолын керней етіп:

— Әй, қызыл қырандар! Біздің үй-жайларымызды неге өртемейсіңдер? Сіреңкелерің жоқ па әлде? Жүзіп келіңдер, сіреңке берейік! — деп айқайлады.

Оған қараңғыдан ащы дауыс жауап қайырды.

— Сендерді орындарыңда тұрғанда қолға іліктіре алмадық, әйткенде үйлеріңмен қоса жағып жіберетін едік!

— Қайыршылыққа ұшырадыңдар ма? Тұтатуға сіреңкелерің де жоқ қой, сірә?! — деп хоперлік екілене айқайлады.

Оған салмақпен ақжарқын түрде жауап қайырысты:

— Ақ сұрқия, жүз бері қарай, шалбарыңа шоқ толтырып берейік. Өмір бойы қасынумен өтерсің!

Заставаларда бірін бірі тілдеп, ұзақ уақыт балағаттасып жатты, сонсоң аздап атысып алды да, су сепкендей басыла қалысты.

Казанская-Павловск участогіне топтанған Дон армиясының екі корпус мөлшеріндегі негізгі күші октябрьдің бірлерінде шабуылға шықты. 8000 найзалы әскер және 6000 нан астам қылышты әскері бар 3-ші Дон корпусы Павловскіге тақау жерде Доннан соғыспен баса-көктеп өтті, 56-шы қызыл дивизияны шегіндіріп тастады да, шығысқа қарай ойдағыдай жедел жылжый бастады. Кешікпей Коноваловтың 2-ші корпусы да Доннан өтті. Бұл корпустың құрамасында атты әскердің мол болуы оған жаудың жатқан жеріне тереңірек енуге және бірнеше рет қыйрата соққы беруге мүмкіндік берді. Қызылдардың майданда запаста тұрған 21-ші атқыштар дивизиясы іске кірісіп, 3-ші Дон корпусының бетін тоқтата түсіп еді, бірақ біріккен казак корпусының қысымы шегінуге мәжбүр етті. 14 октябрьде 2-ші казак корпусы қыян-кескі ұрыста қызылдардың 14-ші атқыштар дивизиясын талқандап, түгелге жақын жоқ етті. Бір жұманың ішінде қызылдар Донның сол жақ жағасынан Вешенскаяға шейін қуылды. 9-шы армияның 23-ші дивизиясының батыс бағыттағы майданын Вешенскаядан Кругловский хуторына қарай қайта құруға мәжбүр етіп, кең плацдармға ие болған казак корпустары 9-шы Қызыл армияның бөлімдерін Лузев — Ширинкин — Воробьевка майданына ығыстырды.

Генерал Коноваловтың 2-ші корпусымен қатар дерлік, Клетская станицасы аймағында тұрған 1-ші Дон корпусы да өз участогінде Донды соғыспен көктей өтті.

Қызылдардың сол жақ флангідегі 22-ші және 23-ші дивизияларына қоршауда қалу қаупі төнді. Осыны ескеріп, Оңтүстік-Шығыс майданының командованиясы 9-шы армияға Икорец өзені сағасы — Бутурлиновка — Успенская — Тишанская — Кумылженская майданына шегінуге бұйрық етті. Бірақ армияның бұл шепке бекініп қалуына реті келмеді. Жаппай мобилизация бойынша жыйналған, толып жатқан бөлек-бөлек казак жүздіктері Донның оң жақ жағасынан өтіп алды да, 2-ші казак корпусының байырғы әскер бөлімдерімен бірігіп алып, бұл армияны солтүстікке қарай жедел тықсырып әкетті. Октябрьдің 24-нен 29-на дейін ақтар Филоново, Поворино станцияларын және Новохоперск қаласын алды. Алайда, Дон армиясының октябрь ішіндегі табыстары қаншама зор болса да, казактардың пиғылында көктемдегі облыс шекарасына қарай ұмтылған жеңімпаз жорық кезіндегідей кәміл сенім бола қоймады. Майдандықтардың көбі-ақ бұл табыстың уақытша екенін және қыс өткен соң майданды ұстап тұра алмайтынын түсінген-ді.

Октябрьдің басында Оңтүстік майданға Сталин келді. Майдандағы жағдай өте ауыр еді: Деникин армиялары Орелға төнді, Тулаға, тіпті Москваға да қауіп төндірді. Жеңілуді көксеген Троцкийдің жоспарын қабылдамай, Сталин оңтүстіктегі контрреволюцияның талқанын шығаратын стратегиялық жоспар жасады да, оны Ленинге жіберді. Серпуховтан 15 октябрьде Ленинге жазған тарихи хатында Сталин былай деді:

«Жақында Басқолбасшы Дон даласы арқылы Царицын аймағынан Новороссийскіге шабуыл жасау туралы Шоринге нұсқау берді, бұл жол, мүмкін, біздің авиаторларымыздың ұшуына қолайлы болса болар, бірақ, біздің жаяу әскеріміз бен артиллериямыздың тентіреуіне әсте мүмкін емес. Елі бізге қас, жүретін түк жолы жоқ жағдайда, бұл есалаң (жобаланып отырған) жорықтың бізді мүлде мерт ететінін бұл жерде дәлелдеп жатудың қажеті де жоқ. Қазактардың станицаларына жасалатын бұл жорық, таяудағы тәжірибенің өзі-ақ көрсетіп отырғанындай, казактарды өз станицаларын қорғау үшін бізге қарсы, Деникин төңірегіне біріктіріп, Деникинді Донның құтқарушысы етіп көрсететінін, Деникинге казактар



армиясын құрып қана бере алатынын, былайша айтқанда, тек қана Деникинді күшейтетінін түсіну қыйын емес.

Дәл сондықтан да практиканың өзі-ақ іске асырмай тастаған ескі жоспарды қазір-ақ, уақытты өткізбестен, дереу өзгерту керек, оның орнына жаңа жоспар жасап, Харьков-Донец бассейні арқылы Воронеж аймағынан Ростовқа, негізгі соққы беретін болу қажет. Біріншіден, мұнда біздің жүретін жолымыздағы ел — бізге дұшпан жұрт емес, қайта керісінше, бізге тілеулес жұрттың ортасында боламыз, бұл біздің ілгерілеуімізді жеңілдетеді. Екіншіден, аса маңызды темір жол желісі (Донец темір жолы) және Деникин армиясына нәр беріп тұрған негізгі қолқа Воронеж — Ростов темір жолы біздің қолымызда болады. (Бұл жол болмаса казак әскерлері қысқа қарай жабдық ала алмайды, өйткені Дон армиясына жабдық келтіріп тұратын Дон өзені қатып қалады, ал Лихаядан Царицынға баратын Шығыс-Донец жолы кесіп тасталынады). Үшіншіден, осылайша ілгерілеуіміз арқылы біз Деникин армиясын қақ жарып екіге бөліп тастаймыз, бұл бөлектің бірін: Ерікті армияны Махноға жем етіп қалдырамыз да, ал казак армияларына тылдан келіп қилігу қаупін туғызамыз. Төртіншіден, казактарды Деникинмен жанжалдастыруға мүмкіншілік аламыз, өйткені ол (Деникин), біз ойдағыдай ілгері бассaq казак әскер бөлімдерін күнбатысқа қарай жылжытуға тырысатын болады, егер де біз, әрине, бұл кезге шейін казактардың алдына бітім мәселесін, бітім жөнінде келіссөз жүргізу мәселесін, тағы басқаларды қойсақ, Деникиннің бұл жылжытуына казактардың көпшілігі көнбейтін болады. Бесіншіден, көмір біздің қолымызда болады да, ал, Деникин көмірсіз қалады.

Бұл жоспарды қабылдауды кідіртуге болмайды, өйткені басқолбасшының полктарды ауыстыру, қайта бөлу жөніндегі жоспары біздің Оңтүстік майдандағы соңғы табыстарымызды жоққа шығару қаупін туғызады. Ал енді Орталық Комитет пен үкіметтің: «күштің бәрі Оңтүстік майданға жұмсалсын» деген соңғы қарарын Ставканың елемей отырғанын және шындығында оны бұзғанын мен әңгіме етіп те отырғаным жоқ.

Қысқасы: әлдеқашан өмірдің өзі-ақ іске асырмай тастаған ескі жоспарды гальванизациялаудың түкке қажеті жоқ — бұл Республика үшін өте қауіпті, бұл Деникиннің халін жеңілдететіні сөзсіз. Ол жоспардың ор-

нына басқа жоспар алу керек. Бұл үшін жағдайдың және жай-жапсардың әбден толысып, пісіп жеткені былай тұрсын, қайта осылайша ауыстыруды бізден қатаң талап етіп отыр...»

Сталин ұсынған жоспарды Ленин мақұлдап, партияның Орталық Комитеті қабыл етті де, бұл жоспар жүзеге асырыла бастасымен Солтүстік майдандағы жағдай күрт өзгерді. Орел—Кромск бағытындағы негізгі шешуші ұрыста Ерікті армияның жеңілуі және Буденныйдың атты әскерлерінің Воронеж участогіндегі тамаша қыймылдары күрес тағдырын шешіп берді: Дон армиясының сол флаңгісін жалаңаштап және сол армияның өзін де ілестіре отырып, ноябрь ішінде Ерікті армия оңтүстікке қарай жөңкілді.

## 24

Пантелей Прокофьевич үйішімен Латышев хуторында есен-сау екі жарым жұма тұрды да, қызылдар Доннан шегінді деп естісімен үйге қайтуға бет алды.

Ол хуторға бес шақырым қалғанда батыл пішінде арбадан түсті де:

— Аяңмен ілби беруге төзімім жетер емес! Ал, мына қарғыс атқан сыйырлармен бүлкілдеп те кете алмайсың. Неменесіне осыларды бірге айдап шықтық екен? Дуняшка! Тоқтат өгіздеріңді! Өз арбаңа байлап алшы сыйырларды, мен үйге тездете жортып кетейін. Мүмкін қазір онда қора-жайдың күлі көкке ұшып та кеткен шығар...— деді.

Сабырсыздық бойын мықтап билеп кеткен шал балаларды өз арбасынан алып Дуняшканың кең арбасына мінгізді, басы артық жүктерін де сонда салып, өзі жүксіз, шокалақ жолмен атты желдіртіп, арбасын салдырлата көпелді. Бір шақырым жүрмей-ақ бие қара терге түсті; иесі оны ешуақытта да бұлай етіп рақымсыз айдаған жоқ еді: шалдың шыбыртқысы қолынан түспеді де, биені үздіксіз шыкпыртумен болды.

— Биені зорықтырасың! Есалаң адамша, неменеге шапқылайсың? — деді Ильинична арбаның қалқанына жармасып, қатты селкілдеткенде бетін қыйнала тыржыйтып.

— Аза салу үшін моламның басына бұл бие бәрібір келмес. Шүү-у, пәлет тигір! Тер-ле-уін!.. Мекен-жайдан,

мүмкін, қу түбір ғана қалған шығар...— деп, Пантелей Прокофьевич тістене сөйледі.

• Оның қауіптенуі дұрыс болмай шықты: мекен-жайы бүп-бүтін тұр екен, бірақ терезелерінің көбін қыйратып тастапты, есікті топсасынан жұлып алыпты, үйдің қабырғаларын оқ тескілеп, бүлдіріпті. Аула іші қараусыз, иесіз қалған үйдің іші сыяқты. Атқораның бұрышын тып-тыйпыл етіп снаряд жұлып кетіпті, шегенін құлатып, шығырын үзіп екінші снаряд құдықтың жанынан таяздау етіп шұңқыр қазып тастапты. Пантелей Прокофьевичтің қашып жүрген соғысы, жүрген жерін ойрандап, артында жексұрын із қалдырып, шалдың ауласына өзі келіпті. Хуторға орналасқан хоперлік казактар шаруашылыққа онан да артық зыянын тигізіпті: сыйыр қораның шарбақтарын жыққан, тереңдігі кісі бойы траншея қазған; басы артық жұмыспен мехнаттанып жатпау үшін қамбаны бұзып, бөренелерінен траншеяларға өрлік жасаған; пулеметтен оқ ату үшін бойница<sup>1</sup> шығарып, дуалды бұзып, тастарын шашып тастаған; аттарға тапатып жарты үйім пішенді құртқан; шарбақтарды отқа жаққан және жазғы наубайхананы бүтіндей ластаған...

Үйді және қора-қопсыларды қарап шығып, Пантелей Прокофьевич неғыларын білмей, басын ұстады. Айрылған дүниесінің бағасын түсіре сөйлейтін оның ежелгі әдеті еді; бұл жолы сол дағдысынан жазып қалды. Шіркін-ай, еңбекпен тапқан дүниесінің бәрін: құрғыр, түкке аспайтын еді, бұзуға ғана лайық еді деп қайтіп қана айта алсын. Қамба — шекпен емес те, және оны салу арзанға түскен жоқ-ты.

— Орнында бұрын түк жоқтай, қамба тып-тыйпыл болған екен! — деп салды Ильинична, күрсініп.

— Ол қамбаның өзі де бір...— дей жөнелді де Пантелей Прокофьевич, бірақ сөзін аяқтамады, қолын бір сілтеп, қырманға қарай кетті.

Снаряд сынықтары мен мылтық оқтары айғыздаған үйдің қожыр-қожыр қабырғалары қаңырап, тартымсыз көрінді. Бөлмелерде уілдеп жел ысқырып тұр, столдар мен отырғыштардың үстерін қалыңдығы бір елі шаң басып қалыпты. Мұның бәрін тәртіптеп, жөнге келтіруге көп уақыт керек болды.

Пантелей Прокофьевич келесі күні-ақ атқа салт мініп

<sup>1</sup> Бойница — камалдан мылтық, зеңбірек ату үшін ойылған арнайы саңлау.

станицаға барып қайтты және бірталай еңбекпен таныс фельдшерден, аяғы зағып болғандықтан, Мелехов Пантелей деген казак жаяу жүруге қабылетсіз және емделуді керек етеді деген анықтама қағаз сұрап алды. Бұл куәлік Пантелей Прокофьевичтің майданға жөнелтуден құтылуына жәрдем етті. Ол бұл қағазды атаманға көрсетті де, және хутор басқармасына барған кезде мықтап нандыру үшін таяққа сүйеніп, екі аяғымен кезек-кезек ақсаңдайтын болды.

Шегіністен қайтқаннан кейін халық Татарскийде бұрын-соңды болып көрмеген мағынасыз бір әбігер өмірге түсті. Хоперлықтар таратып әкеткен мүліктерін танып алып, жұрт ауладан аулаға шұбырды, табыннан бөлініп кеткен сыйырларын іздеп дала мен сай-саланы кезді. Хутордың жоғарғы жақ шетінде жайылып жатқан үш жүздей бір қора қой Татарскийді артиллерия атқылай бастаған күні-ақ ұшты-күйлі жоқ болыпты. Қойшының айтуына қарағанда, бір снаряд жайылып жатқан қоралы қойдың алдына түсіп жарылыпты, шошынып үріккен қойлар құйрықтарын жыпықтата, далаға қарай дүрліге шапқан да, қарасын үзіп кеткен. Ол қойларды хутордан қырық шақырым қашықтағы Еланская станицасының жерінен, халық тастап кеткен мекеніне қайтып келгеннен кейін бір жұмадан соң ғана тауыпты, ал айдап келіп әркім өз қойларын айырып ала бастаса, қоралы қойдың тең жартысы, құлақтарындағы ендері басқа, бөтен қойлар болып шығыпты да, хуторлықтардың өз қойларынан елуден астам қой жетпей қалыпты. Мелеховтардың бақшасына Богатыревтардың іс тігетін машинасы келіп қалыпты да, ал қамба төбесінің қаңылтырын Пантелей Прокофьевич Аникушқаның қырманынан тапты. Көрші хуторларда да тап осындай жай болған. Обдоньенің алыс, жақын хуторларының тұрғын халықтары көпке дейін Татарскийге келіп жүрді, және көп уақытқа дейін ұшырасқан жерде: «Сол жақ мүйізі сынық күрең қасқа сыйыр көрген жоқсындар ма?» — «Сендерге әлдеқалай, адасып қоңыр тайынша келген жоқ па?» — деп сұрау салушылар жиі кездесіп тұрды.

Казак жүздіктерінің қазандары мен жорық кухняларында, сөз жоқ, талай тайынша пісірілген шығар, бірақ та жоғалғанның бәрі табыла бермейтініне көзі әбден жеткенше үміт шықпыртқан мал иелері көпке дейін ойдықырды шарлап, адымдап өлшеумен болды.

Әскер қызметінен босанып алып, Пантелей Прокофьевич бар жігерін салып қора-жайлары мен дуалын ретке келтіре бастады. Қырманда бастырылып бітпеген үюлі астық тұр еді, қомағай тышқандар асыр салып ол астықты мейлінше жеулеген болатын, бірақ шал астық басуға кіріспеді. Аула аяқыйып, қоршаусыз ашық жатса, камба дегеннен ныспы қалмаса және бүкіл шаруашылықтың сыйқы кетіп, сұрапыл күйзеліске ұшырап жатса, бірден астық бастыру ісіне кірісуге бола ма? Оның үстіне жауын-шашынсыз күз де әдемі болғандықтан астық басуға асығудың қажеті де жоқ еді.

Дуняшка мен Ильинична үйді сылап, ағартып шықты, уақытша қоршау жасауға және басқа да шаруашылық істерінде Пантелей Прокофьевичке барынша көмек көрсетісті. Зорға дегенде әйнек тауып алып терезелерді әйнектеді, жазғы наубайхананы, құдықты тазартты. Құдыққа шалдың өзі түсіп, суық тигізіп алса керек, бір жұмадай жөтеліп, түшкіріп-пысқырып, тер ағып, көйлегі су болып жүрді. Бірақ екі бөтелке самогонды біржола ішіп, ыстық пештің үстіне жатып тұруы-ақ мұң екен, ауруы қолмен сылып алғандай, құлан-таза болды.

Григорийден бұрынғы қалпынша хабар-ошар болмады, тек октябрьдің аяғында ғана Пантелей Прокофьевич алдеқалай Григорийдің дені сау, аман-есен, полкымен Воронеж губерниясының бір жерінде көрінеді дегенді есітті. Бұл хабарды хутордың үстімен өтіп бара жатқан Григорийдің жаралы полктасы айтты. Шалдың көңілі көтеріле түсті, қуанғаннан ол қызыл бұрышқа ашытқан, даруға арнаған бір бөтелке самогонды ішіп-алды да, кейіннен күннің күні бойы ділмарсып, созуар боп кетті, жас қораздай паңданып, көрінген адамды тоқтатып, сөйлеумен болды:

— Естідің бе? Біздің Григорий Воронжды алыпты! Ұзын хабардан, жаңа лауазым алып, тағы да дивизияны басқарып жүрген көрінеді, тіпті корпус басқарып жүруі де мүмкін. Ол сыяқты жауынгер батырларды іздесең де таппассың! Бәлки, өзің де білетін шығарсың... — деді ол, қуанышын айтып сырласуға, мақтануға құштар шал өтірікті суыра соғып.

— Сенің балаң — жігіт-ақ! — десті оған хуторлықтар.

Пантелей Прокофьевич мерейлене көзін жыпылықтатып:

— Ол кімге тартып жігіт боп тумасын? Мақтанбай-

ақ айтайын, жасымда мен де одан кем боп көргенім жоқ! Аяғым бөгеп жүр, әйтпесе мен де сабаздың өзі болмас па ем! Дивизия болмағанмен, жүздікке қалай әмір жүргізуді білген болар ем! Егер де, біз сыяқты шалдарды майданға көбірек жіберген болса, Москваны әлдеқашан алып қойған болар едік, көрмейсін бе, әлі бір орында тыпырлап тұрғандарын, мұжықтарды мұқым жеңе алар емес...— деп те қойды.

Пантелей Прокофьевичтің бұл күнгі сөйлескен адамдарының ең ақырғысы Бесхлебнов қарт болды. Ол шал Мелеховтар үйінің жанынан өтіп бара жатыр еді, Пантелей Прокофьевич оны іле-шала тоқтата қойды.

— Әй, Филипп Агевич, тоқтай қал азырақ! Аман-сау жүрсің бе! Біразырақ әңгімелесейік, кіре кетші.

Бесхлебнов жанына келді, амандық сұрасты.

— Менің Гришкамның қандай өнер көрсеткенін есітің бе? — деп сұрады Пантелей Прокофьевич.

— Ия, немене?

— Оған тағы да дивизия берді ғой! Көрдің бе әйтік дөкейдің өзін басқарғанын!

— Дивизияны дейсің бе?

— Ия, дивизияны!

— Солай ма!

— Мәніс те тап осында! Оған бермегенде, енді кімге бермекші, сен қалай деп ойлайсың?

— Өзінен өзі белгілі.

Пантелей Прокофьевич әңгімелесуші шалды мақтаныш көзбен шола бір қарап алып, іштегі тәтті сырын айтуға кірісті:

— Шынында менің балам жұрт тегіс таңқаларлық болып өсті. Крест дегендері болса анау, тура бір тізбек, керемет емес пе, сен қалай дейсің? Қанша рет жаралы, қанша рет зақымды болды? Басқа кісі әлдеқашан арам қатқан болар еді, ал бұл оған қыңқ демейді, тура су жұқпас қаздың өзі. Жоқ, тынық Доннан ер казактар әлі де арылмаған!

— Арылмауын арылмаған да, бірақ, сонан мәніс те шамалы болып тұр ғой өзі,— деді ойланыңқырап, сөзуарлықпен сумандай бермейтін Бесхлебнов қарт.

— Е, қалайша мәніс шамалы? Қарасайшы әуелі олардың қызылдарды дүркіретіп Воронежден асырып, Москваға төніп қалғанын!

— Әлі солардың төнуінің өзі де тым ұзаққа шапты...

— Филипп Агевич, тезінен ешнәрсе де болмайды. Соғыста ешнәрсенің де тез істелмейтінін сен ескеріп қой. «Асыққанның ісі шала, дүниеге келер соқыр бала» — деген. Бұл жерде асықпастан, ақырындап, әлгі карталары бойынша, түрлі жоспар бойынша істеу керек... Ресейде мұжық көп, қаптаған қара бұлт сыяқты, ал біздің казактар қанша? Бір-ақ уыс!

— Мұның бәрі дұрыс қой, бірақ біздің жақ ұзақ тұра алмас. Қысқа қарай тағы да қонақтарды күтетін шығармыз, халық арасында осылай деседі ғой.

— Егер де ап дегеннен Москвасын алып қоймаса, олар, әрине, осында келеді, сен мұны дұрыс айтасың.

— Алады деп ойлайсың ба?

— Алуға тиіс қой деймін, ал аржағын — құдай өзі берер. Апыр-ау, біздің жақтың қалайша шамасы келмейді? Қазактың он екі войскосы түгел бас көтерді, сонда да шамасы келмей ме?

— Кім біледі. Сен немене, жауласып болғаның ба?

Менен қандай жауынгер шықпақшы! Аяғымның ақсақтығы болмаса мен оларға жаумен қалай соғысуды көрсетер едім. Біз мына, шал дегендеріңіз, — мықты халық боламыз.

— Сол мықты шал дегендеріңіз Донның мына жақ бүйірінде қызылдардан тырақайлап қашып, біреуінің үстінде бір шолақ тон қалмапты, зытып келе жатқан бойы көйлегіне дейін сыпырып шешіп, лақтырып кетіпті деседі ғой. Жер бетін теп-тегіс шолақ тон жауып кетіпті, тура сарғалдақ жапқан даладай, сап-сары деп күлісіп жүр жұрт.

Бесхлебновқа көзін аларта қарап, Пантелей Прокофьевич салқын түрде:

— Менімше, бұл былшыл! Біреу-міреу жүгін жеңілдету үшін киімін тастап кетуі мүмкін, ал жұрт оны жүз есе арттырып былшылдайды! Шекпен болса — бір сәрі, ал мынау шолақ тон ғой! Өмір онан қымбатырақ па, әлде жоқ па, айтшы? Және шал біткеннің бәрі киімімен мықтап жүгіре алады деуге де болмайды. Мына қарғыс атқан соғыста екі аяғың төбет тазының аяқтарынан бір де кем болмауы керек, ал мысалы, мен ондай аяқты қайдан таппақшымын? Филипп Агевич-ау, сен осы неменеге қайғырасың? Құдая, тоба де, сол шолақ тондар сенің сайтаныңа керек болып па? Әңгіме шолақ тонда, болмаса тағы, айталық, шекпенде тұрған жоқ, жауды ойдағыдай

талқандауда болып тұр ғой, дұрыс айтам ба? Жә, әзірге хош бол, әйтпесе сенімен сөзге айналысам деп ондағы жұмысым тоқтап қалды. Қалай, қашарыңды тауып алдың ба? Әлі іздеп жүрсің бе? Хабар-ошар да жоқ? Е, ендеше оны хоперлықтар қағып салған екен, алда керең болғырлар-ай! Ал соғыс жөнінде шұбаң болмасын: біздің жақ мұжықтарды жеңеді! — деді де, Пантелей Прокофьевич кеудесін көтере түсіп, баспалдаққа қарай ақсаңдай жөнелді.

Алайда «мұжықтарды» жеңе қою оп-онай болмады білем... Қазактардың соңғы шабуылы да шығынсыз болған жоқ. Пантелей Прокофьевичтің көтеріңкі көңілін бір сағаттан кейін жаман хабар жабырқатып тастады. Құдық шегеніне бөрене шауып тегістеп жатып, қатындардың өлікке жоқтау айтып сыңсыған даусын есітті ол. Айғай жақындай түсті. Пантелей Прокофьевич барлауға Дуняшканы жіберді.

— Жүгір, өлген кім екен, біліп кел,— деді ол балтаны сандалға қадап.

Дуняшка кешікпей Филоново майданынан үш өлі казакты— Аникушканы, Христоняны және хутордың аржақ шетінде тұратын бір бала жігітті — алып келіпті деген хабар әкелді. Бұл хабарға таң қалған Пантелей Прокофьевич бөркін ала салып шоқынып қоя берді.

— Жандары жәннатта болғыр! Қандай дығал казак еді...— деді ол Христоняны мұңая еске алып, онымен бірге жуырда Татарскийден жыйналу пунктіне барғаны ойына түсіп.

Жұмысын істей беруге енді Пантелей Прокофьевичтің шамасы келмеді. Аникушканың әйелі өкіріп жылап, адамның сай-сүйегін сырқырата жоқтау айтқаны сондай, Пантелей Прокофьевичтің мүлде көңілі босап кетті. Әйелдің зарлы даусын есітпеу үшін ол үйге кірді де, есікті мықтап жауып қойды. Төр үйде Дуняшка булығы сөйлеп, көргендерін Ильиничнаға айтып жатты.

— ...Маматайым-ау, көзім түсіп кетіп еді, Аникушканың басынан бас қалмапты, бас орнына ботқа сыяқтанған іркілдек бірдеме. Ойпыр-ай, жап шошырлық! Және сасық піс бір шақырым жерден шығады... Соларды неге алып келгенін білмеймін тіпті! Ал, Христоня шалқасына түсіп, арбаның ұзын бойын тұтас алып жатыр да, аяқтары шинельден шығып, арбаның арт жағынан салбырап тұр... Христоня — тап-таза және аппақ сақар сы-



яқты! Тек оң көзінің астында он тыйынның үлкендігіндей кішкентай ғана тесік бар да, ал құлағының түбіне қан ұйып қалыпты — көрініп тұр. .

Пантелей Прокофьевич құшырлана жерге түкірді, аула ішіне, сыртқа шықты. Қолына балта мен ескек алды да Донға қарай шоїнаңдады.

— Әжеңе айт, мен Донның арғы бетіне тал-шыбық кесуге кеттім, есіттің бе, қозым? — деді ол жүріп бара жатып, наубайхананың жанында ойнап жүрген Мишатқаға.

Донның арғы бетіндегі орман ішіне, тынған бір ерке күз орнап қалыпты. Қураған жапырақтар теректерден сыбдырлап түсіп жатыр. Итмұрын бұталарын бейне жалын құшып алғандай, сирек жапырақтың арасындағы қызыл жидектер жалындап жанып тұрған оттың лаулаған ұштары сыяқты. Орман толы шіріген емен қабығының басқадан басым ащы исі аңқыйды. Қара бүлдіргеннің қалың және тұтқыр сабақтары жерді шырмап алған, оның жер бауырлап өріліп жатқан бұтақтарының астында қара бүлдіргеннің піскен, көкшіл-сұр шоқтары ебін тауып күн көзінен жасырынып жатыр. Көлеңкедегі өлі шөп үстіне түскен шық түске дейін кеппепті, шық күмістеп қойған өрмекші ұялары жылтырай түседі. Жымжырт орманның мазасын тек қана тоқылдақтың іскер тоқылы мен сары шымшықтың шықшығы бұзып тұр.

Орманның үнсіз келісті ажары Пантелей Прокофьевичті жуасыта әсер етті. Құйылып түскен дымқыл жапырақты аяғымен күрей, ол бұта-бұтаның арасымен ақырындап қана басты; «өмір дегенің міне осы: жуырда ғана тірі еді, қазір оларды жұрт кебіндеп жатыр. Қандай казакты сұлатқан десейші? Бізге хал-жай біле келгені, Дарьяны сұдан шығарарда Дон жағасында тұрғаны — тап кеше ғана сыяқты. Әттең Христан, Христан! Жаудың бір оғы саған да тигені-ау! Аникушка ше... қандай ақжарқын адам еді, арақ ішуді, ойнап-күлуді жақсы көруші еді сабаз, қазір міне бірден өлік болды да қалды...» деп ойлады. Пантелей Прокофьевич Дуняшканың сөздерін еске түсірді де, Аникушканың күлімсіреген, мұртсыз, әтекке ұқсастау біткен бетін айнытпастан ап-айқын көз алдында елестетті, — қазіргі демі тынған, басы бытшыт болған Аникушканы ол ойына мүлде түсіре алмай-ақ қойды. «Григорийді мақтаныш етіп, мен құдайды беркерге ренжіттім білем, — деп Бесхлебновқа айтқан әңгі-

месін есіне алып ол өзін кіналады.— Мүмкін, Григорий де қазір денесін оқ тескілеп бір жерде жатқан шығар? Құдая, мұндайды басқа сала көрме! Онда біз сыяқты шалдарға кім сүйеніш, кіммен тұрмақпыз?»

Бұта түбінен пыр етіп ұшқан қоңыр вальдшнеп күтпегенде Пантелей Прокофьевичті селк еткізе түсірді. Құстың екпіндеп қыйғаштай ұшқанына ол ешбір мақсат-мағнасыз қарап тұрды да, әрі кетті. Кішкене көлшімектің жанынан бірнеше талшыбық бұталарын ұнатып, балтамен кесуге кірісті. Жұмыс істеп, ол ешнәрсені ойламауға тырысты. Өлім бір жыл ішінде қаншама тумалары мен таныстарын жоқ етті, соларды ойлаудың өзі де Пантелей Прокофьевичтің жанына қатты батады да, бүкіл әлем күңгірт тартып, бейне үстіне бір қара жамылғы жамылғандай болады.

— Мына бір бұтаны жығу керек. Тамаша тал! Шарбаққа керегінің өзі дәл осы,— деді ол өзіне өзі айқайлап сөйлеп, ауыр ойлардан көңлін басқа жаққа бұру ниетімен.

Жұмысын істеп болып, Пантелей Прокофьевич күртесін шешті, шапқан талының үйіндісіне отырды да, солған жапырақтың бұрқыраған ісін қомағайлана жұтты, етегін көгіс буалдыр шалған қыйырдағы көкжиекке, күз алтынымен буаланып ақырғы көркемдік нұрып төгіп тұрған алыстағы оқшау-оқшау ормандарға көзі талғанша қарады. Анадай жерде қара үйенкі бұтасы тұр еді. Сәулетті бұта күзгі салқын күннің көзінде ерекше жарқырайды, ол қошкыл-қызыл жапырақ басқан тармақты бұтақтарын, нақ ертегідегі жерден көтеріле ұшқан ғажайып самрұқ құстың қанаттарындай, жайып жіберіпті. Пантелей Прокофьевич оған ұзақ уақыт сүйсініп қарап отырды, сонан соң әлдеқалай қасындағы көлшімекке көзі түсіп кетті де, мөлдіреп тұрған судың бетіне сондай жақын шығып, тіпті қанаттары мен жайқалған қызыл-шабдар құйрықтары көрініп жүзіп жүрген ірі-ірі сазандардың қара-қоңыр жондарын көрді. Сазандар сегіз өкен. Кейде олар тұңғыйық гүлдердің жасыл қалпақтарының астына кіріп жоқ болып кетеді де, тұныққа қайта жүзіп шығады, қызыл талдың батып бара жатқан жапырақтарын қағып әкетеді. Көлшімек күзге қарай суалып бітуге айналған болатын, сондықтан сазандарды ұстап алу онша қыйын жұмыс емес еді. Пантелей Прокофьевич көп іздемей-ақ көршілес көлдің жанынан біреудің тастап кет-

кен түпсіз сағын тауып алып, көлшімекке қайтып келді, шалбарын шешіп, суықтан шіміркене, мекірене жүріп, балық аулауға кірісті. Тізеден салынды тұнбаға бата, суды ылайлап, ол көлшімектің бойын қуалай жүрді, сағын суға батырып жіберіп, кенелелерін су түбіне жеткізе нығыздап баса түседі де, сонан кейін күшті балық шомп етіп қашан тулар екен деп қолын саққа тығады. Оның талабы табысты болды, үстінен сақпен жауып бір-біреуі он қадақтан келетін үш сазан ұстап алды. Балық ұстауды одан әрі соза беруге оның шамасы келмеді, өйткені зағып аяғының суықтан сіңірі құрыса бастады. Тапқан олжаға қанағат қылып, ол көлшімектен шықты, аяғын қоғажаймен сүртті де киініп алып, жылынғалы қайтадан тал шабуға кірісті. Қалай айтқанда да бұл бір сәті түскен іс болды. Жоқ жерден пұтқа жақын балық ұстау көрінгеннің қолынан келе берер ме! Балық аулау оған ермек болды, ауыр ойларын естен шығарды. Балықтың қалғандарын қалдырмай ұстау ниетімен ол сақты сайлап тықты,— торай сыяқты торсыйған, алтындай сал-сары сазандарды жағаға лақтырып жатқанын біреу-міреу көріп қалмады ма деп, ол жан-жағына сақтана қарап алды да,— сонан кейін ғана бір буда тал мен шыбыққа тізген балықтарын көтеріп, баппен Донға қарай аяңдады.

Жолы болған бақытты аушылығын ол Ильиничнаға қуанышпен күлімсірей әңгімелеп берді, құбылған жездей, қызғылт тартқан сазандарға тағы да сүйсіне қарап қойды, бірақ оның бұл қуанышын Ильинична ықлассыз қостады. Ильинична өліктерді көруге барды да, онан жылап, мұңайып қайтып еді.

— Аникейді көруге барасың ба? — деп сұрады Ильинична.

— Бармаймын. Немене, мен сондай-ақ өлік көрмеппін бе? Өлікке қарай-қарай тойғанмын, жетер!

— Барып қайтқаның жөн болар еді. Бір түрлі келіссіз ғой, қоштасуға да келмеді дейді ғой.

— Аулақ жүрші, құдай ақына! Мен оған баламды шоқындыртқан жоқпын ғой, онымен қоштасатын дәнеме де жоқ,— деп Пантелей Прокофьевич құтырынып беттен ала түсті.

Ол жерлеуге де бармады, ертемен Донның арғы бетіне кетті де, ұзақты күн сонда болды. Өлікті жерлердегі шеркеу қоңырауы оны бөркін алуға, шоқынуға мәжбүр етті, сосын ол: қоңырауды сонша ұзақ соғуын қарашы,

ақылға сыйымды іс пе осы да, деп попка ашуланды. Қонырауларды бір рет соқса болғаны емес пе, әйтпесе бір сағат бойы күмбірлетеді. Не пайда бұл қоныраудан? Тек болғаны жұрттың жүрегін елжіретіп, тағы да өлімді еске алуға мәжбүр етеді. Онсыз да жығылған жапырақ та, көгілдір аспан да, көшкен елдей қыйқулап, ұшып өткен қаздар да, жерде жатқан өлі шөп те, — айнала бәрі де күзді күнгі өлімді еске түсіреді...

Түрліше ауыр қасіреттен өзін қаншама қорғамақшы болса да, ақыры Пантелей Прокофьевичтің де жаңадан тағы да жан күйзелісін бастан кешіруіне тура келді.

Бір күні түстік тамақ үстінде Дуняшка терезеге қарады да:

— Ой, майданнан тағы да бір өлген офицерді алып келе жатыр! Арбаның арт жағында шылбырынан тіркеген әскери аты бар, жүрістері ақырын... Біреуі делбе ұстапты да, ал өлісі шинельдің астында. Анау ат айдағаны бізге арқасын беріп отыр, біздің хутордың адамы ма, жоқ па, таный алмай тұрмын... — Дуняшка зер салыңқырап үңіле қарады да, екі беті шүберектей аппақ болып кетті. — Бәтір-ау, мынау... бәтір-ау, мынау... — деп күмілжи сыбырлады да, кенет ащы дауыспен: — Гришаны әкеле жатыр!.. Соның аты!.. — деді де, өкіріп жылап, сенекке жүгіріп шықты.

Ильинична, стол жанынан тұруға шамасы келмей, алақанымен бетін басып отырып қалды. Пантелей Прокофьевич отырғыштан зорға тұрып, соқыр адамша екі қолын алға қарай ербеңдетіп, есікке барды.

Прохор Зыков қақпаны ашты, баспалдаққа жүгіріп шыққан Дуняшкаға шала-шарпы қарай салып, тұнжырап:

— Қонақтарды қабыл алындар... Күтпеген шығарсындар? — деді.

— Бауырым менің! Ағатайым! — дей-дей екі қолын буынынан иіп, Дуняшка ыңкыл қаға бастады.

Тек қыздың көз жасы сорғалаған бетіне, баспалдақта үнсіз тұрған Пантелей Прокофьевичке қарағаннан кейін ғана мән-жайды айту Прохордың ойына түсті.

— Қорықпандар, қорықпандар! Ол тірі. Сүзек боп ауырып жатыр.

Пантелей Прокофьевич дәрменсіз, есіктің жақтауына сүйене кетті.

— Тірі!!! — әрі күліп, әрі жылап Дуняшка оған ай-

қай салды. — Гриша тірі! — Естідің бе? Ауырған соң әкелген ғой оны! Бар, мамама айт! Жә, неменеге тұрсын?

— Пантелей Прокофич, қорықпа! Тірі әкелдім, ал денсаулығы жөнінде сұрамай-ақ қой, — деп, Прохор аттарды тізгінінен ұстап, аулаға кіргізіп жатып, тірілігін асыға айтты.

Пантелей Прокофьевич талтіректей басып, бірнеше адым жер жүрді де, сатының біріне отыра кетті. Шешесін жұбату үшін, Дуняшка оның қасынан құйындата жүгіріп өтті. Аттарды баспалдақтың нақ қасына тоқтатты да, Прохор Пантелей Прокофьевичке қарады.

— Неғыт отырсың? Бөстекті әкел, ауруды үйге алып кірейік.

Шал үнсіз отырды. Оның көзінен жасы моншақтап ақты да, бірақ беті сіресіп, бір тамыры да бұлк етпеді. Шоқыну ниетімен ол қолын екі рет көтеріп еді, бірақ маңдайына апаруға шамасы келмей, қайтадан түсірді. Оның тамағында бірдеңе бұлкілдеп, сыр-сыр ете қалды.

— Қорыққаннан сен есіңнен айрылып қалдың білем, — деді Прохор аянышты үнмен. — Алдын ала сендерге ескерту үшін қалайша кісі жіберу менің ойыма келмеген? Мен ақмақ болдым, расы сол — ақмақ екем! Жә, түрегел, Прокофич, ауруды үйге кіргізу керек қой. Бөстектерің қайда сендердің? Әлде көтеріп кіргіземіз бе?

— Тоқта азырақ... — деді Пантелей Прокофьевич, қырылдап. — Біртүрлі аяғымның дәрмені кетіп, қозғалмай қалды... Өлген ғой деп ойлап ем... Құдайға шүкір... Күтпеген ем... — деді де, ескі көйлегінің жағасындағы түймелерін жұлып тастады, жағасын ашып жіберді де, аузын аңқырта ашып, ауаны қомағайлана жұта бастады.

— Түрегел, түрегел, Прокофич! — деп асықтырды Прохор. — Бізден басқа оны көтеріп кіргізетін адам жоқ қой?

Пантелей Прокофьевич орнынан зорға тұрып, баспалдақтан түсті, шинельді қайырып тастады да, ессіз-түссіз жатқан Григорийдің үстіне еңкейді. Тамағы оның тағы да сыр-сыр етіп кетті, бірақ бойын билеп Прохорға бұрылды:

— Аяқ жағын ұста, көтерейік.

Григорийді төр бөлмеге кіргізіп, етігін, киімін шешіндіріп, кереуетке жатқызды. Ас үйден үрейлене Дуняшка айқай салды:

— Көке! Мамам қысылып жатыр... Мында кел!

Ас үйде Ильинична еденде жатыр екен. Дуняшка қос тізерлеп оның көкпеңбек болып кеткен бетіне су бүркіп отыр еді.

— Жүгір тез, Қалитоновна кемпірді шақыр! Ол қан жібере біледі. Мамамнан қан алу керек де, өзімен бірге құралын ала келсін! — деп бұйырды Пантелей Прокофьевич.

Бойжетіп, қалыңдық болып қалған қыз емес пе, Дуняшка хутор ішімен жалаңбас жүгіруді сән көрмеді, ол орамалға жармасты, жалма-жан оны басына тартып жатып:

— Балалардың зәресін ұшырып жібердіңдер! О тоба, қандай бәлеге кездестік... Көке, балаларға көз бол, мен бірақ мезетте жүгіріп барып қайтам! — деді.

Мүмкін, Дуняшка айнаға да бір қарап өткен болар еді, бірақ есін жыйып алған Пантелей Прокофьевичтің оған кәрін тіге қарағаны сондай, қыз ас үйден шыға жөнелді.

Кіші қақпадан жүгіре шыққан Дуняшка Аксињьяны көрді. Аксињьяның аппақ бетінде бір тамшы қан жоқ екен. Қолдарын жансыз салбыратып, ол шарбаққа сүйеніп тұр еді. Оның тұманданған қара көздерінде жылтылдаған жас жоқ еді де, бірақ онда толған мұнды, жалбарынышты пішін бар-ды, сондықтан да Дуняшка бір секундтай тұрып қалды да, еріксіз, өзі де күтпеген жерден:

— Тірі, тірі! Сүзек ауру,— деді. Сөйдеді де, бұлаң қаққан өрелі қос емшегін қолымен сүйей, шолақ көшемен жүгіре жөнелді.

Мелеховтардың үйіне еріккен қатындар жан-жақтан ағылды. Олар Аксињьяның Мелехов үйінің кіші қақпасынан шығып, ақырындап кетіп бара жатқанын, одан кейін асыға адымдағанын, еңкейе түсіп, қолымен бетін басқанын көрді.

## 25

Григорий бір айдан кейін тәуір болды. Ноябрьдің жыйырмаларында ол бірінші рет төсектен тұрды — бойы ұп-ұзын, қу сүйегі қалған, жүдеу ол үй ішінде қалт-құлт басып жүрді де, терезенің алдына барды.

Жерде, сарайлардың сабанмен жапқан төбелерінде жаңа түскен аппақ қар жатыр. Шолақ көшеде шапаның

іздері көрінеді. Шарбақтар мен ағаштарды түбіттендіріп тұрған көгілдір қырау батар күннің шұғыласымен кемпір-қосақтана құбылып, жарк-жүрк етеді.

Жымыя ойланып, жадау қолдарымен мұртын сыйпал қойып, Григорий терезеден ұзақ уақыт қарап тұрды. Мұндай әдемі қысты ол ешуақытта да көрген жоқ сыяқты. Дүниенің бәрі оған өзгеше, жаңалыққа толы және мағналы көрінді. Аурудан кейін оның көзі көреген болып кеткен тәрізді, ол айналасындағы қоршаған дүниенің ішінен жаңадан көрмеген заттар таба бастады да, ал бұрынғы көптен таныс бұйымдардың ішінен өзгерістер тапты.

Күтпеген жерден Григорийдің мінезінде бұрын болып көрмеген әуестенушілік және хутор ішінде, шаруашылықта болып жатқан нәрселерге назар салушылық пайда болды. Өмірдегі нәрсенің бәрі оған біртүрлі жаңа да асыл мағналы болып табылды, бәрі де оның назарын аударды. Қайтадан келген дүниеге ол сәл таңырқап қарады да, жүзінің қатал реңін, көздерінің мейрімсіз әлпетін оғаш өзгерткен, езулерінің қыртысты әжімдерін жұмсартқан ақ жарқын сәби күлкі көпке шейін оның еріндерінен кетпей қойды. Кейде ол жас кезінен өзіне белгілі үйішінің кейбір бұйымдарын, алыстағы басқа бір елден жаңадан келіп бірінші рет көріп отырғандай, ойлана, қабағын шытып, айналдыра қарайды. Бір күні оның аяқ ұршықты айналдыра үңіле қарап отырған үстінен шығып қалып, Ильинична таң-тамаша қалды. Кемпір бөлмеге кіре бергенде Григорий қысылғаннан аздап қызара түсті де, ұршықтан басқа жаққа бұрылып кетті.

Дуняшка оның етсіз, арбыйған ұзын келбетіне шек-сілесі ката құлетін. Григорий қайта-қайта түсе берген дамба-лының ышқырын қолымен демей көтеріп қойып, сый-дыйған сыйрақтарын қалт-құлт басып, үй ішінде жалаң көйлек-дамбалшаң жүреді де, отырарда құлап кетермін деп қауіптеніп, дереу көрінген нәрсеге жармаса түседі. Оның ауырып жатқан кезде өсіп кеткен кара шашы түсе бастады да, бұйралау бурыл кекілі ұйысып қалған еді.

Дуняшканың жәрдемімен ол өз шашын өзі алды да, басын қырып болып қарындасына бетін бұрып еді, қыз шегі ката күліп, қолынан ұстараны түсіріп алды да, ішін басып кереуетке құлай кетіп, күлкіден буышып қалды.

Қыз күліп болғанша Григорий сабырмен күтті де, ақырында шыдай алмай әлсіздеу, дірілдеген қоңыр дауыспен:

— Байқа, бүйте берсең, құнаға батыл қалуың да қы-

йын болмас. Қалыңдықсың ғой, соңынан ұят болар.— Оның даусында аздап өкпелеген үн бар еді.

— Ойбай, ағатай-ау! Ойпырым-ау, бауырым-ау! Мен кетейінші... халім жоқ! Ой, не нәрсеге ұқсап қалдың! Тура бақшаға қоятын қарақшы сыяқтысын! — деді Ду-  
няшка буындырған күлкінің ара-арасында.

— Сүзектен кейін көрер едім мен сенің қандай бол-  
ғаныңды. Ал ұстараны жерден, жә?!

Григорийді жақтап, Ильинична ашуланып:

— Неменеге оқыранасың сен соншама? Сондай ақмақ-  
сың сен, Дунька! — деді.

— Маматай-ау, қарасайшы, неменеге ұқсап қалған! —  
деді Дуняшка, көз жасын сүртіп. — Басы солайымен кедір-  
бұдыр, қарбыз сыяқты дөп-дөңгелек, және тап сондай қа-  
ра-қоңыр... Ой, халім бітті, шамам жоқ!

— Айна берші! — деді Григорий.

Ол айнаның титтей сынығына қарап алды да, өзі де  
көлке дейін сылқ-сылқ күлумен болды.

— Ұлым-ау, неменесіне қырдың басыңды, солай жүр-  
генің-ақ мақұл еді ғой, — деді Ильинична риза болмай.

— Сеніңше, қасқа бас болған артық па?

— Бұлай да масқара, ұят болған.

— Қойшы әрі өздерің! — деді Григорий ашуланып,  
жаққышпен сабынды көпірте түсіп.

Үйден шығуға мүмкіндігі болмағаннан кейін, Григорий  
көп уақыт балалармен әуреленіп жүрді. Олармен не бол-  
са соны әңгімелесіп, Натальяны ол еске түсірмеді. Алай-  
да, бір күні Полюшка еркелеп:

— Көкетай-ау, мамам осы бізге қайтып келмей ме? —  
деп сұрады.

— Жоқ, қарағым, ол жерден ешкім қайтып келмейді...

— Қайдан? Моладан ба?

— Қысқасы, өлгендер қайтып келмейді.

— Ол біржолата өлі ме?

— Енді қалай болушы еді? Әрине, өлі.

— Мен оны бір уақыт бізді сағынған кезде қайтып ке-  
леді ғой дел ойлап едім... — деп сыбырлады Полюшка  
есітер-естілмес етіп.

— Сен маманды ойлама, қарашығым, керегі жоқ, —  
деді Григорий күңгірт үнмен.

— Мамамды қалайша ойламаймын? Олар хал-жайды  
біліп кетуге де келмей ме? Аз уақытқа да келмей ме?

— Жоқ. Бар енді, Мишаткамен ойнай ғой, — деді де,



Григорий теріс қарады. Ауру оны жасытып тастаса керек: көзінен жас бүрк ете қалды да, оны балаларға көрсетпеу үшін бетін әйнекке тақап терезенің алдында ұзақ уақыт тұрып қалды.

Ол балалармен соғыс туралы сөйлескісі келмейтін, ал Мишаткаға дүниедегі ең қызықты нәрсе соғыс. Қалай соғысады, қызылдар қандай адамдар, оларды немен өлтіреді, не үшін өлтіреді деген сұраулармен ол әкесінің жиі-жиі мазасын ала беретін. Григорий қабағын түйіп, оған:

— Ал, сауысқан тағы да шықылығын қайтадан бастады! Соғыс сенің неңе қажет? Өнан да жаз шыққан соң қармақпен балықты қалай аулар екенбіз, соны сөйлесейік. Саған қармақ дайындап қояйын ба? Аулаға шыға бастасымен-ақ саған аттың, құйрығынан қармақбау есіп беремін.

Мишатка соғыс туралы сөйлей бастағанда Григорий ішінен ұялатын болды: қулық-сұмдығы жоқ баланың жай сұрауларына ол жауап қайтара алмай қалатын. Неліктен екенін кім білсін? Әлде мұндай сұрауларға ол өзіне өзі жауап беріп көрмегендіктен бе? Қалай да Мишаткадан жалтарыс тауып құтыла қою оп-оңай болған жоқ: балық аулау жөніндегі әкесінің жоспарларын ол шын ықласпен тындап отырған сыяқты болады да, әңгіме біткеннен кейін:

— Көкетай, сен соғыста адам өлтірдің бе? — деп сұрайды.

— Қой деймін, шегірше қадалмай!

— Өлтіру сондай қорқынышты ма? Өлтіргенде адамнан қан шыға ма? Қаны көп пе? Қалай, не тауықтың, не қойдың қанынан да көп пе?

— Мен саған айттым ғой, бұл әңгімені таста деп!

Мишатқа бір минут үндемей отырды да, сосын ойла-ныңқырап:

— Мен жақында атамның саулықты қалай сойғанын көрдім. Қорыққаным жоқ... Мүмкін, аз-мұз ғана сескенген шығармын, ал былайша түк емес! — деді.

— Қуып жіберші ананы қасыңнан! — деді Ильинична ызаланып. — Міне тағы бір жаналғыш жетіліп келеді! Барып тұрған арестант! Мұнан еститінің тек соғыс, басқа әңгімені ол білмейді де. О-тоба, кешіре гөр, бөпем-ау, тек сол қарғыс атқан соғыстан басқа әңгіме құрып па, ойлашы? Бері кел, мә, мына құймақты ал да, аздап болса да үндемей отыра тұршы.

Алайда соғыс та өзін күнде еске салып тұрды. Майдан-

нан қайтқан казактар Григорийдің көңлін сұрағалы келіп, Буденныйдың атты әскері Шкуро мен Мамонтовтың тасталқанын шығарғанын, Орел қаласының түбіндегі сәті түспеген ұрыстарды, майдандардағы басталған жаппай шегіністі әңгіме етті. Грибановка мен Кардаил түбінде болған ұрыстарда татарскийлықтардың тағы да екеуін өлтіріпті; жаралы болған Герасим Ахваткинді алып келіпті; сүзекпен ауырған Дмитрий Голощеков қайтыс болыпты. Екі соғыста қаза тапқан өзінің хуторлас казактарын Григорий ішінен санап көріп еді, Татарскийде өлік шықпаған бірде-бір үй жоқ екен.

Григорий үйден шығуға жарап кете қоймаса да, хутор атаманы оған жүздік командирі Мелехов қайтадан қаралу үшін тезінен дәрігерлер комиссиясына мәлім болсын деген станица атаманының бұйрығын әкелді.

— Жазып жібер, жүруге жарасам олардың ескертуінсіз-ақ өзім де мәлім боламын,— деді Григорий ызаланып.

Майдан бірден-бірге Донға жуықтай берді. Хутор ішінде шегіну туралы әңгіме қыза бастады. Кешікпей хутор жыйналысында округ атаманының естияр казактар түгелдей шегінсін деген бұйрығы жарияланды.

Пантелей Прокофьевич жыйналыстан қайтып келіп Григорийге бұйрық жөнінде әңгімелеп берді де:

— Не істейміз? — деп сұрады.

Григорий нығын қыйқаң еткізді де:

— Не істейміз? Шегіну керек. Бұйрықсыз да жұрттегіс ірге көтереді.

— Мен өзіміз туралы сұрап отырмын: бірге жүреміз бе?

— Бізге бірге жүруге тура келмейді. Екі күннен кейін мен салт станицаға барып, Вешкидің үстімен қандай бөлімдер өтетінін біліп қайтамын, сол өтетін бөлімдердің біріне қосыламын. Ал сенің ісің — босқындармен кету. Әлде әскер бөліміне кіргің келе ме?

— Құрып қалсын! — деді Пантелей Прокофьевич, үрейленіп. — Мен олай болса Бесхлебнов қартпен бірге кетем, ол анада қостас болайық деп шақырғанды. Ол өзі жуас шал, аты да мықты, біз міне бірге жегісіп, парласып жөнөп береміз. Менің бием де семіздіктен шекесінен қарат тұр. Қарғыс атқыр майдан жатып қалған және оскырып жер тарпынғанда, төбе шашың тік тұрады!

— Жарайды, сонымен бірге жүре бер,— деп Григорий

ыкласымен мақұлдай түсті. — Ал әзірге маршрутымыз жөнінде келісіп алайық, өйткені, мүмкін, маған да сол жолмен жүруге тура келер.

Григорий планшеткадан Россия оңтүстігінің картасын алды, қандай хуторларды басып жүретінін әкесіне ежелеп айтып берді де, хутор аттарын қағазға жаза бастап еді, бірақ картаға құрметпен қарап тұрған шал:

— Тоқтай тұр, жазба. Сен, әрине, бұндай істі менен тәрі артығырақ түсінесің және карта да — күрделі нәрсе, ол өтірік айтпайды, тура жолды көрсетеді, ал егер де маған ол қолайлы болмаса, мен оның көрсетуімен қалай жүрмекшімін? Біріншіден, сен Қаргинскаяның үстімен жүру керек дейсің, бұл тәтерек, мұны мен жақсы түсінемін, — бірақ бәрібір бұл жерден де маған оралып жүруге тура келеді.

— Не үшін саған оралып жүру керек?

— Латышевте немере қарындасым бар, онда мен атыма да, өзіме де азық тауып алам, әйтпесе танымайтын жерде өз азығыңды тауысып аласың, міне сол үшін оралу керек. Онан кейін сен карта бойынша Астахово слободасына шығу керек, сонда тәтерек болады дейсің, — ал мен Малаховскийге барамын; онда да менің бір туысым және қостасым бар; ол жерде өз шөбіңді жегізбей, басқанікімен пайдалануға болады. Есіңде болсын, үйден бір кебен шөп алып кете алмайсың ғой, және бөтен жерде, сұрап алу түгіл, ақшаңа да сатып ала алмайтын кез болар.

— Донның арғы бетінде туман жоқ па еді? — деп сұрады Григорий кекетіп.

— Онда да бар.

— Сен, мүмкін, сол жаққа да барарсың?

— Маған сен былшылдауыңды қой! — деп бұрқ ете қалды Пантелей Прокофьевич. — Сен қалжыңды қойып, жөнін сөйле! Қалжыңдайтын уақытты тапқан екенсің, шіркін, қайдан шыққан ақылды неме едің!

— Тума жыйнаудың саған да қажеті жоқ. Шегінеді екенсің, шегін, туған-туысқанды аралайтын бұл саған май мейрамы емес!

— Сен маған жол көрсетпей-ақ қой, қайда баратынымды, өзім де білемін!

— Білсең, сол қалаған жағыңа жүре бер!

— Сенің жосларыңмен жүремін бе мен сонда? Тек сауысқан ғана төте ұшады, сен оны есітіп пе едің? Сайтан біле ме қайдан барып шығатынымды, мүмкін тіпті қыс

күні жол да болмайтын бір жерге жолығармын. Осындай тұкке тұрмайтын нәрсені айтуды сен өз ақылыңмен таптың ба? Сен әлі дивизия да басқардың-ау!

Григорий мен шал ұзақ керісті, бірақ ойға салып қарап, әкесінің сөздерінде дұрыстық көп екенін Григорийге мойындауға тура келді, ол келісімге келіп:

— Көке, кейіме, мен сені менің көрсеткен маршрутымды ала қой деп қыстамаймын; қалауынша жүре бер. Донецтың арғы бетінен тауып алуға тырысармын.

— Міне бағанадан бері осылай десең етті! — деп Пантелей Прокофьевич қуанып кетті. — Қайдағы бір жоспарың мен малшрутыңды ала жүгіресің де, ал жоспар өзіне жоспар екенін, жемсіз аттың ешқайда бара алмайтынын түсінбейсің.

Григорий ауырып жатқан кезде-ақ шал ептеп-ептеп жолға дайындала берген-ді: биені өте мұқияттап жемдеген, шананы жөндеп қойған, жаңа байтақ бастырып алып, оны жауын-шашында су өтпейтін етіп былғарымен өзі ұлтарған, алдын ала қапшықтарға іріктеп сұлы толтырып қойған болатын. Шегінуге де ол нағыз ұқыпты қожайындарша дайындалған еді: сапарға керек нәрсенің бәрін күні бұрын ол әзірлеп салып қойған-ды. Балта, қол ара, қашау, етік тігетін құралдар, жіп, запас шолақ ұлтан, шеге, балға, бір бума қайыс, жіңішке кендір, бір кесек смола — міне осының бәрі, тіпті шегесі мен тағаға шейін кенепке ораулы, керек минутында шанаға сала қоюға әзір тұр еді. Пантелей Прокофьевич тіпті безбенді де алып, мұның саған жолға керегі қанша деген Ильиничнаның сұрауына ол кіналап былай деген-ді.

— Кемпір, сен қартайған сайын ақмақтанып барасың. Қалайша сен осындай болмашы мәселені де өздігіңнен болжай алмайсың? Шегініп бара жатқанда пішенді я топанды мен салмағына қарай сатып алмаймын ба? Ол жақта пішенді кездеп өлшемейді ғой? — деді.

— Сонымен, ол жақта таразы да жоқ па екен? — деп таңданды Ильинична.

— Е, оның таразысының қандай екенін сен қайдан білесің? — деп ашуланды Пантелей Прокофьевич. — Біз сыяқты адамды кірден жеу үшін, мүмкін, ол жақтың таразыларының бәрі алдамшы шығар. Әңгіме міне осында! Ол жақтың халқының қандай екенін біз білеміз! Отыз қадақ нәрсе сатып алсаң, ақшаны шытырлатып бір пұтқа төлейсің. Әрбір тоқтаған жерде мұндай зиян тарта бер-

генше, онан да өз безбенімді алып жүремін. Сонда қайтер екен! Сендер мұнда таразысыз да күн көрерсіңдер: таразының сендерге не қажеті бар? Әскер бөлімдері өтсе, бәрібір олар пішенді өлшемей-ақ алады... Оларға тек жем-шөпті байлап, әзірлеп үлгіре бер. Талай-талай көргенмін, ол мұқыр сайтандарды жақсы білемін!

Баста Пантелей Прокофьевич, жазғытұрым босқа ақша шығарып сатып алмай, өз арбасын жегу ниетімен, шанаға арбаны да сала жүрмекші болған еді, бірақ соңынан ойлана келіп бұл зыянды ойдан бастартты.

Григорий де дайындала бастады. Ол маузерін, винтовкасын тазартып, мүлтіксіз сермейтін семсерін жетілтті; тәуір болғаннан кейін бір жұмадан соң атының күйін көруге барды да, оның жылтыраған сауырына қарап, қарттың жемдегені жалғыз өз биесі ғана емес екеніне көзі әбден жетті. Зерігіп ойнақшып тұрған атқа әрең деп мініп, оның ащы терін алып, әбден желін басты да, үйге қайтып келе жатып, Астаховтар үйінің терезесінен — бәлкім, оның көзіне осылай елестеп кетуі де мүмкін, — біреудің ақ орамал бұлғағанын көрді...

Жылыналыста татарскийлықтар бүтін хутор болып ірге көтеруді ұйғарысты. Екі күн тәулік бойы қатындар казактардың жолына түрлі тамақ пісіріп, түсірумен болды. Кету 12 декабрьге тағайындалды. Пантелей Прокофьевич пішен мен сұлыны шанаға кештен бастап тиеп қойды, ал алакөленде, таң саз берісімен тонын киіп, белін буынды, белбеуіне жарғақ қолғабын қыстырды, құдайға дұға оқыды да үйішімен қоштасты.

Кешікпей хутордан тауға қарай көп керуен шұбатылды. Шығарып салуға шыққан әйелдер кетіп бара жатқандарға көпке дейін орамалдарын бұлғасты. Сонсоң далада жаяу борасын көтерілді де, бұрқыраған қарлы мұнардан жылжып, тауға көтеріліп бара жатқан көліктер де, қатарласа аяндаған казактар да көрінбей кетті.

Вешенскаяға жүрер алдында Григорий Аксињьяға жолықты. Ол Аксињьяның үйіне кешке таман, хутор ішінде шам жанған кезде кірді. Аксињья жіп иіріп отыр еді. Қасында Аникушканың жесір әйелі шұлық тоқып, әңгіме айтып отыр екен. Бөтен әйелді қоріп Григорий Аксињьяға қысқаша ғана:

— Бір минутқа ғана бері шығып кетші, жұмыс бар еді, — деді.

Сенекте ол қолың әйелдің иырына салып:

— Менімен бірге шегінуге кетесің бе? — деп сұрады. Ақсинья жауабын ойланып көпке шейін үндемей тұрды да, сонсоң ақырын ғана:

— Шаруашылықты қайтем? Үйді неғыламын? — деді.

— Біреуге тапсырып кетерсің. Жүру керек.

— Қашан?

— Ертең өзім келіп алып кетем.

Қараңғы жерде тұрып, күлімсіреп, Ақсинья:

— Есінде ме, сенімен бірге жердің кыйыр шетіне болса да барамын деп мен саған әлдеқашан айтқан едім ғой. Мен қазір де сондаймын. Менің саған деген махаббатым айнымайтын махаббат. Ешнәрсеге қарамаймын, жүремін. Қай кезде күтейін сені?

— Кешке қарай. Көп нәрсе алма. Киім және тамақты көбірек алсаң болды. Жарайды, әзірге қош бол.

— Қош. Бәлкім, кіріп шығарсың?... Ол әйел қазір кетеді. Мен сені көптен көргенім жоқ қой... Гришенькам, сүйіктім! Мен сені мүлде... Жоқ! Айтпаймын.

— Жоқ, кіруге уақытым жоқ. Маған Вешкиге жүру керек, қош. Ертең күтерсің.

Григорий сенектен шығып кіші қақпаға да жетіп қалды, ал Ақсинья сенекте тұрып қалған күйі, күлімсіреп, қызып дуылдаған екі бетін алақанымен укалай берді.

Вешенскаяда округтік мекемелер мен интенданттық складтарды эвакуациялау басталған еді. Округтік атаман басқармасынан Григорий майдан жайын сұрастырып білді. Адъютант қызметін атқарушы жап-жас хорунжий оған былай деді:

— Қызылдар Алексеевская станицасының маңында. Вешенскаяның үстінен әскер бөлімдері өте ме, өтсе, қандай бөлімдер өтеді, бұл бізге мәлімсіз. Өзіңіз көріп тұрсыз — ешкім ешнәрсе білмейді, бәрі де зытып тұруға жан таласып жатыр... Қазір мен сізге өз бөліміңізді іздемей-ақ, тура Миллеровоға жүруге ақыл берген болар едім, өйткені бөліміңіздің қай жерге орналасқанын сол жерден тезірек білесіз. Қалай болғанда да сіздің полкыңыз темір жол бойымен жүреді. Жау Дон маңында тоқтатылар ма? Тоқтатылмас деймін. Вешенсканы жау қолына ұрыссыз береді. бұл шүбасыз.

Григорий үйіне түнделетіп қайтты. Кешкі тамақ әзірлеп жатып, Ильинична:

— Сенің Прохорың келіп кетті. Сен кеткен соң бір сағаттан кейін келді де, тағы да соғармын деп еді, бірақ әлі келген жоқ,— деді.

Қуанып кеткен Григорий кешкі тамақты тез-тез ішіп, Прохорға кетті. Прохор оны қарсы алды да, көңілсіздеу жымыйып:

— Мен сені шегініске Вешкиден тура тартты ғой деп ойлап едім,— деді.

— Сайтандай жүйткіт, сен қай жерден келдің? — деп сұрады Григорий, күліп атқосшысын арқасынан қағып.

— Әрине, майданнан.

— Тайып тұрдың ба?

— Құдай сақтасын, саған не болған! Осындай бәлекет жауынгер, қашып кетпек пе? Заң бойынша келдім, сенсіз жылы жаққа қарай басқым келмеді. Құнаны бірге істестік, қаһарлы әділ сот алдына да бірге баруымыз керек. Біздің іс — аумин, білесің бе?

— Білемін. Сені бөлімнен қалай жіберді, сен соны айт?

— Бұл ұзақ сүре, соңынан айтармын,— деп Прохор жалтара жауап берді де, бұрынғыдан да гөрі тұнжырай түсті.

— Полк қайда?

— Кім біледі оның қазір қай жерде екенін.

— Сен өзің онан қашан кеттің?

— Екі жұма бұрын.

— Содан бері сен қайда жүрдің?

— Сен өзің қандай адамсың, құдай-ау...— деді де, Прохор жаратпай, әйеліне көзінің қырымен қарап қойды.— Қайда болдың, қалайша, не үшін дейсің... Болдым болған жерімде — бірақ қазір онда жоқпын. Айтармын дедім ғой, демек, айтып беремін. Қатын, әй! Ащың бар ма? Командирмен кездесу құрметіне аздап жұту керек еді, бар ма ештемең? Жоқ па? Ал, онда жүгір, тап қарастырып, аяғыңның ұшымен зыр айнал, марш! Ері жоқта әскер тәртібінен қарайып қалғанын қарашы! Тәртіпті босаңсытып жіберіпсің ғой!

— Сен өзің неменеге әулігесің? — деп сұрады Прохордың әйелі, күліп.— Сен маған онша ақыра берме, бұл жерде сенің қожайындығың шамалы, жылында екі-ақ күн үйде боласың.

— Жұрттың бәрі маған ақырады, мен кімге ақырмақшымын сонда, сенен басқа? Тоқтай тұр, генерал ше-

ніне қолым жетсін, сонан кейін басқаларға ақырамын, әзірге шыда және киімінді тезірек ки де, жүгір!

Әйелі киініп шығып кеткеннен кейін, Прохор Григорийге көзін аларта қарап, сөйлей бастады:

— Пантелевич, сенің ешқандай ұғымың жоқ... Қатынның көзінше мен бәрін ақтарып айтып бере алмаймын ғой, ал сен қалайша да немене деп әкетіп барасың. Ал өзің қалайсың, сүзектен кейін тәуір болып кеттің бе?

— Мен тәуір болдым ғой. Өзің жөнінде сөйлеші. Сен, қаскүнем, өзің біртүрлі тұйықталып кеткенсің бе, қалай... Қалдырмай айт: не бүлдірдің? Қалай қаштын?

— Қашу дейсің, бұл қашудан да жаман... Науқастанып қалған сені әкеліп тастағаннан кейін бөлімге қайтып келдім. Мені жүздікке үшінші взводқа жіберді. Мен деген соғысқа керемет құмармын ғой! Екі рет атакада болып, одан кейін: «Мына жер сенің тұқыл тұяғынды да қалдырмас! Бір тесік тауып басынды сұқпасан, Проша, сен, құрығанда, аузыңды бақадай ашарсың!» деп ойладым. Сол кезде бір, сорға қарай, қатты ұрыстар басталар ма, бізді сондайлық жапырып, сығып, уһ деп дем алуға мұрса бермеді. Олқылық атаулының бәріне бізді апарып тығады; жаудан ығысқан жер болса — оған да біздің полкты айдайды. Бір жұманың ішінде жүздіктен он бір казакты, сыйыр тілімен жалап алғандай, жым-жылас етті. Мен сонсоң жабыға бастадым, зарыққаннан тіпті үстімде бит пайда болды.— Прохор шылым тартып, темекі қалтасын Григорийге ұсынды, асықпастан әңгіменің жалғасына көшті: — Сонымен маған Лискидің нақ қасында шолғынға шығуға тура келді. Үш адам шықтық. Адырдың үстімен жортып келеміз, жан-жағымызға қарап қоямыз, қарасақ жар астынан бір қызыләскер шығып келеді, қолын жоғары көтеріп алған. Атты омыраулатып жетіп келдік, ол бізге: «Станицалықтар! Мен — өз адамыңмын! Шаба көрмендер,— мен сіздің жағыңызға шықтым!» — деп айқайлады. Шайтан шатастырды білем мені, әйтеуір жыным келіп, оған төне түстім де: «Сен, иттің баласы, дедім, егер де соғысуға бел байлаған болсан, қолға түспеуің керек! Оңбаған, сен жауыз неме! Көрмейсің бе біздің онсыз да әрең-әрең тұрғанымызды? Қолға беріліп, сен біздің қатарымызды нығайтпақ болдың ба?» дедім. Сөйтіп, қылыштың қынабымен ат үстінен жаурыннан асыраперіп кеп қалдым. Қасымдағы басқа казактар да: «Бір олай, бір бұлай бұлғақтап, о жаққа да, бұл жаққа да



шыр айналып шығып — осы да жауласу болып па? Еске жұмыла кіріссендер — соғыс та біткен болар еді!» — деп мыйына құйып жатыр. Сайтан білген бе бұл қашқының офицер екенін? Ол тұпа-тура солай болып шықты. Ашу үстінде мен оны қынаппен салып жібергенде ол сұп-сұр болып кетті де, ақырын ғана: «Мен — офицермін, сендер мені ұрам деуші болмандар! Ескі уақытта өзім де гусар болып қызмет еткенмін, ал қазір мобилизациямен қызылдарға түсіп қалдым, сендер мені командирлеріңнің қолына жеткізіндер, мен оған бәрін айтып беремін» — деді. Біз оған: «Қәне, документінді көрсет», дейміз. Ал, ол кеудесін көтеріп: «Менің сендермен сөйлескім де келмейді, командирлеріңе алып жүріңдер!» — дейді.

— Ал мұны сен әйеліңнің көзіңше иеліктен айтқын келмеді? — деп Григорий аң-таң қалып оның сөзін бөліп жіберді.

— Оның алдында айта алмайтын әңгімеге жеткен жоқпын, алдыразы болсын, сен менің сөзімді бөлме. Біз оны жүздікке апаруға ұйғардық, бірақ соны бекер істедік... Біз оны тап сол жерде өлтіріп кетсек, іс сонымен аяқталған болар еді. Тлісті тәртіп бойынша біз оны, әрине, айдап әкелдік те, ал бір күннен кейін көрсек — бізге оны жүздіктің командирі етіп тағайындапты. Бұл қалай? Міне әңгіме де осыдан басталды! Біраз уақыт өткеннен кейін ол мені шақырып алып: «Сен, иттің баласы, Ресейдің бірлігі, тұтастығы үшін осылай соғысады екенсің — ә? Мені тұтқынға алғанда сен маған не дедің, есіңде ме?» — деп сұрады. Мен — олай да, бұлай да жалтардым, ол ешбір кешірім берер емес, — менің қынаппен қойып қалғаным ойына түсіп кетеді де, қалшылдап қоя береді! «Сен білесің бе, мен — гусар полкының ротмистрі және дворянымын, ал сен, арсыз, маған қол көтердің!» — дейді. Бір шақырады, екі шақырады, онан ешқандай қайыр болмай қойды. Взвод бастығына мені тосқауылға да, карауылға да жібер деп бұйырады, наряд дегенің менің басыма шелектен ақтара салған бұршақтай төгілді. Қысқасы не керек, ол күзғын, мені қылғымай жұтатын болды! Оны тұтқынға алғанда менімен бірге шолғында болған екеуін де тап осындай қуғынға ұшыратты. Жігіттер қорлығына біраз шыдады да, сонан кейін бір күні мені шақырып алып: «Ал осыны өлтірейік, әйтпесе бізге бұл күн көрсетпейді» — деді. Мен ақылға салып көрдім де, осының бәрін полк командиріне айтып берейін деген тоқтамға келдім, —

ал өлтіруге арым бармады. Тұтқынға алған уақытта оны өлтіре салуға болатын еді, ал соңынан біртүрлі қолым бармай қойды... Біздің әйел тауық бауыздағанда да мен көзімді жұматынмын, адамды өлтіру мүлде...

— Дегенмен, өлтірдіңдер ғой? — деп тағы да Григорий сөзін бөліп жіберді.

— Тоқта азырақ, бәрін де естисің. Сосын, полк командиріне айтып бердім, оған да жеттім әйтеуір, ол тыңдап болып күлді де, маған: «Зыков, сен егер де оны өзін ұрған болсаң, оған енді өкпелеудің керегі жоқ, тәртіпті ол дұрыс орнатып келеді. Ол өз ісін білетін жақсы офицер, — деді. Онан алып қайтқаным менің осы болды да, өзім ішімнен: «Керек болса сен ол жақсы офицерінді крест орнына тағып ал, мен бірақ онымен бір жүздікте қызмет істеуді мақұлдамаймын!» — деп ойладым. Басқа жүздікке көшір деп сұрадым, — онан да ештеме шықпады, көшірмей қойды. Бөлімнен тайып тұруды мен сонда ғана ойлап таптым. Ал қалай етіп таю керек? Демалысқа бізді жақын жердегі бір тылға кері ысырып қойды да, мені тап сол жерде тағы да сайтан азғырды... Қалған-құтқан бір жаман-жұман аурусымақ бірдемені тауып алмасам болмас, сонда мен шеткерірек шығам ғой, оның арғы жағында шегінісі де келіп қалар, әңгіме осыған тақау ғой деп ойладым. Сөйтіп, өмірде менің басымда болып көрмеген бір өнерді шығарып, қатындарды айналдыра бастадым, мұның қарауға қайсысы күмандырақ екен деп көз тіге бастадым. Бұлжытпай табу мүмкін іс пе? Әйелдің ауру екені маңдайына жазылмайды ғой, міне ойлан да тап! — Прохор күшырлана түкіріп жіберді де, әйелім келе жатқан жоқ па дегендей, құлағын тосты.

Күлкісін жасыру үшін Григорий алақанымен аузын жапты, күлкіден қысыла түскен көздері жылт-жылт етіп:

— Таптың ба? — деп сұрады ол.

Жасаураған көздерімен Прохор оған бір қарат алды. Бұл бір дәурені өткен кәрі иттің көзқарасындай, мұнды және байсалды қарас еді. Ол үнсіз аз ғана бөгелгеннен кейін:

— Оны тауып алуды сен оп-оңай деп ойлап па едің? Керек емес кезде ол құйындай соғып кетеді, ал, сорға қарай, керегінде ойбай салсам да табылар ма?

Бір қырындай беріп Григорий дыбысын шығармай ішінен күліп алды да, сонсоң бетінен алақанын кері тартып, үздік-үздік дауыспен:

— Құдай үшін, сарсылтпа! Таптын ба, жоқ па? — деп сұрады.

— Әрине, саған бұл күлкі... — деді Прохор өктелеп. — Басқаның бақытсыздығына күлу ақмақтың ісі, мен солай деп білем.

— Қой, мен күлгенім жоқ... Ал сосын не болды?

— Сосын мен үй иесінің қызының қыр соңынан қалмадым. Қырық жасар қыз, мүмкін, сәл жасырақ болуы да. Бет-аузы безеу-безеу, көруге де бір, қысқасын айтқанда, мұндайды бере де көрме, көрсете де көрменің өзі! Көршілері оны жуырда ғана фершілге барғыштап жүрген деп сыбырлады. «Мынадан, сөз жоқ, іздегенімді табармын!» деп ойлаймын. Сөйтіп, соның айналасында жас қораздай қодырандап, жемсауымды дүрдитіп жүріп алдым және оған әртүрлі сөздер сөйлеймін... Сондай сөздердің қайдан шығып, қайдан туатынын өзім де түсінбеймін! — Прохор кіналы пішінмен езу тартты да, еске түсіргеніне аздап қуана түскендей болды. — Үйленем деп те уәде бердім және басқа да әртүрлі былапыт сөздер сөйледім... Сөйтіп, не қылғанмен жағымпазданып, қолға түсіруге айналдым, іс шын қыйқуға да таялып қалды, ал тап сол жерде ол жылап қоя бергені! Мен олай да, бұлай да сұраймын: «Мүмкін, сен ауру шығарсың, ештеме етпейді, ауру болғаныңның өзі жақсы деймін.» Өзім бір жағынан: түн іші болғаннан кейін дабырға біреу-міреу топан түбіне жетіп келе ме деп зәрем жоқ. «Айқайлама, деймін, құдай үшін! Сен егер де ауру болсаң — қорықпа, саған махаббатымның күштілігінен мен бәріне де ризамын!» Ал ол маған «Сүйікті Прошенькам! Менің титтей де ауруым жоқ. Мен — пұшпағым қанамаған адал қызбын, қорқамын — сондықтан айқайлаймын» — дейді. Сен нанбайсың ғой, Григорий Пантелевич, ол маған осы сөзді айтқанда арқамнан мұздай тер шығып кетті! «Құдая тоба, міне бәле керек болса! Жетпей тұрғаны осы еді!..» деймін. Даусым өзгеріп кетті, одан мен: «Сен, қарғалған, фершілге неменеге жүгіргіштеп едің? Жұртты неге алдауға түсірдің?» деп сұрадым. «Оған жүгіргенім, бетті тазартатын май алу үшін еді» — дейді. Шап беріп басымды ұстай алдым да: «Тұр да тез жөнел менің қасымнан, қарғыс атсын сені, құдайдан безген! Сендей адал қыздың маған керегі жоқ, мен саған үйленбеймін!» дедім. — Прохор бұрынғыдан да қатулана түкіріп жіберді, әңгімені ықлассыздау түрде соза түсті. — Сөйтіп менің бар еңбегім бекерге

кетті. Үйге келдім, көр-жерімді алдым да сол түні-ақ басқа пәтерге көшіп кеттім. Сонан кейін ғана маған жігіттер құлағыма сыбырлады да, керек нәрсемді бір жесір әйелден алдым. Бірақ мен бұл жерде тура кеттім: «Аурусың ба?» — деп сұрадым. «Аздап бар» — деді. «Жарайды, маған да керегі бір пұт емес» — дедім. Көрсеткен көмегі үшін әйелге жыйырма сомдық керенке төледім, ал келесі күні табысыммен жұртқа бой көрсеттім де, әскерден шетірек өңірге ығысып, онан тура үйге тарттым.

— Сен атсыз келдің бе?

— Қалайша атсыз? Атыммен және барлық қару-жарағыммен келдім. Әскерден шетірек тұрғанымда атымды маған жігіттер беріп жіберіпті. Ал әңгіме мұнда емес, ақылынды айтшы: қатынға не деймін? Болмаса, бәледен аулақ, саған барып қонсам ба екен?

— Қой, жоғал әрі! Үйіңе қон. Жаралымын де. Дәкен бар ма?

— Дара пакетім бар.

— Болды ендеше, әрекетінді істей бер.

— Нанбайды ғой, — деді Прохор мұңайып, бірақ орнынан түрегелді. Қоржынын ақтарып, төргі бөлмеге кетті, бөлмеден ақырын дауыспен: — Әйел келсе, әңгімемен айналдыра тұр, әйтпесе мен сыңар аяқ тұрмын!

Григорий шылымын орап отырып, жүру жоспарын ойланды. «Аттарды пар жегіп кетерміз, — деген қортындыға келді. — Аксютканы бірге алып кеткенімді біздің үйдегілер көрмесін, кеш шығу керек. Дегенмен, бәрібір біледі ғой...»

— Жүзбасы турасында мен саған айтып бітіргенім жоқ, — деп, Прохор, аксандап төргі үйден шықты да, стол жанына келіп отырды. — Мен әскерден кеткеннен кейін үш күннен соң оны біздің жігіттер өлтіріпті.

— Қойшы?

— Оллаһи! Ұрыс үстінде арт жағынан келіп жайғастыра салыпты да, іс сонымен бітіпті. Мен азапты бекерге тартыппын, нағыз аяныштысы да осы!

— Айыпты адамды таба алмап па? — деп сұрады онша бысықтамай, жүру ойы бойын бүтіндей билеп кеткен Григорий.

— Қайдан іздеуші еді! Үлкен сапырылыс басталып кетті де, жұрттың онымен ісі болған жоқ. Менің қатыным қайда құрып кетті осы? Бүйтіп кешіге берсе, ішуге де зауқың шаппас. Қашан жүрем деп тұрсың?

— Ертең.

— Бір күнге кешеуілдемейміз бе?

— Неменеге?

— Ең болмаса битімді қағып алар едім, жолға битпен шығудың қызығы шамалы.

— Жолшыбай қағарсың. Күтуге уақыт жоқ. Қызылдар Вешкиден екі-ақ қоналқа жерде.

— Ертемен жүреміз бе?

— Жоқ, түнге қарай. Тек қана Каргинскаяға жетіп алсақ, сонда қонар едік те.

— Қызылдар ұстап алмас па бізді?

— Даяр тұру керек. Мен мына... Мен Аксинья Астахованы бірге ала кетсем деп тұрмын. Сенің бұған қарсылығың жоқ қой?

— Менің не жұмысым бар? Бір емес, мейлі екі Аксињяны ал... Атқа ауырлау болады.

— Ауырлығы шамалы.

— Қатындармен жүру ыңғайлы емес... Сол сайтанды сен тұмауыңа дәрі қыласың ба? Өзіміз ғана болсақ, мұқтаждық та көрмес едік! — Прохор күрсініп қойды да, басқа жаққа қарап: — Сол әйелді соңыңнан қалдырмай сүйрететінінді өзім де біліп едім. Жігітшіліктен әлі күнге безбейсің... Көптен бері қамшы да, Григорий Пантелевич, сенің арқанмен жылап көріскендей болып жүр-ау деймін!

— Бұл мәселе саған қатысты емес, — деді Григорий ызғармен. — Әйеліңе бұл туралы былшылдап жүрме.

— Е, менің бұрын былшылдаған жерім болды ма? Сенде ұят деген болсайшы бір! Аксињя үйін кімге тастамақшы?

Сенекке кірген адамның жүрісі естілді, үй иесі әйел екен, үйге кірді. Оның сұр түбіт шәлісінде қар жылт-жылт етті.

— Боран ба? — Прохор шкафтан кішкене стакандарды алды да, сонан кейін: — Сен өзің ештеме әкелдің бе? — деп сұрады.

Оның күрең жүзді әйелі қойнынан тершіген екі бөтелке шығарып, стол үстіне қойды.

— Ал, мінекей, жолаяқты жасайтын болдық! — деді Прохор көңілденіп. Иіскеп, самогонды исіне қарай айырып: — Біріншісі екен! Сұмдық күшті, сайтанын! — деді.

Григорий кішірек екі стаканын ішті де, шаршағанын сылтау етіп, үйіне кетті.

— Ал, соғыс бітті! Қызылдар бізді келістіріп-ақ түйгіштеді, ендігі жерде тек теңіздің тал өзіне шейін бөкселеп, тұзды суға тірелгенше шегіншектей береміз,— деді Прохор, тау басына шыққан кезде.

Төменде көк түтін құндақтаған Татарский хуторы жатыр... Көкжиектің қарлы қызғылт ернеуінің тасасына барып күн ұясына кірді. Шана табанының астында қар күтір-күтір сықырлайды. Аттар аяңмен келеді. Қос ат жеккен шананың арт жағында ер-тұрманға арқасын сүйей Григорий қыйсайып жатыр. Қатарында аң терісімен жұрындаған дон ішігіне оранып Аксињья отыр. Ақ түбіт шәлінің астынан оның қара көздері жалтылдап, қуанышпен жылт-жылт етеді. Григорий оған көзінің қыйығымен қарап, суықта жұқалап қызарған бетін, қою қара қасын және қырау басқан бүгілмелі кірпіктерінің астындағы көгілдірлене жарқыраған көзінің ағын көрді. Аксињья шаттықпен құмарта, қар басқан күртік даланы, жалтырата ысып тастаған жолды, буалдырға шомып бара жатқан қыйыр көкжиектерді көз тоқтата қарап келеді. Үйден жырақ шығып көрмеген Аксињьяға бәрі жаңа да өзгеше көрінді, бәрі назарын аударды. Алайда ол кейде көзін төмен түсіріп, кірпігіне тұрған қыраудың жай ғана шымшылайтын сүйкімді ызғарына рақаттанып,— туып-өскен жері болса да, лағнат айтарлық, соншама қайғының ащы зарын тартқызып, сүйіксіз күйеуімен жарты өмірін зая өткізген, бір басы үшін естен шықпайтын ауыр мұңға толған Татарскийден Григориймен бірге қайда болса да аулақ кетсем деген қыялды арманының күтпеген жерден оғаш түрде орындала қалғанына күлімсіреді. Григорийдің жанында отырғанын жан-тәнімен сезіп, рақаттана күлімсіреді де, енді бұл бақыттың қандай құнмен қолға түскенін де, анау алысқа жетелейтін сахраның байтақ алабы сыяқты буалдыр шалған болашақты да ойламады.

Әлдеқалай артына қарап, Прохор Аксињьяның аяздан ісінген алқызыл еріндеріндегі ләззатты күлкі нышанын көріп қалды да, ызаланып:

— Неменеге ақсыясың? Қалыңдықсың, бар болғаны сол! Үйден сытылып шыққаныңа қуаныштысың ба? — деп сұрады.

— Е, сен қуанышты емес деп ойлап па едің? — деп жауап қайырды Аксињья, даусы сыңғырлап.

— Тапқан екенсің қуанышты... Ақмақ қатынсың сен! Бұл саяхаттың немен бітері әлі белгісіз, ерте бастан ыр-жыйма, тісінді жап.

— Маған бұрынғымнан жаман бола қоймас.

— Сендерге қарасам, сондайлық құсқым келіп кетеді...— Прохор ыза кернеп аттарға шыбыртқыны сілтеп қалды.

— Олай болса сен теріс қара да, аузыңа саусағыңды сұқ,— деп ақыл берді Аксињья, күліп.

— Міне, сенің тағы да ақмақтығың көрінді! Сөйтіп мен теңізге жеткенше саусағымды аузыма сұғып бармақшымын ғой? Тапқан екенсің ақылды!

— Сенің құсқын келуінің себебі не?

— Үндемей-ақ қойсаң етті! Ерің қайда? Бөтен еркекпен қол ұстасып, сайтан біле ме қайда бара жатқаныңды! Егер де, ал, Степан тура хуторға қайтып келсе сонда қалай болады?

— Білесің бе, Проша, сен біздің ісімізге кіріспесен екен,— деп тілек етті Аксињья,— әйтпесе мұнан сен де бақытты болмайсың.

— Мен сендердің істеріңе кіріспеймін, неменеге қажетсіңдер сендер маған! Пікірімді айтуға қақым бар ма осы менің? Әлде сендердің делбешілерің есебінде жүріп, маған тек аттармен ғана сөйлесу керек пе? Тапқан ақылыңа болайын! Жоқ, Аксињья, сен құй ашулан, құй ашуланба, сені бір онды шыбықпен сою керек еді, сойғанда да үніңді шығартпай сою керек. Ал бақыт жөнінде мені қорқытпай-ақ қой, оны мен өзіммен бірге алып келе жатырмын. Менің ол әкеле жатқан бақытым өзгеше бақыт, тіпті ән деп ән де салмайды, ұйқы деп ұйқы да бермейдінің өзі... Шүү, қарғыс атқандар! Үзбей аяңмен жүрсеңдер болмай ма, салпаң құлақ сайтандар!

Күле тындап, Григорий оларды бітістіре сөйледі:

— Әуел бастан балағаттаспаңдар. Жолымыз алда ұзақ, балағаттасуға әлі үлгірерсіңдер. Прохор, сен оған неменеге байланысасың?

— Менің байланысатыным сол,— деді Прохор қатула-нып,— маған ол, тура кеселдене сөйлемесін. Мен, бұл дүниеде қатындардан жаман нәрсе жоқ деп ойлаймын. Бұлар қалақайдың ұрығы сыяқты... шырағым, құдайдың ойлап шығарған нәрсесінің ең жаманы — қатын! Дүниеде көзге шыққан сүйелдей боп, шошайып тұрмауы үшін, бұл зыянды перілердің бірін қалдырмай құртқан болар едім

мен! Бұларға, міне, қазір соншалық қаспын! Сен неге күлдің? Біреудің бақытсыздығына күлу — ақмақтық іс! Ұстай тұр делбені, мен бір минутқа түсемін.

Прохор жаяулап ұзақ уақыт жүрді, сонан кейін шанаға мелшиіп отырып алды да, енді қайтып әңгіме бастамады.

Бұлар Қаргинскаяға қонды. Таңертең, ертеңгі ас ішіп алып, қайтадан жолға шықты да, түнге дейін алпыс шақырым жол жүрді.

Босқындардың көп керуендері оңтүстікке қарай шұбады. Григорий Вешенская станицасының аймағынан ұзаған сайын қонатын жер табу бірден-бірге қыйындай берді. Морозовскаяның маңында бірінші рет казактардың әскери бөлімдері кездесе бастады. Не бар саны отыз-қырық қылышты жауынгері ғана бар атты әскер бөлімдері жүрді, лаулар үздіксіз ағылып жатты. Кешке қарай хуторларда үй-жай, қора-қопсы тегіс алынып, қону түгіл, аттарды қоюға да орын табылмайтын болды. Тавричандар учасоктерінің бірінде қонып шығарлық жер іздеп үйді-үйді кезіп босқа әуреленгеннен кейін, Григорий бір түнді лажсыз сарайда өткізді. Боран кезінде су болған киімі таңертең қатып қалып, қайқыйып, қозғаған сайын салдыр-күлдір етті. Григорий, Акси́нья және Прохор түні бойы ұйқтай алмай, тек болғаны таң алдында қора сыртына алау жағып қана жылынды.

Ертеңіне Акси́нья жасқаншақтау түрде:

— Гриша, осы жерде бір күн аялдасақ қайтеді? Түні бойы суықта азап шектіңдер және жөндеп ұйқтай алмадыңдар, мүмкін, аз-мұз дем алармыз? — деп ұсыныс жасады.

Григорий мұны мақұл тапты. Ол зорға дегенде бір бос бұрыш тауып алды. Таң біліне керуендер ілгері асты, бірақ, жүзден астам жаралы, сүзекпен ауырған адамдарды тасыған жорық лазареті де бір күн аялдауға осында қалып қойды.

Кішкентай бөлмеде, ылас еденде казактардан он адам ұйқтап жатты. Прохор бөстек пен тамақ салған қапшықты алып кірді, есіктің нақ түбіне сабан төседі, оянбас қатты ұйқыда жатқан бір шалды аяғынан ұстап шетке сүйреп тастады да, дөрекілеу мейірбандықпен:

— Жат, Акси́нья, әйтпесе сілең қатып, адам танырлық болмай қалыпсың, — деді.

Түнге қарай учасокке халық қайтадан лық толды.



Шолақ көшелерде таң атқанша алаулар жанып, адам даусы, аттың кісінегені, шананың сықыры естіліп жатты. Таң саз бере Григорий Прохорды оятып, сыбырлап:

— Ат жек. Жүру керек, — деді.

— Неге соншама ерте? — деп сұрады Прохор, есінеп.

— Тындасайшы.

Прохор ер жастығынан басын көтеріп алып, зеңбірек атысының алыс және күңгірт түрілін есітті.

Бұлар жуынып, шошқаның майын жеді де, жұрт аяғы қоза бастаған жерден жүріп кетті. Шолақ көшелерде шаналар қатарласып тұрып қалыпты, әбігерленген адамдар жүр, таң қараңғысында бір адам қырылдаған қарлығыңқы дауыспен:

— Жоқ, болмайды, оларды өздерің жерлендер! Біз алты адамға мола қазып бітіргенше тұс болады! — деп айқайлады.

— Ол қалай, көмуге біз міндеттіміз бе? — деп сұрады екінші адам, байсалды түрде.

— Көмерсіндер, көмдіртерміз! — деп айқайлады қырылдақ. — Көмбесендер — мейлі жатсын солай, сасқын сендерде жатып, менің онда жұмысым жоқ!

— Не айтқаныңыз, доктор мырза! Жүргіншілерден өлген адамдардың бәрін біз көметін болсақ — қолымыз өлік көмуден босамас. Бәлкім, өздеріңіз жыйыстырасыз?

— Жоғал, нақұрыс неме! Саған бола мен лазаретті қызылдардың қолына беруім керек пе?

Көшені бөгеп тұрған көліктерді айналып өтіп Григорий:

— Өліктер ешкімге қажет емес... — деді.

— Мұнда тірілерге де қарамайды, өліктерді не қылсын, — деп тіл қатты Прохор.

Оңтүстікке Донның солтүстік станицалары тегісімен жылжыды. Босқындардың қыбырлаған көп керуендері Царицын — Лихая темір жолын асып түсіп, Манычка жақындады. Жолға шыққалы бір жұманың ішінде Григорий жолшыбай татарскийлықтарды сұрастырып келе жатқанды, бірақ мұның басып өткен хуторларымен татарскийлықтар жүрмепті; олар солға бұрылып ап, украиндардың слободаларына соқпастан, казак хуторлары арқылы Обливскаяға кетуі де ықтимал. Тек он үш тәулік дегенде ғана Григорий өз хуторластарының ізін кездестірді. Тіпті темір жолдан әрі өткеннен кейін хуторлардың бірінде,

көрші үйде Вешенская станицасының бір казагі сүзек бот ауырып жатқанын ол әлдеқалай біліп қалды. Григорий аурудың қай жердікі екенін білгелі барды да, тап-тапал кішкене үйге кіре беріп, еденде жатқан Обнизов қартты көрді. Қарттан ол татарскийлықтардың бұл хутордан алдыңғы күні кеткенін, іштерінде сүзек боп аурушылардың көп екенін, жолшыбай екеуінің өліп те қалғанын және бұл Обнизов қартты өзінің тілегі бойынша осы жерде қалдырып кеткендерін білді.

— Егер тәуір болып кетсем маған қызыл жолдастар да мейрімін салар, өлтірмес, лажын тауып үйге кетермін, болмайды екен — осында өлем. Өлетін болған соң қай жерде өлсең де бәрібір, қайда болса да өлімнің түсі суық... — деді қарт, Григориймен қоштасып.

Григорий әкесінің амаңдығын сұрап еді, бірақ Обнизов ештеме айта алмаймын, неге десең соңғы көліктердің бірінде қелдім және Малахов хуторынан бері қарай Пантелей Прокофьевичті көргенім жоқ деп жауап қайырды.

Келесі түнер жерде Григорийдің жолы болды: қонуга рұқсат сұрап кірген жерден, бірінші үйде ол Жоғарғы-Чирский хуторынан келген таныс казактарына кездесті. Олар сығылысты да, Григорий пеш жанына орналасты. Қаз-қатарынан тізілісіп бөлмеде он бес босқын жатыр екен, олардың үшеуі сүзек боп ауырған, енді біреуі үсіген адам екен. Казактар кешкі тамаққа шошқаның майын салып, сөктен ботка пісірді де, Григорийді және оның жолдастарын құшағын жая тамаққа шақырды, Прохор мен Григорий сүйсіне жеді де, Аксиныя тамақ жеуден бастартты.

— Әлде сен аш емессің бе? — деп сұрады, соңғы күндерде көрінеу себебі болмаса да, Аксиныяға көзқарасын өзгертіп, онымен дөкірлеу болса да аяй сөйлесе бастаған Прохор.

— Бір түрлі жүрегім лоблып, лоқсытып тұр... — деп, Аксиныя шәлісін жамылып тысқа шықты.

— Ауырып қалған жоқ па өзі? — деп сұрады Прохор Григорийден.

— Кім біледі, — деп, ботқасымен тарелканы ысырып қойды да, Григорий де тысқа шығып кетті.

Қолымен кеудесін басып Аксиныя баспалдақ жанында тұр еді. Григорий оны құшақтады да, үрейлене:

— Ксюша, саған не болды? — деп сұрады.

— Жүрегім лоблып, басым ауырып тұр.

— Үйге кірейік, жатып демаларсын.

— Бара бер, қазір кіремін.

Аксиньяның даусы күңгірттеу, бәсең шықты да, аяқ басысы сылбыр көрінді. Ыстық бөлмеге кіріп келгенде Григорий оған қадала қарады, екі бетінің албырай қызарғанын, көздерінің күдікті жарқылын байқап қалды да, жүрегі аузына тығылып, үрейі ұшып кетті: Аксинья сөзсіз сырқат болып шықты. Аксиньяның кеше де тонып, басым айналып барады дегені оның есіне түсе қалды, таң алдында ол терлеп, желкесіндегі бұйраланған ұсақ бұрымдары бас жуғандағыдай су-су болған еді; оны Григорий таң сәріде оянып кетіп байқап қалған-ды, ұйқтап жатқан Аксиньядан көпке дейін көзін алмай, оның ұйқысын бұзбау үшін орнынан тұрғысы келмеген болатын.

Аксинья жолда көрген кемтарлыққа ерлікпен шыдады, ол тіпті әлденемә рет: «Еұл не бәлекет, неткен соғыс, кім екен осыны ойлап шығарған? Күні бойы жүресің, келсең — қонуға орын да жоқ және қашанға дейін салпақтайтынымыз да белгісіз», деген Прохорға дейін салпақтап келе жатқан-ды. Бірақ бұл күні Аксинья да шыдай алмады. Түнде жатқанда ол жылап жатқан сыяқтанды Григорийге.

— Мұның не сенің? — деп сұрады ол сыбырлап. — Қай жерің ауырады?

— Ауырып қалдым... Енді не істейміз? Таптап кетпейсің бе мені?

— Міне, тентек! Қалайша таптап кетем мен сені? Жылама, мүмкін, бұл жай, жолда салқын тиген шығар саған, соған да қорқып қалғаның ба?

— Гришенька, бұл — сүзек!

— Босқа сандырақтама! Неғайбіл нәрсе: басың салқын, сүзек болмауы да мүмкін, — деп жұбатты Григорий. бірақ ішінен Аксиньяның бөртпе сүзекпен ауырғанына оның көзі жеткен еді де, егер де ол аурудан төсек тартып жатып қалса, не істеу керегін ойланып, қыйнала бастаған болатын.

— Ой, бұл халде жүру өте ауыр! — деп сыбырлады Аксинья, Григорийдің бауырына кіре түсіп. — Қарашы өзін, қонатын жерлерде қаншама халық үйлерге лық толып кеткен! Гриша, біз битке жем боламыз! Маған үстімді қарайтын да жер жоқ, айналасың бәрі еркек... Кеше мен сарайға барып үстімді шештім, көйлектегі битті көрсен... О тоба, мұндай сұмдықты өмірімде көрген емеспін! Осы-

ны ойласам, лоқсып, құсқым келеді, ештеме жеуге де нәп-сім шаппайды... Кеше сен әлгі сәкінің үстінде ұйқтаған шалдың битінің көптігін көрдің бе? Тура шекпенінің сыртында өріп жүр.

— Сен оны ойлама, қай-қайдағыны әңгіме қылатының не! Ал, несі бар оның, бит болса бит болсын, әскер қызметінде оны санап тұрмайды,— деп сыбырлады Григорий, ызаланып.

— Менің бүкіл денем дуылдап барады.

— Бәріміздің де денеміз дуылдайды, оған қазір не істемексің? Шыда. Екатеринодарға жеткен соң моншаға түсерміз.

— Таза киім киюге болмайды,— деді Аксињья күрсініп.— Гриша, біз құрымыз ғой бұлардан!

— Ұйқта, ертең ерте жүреміз.

Григорий көпке дейін ұйқтай алмады. Аксињья да ұйқтамады. Ол тонның етегімен басын бүркеп бірнеше рет жылап алды, сонан соң ұзақ уақыт аунақшып, күрсіне берді де, тек Григорий өзіне қарай бұрылып құшақтағаннан кейін ғана ұйқтап кетті. Түн ортасында Григорий қатты тарсылдан оянып кетті. Бір адам есікті жапыра итеріп, ашы дауыспен:

— Ашындар есікті! Әйтпесе қыйратамыз! Ұйқтап кеткен ғой қарғалғандар!..— деп айқай салды.

Орта жастағы, момақан келген қожайын казак сенекке шығып:

— Кім бұл? Не керек сіздерге? Егер де қону үшін болса бізде орын жоқ, үй сондайлық лық толы, тіпті бұрылуға мүмкіндік жоқ,— деді.

— Аш деген соң аш! — деп айқайлады сырт жақтан.

Есікті шалқасынан ашыл тастап, алдыңғы бөлмеге қару-жаракты бес казак опыр-топыр кіріп келді.

— Үйіндегі қонып жатқандар кім? — деп сұрады аяздан шойындай қап-қара боп кеткен біреуі, үсінген еріндерін зорға қыймылдатып.

— Босқындар. Өздерің кімсіңдер?

Жауап қайырмастан біреуі төр бөлмеге адымдай басып:

— Әй, сендер! Жайғасып алғанын қарашы! Тез, қазір тайындар бұл жерден! Мұнда әскер түседі. Тұрындар, тур! Шапшаңырақ, әйтпесе қазір айдап шығамыз! — деп айқай салады.

— Соншама даурыққан сен кімсің өзің? — деп ұйқы-

дан оянған күйі қырылданқырай сұрады да, Григорий орнынан жайлап тұра бастады.

— Кім екенімді қазір міне мен саған көрсетейін! — деп казак Григорийге қарай адымдай түсті, керосин шамның сығырайған жарығында қолындағы наганының күңгірт аузы жалт ете қалды.

— Е, өзін бір пысық жігіт екенсің... — деп салды Григорий күлімсіреп. — Кәне, көрсете ғой ойыншығынды! — деді де, шап беріп казакты қолының білезігінен ұстай алып, қатты қысып қалып еді, казак «ой-ой» деп саусақтарын жазып жіберді. Наган томп етіп бөстектің үстіне түсті. Казакты итеріп тастап, шапшандап жерге еңкейіп, Григорий наганды алды, оны қалтасына салды да, байсалды тұрды.

— Ат бепі кел әңгімелесейік. Қай бөлімдікісің? Мұнда сен сыяқты неше пысық бар? — деді.

Казак қапылыста кездескен бұл бассалудан жаңа есін жығып:

— Жігіттер! Мында келіндер! — деп айқай салды.

Григорий есікке келді де, табалдырықтың үстіне тұра қалып, жақтауға арқасын сүйеп:

— Мен — он тоғызыншы Дон полкының жүзбасымын. Акырын! Даурыкпа! Кім ол арсылдап тұрған? Сүйікті станичниктер, бұларын не сендердің, жанжал шығармақшысындар ма? Кімді айдап шықпаксындар? Мұндай правоны сендерге кім берді? Кәне, кет бұл жерден! — деді.

— Сен неге әулігесің? — деді казактардың бірі даусын көтеріп. — Жүзбасының талайын көргенбіз! — Біз қораға түнеуіміз керек пе? Босатыңыз үй-жайды! Босқындарды үйден шығарып тастандар деген бізге бұйрық берілген. түсінікті ме бұл сізге? Көрдің бе мұны, шу көтермекші! Көргенбіз сіз сыяқтыларды!

Григорий сөйлеушіге тақау келіп, тістенген бойы:

— Бұл сыяқтыларды сен әлі көрген жоқсың. Бір өзіңнен екі ақмақ жасап берейін бе осы? Тап солай етем! Сен шегінбе! Бұл менікі емес, сендерден тартып алған наган. Ма, жолдасыңа бер де, таяқ жемей тұрып өздерін тайып тұрындап бұл жерден, айтпесе жүндей түтермін! — деп Григорий казакты қолының ұшымен айналдырып, есікке қарай итеріп жіберді.

— Сазайын берейін бе осының? — деп сұрады, бетін түйе жүн күләпарамен тұмшалап алған қарулы казак, толғанып. Ол былғарымен ұлтандаған дөкей байпақтарын

сықырлата, аяғын кезек-кезек суытып, арт жағында тұрып алып, Григорийді назарын сала, өлшеп-пішіп тұр еді.

Григорий оған қарай бұрылды да, өзін-өзі билей алмай, жұдырығын түйіп алды, бірақ казак қолын көтеріп, достық қалыппен:

— Бері кара, бекзат, сені солай деуші ме еді: тоқтай тұр, жұдырығыңды кезенбе! Біз жанжалдаспаймыз, кетеміз. Бірақ сен, мына заманда казактарға онша телеуірініңді көрсете берме. Он жетінші жылғыдай шынтуайт кезен тағы да тақау келіп қалды. Әлдеқандай ұрда-жықтарға кездесіп қалсаң — олар сенің бір өзіңнен, екеу былай тұрсын, бесеу де жасап береді! Сенің қыйып түсер өткір офицер екенінді біз байқап тұрмыз, және сөз саптауына карағанда өз адамымыз сыяқтысын, сондықтан сен өзінді мұкыят ұста, әйтпесе басыңа бәле тауып аларсың... — деді.

Григорий наганын тартып алған казак кейіп:

— Сол айтқан уағазың да жетер оған! Жүр, көрші үйге барайық, — деп, табалдырыққа қарай алдымен аттады да, Григорийдің жанынан өтіп бара жатып, көзінің қыйығымен карап қойып, аяғандай: — Офицер мырза, біз сенімен байланысқымыз келмейді, әйтпесе шоқындырар едік өзінді! — деді.

Григорий жирене ернін тыржыйтты.

— Сен өзін бе сол шоқындыратын? Жөнел тезірек, мен сенің шалбарыңды сыпырып алмай тұрғанда! Наганды бекер кайырып берген екенмін, сен сыяқты собалактарға наган емес, қойдың қырықтығын тағу керек!

— Жүріңдер, жігіттер, құрсын, соны кайтесің! Қозғама — қозғамасаң исі де мұнкімейді, — деді әуелден әңгімеге кіріспеген бір казак, жайдары күлімдеп.

Сірескен етіктері сарт-сұрт етіп, дүбірлеп, балағаттасып казактар тобымен сенекке шықты. Григорий үй иесіне катал түрде:

— Есікті ашушы болма! Қағар-қағар да кетер, ал болмайды екен — онда мені оят, — деп бұйырды. Айқай-шудан оянып кеткен жоғарғычирліктер ақырындап өзара сөйлесіп жатты.

— Көрдін бе тәртіптің күрт құлағанын! — деп үнлей күрсінді шалдардың бірі. — Офицермен қалай-қалай сөйлеседі, иттің балалары... Бұрынғы уақыт болса, не болар еді бұл үшін? Бұларды каторғаға айдар еді!

— Сөйлесу — ештеме емес! Төбелеспекші болды ғой

әлі! «Сазайын берейін бе осының?» деді біреу, басында күләпарасы бар, әлгі бір еңгезердей неме. Қаскүнемдер, қандай ашынып алған!

— Олардың осы қылығын да кешіресің бе сен, Григорий Паптелевич? — деп сұрады казактардың бірі.

Шинелін бүркене түсіп, бұлардың әңгімелеріне кексіз күлімсірей құлақ тосып, Григорий:

— Олардан не шығар дейсің? Олар дүниенің бәрінен қол үзген, ешкімге де бағынбайды; командирлері жоқ, шайка есебінде келе жатқандар, оларға кім төреші, кім бастық? Кім күштірек болса, оларға сол бастық. Мүмкін, олардың бөлімінде бір де офицер қалмаған шығар. Мен ондай жүздіктерді де көргем, бассыз, тып-тыйпыл! Ал, көне, ұйқтайық, — деді.

Аксинья ақырын ғана сыбырлап:

— Гриша, сен солармен неменеге байланыстың? Құдай үшін сен ондайларға тап бермеші. Ондай жансебілдер өлтіріп кетулері де мүмкін, — деді.

— Ұйқта, ұйқта, ертең ерте аттанамыз. Ал, өзің қалайсың? Тәуірірексің бе?

— Бұрынғыдай.

— Басың ауыра ма?

— Ауырады. Сірә, енді орнымнан тұра алмаспын...

Григорий алақанын Аксиньяның маңдайына басты да:

— Сенен, бейнебір пештен шыққандай, ыстық леп шарпып тұр. Ештеме емес, қорықпа! Денсаулығың мықты әйелсің ғой сен, жазыларсың, — деп күрсінді.

Аксинья үндемей қалды. Оны шөл қажытты. Бірнеше рет ол ас үйге шығып жылып кеткен нашар судан ішіп, жүрегі айнып, басы айналып, бойын зорға билеп бөстекке қайтадан келіп жатты.

Түн бойы тағы да төрт дүркін жүргіншілер келді. Олар есікті мылтықтың құндағымен дүрсілдетті, терезелердің қақпақтарын ашып әйнекті даңғырлатумен болды, Григорийдің үйретуімен сенектен айқайласып: «Кетіңдер бұл жерден! Мұнда бригаданың штабы жатыр!» деп үй иесі балағаттағаннан кейін ғана кетісті.

Таң ата Прохор мен Григорий аттарын жекті. Аксинья зорға дегенде киініп, үйден әрең шықты.

Шапақтап күн шығып келеді. Үйлердің мұржаларынан аспанға әуелеп көк түтін будақтап барады. Аспан төрінде күн шұғыласына астынан бөленіп нарттай боп кішкене бұлт тұр. Шарбақ үстерінде, сарай төбелерінде қалың қы-

рау тұрған. Аттардан бу бұрқ-бұрқ етеді. Григорий сүйемелдеп Аксињьяны шанаға отырғызды да:

— Қыйсайып жатсаң қайтеді? Солай еткенің тынышырақ болар,— деді.

Аксињья мақұлдап басын изеді. Григорий Аксињьяның аяқтарын мәпелеп қымтап, көздерін қалқалап қойған кезде Аксињья оған көзімен алғыс айтқандай үнсіз ғана қарады.

Түсте, жолдан екі шақырым жердегі Ново-Михайловский поселкесіне ат шалдыруға тоқтағанда Аксињьяның шанадан тұруға шамасы да келмей қалған еді. Григорий оны қолтықтап үйге күргізіп, үй иесі әйелдің меймандостықпен ұсынған кереуетіне жатқызды.

— Халің нашарлап кетті ме, қалқам? — деп сұрады Григорий, түсі бұзылып кеткен Аксињьяға еңкейе төніп.

Аксињья көздерін зорға ашты, бұлдыр көзқараспен қарады да, қайтадан талмаусырап кетті. Қолдары дірілдеп Григорий Аксињьяның орамалын шешіп алды. Аксињьяның екі беті мұздай да, маңдайы құйіп бара жатқан тәрізді еді, ал жіпсіген самайларына сүмелек қатыпты. Кешке қарай Аксињья ес-түсін білмей қалды. Мұның алдында ол су сұрап, сыбыр еткен болатын:

— Суық, қардың суын ғана беріңіз.— Сәл мүдіріп қалғыды да, міңгірлеп: — Гришаны шақырыңдар,— деген-ді.

— Мен осындамын. Қсюша, не айтайын деп ең? — деп Григорий оның қолын ұстады да, абдырап, ебдейсіздеу түрде сыйпап қойды.

— Гришенька, тастап кетпе мені!

— Тастамаймын, не себепті бұлай дейсің?

— Жат жерде тастап кетпе... Мен осы жерде өлем.

Прохор су берді. Аксињья көнтііп кеткен еріндерімен жез кружканың ернеуіне құныға қадалды, бірнеше жұтым су ішіп жіберді де, ыңқылдап басын жастыққа сылқ еткізді. Бес минуттан кейін ол сандырақтап, міңгірлей бастады. Басында отырған Григорий: «Кір жуу керек... ніл тап... ерте...» деген бірнеше сөздерін ұғып қалды. Міңгірлеген түсініксіз сөз сыбырға айналды. Прохор басын шайқап, кіналай:

— Мен саған осыны жолға алып шықла дедім! Ал, енді не істейміз? Жаза деген міне осы, хақ тағала! Осы жерге түнейміз бе, болмаса ілгері жылжыймыз ба деп сұрап тұрмын ғой?



Григорий тіл қатпады. Ол бүкірейіп, Аксињьяның өңі қашқан бетінен көзін айырмады. Ықласпен қарсы алған мейрімді үй иесі әйел, көзімен Аксињьяны көрсетіп, ақырын ғана Прохордан:

— Мына кісінің әйелі ме? Балалары да бар ма? — деп сұрады.

— Балалар да бар, бәрі де бар, бізде бір ғана тек сәт жоқ, — деп күбір етті Прохор.

Григорий тысқа шықты, шананың үстіне отырып ұзақ уақыт шылым тартты. Аксињьяны поселкеде қалдырып кету қажет болды, бұдан бұлай тағы да ілгері жүру оның өлімімен аяқталуы мүмкін еді. Бұл Григорийге анық нәрсе болатын. Ол үйге кірді, тағы да кереует шетіне отырды.

— Түнейміз бе, қайтеміз? — деп сұрады Прохор.

— Ия. Мүмкін, ертең де аялдармыз.

Кешікпей аласа бойлы, каршадай, тіміскіленген ойнақы көзді үй иесі келді. Ағаш аяғын тық-тық еткізіл (оның бір аяғы тізесінен жоқ еді), столға қарай пысық басып өтті, киімін шешті, Прохорға жаратыңқырамай көз қыйығын тастап:

— Құдай тағы қонақ жіберген бе? Қай жақтан? — деп сұрады да, жауап күтпестен, әйеліне бұйырып: — Тез бір нәрсе әкел жеуге, ашығып, иттей бұралдым! — деді.

Тамақты ол жалмаңдап ұзақ жеді. Оның кезбе көзі Прохорға, сұлық жатқан Аксињьяға жиі-жиі тоқтала берді. Төргі бөлмеден Григорий шығып қожайынмен амандасты. Үй иесі үнсіз басын ғана изеді де:

— Шегініп келесіндер ме? — деп сұрады.

— Шегініп келеміз.

— Жауласып біткеніңіз бе, бекзатым.

— Соған ұқсайды.

— Мынау кім, әйеліңіз бе? — деп қожайын Аксињьяға қарап иегін қақты.

— Әйелім.

— Неге сен оны кереуетке жатқыздың? Өзіміз қай жерге ұйқтаймыз? — деді ол өз әйеліне, жаратпай.

— Ол ауру әйел, Ваня, қалай болғанда да аяныш қой.

— Аяныш! Бәрін аяп жеткізе алмассың олардың, көрмейсің бе, қаншамасының шұбырып келгенін! Бізді таршылыққа түсірдіңіз, бекзат...

Екі қолын кеудесіне қусырып, қожайындарға қарай басын ие сөйлеп:

— Езгі жандар! Бишара халге түскен мен сорлыға,

Христос үшін қол ұшын беріңіздер. Бұл әйелді бұдан әрі алып жүруге мүмкіндік жоқ, ол өліп кетеді, оны сіздікіне тастап кетуге рұқсат етіңіздер. Қараған еңбегіңізге, қанша десеніз де, ақы төлеймін және қайырымыңызды өмір бойы ұмытпаспын... Мейіріміңізден мақрұм қалдырмаңыз! — дегенде Григорийдің үнінде бұрын-соңды болмаған тіленшектік, жалбарынушылық әуез естілді.

Ауру бағуға уақытымыз жоқ және үй-жай тар дегенді сылтау етіп үй иесі алғашқыда біржолата қарсы болды да, сонан соң түстік тамақты ішіп болып:

— Бекерден-бекер оны ешкім де күтпейді — бұл өзінен өзі белгілі нәрсе. Ал, күтім үшін қанша ақы тағайындамақсыз. Біздің еңбегімізге қанша берсем жарар деп ойлайсыз? — деді.

Григорий қалтасындағы бар ақшасын шығарды да, қожайынға ұсынды. Үй иесі бір буда дон ақшасын именіңкірей қолына алды, бармақтарын түкіріктеп оны санап шықты да:

— Николайдікі жоқ па? — деп сұрады.

— Жоқ.

— Мүмкін, керендікі бар шығар? Мыналардың өзі өте сенімсіз...

— Керендікі де жоқ. Тілесен, атымды қалдырайын?

Қожайын ұзақ уақыт ойланды да, толғана жауап берді:

— Жоқ, мен оны, әрине, алар да едім, өйткені шаруаға ат деген бірінші керек нәрсе, бірақ қазіргі заманда мұныңыз ынғайға келмейді; ақтар, я болмаса қызылдар алып кетеді, бәрібір оны пайдаландырмайды. Менде анау бір қолау жаман бие тұр, соның өзін де қай күні ауладан жетектеп кетеді деп зәрем жоқ. — Қожайын біраз ойланып отырды да, ақтала түсіп: — Сіз мені көзі тоймайтын адам екен деп ойламаңыз, құдай сақтасын! Өзіңіз төресін беріңізші, бекзатым, әйеліңіз бір ай жатады, мүмкін, тіпті онан да көп жатып қалуға, ананы әкелу, мынаны әкелу керек, оның үстіне тағы тамағы бар, нан да сүт, жұмыртқа мен ет дегені де керек, осының бәрі ақша ғой, дұрыс айтам ба? Тағы да оның кірін жуып, өзін шомылдыру керек және тағы осы сыяқтылар... Біздің қатынның өз шаруашылығында да жұмысы көп, ал енді ол ауру жанында болып, соны күтуге тиіс болады ғой. Бұл оңай іс емес! Жоқ, сіз сараңсый бермеңіз, бір нәрсе қосыңыз. Мен — мүгедек адаммын, көріп отырсыз ба, аяқсызбын, менен қандай малтапқыр, қандай қызметші шықпақшы?

Әйтеуір, құдайдың берген ырзығымен, нан жеп, квас ішіп дегендей, күнелтіп отырмыз...

Григорий іштен тынып, қайнаған ашумен:

— Мен сараңсып тұрған жоқпын, езгі жанды пенде. Бар ақшамды мен саған бердім, өзім ақшасыз да күн көрем. Тағы не нәрсе сұрайсың меңен? — деді.

— Солай етіп сіз бар ақшаңызды бере салғаныңыз ғой! — деп қожайын сенбей мырс ете түсті. — Сіздің жал ақыңызға қарағанда, ақшаңыз сумка-сумка болуға тиіс.

— Сен өзің тура айт, — деді Григорий сұрланып: — науқасты үйіңізде қалдырасыз ба, жоқ па?

— Жоқ, сіз бұлай етіп санасып тұрғанда бізге ол науқасты алып қалуда мәніс жоқ. — Қожайынның даусында айқын өкпелі үн естілді. — Бұл да оңай істің бірі емес... Офицердің әйелі, анау да мынау деп көршілер есітеді, сіздердің ізіңізше жолдастар келеді, жай-мәністі біледі де, әуре-сарсаңға салады... Жоқ, мұндай жайда қалдыра алмаймын, алып кетіңіз, мүмкін, көршілердің бірі мақұл көріп алып қалар, — деп қыймаған түрмен Григорийге ақшасын қайырды, қалтасынан темекі дорбасын алды да, шылым орай бастады...

Григорий шинелін киді де, Прохорға:

— Аксиньяның жанында бола тұр, мен пәтер іздеуге барайын, — деді.

Қожайын тоқтатып:

— Тоқтай тұрыңыз, бекзат, сонша неге асығасыз? Сіз бұл сорлы әйелге менің жаным ашымайды деп ойлайсыз ба? Өте қатты жаным ашыйды, және өзім де солдат боп қызмет атқарғанмын, сіздің атағыңыз бен шеніңізді бек құрметтеймін, ал мына ақшаға бірдеме қоса алмайсыз ба? — деген кезде Григорий есіктің тұтқасынан ұстап та қалған еді.

Осы арада Прохор шыдай алмады: ол ашу кернеп, күп-күрең боп:

— Немене қосу керек тағы саған, аяқсыз сұр жылан? Қалған аяғыңды сындыру керек, міне саған қосып беретін нәрсе сол! Григорий Пантелевич! Жіберші мені, жүнін жұлған торғайдай қылайын өзін, сонан кейін Аксиньяны мінгізіп алып жүріп кетейік, қарасы батсын, құдайдан безген, қарғыс атқырдың!.. — деп гүрілдеді.

Прохордың ашу қысып, булығып шыққан сөзін қожайын тіс жарып бөлместен тыңдады да, ақырында:

— Жауынгерлер, сіздер мені бекерге зәбірлейсіздер!

Мұның өзі адамның қалауымен болатын іс, бұл үшін бізге балағаттасып, түс суытатын ештеме жоқ. Ал, кішкене казак, сен неменеге маған тарпа бассалдың? Менің айтқаным ақша ма екен? Қосымша дегенім менің мүлде ақша жөнінде емес! Менің айтайын дегенім, мүмкін, сіздерде басы артық қару бар шығар, айталық, винтовка я болмаса жатқан-тұрған тапанша деген сықылды... Сіздерге мұның бары-жоғы бәрібір, ал мына заманда ол бізге — үлкен бір дәулет. Үй болған соң сөзсіз қару да болуы керек! Менің көздегенім, міне, осы еді! Кәне, берген ақшаларыңызды беріңіз де, оған винтовка қосыңыз, сонымен қол алысайық, науқас әйеліңізді қалдырып кетіңіз. Өзіміздің туған адамымыздай бағамыз, бұған міне крест куә!—деді.

Григорий Прохорға қарады да, ақырын ғана:

— Менің винтовкам мен патрондарымды бер оған, сөйт те бар, ат жек. Аксињья қалсын... Құдайдың өзі төреші, мен оны өлімге алып бара алмаймын! — деді.

## 27

Қуанышсыз сұрғылт күндер созыла берді. Аксињьяны жолда қалдырғаннан кейін Григорийдің айналасындағы өмірге мүлде зауқы соқпай қалды. Шанаға ертемен мініп, ұшы-қыйыры жоқ, қар басқан байтақ иен далада жүріп келеді де, ол кешке қарай бір жерден баспана қамдайды, жатып, ұйқыға кетеді. Күнде осы қалып. Оңтүстікке қарап өрлеген майданда не болып, не қойғанымен де оның жұмысы болмады. Нағыз шындап қарсыласудың біткенін, казактардың туған станицаларын қорғау ынтасының сарқылып қалғанын, барлық жағынан алып қарағанда да, ақ армиялардың ең ақтық қыймылын аяқтауға айналғанын және олардың Донда табан тірей алмағаннан кейін Кубаньда да ештеме бітіре алмайтынын Григорий түсінген болатын...

Соғыс аяқталуға айналды. Оның ақыры шұғыл да тоқтаусыз келді. Майданды тастап мың-мыңдаған кубандықтар үйді-үйіне тарай бастады. Дондықтар күйретілді. Үздіксіз ұрыстан және сүзек ауруынан әлсіреп, құрамының төртен үш бөлшегін жоғалтқан ақтардың Ерікті армиясы табыстан табысқа шарықтаған Қызыл Армияның тегеурініне қарсы тұра алмады.

---

<sup>1</sup> Р а д а — совет.

Босқындар арасында Кубань Радасының<sup>1</sup> мүшелеріне генерал Деникиннің істеген айуандық қылмысына қарсы Кубаньда наразылық күшейіп келеді деген қауесет тарай бастады. Ерікті армияға қарсы Кубань көтеріліс әзірлеп жатыр, совет әскерлерін Кавказға тоқтаусыз өткізіп жіберу жөнінде Қызыл Армия өкілдерімен келіссөз жүргізіпті десті. Кубань мен Терек станицаларында халық ерікті армияшылдарға түксие қарағанындай, дондықтарға да мықтап қас екен, Кореновскаяның төңірегіндегі бір жерде Дон дивизиясы мен Кубань жербауырлаушылары өзді өзі соқтығысқан бірінші ірі ұрыс та болып өтіпті дегенді қасара әңгімелей берді.

Ақтардың біржола жеңілетініне және мұның күмансыз екеніне күннен-күнге көзі жете түсіп, Григорий тоқтаған жерлерде құлағын әңгімеге ықласпен тосатын болды. Бірақ та, басқа төнген қауіп ақтардың өзара жауласуын тыйып, күштерін біріктіруге, қызылдардың жеңімпаз шабуылына төтеп беріп, кері тойтарып тастауға мәжбүр етер деген бұлдыр үміт оқта-текте орала беретін. Ал Ростовты қолдан бергеннен кейін оның бұл үміті де жоғалып, Батайскінің тұсында болған мықты ұрыстардан соң, қызылдар шегіне бастапты деген лақапқа ол сенбей қойды. Бос жүріп көңілі жабырқаған соң, қандай болса да бір әскер бөліміне қосылғысы келді де, ойын Прохорға айтып еді, Прохор бұған қарсы өре түрегелді:

— Григорий Пантелевич, сен мүлде ақылдан жазған шығарсың! — деді ол ашу кернеп. — Осындай тандырға басымызды сұққандай біздің не жынымыз бар осы? Іс біткен, оны өзің де көріп тұрсың, бекерден-бекерге енді біз неменесіне өзімізді өлімге итермелейміз? Әлде біз екеуіміздің көмегімізге тіреліп тұр деп ойлайсың ба? Ешкімнің бізбен ісі болмай және бізді бөлімге алуға қыстамай тұрғанда бұл бәледен мүмкін болғанынша қашығырақ кету керек, ал сен қайдағыбір былық әңгімені соғасың! Жок, алдыразы болсын, осылайша бейбітшілікпен, жай ғана қарттарша шегіне берейікші. Онсыз да біз бес жыл ішінде аз жауласқанымыз жок, енді басқалар-ақ байқап көрсін. Мен жіңішке дертті сол майданда тағы да мені мугедек етсін деп тауып алыппын ба? Рақмет! Құрметтедің! Бұл соғыстан мен соншалық тойдым, тіпті оны ойласам-ақ құсқым келіп кетеді! Қаласаң — өзің бара бер, бірақ мен мақұлдамаймын. Онда мен госпитальға жатам, маған осы да жетер!

Григорий ұзақ уақыт үндемей қалды да, сонан соң: — Сеніңше-ақ болсын. Кубаньға барамыз, сонда барған соң көрерміз, — деді.

Проход өз білгенін істеді: халқы мол ірі пунктке келгенде ол фельдшерді тауып алып, порошок, я болмаса сұйық дәрі әкеліп жүрді, бірақ емделуге аса ынталы болмады, бұл жөндеті: бір порошокін ішіп, қалғанын қарға тастап, неге аяғымен талтап күртасың, — деген Григорийдің сұрағына, ол: — Мұны емделіп жазылу үшін емес, тек ауруды басу үшін ғана қолданамын; себебі, дәрігерлер қайта қарай қалған күнде осы күйде әсер бөлігіне барудан бастартуға оңай болады деген-ді. Великооктябрьская станицасында бір қартамыс казак оған үйрек табынын қайнатып, соның шырынымен емде деп ақыл берді. Содан бері Проход хуторға жә болмаса станицаға кіре берісімен бірінші кездескен адамнан: «Рақым етіп айтып жіберіңізші, сіздің бұл жерде үйрек асырайтын кім бар?» — деп сұрайтын болды. Жакын жерде су болмағандықтан үйрек асырауда мағна жоқ деп, таңырқай жауап қайырған тұрғынды Проход өлгенше жек көріп, тістене сөйлеп: — «Осындай жерде адам сыяқты да тұра алмайсындар! Сендер, дәуде болса, үйректің қырқылдағанын да естімеген шығарсындар! Даланың меніреу томарлары!» — дейтін. Сосын, Григорийге қарап, күйіне: «Алдымызда ықтимал, поп өтіп кеткен шығар — онан басқа себеп жоқ! Ешнәрседен жолымыз болмай-ақ қойды! Осы жерде үйрек бола қалды ғой — ешбір ақша аямастан біреуін тура сатып, я болмаса ұрлап алар едім де, ісім оңға басар еді, айтпесе менің ауруым өте-мөте қозып барады! Басында ойыншық сыяқты еді, тек жолда ғана көз іліндірмеуші еді, ал қазір, қара басқыр, таза бір бәле болып алды. Шанада да отыра алмайтын болдым! — деп қосып қоятын.

Григорий тарапынан қостау болмағаннан кейін Проход ұзақ уақыт үннен қалатын да, бірнеше сағат бойы тіс жарып сөз айтпай, сұстана қоқырайып келе жататын.

Сапар шегу жүрісіне кеткен күндер Григорийге адамды сарғайта зарықтырарлықтай ұзын көрінді, таусылмайтын қысқы түндер онан да ұзағырақ тиді. Қазіргіні ойлануға, өткенді еске түсіруге оның уақыты өте мол болды. Нашар да болса ражайып боп қыйысқан өмірінің зырлап өткен жылдарын ол ұзақ уақыт сұрыптап тізіп, көз алдына келтіріп отырушы еді. Шанада бұлдыраған көз қарасын жансыз, мылқау даланың қарлы байтағына қадап, болма-

са түнде көздерін тас жұмып, тістерін қарыстыра тістеп, адам лық толы қайдағыбір қапас бөлмеде жатып алып үнемі ойлайтыны жалғыз-ақ сол: жат жерде ессіз-түссіз қалған ауру Аксиныя, Татарскийде қалған жақындары... Ал сонау Дон округінде совет өкіметі орнаған еді де, Григорий үнемі үрейлене, мұңая өзінен өзі: «Япыр-ай, мен үшін мамамды не Дуняшканы азаптар ма екен?» деп сұрайтын. Сөйтетін де бір мезет, қызыләскерлер бейбітшіл, алған станицаларының халқына жақсы қарайды екен деп, жолда әлденеше рет естіген әңгімесін есіне түсіріп, өзін өзі жұбататын. Қорқыныш сезім бірте-бірте сөне бастап, ол үшін кәрі ана жауапкер болады деген ой оған қыйсынсыз, ерсі және дәлелсіз көрінетін. Балаларын еске алғанда Григорийдің жүрегін бір секундтай қайғы қармайтын, оларды сүзектен сақтап қала алмас деп қорқатын, сонымен бірге, балаларға қаншама махаббаты түсе тұрса да, Наталья өлгеннен кейін оны ешбір қайғы азабы тап сондай етіп меңдете алмайтындай да көрінетін оған...

Сальский қыстақтарының бірінде олар ат тынықтыру үшін төрт күн аялдады. Осы уақыттың ішінде ендігі жерде не істеу керек екенін олар әлденеше рет әңгіме етті. Қыстаққа келісімен-ақ Прохор бірінші күні:

— Кубаньда біздің жақ майдан құрар ма екен, болмаса Кавказға қарай шұбай берер ме екен? Қалай деп ойлайсың? — деп сұрады.

— Білмеймін. Саған соның бәрібір емес пе?

— Ойлап тапқаныңа болайын! Қалайша маған бәрібір болмақшы? Бұлай ете берсе түрік қол асты сыяқты бір дінсіздер жеріне айдап кіргізер, сонда сүйегіңмен салқан атызын тыңайтарсың.

— Мен Деникин емеспін ғой саған, менен сен бізді қайда айдап кіргізетінін сұраушы болма, — деп жауап қайырды Григорий наразы үнмен.

— Кубань өзенінде қайтадан тағы да қорғана бастайды екен де, ал жазғасалым үйді-үйіне қарай тартатын көрінеді деген сыбыс естідім, мен сенен сондықтан сұрап тұрмын.

— Кім ол қорғанатын? — деп Григорий мырс ете түсті.

— Казактар мен кадеттер, басқа кім болушы еді?

— Ақмақтың сөзін сөйлейсін. Көзің шығып кеткен бе, көрмейсің бе айналаңда не болып жатқанын? Жұрттың бәрі тезірек зытуға тырысуда, қорғанатын кім сонда?

— Ой, жігітім, өзім де көріп тұрмын, біздің істің мүш-

кілге айналғанын, бірақ сонда да ішім сенбейді...— деп күрсінді Прохор.— Ал егер шет жерге бет түзеп жүзетін жә болмаса шаянша жорғалап жылжыйтын уақыт тап келсе — сен қайтпексің? Жөнелесің бе?

— Сен ше?

— Менің ісім сол-ақ: сен қайда барсаң — мен де сонда барамын. Халық кетіп жатса — мен жалғыз қалмақшы емеспін ғой.

— Мен де солай деп ойлаймын. Қойдың халіне түскеннен кейін, қошқарлардан қалмауымыз керек қой...

— Сол қошқарларыңның өзі, кей кезде ақмақтанып, жын соққандай әлдеқайда қойып кететіні де бар... Жоқ, сен бұл секілді ертегіні таста! Сен жөнін сөйле!

— Байланбашы осы, алдыразы болсын! Кезінде белгілі болар. Біз неменесіне күні бұрын бал ашамыз!

— Ал, онда аумин! Ендігәрі сенен зорлап ештеме сұрамаймын,— деп келісті Прохор.

Бірақ келесі күні аттарды күйттеуге шыққанда бұрынғы әңгімеге қайта оралды.

— Жасылдар<sup>1</sup> туралы сенің ештеме естігенің бар ма? — деп сұрады Прохор ептеп қана, үш тармақты айырдың сабын қараған болып.

— Естідім, ал сосын?

— Бұл жасылдар тағы қайдан пайда болған? Олар кімді жақтайды?

— Қызылдарды жақтайды.

— Неліктен олар жасыл атанған?

— Кім біледі қырғын тигірді, өздері орманды паналайды, аты да сонан шыққан болар.

— Мүмкін, біз екеумізге де жасылдану керек болар?— деп, біраз ойлағаннан кейін, Прохор қаймыға ұсыныс жасады.

— Бір түрлі ынтам жоқ.

— Жасылдардан өзге тағы да басқалары жоқ па екен, тезірек үйге ат басын тірейтін? Жасылы, болмаса көгі жә тіпті жұмыртқа сарысы болса да — маған бәрібір, қай түске болса да, жан-тәніммен күмп етем, тек осы соғысқа қарсы болса және әскерліктерді үйге жіберетін халық болса маған болғаны...

— Шыдай тұр, мүмкін, сондайлар да шығып қалар,— деп ақыл берді Григорий.

<sup>1</sup> Жасылдар, қызыл-жасылдар — деп ақтар қызыл партизандарды айтқан.



Январьдың аяғында жып-жылы бір тұманды күні тапа-талтүсте Григорий мен Прохор Белая Глина слободасына келді. Слободаға он бес мың босқың үймелепті, олардың как жартысы сүзек боп ауырғандар екен. Түсуге пәтер, атқа шөл-жем іздеген, ағылшындық шолақ шинель киген, шолақ тонды, бешпетшен, аттылы-арбалысы бар, көше бойы жосып жүрген казактар. Аулада оттық жанында ондаған аттар мойып, сабан қайзалап тұр; көше-көшеде тастап кеткен шаналар, лау көк арбалары, оқ-дәрі жәшіктері жатыр. Көшелердің бірін бойлай өтіп бара жатып Прохор дуалға байлап қойған биік торы атқа тесірейе қарап:

— Мынау менің Андрюшка жұрағатымның аты ғой! Олай болса бұл жерде біздің хуторлықтар бар, — деп шапшандап шанадан секіріп түсіп, біліп шыққалы үйге кіріп кетті.

Бірнеше минуттан кейін үйден шинелін жамылып Прохордың әрі жұрағаты, әрі көршісі Андрей Топольсков шықты. Ол Прохормен бірге байсалды түрде шанаға жақындап келіп Григорийге аттың тер исі аңқыған қап-қара қолын созды.

— Хутор лауларымен бірге келе жатырсың ба? — деп сұрады Григорий.

— Мұқтаждықты бірге көріп келеміз.

— Ал, қалай жүріп келдіңдер?

— Белгілі ғой жүріс... Әрбір қонған жерде адамдарды да, аттарды да қалдырып келеміз...

— Менің шалым аман-есен бе?

Григорийден көзін әлдеқайда асыра қарап, Топольсков күрсініп қойды:

— Нашар, Григорий Пантелевич, іс нашар... Бата кыл әкеңе, кеше кешкілікте құдайға жан тапсырды, қайтыс болды...

— Жерледіндер ме? — деп сұрады Григорий сұрланып.

— Айта алмаймын, бүгін ол үйге барғаным жоқ. Барайық, мен пәтерін көрсетейін... Жұрағат, оңға бұр, бұрыштан санағанда оң қолдағы төртінші үй.

Төбесін қаңылтырмен жапқан үлкен үйге келіп дуал жанына Прохор атты тоқтатты, бірақ Топольсков аула ішіне кіруге кеңес етті.

— Бұл үйде де тығыздық, жыйырма адам бар, алайда

бірдеме етіп сыйысарсындар, — деді де, ол қақпа ашуға шанадан секіріп түсті.

Отты мықтап жаққан ыссы бөлмеге алдымен Григорий кірді. Еденде тізіліп жатқан, иін тіресе отырған таныс хуторлықтар екен. Кейбіреуі аяккім және ат әбзелдерін жамап отыр да, енді бір үшеуі, ішінде Пантелей Прокофьевичпен бірге қостас болып кеткен Бесхлебнов бар, стол жанында ботқа жеп отыр еді. Григорийді көре сала казактар ұшып түрегеліп, қысқа сәлемге жамырай жауап қайырды.

— Әкем қайда? — деп сұрады Григорий, сенсең бөркін алып бөлмені айнала карап.

— Бақытсыздыққа ұшырадық... Пантелей Прокофьевич марқұм болды, — деп Бесхлебнов ақырын ғана жауап берді де, шекпенінің жеңімен аузын сүртіп, қасығын жерге қойып, шоқынып жіберді. — Кеше түнге қарай жан тапсырды, жаны жәнатта болсын.

— Білемін. Жерледіндер ме?

— Жоқ, әзірше. Біз оны бүгін жерлемекші болып жаттырмаз, ал өзін қазір анау суық төр бөлмеге шығардық. Бері өт, — деп, Бесхлебнов жанындағы бөлменің есігін ашты, ғафу өтінгендей: — Казактар өлікпен бірге бір бөлмеде қонғысы келмеді, исі ауыр, және бұл жер оған оңдырақ... Қожайындар бұл бөлмені жылытпайды, — деді.

Кең төр бөлмеде кендір ұрығы мен тышқан исі бұрқырап тұр екен. Бұрыш тола тары мен кендір үйілген, сәкі үстінде ұн және май салған күбілер тұр. Бөлменің қақ ортасында бөстек үстінде Пантелей Прокофьевич жатыр. Бесхлебновты ысырыңқырай Григорий бөлмеге кіріп, әкесінің жанына тоқтады.

— Екі жұма сырқаттанды, — деді Бесхлебнов ақырын ғана. — Сүзек оны Мечетка түбінде-ақ сұлатқан еді. Міне әкеңе жайласуға құдайдың қосқан жері осы ара болды... Біздің өміріміз осындай ғой...

Григорий еңкейіп әкесіне қарады. Дерт сүйікті бет әлпетті өте өзгерткен, ақылға қонбастай, танымайтындай жат етіп жіберген. Пантелей Прокофьевичтің қансыз, сұалған жақтарын ақ қылтанақ басыпты, мұрттары опырайған аузының үстіне салбырап кетіпті, көздері шала жұмылған да, ақ еттерінің көкшіл кіреукесі ұшқын атқан жанды жарқылынан айрылып та қалған. Шалдың салбырап кеткен төменгі жақ сүйегі қызыл орамалмен көтере таңылыпты да, қызыл матаның үстінде бұйраланған бу-

рыл сакалы бұрынғыдан да ағырақ, күміс тәрізді боп көрінді.

Ақтық рет анықтап қарап, сүйікті жүзді ойда қалдыру үшін Григорий тізерлеп отыра кетті де, жиренгеннен еріксіз жаны түршігіп, селт ете қалды. Пантелей Прокофьевичтің балауыздай сұр бетінде көз ұясын, беттегі әжім сайларын толтыра бит өріп барады екен. Бит беті тұтасымен жанды пердедей қыбырлап қаптап алыпты, сакал іші құжынап, қастарының арасынан бірі кіріп, бірі шығып жүр, көк шекпеннің тік жағасын боз қыртыстанып, топ-топ боп жауып кетіпті.

Григорий мен казактардың бір-екеуі тоң боп қатқан шойындай сазбалшықты сүйменмен қашап, қабір қазды, тақтайдың кесінділерінен Прохор зорға дегенде табыт жасап шығарды. Кешке таман Пантелей Прокофьевичті көтеріп аларып, жат ставрополь жеріне көмді. Ал бір сағаттан соң слободада шам жағылған кезде, Григорий Белая Глинадан шығып, Новопокровскаяға қарай жол тартты.

Кореновская станицасында Григорий өзін өте нашар сезінді. Прохор дәрігер іздеуге жарты күнін сарп етті де, ақырында шала мас бір әскери дәрігерді тапты, оны зорға көндіріп пәтерге алып келді. Шинелін шешпестен, дәрігер Григорийді қарады, тамырын ұстады, көзі жеткен түрде:

— Қайталама сүзек, сізге айтатын ақылым, жүзбасы мырза, саяхатыңызды тоқтатыңыз, әйтпесе жолда өлесіз, — деді.

— Қызылдарды күтейін бе? — деп Григорий өтірік күлді.

— Жок, қызылдар әлі алыс кой.

— Алыс болса жакындар...

— Бұған менің шұбам жок. Алайда сіздің осында қалғаныңыз жөн болар еді. Екі бәленің мен осынысын артығырақ көремін, мұнысы жеңілірек.

— Жок, мен қалайда болса жүремін, — деді Григорий берік түрде, сөйледі де гимнастеркасын киіе бастады. — Сіз маған дәрі бересіз бе?

— Ерік өзіңізде, жүре беріңіз. Мен сізге ақылымды айтуға міндеттімін, аржағы — қалай етсеңіз де өз қалауыңызда. Ал дәріге келсек, оның ең абзалы дамыл мен күтім; дәрі-дәрмек жазып беруге болар еді, бірақ аптека эвакуацияланып кетті, менің қолымда хлороформ, под және спирттен басқа ештеме де жок.

— Спирт болса да беріңіз!

— Өте мақұл. Бәрібір сіз жолда өлесіз, сондықтан спирт ешбір өзгеріс жасамайды. Деншигіңіз менімен жүрсін, мың грамм беріп жіберейін сізге, мен мейрімді жанмын...— Дәрігер честь берді де, тәлтіректей басып шығып кетті.

Проخور спирт алып келді, ол бір жерден жаман-жұман бір қос аттық күймелі арба тауып алып, ат жекті, үйге кіріп, жабығыңқы түрде мысқылдай:

— Күйме даяр, бекзатым! — деп мәлім етті.

Сөйтіп қайғылы ауыр күндер тағы да қайтадан созыла түсті.

Тау етектерінен Кубаньға асыға басып оңтүстіктің көктемі келе жатты. Жазық жерлерде қар күрт ереді, кара топырағы жылтылдаған құйкалы жерлер ойдым-ойдым ашыла түсті, күмістей сылдыраған үнмен көктем жылғалары сыбдыр-сыбдыр сөйлесті, жол ойылып шұбар тартты, қыйырдағы көгілдір қыяндар нағыз көктемдегіше жарқырады да, Кубанның кең аспаны шұңғылырақ, көгірек, жылырақ бола бастады.

Екі күннен кейін күн көзіне күздік бидай ашылып қалды, егістің үстін ақ тұман қаптады. Қардан жалаңаштанған жолмен батпаққа шашасынан батып, жырашықтарға тұрып-тұрып қалып, белдері мықшындай бүгіліп, тері будақтап, аттар аяқтарын шалп-шалп басты. Проخور шаруалықпен олардың құйрықтарын түйді, күймеден жиі-жиі түсіп, батпақтан аяғын зорға суырып, қабырғалай жүріп:

— Бұл, балшық емес, ақыйқат жабысқақ смола! Асудан асуға жеткенше аттардың үсті бір құрғар емес,— деп мінгірледі.

Күйменің үстінде жаурай тоңып, тонға орана түсіп Григорий үн қатпайды. Бірақ әңгімелесуші адамсыз жүре беру Проخورды жалықтыратын болды: ол Григорийдің жә аяғынан, жә жеңінен түртіп қойып:

— Мына жердің батпағы қандай қатты! Түс те байқап көрші! Сенің-ақ ауырғың келе береді екен осы,— деп қояды.

— Жоғал әрі! — дейді оған Григорий естілер-естілмес етіп сыбырлап.

Біреуге кездескенде Проخور:

— Алда батпақ мұнан да қоюырақ па, әлде осындай ма? — деп сұрайды.

Оған жұрт күліп, қалжыңдай жауап беріседі де, Прохор тірі жанмен тіл қағысқанына мәз болып, аттарды жиі-жиі тоқтатып, қарақошқыл маңдайындағы тоқпақтай тамшы терін сүрте түсіп, біраз уақыт үндемей келе жатады. Бұларды салт аттылар басып озады да, Прохор шыдай алмай, өтіп бара жатқандарды тоқтатып амандық сұрасады, қайда бара жатқандарын, өздері қай жерлік екенін сұрайды, ақырында:

— Бекер кетіп бара жатырсындар. Бұдан былай қарай жүруге мүмкіндік жоқ. Неліктен дейсің ғой? Қарсы жолыққан жұрт айтты — батпақтың күштілігі соншалық, ат бауырлап жүзіп, арбаның доңғалақтары айналмайтын көрінеді, ал бойы аласа жаяулар тура жол үстінде жығылады екен де, батпаққа батып кетеді екен. Босқа үремің бе? Шолақ құйрық төбет қана үреді, мен үрмеймін. Ал біз неге кетіп барамыз? Бізге басқаша амал жоқ, өйткені ауру архирейді әкеле жатырмын, оған қызылдармен бірге өмір сүруге ешбір мүмкін емес...— дейді.

Аттылардың көпшілігі Прохорды кексіз балағаттай салып асып кетеді, ал кейбіреулері кетер алдында ғана қала қарап тұрып:

— Доннан ақмақтар да шегінген екен ғой? Станицаларындағы жұрттың бәрі сендей ме? — деседі.

Болмаса осы тәрізді басқа бір, мұнан да ауырырақ сөз айтып кетеді. Тек өз станичниктерінен бөлініп қалған бір кубаньдық қайдағы жоқ сөзді айтып босқа тоқтатқаны үшін шындап ашуланып, Прохорды камшымен маңайдан тартып жіберуге ыңғайлана бергенде ол көз ілеспестей ғажап шапшаңдықпен күйменің үстіне атып мініп, бөстек астынан карабинін суырып алып тізесіне қойды. Кубаньдық балағаттап шеткері шыға берді. Прохор тамағын жырта қарқылдап күліп, оған ізінше:

— Бұл саған Царицын түбіндегідей жүгері ішіне тығылатын жер емес! Сыбанып қаспақ жалаған қазаншы! Әй, ботқа соғар, кері қайт! Ұшып келдің бе? Жығна балахоныңның етегін, әйтпесе балшыққа сүйретіледі! Делбеңдеп қанатын жаюын кара, тауықшының! Қатын қоңды кара қасқа! Кезенгенді көрсетер едім бәлем өзіңе — жаман патрон да жоқ! Таста қамшыңды, естисің бе?! — деп айқайлады.

Жұмыссыз іші пысып жынданған Прохор ойына келгенін ермек етті.

Сырқаты басталған күннен былай Григорийдің өмірі түс сыяқты болды. Ауық-ауық талып кетіп, сосын қайтадан есін жыйнайды. Ұзақ уақыт ес-түсін білмей жатып, қайтадан көзін ашқан минуттардың бірінде Прохор оның үстіне еңкейіп:

— Сен әлі тірісің бе? — деп сұрады, аянышпен Григорийдің қарауытқан көздеріне үңіле қарап.

Төбелерінде күн жарқырап тұр. Бірде түйдектеліп, бірде созыла, қара мақпал ирек сызық салып аспанның қою көк буалдыр төрінде қара қанатты қараша керуендері қыйқулап ұшып барады. Қызған жер мен жас майса шөп исі есеңгірете аңқыйды. Демін жиі-жиі алып, Григорий көктемгі жандандырғыш ауаны өкпесіне тоймастай толтырады. Прохордың даусы құлағына талып жетеді, төңірегіндегінің бәрі болмыстан тыс, ұғымға сыймастай, біртүрлі кішірейіп, алыстап көрінеді. Кейінгі жақтан шалғайлық тұншықтырған зеңбірек даусы мардымсыз гүрілдейді. Жақыннан темір арбаның дөңгелегі үйлесімді біркелкі үнмен тырсылдайды, пысқырынып аттар кісінейді, адам дыбысы естіледі, піскен нанның, пішеннің, аттың ашы тер исі аңқып шығады. Григорийдің бұлдыр есіне осының бәрі өзге дүниеден шыққандай боп жетеді. Прохордың даусын ол барлық қайрат-жігерін сала тыңдап, әрең деп ұқты. Прохор онан:

— Сүт ішесің бе? — деп сұрады.

Григорий тілін зорға қыймылдатып, кезерген еріндерін жалады, өзі қою, таныс тұщы дәмді, сап-салқын сұйық заттың аузына құйылғанын сезді. Бірнеше рет жұтқаннан кейін ол тістеніп аузын жұмып алды. Прохор фляганың аузын тықты да, қайтадан Григорийдің үстіне еңкейді, Григорий өзіне қойылған:

— Мүмкін, сені станицада қалдыру керек болар? Халің нашар ғой? — деген сұрақты естуден гөрі Прохордың жарылған еріндерінің қыймылынан аңғарды.

Григорийдің жүзінде қайғы мен қорқыныш реңі пайда болды; ол тағы да қайрат-жігерін түйіп-жыйнап:

— Өлгенімше... алып жүре бер... — деп сыбырлады.

Сөзің естігенін ол Прохордың жүзінен аңғарды да, әңгүдік, у-шуы мол осы бір дүниеден әрі жөнесп, талықсудың батпақтай қара түнегіне бататын ессіз халді жеңіл көріп, ол көңілі көншігендей боп көзін жұмды...

Нақ Абинская станицасына дейінгі бүкіл жол бойы Григорийдің ойында қалғаны жалғыз-ақ сол: шымқай қараңғы түнде ол тұлабойынан өтіп кеткен қатты суықтан көзін ашып алған болатын. Жол бойы қатар-қатар тізіліп келе жатқан көліктер. Дауыстарға, дөңгелектің тынымсыз сыңғырлаған дыбысына қарағанда, керуен қалың көрінді. Григорий мінген көлік осы керуеннің орта шенінде келе жатты. Аттар аяңмен жүріп келеді. Прохор еріндерін сылп еткізіп қойып, анда-санда қарлыққан дауыспен: «Но-о-о, достар!» деп қырылдап, шыбыртқаны сілтей түседі. Григорий қайыс шыбыртқының нәзік шартылын естіді, кескектерін сарт еткізіп, аттардың қайыс жетектерді күшпен кере тартқанын, жетектің басымен алдыңғы көк арбаның артына соғып тарсылдатып, күйменің жедел қозғалып келе жатқанын сезді.

Тонның етегін зорға деп үстіне жамылып, Григорий шалқасынан жатты. Қаратүнек аспанда будақтаған тұтас бұлттарды жел оңтүстікке айдап барады. Тіттей саңлаудан сап-сары ұшқын атып, оқта-текте дара жұлдыз жылт ете қалады да, даланы шымқай түнек қайтадан бүркейді, телеграф бағандарының сымдарында жел мұңая ысқырады, әрі сирек, әрі ұсақ, бейнебір моншақтай, жаңбыр сырғып кетіп, жерге домалап түседі.

Жолдың оң жақ қапталынан атты әскердің жорық колоннасы төніп келіп қалды. Григорий өзіне ежелден таныс казак жабдық-сайманының үйлесімді, ырғақты сыңғырын, сазға басқан аттардың сансыз тұяқтарының көмескілеу келісті шолпылын есітті. Екі жүздей-ақ әскер өтті, бірақ әлі күнге дүрсілі басылған жоқ; жол шетімен полк жүріп келе жатқан сыяқты. Кенет алдыңғы жақтан, тыңшыған даланың үстімен, құстай ұшып, ән бастаушының дөкірлеу ер даусы шарықтап шыға келді:

Кандай еді Камышинка өзенінде.

Кең жайлау Саратов жері өз елінде...

Сөйтіп ескіден келе жатқан казак әнін бірнеше жүздеген дауыс күшті түрде қосыла көтеріп кетті де, көмекшінің күшті әрі әдемі ғажайып жіңішке даусы бәрінен жоғары шырқап шықты. Бәсендеген жуан дауыстарды басып кетіп, сылдыраған жіңішке дауыс, әлдеқайда түн ішінде, жүректі тербетіп құйқылжып тұрған кезде, ән бастаушы:

Ея жайлап, еркін өскен — гребендік,  
Дон, жайық казактары сол жерлерде... —

деп қайырып та қойды.

Григорийдің ішінде бірнәрсе үзіліп кеткендей болды. Кенеттен керней кеткен өксу Григорийдің бүкіл денесін солқ-солқ еткізді, тамағын спазма буып тастады. Жасын іркіп, ол ән бастаушының шырқауын құлғына күтті де, ересек шақтан белгілі:

Атаманы — Тимофеевич Ермак еді,  
Есаулы — Лаврентьевич Асташка еді... —

деген ән дыбысы естілісімен-ақ арба үстіндегі сөйлескен казактардың даусы бірден тына қалды, шүү-шүүлеу басылды, мындаған лау тырс үнсіз, сергек жылжыды; тек дөңгелектің сыртылы мен сазды илеп келе жатқан ат тұяқтарының шылпылдағаны ән бастаушы алдыңғы сөздерді ыждағаттап айтып қайырған минуттарда ғана естілді. Қара түнек далада талай ғасырларды басынан атқарып келе жатқан кәрі ән ғана емін-еркін дәурендеп, өктемдік етті.

Ән қалтқысыз қарапайым сөздермен бір кездерде патша әскерлерін талқандаған, Дон мен Еділді бойлай ұшқыр да ықшам ұры кемелермен жорыққа аттанған, самруқты патша кемелерін тонаған, көпестер мен боярлардың, воеводалардың «тамырын ұстаған», кыйырдағы Сібірді бағындырған казактың еркін өскен ержүрек аталарын айтып берді... Сөйтіп, орыс халқына қарсы абройсыз соғыста талқандалып, масқара боп шегінген ерікті казак ұрпақтары айбынды әнді үнсіз, тұнжырай тыңдады...

Полк өтіп кетті. Керуенді басып озып, әншілер де ілгері ұзады. Бірақ керуен көпке шейін есі кеткен жымжырт халде жүріп келе жатты, арбаларда ешбір сөз де, салыққан аттарға жекіру де естілмеді. Қараңғыда алыстан шыққан ән, көктемде тасыған Дондай, кең жайылып шалқый берді:

Ой-камы сабаздардың жалғыз-ақ сол:  
Жаз өтті жайлы, жылы, қызығы мол,  
Суық қыс келіп қалды, бауырларым,  
Қай жерде өткіземіз десті мұны?

Асуға Ақжайыққа — асуы зор,  
Еділде қалсаң — үнемі ұры атайды,  
Қазанға аттануға — онда патша,  
Кәдімгі Қаһарлы Иван Васильевич тұр...



Әншілердің даусы естілмей үзіліп те кетті, бірақ көмекшінің үні сыңғырлап біресе төмен күйкылжып, біресе тағы да шарықтап жатты. Мұны жұрттың бәрі тыңдады.

...Және Григорийдің, ұйқылы-ояу қалыптағыдай, тағы бір есінде қалғаны: жылы бөлменің ішінде оған ескірді, — тап-таза төсек-орынның жанға жайлы салқын лебін, көзін ашпастан, денесімен сезді, әлде бір дәрінің қышқылт исі мұрнын жарып кетті. Алғашқы мезетте ол лазаретте екенмін деп ойлап қалды да, бірақ қасындағы бөлмеден еркек адамның тоқтаусыз қарқылдап күлгені, ыдыстың салдырлағаны, мас адамдардың дауыстары естілді. Таныс бір жуан дауыс:

— ...Ақылына болайын! Біздің бөлімнің қайда екенін білу керек еді ғой, біз жәрдемдескен болар едік. Жә, іш, неменесіне аузыңды ашып қалдың? — деді.

Прохор жыламсыраған мас дауыспен жауап қайырды:

— О құдая тоба, оны мен қайдан білейін? Оған даяшылық ету маған оңай тиді деп ойлайсың ба? Жас сәбидей тамақты шайнап беріп асырадым, сүтпен тірілттім, Христосқа аян! Оллаһи, нанды шайнаймын да аузына тығамын! Жағы қарысып қалып, тісін қылыштың жүзімен ашқанмын... Бір ретте аузына сүт құйып жатқанымда шашалып қалып, өліп қала жаздады. Ойлап қана көріңізші!

— Кеше шомылдырдың ба өзін?

— Шомылдырдым да, машинкамен шашын да алдым, бар ақшамды сүтіне жұмсап бітірдім. Маған ақша аянышты емес, ақшасы құрсын! Бәрінен де шайнап беріп, қолмен асырағанды айтсайшы? Ой, оңай деп ойлайсың ба? Мұны оңай деуші болма, әйтпесе қойып жіберермін, шеніңе де қарамаспын!

Григорийдің бөлмесіне Прохор, Харлампий Ермаков және сұр қаракөл папахасын желкесіне қарай ысыра тастап, қызылшадай, қып-қызыл Петро Богатырев, Платон Рябчиков және тағы бейтаныс екі казак кірді.

— Ой, қарап жатыр!!! — деп Ермаков қатты айқайлап жіберді, тәлтіректтей басып Григорийге қарай ұмтылып.

Алымды, жайдары Платон Рябчиков бөтелкесін бұлғап, бақырып жылап:

— Гриша! Бауырым! Чирдегі сайрандағанымызды

есіне түсірші! Қалай соғысып едік десейші! Біздің сол жауынгерлік айбынымыз қайда кетті? Мына генералдар бізге білгенін істеді-ау, армиямызды неғылып жіберді бұл? Зәу-задыңды, жүрек-қолқанды ұрайындар! Тірілдің бе? Мә, ішіп қой, дереу жазылып кетесің! Бұл таза спирт! — деді.

— Зорға таптық сені! — деп миңгірледі Ермаков, қуанып, майлы қара көздері жарқырай түсіп. Сөйдеді де Григорийдің кереуетіне гүрс отыра кетіп, салмағымен кереуеттің ортасын омырайтып ішіне түсірді.

— Біз қай жердеміз? — деді Григорий естілер-естілмес етіп, казактардың таныс жүздеріне көздерін әрең-әрең төңкере қарап.

— Екатеринодарды алдық. Қешікпей онан да әрі жостырамыз! Іш! Григорий Пантелевич! Сүйіктіміз біздің! Құдай үшін түрегелші, жатқан күйінде мен сені дұрыстап көре алмай тұрмын! — Рябчиков Григорийдің аяғына жығыла кетті, бірақ үндемей ғана күліп тұрған және басқаларынан гөрі айығырақ Богатырев оны белбеуінен ұстап алды да, күш жұмсамай-ақ көтеріп алып, ештеп еденге отырғызды.

— Бөтелкесін алып қой! Төгіліп қалады! — деп, Ермаков үрейлене айқайлап жіберді де, ыржандаған мас күлкімен Григорийге қарап: — Біздің не себептен сайрандап жүргенімізді білесің бе? Бұл жерде де наразылықтан, ал мұнда казактардың несібесіне біреудің мүлкі қолға тиіп қалды. Қызылдардың қолына тимесін деп шарап складын таладық... Сұмдық болды... Мұндай көрініс түске де кірмес! Цистернаны винтовкамен атқылай бастады: тесіп жіберді де, онан сосын спирт ақты. Тұс-тұсынан тескілеп, әркім сол тесіктің тұсына тұрып алды да, біреу бөркін, біреу шелек, біреу фляжка тосты, кейбіреулер тіпті алақандарын тоса салып, тап сол жерде тұрып ішті... Складты күзетіп тұрған еріктілердің екеуін шауып өлтірді, дегеніне қолы жетіп дыр-думан салды! Бір казак менің көзімше цистернаның үстіне шығып алып, еңкейіп қауға шелекті батырып аламын деп, цистернаның ішіне құлап кетіп, батып өлді. Едені цемент екен, аққан спирт тізеден келді. Кешіп жүріп, өзеннен су ішкен ат сыяқты, еңкейіп тұрып аяғының астынан ішеді де, тап сол тұрған жерінде жата кетеді... Әрі күлкі, әрі күна! Ол жерде талайы-ақ шашалып өлер. Міне біз де сол жерден несібе таптық. Бізге көбінің қажеті жоқ: бес

шелектік кеспекті домалатып әкелдік, солі жетеді. Көтер көңілді жаның қалағанша! Бәрібір — тынық Дон құруға айналды! Біреулер Платонды әлгі жерде спиртке батырып жіберуге аз-ақ қалды. Еденге жығып салып аяқпен түйгіштей бастағаны ғой, ол екі рет шашалыпты да, шаруасы бітіп қалыпты. Сонан мен оны әрең дегенде шығарып алдым...

Бұлардың бәрінен де спирттің, пияздың, темекінің қоңырсы исі қатты аңқып кетті. Григорий аздап жүрегі айнып, басы айналды да, еріксіз, әлсіз күлімсіреп көздерін жұмды.

Григорий науқасынан өте шабан сауығып, Богатыревтың таныс дәрігерінің пәтерінде Екатеринодарда бір жұма жатты, сонан соң Прохор айтқандай, «түзелуге бет алды» да, Абинская станицасында бүкіл шегіну кезінде бірінші рет атқа мінді.

Новоросийскіде эвакуация жүріп жатты. Ресейдің қалың қалталыларын, помещиктерін, генерал семьяларын және беделді саяси қайраткерлерін пароходтар Түркияға тасыды. Пристаньдарда күні-түні жүк тиелумен болды. Пароход трюмдеріне әскер мүліктерін және жарқын мәртебелі босқындардың чемодандары мен жәшіктерін лық толтырып, юнкерлер жүкшілер артелінде жұмыс істеді. Тырым-тырағай қашыста дондықтар мен кубаньдықтардың алдына шығып кетіп, Ерікті армияның бөлімдері Новоросийскіге алдымен дүркіреп жетті де, жүк тасыйтын кемелерге тиеле бастады. Ерікті армияның штабы сақтықпен портқа келген ағылшынның «Индия императоры» дредноутына көшіп алды. Ұрыс Тоннельнаяның төңірегінде жүріп жатты. Он мыңдаған босқындар қала көшелерін лық толтырды. Әскер бөлімдері үзбей келіп жатты. Пристаньдар төңірегінде айтып жеткізе алмастай кептеліс болды. Новоросийскіні қоршаған утасты тау баурайларында тастап кеткен жылқы үйір-үйір боп мың-мыңдап жайылып жүрді. Пристаньдарға тірелген көшелерде казак ерлері, саймандары, әскер мүлкі үйіліп жатыр. Мұның бәрі ешкімге қажет болмай да қалған. Кемелерге тек қана Ерікті армияны мінгізеді екен, ал дондықтар мен кубаньдықтар Грузияға жорық тәртібінде барады екен деген қала ішінде сыбыс тарап кетті.

25 март күні ертемен Григорий мен Платон Рябчиков екінші Дон корпусы бөлімдерінің тиеліп жатқан-жатпа-

ғанын біліп келуге пристаньға кетті, өйткені алдында: құралы мен аттарын сақтап қалған дондықтарды түгелімен Қырымға алып шығуға генерал Деникин бұйрық беріпті деген лақап тараған болатын.

Сальский округінің қалмақтары пристаньға лық толған екен. Олар Маныч пен Салдан үйір-үйір жылқылары мен түйелерін айдап келген, ағаш будкаларын нақ теңіз жағасына шейін жеткізген. Көптің арасында қой майының тұшы исін мейлінше иіскеп, Григорий мен Рябчиков причалда тұрған үлкен жүк пароходының баспалдағына тақау келді. Баспалдақтарды Марков дивизиясы офицерлерінің күшті қарауылы күзетіп тұр екен. Қастарында тиеуді күтіп дондық-артиллеристер шоғырланып қалыпты. Пароходтың артқы жағында сұр брезенттер жамылған зеңбіректер тұр. Алға қарай зорға деп сығылысып өтіп, Григорий келбетті қара мұртты вахмистрден:

— Станишник, бұл қай батарея? — деп сұрады.

Вахмистр Григорийге көзінің қыйығымен қарап, ықлассыз жауап қайырды:

— Отыз алтыншы.

— Каргинскаялық па?

— Дәл солай.

— Тиеу жұмысын мұнда басқарушы кім?

— Анау таянышқа сүйеніп тұрған бір полковник.

Рябчиков Григорийді жеңінен түртіп қалып, кейін:

— Кетейікші осы жерден, жоғалсын әрі жоғалғырлар! Бұлардан мұнда ешбір парық табарсың ба? Соғысқан кезде — қажет болдык, ал қазір біз оларға ешнәрсеге керек емеспіз... — деді.

Вахмистр күліп, сапқа тізіліп кезекке тұрған батареяшыларға көзін қысып қойып:

— Артиллеристер, сіздер бақытты болдыңыздар! Офицер мырзаларды да алмай жатыр, — деді.

Тиеу жұмысын бақылап тұрған полковник шапшандап баспалдақтан түсіп бара жатты; оның ізінше үстіне қымбат ішік киген қасқабас чиновник сүрініп-қабынып асыға ілесті. Ол котик бөркін кеудесіне басып жалынып, бірдеме дей бастады да, тершіген бетіндегі және алыстан көрмейтін көздеріндегі соншалық өтінішті сыйқын көріп полковник мейрімсіздене теріс айналды, ол дөкір түрде:

— Мен сізге бір рет айттым! Жабыспаңыз, әйтпесе жағаға шығарып тастатам! Есіңізден айрылғансыз ба! Сіздің сілімтіктеріңізді қайда алмақпыз? Сіз немене, кө-

зіңізден айрылдыңыз ба? Көрмейсіз бе мына не болып жатқанын? Қойыңызшы әрі мүлдем! Шағына беріңіз, бетіңізден жарылқасын, мейлі тіпті генерал Деникиннің тап өзіне шағынсаңыз да! Істей алмаймын деген соң, істей алмаймын, түсінесіз бе өзіңіз орыс тіліне?! — деп ақырды.

Ол мазасыз чиновниктен құтылған соң, тұсынан өте бергенде Григорий оның жолын бөгеді де, қолын фуражбасының күнқағарына қойып, қобалжып:

— Офицерлердің пароходқа мінуіне мүмкіндік болар ма екен?

— Бұл пароходқа болмайды, орын жоқ.

— Онда қайсысына?

— Эвакуациялау пунктінен біліңіз.

— Біз оған да бардық, ешкім ешнәрсе білмейді.

— Мен де ештеме білмеймін, жол беріңіз маған.

— Сіз отыз алтыншы батареяны тиел жатырсыз ғой! Бізге неге орын болмайды?

— Жол беріңіз, деп тұрмын мен сізге! Мен мәлімет беруші бюро емеспін! — Полковник Григорийді оп-оңай шеттете салмақшы болып еді, бірақ Григорий орнынан қозғаларлық болмады. Оның көздерінде көгілдір ұшқы бір жанып, бір сөніп тұрды.

— Қазір біз сізге қажет болмай қалдық па? Мұзан бұрын керек едік қой? Қолыңызды тартыңыз, сіз мені қағып тастай алмайсыз!

Полковник Григорийдің көзіне қарап алды да, мойнын бұрды; баспалдақта тұрған марковтіктер винтовкаларын айқастыра ұстап, баспалаған топты зорға тоқтатып тұрды. Григорийден көзін асыра қарап, полковник баяу түрде:

— Сіз қай бөлімдікісіз? — деп сұрады.

— Мен — он тоғызыншы Дон полкынанмын, ал менен өзгелері басқа полктардан.

— Барлығыңыз қанша адамсыздар?

— Он адам.

— Қолымнан келмейді. Орын жоқ.

Ақырын ғана:

— Сұмырай, сен сонша неге данасыйсың? Тылдағы аш бит! Жібер деген соң жібер қазір бізді, әйтпесе... — дегенде Григорийдің қос танауының жыбырлап кеткенін Рябчиков көріп қалды.

«Гриша оны қазір қыйып тастайды!» деп ойлады Рябчиков өштеңе рақаттанып, бірақ мылтықтың күндағымен

жол ашып, топты көктей жарып полковникке көмекке ұмтылған марковтіктердің екеуін көре сала Григорийдің жеңінен түртіп қалып:

— Пантелевич, байланыспа онымен! Кетейік...— деп ескертті.

— Сіз — идиотсыз! Бұл мінезіңізге жауапкерсіз! — деді де, сұрланған полковник, қасына келген марковтіктерге Григорийді көрсетіп:

— Мырзалар! Мына бір қояншыққа тыйым салыңыз! Тәртіп орнату керек қой! Менің комендантта тығыз жұмысым бар, ал мына қараңыз, кез келген адамдардан кез келген сөздерді естіп тұрғанымды...— деді де, Григорийдің жанынан жылжып өтіп кетті.

Көк бешпетінде поручик погоны бар, мұқыяттап қырған ағылшын мұртты, ұзын бойлы марковтік Григорийге тақау келіп:

— Не керек сізге? Неге тәртіп бұзасыз? — деді.

— Пароходтан орын алу — міне маған керекті!

— Бөліміңіз қайда?

— Білмеймін.

— Документіңіз кәне?

Қарауылшының екіншісі, пенсне киген томпақ ерінді жас жігіт:

— Оны қарауыл үйіне апару керек. Высоцкий, уақытты босқа өткізбеңіз — деді.

Григорийдің куәлік қағазын поручик зер сала оқып шықты да, өзіне қайырып берді.

— Бөліміңізді тауып алыңыз. Айтатын ақылым: бұл жерден кетіңіз, тиеу жұмысына кедергі жасамаңыз. Тәртіпсіздік жасап, тиеу жұмысына кедергі келтіргендерді атағына қарамастан тұтқынға алуға деген бізде бұйрық бар.— Поручик еріндерін қатты жымқырып қойды, бірнеше секунд кідіріп қалды да, Рябчиковке ала көзімен қарап қойып, Григорийге еңкейіп:— Сізге айтар ақылым мынау: отыз алтыншы батареяның командирімен сөйлесіңіз де, солардың қатарына тұра қойыңыз, онда пароходқа отырасыз,— деп сыбыр етті.

Поручиктің сыбырын есітіп қалған Рябчиков, қуанышы қойнына сыймай:

— Қаргинге бар, мен тезінен жігіттерді алып келейін. Киім-кешек салған қапшықтан басқа сенің дүниеннен не алу керек? — деді.

— Бірге барамыз,— деді Григорий селқос түрде. Жолда олар Семеновский хуторының адамы, таныс казакқа кездесті. Дәу фурманка арбаға үйіп тиіп, үстін брезентпен жауып ол пристаньға нан әкеле жатыр еді. Рябчиков оны айқайлап тоқтатып:

— Федор, аман ба! Қайда апарасың? — деді.

— А-а-а-а, Платон, Григорий Пантелевич, саламатсыздар ма! Полкымызды жолға нанмен жабдықтап жатырмыз. Зорға деп пісірдік, олай болмағанда жолда жалғыз жұлығымызды жегендей болар едік...

Григорий тоқтаған арбаның қасына келіп:

— Наның өлшенген бе? Болмаса саналған ба? — деп сұрады.

— Қандай сайтан санаушы еді оны? Сізге немене, нан керек пе?

— Керек.

— Ал!

— Қанша алуға болады?

— Көтергеніңше ал, нан бізге жетерлік!

Буханкаларды бірінен соң бірін түсіріп алып жатқан Григорийге Рябчиков таңырқап қарады, ол шыдай алмай;

— Қырғын тиді ме, қайда апарасың оны соншама алып? — деп сұрады.

— Керек,— деді Григорий қысқа жауап қайтарып.

Ол нан тасушыдан екі қапшық сұрап алып, нанды қапқа салды, көрсеткен көмегі үшін оған алғыс айтты да, қоштасып:

— Ал, көтеріп әкетеміз,— деді.

— Сен осы жерге қыстап қалуға дайындалған жоқсың ба?— деп сұрады Рябчиков әжуалап, қапшықты нығына салып жатып:

— Маған емес бұл.

— Енді кімге?

— Атқа.

Рябчиков дереу қапшықты жерге тастай берді, ол сасқанынан:

— Әзілдеп тұрсың ба? — деп сұрады.

— Жоқ, шыным.

— Демек, сен... Пантелевич, сенің бұл не ойың? Менің түсінуімше қалғың келеді ғой, шамасы?

— Дұрыс түсінесің. Қәне, көтер қапшықты, кеттік. Атты жемдеу керек қой, әйтпесе оттығын кеміріп бітті.

Ат әлі де керек болады, әскер қызметін жаяу атқара алмайсың ғой...

Рябчиков дәл пәтерге жеткенше жұмған аузын ашпады, қапшықты иығына ырғай түсіп, үнлей берді; кіші қақпаға жақындап келгенде:

— Жігіттерге айтасың ба? — деді де, жауап күтпестен, сәл ренжіген үнмен:— Бір керемет ойлап тапқан екенсің сен... Ал, біз қалай етеміз? — деді.

— Қалай етсеңіз де мейліңіз,— деп жауап берді Григорий, немкетті қарағансып.— Бізді пароходқа алмайды, жұрттың бәріне орын жетпейді,— керегі де жоқ! Соншама жармасып қалмайтын, неге қажет еді солар бізге! Қаламыз. Бағымызды сынаймыз. Өтсейші былай, неменеге қақпаның аузына кептеліп тұрып қалдың?

— Мынадай әңгіме кептелдірер де тұрғызар... Мен мына кіші қақпаны да көрмей тұрмын. Ой, іс болғанына! Гриша, сен мені төбемнен балтаның желкесімен қойып қалғандай болдың. Мені тура мыйымнан айырдың. «Бұл нанды ол не сайтанына сұрап алды?»,— деп ойлап едім мен. Енді біздің жігіттер біледі де бүлінеді...

— Жә, сен өзің қайтесің? Қалмайсың ба? — деп Григорий ежіктей түсті.

— Саған не болған! — деп айқайлап жіберді Рябчиков шошып кетіп.

— Ойлан.

— Ойланатын ештемесі жоқ. Әзірше мүмкіндік болып тұрғанда, сөзсіз кетемін. Каргин батареясына жағдайласамын да кетемін.

— Бекер олай етесің.

— Мәссаған керек болса! Маған өз басым қымбат, ағайын. Қызылдардың басыма дөкей қылышын ойнатуына онша құмар емен.

— Ой, ойланып көр, Платон! Бұл сондай іс.

— Айтпа! Кетемін қазір.

— Мейлің, не қылсаң да. Көндіруге тырысатын мен жоқ,— деді де, Григорий ызаланып, баспалдақтың тас басқыштарын алдымен өзі адымдады.

Пәтерде Ермаков та, Прохор да, Богатырев та болмады.— Қазақтар шығып кетті, бірақ та тез қайтармыз деп уәделескен еді — деді орта жастағы үй иесі бүкір армян әйел. Григорий шешінбестен, буханка нанды ірі-ірі тілімдеп кесті де, сарайдағы аттарға кетті. Нанды теңдей екіге бөліп, өзінің және Прохордың атының ас-



тауына салды. Сөйтті де су әкелмекші боп шелектерді қолына ұстап жүре беріп еді, Рябчиков есік алдына тұра қалды. Ірі-ірі кесектеп үзген нанды ол шинелінің етегіне салып ұқыптап ұстапты. Рябчиковтің аты иесінің келгенін сезіп, қысқа қайыра оқыранып қойды, ал қожасы ұстамды түрде күлімсіреген Григорийдің жанынан үндемей өтіп кетті, атының оттығына нанын төкті де, Григорийге қарамастан:

— Ыржыймашы, жарқыным! Істің жөні осылай болғаннан кейін, маған да атты жемдеуге тура келеді... Сен мені ықтасымен кетеді ғой деп ойлайсың ба? Сол түбі түскір пароходқа мен өзімді өзім тек қана жағамнан сүйреп апармасам, басқаша жағдайда тіріде барар ма едім! Дүлей үрей ғой желкелеп айдап келген... екі иінінде басың біреу ғана емес пе? Құдай көрсетпесін, бұл басыңды кесіп алса — екіншісі Покров мейрамына шейін де шыға қоймас...

Проход мен басқа казактар тек кешке қарай ғана қайтты. Ермаков бір үлкен бөтелке спирт әкелді де, ал Проход ылайлау сарғылт сұйық нәрсе құйып, саңлаусыз берік тығындалған бір қапшық банкі алып келді.

— Міне қосымша табысымыз! Түн бойына тұтас жетеді,— деп Ермаков мақтанып, үлкен бөтелкені көрсетті де, түсіндіріп:— Әскери доктор ұшырап, складтан пристаньға дәрі-дәрмектерін тасып шығаруға жәрдемдес деп жалынғаны. Жүкшілер жұмыс істеуден бастартты, складтан жалғыз юнкерлер ғана тасыды да, соларға біз де қосарласа кеттік. Доктор жәрдем берген ақымызға спирт төлеп құтылды да, ал мына банкілерді Проход ұрлап алды, өтірік айтсам, құдай жазаласын! — деді.

— Не нәрсе екен ішіндегісі? — деп әуестене қалды Рябчиков.

— Туысқан, бұл — спириттен де күштірек! — Проход банкіні шайқап жіберді де, қоп-қою сұйық заттың күңгірт шынының ішінде көбіктенгеніне қарап, насаттана: — Бұл — шетелдік шараптың ең барып тұрған қымбаттысы. Оны тек қана ауруларға береді екен, маған ағылшын тілін түсінетін юнкер солай деді. Пароходқа мінеміз де, шер тарқатып ішіп жібереміз, сосын «Туған жерім» әнін бастап, нақ Қырымның өзіне жеткенше ішеміз, банкісін теңізге лақтырамыз,— деді.

— Бар тезірек, мін, әйтпесе саған бола пароходты тоқтатып, жібермей тұр. «Әлгі батырдың батыры Проход

Зыков қайда жүр, онсыз жүзе алмаймыз» деп жатыр,— деді Рябчиков әжуалап, сөйдеп ол сәл кідірді де, шылым түтіні сарғайтқан саусағымен Григорийді көрсетіп:— Жүру ниетінен қайтқан міне мынау. Мен де солай етім,— деді.

— Қой әрі! — деп қалды Прохор, аң-таң боп банкісін колынан түсіріп ала жаздап.

— Бү несі? Тағы неменеге бел байладыңыз? — деп сұрады Ермаков, қабағын түйіп Григорийге қадала қарап.

— Жүрмейтін болдық.

— Не үшін?

— Не үшін сол, бізге орын жоқ.

— Бүгін болмаса — ертең болады,— деді Богатырев сенімді түрде.

— Сен өзің пристань басында болдың ба?

— Ал, сонан кейін?

— Онда не болып жатқанын көрдің бе?

— Ал, көрдім.

— Ал-ал деуін! Көрсең несін сөйлейсің. Бізді тек Рябчиков екеумізді ғана алатын болды, онда да бір ерікті әскер: Каргин батареясының қатарына тұрыңдар, онсыз болмайды, деді.

— Ол батарея әлі тиелген жоқ па екен? — деп сұрады Богатырев ілесе. Батареяшылардың тиелуді күтіп кезекте тұрғанын естіп алып ол дереу дайындала бастады: киім-кешек қапшығына ішкі киімдерін, басы артық шалбарын, гимнастеркасын және нандарын салды да, кош айтысты.

— Петро, қал! — деп ақыл берді Ермаков — Бізге бөлінудің керегі жоқ.

Богатырев, жауап берместен, оған тер қолын созды, табалдырық үстінен тағы да басын иіп: «Сау болыңдар! Құдай кездестірсе — тағы да көрісерміз!» деді де, үйден жүгіре шықты.

Ол кеткеннен кейін үй ішінде келіссіз бір тыныштық көп уақытқа шейін орнап қалды. Ермаков ас үйдегі қожа әйелге барып төрт стакан алып келді де, үн қатпастан оларға спирт құйды, су құйған үлкен жез шәйнекті стол үстіне қойды, шәшқаның майын турады да, сол үнсіз күйі стол жанына отырды, оған шынтақтай, бірнеше минут аяғының астына топастана қарады, сонан соң шәйнектің шүмегінен су ішіп жіберіп, қарлыққандау дауыспен:

— Кубаньда қай жерде болса да судан керосин исі шығады, бұл неліктен? — деді.

Оған ешкім жауап бермеді. Рябчиков таза шүберекпен қылышының тершіген жалпақ беттерін сұрткіледі, Григорий сандықшасын ақтарды, Прохор селқос түрде терезеден үйір-үйір ат қаптаған таудың тақыр етектеріне көз жіберді.

— Стол басына келіндер, ішіп жіберейік,— деп Ермаков, басқаларды күтпей-ақ жарты стакан спиртті аузына төңкере салып, су ішті де, бір кесек қызыл өңді шошқа майын шайнап отырып, Григорийге көңілдене қарап:

— Қызыл жолдастар бізді бүк түсірмес пе екен? — деп сұрады.

— Барлық жұртты қырып-жойып жібермес. Мұнда мың сан халық қалады,— деп жауап берді Григорий.

— Мен барлық жұрт туралы қайғырып тұрғаным жоқ, — деді Ермаков күліп. — Мен өз басымның қамын жеймін.

Біраз ішкен соң әңгіме жандана түсті. Аздап кейін күтпеген жерден көкпеңбек боп тоңып, тұнжырап, Богатырев жетіп келді. Ол бір тең жап-жаңа ағылшын шинелін босағаға тастай берді де, үнсіз-түнсіз шешіне бастады.

— Қайырлы келіс болсын! — деп құттықтады Прохор кекете басын иіп.

Богатырев оған ашулы көзін бір тастап жіберді де, күрсініп қойып:

— Деникин біткендердің бәрі келіп... барайық деп жалынса да бармасын! Кезекте тұрып, аязда жатқан төбеттей, тоңдым, сонда да бәрібір мән шықпады. Маған келгенде кесті де тастады. Алдымда тұрған екеудің біреуін өткізіп жіберді, екіншісін өткізбеді. Батарейаның жартысы қалып қойды. Бұ немене өзі?

— Мінекей, сендерге сақалдарыңды осылай етіп сыйпатады! — деп Ермаков қарқылдап күлді де, үлкен бөтелкеден шалпылдатып стаканды ернектете Богатыревқа спирт құйды.— Мә, ащы қайғыңды тұшытып ішіп жібер! Әлде сені жалынып шақыруға келгенін күтесің бе? Тезірек қарашы, анау генерал Врангель емес пе, сені шақыруға келе жатқан?

Богатырев үндеместен спиртті сораптай берді. Әзілге оның ешқандай зауқы жоқ еді. Ал өздері шала мас—Ермаков пен Рябчиков — қожа кемпірді мас болғанша іш-

кізіп, бір жерден гармоншы іздеп әкелуді әңгіме қыла бастады.

— Онан да станцияға барындар,— деп ақыл айтты Богатырев,— онда вагондарды сұрыптап жатыр. Бүкіл состав толған киім-кешек.

— Сайтаныма керек пе, ол киім-кешек! — деп айқай салды Ермаков.— Сенің сүйрелеп келген шинельдеріңнің өзі де бізге жетеді! Артығын бәрібір алып қояды. Петро! Иттің баласы! Біз мұнда қызылдарға кетпек боп жатырмыз, түсіндің бе? Біз казакпыз ба, әлде басқамыз ба? Егер қызылдар бізді тірі қалдырса,—соларға қызмет етуге барамыз! Біз — дондық казактармыз! Қоспасыз асыл тұқымнан шыққанбыз! Біздің іс тек — қылышпен шабу. Менің қалай шабатынымды білесің бе? Өзегімен қоса шабам! Тұр былай, сені шауып көрейін! Солай ма екен, әлсіреп қалдың ба? Кімді шапсақ та, бізге бәрібір, тек шапсақ болғаны, Мелехов, мен дұрыс айтам ба?

— Аулақ! — деп Григорий қажыған түрде қолын бірақ сермеді.

Қанталаған көздері алара қарап, Ермаков сандық үстінде жатқан қылышын алуға тырысты. Богатырев оны кексіз итере тастап:

— Аника-жауынгер, сен тым шектен шыға берме, әйтпесе мен сені оп-оңай жуасыта қоярмын. Салмақпен іш, сен офицер шеніндегі адамсың ғой,— деп тілек етті.

— Ұрдым бұл шенді бар сайманыммен! Шошқаға кісен қандай қажет болса, маған қазір шен де сондай қажет. Айтпа! Өзің де сондайсың! Қәне, погонынды кесіп алайын! Петя, аяулым, тоқтай тұр, тоқтай тұр, мен оларды қазір...

— Уақыты жеткен жоқ әлі, кесіп үлгірілер,— деп күлді Богатырев, шектен шыққан досын итермелеп.

Таң атқанша ішісті. Кештен-ақ бір көрмеген казактар да пайда болды, олардың біреуі гармонь ала келді. Ермаков «казачок»ты, жығылғанша биледі. Оны сандыққа таман сүйреп тастап еді, сол мезетте-ақ ол жалаң еденнің үстінде, екі аяғы екі жақта, басын шалқасынан епсіз қайырып ұйқтап кетті. Қызықсыз думан таң атқанша созылды. «Мен Кумшатскаянікімін... Станицаның өзіненмін! Өгіздеріміз бар еді — мүйізіне қол жетпейтін! Аттарымыз арыстандай еді! Ал, қазір не қалды шаруашылықтан? Жалғыз-ақ тазғыр қаншық қалды! Ол да кешікпей өледі, асырайтын түк жоқ...» — деді дыр-думан-

ға келген кездейсоқ таныстардың бірі кексе казак, мас боп еңіреп жылап. Жыртық черкеска киген бір кубаньдық гармоншыға «Наурская»ны тартуды өтінді де, қолдарын екі жаққа сәнді етіп жазып жіберіп, үй ішін айнала соншалық жеп-жеңіл жорғалай жөнелді, Григорийге тіпті кубаньдықтың етігінің табаны беті шыймайланған кір еденге тимей зырғып бара жатқандай көрінді.

Түн ортасында казактардың бірі бір жақтан екі үлкен қазмойын құмыра алып келді; бүйірлеріндегі жарым-жартылай шіріген қағаздары күңгірт тартқан, тығындарын сургучпен шегендеген, шие-қызыл сургуч мөрдін астынан шомбал пломбалары салбырап тұр. Бір шелектік құмыраны Прохор қолына ұстап, қағазындағы шет тілде жазған жазуды оқымақшы боп еріндерің азаптана жыбырлатты. Жаңа ғана оянған Ермаков құмыраны оның қолынан алды да, еденге қойды, қынабынан қылышын суырды. Прохор «ах» деп үлгіргенше Ермаков қыйғаштай сілтеп, қылышпен құмыраның мойнын бір сүйемдей етіп қырқып түсірді де, «Ыдыстарыңды тос!» деп айқайлады.

Ғажайып хош исті қышқылтым қоп-қою шарапты бірнеше минуттың ішінде-ақ жабылып ішіп қойды да, сонынан Рябчиков көпке дейін таңдана таңдайын қағып: «Шарап емес, бұл киелі зәмзәм суы! Мұндайды тек өлер алдында ішу керек, және жұрттың бәріне емес, өмірінде карта ойнамағандарға, темекі тартпағандарға, қатын айналдырмағандарға ғана ішкізу керек... Бір сөзбен айтқанда, бұл архирей ішімдігі!» деп мінгірледі. Қапшығында дару шарабын құйған банкілері жатқаны Прохордың тап сол жерде есіне сап ете қалды.

— Платон, тоқтай тұр, аса мақтай берме! Менің шарабым мұнан тәуірірек! Мынау бір — оңбаған нәрсе ғой, ал менің складтан алғаным, міне нағыз шарап деп соны айт! Нағыз балды адыраспан, мүмкін, онан да тәуір шығар! Бұл, шырағым, архирей шарабы емес, бұ, тура патша шарабы! Бұрын патшалар ішкен, ал қазір бізге ішуге тура келді...— деп мақтанды ол, бір банкіні ашып жатып.

Араққұмар Рябчиков ылайланған қоп-қою сарғылт сұйықтың жарым стаканын бірден жұтып жіберді де, кенеттен боп-боз боп көзін адырайта түсті.

— Мынау шарап емес, карболка ғой! — деп қырылдады да, ол стақанда қалғанын Прохордың көйлегіне шашып жіберіп, тәлтіректеп коридорға шығып кетті.

— Ол, оңбаған өтірік айтады! Ағылшын шарабы! Бі-

рінші сорт! Туысқандар, оған нанбандар! — деп мастардың гуілдеген дауыстарынан асырам деп, Прохор даурыға айқайлады. Ол бір стаканын бір-ақ қағып салды да, мезет Рябчиковтен де гөрі қуарыңқырап кетті.

— Жә, қалай екен? — деп қазбалады Ермаков, танауын шелтите Прохордың өлусіреген көздеріне қарап.— Патша шарабы қалай екен? Күшті ме екен? Тәтті ме екен? Айт жылдам, жын ұрған, әйтпесе мына банкіні сенің басыңа соғып уатармын!

Басын шайқалақтатып Прохор үнсіз азап шекті, сонсоң ықылық атты да, орнынан ұшып түрегеліп, Рябчиковтің соңынан жүгіре шықты. Күлкіден шегі түйіліп, Григорийге астыртын көзін қысты да, Ермаков тысқа кетті. Бір минуттан кейін ол үйге қайтып келді. Оның сақылдаған күлкісі бар дауысты басып кетті.

— Саған не болды? — деп сұрады Григорий баяу түрде.— Неменеге оқыранасың, ақмақ? Жерден жеті коян таптың ба?

— Ой, жігітім-ау, қарасайшы барып, екеуінің ыңыршағының қалай айналып жатқанын! Сен олардың не ішкенін білесін бе?

— Немене?

— Битке жағатын ағылшын майы!

— Былшылдайсын!

— Құдай біледі, ақыйқат! Складта мен өзім болдым, баста шарап қой деп ойлағам-ды, соңынан доктордан: «Доктор мырза, бұл не нәрсе?» деп сұрадым. Ол: «Дәрі» — деді. Мен: «Ол, бәлкім, барлық қайғыны жоятын дәрі шығар? Спиртпен уыттаған емес пе?» — деп ежелеп сұрадым. «Құдай сақтасын, — деді ол, — одақтастардың битті құрту үшін бізге жіберген майы ғой. Бұл — ішетін дәрі емес, сырт дәрісі, мұны ішке қолдануға болмайды!» — деді.

— Жауыз-ау, мұны сен оларға неге айтпадың? — деп кіналады Григорий, ызаланып.

— Жауға берілу алдында күнәдан пак боп тазарсын дедім, сайтандарды, бәлкім, өлмей аман қалар! — Ермаков күлкіден шыққан көз жасын сүртіп жіберді де, табалаңқырай:— Және мұнан былай аздап ішетін болады, әйтпесе олардың рюмкасына арақ құйып үлгере алмайсын. Қомағайларды осылай үйрету керек! Жә, біз екеуіміз не істейміз, ішіп жібереміз бе, әлде аялдай тұрамыз ба? Кәне, біздің жоқ болуымыз үшін ішейікші!

Таң алдында Григорий баспалдаққа шықты, саусақтары дір-дір етіп шылым орап тартты, тұманнан ылғал тартқан қабырғаға сүйеніп ұзақ уақыт тұрды.

Үй ішінде оқтын-оқтын айқайлаған үндер, гармоньның бармақпен дарылдата басқан даусы, есерленген ысқырықтар үздіксіз шықты; белгілі бишілердің тақалары жыбырлаған құрғақ тықылды шаршамастан соқты... Бухтадан пароход сиреналарының қою жуан айқайын жел алып ұшты; команданың басым өктем үнімен, аттардың кісінесімен, паровоз гудоктарымен қосылып, пристаньдардағы адам дауыстары теп-тегіс гуілге айналып кетті. Тоннельная станциясы бағытында ұрыс жүріп жатты. Зеңбіректер құлақ тұндыра гүрсілдеді, атыс-атыстардың арасында пулеметтің қызу сатыры талып естілді. Мархотский асуының арғы жағында жарық бүркіп, ракета аспанға ытқып шықты. Бірнеше секунд бойы елесті жасыл жарық жарқыратып, таудың бүкір төбелерін көрсетіп тұрды, сонан кейін март түнінің қою қараңғылығы тауларды тағы да жапты да, зеңбіректің түйдек гүрсілі үн қоса, бұрынғыдан да гөрі ашығырақ та жиірек күркіреді.

## 29

Теңізден ащы, қою, салқын жел есті. Жел жағаға жат жерлердің жат исін алып келді. Бірақ дондықтарға жалғыз жел ғана емес—мына жел орайы азнаған жағалаудағы көңілсіз қаладағының бәрі жат, бәрі алыс еді. Олар тоспа жаға үстін тегіс қаптады, тиеуді күтті... Жағада жасыл көбікті толқындар бұрқырады. Бұлт арасынан күн жерге жылусыз нұрларын төкті. Рейдіде ағылшын және француз миноносецтерінің түтіні будақтайды; айбынды сұр дәу — дредноут су бетінде деңкиіп тұр. Қап-қара түтін бұлттай боп оның үстіне шөгіп жатыр. Пристань үстерін қатерлі бір тыныштық басқан. Жуырда ғана соңғы жүк кемесі теңселіп тұрған жерде офицерлердің ертұрмандары, чемодандар, көрпелер, тондар, қызыл мақпалмен қаптаған орындықтар және тағы бір асығыста баспалдақтан лақтырып тасталған ескі-ұсқы дүниелер қалқып жүр...

Пристань басына Григорий ертемен келді; атын Прохорға тапсырып, халық арасында көп жүрді, таныс адамдарды қарады, жұрттың үздік-үздік үрейлі әңгімелеріне

күлағын тікті. «Святослав» баспалдағының қаяқ түбінде пароходтан орын ала алмаған бір отставкадағы қартан полковник оның көзалдында атылып өлді.

Көктұкыл сақалды, жылап ісінген және көз алды шалбарланған кішкентай әбгер полковник мұнан бірнеше минут бұрын қарауыл бастығының белбеуіне жарқасты, бірдемені бишара түрде шүлкіндеді, сінбірінді де, кір орамалға шылымның түтіні сарғайтқан мұртын, көздерін және жыбырлаған еріндерін сүртті, сосын кенеттен ол өзіне бірден қол жұмсады... Сол мезетте-ақ бір пысық казак оның суықбаған қолынан никелі жарқ-жұрқ етпен тапаншасын суырып алды, ақсұр офицер шивельді өлікті, бейне бөренедей етіп, аяқпен жәшіктерге таман домалатып жылжыта салды да, баспалдақ жанында қалық бұрынғыдан бетер қайнап молая түсті, незекте тұрғандар арасында төбелес бұрынғыдан да гөрі күштірек шықты, босқындардың өшіккен қырылдақ дауыстары оған да кату барқылдады.

Ақтық пароход, теңселіп, причалдан аулақтап шыға берген кезде әйелдердің еңіретені, көк-долы айқай, былапыт сөздер естілді... Пароход сиреналарының қысқақысқа жуан айқайы басылып ұлгірместен, түлкі құлақшын киген жас қалмақ суға ырғып түсіп, пароход сонынан жүзді.

— Шыдай алмады-ау! — деп күрсінді казактардың бірі.

— Демек, оған мұнда қалуға болмағаны ғой, — деді Григорийдің қасында тұрған казак. — Қызылдарға мықтап зыянын тигізген ғой...

Жағын тістеніп Григорий жүзіп бара жатқан қалмаққа қарап тұрды. Жүзушінің қол сермеуі бірте-бірте шабандай түсті де, бірден-бірге иықтары төмен шөге берді. Су сінген шекпен төмен қарай тартты. Қызыл түлкі құлақшынды толқын қалмақтың басынан көтеріп алып кері лақтырып жіберді.

— Қарғыс атқан кәпір, батады-ау енді! — деді аял, бешпет киген бір шал.

Григорий кілт бұрылды да, атына қарай жүрді. Прохор шауып келген Рябчиковпен және Богатыревтармен қызу сөйлесіп тұр еді. Григорийді көре сала Рябчиков ат үстінде тұрып қыйпалақтай бастады, шыдай алмастан атын тебініп қалып, айқайлап жіберді.

— Пантелевич-ау, сен шапшандасайшы! — сүйдеді де,



Григорийдің жақындауын күтпестен, алыстан айқайлап: — Уақытын барында, кәне кетейік! Мұнда елу шақты казак жыйналып қалдық, Геленджикке бет қойып, онан әрі Грузияға кеткіміз келеді. Сен қалай дейсің?

Екі қолын шинелінің қалтасына бойлата салып, пристань басында мақсатсыз топтанған казактарды иықпен қақ жарып, үнсіз жол ашып, Григорий жақындай түсті.

— Жүресің бе, жоқ па? — деп талап ете сұрады Рябчиков, атпен төніп келіп.

— Жоқ, жүрмеймін.

— Бізге бір войсковой старшина қосылды. Жолды ол жақсы біледі екен. «Тифлиске шейін көзімді жұмып апарам!» дейді. Кетейік, Гриша! Аржағынан түріктерге өтерміз, ә? Бас сақтау керек қой қалай болса да! Ақырзаман жуықтап қалды, ал сен болсаң — құдды бір манаураған балық сыяқтысың...

— Жоқ, жүрмеймін, — деп, Григорий Прохордың қолынан тізгінін алды да, қарттарша, атқа әрең мінді. — Жүрмеймін. Жүрудің керегі де жоқ. Және аздап кешігіп те қалдық... эне, қара!

Рябчиков бұрылып қарады, ашынған ашу үстінде қолымен жұмарлап қылышының бүлдіргі бауын үзіп алды: қызыләскерлердің шебі таудан қаптай ағып келе жатыр еді. Цемент заводтарының маңында пулеметтер, безгегі ұстағандай, сатырлатты. Бронепоездардан шепті бойлап зеңбірек атқылай бастады. Асланиди диірменінің жанында бірінші снаряд жарылды.

— Жігіттер, еріңдер менің сонымнан, пәтерге барамыз! — деп бұйрық берді, өзінен өзі жыйнақтала және көңілдене түскен Григорий.

Бірақ Рябчиков Григорийдің атының тізгінен ұстай алды да, зәресі ұшып:

— Керегі жоқ! Осы жерде қалайық... Білесің бе, көппен көрген өлім де қызық... — деп айқайлап жіберді.

— Әй, сен, сайтан, кәне қозғал! Қандай өлім ол? Не деп былшылдап тұрсың? — Григорий ызаланып, мұнан басқа да бірдемелерді айтқысы келіп еді, бірақ теңіз жақтан шыққан күркіреген гуіл оның даусын көміп кетті! Одақтас Россия жағаларын тастап кетіп бара жатқан ағылшын дредноуты — «Индия императоры» бой жазды да, он екі дюймды зеңбіректерінен бір түйдек снаряд жіберді. Бухтадан шығып бара жатқан пароходтарды қорғап, ол қаланың шеттеріне қарай қаптап ағылған қы-

зыл-жасыл тізбектерді атқылады, атысты қызылдардың батареялары көрінген асу жотасына бұрды. Пристань басында үйме-жүйме болған казактардың төбесінен ауыр самғап ағылшын снарядтары зулады.

Тізгінін жыйып ұстап, тізерлей бастаған атын тежей түсіп, Богатырев атыс гуілін жара:

— Ой, мына ағылшын зеңбірегінің арсылының қатысын-ай! Қызылдарды бекерге өшіктіреді! Олардың атысынан келер ешбір пайда жоқ, жалғыз-ақ тек шуды көбейту...— деді.

— Мейлі өшіктіре берсін! Бізге қазір бәрібір,— деді де, күлімсіреп, Григорий атын тебініп жіберіп, көше бойымен кете барды.

Қылыштарын жалаңдатып, алты салт атты оның қарсы алдынан бар шоқыраққа салып, бұрыштан құйғытып шыға келді. Алдыңғы салт аттының кеудесіндегі қырмызы бант, жара сыяқты, қып-қызыл боп көрінді.



## СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ

### 1

Екі тәулік бойына оңтүстіктен жылы жел есті. Қырдағы ақтық қар кетіп болды. Көбік шашқан көктемгі жылғалар сарқырап өтті, даланың сайлары мен өзендері тасып бітті. Үшінші күні таң сәріде жел басылды да, даланы қоп-қою тұман басты, былтырғы ақселеу түбірлерін күміс ылғал жапты, шоқылар, жыралар, станицалар, шеркеу мұнараларының найза төбелері, көкке өрлеген сұңғақ ақтерек ұштары перделенген ақшыл мұнарға бөленді. Донның байтақ даласына көгілдір көктем түсті.

Сауыққаннан кейін Акси́нья тұманды ертеңгілікте бірінші рет баспалдаққа шықты да, көктемгі қоңыр салқын, қышқылт тартқан тәтті ауаға мас болып, ұзақ тұрып қалды. Жүрегі лоблып, көзі қарауыта, ол бойын зорға билеп; бақша ішіндегі құдыққа жетті, шелекті жерге қойды да, өзі құдықтың шегеніне отырды.

Әлем оған бойды билеп әкетерліктей тамаша жаңарып, өзгеріп кеткендей көрінді. Көйлегінің бүрмелерін балаша термелей, Акси́нья көзі жалт-жұлт етіп, көңілі алып ұшып айналасына қарады. Тұман шалған көз ұшындағы қыйыр шет, қар суы басқан бақшадағы алма ағаштары, су сіңген коршау және оның арғы жағындағы мықтап су жырыл кеткен ескі сорапты жол — осының бәрі де оған аса әдемі, бейне күн нұрына бөленгендей қою, нәзік түрге оранып, құлпырып тұрған сыяқтанды.

Тұман арасынан жылт еткен аспанның бір ашық бөлшегі оның көзін ұялтқандай көкпеңбек боп жарқ ете қалды; шіріген сабан мен іріген қара топырақтың исі соншалық таныс та тәтті еді, Акси́нья сол хош иісті кеудесін

кере жұтты да, мыйығынан күліп қойды; тұманды даланың бір жерінен кеп құлаққа шалынған бозторғайдың жеп-жеңіл әні әйелдің іштегі шерін оятты. Бұл— жат жерде естіген ән — оның жүрегін қатты-қатты соқтырып, көзінен екі тамшы жасын сығып шығарды...

Қайтып келген өмір рақатына белшесінен батып, Акси́нья дүниенің бәрін қолымен ұстап, көзімен қарағысы келді. Ол ылғалдан қарайған қарақат бұтасын қозғағысы келді, сұр мақпал бұршік жапқан алма ағашының бұтағына бетін басуға құмартты, қыйраған шарбақты аттап өтіп жолсыз, балшықты кешіп, сонау кең жырадан әрі тұманданған көз ұшындағы қыйыр шетпен ұштасып жатқан, ғажайыптай құлпырған күздік егіске барғысы келді...

Таяуда-ақ келіп қалады деп Акси́нья бірнеше күн бойы Григорийді күтумен болды, бірақ соңынан қожайынына келіп кеткен көршілерден соғыстың бітпегенін, көп казактардың Новороссийскіден теңіз арқылы Қырымға асқанын, қалғандары Қызыл Армияға және рудниктерге кеткенін есітті.

Аптаның ақырына қарай Акси́нья үйге қайтуға белін бекем байлады, кешікпей оған сол жерде жолдас та табыла кетті. Бір күні кешке үйге, есік қақпастан, кішкене бүкір шал кіріп келді. Ол үн қақпастан басын иді де, үстіндегі қолпылдаған кір-кір, тігісінен сәгілген ағылшын шинелінің түймелерін ағыта бастады.

— Мейірімді кісі, сенің мұның қалай, «аманбысың» деп те айтпастан, орын тебу ниетіне кіріскенің? — деп сұрады үй иесі, күтпеген қонақты аң-таң боп айналдыра қарап.

Ал келген кісі шинелін шешті, оны босағаға апарып қағып-сілкіп, мұқияттап ілгішке ілді де, қысқа етіп қырыққан бурыл сақалын сыйпап, күлімсіреп:

— Бейілді кісі, Христос үшін кешір, мен қазіргі заманның салтына үйренген адаммын: алдымен шешініп, қонуға рұқсатты сонан кейін сұра, әйтпесе түсірмей қояды. Халық қазір дөрекілікке салынды, қонақ келгенге қуанбайды... — деді!

— Біз сені қай жерге жатқызамыз? Көріп тұрсың ғой, таршылықта тұрып жатқанымызды, — деді үй иесі икемделе.

— Маған деген орынның өзіне де көгершіннің мұр-

нындай-ақ жер керек. Мына жерге, босағаға бүрсіп қана ұйқтап кетем.

— Ата, сен өзің кім боласың? Босқынбысың? — деп қожа әйел білгісі кеп әуестене қалды.

— Дәл солай, босқынның тап өзімін. Қаша-қаша дәл теңізге шейін бардым, ал онан ақырындап қана қайтып келем, қажытты әбден қашу дегенің... — деп жауап қайырды сөзуар шал, босағаға жүресінен отыра беріп.

— Кімсің өзің? Қай жердікісің? — деп қазбалай түсті үй иесі.

Шал қалтасынан үлкен тігінші қайшысын шығарды, қолында айналдырып отырды да, езуінен күлкі шырайы кетпеген күйі:

— Міне менің шеніме қарай алған документім, осымен мен Новороссийскінің өзінен бері қарай командировкаға жүріп келем, ал туған жерім алыс, Вешенская станцасының арғы жағы. Теңіздің тұзды суын татып болып, енді сонда бара жатырмын.

— Ата, мен де Вешенскаянікімін, — деді Аксинья қуанғаннан қып-қызыл боп.

— Тілеуің болсын! — деп қалды шал. — Көрдің бе станцаласты қайда кездестіруге тура келгенін! Осы заманда бұл ғажайып та нәрсе емес: біз тура — еврей сыяқты — жер бетіне жайылып кеттік. Кубаньда былай: итке таяқ лақтырсаң — дон қазағының басына тиеді. Бұрылар жер жоқ, толып кеткен, ал жер астында қанша — онан да көп. Мейрімді жандар, мен бұл шегініс тұсында түрлі нәрсені көріп болдым. Халық қандай кемтарлыққа ұшырауда, айтып та жеткізе алмайсың! Кеше станцияда отырсам, қасымда көзілдірік киген текті әйел бит қарап отыр. Ал бит дегеніңіз үстінде жаяулап-жалпылап шұбырып келеді екен. Биттерді саусақтарымен алады да, өзі тура бетін ащы алма жегендей тыржыйтады. Ол сорлы битті сыға бастайды да — онан әрі тыржыяды, мүлде бет әлпеті бұзылып кетеді, әйелге сондайлық жиренішті көрінгені ғой. Ал кейбір қатты жандар кісі өлтіреді, бірақ тыржыймайды да, беті де бүлк етпейді. Сондайлардың бірі менің көз алдымда үш қалмақты турап салды да, қылышын аттың жалына сұртті, қалтасынан шылымын алып тартты, маған жақындап келіп: «Қарт, сен неменеге көзіңді бақырайта қалдың. Қаласаң басыңды шауып түсірейін?» деп сұрады. «О не дегенің, ұлым, құдай жар болсын! Сен басымды шауып түсірсең мен онда нан-

ды кайтіп шайнаймын?» — дедім. Ол күлді де, кетіп барды.

— Кейбір сол іске қолы үйренгендерге адам өлтіру, бит сыққаннан жеңілірек. Революцияда адамның құны арзандады, — деп қойды үй иесі терең ойлы пішінмен.

— Ақыйқат сөз! — деп қонақ мақұлдай түсті. — Адам деген айуан емес, бәріне де үйреніп кетеді. Сөйтіп, мен сол әйелден: «Сіз өзіңіз кім боласыз? Түріңізге қарағанда қарапайым адамдардан емес сыяқтысыз» — деп сұрадым. Маған әйел жалт қарады да, көзінің жасы бетін жуып кетті. «Мен — генерал-майор Гречихинның әйелімін». Мәссаған генерал, мәссаған майор деп ойладым, ал биті — қотыр мысықтың үстіндегі бүргесіндей? Әйелге мен: «Аса ұлық дәрежелім, сіз егер мына жәндіктеріңізді бұлай етіп құртам десеңіз, бұл жұмыс тап Боқырауға шейін жетер. Және тырнақтарыңыз да мүжіліп бітер. Бәрін біржола сығыңыз?» — дедім. «Ол қалайша!» — деп сұрайды. Мен оған: «Киіміңізді шешіңіз, қатқыл жерге төсеңіз де, бөтелкемен ысқылаңыз» — деп ақылмды айттым. Қарасам — генеральшам бүрісіп, сутартқыш мұнараның аржағына кетіпті; қарай қалдым: көк бөтелкемен көйлекті октаумен ысқандай жостырып жатыр және өмірі бойы ысып жүргендей, ғажап ысқылайды! Мен оған қызыға қарап тұрдым да, ішімнен: құдайдың қолында бәрі бар, үнемі еңбекші қанын сора бере ме, бұлардың тәтті қандарын да бір сорып көрсінші деп, мына асыл адамдарға да жәндіктерін жауып жіберген екен... Құдай — ол Микишка емес! Ол өз ісін жақсы біледі. Кей кезде ол адамға сондай қайырымдылық істеп, адам ойлап таппастай соншалық әділ өмір береді... — деп ойладым.

Үздіксіз мылжындап және сөзін қожайындар назарын салып тыңдағанын біліп, мұнан да қызықтырақ етіп айтатындары мол екенін, бірақ мықтап ашыққанның салдарынан ұйқы меңдетіп тұрғанын тігінші өте шебер аңғартты.

Кешкі тамақтан кейін ұйқыға жайланысып жатып, ол Аксињядан:

— Станицалас, сен бұл жерде ұзақ қонақ боласын ба? — деп сұрады.

— Ата, үйге қайтуға дайындалып жатырмын.

— Онда міне екеуміз бірге жүреміз, қалайда көңілдірек болар.

Аксинья ықласымен мақұлдады да, ертеңгілікте қожайындармен хош айтысып, олар даланың иен қойнауында жатқан Новомихайловский поселкасынан шығып кетті.

Он екінші тәулікке қарай түнде Милютинская станциясына келді. Көруге бай, үлкен бір үйден қонуға рұқсат алды. Аксиньяның жолдасы станицада қалып тынығып, қажалып, ойылып қалған аяғын емдемекші болды. Ілгері жүре беруге оның шамасы келмеді. Бұл үйде оған тігіншілік жұмысы да табыла кетті, жұмысын сағынған шал терезе алдына жайласып алып қайшысын және кендірмен шандыған көзілдірігін алып жіберіп, тозығы жеткен бір ескіні сөге бастады.

Қоштасып жатып ақжарқын кәрі қалжыңбас Аксиньяны шоқындырды да, күтпеген жерден көзіне жас алды, бірақ сол сәтте-ақ көз жасын сүртіп жіберіп, өзінің әдетті қалжыңымен:

— Мұқтаждық — туған ана емес, бірақ адамды бір-біріне үйір етеді.. Міне мен сені қазір қыймаймын да. Қәне, енді амал жоқ, қызым, өзің жалғыз жүре бер, жетекшің барлық аяғынан бірдей тұралап қалды ғой, сірә, оған бір жерде арпа нанын жегізген шығар... Сонда да біз жеткілікті жер жүрдік, менің жетпіс жасыма бұл аса көп жүріс. Реті келсе — менің кемпіріме айтарсың: қарғатайы есен-сау, келіге салып түйсе де, иге салып илесе де ол әлі тірі, ізгі жандарға атүсті шалбар тігіп беріп келеді, үйге кешікпей жетіп келеді дерсің... Оған былай де: кәрі ақмақ, шегініп болды, енді кері үйге қарай аттаныс жасап келе жатыр, арманы пеш түбіне қалай жету...

Аксинья тағы да бірнеше күнді жолда өткізді. Бокховскаядан Татарскийге дейін ол жолшыбай кездескен бір көлікке мініп келді.

Түнделетіп келіп мекен-жайының шалқасынан ашылып жатқан кіші қақпасына кірді, Мелеховтардың мекеніне қарай қалып, кенет көмейге келіп тығылған өксуден демін ала алмай қалды... Иесіздік исі аңқып, қаңырап жатқан ас үйде көптен бергі жыйналған әйелдік ащы көз жасын төгіп-төгіп алды да, Аксинья Доннан су алып келді, пеш тұтатты, екі қолын тізесіне қойып, стол жанында отырды. Ойға шомып ол есіктің сықырлағанын да естімей қалды, үйге кіріп келіп Ильинична оған ақырын ғана:

— Қалай, көрші, сәламатсың ба! Шет жерлерде ұзақ жоғалып кеттің ғой өзің...— дегенде ғана басын көтеріп алды.

Аксинья оған шошына қарады да, орнынан тұрды.

— Сен неменеге маған қадала қарап, үндемей қалдың? Әлде жаман хабар алып келдің бе? — Ильинична Аксиньяның жүзінен сынды көзін айырмастан, ақырындай басып стол жанына келіп, сәкінің шетіне отырды.

— Жок, менде қандай хабар болушы еді... Сізді келер деп күтпеген едім, ойға кетіп, сіздің кіргеніңізді білмей де қалыппын...— деді Аксинья, абыржып.

— Мықтап жүдеп, өлуге қалғансың ғой өзің.

— Сүзек болдым...

— Біздің Григорий ше... Ол қалайша... Онымен қай жерде айырылдыңыз? Ол тірі ме?

Аксинья хал-жайды қысқаша айтып берді. Ильинична бір сөзін жібермей тыңдап болып, аяғында:

— Сені қалдырып кеткенде ол ауру емес пе еді? — деп сұрады.

— Жок, ол ауырған жок.

— Мұнан бөтен сен ол жөнінде іштеме естіген жоқсың ба?

— Жок.

Ильинична көңілі орнына түсіп, күрсініп қойды да:

— Мінекей, жақсылық сөзіңе рақмет. Ал мұнда ол жөнінде түрлі өтірікті жайып жүр...— деді.

— Нендей? — деп сұрады Аксинья естілер-естілмес етіп.

— Бос сөз... Жұрттың айтқанын тыңдап бітіре алмассың. Хутор адамдарынан тек қана Ванька Бесхлебнов қайтып келді. Ол Гришаны Катеринодарда көріпті, ал басқаларға нанбаймын!

— Әже, жұрт не дейді?

— Сингинский хуторының бір казагы айтыпты-мыс, Гришаны Новороссийскі қаласында қызылдар қылышпен шауып өлтіріпті деп есіттік. Жаяулап Сингнге бардым, — ана жүрегі шыдамады, — казакты тауып алдым. Ол танды. Көргенім де, естігенім де жоқ деді. Тағы да оны абақтыға отырғызған екен, сонда жатып сүзектен өліпті деген лақап жайылды...— Ильинична төмен қарап, көк тамыры білеуленген ауыр қолдарына үңіліп, үнсіз ұзақ отырды. Кемпірдің олпы-солпы беті жайбарақат та, еріндері қатты жымқырулы еді, бірақ кенет оның қарақош-



қыл беттерінде қызыл шырай жүгірді де, кірпіктері жыбырлап кетті. Ол Аксињьяға құрғақ, ызалы оты шыққан көзбен қарап, қырылдаған дауыспен:

— Бірақ мен нанбаймын! Ақтық ұлымнан айырлуым мүмкін емес! Құдайдың маған кәрін тігетін орны жоқ... Менің болмашы ғана өмірім қалды... Өмірім өте аз қалды, бірақ онсыз да қайғым басымнан асып кетті!.. Гриша тірі! Жүрегім селт етпейді — соған қарағанда ол, менің құлыным, тірі! — деді.

Аксињья үндемей теріс айналды.

Ас үйдегі тым-тырыс хал ұзаққа созылды, сосын сенекке шығатын есікті жел шалқасынан ашып тастады да, Донның арғы бетінде терек ішіндегі тасыған судың гүрілі мен жайылмадағы жабайы қаздардың үрейлене қыйқуласқаны құлаққа келді.

Аксињья есікті жапты да, пешке сүйенді.

— Әже, оны ойлап мұңаймаңыз, — деді Аксињья ақырын ғана. — Сондай адамды ауру жеңуші ме еді? Ол тура, темірдей, берік жан. Ондай адамдар өлмейді. Ол сықырлаған аязда бүкіл жол бойы қолына биялай киген жоқ...

— Балаларды ойлай ма? — деп сұрады Ильинична қажыған пішінмен.

— Сізді де, балаларды да есінен тастаған жоқ. Балалар сау ма?

— Сау, оларға неғылар дейсің. Ал Пантелей Прокофич шегіністе жүріп қайтыс болды. Біз жалғыз қалдық...

Ерінің өлімін сондай сабырлы түрде білдіргеніне кемпірге іштей таң қалып, Аксињья үн қатпастан шоқынып қойды.

Столға сүйене, Ильинична орнынан зорға тұрды.

— Сенің қасыңда көп отырып қалдым, сыртта әлдеқашан қараңғы түскен.

— Әже, отырыңқыраңыз.

— Дуняшка онда жалғыз қалды, кету керек. — Ильинична басындағы орамалын түзеп тұрып, ас үйді көзімен бір шолып өтті де, қабағын тыржыйтып: — Пештен түтін қайтып тұр. Кетерінде біреуді кіргізіп кетуің керек еді. Жә, қош бол! — Есіктің тұтқасынан ұстап тұрып, артына қарамастан: — Жайғасқаннан кейін — бізге келіп, хал біліп тұр. Григорий жөнінде хабар ести қалсаң — айтарсың, — деді.

Сол күннен бастап Мелеховтар мен Аксиньяның екі арасындағы қарым-қатнас шұғыл өзгеріп кетті. Григорийдің өмірі жөнінде қауіптену бұларды жақындастырып, туыс еткендей болды. Келесі күні таңертең Дуняшка аула ішінде жүрген Аксиньяны көріп қалып, айқайлап тоқтатты, шарбаққа жақындап келді де, Аксиньяның сүйегі сорайған иықтарын айқыра күшактап, еркелей езу тартты.

— Түү, Ксюша-ай, қалай жүдеп кеткенсің! Күр сүйегің қалыпты ғой.

— Мұндай өмірден жүдемегенде, — деп, есейген сұлулықпен албырт күлпыра түскен қыздың бетін іштей күндегендей, қадала қарап, Аксинья да қарсы күлімсіреді.

— Кеше мамам келді ме сенің үйіңе? — деп әлденеге Дуняшка сыбырлап сұрады.

— Келді.

— Өзім де оны саған кеткен болар деп ойлап едім. Гришаны сұрады ма?

— Иә.

— Дауыстап жылаған жоқ па?

— Жоқ, берік кемпір екен ол.

Аксиньяға сене қарап, Дуняшка:

— Оның дауыстап жылап алғаны дұрыс еді, біраз жеңілейіп қалар еді... Ксюша, сен білесің бе, ол осы қыстан бері бір түрлі елден ерек болып алды, бұрынғысындай емес қазір. Әкем туралы есіткенде мен оның жүрегі жарылып кетер деп зәрем қалмап еді, ал ол көзінен бір тамшы жас та шығарған жоқ. Бар айтқаны: «Жаны жәннатта болсын, азаптан құтылды сүйіктім...» деді. Және кешке шейін ешкіммен сөйлеспеді. Мен оған олай да, бұлай да айтып көрем, ал ол қолын бір-ақ сілтейді де, үндемейді. Ой, сол күнгі қорқынышка батқаным-ай! Кешке малды жайлап, қорадан келдім де, онан: «Маматай, кешкі тамақ ішейік, не пісірейін?» деп сұрадым. Жүрегі басылып ол сөйлеп жіберді... — Дуняшка күрсінді де ойға кетіп, көзін Аксиньяның иығынан әлдеқайла асыра қарап:

— Біздің Григорийдің өлгені рас па? Жұрттың былшылығы дұрыс па? — деп сұрады.

— Білмеймін, қарағым.

Дуняшка Аксиньяға қырынан сынай қарап, қаттырақ күрсінді де:

— Маматайым оны мүлде сағынғаннан сарғайып бітті! «Кішкентайым менің» дегеннен басқа атты білмейді.

Және оны тірі емес дегенге ешбір сенбейді. Қсюша, сен білесің бе, егер мамам оның шын өлгенін білсе — онда уайымнан өзі де өліп кетеді. Өмір онан әлдеқашан аулақтап кетті, оның тек жалғыз ілініп тұрған тыянағы — Григорий ғана. Немерелеріне де ол біртүрлі сүйкімсіз болып кетті, және жұмыста да — істеген ісі өнбейді. Ойлап қарашы өзің, бір жылдың ішінде біздің үйден төртеуі...

Жаны ашудың күштілігінен Аксињья шарбақтың үстінен созылып келіп Дуњашканы құшақтап, бетінен мықтап сүйіп алды.

— Сұлуым, шешенді оның-мұнымен алдарқат, аса қайыруға ырық берме.

— Немен алдарқатарсың оны? — Дуњашка орамалының ұшымен көзін сүртті де:

— Біздің үйге кір, әңгімелес мамаммен, оған көп жеңіл болып қалады. Басыңды аулаққа салатын ешнәрсе жоқ!

— Қалай да кіремін, сөзсіз кіремін!

— Ертең мен қырға баратын шығармын. Аникушканың қатынымен жұптасып, ең болмаса бір-екі десятина жерге бидай сепкіміз келеді. Сен ше, себу ойыңда жоқ па?

— Менен қандай егінші шықпақ,— деді Аксињья ренжи езу тартып.— Көлік те жоқ және егін егудің қажеті де аз. Маған көп нәрсе керек емес, осылай да күнелтермін.

— Сенің Степаныңнан не хабар бар?

— Ештеме де жоқ,— деп немкетті жауап қайырды да, Аксињья өзі де байқамай: — Оған онша сарғая қоймаймын,— деп салды. Ойдағысын аңдаусыз айтып салғанына ұялып қалды да, ұятын бүркеу үшін ол шапшандап: — Жә, бойжеткен, қош бол, үй ішін жыйнастыруға барам,— деді.

Аксињьяның абдырағанын байқамаған болып Дуњашка басқа жаққа қарап:

— Аз-кем тоқтай тұр, саған айтайын дегенім мынау еді: сен біздің жұмысымызға жәрдемдеспейсің бе? Жер кеуіп барады, үлгіре алмаймыз ба деп қорқам, ал бүкіл хуторда қалған казак екеу-ақ, олардың өздері де жарым-жандар.

Аксињья ықласымен ризалық білдірді де, оған көңілі көншіген Дуњашка қырға дайындалғалы кетті.

Қырға шығуға ол ұзақ күн дайындалды: Аникушка жесірінің жәрдемімен тұқым еледі, зорға деп тырмаларды жөнделді, арба дөңгелектерің майлады, сеялқаны ретке

салды. Кешке тазартқан бидайдан орамалға көсіп салды да, бейіт басына алып барды, ертемен күстар келіп қонсын деп Петроның, Натальяның және Дарьяның молаларына бидай шашты. Қарапайым балалықпен ол күстың шаттана шықылықтағаны өліктерге есітіліп, оларды қуантады деп сенетін-ді...

Обдонье үстінде тыныштық тек таң алдында ғана орнай бастады. Теректердің қуқыл жасыл дінгектерін шомбыта, емен бұталары мен бала көктеректердің суға бойлай батқан ұшар бастарын бірқалыпта тербетіп, тасқын басқан орман ішінде су күнгірт гүрлейді; суы молайған көлдерде ағыс еңкейткен камыс ұлпалары судырлайды; жайылмаларда, шалғай шығанақтарда,— сонау көлкіген суға жұлдызды аспанның қарауытқан сәулесі түсіп, сыйқырлап қойғандай, селт етпей тұрған қыймылсыз айдында,— қараша қаздардың қыйқуласқаны құлаққа шалынады, еркек шүрегей үйректер самарқау ысқырады да, шалқарда түнеп қанған өткінші аккумулярдың кернейлі дауыстары оқта-текте күмістей сынғырлайды. Кейде емін-еркін кеңістікке ойнаққа шыққан балық қараңғыда шолп-шолп етеді; жыбырлап, алтын дақ қаптаған судың бетімен қалтылдақ толқын алысқа лықсып домалайды да, дүрліккен күстың сактық қаңқылы шығады. Обдоньені тағы да жым-жырт тыныштық басады. Бірақ, борлы тау сілемдері болар-болмас сарғайып, таң саз берген кезде қоңыр жел көтеріледі. Бұл қою әрі күшті жел ағысқа қарсы соғады. Дөң бойында құлаш-құлаш күдері толқындар дөңдене түседі, орманда су буырқана гүрілдейді, ағаштар теңселе күңіренеді. Жел ұзақты күн өкіріп, түннің әлде бір уағында басылады. Осындай ауа райы бірнеше күнге созылды.

Дала үстін сирень түсті мұнар басты. Жер кеуіп кетті, шөктің өсуі тоқтады, зябь бетін арам шөп жапты. Жер қыртысын сағат саһнап жел мүжіді, ал Татарский хуторының егістік жерлерінде адам жоқтың қасында болды. Бүкіл жарамсыз, қол-аяғы үсіген және ауру казактар ғана қайтты, егісте жалғыз ғана әйелдер мен ересек жеткіншектер жұмыс істеді. Адамсыз қалған хуторды қуалай жел шанды жүйткітті, үйлердің терезе қақпақтарын тарсылдатты, сарай төбелерінің сабанын қопсытты. «Быйылғы жылы нансыз қаламыз,— десті шалдар.— Егіс басында

жалғыз ғана қатындар, оның үстіне екі үй өтіп үшінші үй ғана егін септі. Ал өлі жер өнім бермейді...»

Егіске шыққаннан кейін ертеңіне күн батар алдында Аксињья өгіздерді бөгетке айдап барды. Ерттеулі атты тізгінінен ұстап бөгет жанында он жасар бала Обнизов тұр екен. Ат оттап қояды да, оның көк мақпал сауырынан тамшы жұмалайды, ал жерде тұрған бала: суға кепкен балшықтан кесек лақтырып, су бетіне түскен дөңгелек толқынның қалай жайылғанына қарап ермек етіп тұр.

— Ванятка, сен қайда барғалы дайындалдың? — деп сұрады Аксињья.

— Шешеме тамақ әкелдім.

— Жә, хутор ішінде не болып жатыр?

— Ештеме жоқ. Бүгін түнде Герасим қарт қазамен дәу сазан ұстап алды. Және тағы да шегіністен Федор Мельников келді.

Аяғының ұшынан баса өріліп, бала аттың ауыздығын салды, бір шоқ жалдан ұстады да, өте ептейлікпен ер үстіне дік етіп мініп алды. Ол — парасатты қожайындарша — бөгеттен аяңмен шықты, бірақ сәлден кейін Аксињьяға бұрылып қарады да, соншалық пәрменмен шаба жөнелгенде, тіпті оның көгілдір көйлегін жел көбіктей кеулеп кетті.

Өгіздер су ішіп болғанша Аксињья бөгет үстінде қыйсайып жатты да, сол жерде хуторға барып қайтуға бел байлады. Мельников әскер қызметіндегі казак болатын, ол Григорийдің тағдыры жөнінде бір хабар білуге тиісті еді. Өгіздерді қос басына айдап әкеліп, Аксињья Дуняшкаға:

— Хуторға барып қайтам, таңертең ертемен қайтып келем, — деді.

— Жұмыс бар ма?

— Жұмыс бар.

Ертеңгілікте Аксињья қайтып келді. Ол, бейқам түрде шыбығын бұлаңдатып, өгіз жегіп жатқан Дуняшканың қасына келді, бірақ оның қабағы қатыңқы, езулері жымырылық еді.

— Мельников Федор келіпті. Сонан барып Григорийді сұрадым. Ештеме білмейді, — деді ол қысқаша ғана, сөйдеді де кілт бұрылып тұқым сепкішке қарай кетті.

Егістен кейін Аксињья шаруашылық ісіне кірісті: бақшаға қарбыз екті, үйді сылап, ағартып шықты, өзі — бар білгенінше — қалған сабанмен сарай төбесін жапты.

Күндер жұмыспен өтіп жатты, алайда Григорийдың өмірі үшін үрейлену бір сәт те ойынан шықпады. Акси́нья Степан туралы ықласыз ойлады, оған ол біртүрлі қайтып келмейтіндей көрінді, бірақ казактардан хуторға біреу-міреу келе қалса ол алдымен: «Менің Степанымды көрмедің бе?» деп сұрап, сонан кейін ғана Григорий жөнінде ептеп астыртын сұрап біліп алуға тырысты. Бұлардың байланысын хутор іші тегіс білетін. Тіпті өсекқұмар қатындар да бұлар туралы сыпсындауын қойып кетті, бірақ Акси́нья сүйіспендік сезімін ашық білдіруге ұялып, тек анда-санда, сөзге сараң жауынгер Григорийді ауызға алмаған уақытта ғана көзін сықсыйтып және көріне қыпқызыл болып қысылып: «Біздің Григорий Пантелевич көршіні кездестірмедің бе? Ойлай-ойлай шешесінің тынышы кетіп болды, сарғайып, мүлде семіп бітті...» деп қана сұрайтын.

Новороссийскіде Дон армиясы өздігінен берілгеннен кейін хуторлықтардың ешқайсысы Григорийді де, Степанды да көрмеген еді. Тек қана июнь айының аяғында Акси́ньяға Донның арғы бетіне өтіп кеткен Степанмен әскерде бірге болған Колундаевский хуторының адамы келді. Ол Акси́ньяға:

— Степан Қырымға кетті. Бұл саған айтып отырған шын сөзім. Пароходқа мінгенін өз көзіммен көрдім. Онымен сөйлесуге шама келмеді. Сондай тығыздық болып, адамдар бірінің үстіне бірі шығып кетті.— Григорий жөніндегі сұраққа ол жалтара жауап қайырды: — Пристань басында көрдім, погонды еді, ал сонан кейін көруге тура келмеді. Офицерлердің көбін Москваға әкетті, кім білсін оның қазір қайда екенін...— деді.

Ал бір жұма өткеннен кейін Татарскийге жаралы Прохор Зыков келіп шықты. Оны Миллерово станциясынан жергілікті біреудің көлігімен әкелді. Акси́нья бұл хабарды есітіп, сауып жатқан сыйырын тастай берді де, бұзауын босатып жіберіп, орамалын жүре бүркеніп, Зыковтың үйіне жүгіре басып жөнеле берді: «Прохор біледі, ол білуге тиіс! Егер де Гриша тірі емес десе қайтем? Мен онда не істеймін?» — деп ойлады да, ол жолда, қаралы хабардан қорқып, қолымен жүрегін басып, бірден-бірге аяқ басысын шабандата берді.

Сол қолының шолақ молтағын жасыра, артына ұстай Прохор оны төргі бөлмеде ыржия қарсы алды.

— Аман ба, сапарлас жолдас! Аманбысың! Сені де

тірі көреді екем! Біз сені сол поселкеде жан тәслим етті ғой деп ойлап едік. Ой, өте ауыр жаттың-ау... Ал, сүзек қалай екен, өң бере ме екен әйелдерге? Міне көрдің бе, аузыңа сояу сұғылғыр ақ поляктар, мені қалай етіп мінегенін.— Прохор сұр гимнастеркасының түйіп қойған бос жеңін көрсетті.— Әйелім көре сала бақырып жылады, мен оған: «Өкірме, ақмақ, кейбіреулердің басын жұлып әкетді, сонда да кектемейді, ал қол да дүние ме екен, тәйірі! Дереу ағаш қол жасап береді. Ол ең болмаса суықтан қорықпайды ғой, оны және кессең де — қаны шықпайды» дедім. Бикеш-ау, тек болғаны бір қолыммен жұмыс істеп үйренбегенім бәле болды. Шалбарымның түймесін сала алмаймын, міне, шаруаның біткен жері осы. Тап Киевтің өзінен үйге шейін, түймесі ағытылған күйі келдім. Қандай масқара! Сондықтан менің қолайсыз жағдайымды байқап қалсаң, кешірерсің... Кәне, бері қарай өт, отыр, қонақ боларсың. Менің қатыным жоқта сөйлесіп алайық. Ол, құдайдан безген күпірді самогон алып келуге аттандырдым. Ерінің қолы жұлынып келгенде оның құтықтайтын да ештемесі жоқ екен. Ерсіз сендердің бәрің де сондайсыңдар, дымқыл құйрық сайтандар, сырларыңды мен әбден білемін!

— Сен айтсаң етті...

— Білемін, айтамын. Міне былай етіп бас изе дегенді,— Прохор қалжыңдап иіліп сәлем етті, сонан соң басын көтеріп алды да, аң-таң боп қасын кере түсті: — Мәссаған керек болса! Есалаң-ау, сен неге бақырасың? Сендер, осы қатын дегеннің бәрі, шыйратылып-тарқатылып тұрған жансындар екен бір. Өлтірсе — бақырасындар, тірі қалса — онда тағы бақырасындар. Сүртін, сүртін, сүртін, неменеге пысылдай қалдың? Тірі де сау деп тұрмын ғой мен саған, беті табақтай боп оңалды! Новоросийскіде Буденный жолдастың Атты армиясына, он төртінші дивизияға онымен бірге кірдік. Біздің Григорий Пантелевич жүздікті басқарады, яғни эскадронды дегенім ғой, мен, әрине, оның өз жанында болдым да, жорық тәртібімен Киевке кеттік. Ой, бикеш-ай, келістірдік-ау ақ поляк сайтандарды! Бара жатырмыз. Григорий Пантелевич маған: «Немістерді турадым, түрлі австрияктарды да қатты шауып, қылышты байқап көрдім, поляктардың бас сүйегі шынымен-ақ қатты болғаны ма? Өзіміздің адамдарды — орыстарды — шапқылағаннан гөрі, поляктарды турау жеңілірек болар деп ойлаймын, сен қалай дейсің?» деп тісін

ақсыйтып көзін қысып қоятын. Қызыл Армияға кірген соң ол мүлде өзгеріп кетті, ақжарқын болып алды, ат сыяқты жұп-жұмыр. Ал, екеуміздің үйіші болып жанжалымыз да болмай қалған жоқ... Бір күні мен қасына келдім де ойнап: «Уақыт жетті, аялдасақ етті, бекзат Мелехов жолдас!» дедім. Маған ол көзін алартып: «Сен мұндай қалжынынды таста, әйтпесе жаман болады» — деді. Кешкілікте ол бір жұмыспен мені шақырып алды да, сайтан түртіп, тағы да оны «бекзат» деп атап қалдым... Маузерге жармастасы барма! Гриша құп-қу болып кетті де, қасқырдай ақсыя түсті, ал аузы толған тіс, жүзден бір де кем емес. Мен — аттың бауырына кіріп кеттім де, онан аулағырақ тайып тұрдым. Өлтіріп қоюға сәл-ақ қалды, міне о жарыңның қыймылы!

— Ендеше, демалысқа келер... — деп салды Акси́нья.

— Ойыңа да алушы болма! — деп Прохор тікесінен қайырды. — Өткендегі күналарымды кешіргенше қызмет етем дейді. Ол мұны істеп шығады, ақмақтық іс — қыйын емес... Бір селоның жанында бізді ол атакаға бастады. Менің көз алдымда жаудың төрт уланын турап тастады, ол қарғыс атқанның өзі, жасынан солақай еді ғой, міне сол жауды кез келген жағынан қыйып тастап отырды... Ұрыстан кейін Бүденийдың өзі келіп строй алдында Григорийдің қолын алды да эскадронға да, оған да алғыс айтты. Міне, сенің Пантелевичіңнің шығарған өнерлерінің түрі осындай!

Акси́нья есінен таңғандай пішінмен тыңдады... Ол тек Мелеховтардың кіші қақпасының жанында ақылға келді. Дуняшка сенекте сүт сүзіп жатыр еді, ол басын көтерместен сұрап:

— Сен аштқыға келдің бе? Апарып берермін деп уәде етіп тұрып, ұмытып кетіппін, — деді. Бірақ Акси́ньяның бақыт нұрымен жарқыраған жасты көздеріне қарап, Дуняшка бәрін де айтпай-ақ түсіне қойды.

Қыздың иығына нарттай жанған бетін тақап, қуанғаннан демін ала алмай, Акси́нья:

— Тірі де, сау да... сәлем айтыпты... Баршы! Бар, шешене айт! — деп сыбырлады.

## 2

Жазға қарай Татарскийге шегініске кеткендерден — отыз шақты казак қайтты. Бұлардың көбісі шалдар мен жоғарғы жастағы әскерилер болатын, ал, аурулар мен



жаралыларды шығарып тастағанда, жастар мен ер ортаны казактар жоқтың қасы еді. Олардың бір бөлегі Қызыл Армияда болды да, қалғандары Донға жаңадан жорық жасауға дайындалып, Врангель полктарының құрамында Қырымда бой тасалады.

Шегінгендердің тең жартысы басқа-жақтарда біржолала қалды: бірқатары сүзектен қырылды, кейбіреулері Кубандағы Қызыл Армиямен ақырғы айқаста қаза тапты, бірнеше адам керуеннен көз жазып қалып, Маныч аржығындағы құба жонда үсіп өлді, екеуі қызыл-жасылдардың қолына тұтқынға түсті де, хабар-ошарсыз кетті... Татарскийде көп казактың саны кеміді. Әйелдер күндерін үрейлене сарылып күту үстінде өткізді, әрдайым өрістен қайтқан сыйырларын қарсы ала шығып, кешкі ақшыл көк мұнар басқан жол үстінде кешеуілдеген жолаушы көзге түспес пе деп алақандарымен көзін қалқалай ұзақ қарап тұратын.

Үйге киімі алба-жұлба, биттеген, жүдеген біреу кіріп келеді, бірақ бұл тап сол көп күткен қожайынның өзі болып шығады да, үйде қуанышты, мағынасыз әбігерлік басталады: кірден қал-қара болған жауынгер үшін су жылытылады, балалар тұс-тұстан әкесіне қызмет етуге тырысып, оның әрбір қыймылын аңдйды, бақыты тасып, есі шыға абдыраған қожа әйел біресе дастарқанға тамақ жаюға ұмтылады, біресе сандықтан ерінің таза ішкі киімін әкелуге жүгіреді. Ал ішкі киім, қас қылғандай, жамалмаған болып шығады да, қожа әйелдің қалтылдаған қолдары сабақтауға иненің көзін таба алмайды... Бұл сыяқты бақытты минуттың үстінде, қожайынды алыстан танып, еркелеп қолын жалап, үйдің дәл босағасына дейін қалмастан жүгірген қора күзететін итке де үйге кіруге рұқсат етіледі; ыдыс қыйратқан, болмаса сүт төгіп кеткен балаларға да іштеме жоқ, олардың қандай қылығы болса да жазасыз кетеді... Қожайын шомылғаннан кейін киімін ауыстырып киюге де үлгірмей жатып-ақ үйге әйелдерлық толып қалады. Олар жақындарының тағдырын білгелі келеді, жауынгердің әрбір сөзін әрі қорқып, әрі ынта-лы тындайды. Ал аздан кейін бір әйел көз жасы сорғалаған бетін алақанымен басып тысқа шығады, соқыр адамдай, жолды талғамастан шолақ көшемен жүре береді де, міне, сөйтіп, үйлердің бірінде жаңа жесір аза тұтып өлікке жоқтау айтады да, оған аңыраған бала дауыстары қосы-

лады. Татарскийде ол күндерде тап осындай: қуаныш бір үйге кіріп, екінші үйге өшпес қайғы енгізетін.

Ертеңіне жасарған, жылмыта қырынған қожайын таң сәріден тұрады, шаруашылықты көзбен шолады, ап дегеннен не істеу керекін белгілейді. Ертеңгі асын ішісімен ол іске кіріседі. Сарай жаппасының астындағы бір сая жерде бұл қорада жұмысқұмар еркектің шебер қолы бар деп, бейнебір жар салғандай, сүргі көңілдене ысылдайды, болмаса балта тарсылдайды. Ал әкесінің және ерінің өлген хабарын алған үйде және оның ауласында құлаққа ұрғандай тым-тырыс. Қайғы езіп тастаған ана үнсіз жатып алады да, оның айналасына бір түнде есейіп қалған жас жетімдер ұйлығып, шоғырлана түседі.

Хуторлықтардың бірінің қайтып келгенін есітіп, Ильинична:

— Біздің бұл Григорий қашан келмекші! Басқалар желіп жатыр, біздікінен хабар да жоқ,— дейді.

— Жас казактарды жібермейді, маматай-ау, сіз мұны қалайша түсінбейсіз! — деп Дуняшка ызалана жауап қайырады.

— Жібермегені қалай? Тихон Герасимов ше? Ол Гришадан бір жасы кіші.

— Маматай, ол жаралы ғой!

— Қандай жаралы болушы еді! — деп қарсыласады Ильинична.— Кеше оны ұста дүкенінің жанында көрдім, жүргенде тартқан сымдай керіледі. Ондай жаралы адам болушы ма еді.

— Жаралы болған, бірақ қазір тәуір болып келеді.

— Е, біздің Григорий аз жараланып па екен? Тұлабойы тұтасымен тыртық, оған, сеніңше, оңалудың керекі жоқ па?

Григорийді тап қазір келеді деп үміттенуге болмайтынын Дуняшка шешесіне барынша-ақ дәлелдеп көрді, бірақ Ильиничнаны бір нәрсеге сендіре қою оңай жұмыс емес еді..

— Үндеме, ақмақ! — деп бұйыратын ол Дуняшкаға. — Мен сенен кем білмеймін, ананды үйретуге сен әлі жасың. Айттым келуге тиіс деп, ендеше келеді. Бар, бар, саған сөзімді де шығын қылып жатпаймын!

Кемпір баласын адам айтқысыз сабырсыздықпен күтті де, кезі келген жерде оны ойына ала берді. Мишатка оған бойсұнбай қойса-ақ болғаны, ол оны дереу қорқытып: «Дудар бас Анчутка, тұра тұр бәлем, әкең келген соң ай-

тармын да, ол сенің сазанды берер!» дейді. Жана шабақ салған арбамен терезе алдынан өтіп бара жатқан біреуді көрсе, ол күрсініп қойып, дереу: «Қожайынның үйде екені арбаны ондағанынан-ақ көрініп тұр, ал біздің Гришаның үйге қайтар жолын біреу сыйқырлап қойғандай...» деп қояды. Ильинична өмірі шылым түтінін жаратпайтын, темекі тартушыларды ас үйден қуып шығатын, ал соңғы кезде оған бұл жөнінде де өзгеріс пайда болды: «Барып, Прохорды шақырып келші, отырып шылым тартып кетсін, әйтпесе осы үйдің өзі өлік сасып кетті. Әскерден Гриша қайтып келсінші, біздің үйден нағыз жанды қазақ рухы, міне, сонда шығады...» дейтін кемпір сан рет. Күнде ас пісіріп жүріп ол тамақты артық әзірлеп, түстік сонынан щипмен шойынды пешке қоятын. Неге бұлай етесің деген Дуняшканың сұрауына, Ильинична қайран қалып: «Е, солай етпегенде ше? Біздің жауынгер, мүмкін, бүгін келіп қалар, міне сонда келе сала дайын ыстық тамақ ішетін болады, әйтпесе сен оны жылытамын, пәлен етемін, түген етемін дерсің, ал ол, бәлки, аш келер...» деп жауап қайырады. Дуняшка бір күні бақшадан келіп Григорийдің ас үйде шегеде ілулі тұрған ескі бешпетшесі мен төбесі оңып кеткен фуражкасын көрді. Дуняшка түсінбеген көзбен шешесіне жалт қарады да, ол кінәлы және аянышты түрде езу тартып: «Дуняшка, мұны сандықтан алған менмін. Тыстан кіргенде қарап қойсаң, көңілге жеңіл болады... Бізбен бірге тұрған сыяқты...» — деді.

Григорий жөніндегі таусылмас әңгіме Дуняшканы әбден мезі қылды. Бір күні ол шыдай алмай, шешесін кінәлап:

— Мама-ау, осы сіз үздіксіз бір нәрсені айта беруге қалай жалықпайсыз? Әңгіменіз жұртты тегіс тойдырып болды. Сізден есітетініміз тек жалғыз-ақ: Гриша да Гриша... — деді.

— Туған ұлымды әңгімелеуге мен қалайша жалығам? Сен өзің балалы болшы, мәнісін сонда білерсің... — деді Ильинична ақырын ғана.

Мұнан кейін Григорийдің бешпетшесі мен фуражкасын кемпір, ас үйден өз бөлмесіне алып кетті де, бірнеше күн бойы ұлы туралы есіттіріп ешнәрсе айтпады. Бірақ алап шөбін шабатын уақыт тақалған кезде ол Дуняшкаға:

— Мінекей, Григорийді еске алсам сен ашуланасың, ал онсыз біз қалай күнелтеміз? Сен, ақмақ, осыны бір ойлап көрдің бе? Шөп шабатын кез таянып қалды, ал біздің үй-

де тырнауыш жонатын да ешкім жоқ... Дүниеміздің айнала тозғындап кеткені мынау, екеуміз болсақ, жөнді ешнәрсе істей алмаймыз. Иесіз товар да жетім деген осы...— деді.

Дуняшка тіл қатпады. Шаруашылық мәселелеріне шешесінің тап сондай қыйналмайтынын, мұның бәрі тек Григорийді әңгіме етіп, шерін тарқатудың амалы екенін Дуняшка өте жақсы түсінетін. Ильинична ұлын тағы да қаты сағына бастады да, мұнысын және жасыруға шамасы келмей қойды. Кешкілікте ол тамақ ішуден бастартты, ауырып қалған жоқсың ба? — деп сұраған Дуняшкаға:

— Қартайдым және Гришаға жүрегім ауырады... Ауырғанда сондай, мүлде ешнәрсеге көңілім соқпайды, тіпті жарық дүниеге қарағым келмейді... — деп жауап берді.

Бірақ Мелеховтардың шаруашылығына басшылық ететін Григорий болмай шықты... Алап шөбін шабар алдында майданнан хуторға Михаил Кошевой келді. Ол бір жанама ағайындарынікіне қонып шықты да, ертеңгілікте Мелеховтарға келді. Ильинична нан пісіріп жатыр еді, мейман сыпайылықпен есік қақты да, жауап ала алмаған соң ас үйге кіріп келді, тозығы жеткен солдат фуражкасын басынан алып, Ильиничнаға күлімдей қарады.

— Саламатсыз ба, Ильинична апай! Күтпеген шығарсыз?

— Шүкір. Е, күтетіндей сен менің кімім едің соншама. Біздің дуалға немере шарбақ па едің? — деп өрескел жауап қайырды Ильинична жексұрын Кошевойдың жүзіне зығыры қайнай қарап.

Мұндай суық қабыл алуға әсте қысылмастан:

— Солай, шарбақ болса шарбақ-ақ болсын... Қалай болғанда да таныспыз ғой, — деді Михаил.

— Болғаны сол-ақ.

— Кіріп хал біліп шығуға онан артығының керегі де шамалы. Мен сізге тұру үшін келгенім жоқ.

— Осы ғана жетпей тұр еді, — деп қалды да, Ильинична мейманға қарамастан нанын пісіруге кірісті.

Кемпірдің сөзіне назар аудармастан Михаил ас үйді зер сала қарады да:

— Хал білуге кірдім, қалай тұрады екен, көрейін деп келдім... Қөрмегенімізге үш жылдан асты ғой, — деді.

— Сені онша сағына қойғанымыз жоқ, — деп Ильи-

нична күңк ете қалды, пеш көмейіндегі шойындарды долдана қозғап.

Дуняшка төр бөлмені жыйнап жатыр еді. Михаилдың даусын есітіп боп-боз болып кетті де, үнсіз ғана екі алақанын жайып жіберіп, қайта соғып қалды. Сәкіге отыра кетіп, қозғалмастан, ол ас үйдегі әңгімеге құлағын түре қойды. Дуняшканың жүзіне біресе қою қызыл шырай жүгірді, біресе екі бетін бозғылт рең жауып, мұрнының нәзік дөңесіне ұзынынан бір ақжолақ түсе қалды. Ол Михаилдың ас үйде нығарлай басып жүргенін, сықыр еткізіп орындыққа отырғанын, сіреңке шаққанын есітті. Төр бөлмеге шылым түтіні жылжыды.

— Шал өлді дей ме?

— Өлді.

— Григорий ше?

Ильинична біраз уақыт үндемей отырды да, сонан кейін көріне жаратпаған түрмен:

— Қызылдарда қызмет істеп жүр. Тап сен сыяқты, бөркіне қызыл жұлдыз қадап алған,— деп жауап қатты.

— Ол оны әлдеқашан қадауы керек еді...

— Бұл — оның өз жұмысы.

— Ал Евдокия Пантелевна қайда? — деп сұрағанда Қошевойдың даусында бір айқын қорқыныш үні есітілді.

— Жағалатып келеді. Сен тым ертелеткен мейман екенсің, жақсы кісі алакеуімнен жүрмес болар.

— Жаман болмасқа лаж бар ма. Сағындым да, міне келдім. Неменесіне оның уақыт таңдап жатайын.

— Аһ, Михаил, сен менің ашуымды келтірмесең етті..

— Апажан-ау, қалайша, немен сіздің ашуыңызды келтіремін?

— Сонымен.

— Сөйтсе де, немен?

— Мына осы әңгімелеріңмен.

Дуняшка Қошевойдың ауыр күрсінгенін есітті. Мұнан әрі шыдауға оның шамасы келмеді: ұшып түрегелді де, юбкасын түзеді, ас үйге шықты. Сап-сары, жан танымас-тай боп жүдеген Михаил, шылымын тартып бітіруге айналып, терезе жанында отыр еді. Дуняшканы көргенде оның бұлыңғыр көздері жандана түсті, бетіне байқалар-байқалмас боп сәл ғана қызғылт шырай жүгірді. Асыға орнынан тұрып, ол қарлыға:

— Жә, саламатпысың? — деді.

— Шүкір...— деп жауап қайырды Дуняшка естілер-естілмес етіп.

— Бар, су алып кел,— деп дереу бұйрық берді Ильинична, қызына шала-пұла қарай салып.

Дуняшканың қайтуын Қошевой табан жылжытпастан күтті. Ильинична үндемеді. Михаил да үндемей отырды, сосын қолындағы темекі тұқылын сөндірді де:

— Апажан, осы сіз маған неге кәр төгесіз? Мен әлде сіздің жолыңызды кесіп өттім бе? — деп сұрады.

Ильинична, шағып алғандай, пештен кілт бұрылды:

— Қара бет-ау, біздікіне қалайша ғана ар-ұятың шыдап келесің? — деді ол.— Неге кәр тігесін деп сұрайды-ау әлі бұл менен?! Қанішерсің сен!..

— Қалайша мен қанішер болам?

— Қанішердің нағыз барып тұрғанысың сен! Петроны өлтірген кім? Сен емес пе?

— Мен.

— Ия, міне! Осыдан кейін сен кім боласың? Сөйтіп, кәдімгідей, біздікіне келіп... отырып...— Ильинична булығып, үндемей қалды да, жөнделіп алып сөзін бітірді.— Мен оның анасымын ба, жоқ па? Сенің көзің маған қалай ғана тура қарай алады?

Қошевой көріне сұп-сұр болып кетті. Ол осы әңгіменің боларын күткен еді. Қысылғаннан ол аздап тұттыға түсті де:

— Менің көзімнің ұялып жұмылатын ештемесі жоқ! Егер де мені Петро ұстап алса, ол не істер еді? Тас төбемнен сүйіп алар деп ойлайсың ба? Ол да мені өлтірген болар еді. Төбе басында біз онымен бір-біріміздің маңдайымыздан сыйпау үшін кездескеніміз жоқ! Соғыстың аты соғыс,— деді.

— Ал Қоршунов құданы ше? Момын шалды өлтіру, бұл да соғыс болып па?

— Енді қалай болушы еді? — деді Михаил таң қалып.— Әрине, соғыс, соғыс! Білемін мен ондай момындардың кім екенін! Ондай момындар үйінде дамбалын қолына ұстап отырады, ал қастықты майданда жүргендерден артық істейді... Қазактарды бізге қарсы айдап салып отырған сол Гришака қарт сыяқтылар! Осы соғыс та солардың кесірінен басталып кетті! Бізге қарсы үгіт таратқан кім? Сол, әлгі момақандар. Ал сен мені «қанішер» дейсің... Тапқан екенсің қанішерді! Бұрын мен қозыны, я болмаса торайды да бауыздай алмайтынмын,

қазір де бауыздай алмаймын. Ондай жануарды өлтіруге менің қолым бармайды. Өзгелер бассалып бауыздай бастайды, ал мен шыңғырғанын естімеу үшін, көрмеу үшін құлағымды тығып алып аулақ бір жерге кетіп қаламын.

— Ал құданы ше?..

— Аузыңыздан түспей-ақ қойды-ау сол құдаңыз! — деп Михаил ызаланып Ильиничнаның сөзін бөліп жіберді. — Сол құдаңыздан келер пайда, текенің сүтіндей-ақ еді ғой, ал келтірер зыяны ұшан-теңіз болатын. Мен оған: шық үйден — дедім, жөнге жүрмеді, сондықтан сол орнында жатып қалды. Ондай кәрі сайтандарға мен мейірімсізбін! Ашу үстінде болмаса, айуанды да өлтіре алмаймын мен өзім, ал, кешіріңіз, мына сіздің құдаңыз, я болмаса сол секілді жау сұмырайларды қанша болса да өлтіре аламын! Жарық дүниенің жүзінде бекерге өмір сүріп жүрген ондай жауларға менің қолым қатаң.

— Сол қатандығыңның салдары ғой сенің қуарып қалғаның, — деді Ильинична, шағып. — Мүмкін, ар-ұят жегідей жеп жүрген шығар...

— Қайдан бола қойсын-ау! — деп күлді Михаил ақпейіл пішінмен. — Сол бабай сыяқты сілімтікке бола мені ар-ұят жегідей жей қойғаны ғой. Мені құртқан безгек, сілемді әбден қатырды, әйтпесе, мамажан, мен оларды...

— Мен қандай саған мамажан болушы едім? — деп Ильинична бұрқ ете қалды. — Қаншықты атағайсың мамажан деп!

— Жә, сен мені қаншықтауыңды қой! — деді Михаил күңгірт дауыспен, көздерін қаһарлы түрде сығырайта түсіп. — Мен сенің айтқаныңның бәріне шыдай беруді міндетіме алғаным жоқ. Мен саған, апа, түсінікті түрде айттып отырмын: Петро үшін маған жүрегіңе кек сақтама. Өз түбіне ол өзі жетті.

— Қанішерсің, сен! Қанішер! Қет бұ жерден, саған қарауға да шамам жоқ! — деп Ильинична қайсарлықпен қайталай берді.

Михаил тағы да темекі тартты, салмақпен:

— Ал Митрий Қоршунов ше — сіздің құдаңыз — қанішер емес пе? Ал Григорий кім? Өз ұлың туралы ләммим демейсің, қанішердің нағыз өзі сол және ешбір қоспасы жоқ, таза қанішер.

— Өтірікті соқпа!

— Кешеден бері өтірік айтқаным жоқ. Жақсы, ал ол кім, сеніңше? Ол біздің адамдардың қаншасын құртты,

оны сен білесің бе өзің? Әңгіме міне осында! Апай, сен егер де соғыста болғандардың бәріне сондай атақ берсең, онда ендеше біздің бәріміз қанішерміз. Не үшін және қандай жандардың түбіне жету, әңгіменің бәрі міне осында,— деді Кошевой мағналы түрде.

Ильинична тіл қатпады, бірақ мейманның кететін түрі жоқ екенін көріп, кәрлі пішінмен:

— Жетті! Сенімен тәжікелесіп тұруға уақытым жоқ, кетсең етті үйіңе,— деді.

— Қоянда сарай қанша болса, менде үй де сонша, деп Михаил мырс етті де, орнынан тұрды.

Бұл сыяқты амалдармен, әңгімелермен оны ниетінен бездіру оңай бола қойып па! Жынданған кемпірдің тіл тигізген қылықтарына көңіл бөлеліктей Михаил онша сезімтал емес-ті. Өзін Дуняшканың сүйетінін ол жақсы білетін, ал қалғандарының бәрін, соның ішіне кемпірін де қоса, ол елең де қылмайтын болды.

Келесі күні ертемен ол тағы келді, ештеме болмағандай-ақ амандық сұрасты, Дуняшканың қыбыр еткен қыймылының бәрін көзімен ұзатып, терезе алдына отырды.

— Жиі келгіштеп кеттің...— деді Ильинична, Михаилға есен-сау айтпастан, жанай сөйлеп.

Дуняшканың ашуы бұрқ ете қалды, отты көздерімен анасына жалт бұрылды да, бірақ бір сөз де айтпастан, төмен қарады. Михаил күліп:

— Ильинична апай, мен саған келіп жүргенім жоқ, бекерге тұтанасың,— деді.

— Біздің үйге келетін жолды жадыңнан шығарсаң, ең абзалы сол болар еді.

— Мен сонда қайда бармақшымын? — деп сұрады Михаил салмақтана түсіп.— Сіздің Митрий құдаңыздың мейірбандылығынан мен, соқырдың сыңар көзіндей боп, жалғыз қалдым, ал қаңыраған бос үйді қасқырдай күзетіп отыра алмаймын ғой. Апажан, сен қаласаң да, қаламасаң да — бәрібір, мен сіздікіне келе беремін,— деп сөзін аяқтады да, аяқтарын кере түсіп, ол орнығыңқырап отырды.

Ильинична оған назарын сала қарады. Иә, мұндай адамды тегіндікпен шығара да алмассың. Кошевойдың еңкіштеу келген бүкіл тұлғасында, тұқырған бас қондырысында, жымқырылған еріндерінде өгіздей қасарысқандық бар еді...



Ол кеткеннен кейін, Ильинична балаларды тысқа шығарып жіберді де, Дуняшкаға қарап:

— Мұнан бұлай бұл жерге оның аяғы аттап баспайтын болсын. Түсіндің бе? — деді.

Дуняшка, кірпік қақпастан, шешесіне қарай қалды. Жұлып алғандай әрбір сөзін дақпа-дақтап айтқан мезетте оның долдана сығырайған көзқарасында бүкіл Мелеховтарға тән бірнерсе пайда бола қалды.

— Жоқ! Келе береді! Тыя алмайсыз! Келе береді! — деді. Сөйдеді де шыдамай, алжапқышымен бетін жауып, сенекке жүгіре шықты.

Ильинична тынысын зорға алып, терезе алдына отырды, үндемей басын шайқап, сонау күн көзінде күмістей жарқыраған жас жусанның жерді көктен бөліп тұрған жиегіне қарап, алыс далаға көзін қадап, ұзақ отырды.

Кешке таман — татуласпай тымырайысқан күйі — Дуняшка шешесімен екеуі Дон жағасындағы бақшаның құлаған шетен қоршауын тұрғызды. Қастарына Михаил келді. Ол үндемей Дуняшканың қолынан күректі алды да:

— Тайыз қазасың. Жел соқса, шетеніңіз қайта құлайды, — деп баған отырғызатын шұқырларды тереңдете бастады, сонсоң шетенді тұрғызуға көмектесті, оны бағандарға бекітті де, қайтып кетті.

Ертемен ол Мелеховтардың баспалдағының жанына жаңа сүргілеп шығарған екі тырнауыш және бір айыр сабын әкеліп қойды; Ильиничнамен амандасып, іскер түрде:

— Алаптан шөп шабу ойыңызда бар ма? Жұрт Донның арғы бетіне кетіп те жатыр, — деді.

Ильинична тіл қатпады. Шешесінің орнына Дуняшка жауап қайтарды:

— Біздікінде мініп өтетін де ешнәрсе жоқ. Үлкен қайық күзден бері сарайдың астында жатыр, бүтіндей қансып қалған, — деді.

— Жазғы тұрым оны суға түсіріп қою керек еді ғой, — деді Михаил, кіна қойып. — Мүмкін, жарығын тығындауға келер? Сіздерге қайықсыз отырудың мәні жоқ.

Көніп жауап күткен пішінмен Дуняшка шешесіне қарады. Ильинична үндемей, нан илей берді, бұл әңгіменің бәрі оған мүлде ешбір қатынасы жоқ сыяқтанды.

— Кендірлеріңіз бар ма? — деп сұрады Михаил, болмашы ғана езу тартып.

Дуняшка шоланға кетті де бір күшак кендір үлпегін алып келді.

Түскі тамакка шейін Михаил қайықты біржайлы қылды да, ас үйге кірді.

— Ал, қайықты еүйреп суға түсірдім, кіріге берсін. Оны бағанға шынжырлап қойыңыз, әйтпесе біреу-міреу сумен айдап кетіп жүрер.— Және тағы да:— Апай, сонымен шөп шабу жөнінде қалай дейсіз? Сізге жәрдемдесуге болатын шығар? Бәрібір мен қазір қарап жүрмін ғой,— деп сұрады.

— Әне, сұра сонан,— деп Ильинична Дуняшка жаққа қарай иегін қақты.

— Мен үй қожасынан сұрап тұрмын ғой.

— Мен, сірә, бұл үйдің қожасы емес шығармын...

Дуняшка жылап жіберді де, төргі бөлмеге шығып кетті.

— Олай болса енді жәрдемдесуге тура келеді,— деді Михаил тамағын кенеп, тыянақты түрде.— Ағаш шабатын құрал-саймандарыңыз қай жерде? Тырнауыш жасап берейін деп едім сіздерге, әйтпесе ескі тырнауыштарыңыз іске аспайтын шығар.

Ол сарайдың астына кетті де, ысқырып қойып, тырнауышқа тіс жона бастады. Кішкене Мишатка оны айналақтап, төңірегінен шықпай қойды, көздеріне тілене қарап:

— Михаил ағатай, маған да кішкентай тырнауыш жасап берші, әйтпесе маған істеп беретін ешкім жоқ. Әжемнің қолынан келмейді, апамның да қолынан келмейді... Жалғыз сен ғана жасай аласың, сен жақсы жасайсың! — деп өтінді.

— Істеймін, адас, істеймін, тек өзің былайырақ кетші, әйтпесе көзіңе жаңқаның ұшқыны түсіп кетпесін,— деп ұғындыра тілек ете бастады Михаил күліп, ішінен: «Қандай ұсаған, сайганның баласы... Аумаған әкесі! Көздерін де, қастарын да және жоғарғы ернін де тап әкесі сыяқты етіп көтереді... Міне — айнытпай шығарған іс деп осыны айт!» деп таң қалды.

Ол титтей етіп бала тырнауышын жасай бастап еді, бірақ бітіруге шамасы келмеді: еріндері көкпеңбек болып кетті, сап-сары жүзінде ызалы да сонымен бірге бойсұнып бағынған бір реңк пайда бола қалды. Ол ысқыруын тоқтатып, пышағын жерге қойды да, қалшылдап, иықтарын селкілдете бастады.

— Михайло Григорич, адас, маған бір төсейтін кенеп әкеліп берші, мен жатамын, — деп өтініш етті.

— О неге? — деп Мишатка құмарлана түсті.

— Ауырайын деп едім.

— Не үшін?

— Ой, неқылған жабысқақ неме едің өзін, тура көріғыз сыяқтысын ғой... Ал, міне ауыратын уақыт жетті, ауырдым, әлгіме сол! Әкел тезірек!

— Ал менің тырнауышым ше?

— Соңынан істеп берем.

Күшті діріл Кошевойдың денесін қалшылдатып жіберді. Тісі тісіне тимей сақылдап, ол Мишатканың алып келген кенебінің үстіне қыйсая кетті, фуражкасын алды да, онымен бетін жапты.

— Сенің бұл ауырып та қалғаның ба? — деп сұрады Мишатка ренжіп.

— Ауырып та қалдым.

— Ал неге дірілдейсің?

— Безгек қалшылдатып жатыр мені.

— Ал тісіңді неге сақылдатасың?

Михаил фуражканың астынан бір көзін ашып, маза-сыз кішкене адасына қарады, аздап езу тартты да, оның сауалдарына жауап бермей қойды. Мишатка оған үрейлене қарап, үйге қарай жүгіріп кетті.

— Әжетай, Михаил аға сарай астына жатып қалды, дір-дір етеді, дір-дір еткенде мүлде ыршып-ыршып кетеді, — деді.

Ильинична терезеге қарады, столға таман шеткерірек шығып, бір нәрсеге ойға кетіп, өте ұзақ уақыт үндемей қалды...

— Әжетай, сен неге үндемей қалдың? — деп сұрады Мишатка сабырсызданып, кемпірді кофтасының жеңінен ұстай жұлқылап.

Ильинична оған бұрылып, салмақпен:

— Бөпетайым, ана құдайсызға көрпе апарып бер, жамылып жатсын. Оның безгегі ұстап жатыр, сондай бір ауру. Сен көрпені жеткізе аласың ба? — Кемпір терезеге қайтадан келіп аулаға қарады да, шапшаңдап: — Тоқта, тоқта! Апарма, керегі жоқ, — деді.

Дуняшка өзінің тері тонын Кошевойдың үстіне жауып, еңкейіп, оған бірдеме деп жатыр еді.

Безгек ұстап өткеннен кейін Михаил қас қарайғанша пішенге әзірлену жұмысымен болды. Ол едәуір әлсіреп

қалыпты. Қыймылдары мардымсыз, босаңсып кетті, бірақ сонда да ол Мишаткаға тырнауыш жасап берді.

Кешкілікте Ильинична кешкі тамақ дайындап, балаларды стол басына отырғызды да, Дуняшкаға бұрылып қарамастан:

— Бар, қалай деуші ең... Әлгіні, шақыр, ас ішсін... — деді.

Михаил, шоқынуға маңдайына қол апармастан, шаршап бүкірейген күйі, стол басына келіп отырды. Кепкен тердің жолағы басқан оның сап-сары жүзіне салығу реңі түскен, қасықты аузына апарғанда қолдары дір-дір етіп кетеді. Стол басында отырғандарға анда-санда әлдеқалай көз жіберіп, ол тамақты аз және ықлассыз ішті. Бірақ Ильинична «қанішердің» нұрсыз көздері кішкене Мишаткаға тоқтаған кезде мезет жылып, жандана түскенін, сұқтанған мейірімділік оты біресе лап етіп, біресе сөне қалғанын, езулерінде көзге ілігер-ілікпес күлкі шырайы көпке шейін кетпей тұрып қалғанын байқап, таңтамаша қалды. Сонсоң Михаил көзін басқа жаққа аударып еді, бетіне қайтадан топас селқостық көлеңкесі түсті.

Ильинична Қошевойды астыртын бақылап қарай бастап, тек сонан соң ғана оның аурудан мықтап жүдегенін байқап қалды. Шаңнан боп-боз болып кеткен гимнастерканың астынан бұғана сүйектерінің имектері арсыйып шодырайып көрініп тұр, жап-жалпақ иықтарының шошайған топшылары арықтықтан күдірейіп, шығып кетіпті де, баланың мойнындай жіп-жіңішке мойнында жирен қылтанақ басқан жұтқыншағы өрескел сорайып тұр еді... «Қанішердің» еңкіш тұлғасына, балауыз бетіне қараңқыраған сайын кемпірдің ішкі бір қолайсызданған бейтараптық сезімі күшейе түсті. Сөйтіп, кенеттен, Ильиничнаның жүрегінде, осы бір жек көретін адамына күтпеген жерден кәдімгі күшті-әйелдерді де көндіретін, сайсүйекті сырқыратарлық аналық жан ашу сезімі пайда болды. Бұл жаңа сезімін билеуге шамасы келмей, ол мөймілдете сүт талтырған тарелканы Михаилға ысырды да:

— Құдай үшін, сен, тамақты дұрыстаңқырап ішші өзің! Сондай жүдегенсің, тіпті өзіңнің адам қарарлық сыйқың қалмапты... Күйеу болғаныңа болайын! — деді.

Хутор ішінде Кошевой мен Дуняшканы әңгіме ете бастады. Әлдеқалай пристань басында кездесіп қалып бір қатын көрер көзге келемеждеп Дуняшкадан: «Михаилды әлде қызметкерлікке жалдап алдыңдар ма? Өзі тіпті аулаларыңнан шықпайды ғой...» деп сұрады.

Қызының барлық өтінішіне Ильинична: «Мен оған сені өлсем де бермеймін! Батам жоқ менің сендерге берер!» деумен болды. Ильинична бұл тоқтамды тек Дуняшка Кошевойдың үйіне кетемін деп киім-кешектерін жыйнай бастаған соң ғана өзгертті.

— Есінді жыйна! — деді ол үрейі ұшып. — Балалармен жалғыз қалып мен не бітірмекшімін? Құру керек пе бізге?

— Маматай, өзің білесің, хутор ішінде мен жұртқа күлкі болып жүре алмаймын ғой, — деді Дуняшка ақырын ғана, сандықтан өзінің жасауларын шығара бастап.

Ильинична көпке дейін еріндерін үнсіз жыбырлатты, сонан соң, аяғын зорға деп басып, үйдің алдыңғы бұрышына барды.

— Ал, қызым, олай болса... — деп сыбырлады ол, иконаны алып жатып, — егер сен солай деп тапсаң, құдай жар болсын, рұқсат...

Дуняшка шапшандап, тізерлей, отыра кетті. Ильинична оған батасын беріп, дірілдеген дауыспен:

— Марқұм анам маған осы иконамен батасын берген еді... Ох, қазір сені әкең көрсе... Сенің күйеуің туралы әкеңнің не айтқаны есінде ме? Құдай куа, қандай ауыр бұл маған... — деді. Сөйдеді де ол, үнсіз бұрылып, сенекке шығып кетті.

Михаил қаншама тырысса да, неке қыйдырудан бастартуға қалыңдығын қаншама үгіттесе де, қайсар қыз өз дегенін істеді. Михаил амалсыз көнуге мәжбүр болды. Ішінен бұл дүниенің бәріне лағнат айтып, Михаил неке қыйдыруға өлім жазасына бара жатқандай дайындалды. Түнде Виссарион поп оңаша шеркеуде ол екеуін халал жұпті етіп басын шырмады. Неке қыю ырымдарынан кейін ол екі жасты құттықтап, ғибрат айтты:

— Мінекей, өмірде бәрі кездеседі, жас советский жолдас: өткен жылы сіз өз қолыңыздан менің үйімді өртедіңіз, былайша айтқанда отқа салдыңыз, ал бүгін маған сіздің некеңізді қыюға тура келді... Құдыққа түкірме,

өйткені ол кәдеңе асады—деседі. Алайда мен сіздің ақылға келіп, тәңірінің шеркеуіне енетін тура жол тапқаныңызға өте қуаныштымын, жан-тәніммен қуаныштымын,— деді.

Қошевой тіпті де бұған төзе алмады. Өзінің пәтуасіздігіне ұялып, өзіне өзі зығыры қайнап, ол шеркеу ішінде бастан аяқ үндемей тұрғанды, ал мына сөзді естігенде ашу кернеп кетіп, кекшіл попқа көзін аларта қарап, Дуняшкаға есіттірмей сыбырлап:

— Сенің сонда хутордан қашып кеткенің өкінішті-ақ болды, әйтпесе мен сен ұзынжал сайтанды үйіңмен қоса өртейтін едім! Саған бұл түсінікті ме, жә, кәне? — деді.

Күтпеген сөзден есі шығып кеткен поп екі көзін жыпылықтатып Қошевойға қадалып қалды, ал Михаил қалыңдығын жеңінен тартып қалып, қатулана: «Кеттік!» деді де, солдат етігін тарсылдата басып, есікке қарай жүрді.

Бұл думансыз үйлену тойында самогон да ішілмеді, айқайлап ән де салынбады. Тойда күйеуқосшы есебінде болған Прохор Зыков ертеңіне көпке дейін жерге түкіріп, Аксињьяға мұңын шағынды:

— Я, бикешім, осындай да үйлену тойы болады екен! Шеркеу ішінде Михаил попқа төбеден ұрғандай бір әдепсіз сөз айтып салып, шалдың аузы бір жағына қыйсайып кетті. Ал, той асы қандай болды десейші? Қуырған тауық еті мен айран... сайтандар, тым болмаса бір тамшы самогон қойсайшы-ау! Қарындасын күйеуге қалай бергенін Григорий Пантелевич көрер ме еді!.. Жағасын ұстар еді!.. Жоқ, бикешім, жетті! Мен бұдан бұлай бұл сыяқты жаңаша үйлену тойларына аяғымды баспан. Иттердің ұйлығуы да мұнан думандырақ, өйткені онда төбеттер бір бірінің жүнін жұлқылайды, у-шу күшті, ал мұнда ішкілік те жоқ, төбелес те жоқ, қарғыс атсын мына діннен безгендерді! Нанасын ба, осы үйлену тойынан кейін ренжігенім сонша, тіпті түні бойы кірпік қаққаным жоқ, жаттым, бейне көйлегімнің ішіне біреу бір уыс бүрге салып жібергендей төңбекшідім.

Қошевой Мелеховтардың үйіне келіп орналасқан күннен бастап, бүкіл шаруашылық жұмысы басқаша жүріп кетті: қысқа мерзім ішінде ол қоршауды оңдап бітті, қырдағы пішенді қырманға тасып, төбесін шеберлеп ұштап, айнала тараштап, мая үйіп алды: егін жыйнауға әзірлік жасап, орақ машинасының қанаттары мен тақтасын қай-

тадан қондырды, қырманды айнадай етіп тазартты, ескі веялканы жөндеді, ат әбзелін түзетті, өйткені ол ішінен бір пар өгізді атқа айырбастауды арман етіп Дуняшкаға әлденеше рет: «Ат малдануымыз керек еді. Мына айыр тұяқ шадиярларды жегу азаптың қара басы» деген-ді. Шолан ішін ақтарып жүріп ол әлдеқалай кішкене шелекпен бір шелек ақ сыр және көк бояу тауып алды да, дереу көнеліктен қуарып кеткен терезе қақпақтарын сырлауға кірісті. Терезелерінің ақшыл көк көздерімен дүниеге қарап, Мелеховтардың үйі бейне жасарып кеткендей болды...

Қошевой жігерлі қожайын болып шықты. Сырқаттығына қарамастан, оның екі қолы тыным таппады. Қандай жұмыс болса да оған Дуняшка көмектесті.

Тұрмысқа шыққаннан кейін аз күн ішінде Дуняшка көріне сұлуланып кетті, иықтары мен сандары толыса түскен сыяқтанды. Оның көз әлпетінде, жүрісінде, тіпті шаш түзеу қыймылында да бір жаңалық пайда болды. Бұрынғы оған тән ебдейсіз дөрекі қозғалыс, балалық екпінділік пен қызбалықтың бәрі де жоғалып кетті. Ол еріне махаббатты көзбен күлімдей, мүләйімси қарайды да, төңірегіне көзін де салмайды. Балғын бақыт көзі қашаннан-ақ суқараңғы ғой...

Жалғыздық тақалғанын Ильинична күннен күнге жанына бата, мықтап сезе бастады. Бар өмірін сарп еткен үйде ол басы артық адамдай болды. Дуняшка ерімен екеуі жұмыс істегенде бейнебір тақыр жерге мал жыйғандай, бос орынға ұя салғандай ғып істеді. Олар ешнәрсе жөнінен де кемпірмен ақылдаспады және шаруашылықта бірер шара қолданбақ болса, кемпірден рұқсат та сұрамады. Тек стол басына отырғанда ғана олар кемпірге болмашы бірнеше сөздерді айтқан болады да, Ильинична да өзінің көңілсіз ойларына батып, жалғыз қала береді. Қызының бақытты болғаны оны шаттандырмады, ал үйінде жат адамның тұруын—күйеуі бұрынғыша оған жат күйінде қалды — ол ауырсынды. Өмірдің өзі де оған ауырмалық болуға айналды. Бір жылдың ішінде жүрегіне жақын соншама жандардан айрылып, қайғымен қажып, қартайып, адам аярлық халде өмір сүрді ол. Қайғы азабын оған көп, тіпті аса көп шегуге тура келді. Қайғыға қарсыласуға оның халі де келмеді, үйінің ішіне қайта-қайта келгіштеп, дәндеген ажал тағы да Мелеховтардың кәрі босағасын әлденеше аттайды деген жоққа

нанғыштық сезіммен күн кешті. Дуняшканың зайыптылығына көніп болып, Ильиничнаның ендігі жалғыз-ақ тілегі: Григорийдің келуін күтіп, балаларды соған табыс ету де, сонан соң мәңгі-бақыт көз жұму еді. Ұзақ та бейнетті өмірі бойына жапа шегіп тапқан правосы еді бұл демалыс.

Шілденің таусылмас ұзақ күндері ұласа берді. Күн ыстық нұрын төгіп тұр. Бірақ Ильиничнаны шыжыған күн аптабы да қыздырудан қалды. Ол баспалдақта, күннің нағыз шуағында жылжымастан, төңірегіндегінің бәріне назар салмастан ұзақ уақыт отыратын болды. Бұрынғы тыным таппайтын жігерлі қожа кемпір емес еді бұл. Оның ешнәрсе де істегісі келмеді. Осының бәрі босқа және ендігі жерде керексіз, түкке тұрмайтын нәрсе болып көрінді оған, және оның үстіне баяғыдай еңбектенуге күш те жетпейтін болды. Ол көп жылдар бойы жұмыспен жаншылған қолдарын сығалай қарап, ішінен: «Қайран қолдарым, енді жұмыс істеп болдың... Дамыл алатын кезің жетті... Ұзақ тұрдым дүниеде, жетер енді... Тек Гришенькамды тосып алсам екен...» дейтін болды.

Тек бір күні, онда да шамалы уақытқа ғана, Ильиничнаға бұрынғы шаттық қайта оралды. Станицадан келе жатып жолшыбай Прохор соға кетті, ол анадайдан-ақ:

— Ильинична әжей, сүйінші бер! Балаңнан хат әкелдім! — деп айқай салды.

Кемпірдің өңі қашып кетті. Хат, оның ұғымынша, сөзсіз бір бақытсыздықпен байланысты болатын-ды. Бірақ, тең жартысын туған-туысқандарға сәлем айтумен толтырған, тек қана күзге қарай Григорийдің үйге келіп қайтамын деген қосымша жазуы бар қып-қысқа хатын Прохор оқып шыққан кезде, — Ильинична қуанғаннан көпке шейін ешбір сөз айта алмай қалды. Қарақошқыл бетінде, екі жағының терең әжімдерін қуалай, моншақтай, ұсақ тамшы жастар домалап кетті. Басын төмен тұқырып, ол кофтасының жеңімен, түрпі алақанымен жасын сүртті, бірақ бетінен жас тыйылмастан сорғалап, алжапқышқа тамшылап, бейнебір жылы жаңбыр жауғандай, белдемшені теңбілдендіріп жіберді.

Прохор әйелдердің көз жасын жақтырмағаны былай тұрсын, турадан-тура мүлде жек көретін, сондықтан да ол көріне ызалана қабағын тыржыйтып:

— Беу, әже-ай, мұнша егілгенің қайткенің! Сендерде, әйелдерде деймін-ау, осындай ылғал қандай мол тіпті...



Еңіреудің керегі жоқ, қуану керек қой қайта. Жә, мен кеттім, хош бол! Саған қарап тұрғаннан маған рахат шамалы,— деді.

Ильинична аңғарып қалып Прохорды тоқтата қойды.

— Мұндай жақсылық хабарың үшін, айналайын қарағым... Қалайша құр жіберем... Тоқтай тұршы, қонақ етейін сені...— деп Ильинична көптен бері жатқан бір бөтелке самогонды сандықтан алып жатып байланыссыз миңгірлей берді.

Прохор ютырып, мұртын сыйпап қойды.

— Қуаныш үстінде сен менімен бірге ішесің ғой, ә? — деп сұрады ол кемпірден. Сүйдеді де дереу іштей үрейленіп: «қап, тағы да тіліме түлен түртті-ау! Жарайды деп ортақтаса кетсе, мына самогон жаламыңа жұқ та болмас...» деп ойлады.

Ильинична ішуден бастартты. Ол хатты ұқыптап бүктеп икона шеңберінің үстіне қойды, бірақ айнып қалды білем, хатты қайтадан қолына алып отырды да, қойнына тықты, жүрегіне басып мықтап қысып қойды.

Дуняшка қырдан қайтып келіп хатты ұзақ оқыды, сонан соң күлімсіреп, күрсінді де:

— Ох, тым болмаса тезірек келсе екен ол! Әйтпесе сіз, маматай, өзіңізге өзіңіз ұқсамай кеттіңіз ғой мүлде, — деді.

Ильинична хатты оның қолынан қызғана жұлып алып, қайтадан қойнына тықты да, күліп, қызына нұрлы көзін сығырайта қарап:

— Қандай болса да, мен жөнінде ит екеш ит те шәулдемейді, ал мінекей, кішкентайым, анасын еске алыпты! Қалай жазады десейші! Ильинична деп мені әкем атымен атапты... Ардақты анама және қымбатты балаларыма еңкейіп басымды иемін деп жазыпты, сені де ұмытпапты... Жә, неменеге күлесің? Дуняшка, сен ақмақсың, таза ақмақсың! — деді.

— Апырай, маматай, тегі, күлуге де жарамай ма маған! Сіз қайда баруға жыйналып жатырсыз?

— Бақшаға барамын, картоптың түбін қопсытамын...

— Ертең өзім барып келем ғой, үйде-ақ отырсаңшы. Аурумын деп қыңқылдайсыз, енді келіп жұмыс тауып ала қойыпсыз.

— Жоқ, барамын... қуанышым қойныма сыймай тұр, өзім оңаша болғым келеді,— деп ниетін жасырмай-ақ

айтып салды да, Ильинична жастардай шапшаңдықпен орамалын бүркенді.

Бақшаға бара жатып ол жолшыбай Аксињьяға соға кетті, алдымен сыпайыгершілік етіп басқа жұмыстар жөнінде әңгімелесіп отырды да, содан кейін хатты шығарды.

— Біздің ұл хат жіберіпті, анасын қатты қуантты, құлыным, келіп кетермін депті. Мә, қарағым, көрші, оқышы, мен тағы бір рет тыңдайын.

Сол күннеч бастап Аксињьяның бұл хатты жиі-жиі оқуына тура келді. Ильинична күнде кешке келіп жүрді, орамалға мұқияттап ораған сар конвертті алып, күрсініп қойып:

— Аксињьюшка, оқышы, бүгін жүрегім біртүрлі қапа боп жүр, Гришаны, мектепке барып жүргендегісіндей, түсімде кішкене күйінде көрдім...— дейді.

Бертін келе, сыя қарындашпен жазған әріптер жайылып қосылып кетіп, көп сөздері мүлде танылмастай халге жеткен-ді, бірақ Аксињьяға бұдан кедергілік келе қойған жоқ: хатты өте жиі оқығандықтан ол жаттап та алған болатын. Сөйтіп соңынан, жұп-жұқа қағаздың өзі алба-жұлба болған кезде бүкіл хатты Аксињья ақтық жолына шейін мүдірместен айтып беретін болды.

Екі жұма өткеннен кейін Ильиничнаның халі нашарлай бастады. Дуњашка астық бастыру жұмысында жүрген-ді, кемпір оны жұмысынан қалдырғысы келмеп еді, бірақ ас пісіруге өзінің дәрмені болмады.

— Мен бүгін төсектен тұра алатын емеспін. Сен өзін бірдеме етіп басқарарсың,— деп өтінді ол қызынан.

— Маматай, қай жеріңіз ауырады?

Ильинична ескі кофтасының бүрмелерін жазды,— төмен қараған күйі:

— Ауырмайтын жерім жоқ... Іші-бауырым бүтіндей езіліп қалған сыяқты. Жас кезімде әкең марқұм ашуданғанда мені қатты сабаушы еді... Жұдырықтары темірдей болатын... Бір жұма бойы өлім халінде жататынмын. Міне қазір де тап сондай: ұрып, сілемді қатырып тастаған сыяқты, тұлабойым тұтасынан сырқырайды...—деп жауап қайырды.

— Михайлды фельдшер алып келуге жіберсек қайтеді?

— Неге қажет ол, бірдеме етіп өзім де түрегелермін. Келесі күні Ильинична шынында да түрегелді, аула

ішінде біраз жүрді, бірақ кешке қарай қайтадан жатып қалды. Беті аздап ісіне түсті, көздерінің астында ісік қалталары пайда болды. Түні бойы ол әлденеше рет қолын таянып, биік етіп көпсіткен жастықтардан басын қайта-қайта көтеріп алып, ентіге дем алды — өйткені тынысы тарыла берді. Сонан соң демігуі басылды. Шалқасынан, тынышталып жатуға, тіпті төсектен тұруға да шамасы келіп қалды. Бірнеше күнді ол біртүрлі, тып-тыныш күйде, дүниеден қол үзген, манаураған халде өткізді. Ол оңаша өзімен өзі болғысы келді де, көңіл сұрай келген Аксиньяның сұрағына сараң жауап қатып, ол кеткен соң уһ деп жеңіл дем алатын болды. Балалардың уақытының көбін тыста аулада өткізгеніне, Дуняшканың үйге сирек кіріп, түрліше сауалдармен мазаламағанына қатты қуанды. Ешкімнің енді аяушылығын да, жұбатуын да керек етпеді. Өткен өмірінің көп жайларын еске түсіру үшін оған жалғыз қалуды ерекше керек ететін кезең келді. Сөйтіп ол көздерін шала жұмып, селт етпестен, бірнеше сағат бойы жата берді, тек ісінген сауақтары көрпенің қыртыстарын аударыстыра берді де, сол сағаттардың ішінде бар өмірі көз алдынан өтіп жатты.

Ғажап, қандай қысқа, қандай жарлы боп шықты бұл шіркін өмірің және адам ойлағысы келмейтін ауыр азапты жағы қандай мол еді оның. Неге екені белгісіз, оның ойы Григорийге ала-бөле бөлініп, есіне ол басқалардан жиірек түсе берді. Мүмкін, мұның өзі соғыстың басынан бері қарай барша жылдар бойы ұлының тағдыры не болады деген үрей басынан кетпегендіктен және ендігі жерде өмірге байланысы жалғыз сонда ғана қалғандықтан осылай болған шығар. Әлде үлкен ұлы мен ерін жоқтап сарғаюы уақыт өткен сайын мұқалып, жоғалып кетті ме екен, әйтеуір оларды кемпір есіне сирек алатын-ды, бейнебір буалдыр тұман арасынан көргендей болатын-ды. Ол өзінің жастық шағы, ерлі-зайыпты өмірі туралы ықласыз ойлайтын-ды. Мұның бәрі тек керексіз ғана, алыста қалған және ешбір қуаныш, ешбір жеңілдік келтірмейтін сыяқты. Сөйтіп, өткен өмірін есіне түсіргенде ол өзінің кіршіксіз таза, пак қалпын көз алдына елестете берді. Ал мына «кішкентайы» көзбен көріп, қолмен ұстағандай ойына өте айқын түседі. Бірақ оны тек ойына алса болғаны, сол мезет жүрегінің жиілете соққанын сезе бас-

тайды. Сонсоң тынысы тарыла бастайды, оның беті күңгірт тартады да, ұзақ уақыт ол ессіз-түссыз жатады, бірақ тынысы кеңіген соң қайтадан ұлын ойлайды. Ақтық ұлын ұмыту мүмкін бе оған...

Бір күні Ильинична төр бөлмеде жатты. Талма түстің шағындағы күн үй сыртында нұрын төгіп тұр. Жел қосытып үрпиіскен ақ бұлттар аспанның оңтүстік жақ шеттегі шымқай көк төрінде сәулеттене қалқып барады. Мылқау тыныштықты жалғыз-ақ шегірткенің жалықтырарлық бір сазды шырылы бұзады. Сырт жақта терезенің нақ түбінде үй іргесіне жабыса түсіп, күн көзіне күймей сақталған шөптің — қарасұлы мен бидайдық аралас өскен солғын алаботаның—ішінен баспана тауып алып, шегірткелер тамылжыта шырыл қағып тұрған-ды. Ильинична солардың тынымсыз шырылына құлағын тіге түсті, күнге қызған шөптің бөлмеге енген исін мұрны шалды және, сол замат, бейнебір елес тәрізденіп, күн аптабына шарпылған сүмбіленің сары даласы, алтындай ақбидай аңызы, көкшіл сұр буалдыр шалған шымқай көк аспан көз алдына келді...

Ол жусанды межеде жайылып жатқан өгіздерді, үстіне шымылдық керген арбаны ап-анық көрді, шегірткенің шытынаған шырылын есітті, жусанның жүрекке тиерлік ащы исін ішіне тартты... Ол жап-жас, бойшаң, әдемі өзін де көрді... Ол міне жүріп келеді, қосқа қарай аяғын асыға басады. Аяғының астында аңыз сыбдыр-сыбдыр етіп, жалаңаш балтырларын шанышқылайды, етегін юбкасының ішіне салған көйлегінің терін кептіре, арқасын аңызак желпиді, мойнын күйдіреді. Беті албырап жалындай түседі, қаны тасқындап, құлағы шыңылдайды! Ол бүгілген қолдарымен зілдей боп тырсыйып, сүт кернеген емшектерін сүйемелдейді де, булығып жылап жатқан бала даусын есітіп, адымын жиілете түседі, жүріп келе жатқан бойы көйлегінің жағасын ағытады.

Арбаға асып қойған бесіктен титтей қарақоңыр Гришатқаны қолына алғанда Ильиничнаның кезеріп кеткен еріндері жыбырлап, күлімсірей түседі. Терден дымқыл тартқан мойынға тағатын крест бауын тістеп тұрып, ол балаға асыға емшегін емізеді, дыбысын тіс арасынан шығара сыбырлап: «Сүйіктім сен менің, ұлым! Сәулем менің! Аштан қалжыратты ғой сені мамаң...» дейді. Гришатка долдана солқылдап жылаған күйі еме береді де, тісін

батыра емшекті қысып-қысып қояды. Қасында шалғысын шыңдап, Гришатканың қара мұртты жас әкесі тұр. Төмен түскен кірпіктерінің астынан оның жымың еткенін және күлімсіреген көздерінің көгілдір тартқан ақ еттерін көрді... Ыстық Ильиничнаға дем алғызбай тынысын тарылтты, маңдайдан тер сорғалады да, жақтарын жыбырлатты, көз алды қарауытып, бірте-бірте жарық сөніп бара жатты...

Ол есін жыйып алды, көз жасы сулаған бетін қолымен сыйпап өтті де, рахымсыз қысқан тынысы тарылудан жаны қыйналып, оқтын-оқтын талып қалып, талмаусыраған күйі ұзақ уақыт жатты.

Кешкілікте, Дуняшка ерімен екеуі ұйқтап кеткен кезде, ол ақтық күшін жыйып, орнынан тұрды, тысқа шықты. Ильиничнаның аяғын ақырындап басып, қалтақтап, қырманға қарай өтіп кеткенін ымырт жабылғанша табыннан жоғалған сыйырын іздеп үйіне қайтып келе жатқан Акси́нья көрді. «Ауырып жүріп, ол онда неменеге барды екен?» — деп таң қалды да, Акси́нья ақырындап Мелеховтар қырманмен шектес шарбаққа келді, қырман ішіне көз жіберді. Толған ай нұрлы сәулесін төгіп тұр. Даладан самал жел еседі. Тас катоктар ойып тастаған тақыр қырманға сабан үйіндісінен қап-қара көлеңке түскен. Ильинична қолымен қоршауға сүйеніп тұр, ол орақшылардың сонау даладағы, бейнебір қол жетпес қыйырдағы жұлдыз сыяқты, жымың қаққан отына қарауда. Көгілдір ай сәулесі түскен Ильиничнаның ісіңген бетін, кемпірдің қара шәлісінің астынан шығып тұрған ақбурыл шаш бұрымын Акси́нья анық көрді.

Ильинична ымырт кезіндегі даланың көгілдір тартқан кеңістігіне көз тігіп тұрды да, сонан соң, бейнебір ол нақ өзінің жанында тұрғандай, ақырын ғана Григорийді шақырды:

— Гришенькам! Қарашығым менің! — Үндемей қалды да, енді басқа, жуандау, күңгірт дауыспен: — Қалқатайым менің!.. — деді.

Түсініксіз әрі қамығу, әрі қорқыныш сезімі билеп Акси́нья қалтырап кетті де, шетеннен дереу кері шегініп, үйіне қарай кетті.

Өзінің жақында өлетінін, бас жағына ажалдың төніп келіп қалғанын Ильинична осы түні аңғарды. Таң сәріде ол сандықтан Григорийдің көйлегін алды да, бүктеп жас-

тығының астына қойды; ақтық демі біткеннен кейін кигізетін өзінің кебін киімін де әзірледі.

Күндегі әдетінше Дуняшка ертемен анасының халін білуге кірді. Ильинична мұқияттап бүктеген Григорийдің көйлегін жастық астынан алды да, үндеместен оны Дуняшкаға ұсынды.

— Бұл немене?—деп сұрады Дуняшка, қайран қалып.

— Гришаның көйлегі... Еріңе бер, кісін, үстіндегі ескі көйлегі терден шіріп те кеткен шығар... — деді естілерестілмес етіп Ильинична.

Дуняшка сандықтың үстінде жатқан анасының қара юбкасын, көйлегін және матадан тіккен шәркесін — көдімгі, ұзақ жолға шығарып саларда өлікке кигізетін бар киімін көрді де сұп-сұр болып кетті.

— Маматай-ау, неменеге сіз бұл кебін киіміңізді әзірледіңіз? Құдай үшін, жыйнап қойыңызшы оны! Тәңрі пана, өлімді ойлауға сізге ерте әлі.

— Жок, мезгіл жетті... — деп сыбырлады Ильинична. — Ендігі кезек менікі... Балаларды жақсы қарап баққайсың, Гриша қайтқанша бас-көз бол... Ал мен оны, сірә, тоса алмаспын... Ох, тоса алмаспын!..

Көзінің жасын Дуняшкаға көрсетпеу үшін Ильинична қабырғаға теріс қарады да, ормалмен бетін басты.

Үш күннен кейін ол қайтыс болды. Құрдас әйелдері Ильиничнаның тәнін жуды, кебін киімін кигізді, төр бөлмеге стол үстіне салды. Өлікпен қоштасуға кешке Аксинья келді. Өлген кішкене кемпірдің әдеміленіп кеткен қатал жүзінен бұрынғы өркөкірек, ер көңілді Ильиничнаның кейпін Аксинья әрең айырды. Өліктің мұздай сары маңдайына еріндерін тигізіп, Аксинья өзіне таныс аппақ ормалдың астынан шығып тұрған, бағынбайтын ақбурыл шаш тұлымын және титтей, дөп-дөңгелек, бейне жас әйелдің құлағындай, құлақ жарғағын көріп қалды.

Дуняшканың мақұлдауымен Аксинья балаларды өзінің үйіне алып кетті. Ол, тағы бір жаңа өлімнен қорқып кеткен үнсіз балаларды тамақтандырды да, өз қасына алып жатты. Екі жағынан бірдей жабысып қана жатқан өзіне жақын адамның жуасып калған балаларын құшақтап, ол бір өзгеше сезімнің құшағына енді. Оларды немен болса да алдандырып, өлген әжесін ойлатпау үшін Аксинья балаларға жасында естіген ертегілерін айта бастады. Сорлы жетім Ванюшка жөніндегі ертегіні ол ақырындап әндетіп айтып бітірді:

Акку-қаздар  
Мені алындар  
Ақ қанаттың үстіне,  
Әкетіндер  
Мені туған —  
Туып-өскен жеріме...

Сөйтіп ертегісін аяқтап үлгірмей-ақ, балалардың бір-қалыпты, бір сарынды тынысын есітті. Ақсиньяның иығына бетін тақай түсіп Мишатка шет жақта жатыр еді. Ақсинья иығымен баланың шалқайып кеткен басын ақырын ғана түзеп қойды да, кенет тілгілеген рахымсыз шер жүрегін кернеп кетті, тамағын спазма буып тастады. Ол өксіп солқ-солқ етіп, ашы жасын төге еңіреп жіберді, бірақ сонда да ол көзінің жасын сүрте алмады, өйткені: қолының үстінде Григорийдің балалары ұйқтап жатты, ал оларды Ақсинья оятқысы келмеді.

#### 4

Ильиничнаның өлімінен кейін үйде бір ғана өзі билеп-төстеуші болып қалған соң, Қошевой шаруашылықты қайта құрып және оны алдағы күнде ұлғайту ісіне жантәнімен жеңін сыбана кірісуге тиіс сыяқты еді, бірақ іс жүзінде олай болмай шықты: Михаилдың жұмысқа ынтасы күн санап кеми берді, үйден жиі-жиі кетіп қала беретін болды, ал кеш болса ымырт жабылғанша баспалдақта отырып шылым тартады, не басқа бір өз ісі жөнінде ойға шомып кетеді. Ерінің бұл өзгерісі Дуняшканың көзіне шалынбай қалмады. Бұрын жанын сала еңбек ететін Михаилдың беталды құладүз балтасын жә сүргісін лақтырып тастап, шеткерірек бір жерде демалуға отырғанына ол әлденеше рет таңдана қарап жүрген-ді. Тап осы әдет қарабидай егіп жүрген кезде қырда да болды: Михаил екі айналым айналады да өгіздерін тоқтатады, шылымын орайды, айдалған жердің үстінде ұзақ отырып темекі тартады, маңдайын тыржыйтады.

Әкесінің құнтты тапқырлығын мирас етіп алған Дуняшка қорқып үрейлене: «Бұл көпке шыдамады. Жә ауырып қалады, жә болмаса құрдан-құр жалқаулығы ұстайды. Сорлайды екенмін мұндай күйеумен! Хұдды бөтен біреудің есігінде жүрген сыяқты: жарты күн темекі тартады, жарты күн керіліп-созылады, ал жұмыс істеуге қо-

лы тимейді... Ашуландырып алмай ғана ептеп мұнымен түсінісіп алу керек, әйтпесе ол мұнан былай шаруаға тап осылай тырысатын болса, онда мұқтаждықты үйден күрекпен күреп те шығара алмассың...» деп ойлады.

Бір күні Дуняшка ақырын ғана:

— Миша, сен өзің бұрынғыдай емессін ғой, әлде сырқаттылық мендетіп жүр ме? — деп сұрады.

— Неғылған сырқаттылық! Мұнда қазір сырқатсыз да ауыр, — деп Михаил ызалана жауап қайырды да, өгіздерін қозғап жіберіп, сеялкаға кетті.

Тәптештеп сұрай беруді Дуняшка келіссіз деп тапты; ерін үйрету — айналып келгенде қатынның жұмысы емес қой. Әңгіме осымен доғарылды.

Дуняшканың болжалы қате болып шықты. Кошевойдың бұрынғыша білегін сыбана жұмыс істеуіне кедергі келтірген жалғыз ғана себеп бар-ды, ол: туған хуторында, мезгілсіз отырып қалдым-ау деген оның көкірегіндегі күннен күнге күшейе берген пікір еді. Округтік газеттен майдан хабарларын оқып, болмаса әскерден қайтқан қызыләскерлердің күнде кешкілік әңгімелерін тындап отырып: «Шаруашылыққа ертерек кірістім, асығыстық істедім...» деп ойлады Кошевой ызаланып. Көбінесе оның тынышын ала берген нәрсе хуторлықтарының пиғылы: олардың бірқатары қысқа қарай совет өкіметінің күні бітеді, Тавриядан Врангель шықты, ол Махномен қосылып, Ростовқа төніп келіп те қалды, одақтастар Новороссийскіге орасан көп десант түсіріпті дегенді ашықтан ашық айта бастады... Бірінен бірі сорақы хабарлар хутор ішіне тарап кетті. Тұтқындар лагерінен және рудниктерден қайтып келіп жаз бойы үйде жатып, оңалып қалған казактар сырттап бөлек жүрді, түні бойы самогон ішетін болды, астыртын әңгімелерін жасады, ал Кошевоймен кездесіп қалғанда немқұрайды түрде білмегенсіп: «Кошевой, сен газетті көп оқыйсың ғой, айтшы, қалай, әлгі Врангельді тез арада құрта ма? Және осы тағы да әлгі одақтастар бізге қарсы өріп келе жатыр дегені дұрыс па, әлде былшыл ма?» — деп сұрап қояды.

Бір күні жексенбіге қарай, кешкілікте Прохор Зыков келді. Михаил қырдан жаңа ғана қайтып келген бойы баспалдақ жанында түрегеліп жуынып тұр еді. Дуняшка құмырамен оның қолына су құйып, күлімсіреп, ерінің күнге күйген жіңішке мойнына қарап тұрған-ды. Прохор, амандық сұрасып, баспалдақтың төменгі сатысына отырды да:



— Григорий Пантелевич турасында еш хабар естілмей ме? — деп сұрады.

— Жоқ, — деп жауап қатты Дуняшка, — хат жазбайды.

— Сен, немене, оны сағындың ба? — деп Михаил бегі-қолдарын сұртті де, езу тартпастан, Прохордың көзіне жалт қарады.

Прохор күрсінді де, жейдесінің бос жеңін түзеп қойды.

— Өзінен өзі түсінікті. Әскери қызметті бастан-аяк бірге қаусатқанбыз.

— Қайтадан түбіне жете қаусатқыларың келе ме?

— Неменені?

— Сол, әскери қызметті.

— Ол екеуміз қызметті өтеп болдық.

— Сен оны тағы да қызмет етуге күте-күте сапғайды ғой деп ойлап едім, — деп, Кошевой сол езу тартпаған күйі сөзін соза түсті. — Тағы да совет өкіметіне қарсы жаулауға...

— Жоқ, Михаил, сенің мұның бекер, — деді Прохор өкпелеп.

— Неменесі бекер? Хутор ішіне тараған түрлі әңгімелерді есітіп жүрмін.

— Әлде мен бірдеме айтыппын ба? Сен оны қай жерде есіттің?

— Сен емес, мына сені мен Григорий сыяқты, «біздікі» келеді деп үнемі күтіп жүргендер.

— Мен бұл «біздікі» дегендерінді күтіп жүргенім жоқ, маған бәрі бірдей.

— Міне тап сол саған бәрі бірдей болғаны жаман. Жүр үйге кірейік, ренжіме, мен мұны ойнап айттым.

Прохор баспалдақтан баяулау көтерілді де, сенектің табалдырығын аттай беріп:

— Туысқан, сенің қалжыңың онша қызық қалжың емес... Ескіні ұмыту керек. Мен ол ескі күнадан ақталғанмын.

— Ескінің бәрі бірдей ұмытыла бермейді, — деді Михаил салқын түрде, стол жанына отыра беріп. — Бізбен бірге отырып кешкі тамақ же.

— Рақмет. Әрине, бәрі бірдей ұмытылмайды. Мінекей мен қолымнан айырылдым — қуана-қуана ұмытар едім. бірақ ұмытылмайды, секунд сайын еске түседі.

Дуняшка столға тамақ әзірлеп жатып, еріне қарамай:

— Сеніңше, ендеше, ақтарда болғандарға бұл өмірінде кешірім жоқ қой, шамасы? — деп сұрады.

— Е, сен қалай деп ойлап едің?

— Мен, ескіні есіне түсіргеннің көзі шықсын деседі ғой, деп ойлап едім.

— Е, бұл інжілдің айтуынша шығар, — деді Михаил салқын пішінмен. — Ал меніңше, адам өз ісіне өзі әрдайым жауап беруге тиіс.

— Өкімет бұл жөнінде ештеме демейді, — деді ақырын ғана Дуняшка.

Дуняшка бөтен кісінің көзінше ерімен керілдескісі келмеді, бірақ, өзінше, Прохорды орынсыз ажуалағаны және ағасына ашықтан-ашық жек көру ниетін білдіргені үшін Михаилға ішінен ренжіп қалды.

— Саған ол өкімет ештеме демейді және ол сенімен сөйлесіп те жатпайды, ал ақта қызмет еткені үшін совет заңының алдында жауап беру керек.

— Ендеше, маған да жауап беру керек қой? — деп Прохор құлағын тіге қойды.

— Сен бір жүрген бұзаусың: тойып ал да қорана кір. Деншиктен ешнәрсе де талап етпейді, ал үйге келгеннен кейін Григорийге жауап беруге тура келеді. Көтеріліс үшін одан біз жауапкерлікті талап етерміз.

— Сенбісің сонда талап ететін? — деп, Дуняшка көзін жарқ еткізіп, сүтімен мисканы стол үстіне қойды.

— Мен де талап етермін, — деп, Кошевой байсалды түрде жауап қатты.

— Бұл сенің жұмысың емес. Сенсіз де сұрақшылар табылар. Қызыл Армияда ол кешірім аларлықтай өз күнасын ақтады...

Дуняшканың даусы дірілдеп шықты. Ол алжапқышының бүрмелерін саусақтарымен тергіштеп, стол жанына отырды. Михаил, әйелінің ашуланып, абыржығанын байқамаған кісіше, сол байсалды калыппен сөзін жалғастыра түсті:

— Сұраққа алу маған да қызық. Ал кешірім жөнінде тоқтай тұру керек. Күнасын қалай ақтады екен — байқап қарау керек. Біздің қанымызды ол аз төккен жоқ. Кімнің қаны басым келер екен, оны әлі өлшеп көру керек.

Дуняшкамен қосылып тұрғаннан бергі бұл бірінші жанжал болатын. Ас үйдің ішінде ыңғайсыз бір үнсіз отырыс болды. Анда-санда орамалмен еріндерін сүртіп қойып, Михаил үндемей сүтін іше берді. Дуняшкаға қа-

рап қойып Прохор темекі тартты. Сосын ол шаруашылық жөнінде сөз бастап кетті. Тағы да жарым сағат отырды. Кетер алдында ол:

— Кирилл Громов келді. Есіттің бе? — деп сұрады.

— Жоқ. Ол қайдан келіпті?

— Қызылдардан. Ол да Бірінші Атты әскерде болған.

— Ол әлгі Мамонтовтың әскерінде болған Громов па?

— Тап өзі.

— Қазан бұзар батыр болыпты ғой,— деп Михаил мырс ете түсті.

— Сөз бар ма! Тонау ісінде бірінші болды. Бұған оның қолы жеңіл.

— Қолға түскен тұтқындарды мейірімсіз кескілепті деседі. Солдат бәтенкесі үшін де өлтіре берген. Өлтіреді де — тек бәтенкесін пайдаланады екен.

— Сондай қауесет болды,— деп растады Прохор.

— Оған да кешірім беру керек қой? — деп сұрады Кошевой күлгірси.— Құдай да дұшпандарына кешірім жасаған және бізге де кешірсін деп бұйрық еткен, дегендей, солай ма еді?

— Қалай боп шығар әлі... Ал сонда сен оның несін аласың?

— Я, мен ала білер едім-ау... — деп, Михаил көздерін сығырайта түсті.— Алар едім мен онан аласыны, мұның соңынан оның жаны шығып кете жаздар еді! Ол ешқайда кете алмайды, сазаын тартады. Вешкиде Дончека бар, ол оның мандайынан сыйпар әлі.

Прохор күліп жіберді де:

— Бүкірді мола түзетеді деген, міне нағыз шындық сөз. Ол Қызыл Армиядан да тонап алған мүліктермен келген. Оның әйелі: ерім әйелдің бір пальтосын, толып жатқан көйлектер және басқа мүліктер алып келді деп мақтаныпты менің қатыныма. Ол Маслактың бригадасында болыпты да, сонан үйге тайып тұрыпты. Сөз жоқ, қашып келген болу керек, қаруын ала қайтқан көрінеді,— деді.

— Қандай қару? — деп Михаил құлағын түре қойды.

— Белгілі ғой қандай қару екені: шолақ карабинка, және әлгі наган, тағы басқасы болуы да мүмкін.

— Келгендігін тіркеткелі советке барды ма екен, білмейсің бе?

Прохор күліп жіберді де, қолын бір-ақ сілтеді:

— Ол жерге оны мойнына арқан салып та апара алмасың! Мен оны қашып жүр деп білем. Ол бүгін бол-

маса ертең үйден тайып тұрады. Міне Кириллдың әлде болса жауласатын ойы бар екені көрініп-ақ тұр, ал мен жөнінде сен күналысың. Жоқ, туысқан, соғыстан мен аларымды алып, асарымды асап, лықа тойып болдым.

Кешікпей Прохор қайтып кетті. Аздан кейін Михаил да тысқа шықты. Дуняшка балаларды тамақтандырып болып, енді жатуға айналғанда Михаил кіріп келді. Ол қолына қапшық кенепке ораған бірдемені ұстай кірді.

— Сайтандай қай жаққа зытып кеттің? — деп сұрады Дуняшка суық жүзбен.

— Жасауымды алып келдім, — деді Михаил кексіз күлімсіреп.

Ол ұқыптап орап тастаған винтовкасын, патрон толы, қампайған окшантайын, наганын және қол гранаталарын ашты. Мұның бәрін сәкіге жыйнап қойды да, шәйтабаққа керосин сүзді.

— Бұл қайдан шықты? — деп, Дуняшка қаруды көрсетіп қасын қақты.

— Өзімдікі, майданнан әкелгенмін.

— Сен мұны қай жерге жасырып жүрсің?

— Қайда жасырсам да, міне аман-сау түп-түгел сақтадым.

— Қарашы өзін, сен осындай зымыян болып шыққаның ба... Ешнәрсе де айтпадың. Әйеліңнен де жасырады екенсің ғой?

Кошевой қам жемеген боп күлімсірей түсіп, бірақ жалбақтай сөйлеп:

— Дуняшка-ау, мұны білу саған неменеге керек болды? Қатынның жұмысы емес қой бұл. Мейлі бұл жата берсін, — бір мүлік қой, бойжеткен, қару дегеніңіз үйде басы артық дүние болып саналмайды, — деді.

— Ал мұны неменесіне үйге сүйреп келдің? Сен заңшылсың ғой, бәрін білесің... Бұл үшін заң бойынша жауап беріп жүрмейсің бе?

Михаил қаталдана сөйлеп:

— Ақмақсың сен! Кириушка Громов қару әкелген болса — ол совет өкіметіне зыян, ал мен әкелсем — мұнан совет өкіметіне пайдадан басқа ештеме де болмайды. Түсінесің бе өзің? Кімнің алдында мен жауап бермекшімін? Құдай білсін не былшылдайтыныңды сенің, жат та ұйқта! — деді.

Өз пікірінше, ол бірден-бір дұрыс қортынды жасады: егер де ақтардың қалдықтары қарумен келіп жатса — он-

да сақ болу керек. Михаил винтовкасы мен наганын мұқияттап тазартты, ал ертеңіне, таң біліне, жаяулап Вешенскаяға кетті.

Оқшантайына текшелеп тамақ салып жатып, Дуняшка ашуланып, күйініп:

— Сен менімен ұдайы жасырынбақ ойнаудасың! Айтсайшы тым болмаса, ұзақ уақытқа кетіп бара жатырсың ба, қандай жұмыспен кетіп бара жатырсың? Бұл нендей өмір, нендей тұрмыс! Буынып-түйініп жүргелі жатырсың, ал сенен ләм-мим білуге болмайды!.. Өзің менің ерімбісің, болмаса салт басты, сабау қамшылы бір жанбысың? — деп салды.

— Вешкиге, комиссияға түскелі барам, мұнан басқа тағы не айтам мен саған? Қайтып келейін, сонда бәрін де білерсің.

Оқшантайын қолымен баса ұстап, Михаил Донға түсті, қайыққа мінді де, зулатып арғы бетке қарай есе жөнелді.

Вешенскаяда дәрігерлер комиссиясында қаралғаннан кейін, Кошевойға дәрігер қысқаша түрде былай деді:

— Қымбатты жолдас, Қызыл Армия қатарында қызмет етуге сіз жарамайсыз. Безгек сіздің қуатыңызды әбден бітірген. Емделу керек, әйтпесе жаман болады. Сендейлердің Қызыл Армияға қажеті жоқ.

— Ал оған енді қандайлер қажет? Екі жыл қызмет еттім, қазір енді қажет болмай қалғаным ба?

— Ең алдымен дені сау адамдар қажет. Сауығып аласаңыз — сіз де керек боласыз. Мінекей рецепт, аптекадан хинин аласыз.

— Үм-м, түсінікті бәрі де.— Бейне арыншыл атқа қамыт кигізгендей, Кошевой көпке дейін жағасына басын сұға алмай, гимнастеркасын әрең деп киді де, тұп-тура партияның Округтік комитетіне кетті.

... Татарскийге ол хуторлық ревкомның председателі болып қайтты. Әйелімен асығып-үсігіп амандасып:

— Ал, енді көрерміз! — деді.

— Сен нені айтып тұрсың? — деп сұрады Дуняшка аң-таң қалып.

— Бәрі әлгі сол туралы.

— Не туралы?

— Мені председатель етіп тағайындады. Түсінікті ме?

Дуняшка мұңайған пішінмен алақандарын сарт ет-

кізді. Ол бір сөз айтқысы келіп оқталып еді, бірақ Михаил тындап тұрмады, айнаның алдына барып оңып кеткен сұр гимнастеркасының үстінен буынған белбеуін түзеді де, Советке қарай аяндады.

Қыс басынан бері Михеев шал ревком председателі боп келген-ді. Әрі көзі жақсы көрмейтін, әрі саңырау шалға бұл міндетті атқару ауыр соғып жүр еді де, Кошевой оны ауыстырғалы келгенін есітіп, ол аса қуанышпен қарсы алды.

— Сұңқарым, мінекей қағаздар, міне хутор мөрі, ал бәрін де, құдай үшін,— деді ол шын қуанышпен, шоқынып және қуанғаннан алақанын алақанына үйкелей түсіп.— Сексенге аяқ бастым, өмірімде лауазым иесі боп көрген емен, ал мына қартайғанда мұны да көруге тура келгені... Бұл нағыз сіз сыяқты жастардың жұмысы, менің қолымнан мұны атқару қайдан келсін! Дұрыстап көре де алмаймын, жете ести де алмаймын... Құдайға құлшылық ететін мезгіл жетті, ал мені осы хуторға председателі етіп тағайындапты...

Кошевой Станица ревкомының жіберген бұйрық-жарлықтарын жүгірте қарап шықты да:

— Секретарь қайда? — деп сұрады.

— Ләббай?

— Е, сайтан. Секретарь қайда, деймін?

— Секретарь ма? Қарабидай егіп жүр. Ол, басына нажағай түскір, мұнда жұмасына бір кіріп шығады. Кейде станицадан оқып шығуды керек қылатын қағаз келіп қалады, ал секретарьды ит алып іздесең де таба алмайсың. Сөйтіп маңызды қағаз неше күндей оқылмай жатады. Мен болсам сауаттылығым нашар адаммын, ой өте нашар! Зорға деп қана қол қоямын, ал қағазды оқыйын десем мүлде қара тапнаймын, барлық қолымнан келетіні — тек мөр басу...

Кошевой, қабағын түйе, ревкомның көнерген, шыбын-шіркей ластаған, жалғыз плакатпен әшекейлеген жұпыны бөлмесін анықтап қарады.

Күтпеген жердеп босаңғанына шалдың қуанғаны соншалық, тіпті ол қалжыңдасуға да барып қалды. Кошевойға шүберекке ораған мөрді беріп жатып:

— Міне хутордың бар мүлкі, ақшалай сома жоқ, ал сәвет өкіметі тұсында атаман асасын ұстауға жарамайды. Тілесеніз — мына мендей шалдар таянатын балдағымды беруіме болады,— деді. Сөйтіп шал, аузын омсы-

райта езу тартып, көп ұсталып, жып-жылтыр болған ақ үйеңкі таяғын ұсынды.

Бірақ қалжыңдасуға Қошевойдың зауқы жоқ еді. Ол ревкомның сұры қашқан ажарсыз бөлмесін айналдыра тағы бір қарап өтті, қабағын түйді де, ауыр күрсініп:

— Қарт, сенен мен істі алған болып табыламын. Ал енді тайып тұр бұл жерден көзіме көрінбей,— деп көзімен айқындап есікті көрсетті.

Сонан кейін столға шынтақтарын кере таянды да, тістеніп қойып, иегін алға еміндіре түсіп, ұзақ уақыт жалғыз өзі отырып қалды. О тоба, қалайша ол осы күнге дейін тек қана шаруамен болып, жерден басын көтермей, төңірегінде не болып жатқанына дұрыстап құлағын да салмай, күшік сыяқты болып келген... Өзіне де, төңірегіндегі өзгенің бәріне де өшіге зығыры қайнап, Қошевой стол жанынан түрегелді, гимнастеркасын түзетті, бос кеңістікке көзін қадап, тістенген күйі:

— Мен, шырағым, сендерге совет өкіметінің не екенін көрсетермін! — деді.

Есікті ол мықтап жапты, ілгектің шынжырын ілді, алаңды кесе үйіне қарап аяндады. Шеркеудің жанында жасөспірім Обнизовты кездестірді, оған немкетті түрде басын шұлғып, жанынан өтіп кетті де, ойына кенет сап ете қалып, кері бұрылып:

— Әй, Андрюша! Тоқтай қал, бері кел! — деп шақырды.

Ақсары ұялшақ жасөспірім бала жігіт үндеместен оның қасына келді. Қошевой, үлкен кісіге амандасқандай, оған қолын созып:

— Сен қай жаққа кетіп бара жатырсың? Ана жақ шетке ме? Үм, қыдырып жүрсің ғой, шамасы? Жұмыспен? Менің сұрайын дегенім мынау еді: сен осы жоғарғы бастауыш мектепте оқыдың білем? Оқыдың ба? Мұның өте жақсы. Ал кеңсе ісін білесің бе? — деп сұрады.

— Қандай кеңсе ісін?

— Әлгі, кәдімгі. Ондағы түрліше кіруші-шығушы қағаздарды білесің ғой?

— Қошевой жолдас, сен не туралы айтып тұрсың?

— Әлгі, кеңседе болатын қағаздар туралы, сен оны білесің ғой? Әлгі кіретіндері, түрліше тағы басқалары болады ғой.— Михаил екі ұшты түрде саусақтарын ербедетті де, жауап күтпестен, мығым түрде: — Егер білмесең, соңынан біліп кетесің. Мен қазір хутор ревкомы-

ның председателімін, ал сені — сауатты бала болғандықтан — секретарь етіп тағайындаймын. Ревком үйіне бар да, ондағы істерді күзете тұр, бәрі стол үстінде жатыр, мен кешікпей қайтып келемін. Түсінікті ме? — деді.

— Жолдас Кошевой!

Михаил қолды бір сілтеді де, сабырсыздана:

— Мұны екеуміз кейін сөйлесерміз, бар, қызметті ала бер,— деді. Сүйдеді де, аяғын бір қалыппен адымдап басып, көше бойымен кете барды.

Үйінде ол жаңа шалбар киіп, қалтасына наганды сұға салды да, айна алдында фуражжасын ұқыптап түзеп, әйеліне былай деді:

— Жұмыс бабында осында бір жерге барып келемін. Егер біреу-міреу председатель қайда деп сұрай қалса,— кешікпей келеді дерсің.

Председатель лауазымы оған кейбір міндеттер де жүктеді. Михаил аяғын баппен маңыздана басты; оның жүрісі жұртқа соншалық өрескел көрініп, кейбір кездескен хутор адамдары тоқтай қалып, оған ізінше күле қарады. Тар көшеде кездесіп қалған Прохор Зыков қалжың қошеметпен шетенге қарай шегіншектеп:

— Михаил, сенің мұның немене? Жай күні сәндене киініп, парадта жүргендей, керіле басасың... Қайтадан құда түсе бара жатудан аманбысың? — деп сұрады.

— Соған жақын,— деп жауап берді Кошевой, еріндерін мән бере жымқырып.

Громов қақпасының жанында ол, жүріп келе жатқан бойы темекі дорбасын алуға қалтасына қолын салды, кең ауланы, оның ішіндегі бытыраңқы қора-қопсыларды, үй терезелерін қырағы түрде қарап өтті.

Кирилл Громовтың шешесі сенектен шыға келді. Ұсақтап тураған, малға беретін бір шылапшын асқабақты ол шалқая көтеріп келе жатыр екен. Кошевой онымен құрмет көрсете амандасты да, баспалдаққа аяқ сала беріп:

— Апай, Кирилл үйде ме? — деп сұрады.

— Үйде, үйде, кір,— деді кемпір жол беріп.

Михаил қараңғы сенекке кіріп, сыйпалап есіктің тұтқасын тапты.

Төр бөлмеге оған есікті Кириллдың өзі ашты да, бір адым кері шегінді. Жылмайта қырынған, күлімсіреген және аздап масаңдау Кирилл, Кошевойды көзбен зерттей бір шолып, қысылып-қымтырылмастан:



— Тағы бір жауынгер келді! Жоғарыла, Кошевой, отыр, мейман боларсың. Ал, біздің аздап қана ішіп жатқан жайымыз бар... — деді.

— Тағамыңыз тәтті болсын, шарабыңыз қатты болсын.— Стол жанында отырған қонақтарға көз жіберіп, Михаил қожайынның қолын қысты.

Михаилдың келуі көрінеу тосын, мезгілсіз келу болды. Столдың алдыңғы бұрышында жантая отырған бейтаныс, кең жауырынды казак жауап күткендей Кириллға жалт қарады да, стаканын ысырып қойды. Столдың арғы жағында отырған Қоршуновтардың жекжаты Семен Ахваткин, Михаилды көріп, қабағын түйді де, басқа жаққа қарады:

Қожайын Кошевойды стол басына шақырды.

— Рахмет құрметіңе.

— Жок, сен отыр, өкпелетпе, бізбен отырып арақ іш.

Михаил стол жанына отырды. Қожайынның қолынан самогон құйған стаканды алып басын изеді.

— Аман-сау келгеніңе, Кирилл Иванович!

— Рахмет. Армиядан келгеніңе көп болды ма?

— Көп болды. Қоныс теуіп те үлгірдім.

— Қоныс теуіп те, үйленіп те үлгірген дей ме? Сен неменеге тартынып отырсың? Іш қалдырмай, дұрыстап!

— Ішкім келмейді. Менің сенде жұмысым бар.

— Жок, шырақ, болмайды! Сен тентек болма! Бүгін мен жұмыс жөнінде сөйлеспеймін. Бүгін мен достарыммен көңіл көтерудемін. Егер сенің жұмысың бар екен, онда ертең кел.

Михаил стол жанынан түрегелді, салмақпен күлімсіреп:

— Жұмыстың өзі де бір болмашы ғана жұмыс, бірақ кейінге қалдыруға болмайды. Жүр, бір минутқа ғана шығып сөйлесейік,— деді.

Мұқияттап шыйырған қара мұртын сыйпап қойып, Кирилл сәл уақыт үндемей қалды да, сосын түрегелді.

— Мүмкін, осы жерде айтарсың? Не үшін біз компания бұзамыз?

— Жок, жүр, шығайық,— деп, Кошевой ұстамды пішінмен, бірақ табанды түрде талап етті.

— Шықсайшы, онымен несін саудаласып тұрсың? — деді Михаилға бейтаныс, кең жауырынды казак.

Кирилл жақтырмай ас үйге кетті. Ол пеш жанында әбігерленіп жатқан әйеліне сыбырлап:

— Катерина, шыға тұр! — деді де, сәкіге отыра беріп, салқын түрде: — Қандай жұмыс? — деп сұрады.

— Сен қанша күннен бері үйіндесің?

— Неменеге?

— Қанша күннен бері үйіндесің деп сұрап тұрмын?

— Төртінші күн ғой деймін.

— Ревкомға кірдің бе?

— Жоқ әзірге.

— Сен военкоматқа, Вешкиге баруға ойлайсың ба өзің?

— Сен неменеге оспақтайсың? Жұмыспен келсең, айт сол жұмысыңды.

— Менің айтып тұрғанымның өзі сол жұмыс.

— Олай болса, жоғал көзіме көрінбей! Сен кімсің өзің жерден жік шығып, екі құлағың тік шыға қалған, немене, мен саған есеп бермекшімін бе?

— Мен ревкомның председателімін. Әскер бөлімінен алған куәлігінді көрсет.

— Со-лай ма еді! — деді де, Кирилл созып, жандана бастаған өткір көздерімен Михаилдың тура көзінің қарашығына қадала қарады.— М-м, көрдің бе сен, әңгіменің қайда жатқанын!

— Тап сонда жатыр. Көрсет куәлігінді!

— Бүгін советке барам, сонда әкелейін.

— Қазір көрсет!

— Оны мен бір берік жерге қойған едім.

— Тап.

— Жоқ, қазір іздей алмаймын. Үйіңе қайт, Михаил, жанжалдан аулақ.

— Мен сенімен ұзақ жанжалдасып жатпаймын... — Михаил қолын оң жақ қалтасына салды.— Киін!

— Қой, Михаил! Абзалы, сен маған тиме...

— Мен саған жүр деп тұрмын!

— Қайда?

— Ревкомға.

— Бір түрлі менің барғым келмей тұр.— Кирилл сұрланып кетті де, бірақ қалжындай күліп сөйледі.

Солға қарай теңселе беріп, Кошевой қалтасынан нағанын суырып алды да, шаппасын қайырды.

— Сен жүресің бе, жоқ па? — деп сұрады ол ақырын ғана.

Кирилл үнсіз төр бөлмеге қарай аттай түсіп еді, бірақ

Михаил жолына кесе тұрды да, көзімен нұсқап сенектің есігін көрсетті.

— Жігіттер! — деп айқай салды Кирилл қысылмаған болып. — Мені тұтқынға алмақшы ма, қалай? Арақты менсіз іше беріңдер!

Төр бөлменің есігі аңқайып ашылып кетті. Ахваткин табалдырықты аттай беріп еді, бірақ өзіне оқталған наганды көріп, жалма-жан есіктің жақтауын паналай, кері шегінді.

— Жүр, — деп бұйырды Кошевой Кириллге.

Кирилл теңселе басып тысқа қарай жүрді, самарқаулау түрде есік тұтқасын ұстай берді де, кенет бір қарғып, сенектен шығып, сыртқы есікті жын соққандай тарс еткізіп, баспалдақтан секіріп кетті. Ол ауланы басып баққа қарай еңкейе жүгіріп бара жатқанда, Михаил оны екі рет атып, тигізе алмай қалды. Сол қолын жастық етіп наганның стволын білегіне сүйеп Михаил дәлдеп көздеді. Үшінші атудан кейін Кирилл сүрініп кеткендей болды да, бірақ жөнделіп алып, зып етіп шарбақтан қарғып кетті. Кошевой баспалдақтан жүгіріп түсті. Оның ізінше үйден винтовканың үздік-создық ащы даусы гүрс ете қалды. Алдыңғы жақта, сарайдың ақтаған қабырғасынан оқ топырақты жұлып алды да, тарсылдап, ұсақ-ұсақ тас бүркіндісі жерге жауып кетті.

Кирилл өкшесі жерге тиместен қашты. Көк шатыр алма ағаштарының арасында оның бүкірейген пішіні елес-елес етті. Кошевой шарбақтан қарғып аржағына түсті, жығылып қалды да, жатқан күйі қашқынды тағы да екі рет атып, бетін үйге қарай бұрды. Сыртқы есік аңқайып ашық жатыр. Кириллдың шешесі алақанымен көзін көлегейлеп баққа қарап тұр. «Тұрған жерінде оны сөйлеспестен атып тастау керек еді!» деп Кошевой морт ойға келді. Шарбақтың түбінде ол бірнеше минут жатты да, үйге қарап қойып, еріксіз бір түрлі ырғақты қыймылмен тізесіне жабысқан балшықты тазартты, сосын орнынан тұрды, шарбақтан зорға қарғып түсті де, наганының аузын төмен қаратып, үйге қарай жүрді.

## 5

Кирилл Горомовпен бірге Ахваткин және Громовтерге келгенде Михаил көрген бейтаныс казак та ғайып болды. Түнде хутордан тағы да екі казак жоқ болды. Вешен-

скаядан Татарскийге Донның төтенше комиссиясының кішкене отряды келді. Казактардың кейбіреулерін тұтқынға алды, әскер бөлімдерінен документсіз келген төртеуін Вешенскаяның айыптылар ротасына жіберді.

Кошевой күні бойы ревкомда отырып, ымырт үйріле үйіне қайтатын болды, оқтаулы винтовканы кереуетінің жанына қойып, наганды жастығының астына сұға салып, шешінбестен жатып жүрді. Кирилл уақытасынан кейін үш күннен соң ол Дуняшкаға:

— Жүр, сенекке жатайық,— деді.

— Не үшін? — деп Дуняшка аң-таң қалды.

— Терезеден атулары мүмкін. Кереует терезе жанында ғой.

Дуняшка үндеместен кереуетті сенекке шығарды да, кешке:

— Ендеше олай болса, біз қоянның халінде өмір сүреді екенбіз ғой? Қыс та түседі, ал біз өнебойы сол сенекке паналаймыз ба? — деп сұрады.

— Қысқа шейін көп уақыт бар, ал әзірге осылай тұруға тура келеді.

— Бұл «әзірге» қашанға шейін болмақшы?

— Кирюшканың шекесінен шеруен атқызғанымша.

— Пәлі, саған маңдайын тоса қояр ол!

— Тосады бір күні,— деп Михаил сенімді жауап қайырды.

Бірақ оның топшылауы дұрыс боп шықпады: Донның арғы бетінде достарымен бой тасалап жүрген Кирилл Громов, Махноның жақындағанын есітіп, Донның оң жақ бетіне өтіпті де, сыбыс бойынша, Махно бандысының алдыңғы отрядтары келді деген жерге — Краснокутская станицасына тартыпты. Түнде ол хуторға келіп кетіпті, көшеде кездейсоқ Прохор Зыковқа жолығып, Кошевойға айта бар: Громов бас иіп сәлем айтты, қонаққа келемін, күтсін дегенді тапсырыпты. Прохор ертемен Кириллге жолыққанын және оның әңгімесін Кошевойға айтып берді.

— Олай болса, келіп көрсін. Бір рет сытылып кетті, ал екінші ретте уыстан шыға алмас. Ондай адамдармен қай түрде сөйлесу керек екендігін ол маған жақсы үйретіп кетті, мұнысына да рахмет,— деді Михаил әңгімені тындап болып.

Махно анығында да Жоғарғы Дон округы маңынан келіп шықты. Ол Коньков хуторының түбіндегі аз ғана

ұрыста Вешенскаядан оған қарсы жіберілген жаяу әскер батальонын қыйратып салды, бірақ округ орталығына бармай, Миллерово станциясына кетті, оның солтүстік жағынан темір жолды кесіп өтті де, Старобельскіге бет түзеді. Актвардияшыл казактардың белсендірегі Махноға қосылды, бірақ көпшілігі аңдысын аңдып үйінде қалды.

Хуторда болып жатқан өзгерістерге зер сала қарап, Кошевой сол бұрынғыша сақтанумен жүрді. Ал өмір Татарскийде аса сәнді емес еді. Қазактар бастарынан кешіруге тура келген түрлі тапшылықтар үшін совет өкіметін екілене балағаттаумен болды. Жаңада ғана ұйымдасқан кооперативтың титтей дүкенінде ештеме жоқ десе де болғандай еді. Сабын, қант, тұз, керосин, шырпы, махорка, қарамай сыяқты — барлық көпшілік қолды товарлар болмады, жалаңаш сөрелерде жетімсіреп жалғыз-ақ қымбатты асмоловтық папиростар мен темірден жасалған оны-мұны товарлар жатты да, бұларға айлап жатса да алушы шықпады.

Керосин орнына жұрт түнде шәйтабаққа құйып, еріткен сарымай, я болмаса шошқаның жә қойдың тоңмайын жақты. Махорканың орнын үйде еккен қарапайым темекі басты. Шырпы болмағандықтан шақпақ тас пен асығып-үсігіп ұста істеген кресало өріс алып кетті. Тез тұтану үшін шақпақ білтесін күнбағар күліне қосып қайнатып жүрді, бірақ дағдыланбағандықтан, от зорға дегенде шағылатын болды. Шолақ көшенің бір жерінде шоғырланып, алқа-қотан отыра қалып, жұмыла шақпақтарын шағып, үндерін аса шығармай өшіге балағаттап: «От бер совет өкіметі» деп күмілжіген темекішілерді Кошевой кешке ревкомнан қайтып келе жатып талай рет байқап қалған-ды. Ақырында біреуінің қу білтесіне түскен ұшқын тұтана қалса, бықсыған отты бәрі жұмыла үргілейді, шылымдарын тұтатып, үндеместен жүрелерінен отыра қалады да, көрген-білген жаңалықтарын ортаға салады. Темекі орайтын қағаз да болмады. Шеркеу қанақасынан метрика кітаптарын тасып құртты, ал бұларды бітіргеннен кейін балалардың ескі оқулықтарын және тіпті шалдардың киелі діни кітаптарын қоса, әркімнің үйді-үйіндегі қағаз атаулының бәрі шылымға кетті.

Мелеховтардың ескі мекен-жайына өте келгіштен жүрген Прохор Зыков Михаилдан шылым орауға қағаз тауып ала келіп, қапалана сөйлеп:

— Қатынымның сандығының қақпағы ескі газеттермен қапталған еді — сыдырып алдым да, темекі орадым, Новый Завет<sup>1</sup> бар еді, сондай киелі кітап — оны да тартып бітірдім. Старый Заветті бітірдім. Әулие-әнбиелер осы заветтерді аз жазыпты ғой... Қатынның еске алу кітапшасы бар-ды, бүкіл туған-туысқандары сонда, өлісі де, тірісі де жазылған болатын — оны да тартып бітірдім. Солай болса осы қазір мен шылымды капуста жапырағына орап тартпақшымын ба, әлде қағазға түйе жапырақ кептіру керек пе? Жоқ, Михаил, қалай етсең де, газет тап. Мен шылымсыз тұра алмаймын. Мен герман соғысында кей кезде пайка нанымды бір әсмүшке темекіге айырбастайтынмын, — дейтін.

Сол күзде Татарскийде тұрмыс мәз емес еді... Тарантас пен ағаш арбалардың майланбаған доңғалақтары сықырлап зар қағады, қарамайсыз қайыс әбзелдер мен аяқкиімдер қурайды да, шатынап жарыла түседі, бірақ бәрінен де тұзсыз тұру қыйынға соқты. Вешенскаяда бес қадақ тұзға татарскийлықтар семіз қойларын береді де, бүліншілікті қарғап-сілеп үйлеріне қайтады. Бұл қарғалған тұз Михаилды да көп қынжылтты... Бір күні Советке шалдар келді. Олар председательмен маңғаздана амандасты, бөріктерін алды, жағалай сәкіге отырысты.

— Председатель мырза, тұз жоқ, — деді олардың біреуі.

— Мырза дегендер жоқ қазір, — деп жөндеп жіберді Кошевой.

— Мұның бәрі ескі әдет бойынша, алдыразы болсын, кешір. Мырзаларсыз өмір сүруге болады ғой, ал тұзсыз өмір сүруге болмайтын көрінеді.

— Сонымен, сіздердің не тілегіңіз бар, қарттар?

— Председатель, сен тұз келтіру әрекетін жаса. Манычтан өгізбен тасып тұзбен қарқ бола алмаспыз.

— Мен бұл жөнінде округке мәлім еткенмін. Бұл жай онда белгілі. Кешікпей тұз келтіруге тиісті.

— Күн шығып болғанша — шық көзді жеп бітіреді, — деді шалдардың бірі, жерге қарап.

Михаил бұрқ ете қалды, столдың арғы жағынан түрегелді. Ашудан күп-күрең болып, ол қалтасын айналдырды.

<sup>1</sup> Новый завет және Старый завет — діни кітаптардың аттары.

— Менде тұз жоқ. Көрдіндер ме? Өзіммен бірге мен тұз алып жүрмеймін және оны мен сіздерге жерден қазып шығара алмаймын. Түсінікті ме, шалдар?

— Қайда кетті ол, осы тұз? — деп сұрады жалғыз көзді Чумаков шал, сәл уақыт үнсіз отырғаннан кейін, сыңар көзімен отырғандардың бәрін таңырқай сүзіп.— Бұрын, ескі өкімет тұсында, оны ешкім сөз де қылып көрген жоқ-ты, кез келген жерде жон-жон болып жатушы еді, ал қазір бір салым тұз да тауып болмайды...

— Біздің өкіметтің бұл жерде жазығы жоқ,— деді Кошевой енді салмақпен.— Бұл жерде жалғыз-ақ өкімет айыпты: ол сіздің бұрынғы қадет өкіметіңіз! Бұл сыяқты бүліншілікке ұшыратқан сол өкімет, ол тіпті тұз жеткізерлік те түк көлік қалдырған жоқ. Темір жол біткеннің бәрі қыйрауда, вагондар да — сондай...

Ақтардың шегінер алдында мемлекет мүлкін қалай құртқанын, заводтарды қай түрде дәрімен талқандағанын, складтарды қайтіп өртегендерін Кошевой шалдарға ұзақ әңгімелеп берді. Соғыс кезінде ол өзі оны-мұныны көрген, анау-мынау жөнінде естіген де болатын, ал қалғандарын бір ғана — туған совет өкіметіне білдірген наразылықты басқа жаққа бұрып жіберу мақсатымен шабыты келіп өзі ойлап шығарды. Бұл өкіметті көлденең сөзден арашалап, кір жұқтырмау үшін ол залалсыз өтірікті де айтты, қулыққа да икемделді, ал өзі ішінен: «Ақгвардияшыл нәлеттерді аздап даттасам, оның оқасы жоқ, өйткені олар бәрібір нәлеттер, мұнан оларға келіп-кетері шамалы да, бізге белкүллі пайда...» деп ойлады.

— Сіздер бұл буржуйларды қарапайым, тегін жандар ғой деп ойлайсыз ба? Олар ақмақ емес! Олар кантпен тұздың неше мың пұт запастарын бүкіл Россиядан жыйып, күні бұрын Қырымға алып кетті, ол жерде пароходтарға тиіп басқа елдерге сатуға әкетті,— деді Кошевой, көздерін жалт-жұлт еткізіп.

— Немене олар, барлық мазутты да алып кетті ме? — деп сұрады жалғыз көзді Чумаков, сеніңкіремей.

— Ей, қартым-ай, оны саған қалдырып кетті ғой деп ойлап па едің? Оларға шіркін сен де, сен сыяқты бүкіл еңбекші халық та өте қажет еді! Мазутты кімге сатуды да олар жақсы біледі! Қолынан келсе олар, мұндағы халық аштан қырылсын деп, бізге түк қалдырмай, өздерімен бірге бәрін де алып кетер еді.

— Бұл, әрине, солай,— деп қостады шалдардың бі-

реуі.— Байлардың бәрі — шетінен сондай, өңкей кептеп жеушілер. Адам байыған сайын қанағатсыз бола беретіні — атам заманынан бері белгілі нәрсе. Алғашқы шегініс кезінде Вешкидегі бір көпес бар нәрсесін көліктерге тиеді, бүкіл мүлкін жібіне дейін қалдырмай салды, қызылдар болса таянып келіп қалды, ал ол үстіне ішік киіп алған, олай-бұлай жүгіріп үйден шықпады, қабырғадағы шегелерді қышқаштап суырды. «Ол қарғыс атқандарға бір шегемді де қалдырмаймын» дейді. Сондықтан олардың мазутты алып кетуі де ғажап емес.

— Солайын солай ғой, дегенмен, тұзсыз қайтер екенбіз! — деп сұрады сөздің аяғында Максаев шал, ақкөңіл пішінмен.

— Тұзды жаңадан жеткілікті етіп кешікпей өзіміздің жұмысшылар да қазады. Ал әзірге Манычқа көлік жібере тұруға болады,— деп кеңес берді Кошевой, ойланып.

— Халықтың онда барғысы келмейді. Қалмақтар онда бұзықтық жасап, көлдерден тұз алғызбай, өгіздерін тартып алатын көрінеді. Менің бір танысым ол жерден шыбыртқысын сүйретіп қана қайтты. Великокняжескаяның арғы жағында түнде қарулы үш қалмақ келіп өгіздерін айдап кетіпті, ал өгіз иесіне тамағын көрсетіп: «Жап аузынды, бабай, әйтпесе жаман, өлесің...» депті. Міне ол жаққа барып қара!

— Күте тұруға тура келер,— деп күрсінді Чумаков.

Михаил шалдармен зорға дегенде келісімге келді, бірақ сонымен бірге үйде тағы да сол тұздың кесірінен Дуняшкамен мықтап сөзге келіп қалды. Олардың екі арасында жалпы бір кірбің пайда болды...

Бұл сол кәдімгі Прохордың көзінше Григорий жөнінде Михаил әңгіме қозғаған белгілі күннен басталды да, со бір болмашы ренжіс ұмытылмай-ақ қойды. Бір күні кешкілікте Михаил кешкі ас үстінде:

— Щиіңнің тұзы жоқ-ау деймін, келіншек. Тұзсыз ас тұздалар, ал асыра тұздасаң бұзылар деген бе? — деді.

— Бұл өкіметтің тұсында асыра тұздау деген болмас. Білесің бе өзің біздікінде қанша тұз қалғанын?

— Қанша?

— Екі уыс.

— Іс нашар,— деп күрсінді Михаил.

— Ақылды адамдар жаздыкүні-ақ Манычқа тұзға



барып қайтты, ал сен болсаң мұны ойлауға да уақытың жоқ,— деді Дуняшка кіналай.

— Немен бармақшымын мен сонда? Үйленбей жатып, алғашқы жылы-ақ сені жегіп бару біртүрлі келіссіздеу, ал тайыншалар әзір пайдаға аспайды...

— Сен қалжынды қалдыра тұр кейінге! Тұра тұр, тұзы жоқ ас жейсің әлі — міне сонда қалжындарсың!

— Сен маған неге қадаласың осы? Ақыйқатында сол тұзды мен саған қайдан алып бермекпін? Міне қандай екенсіндер сендер, қатын деген халық... Мейлі, құсып тапсаң да бұларға тек сұрағанын тауып бер. Ал егер сол, аты өшкір тұз, қолда болмаса мен сонда не істемекшімін?

- Жұрт өгізбен Манычка барып келді. Олар қазір тұздап та, сүрлеп те, бәрін де істеп жатыр, ал біз болсақ тұщы мен қышқылды қосып шайнамақпыз...

- Бірдеме етіп күнелтерміз, Дуня. Кешікпей тұз әкелуге тиіс. Әлде біздің Россияда бұл байлық аз деп ойлайсың ба?

— Сендерде бәрі де мол.

— Ол сендерде дегенің кімдер?

— Қызылдарда.

— Ал сен өзің қандайсың?

— Тап осы көріп тұрғанындаймын. «Бәрі де бізде мол болады да, теп-тегіс дәулетті өмір сүреміз...» деп былшылдап еді келіп, былшылдап еді келіп. Міне сендердің байлықтарың, шиге саларлық та тұз жоқ!

Михаил зәресі ұшып, әйеліне жалт қарады да, сұп-сұр болып кетті.

— Дуняха, саған не болған? Қалай-қалай сөйлейсің өзің? Осылай деуге бола ма екен?

Алайда, Дуняшка айылын да жыймады: ашу кернеп, зығыры қайнап, ол да сұп-сұр болып кетті де, енді айқайға көшіп, сөзін ұластыра берді.

— Ал бұлай етуге бола ма? Неменеге көзінді бадырайта қалдың? Сен өзің, председатель жолдас, тұзсыз жұрттың тіс еттері қопсып кеткенін білесің бе? Сен өзің жұрттың тұз орнына не жеп жүргенін білесің бе? Сортаң жердің топырағын қазады, Нечаев қорғанынан да әрі өтіп кетеді, сол сорды шиге салады. Сен мұны есіттің бе өзің?

— Токтай тұр, айқайлама, есіттім... Ал онан әрі?

— Онан әрі қайда бармақшы?

— Бірдеме етіп бұған шыдау керек емес пе?

— Ал, шыдай бер!

— Мен шыдармын-ау, ал мына сен... Ал мына сенің мелеховтық бар тегің сыртыңа шыға келді...

— Ол қандай тек?

— Контрлық тек, міне қандай тек! — деді Михаил күңгірт дауыспен, стол жанынан түрегеліп. Әйеліне көздерін көтерместен ол төмен қарап тұрды, сөйлегенде оның еріндері жыбыр-жыбыр етті: — Егер сен осылай тағы бір рет сөйлесең — екеуіміздің отасып тұруымызға болмайды, мұны біліп қой! Сенің айтып тұрғаның жаудың сөзі...

Дуняшка қарсы бір нәрсе айтқысы келіп еді, бірақ Михаил көзінің аласымен қарады да, жұдырығы түйілген күйі қолын көтерді:

— Үндеме! — деді ол тұншыққан дауыспен.

Дуняшка сескенбестен, әуестігін жасырмай-ақ, оған бедірейе қарай қалды, аздан кейін ол байсалмен ақжарқын түрде:

— Жә, жарайды, жын алғырды, қайдағы бір әңгімені шығарып алып... Тұзсыз да күн көрерміз! — деді. Ол сәл уақыт үндемей қалды да, өзінің кәдімгі Михаилға ұнайтын жайдары жымыйысына салып: — Ашуланба, Миша! Біз сыяқты қатындардың айтқанының бәріне ашулана берсең, жүрегіңнен жүрек қалмас. Ақылсыз ашу үстінде не айтылмаушы еді... Сен ашымал ішесің бе, әлде айран құйып берейін бе?

Жастығына қарамастан, Дуняшка тіршілік тәжірибесінде ысылып қалған болатын, ол ұрыс-керісте қай жерде қасарысуға болатынын, қай жерде бойсұнып егестен бастартудың керек екенін жақсы білетін...

Осыдан кейін екі жұмадан соң Григорийден хат келді. Ол: Врангель майданында жаралы болдым, тәуір болғаннан кейін, мүмкін, демобилизацияға ілігермін деп жазыпты. Дуняшка еріне хаттың қысқаша мазмұнын мәлім етті де, ептеп қана:

— Миша, ол үйге қайтады, сонда біз қалай етіп тұрамыз? — деп сұрады.

— Менің үйіме көшеміз. Ол осы үйде жалғыз тұрар. Мүлікті бөліп аламыз.

— Бізге бірге тұруға болмайды. Ол, сөз жоқ, Аксиньяны алады.

— Егер тіпті бірге тұруға мүмкін болған күнде де

мен бәрібір сенің ағаңмен бір үйде тұрмас едім,— деді Михаил қатал түрде.

Дуняшка аң-таң боп қасын керді.

— Миша, неге?

— Білесің ғой өзің.

— Жазығы — ақтарда қызмет істегендігі ме?

— Сол-сол, тап өзі.

— Жаратпайсың ғой оны... Бұрын екеуің дос едіңдер!

— Сайтаныма керек пе ол менің — соншама оны жарататын! Дос бәлдық, бірақ ол достығымыз енді бітті.

Дуняшка ұршық иіріп отыр еді. Ұршық дөңгелегі ырғақты ызыңмен ызылдап тұрған-ды. Иіріп отырған жібі үзіліп кетті де, Дуняшка дөңгелектің тоғынын алақанымен басып тоқтатты, жіпті шыйратып отырып ол, еріне қарамастан:

— Ол келеді, ал казактарда қызмет істегені үшін оған не болар екен? — деп сұрады.

— Сот болады. Трибунал.

— Сот оған қандай үкім бермекші?

— Ал, мұны біле алмадым, мен судья емеспін.

— Ату жазасын беруі де мүмкін бе?

Кошевой Мишатка мен Полюшка ұйқтап жатқан кереуетке қарады, олардың бір қалыпты тыныс алғанына құлақ салды,— даусын бәсендетіп:

— Мүмкін,— деп жауап берді.

Дуняшка енді қайтып ештеме де сұрамады. Ертемен, сыйыр сауып болып, Аксињьяға кірді:

— Кешікпей Гриша келеді, сені қуантайын деп кірдім.

Аксињья шойынды суымен пештің қуысына қоя салды да, қолын кеудесіне басты. Дуняшка оның қып-қызыл болып кеткен бетіне қарай қалды да:

— Ал сен тым қуана берме. Ол соттан құтыла алмайды дейді менің күйеуім. Қандай үкім берерін — құдай білсін,— деді.

Аксињьяның жасаурап жарқырап тұрған көздерінде бір мезет үрей елестеп кетті.

— Не үшін? — деп сұрады Аксињья үзіп-үзіп, ал өзі езуіндегі кешеуілдеп қалған күлкі шырайын тоқтатуға шамасы келмей әлек болды.

— Көтеріліс үшін, соның бәрі үшін.

— Былшыл сөз! Соттамайды оны. Сенің Михаилың түк те білмейді, бәлгер бола қалған екен бұл да!

— Мүмкін, соттамас та.— Дуняшка үндемей қалды да, сонан кейін демін ішке тартып: — Ағайға ол қас... Сонысы жүрегіме жаман батады — бірақ айтуға шамам жоқ! Ағайымды қатты аяймын! Оны тағы жаралапты... Неткен қыюы қашқан өмір десеңші, байғұстың өмірі,— деп Дуняшка солқылдап қоя берді де, дереу өксуін тоқтата қойды.

— Тек өзі келсе екен: балаларды алар едік те, көзден таса болар едік,— деді Акси́нья абыржып.

Ол әлденеге орамалын шешті де, оны қайтадан басына тартты, сәкі үстіндегі ыдыстарды олай-бұлай мағнасыз қотарыстырып, бойын билеп кеткен ішкі толқынын ешбір баса алмай қойды.

Сәкі үстіне отырып тозығы жеткен ескі алжапқышының қыртыстарын тізесіне салып жазғыштай бастағанда оның қолдарының дір-дір еткенін Дуняшка байқап қалды.

Дуняшканың көмейіне бірнәрсе тығылып қалғандай болды. Оның өзі оңаша отырып жылағысы келді.

— Маматайым оны көре алмай кетті...— деді ол ақырын ғана.— Жарайды, мен кеттім. Пеш жағу керек.

Сенекте Акси́нья асығып-үсігіп епсіз түрде оны мойнынан сүйіп алды, ұстай алып қолын сүйді.

— Қуаныштысың ба? — деп сұрады Дуняшка, үзілмелі жай дауыспен.

— Аз-маз, болмашы ғана...— деп жауап қайырды Акси́нья, қалжыңға шаптырып, қалтыраған күлкінің аржағындағы іркіліп келіп қалған жасты жасыруға тырысып.

## 6

Демобилизацияланған қызыл командир деп Григорийге Миллерово станциясында әдейі азаматтардың кезекті көлігін тауып берді. Үйге келе жатып ол жолшыбай украиндық слобода сайын аттарды ауыстырып отырып, күн тәулікте Жоғарғы Дон округының шекарасына жетті. Ал бірінші казак хуторында-ақ оған ревком председателі — армиядан жаңадан ғана келген жас қызыләскер былай деді.

— Жолдас командир, сізге өгізбен жүруге тура келеді. Бүкіл хуторда жалғыз-ақ атымыз бар, оның өзі де

үш-ақ аяғынан басады. Бар жылқыны шегіністе Кубань-да қалдырып кеттік.

— Мүмкін, сол атпен бірдеме етіп жетермін? — деп сұрады Григорий, саусақтарымен столды тырсылдатып қойып, өткір председательдің жарқын көздеріне сынай қарап.

— Жете алмайсыз. Бір жұма жүресіз, сонда да бәрі-бір жете алмайсыз! Сіз өзіңіз қам жеменізіші, өгіздеріміз күйлі, аяңшыл және бәрібір Вешенскаяға көлік жібер-мекшіміз, телефон сымдарын жөнелту керек болып тұр, мына соғыстан кейін осында жатып қалған; міне сізге кө-лікті ауыстырудың да керегі жоқ, тап үйіңізге дейін жет-кізіп салады.— Председатель сол көзін сығырайтты да, жымыя күліп, көздерін қулана қысып қойды: — Сізге ең жақсы өгіздерді жегіп, көлік айдауға бойдақ жас қатын береміз... Осында сондай біреу бар, онан артық қатын үш ұйқтасаңыз түсіңізге де кірмейді! Онымен бірге үйге қалай жетіп қалғаныңызды да байқамай қаласыз. Өзім де әскер қызметінде болғам — осы сыяқты және тағысын тағы әскер мұқтажының бәрін де жақсы біле-мін...

Григорий үндеместен мыйға салып, өлшеп-пішті: кез-дейсоқ көлікті күту — мағнасыз, жаяу кетуге — алыс. Ұсынысқа көніп, өгізбен болса да жүріп кету керек болды.

Бір сағаттан кейін көлік келді. Тозған арбаның доң-ғалақтары зар қаға сықырлайды, артқы шабақтардың шошайған сынықтары ғана көрінеді, қалай болса солай сала салған шөп арбадан ағып-тамып салбырап тұр. «Жетіскен екенбіз соғысып!» деп ойлады Григорий, тый-тығы жеткен арба-сайманға жирене қарап. Шыбыртқыны бұлғап қойып көлік айдаушы әйел өгізбен қатарласа аяндап келеді. Әйел шынында да өте көркем және мүсін-ді екен. Бірақ бойына сай келмейтін аса қомақты емшек-тері сырт пішінін аздап бұзып тұр да, дөп-дөңгелек иекке кесе түскен таңба бет әлпетін келіссіз, көпті көргендей етіп көрсетіп, кеңсірігін тарыдай ұп-ұсақ алтын секпіл басқан балбыраған қараторы жүзін осы таңба көнертіп тұрған секілді.

Орамалын жөндеп қойып, әйел көздерін сығырайтты да, Григорийді мұқияттап қарап алып:

— Апаратын адам сен бе? — деп сұрады.

Григорий баспалдақтан түсіп шинелін қаусырынды.

— Мен. Сымды тиедің бе?

— Мені қарғыс атып кетіп пе оларға жүк тиеп? — деп шар ете қалды казачка.— Күнде көлік айда да жұмыс істе! Жалшы болыппын ба мен сондай? Сымды өздері салар, салмаса мейлі — бос та жүре берем!

Әйел ораған сымдарды арбаға тасып сала бастады, председательмен даурыға айқайласып, бірақ зәрсіз балағаттасумен болды, оқта-текте Григорийге де сынақты көз тастап қойды. Жас жесір әйелге қалтқысыз насаттанна қарап, председатель өнебойы күлумен болды. Кейде ол Григорийге көзін қысып қойып: «Біздің қатындар міне осындай! Сен бұған нанбап едің!» деген сыяқтанады.

Хутордан әрі қыйырмен ұштасып, бурылданып солғын тартқан күзгі дала жатыр. Егістік жақтан жолды кесе, сел болып, көкшіл түтін жылжып келеді. Егіншілер шөп-шарды — қурап қалған бұталы түйеқарынды, өңі кеткен талшықты қара бас шөпті өртеп жатты. Түтін исі Григорийдің мұнды естегілерін оятып жіберді: бір кездерде күзгі меңіреу далада Григорий де зябь айдаған болатын, түн бойы жұлдыздары жымың қаққан қара түнек аспанға талай-талай қараған-ды, көк төрінде ұшып бара жатқан қаз керуендерінің қыйқуласқан үнін тыңдаған-ды... Мазасы кетіп пішен үстінде ол аунақшый берді, көлік айдаушы әйелге көлденеңнен қарап қойды.

— Неше жастасың, көбелек?

— Алпысқа тақау,— деп жауап берді әйел қылымсып, көзімен күліп.

— Жоқ, қалжың өз алдына.

— Жыйырма бірге қарадым.

— Жап-жас күйіңе жесірсің, ә?

— Жесірмін.

— Ерінді қайда жібердің?

— Өлтірді.

— Көп болды ма?

— Быйыл екінші жыл.

— Көтеріліс кезінде ме?

— Көтерілістен кейін, күзге жақын.

— Ал, қалай тұрасың?

— Лаждап тұрамын.

— Көңілсіз шығар?

Әйел оған қадала қарады да, күлкісін жасырып, ормалын ерніне түсірді. Сөйлегенде оның даусы күңгірттен шықты және онда бір жаңа үн ырғағы пайда болды.

— Көңілсіз бөлуға жұмыстан қол тимейді.

— Ерсіз көңілсіз шығар?

— Қайыненеммен бірге тұрамын, үй шаруасында жұмыс көп.

— Ерсіз қалай күнелтіп тұрсың?

Әйел жүзін Григорийге қарай бұрып алды. Қараторы бетіне қызыл шырай ойнақшып шыға келді, көздерінде сарғыш ұшқын лап етіп, қайта сөнді.

— Сенің мұның не туралы?

— Тап сол туралы.

Әйел ернінен орамалды ысырып қойды да, соза сөйлеп:

— Е, ол сабазың жеткілікті! Әлем мейрімді жандардан құр алақан емес, — деді. Сәл кідіріп, әңгімені әрі созды: — Мен күйеуіммен де жұбайлық өмірдің дәмін дұрыстап тата алмай қалдым. Болғаны бір-ақ ай тұрдық, сосын оны әскерге алып кетті. Онсыз да амалдап күнелтіп тұрмын. Жас казактар хуторға қайтып келіп, қазір жақсы болып қалды, әйтпесе қыйын еді. Цоп, қасқа өгіз! Цоп! Міне солай, жігітім! Менің тұрмысым осындай.

Григорий үндемей қалды. Оған бұл сыяқты ойнақы үнмен сөйлесудің керегі де жоқ еді. Бұған өзі де өкінді.

Ірі де күйлі өгіздер баяғы ырғақты аяңмен шалыс басып, ілбіп келеді. Бір өгіздің оң жақ мүйізі бір кезде шатынап сынып, маңдайына қарай салбырап, қыйсық өскен еді. Шынтақтай сүйеніп, екі көзін жұма түсіп, Григорий арба үстінде қыйсайып жатыр. Ол өзінің жас кезіндегі және берегірек келе, есейген кезде де жегіп, жұмыс істеген өгіздерін есіне түсіре бастады. Олардың түстері де, дене құрылысы да, мінездері де түрлі-түрлі еді, тіпті әрқайсысының мүйіздерінің де біртүрлі ерекше өз формасы бар-ды. Мелеховтардың үйінде бір кезде тап осы сыяқты мүйізі бүлініп, бір жағына қыйсайған бір өгіз болды. Бұл — бұзақы, әккі өгіз еді, адамға алартып жіберіп қанталаған көзінің қыйығымен қарайтын, арт жағынан келсең тебуге тырысатын, және нағыз жұмыс қарсаңында, түнде жайылысқа жіберген кезде үйге қаршатын, болмаса — ең жаманы — орман ішіне жә қыяншатын, болмаса — ең жаманы — орман ішіне жә қыяншатын, сайларға бой тасалап қалатын. Григорий оны талай рет атқа салт мініп іздеп, даланы қоймай шарлаған болатын, жоғалған өгізді таппай, торығып әбден үмітін үзген кезде — оны күтпеген жерден бір жыраның қақ түбіндегі ит мұрны өткісіз тікенді шомырт бұтасының

арасынан, я болмаса қомақты кәрі алма ағашының түбінен, көлеңкеден табатын. Бұл сыңар мүйіз пері бас жібін қалай сыпырып тастауды да білетін, түнде мал қораның есігін байлаған жіпті мүйізімен іліп тастап, бостандыққа шығып кететін, Доннан жүзіп өтіп тоғайды кезетін. Кезінде Григорийді ол талай қынжылтып, талай ренжіткен болатын...

— Қалай мынау, мүйізі сынық өгіз, жуас өгіз бе? — деп сұрады Григорий.

— Жуас. Иә, неге?

— Әшейін, жай сұраймын.

— Басқа айтатын ештеме жоқ болса «әшейіннің» өзі де жақсы сөз, — деді көлік айдаушы әйел күлімсіреп.

Григорий тіл қатпады. Ол өткенді, бейбітшілік өмірді, жұмысты, соғыстан өзгенің бәрін де сүйсіне ойлайтын, өйткені мына жеті жылға созылған соғыс оны әбден жалықтырып болды да, енді тек ол соғысты, я онымен байланысты бір эпизодты ойласа да ішінде шаншудай жеккөру сезімі пайда болады, қатты ашу кернеп кетеді.

Ол соғысып болды. Оған енді жетеді. Ол ақырында енді жұмысқа кіріскелі, балаларымен, Аксињьямен бірге өмір сүргелі үйге қайтып келеді. Балаларын тәрбиелеу үшін және ұдайы өз қасында болу үшін Аксињьяны алуға ол анау майданда жүргенде-ақ бел байлаған болатын. Мұның да бір ұшына шығу керек болды және бұл іс тезірек бітсе, тіпті құба-құп.

Григорий үйде шинелі мен етігін тастап, аяғына кең шәрке киюді, казактар әдетінше, шалбардың балағын жүннен тоқыған ақ шұлыққа салуды және тоқыма шекпенді жылы күртенің үстінен жамыла салып, қырға шығуды құштарлана арман етті. Қопарылған жердің ылғал да тұщы исін, түрен тураған шөптің ашқылтым хош исін қос танаумен құныға ішке тартып, дымқыл бороздамен, тұтқасынан ұстап плуг соңынан кетіп бара жатсаң қандай жақсы болар еді. Бөтен жақтың жерінің де, шөбінің де исі басқаша шығады. Польшада, Украинада және Қырымда ол әлденеше рет қара жусанның көк шулан шашақты басын алақанына салып, уқалай, искеп, ішінен: «Жоқ, ондай емес, мынау басқа...» деп қамыққан болатын.

Ал көлік айдаушы әйелге көңілсіз болды. Ол сөйлесуге құмартты. Өгіздерді айдауын қоя салып, ол жайласыңқырап отырды да, шыбыртқының қайыс шашағын жұлқылап, ұзақ уақыт көзінің астымен Григорийге, оның



ой түйген жүзіне, төмен қараған көздеріне қадала қарап отырды. «Шашы бурыл болса да, өзі онша кәрі емес. Және бір түрлі дарақылау, — деп ойлады әйел. — Ұдайы көздерін сығырайта береді, неменеге сығырайтады екен? Өзі қандай қажыған десейші, хұдды үстіне жүк артып, тасымал тасығандай. Ал өзі былай олқы жігіт емес. Жалғыз-ақ шашының ағы көп және мұрты да тегіске жақын ағарған. Ал, былай олқы жігіт емес. Ұдайы не ойлайды екен соншама? Баста қалжыңдасқан сыяқты болды да, соңынан тыйылып қалды, өгіз жөнінде бірдеңені сұрады. Әңгімелесер сөзі болмағаны ма, қалай? Әлде, бәлкім, жүрексінетін шығар? Ондайға ұқсамайды. Көз қарасы тұрақты. Жоқ, жақсы казак, тек өзі біртүрлі қырыс. Мейлін, үндемесен үндеме, құныс сайтан! Қажет едің сен маған, сондай-ақ! Менің өзім де үндемеуді жақсы білем! Әйеліңе жеткенше — жаның шығып келе жатырсың ғой. Жарайды, үндемей-ақ қой, жолың болғыр!»

Әйел арбаның қалқанына арқасын сүйей жантайды да, баяулатып ән сала бастады.

Григорий басын көтерді, күнге қарады. Күн әлі әжептәуір ерте еді. Тымырайып жолды қарауылдап тұрған былтырғы түйетікеннің көлеңкесі жарты адым жерге түскен; уақыт түскі сағат екіден артық болмауы мүмкін.

Бейне арбап тастағандай сұлық түсіп, жым-жырт жансыз дала жатыр. Күн самарқау қыздырып тұр. Сарғайып күйіп кеткен шөпті майда жел сыбдырсыз ғана қозғап өтеді. Маңайда құс даусы да, саршұнақтың ысқырғаны да естілмейді. Салқын сұрғылт-көк аспанда лашын мен бүркіт те қалықтамайды. Тек қана бір рет қоңыр көлеңке сырғып, жолды кесіп өтті де, арбадан басын көтермей-ақ, үлкен қанаттардың салмақты қағысын Григорийдің құлағы шалып қалды: қауырсынының ақ белдеуі күн көзінде жарқ-жүрқ етіп, күлгін-сұр дуадақ өтіп кетті де, күн көзі түспеген ойпаттың сонау қарауытқан көгілдір қыйырмен ұштасып кеткен жеріндегі жырақ қорғанның жанына барып қонды. Жел айдап, алыстап барып, қырды кесіп өткен қаңбақтың сыбдырын да құлағына жеткізетіндей осынша мұнды, мүлгіген дала тыныштығын Григорий тек қоңыр күздерде ғана байқайтын-ды.

Жолдың ұшы-қыйыры жоқ сыяқты. Ол адырдың бөктерімен ирелеңдейді, сайға құлайды, қайтадан адырдың жотасына өрмелейді. Айналаның бәрі — шетіне көз жеткісіз бәз-баяғы сол меңіреу де ұлан-байтақ өрісті дала.

Жыраның беткейінде өскен қара үйенкі бұтасына Григорий сүйсіне қарады. Оның тұңғыш суық қарыған жапырақтары, бейнебір сөніп бара жатқан алаудың күл себілген көміріндей, қошқылдана күренітеді.

— Ағай, атыңыз кім? — деп сұрады көлікші әйел, Григорийдің иығына шыбыртқының сабын сүйкей түсіп.

— Григорий. Ал өз атың кім?

— Мені атауша деп атайды.

— Үндемей қоя тұрсаң етті сен, атауша.

— Үндемей жалығып болдым! Жарты күн ұдайы үндемей келем, тандайым кеуіп қалды. Гриша ағай, сен неге жабырқаусың?

— Неменеге шаттанамын?

— Үйіңе келе жатырсың ғой, көңлің көтеріңкі болуы керек.

— Көңілді болатын жастан өтіп кеттім.

— Қарай гөр, шалдың табыла қалғанын. Бұл неліктен, өзің жассың да, шашың аппақ?

— Саған соның бәрін де білу керек қой, сірә... Сақал-шашым өмірдің оңды болғанынан ағарған шығар.

— Гриша ағай, әйелің бар ма?

— Бар. Атауша, саған да тезірек күйеуге шығу керек.

— Неге ол — тезірек шығу керек?

— Өйткені сен өзің тым ойнақы екенсің...

— Бұлай болу жаман ба?

— Кейде жаман да болады. Мен бір ойнақыны білетінмін, ол да сыбай-салтаң еді, ойнады-ойнады да, сонан кейін мұрны опырайып, ортасына түсе бастады...

— О, тоба, неткен сұрапыл! — деп әйел өп-өтірік шошып кеткенсіді де, дереу іскерлене үстеп қойды: — Біздей жесірлердің ісі осындай; бөріден қорықсаң — орманға барма, деген.

Григорий әйелге қарай қалды. Әйел аппақ ұсақ тістерін қысып алып, дыбысын шығармай күліп отыр еді. Түрілген жоғарғы ерні діріл қағып тұр, шала жұмылған кірпіктерінің астынан көздері ойнақылана жарқырайды. Григорий еріксіз күліп жіберді де, әйелдің жұп-жұмыр жылы тізесіне қолын салды.

— Беу, соры қайнаған сорлы, атауша-ай! — деді ол жаны ашып. — Жыйырма-ақ жастасың, сонда да өмір сені қандай бастықтырып тастаған...

Әп-сәтте әйелдің жүзінде жайдарылықтың ізі де қал-

мады. Ол сұстанып, Григорийдің қолын итеріп тастап, қабағын түйді, қатты қызарып кеткендіктен, тіпті кеңсірігіндегі ұсақ секпілдері де жоғалып кетті.

— Сен әйелінді есірке, үйіңе барған соң, білдің бе, мені есіркеушілер сенсіз де жетерлік! — деді.

— Апырау, кейімеші сен өзін, тоқтай тұршы!

— Жоғалшы әрі өзің!

— Сені аяғаннан айтып едім.

— Тартып отыр есіркеуіңмен қоса-қабат тура... — деп әйел нақ еркектерше бабына келтіре, дағдылы балағат сөзімен дағтап тастады, күңгірт тартқан көз жанары жарқ ете түсті.

Григорий қасын керіп, сасқаннан тамағын кенеп қойды:

— Пәлі, қайқайтуыңа болайын! Неткен жүгенсіз едің өзін.

— Ал сен ше? Битті шинель ішіндегі әулие — міне кімсің сен! Білемін мен сендерді. Күйеуге шық, пәлен ет, түген ет дейсіңдер, бәрің де. Сенің де сондай тақуа бола қалғаныңа көп уақыт болып па еді?

— Жок, жаңада ғана, — деді Григорий күліп.

— Сен маған неменеге соншама устав оқыйсың? Бұған менің өз қайыненем де бар.

— Жә, жетер, ақмақ қатын, неге ашуланасың сонша? Жай әшейін айта салып едім, — деді Григорий жуып-шайып. — Қара әне, әңгімемен отырғаныңда өгіздерің жолдан шығып кетті.

Арбаның үстінде жайланыңқырап отырып алып, Григорий жайдары жесірге көз қыйығымен қарап еді, әйелдің мөлтілдеген көз жасын көріп қалды. «Мына шатақты қара! Қатындар үнемі осындай...» деп ойлады ол, ішінде бір ыңғайсыз, ыза пайда болып.

Кешікпей ол шинелінің өңірімен бетін бүркеп, шалқасынан жатқан күйі ұйқтап кетті де, ымырт жабылған соң ғана барып оянды. Кешкі нұрсыз жұлдыздар аспанда әлсіз ғана жылтырайды. Пішен неі әрі жасаң, әрі шаттандыра аңқып тұр.

— Өгіздерді оттатып алу керек, — деді әйел.

— Жарайды олай болса, аялдайық.

Өгіздерді Григорий өзі доғарды, киім-кешек салатын сумкадан бір сауыт ет консервін шығарды, нан алды, сындырып бір құшақ етіп қурай теріп әкелді, арбаға жақын жерге от жақты.

— Кәне, атауша, кешкі асқа отыр, кеюің жетер енді. Әйел отқа таяу отырды да, үндеместен, дорбадан нан және шошқаның ескіріп таттанып кеткен бір кесек майын ақтара салды. Тамақ үстінде екеуі аз және тату сөйлесті. Сонан соң әйел арба үстіне жатты, ал Григорий сөнбесін деп отқа өгіздердің бірнеше құрғақ жапаларын тастады да, жорық әдетінше, от жанына орналасты. Басына сумкасын жастап, ұзақ уақыт жатты, жұлдыздары жылт-жылт еткен көкке көз жіберді, балалары және Аксиныя жөнінде бытыраңқы ойларды ойлап жатып, көзі ілініп кеткен екен, күлгірсіген әйел даусынан оянып кетті:

— Немене, ұйқтап қалдың ба, жауынгер? Ұйқтадың ба, жоқ па деймін?

Григорий басын көтеріп алды. Серік әйел шынтақтарына таянып, белуардан аса арбадан еңкейіп отыр екен. Төменгі жақтағы сөніп бара жатқан оттың шала жарығы түскендіктен, оның беті қызарып, албырап тұр, тістері мен орамалының шілтерлі жиегі аппақ боп көзге шағылысады. Араларында ешбір қырыңбақтық болмаған адамша, ол қайтадан күлім қағып, қастарын кере сөйлейді:

— Сен ол жерде жаурап қаласың ғой деп қорқамын. Жер сыз ғой. Қатты тоңып қалған болсаң — менің қасыма кел. Менің тоным жылы болғанда сондай жылы! Келесің бе?

Григорий ойланды да, күрсініп:

— Рақмет, бойжеткен, барғым келмейді. Егер де бірекі жыл бұдан бұрын болса... От жанындамын ғой, тона қоймаспын, — деп жауап қайырды.

Әйел де күрсінді.

— Е, бопты, мейлің, — деді де, ол тонды бүркеніп алды.

Аздан кейін Григорий түрегелді, көр-жерін жыйыстырды. Таң ата Татарскийге жетіп алу үшін ол жаяу кетпекші болды. Әскер қызметінен қайтқан командирге айдың-күннің аманында үйге өгізбен қайтып келу лайықсыз нәрсе. Мұндай келіс қаншама келеке, мазақ туғызар еді...

Григорий көлікші әйелді оятып:

— Мен жаяу кетем. Далада жалғыз өзің қалсан, қорқпайсың ба? — деді.

— Жоқ, қорқақ адамың мен емес, және мына жерде хутор да тиіп тұр. Ал өзің немене, асықтың ба?

— Дәл үстінен түстің. Жә, атауша, қош бол, сөге жамандама!

Григорий жол сорабына шықты, шинелінің жағасын көтеріп алды. Кірпігіне алғашқы қар ұшқыны түсті. Жел солтүстік жаққа шықты да, оның салқын лебінен Григорийдің өзіне таныс, жүрегіне жылы қар исі келгендей болды.

Станицаға барған сапарынан Кошевой кешке қайтты. Оның қақпа түбіне келіп қалғанын көріп, Дуняшка иығына бөкебайын шапшаң жамыла салды да, тысқа шықты.

— Таңертең Гриша келді,— деді ол кіші қақпа жанында, еріне үрейлене және жауап күте қарап.

— Қуанышың қайырлы болсын,— деп жауап қайырды Михаил, салмақпен, бірақ сәл кекете сөйлеп.

Ернін мықтап жымқырып алып ол ас үйге кірді. Тістенгеннен шықшытының бұлшық еттері бұлк-бұлк ойнап кетті. Апасы ұқыптап сәндендіре киіндірген Полюшка Григорийдің тізесінің үстіне жайланып отырып алыпты. Григорий баланы ептеп қана жерге түсірді де, жымыя күліп, дығал кара-қошқыл қолын созып, күйеу балаға қарай жүрді. Ол Михаилды құшақтамақшы болды да, бірақ Михаилдың күлкі шырайы жоқ көздерінің суық реңін көріп, бойын тежей қалды.

— Ал, амансың ба, Миша!

— Шүкір.

— Көптен көріскеніміз жоқ қой! Жүз жыл болған сыяқты.

— Иә, көп болды... Қайырлы келіс болсын.

— Рақмет. Туыс болып қалғанбыз ба, қалай?

— Солай болуға тура келді... Немене, мынау қан ба бетіндегі?

— Е, жай әшейін, асығып, ұстара кесіп кетті.

Екеуі стол жанына отырды да, жатырқай, қымсына. үнсіз, бір біріне қарай берді. Бұлардың алдында бір үлкен әңгіме тұрған сыяқты, бірақ қазір оны бастауға мүмкіншілік болмады. Михаил мықтап табандылық көрсетті, ол салмақпен шаруашылықты, хутор ішінде болған өзгерістерді әңгіме етті.

Григорий терезеден алғашқы көкшіл қар жапқан жерге, алма ағаштарының сыйда бұтақтарына қарады. Бір кезде ол Михаилмен бұлай етіп жолығамын деп ойлаған жоқ еді...

Кешікпей Михаил шығып кетті. Сенекте ол қайраққа пышақты мұқияттап жетілдіре қайрады да, Дуняшкаға:

— Тоқты союға адам шақырғым келіп тұр. Қожайынды ондап сыйлау керек қой. Самогонға барып кел. Тоқта, былай ет: Прохорға бар да, жерден қазса да самогон тапсын деп айтты де. Мұны ол сенен гөрі дұрыстаңқырап істейді. Өзін кешкі тамаққа шақыр,— деді.

Қуанғаннан Дуняшканың жүзі жайнап кетті, ішінен алғыс айтып, еріне қарай қалды... «Мүмкін, бәрі де жақсылықпен бітер... Жә, соғыс қой бітті, қазір енді немене бар бұларға бөлісерлік? Тым болмаса құдайым бұларды ақылға келтірсе игі еді!» — деп ойлады әйел үмітпен, Прохорға бара жатып.

Жарты сағат өтпей-ақ, ендіккен Прохор жүгіріп жетті.

— Григорий Пантелевич!.. Айналайыным менің!.. Сені көрем деген үмітім де, ойым да жоқ еді, тіпті!.. — деп жыламсыраған дауыспен айқай салды, босағаға сүрініп кетіп, бір шелек самогон сыятын құмыраны сындырып ала жаздады.

Ол Григорийді құшақтап, еңіреп қоя берді, жұдырығымен көздерін сүртті, жас жуған сақалын тараштады. Григорийдің де көмейі бүлк ете қалды, бірақ ол шыдап, елжіреп, дөкірлеу түрде өзінің жанқыяр атқосшысын жауырынынан қақты, байланыссыз сөйлеп:

— Мінекей, көрістік қой... Сені көргеніме қуаныштымын, Прохор, қатты қуаныштымын! Мұның не сенің, шал, жас ағызғаның? Қыюың қашып кеткен бе? Бұрандаларың босаңқырап кеткені ме? Қолың қалай? Екінші қолыңды қатының тағы сындырып қойған жоқ па? — деді.

Прохор таңқ еткізіп сіңбіріп, шолақ тонын шешінді.

— Біз қатынмен бүгінде жұп-жуас, көгершін сыяқты тұрамыз. Екінші қолым, көріп тұрсың ғой, бүтін, ал анау поляктар жұлып алған қолым қайта өсіп келеді, құдай ақы! Бір жылдан кейін оған саусақтар да пайда болмақшы,— деп сөйлеп кетті ол өзіне тән жайдары жүзбен, бос жеңін бұлғап қойып.

Соғыс оларды шын ниетін күлкімен бүркеуге және жеген нанын да, айтқан әңгімесін де қалжыңмен тұздықтауға үйреткен болатын; сондықтан да Григорий хал-жайды сол әзіл-қалжың негізінде сұрастыра берді:

— Тұрмысың қандай, кәрі теке? Қалай, орғып жүрсің бе?

— Шалдарша, жайыммен ғана.

— Менсіз тағы ештеме тауып алған жоқсың ба?

— Неменені?

— Әлгі, өткен қыстағы алып жүрген бұлбұлды...

— Пантелевич! Құдай сақтасын! Қазір маған ондай салтанаттың керегі не? Және жалғыз қолмен жүрген менен қандай қырындағыш шықпақшы? Бұл — мына жас және бойдақ сенің ісің... Маған бар шырынымды табасын майлауға өз қатыныма жұғынға беріп тұрар уақыт жетті...

Кездескендеріне қуанышы қойнына сыймай, күлімсіреген күйі — ежелгі окоптық достар — бір біріне ұзақ уақыт қарасты.

— Біржола келдің бе? — деп сұрады Прохор.

— Біржола. Тап-таза.

— Қандай шенге жеткенше қызмет еттің?

— Полк командирінің жәрдемшісі болып істедім.

— Неге бұлар сені ерте босатты?

Григорийдің қабағы тұнжырап кетті, қысқаша жауап қайтарды:

— Керексіз болып қалдым.

— Не себептен?

— Білмеймін. Бұрынғым үшін болу керек.

— Е, сен офицерлерді сүзгіден өткізетін Төтенше бөлім жанындағы комиссияның елегінен өтіп кеткен едің ғой, тағы қандай бұрынғы болуға тиіс?

— Не болмас дейсің.

— Михаил қайда?

— Қорада мал жайғап жүр.

Прохор жақындай түсті де, даусын бәсеңдетіп:

— Мұнан бір айдай бұрын Платон Рябчиковты атып тастады.

— Қойшы-ау?

— Ақыйқат!

Сенектің есігі сықыр ете қалды.

— Соңынан сөйлесерміз, — деп Прохор сыбыр етті де, дауыстаңқырап: — Сонымен, командир жолдас, мұндай

ұлы қуаныштың үстінде ішіп жібереміз ғой? Михаилды шақырып келейін бе?

— Бар, шақыр.

Дуняшка дастарқан әзірледі. Ол ағасының қалай етіп бабын табуға білмеді: оның тізесінің үстіне таза сүлгі қойды, тұздаған қарбызымен тарелканы жақындата түсті, стаканды бес рет сұртті... Дуняшканың өзін «сіз» деп атағанын Григорий жымыя күліп, ішіне түйді.

Стол жанында Михаил алғашқы кезде жұмған аузын ашпады, Григорийдің сөздеріне құлағын мықтап тоса берді. Ол әрі аз, әрі ықлассыз ішті. Оның есесіне Прохор стаканды толтыра құйып, үсті-үстіне сіміре бастады, күрендене түсіп, тек болғаны жұдырығымен ақшыл мұртын сыйпай берді.

Балаларды тамақтандырып болып төсекке жатқызды да, Дуняшка үлкен тарелкамен піскен қой етін стол үстіне әкеліп қойды, Григорийдің құлағына сыбырлап:

— Ағатай, жүгіріп барып Аксињьяны алып келейін, сіз оған қарсылық етпейсіз ғой? — деді.

Григорий үнсіз басын изеді. Бүкіл кеш бойы қыпылдап күтіп отырғанын ешкім байқамаған сыяқты көрініп еді оған, бірақ Дуняшка оның тықыр естілген сайын елеңдеп есікке қарай көз қырын сала бергенін көргенді. Бұл Дуняшканың шамадан тыс орасан көреген көзіне ілінбейтін ешнәрсе де болмады...

— Ал Терещенко-кубаньдық әлі де взвод басқарып жүр ме? — деп сұрады Прохор, біреу тартып ала ма деп күдіктенгендей, стаканын қолынан түсірместен.

— Львов түбінде оққа ұшты.

— Қап, жаны жәннатта болсын. Жақсы аттыармеец еді өзі бір! — деп Прохор шапшаң шоқынып жіберді де, Кошевойдың кекесін күлкісін байқамастан, стаканнан сораптап тарта берді.

— Ал әлгі елден ерекше фамилиясы бар біреу ше? Анау, оң жақ флангіде болған, тьфу, құдай атқанның аты аузыма түспеуін, Май-Борода ма еді, қалай еді? Броды түбінде поляк офицерін қақ жарып шауып түсіретін ше, сондай етженді, жайдары украиндық?

— Хұдды айғыр сыяқты! Оны пулеметшілер эскадронына алып кетті.

— Атыңды кімге тапсырып кеттің?

— Бұрынғы атым емес, басқа ат алғам-ды.

— Ақмаңдайды қайда жібердің?



— Снарядтың жарқыншағы тиіп өлді.

— Ұрыста ма?

— Бір кішкене селода тұрғанбыз. Атыс болып жатыр еді. Кертеде байлаулы тұрған жерінде өлтірді.

— Ох, қандай аянышты! Майталман ат еді! — Прохор күрсіне түсіп, тағы да стаканға ауыз салды.

Сенекте есіктің сұқпасы шылдыр ете қалды. Григорий селк ете түсті, Аксињья табалдырықтан аттап, «Аман-сыздар ма!» деп күбірледі де, демін зорға алып, жарқырап жайнай түскен көздерін Григорийден айырмастан, орамалын шеше бастады. Ол стол жанына келіп Дуњашканың қасына отырды. Қастары мен кірпіктеріне және бозғылт бетіне жабысқан титтей қар ұшқындары ери бастады. Көздерін жұмып қалып, ол алақанымен бетін сүртті, кеудесін кере күрсінді де, тек сол жерде ғана ол өзін өзі зорға билеп, қатты қобалжудан бұлдырап кеткен көздерін Григорийге қадады.

— Е, қостас! Қсюша! Бірге шегініп, бірге биттеп едік қой... Сені біз Кубаньда қалдырып кеттік, не істерсің, басқа етер амал болмады! — деп самогонды столға төгіп-шашып Прохор оған стакан ұсынды. — Григорий Пантелевич үшін ішіп жібер! Аман-сау келгенін құттықта... Айттым ғой мен саған: ол аман-сау, есен қайтып келеді деп, міне, ал енді бір сом жыйырма тыйынға! Отыр ғой міне, үріп ауызға салғандай боп!

— Көрші, ол кемеліне келіп те қалды, тыңдама оның сөзін, — деп Григорий күліп, көзімен Прохорды көрсетті.

Аксињья Григорий мен Дуњашкаға басын иді де, стаканды столдан болар-болмас қана көтеріп алды. Ол қолының дірілдегенін жұрттың бәрі көріп қалар деп қорықты.

— Григорий Пантелевич, сіздің аман-есен келгеніңізді, ал, Дуњашка, сенің қуанышыңды құттықтаймын.

— Ал сені ше? Қайғың құтты болсын дейміз бе? — Прохор қарқылдап күліп, Михаилды бүйірінен түртіп қойды.

Аксињьяның жүзі күп-күрең боп қызарып кетті, тіпті құлақтарының кішкене сырғалықтарына шейін албырай түсті, бірақ Прохорға ашумен тікірейе қарап, жауап қатты ол:

— Маған да қуанышың құтты болсын деу керек...  
Үлкен қуаныш!

Мұндай тік жауап Прохордың аузын аштырмай тастады және оны елжіретіп жіберді. Ол өтініп:

— Құдай үшін, бір тамшысын қалдырмай тартып жібер. Тура сөйлей біледі екенсің — тура іше де біл! Түбінде қалдырып ішкен адам, жүрегіме ұшты пышақты қадап алғанмен бірдей, — деді.

Қонақта Аксињья көп отырмады, өз ойынша, әдептілік салты бойынша қанша рұқсат етілсе, соншалық уақыт қана отырып қайтты. Осы уақыттың ішінде ол сүйгеніне бірнеше рет қана, оның өзінде де шала-шарпы қарап алды. Ол басқаларға қарауға өзін өзі зорлап көндірді де, Григорийдің көздерінен көзін алып қашумен болды, өйткені, немкетті қарап монтансый алмағандықтан жұртқа сырын шашқысы келмеді. Тек табалдырық түбінде тұрып оның тіктеп қараған, махаббат пен шын берілгендік сезіміне толы көз қарасын Григорий байқап қалды, шынында, тіл қатпай-ақ бәрін айтып тұрған көз қарас еді бұл. Григорий Аксињьяны апарып салғалы шықты. Мас болып қалған Прохор оның артынан айқайлап:

— Ұзаққа кетпе! Бәрін ішіп қоямыз! — деді.

Сенекте Григорий үндемей ғана Аксињьяның маңдайынан және аузынан сүйіп алды да:

— Ал, Ксюша, халің қалай? — деп сұрады.

— Ой, бәрін айтып бітіре алмаспын... Ертең келесің бе?

— Келемін.

Аксињья үйіне жеткенше асықты, қауырт бір жұмыс күтіп тұрғандай-ақ тез жүрді, тек өз үйінің баспалдағына жеткенде ғана аяқ басысын баяулатып, сықырлаған басқышпен жоғары көтерілді. Ол өз ойымен өзі оңаша қалуды тіледі, күтпеген жерден келген бақытымен тезірек бір ғана өзі оңаша қалғысы келді.

Ол кофтасы мен орамалын сыпырып тастады да, шам жақпастан, төргі бөлмеге барды. Қақпағы жабусыз терезеден бөлмеге түннің көгілдір кою сәулесі кұйылып тұр. Пеш артында қара шегіртке шыр-шыр етеді. Дағдылы әдетпен Аксињья айнаға қарады да, қараңғыда өз суретін көре алмаса да, шашын жөндеп қойды, муслин кофтасының кеудедегі бүрмесін жазды, сосын терезе алдына барды да, қалжырап сәкіге отыра кетті.

Оның арманды үміттері өмірде сан рет орындалмай, дегеніне жете алмай келеді, сондықтан да жаңағы шат-

тықтың орнына ежелгі қауіп-қорқыныштың келе қалуы да осыдан болуы ықтимал. Енді қалай болып шығар оның өмірі? Алда оны не күтіп тұр? Күйінішті әйел бағы өте кешеуілдеп келіп күлім қағып тұрған жоқ па екен?

Кеш бойы бастан кешірген ой толқынымен дел-сал болып, қырау басқан суық әйнекке бетін басып, сабырлы да сәл мұнды көзбен Аксињья ұзақ уақыт ақ қар аздап жарық түсірген қараңғылыққа қарап отырды.

---

Григорий қайтып келіп стол жанына отырды, құмырадан стаканды толтырып алып, бір-ақ қағып салды.

— Жақсы ма екен? — деп Прохор құмарта түсті.

— Айыра алмай тұрмын. Көптен ішкен жоқ ем.

— Хұдды Николайдың арағындай, ақыйқат! — деді әбден тәтті болған Прохор, өзі теңселіп кетіп, Михаилды күшақтады.— Бұл істе, Миша, сенің талғамың бұзаудың жуындыны талғағанынан да нашарырақ-ау деймін, ал ішкіліктің мәнін мына мен жақсы білем. Шіркін, арақ пен шараптың неше түрлісін ішуге тура келмеді дейсің? Тығынын алып үлгірместен, бейнесір құтырған иттің аузынан аққандай, көбік ақтарылған шарапты көрдім, құдай біледі, өтірік емес! Польшада, майданды жарып өтіп, Семен Михайлычпен бірге ақполяктарды шытырлатқан кезімізде шабуылдап келіп біз бір помещик усадьбасын алдық. Үйі екі қатардан да артық, ауласында мал деген мүйізіне мүйізі тиіп, сіресіп тұр, қорада құс дегеніңіз түртүрімен өріп жүр, тіпті түкіруге орын жоқ, қорытып айтқанда, помещик дәл бір патша сыяқты өмір сүріпті. Біздің атты взвод жетіп келгенде офицерлер қожайынмен бірге той тойлап жатыр екен, бізді келеді деп ойламаған да. Бақ ішінде және басқыш үстінде оларды түгелімен қылыштап салдық та, біреуін тұтқынға алдық. Манғаз офицер екен, ал қолға түсісімен — мұрты салбырап, қорыққаннан мүлдем ұнжұрғасы түсіп кетті. Григорий Пантелевичті шұғыл штабқа шақырып әкетті де, өзіміз қожа болып қалдық. Астыңғы бөлмелерге кірдік, онда бір нәп стол тұр екен — үстінде эралуан тағам сықай толып тұр! Қызығып-ақ тұрмыз, бірақ қаншама аш болсақ та, жеуге батылымыз бармады. «Мұның бәрін улап қоймады ма екен?» деп ойлаймыз. Тұтқынымыз түксие қарайды. Оған: «Же!» деп бұйырдық. Жей бастады. Онша ықласты

емес, дегенмен жейді. «Іш!» Ол тағы іше де бастады. Әр табақтан бір-бір кесектен зорлап татқызып, әр бөтелкеден бір стаканнан ішкіздік. Сонша тамақты жеген соң, қарғыс атқан, көрер көзге ісініп кетті, ал біздің аузымыздан ащы сілекей ағып барады. Сонан соң, офицердің өлмегенін көргеннен кейін біз де кірістік. Лықа тойдық, көбікті шарапты ішімізге сыйғанша іштік. Қарасақ, офицердің алдынан да, артынан да кетіп жатыр. «Ал құрыдық, дедік! Уланған тамақты сұмырайдың өзі де жеді, бізді де алдады». Қылышымызды суырып алып төне түстік, ал ол — аяқ-қолын бірдей көтеріп: «Мырзалар, сіздердің марқабатыңыз бойынша мен тамақты шамадан тыс жеп, күпті болып қалдым, бұл сонан, шұбалаңбаңыздар, таза тамақ!» деді. Сөйтіп біз шарапқа қайтадан кірістік! Тығынын басып қалсаң винтовкадан атқандай атылады да, көбігі бұрқырап ағады, тіпті көлденеңнен қараудың өзі қорқыныш! Осы шараптың салдарынан мен сол түні үш рет аттан жығылдым! Ерге отыруым-ақ мұң — қайтадан жел ұшырған қаңбақтай жерге ұшып түсем. Міне, осындай шарапты күнде бір — екі стаканнан аш қарынға ішіп тұрсам жүзге келген болар едім, әйтпесе мына күйде мерзімді жасыңа жете аларсың ба? Мысалға алсақ, мынауың да ішкілік пе тәйрі? Ішкілік емес, бұл хұдды жұқпалы ауру ғой! Бұл зәрден ажалыңнан бұрын аяғыңды серпесің... — Прохор басын изеп самогон құйған құмыраны көрсетті де, стаканын ернектете толтырды.

Дуняшка ұйқтағалы балалардың бөлмесіне, төргі үйге кетті, аздан соң Прохор да орнынан түрегелді. Теңселіп тұрып ол шолақ тонын жамылды да:

— Құмыраны алмаймын. Бос ыдыспен жүруге жаным сүймейді... Үйге келісімен қатын енді менің жазамды бере бастайды. Ол бұған шебер! Қасақы сөздерді қайдан ғана тауып алады десейші? Өзім де білмеймін! Ішіп келгенімде ол, мысалы, маған былай дейді: «Мас төбет, шолақ қол, бұзақы, мұндар!» Сабырмен, ақырын ғана мен оны ақылға келтіріп: «Сайтанның ғана сабалағы-ау, қаншықтың ғана мамасы-ау, өзі удай мас, өзінің қолы шолақ төбетті сен қай жерде көріп ең? Бұ дүниеде мұндайлар атымен болмайды» деймін. Бір жауыздығын қойдырсам, ол маған басқаны айтады, басқасын қойдырсам, ол үшіншісін алып келеді де, сөйтіп біздің түнгі намазымыз таң атқанша созылады... Кейде құлағымның

құрышын жегеннен кейін сарай астында ұйқтағалы тысқа шығып кетемін, ал кейуақытта арақ ішіп келгенде әйел үндемей, балағаттаспай қойса — онда өзімнің көзім ілінбейді, құдай ақы! Бір нәрсе жетпей тұрған сыяқты болады, бір қышыма тиеді де — көзім ілінбейді, бітті шаруа! Ал жұбайымды түртпектей қойдым ба — тағы да бұрқырай жөнеледі, жазамды бергенде, тура әкемді танытады. Бұл менің әйелім нағыз сайтанның ұрпағы, бірақ барар жер, басар тау жоқ, мейлі бұрқырай берсін, ашумен жұмысқа өшіге кіріседі, мұным дұрыс па? Ал, кеттім, қош болындар! Әлде бүгін оны мазаламай-ақ жем салғышқа жата кетсем бе екен?

— Үйіңе жете аласың ба? — деп сұрады Григорий, күліп.

— Еңбектесем де жетем! Пантелевич, әлде мен казак емеспін бе? Мұндай сөзді тіпті естудің өзі де жәбір.

— Жә, олай болса — жолың болсын!

Григорий досын кіші қақпадан шығарып салды. Ас үйге кірді.

— Кәне, Михаил, сөйлесеміз бе?

— Кел.

Столдың екі жағына олар бір біріне қарсы отырды, үн қатыспады. Сонан кейін Григорий:

— Арамызда бір суысу бар... Мұны сенің түріңнен-ақ көріп тұрмын. Менің келгенімді жаның жаратпады ма? Әлде мен қателесіп айттым ба? — деді.

— Қателескен жоқсың, таптың, жаным жаратпайды.

— Неге?

— Ала-бөле уайым.

— Өз тамағымды өзім асырармын деп ойлаймын.

— Ол жөнінде айтып тұрғаным жоқ.

— Енді не жөнінде?

— Біз бір бірімізге дұшпанбыз.

— Бұрын болғанбыз.

— Иә, әлде де болатын шығармыз.

— Түсінбеймін. Неге олай?

— Сен сенімді адам емессің.

— Мұның бекер сенің. Мұны бекерге айтасын!

— Жоқ, бекер емес. Осындай уақытта әскерден сені неге қайтарды? Тура айт!

— Білмеймін.

— Жоқ, білесің, тек айтқың келмейді! Сенбеді ғой саған, солай ма?

— Егер сенбесе — эскадрон бермеген болар еді ғой.  
— Бұл алғашқы кезде болған іс, ал армияда қалдырмағаннан кейін онда енді іс түсінікті, туысқан!

— Ал өзің сенесің бе маған? — деп сұрады Григорий қадала қарап.

— Жоқ! Қанша асырасаң да қасқыр орманын аңсайды.

— Сен бүгін, Михаил, артығырақ ішіп жібердің ғой деймін.

— Қойсайшы сен мұны! Менің мастығым сенен басым емес. Армияда саған сенбеген, мұнда да үлкен сенім болмайды, мұны біліп қой!

Григорий тіл қатпады. Сылбыр қыймылмен ол тарелкадан тұзды қыяр алды да, шайнап-шайнап, оны түкіріп тастады.

— Кирюшка Громовтың жайын әйелім саған айтып па еді? — деп сұрады Михаил.

— Иә.

— Оның келгенін де жаным жаратпаған-ды. Мен естігеннен кейін тап сол күні...

Григорий сұрлана түсті, ашу кернеп, көздері дөп-дөңгелек болып кетті.

— Немене, мен саған Кирюшка Громовпен бірдей болдым ба?!

— Даурықпа. Сенің онан қай жерің артық?

— Жә, білесің бе өзің...

— Білетін бұл жерде ештеме де жоқ. Бәрі әлдеқашан білініп қойған. Ал сосын Митька Коршунов келсе, менің соған да қуануым керек пе? Жоқ, абзалы, сендердің келмегендерің-ақ жақсы еді.

— Сенің үшін жақсы болар ма еді?

— Мен үшін де, халық үшін де жақсырақ, тынышырақ болар еді.

— Мені сен оларға теңеме!

— Григорий, мен саған айттым ғой, өкпелейтін бұл жерде түк те жоқ: сен олардан артық емессің, сен олардан сөзсіз жаманырақсың, қауіптірексің.

— Нем жаман? Не соғып отырсың өзің?

— Олар қарапайым солдаттар, ал сен болсаң бүкіл көтерілістің бұрауын бұрадың.

— Мен емес бұраған, мен дивизияның ғана командирі болдым.

— Е, бұл аз ба екен?

— Аз ба, көп пе — әңгіме онда емес... егер де мені сонда дыр-думан үстінде қызыләскерлер өлтіремін деген болса, мен, бәлкім, көтеріліске қатнаспаған да болар едім.

— Сен офицер болмаған болсаң, саған ешкім де тимес еді.

— Егер де мені әскер қызметіне алмаған болса, мен офицер де болмас еді... Жарайды, бұл бір ұзақ жыр!

— Ұзақ та арам жыр.

— Қазір оны қайта жырлап жатпайық, өтіп кетті.

Екеуі үнсіз отырып шылым тартты. Шылымның күлін тырнағымен түсіріп қойып, Кошевой:

— Батырлығыңды естідім, білемін. Біздің көп жауынгерімізді құрттың, сондықтан да мен саған қалай болса солай қарай алмаймын... Мұны естен шығара алмайсың.

Григорий күліп жіберді.

— Ұмытпайсың, сенің жадың берік! Сен менің ағам Петроны өлтірдің, ал оны мен сенің есіңе сала бермеймін ғой... Егер бәрін есте тұтсаң, онда қасқырдай қырқысып өмір сүру керек қой.

— Солай, өлтіргенім рас, өлтірмедім демеймін! Сонда менің қолыма сен түскен болсаң, мен сен сабазды да сұлатқан болар едім!

— Ал Усть-Хоперде Иван Алексеевич тұтқынға алынған кезде мен қуып жеткенше асыққанмын, сені де сонда ғой деп қорыққанмын, сені казактар өлтіріп тастар деп қорқып едім... Шамасы, мен онда босқа асыққан екенмін ғой.

— Па, шіркін, есіркеуші табыла қалған екен? Егер де қазір кадет өкіметі болса, егер де сендер күш алсаңдар, көрер едім сенің менімен қалай сөйлескенінді. Жонымнан қайыс сыдырып алар едің! Осы сен бе қазір сондай момын бола қалған.. .

— Басқа біреулер, мүмкін, қайыс сыдырған да болар еді, ал мен саған қолымды арамдамас едім.

— Ендеше, біз екеуміз екі түрлі адам екенбіз... Өмірім бойы, дұшпанға қолымды арамдаудан тайсалғаным жоқ және керек болса қазір де бетім бүлк етпейді.— Михаил самогонның қалғанын стакандарға құйды да: — Ішесің бе? — деп сұрады.

— Әкел ішейік, сірә, есіміздің бүтіндігі-ау деймін осындай әңгіме айтып отырғанымыз...

Екеуі де үндеместен стакандарын соғыстырды да, ішіп жіберді. Григорий кеудесін столға тірей, қабағын түйіп, мұртын жыйырып қойып, Михаилға қарады.

— Сонымен, Михаил, сен неменеден қорқасың? Мені тағы да совет өкіметіне қарсы бүлік шығарады дейсің бе?

— Мен ешнәрседен де қорықпаймын, ал, сонымен қатар, егер бір аласапыран кезең туа қалса — сен жалт беріп жау жағына шығасың ғой деп ойлаймын.

— Сол жердің өзінде-ақ поляктар жағына өтіп кетуіме болатын еді ғой, сен қалай деп ойлайсың? Олар жағына біздің бір бөлім тұтасымен шығып кетті.

— Үлгіре алмай қалдың ба?

— Жоқ, қаламадым. Мен қызметімді өтеп болдым. Енді ешкімге де қызмет еткім келмейді. Өз өмірімде мен ұрыс мехнатын татып болдым, жаным сұрапыл күйзеліп, қажып бітті. Революциядан да, контрреволюциядан да әбден тойдым. Осының бәрі... осының бәрі атамның ар жағына кетсе екен! Өзімнің балақандарымның қасында тұрғым келеді, шаруашылықпен айналысқым келеді, бар тілегім міне осы. Михаил, бұған сен илан, мұны мен кіршіксіз таза жүректен айтып тұрмын!

Алайда, қаншама ант-су ішсе де, Кошевойды сендіріп боларлық емес еді. Осыны білді де, Григорий үндемей қалды. Ол өзіне өзі кенет қатты ызаланып кетті. Ақтала сөйлеп, әлденені дәлелдеуге тырысып не жыны бар еді оның? Бұл мастық әңгімені бастаудың, Михаилдың есерлік үгітін тыңдаудың не қажеті бар еді? Жоғалсыншы әрі! Григорий түрегелді.

— Доғаралық, бұл түкке тұрғысыз әңгімені! Жетті! Саған ақтық айтарым бір-ақ нәрсе: қашан алқымымнан алғанша, мен совет өкіметіне қарсы келмеймін. Ал алқымымнан алатын болса — қорғанам! Қайткенде де, Платон Рябчиков сыяқты, көтеріліс үшін, міне, кес деп басымды тоспаймын.

— Яғни бұл не дегенің?

— Солай дегенім. Менің Қызыл Армияда қызмет еткенімді және онан жаралы болғанымды еске алсын, көтеріліс үшін абақтыда жатып шығуға көндім, бірақ бұл үшін ату жазасын алуға — атай көрмеңіз! Тым қою келер!



Михаил жек көрген пішінмен мырс ете қалды:

— Пәлі, сырттан тон пішуін қара! Ревтрибунал, яки чека сенің қалағаныңды істеп, дегеніңмен жүре қоймас және сенімен саудаласып та жатпайды. Айыпты екенсің — үлесінді артығымен ал. Ескі борышты түгел төлеу керек.

— Жә, уақытында көріп алармыз.

— Әрине, көріп аламыз.

Григорий белбеуі мен көйлегін шешті, — ыңқ-ыңқ етіп аяқкиімін шеше бастады.

— Бөлісеміз бе! — деп сұрады ол, етігінің сөтіліп кеткен шолақ ұлтанына тым назар сала қарат.

— Біздің бөліс келте: өз үйімді жөндеймін де сонда көшем.

— Иә, қалай болса да ажырасу керек. Біздің екі арамьзда татулық болмас, сірә.

— Болмайды, — деп қолдады Михаил.

— Мен туралы сені мұндай пікірде болады деп ойлаған жоқ едім... Жә, солай-ақ болсын...

— Мен турасын айттым. Ойымда не болса, соны айттым. Вешенскаяға қашан барасың?

— Бірдеме етіп барармын, кешікпей.

— Бірдеме етіп емес, ертең бару керек.

— Мен қырық шақырымдай жер жаяу жүріп, табаным ойылып қалды, ертең демаламын, тіркелуге бүрсігүні барамын.

— Тезінен тіркелуге деген бұйрық бар. Бар ертең.

— Бір күн демалу керек емес пе? Мен қашып кетпеймін ғой.

— Сайтан біле ме сені. Сен үшін жауап бергім келмейді.

— Михаил, сен сондай иттікке салынғансың, — деді Григорий, бұрынғы досының сұстана қалған бетіне таңдана қарап.

— Сен мені итке таңба! Мен мұны көтермеймін... — деді де, Михаил аптығын басып, даусын көтере сөйледі: — Сен, білесің бе, бұл офицерлік қылығыңды тастауың керек! Ертеңнен қалмай жөнел, ал егер жақсылықпен бармайтын болсаң — конвоймен айдап апарам, түсінікті ме?

— Міне енді бәрі түсінікті... — Григорий кетіп бара жатқан Михаилдың жотасына жек көре қарап, шешінбестен көреуетке жата кетті.

Қайтпек керек, болар іс қалай болуға тиіс болса, тап солай болып та шықты. Расында да, Григорийді қалайша басқа түрде қарсы алмақ керек? Асылы, Қызыл Армия қатарында істеген қысқа мерзімді адал қызметі өткендегі барлық күнасын жуып жібереді деп ойлауға Григорийдің қандай дәлелі бар? Өткеннің бәрі кешіріле бермейді, ескі борышты түгел төлеу керек деп Михаил, бәлкім, дұрыс та айтқан шығар?

Григорий түсінде байтақ далада самсап, атакаға дайын тұрған полкты көрді. «Эскадро-о-он...» деп алыстан созылып шыққан команда да естілді, сол сәтте ер-тұрманьның айылдары бос екені Григорийдің есіне түсе қалды. Сол жақ үзеңгіге аяқты күшпен тіреп, шірене бергенінде астындағы ері сырғып кетті. Зәресі ұша, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздап, айылын қайта тартып алу үшін ол атынан қарғып түсті де, тап сол кезде бір мезет дүңк ете қалып, екпіндеп, алыстай жөнелген ат тұяқтарының дүрсілін есітті. Атакаға полк Григорийсіз-ақ лап берді...

Григорий төңбекшіп жатып, оянып кетті де, өзінің қырылдаған ыңқылын құлағы шалып қалды.

Сыртта таң саз бере бастаған. Терезенің қақпағын түнде, сірә, жел ашып тастаған болуы керек — үлпілдек қырау басқан әйнек арқылы кетілген айдың жасыл ұшқын атқан шеңбері көрініп тұр. Григорий сыйпалап темекі тауып алды, шылым тартты. Жүрек әлі де қысыла, қатты-қатты соғады. Ол шалқасынан жатты да, күлімсірей түсті: «Осындай шатақ та түске кіреді екен! Шайқасуға тура келмеді-ау, қап!..» Түсінде де, өңінде де әлі де сан рет атакаға шабатыны тап осы таң алдындағы мезетте оның ойына да келген жоқ-ты.

## 7

Дуняшка ерте тұрды, — сыйыр сауу керек болды. Асүйдің ішінде аяғын ақырындап басып Григорий жүр еді, ол әлсін-әлсін жөтеліп қояды. Балаларды көрпемен қымтай салды да, тез-тез киініп, Дуняшка асүйге кірді. Григорий шинелінің түймесін салып жатқан-ды.

- Ағатай, сіз алакөленкеден қайда жыйналдыңыз?
- Хуторды аралаймың, көрем.
- Ертеңгі асыңызды ішсеңіз етті, сонсоң...
- Ішкім келмейді, басым аурып тұр.
- Ертеңгі асқа қайтып ораласыз ғой? Мен қазір пеш жағам.

— Күтудің керекі жоқ, мен тез қайтпаймын.

Григорий көшеге шықты. Таңға қарай жер аздап жібіп қалған. Оңтүстіктен ылғалды жылы жел есіп тұр. Етіктің өкшесіне топырақ аралас қар жабысады. Дүтордың ортасына қарай аяндап, бала кезден бері таныс үйлер мен сарайларды Григорий, бейнебір жат жердегідей, бар ынтасымен пайымдай қарап келеді. Көпестердің алаңдағы былтыр Кошевой өртеп жіберген үйлері мен дүкендерінің күл-көмірге айналған қыйратындылары қарауытады, жарым-жартылап қыйраған шеркеу дуалының олырылған жерлері ойдым-ойдым үңірейіп тұр... «Пешке кірпіш кереккен ғой» — деп ойлады Григорий самарқау түрде. Шеркеу сол бұрынғысындай, белуардан жерге кіріп, ап-аласа күйінде тұр. Көптен бері сырланбаған төбесін тот басып сарғайыпты да, қабырғаларын жол-жол боп аққан су шұбарландырып жіберіпті, ал сылағы түскен жерлерде жалаңаш қалған кірпіштер қып-қызыл боп жайнап тұр.

Көшелерде жан жоқ. Құдыққа таянғанда Григорийге ұйқысы ашылмай, маужыраған екі — үш әйел кездесті. Жат адамдай-ақ олар Григорийге үнсіз ғана бастарын идіде, тек маңайларынан өтіп бара жатқанда ғана тоқтап, артынан ұзақ уақыт оған қараумен болды.

«Анам мен Натальяның басына, бейітке барып қайту керек» деп ойлады да, Григорий мола жақтағы шолақ көшеге бұрылды, бірақ, сәл жүре түскеннен кейін тұра қалды. Онсыз да оның жүрегін зілдей боп ауыр да күңгірт бір қапа басқан болатын. «Басқа бір уақытта бірдеме етіп барып қайтармын, — деп ұйғарды ол Прохордың үйіне қарай бұрылып. — Барсам да, бармасам да енді — өліктерге бәрібір. Олардың қазір жаны тыныш. Бәрі бітті. Қабірлеріне ұлпа қар себілген. Ал жер, сірә, тереңіректе суық шығар... Міне дәурен сүріп те болды олар — қалай тез, көрген түстей. Әйелім де, анам да, Петро да Дарьясымен — бәрі қатарынан бір жерде жатыр. Бүкіл үйші болып сонда барып қаз-қатар жатыр. Оларға жақсы, ал әкем жат жерде жалғыз қалды, жат адамдардың ортасында оған көңілсіз ғой...» Григорий енді жан-жағына көз салмастан, тек аяғының астына қарап, аппақ және аздап жылылық жібіткен жұп-жұмсақ қарға, жұмсақ болғанда тіпті басқан аяққа білінбейтін де сықырламайтын қарға, қарап жүріп келе жатты.

Сонан соң Григорий балаларын ойлай бастады. Өздері, шешесі бардағыдай емес, жасына қарамастан, біртүрлі байсалды, тұнжыраңқы болып кеткен. Өлім олардың өмірін орасан ойсыратып кетті. Қорқытып-үркітіп тастады. Кеше мені көргенде Полюшка неге жылап қоя берді? Кездескенде бала жыламаушы еді ғой, бұл оған хас емес. Полюшка не ойлады екен? Ол оны қолына алғанда қыздың көзінде неліктен қорқыныш пайда болды? Мүмкін, ол әкесін үнемі тірі емес деп, енді ешуақытта да қайтып келмейді деп ойлап жүріп, ал сонан соң, оны көре салып, қорқып кеткен шығар? Қалай болғанда да ол, Григорий, балаларының алдында ешбір айыпты емес. Енді тек Аксињьяға оларды еркелетіп, шешесін жоқтатпауға тырыс деу керек... Олар, бәлкім, өгей анаға үйір болып кетер. Аксињья мейрімді, рақымды әйел. Григорийдің өзін сүйгеннен кейін ол балаларын да жақсы көреді.

Осыны ойлау да Григорийге әрі өкінішті, әрі ауыр тиді. Осының бәрі де оп-оңай болмады. Бүкіл өмірдің өзі де, жақында ғана көзге елестегеніндей емес, мүлде басқаша, оп-оңай болмай шықты. Ол балаша ақылсыздық, аңқаулықпен ойға салып: үйге қайтып келсем, шинель орнына шекпен кисем болды, бәрі де кедергісіз кете барады, ешкім ешбір сөз де айтпады, ешкім кіналамайды да — бәрі өзінен өзі жымдасып жүре береді, бейбітшіл егінші, үлгілі отағасы болып күнелтіп, өмір сүре беремін ғой деп шамалаған болатын. Жоқ, іс жүзінде бұл тап сондайлық оп-оңай болмай шықты.

Жалғыз топсаға ілігіп тұрған Зыков ауласының кіші қақпасын Григорий ақырындап қана ашты. Аяғына мыжырайған жұмыр пима, басына мыйлықтата құлақшын киіп, қолындағы бос сауын шелегін бейғам бұландатып, Прохор баспалдаққа қарай келе жатыр еді. Аппақ сүт тамшылары көзге ілінбей қар үстіне ағып-тамып келеді.

— Аман-есен жатып тұрдың ба, жолдас командир!

— Құдайға шүкір.

— Бас түзету керек еді, әйтпесе бастың өзі хұдды мына шелек сыяқты, ішінде түк жоқ, бос қалды.

— Бас түзету — еңбекке тұрарлық іс, ал шелегің неге бос? Сыйырды өзің сауып па едің?

Прохор басын шұлғып қалып, құлақшынын желкесіне жіберіп еді, досының өте-мөте тұнжыраған жүзін Григорий тек сонда ғана көрді.

— Әйтпегенде маған оны сайтан сауып бере ме? Бә-

рекелде, сыйыр сауып беріп, келістірдім білем, қарғыс атқан қатынды. Менің сауғанымнан тек оның іші аурып қалмасын де!.. — Прохор шелекті ашуланып лақтырып жіберді де, қысқасынан: — Кеттік үйге, — деді.

— Ал әйелің қайда? — деп сұрады Григорий қаймығынқырай.

— Қваспен қосып жындар жеп кетіпті оны! Таң білінер-білінбесте тұрып алды да, Кружилинскийге шомыртқа кетті. Сендерден келуім-ақ мұң екен — маған тиісе бастады ол! Түрлі уағызын айтты-айтты да, сонан соң дереу ұшып түрегеліп: «Шомыртқа барам! Бүгін Максаев келіндері жүреді екен, мен де барам!» — деді. «Мейлің, алмұртқа барсаң да, бара бер, қайда барсаң да ықтыяр өзінде!» — дедім ішімнен. Түрегелдім, пеш жақтым, сыйыр саууға кеттім. Келістіріп те саудым. Сыңар қол осындай істерді істеуге икемді-ақ деп ойлайсың ба?

— Мәжнүн-ау, қатындардың бірін шақырсаң болмайма?

— Поқырауға шейін енесін еметін тоқты мәжнүн, ал мен өмірімде мәжнүн болып көргенім жоқ. Өзімнің қолымнан да келер — деп ойлап едім. Келді қолымнан атасының басы. Сыйырдың баурында олай да еңбектедім, бұлай да еңбектедім, ол, қарғалған, аяғын тепсінеді, бір жерде тұрмайды. Сескенбесін деп құлақшынды да алып қойдым — бәрібір, мәніс шықпады. Сауып болғанша үстімдегі жейдем терге шылқып кетті, сыйырдың баурындағы шелекті алғалы қолымды енді ғана соза бергенде — теуіп кеп жібермесі бар ма?! Шелек — бір жаққа, мен — екінші жаққа ұшып кеттік. Сөйтіп, сауып жарыттым. Сыйыр емес, барып тұрған мүйізді сайтан ғой ол! Тұмсығына бір түкірдім де кетіп қалдым. Сүтсіз де күнелтермін. Қане, бас түзетеміз бе?

— Бар ма еді ештеңен?

— Бір бөтелке. Нағыздың өзі.

— Жетеді ғой.

— Жоғары шық, қонақ боларсың. Жұмыртқа қуырайын ба? Көзді ашып жұмғанша дайын етем.

Григорий шошқаның майын турады, қожайынға пештің аузына от жағуға көмектесті. Қызарған шошқа майының кесектері шыжылдап еріп, табаның ішінде сырғанағанына екеуі үндеместен қарап отырысты. Сонан соң Прохор құдай суретін қоятын күрсінің артынан шаң басқан бөтелкені суырып алды.

— Құпия істерді қатынымнан осы жерге жасырам, — деп ол қысқаша түсінік берді.

Олар отты мықтап жаққан ыстық кішкене бөлмеде ішіп-жеп, ақырын ғана әңгімелесіп отырды.

Сырласып, ішіндегі асыл ойларын Григорий Прохорға айтпағанда кімге айтсын? Стол жанында ол бұлшық еттері бұлтыйған ұзын аяқтарын кере тастап отырды, оның қарлыққан жуан даусы тұншыға шықты:

— ...Армияда және бүкіл жол бойы жер кәсібімен қалай тіршілік етуді, мына шытырман-шатақтан құтылып үйде жанға сая жасауды ойлаумен болдым. Сегіз жылдай аттан түскенім жоқ — бұл ойыншық емес қой! Осы ғаламаттар күн сайын дерлік түске де кіреді: біресе өзін өлтіріп жатасың, біресе өзінді өлтіріп жатады... Тегінде, сірә, Прохор, менің ойлағанымдай боп шықпайды ғой деймін... Жерді жыртып, күйттеу, басқаларға болмаса, маған бұйырмайтын шығар...

— Михаилмен кеше сөйлестің бе?

— Балға бөккендей болдым.

— Ол не дейді?

Григорий саусақтарын крест етіп айқыштады.

— Онымен біздің достық, міне, осындай болатын сыяқты. Ақтарға қызмет еттің деп кіналайды, мені жаңа өкіметке іштей қас, оған қарсы жұмсағалы қойнына пышақ тығып жүр деп ойлайды. Көтеріліс шығарады деп қорқады, ал бұл менің сайтаныма керек болып па, — ол ақмақтың өзі де білмейді мұны.

— Ол осыны маған да айтты.

Григорий көңілсіз езу тартты.

— Польшаға аттанып бара жатқанымызда бір украин өзінің селосын қорғауға бізден қару сұрады. Банды тонап, малдарын қырып, өздерінің мазасын алған көрінеді. Әңгіменің ішінде мен де болдым — полк командирі оған: «Сендерге қару берілсе, өздерің де банды болып кетесіндер» — деді. Украин күліп: «Жолдас, сіздер бізді тек қаруландырындар, сонан кейін селоға бандиттер түгіл, сендердің өздерінді де кіргізбейміз», — деді. Қазір міне мен де, сол украин сыяқты: егер де Татарскийге не ақтардың, не қызылдардың біреуін де жібермесе — бәрінен жақсысы сол болар еді деп ойлап тұрмын. Айталық, менің қайнағам Митька Қоршунов болсын, Михаил Қошевой болсын — маған солардың бәрібір, бағасы бірдей. Қошевойдың ойынша, менің ақтармен кінді-

гім бір, оларсыз тұра алмайтын сыяқтымын. Қыртыл әңгіме! Солармен кіндігім бір бола қалғаны, пәлі! Жуырда, Қырымға төніп барған кезімізде, ұрыста Корнилов офицерімен қырқысуыма тура келген-ді — сондай бір пысық полковник екен, мұртын ағылшындарша айнала қырып, қос танауынан ағып келе жатқан маңқа сыяқты, кішкентай ғана қос жолақ етіп қойыпты, — соны бар жігеріммен-ақ қылышпен тартып жібердім, тіпті жүрегім ойнақшып кетті. Сорлы полковниктің басының жартысымен бірге жарты фуражкасы ғана қалды да... офицерлік ақ кокарда ұшып кетті. Менің ақтармен дәм-тұзымның жарасқаны міне осындай! Олар да менің сорымды жеткілікті қайнатты. Офицер шенін мен қанымды судай ағызып жүріп тапқанмын. Ал офицерлер арасында мен хұдды ақ қарға сыяқты болдым. Ол иттер мені кісі деп санаған жоқ, қолдарын ұсынуға да жиренді, осы қылықтарынан кейін мен оларға... Кетсін шешесінің көріне! Мұны сөз қылудың өзі жиренішті! Мен солардың өкіметін қайтадан орнатпақпын ба? Генерал Фицхалауровтарды шақырмақпын ба? Бұл істі мен бір рет істеп көргенмін, сонан соң бір жыл ықылық атумен болғам, жетті, ақылым кірді, бәрінің де ащы-тұщысын таттым!

Ыстық майға нанды батырып жей отырып, Прохормынаны айтты:

— Ешқандай көтеріліс болмайды. Біріншіден — казактар мүлдем азайып қалды, ал аман қалғандары — олар да көзі ашық болып алды. Ағайындардың қанын әбден-ақ ағызды, өздері сондай момын да ақылды болып алған, оларды қазір көтеріліске мойнына арқан салып сүйресең де апара алмассың. Оның үстіне халық бейбітшілік өмірді аңсап отыр. Сен осы жазда жұрттың жұмысты қалай істегенін көрсең: пішенді мая-мая үйіп тастады, астықты бір түйір дән қалдырмай жыйнап алды, ал жерді қалай жыртып, қалай егіп жатыр десейші, бейнебір әрқайсысы жүз жылдан өмір сүруге дайындалып жатқандай! Жоқ, көтеріліс жөнінде сөйлеудің де қажеті жоқ. Бұл әнтектік әңгіме. Бірақ та, ит біле ме, сол казактардың не ойлап, не қоятынын...

— Иә, олар не ойламақшы? Сен бұл сөзді неліктен айттың?

— Көршілеріміз ойлап та қойыпты ғой...

— Неменені?

— Мәссаған, немене болушы еді? Воронеж губерния-

сында, Богучардың аржағында бір жерде көтеріліс басталып та қалыпты ғой.

— Былшыл сөз.

— Қайдан былшыл болады, кеше таныс милиционер айтты. Оларды сонда жібермекші болып жатқан сыяқты.

— Тап қай жерде екен?

— Монастырщинада, Сухой Донецке, Пасекада, Старая және Новая Калитвада, тағы сол жақтағы басқа бір жерлерде. Көтеріліс өте зор дейді.

— Мұны сен кеше неге айтпадың, сүмірейген не-ме-ау?

— Михаилдың көзінше айтқым келмеді, және бұл сыяқты істерді талқылаудан шығар пайда да шамалы. Мұндай бәлелерді өмірі естімесем деп ем, — деді Прохор наразылық білдіріп.

Григорий тұнжырап кетті. Ұзақ ойлағаннан кейін:

— Бұл жақсы жаңалық емес, — деді.

— Мұның саған қатысы жоқ. Хохолдар-ақ ойласын. Бөксесіне таяқ батқанда ғана білер олар көтеріліс жасаудың қалай болатынын. Мұның сені мен маған қажеті жоқ. Менің оларға тырнақтай да жаным ашымайды.

— Енді маған қыйынырақ соғатын шығар.

— Неғып?

— Неғыбың қалай? Егер де мен жөнінде округтік өкіметтің пікірі де Кошевойдың пікіріндей болса, онда маған абақтыдан құтылу жоқ. Иек астында көтеріліс болып жатыр, ал мен болсам бұрынғы офицер және оның үстіне көтерілісшімін... Түсінікті ме бұл саған?

Прохор нан шайнағанын қоя қойды да, ойланып қалды. Мұндай пікір оның ойына келген жоқ еді. Мастық есеңгіретіп, оның ой сермеуі шабандап, топастанып қалған болатын.

— Ал сонда, Пантелевич, сенде не ақысы бар? — деп сұрады ол аң-таң қалып.

Григорий ызаланып, қабағын түйді де, үндемей қалды. Бұл жаңалық оған көріне жайсыз тиді. Прохор оған стакан ұсынып еді, бірақ Григорий кожайынның қолын кері ысырып:

— Енді ішпеймін, — деді үзілді-кесілді.

— Бәлкім, тағы да бір-бірден тартып жіберерміз? Іш, Григорий Пантелевич, сұрың қашқанша іш. Бұл опасыз өмірде тек самогонды сылқыта бергеннен басқасы жоқ.

— Сен бір өзің-ақ сұрынды кетіре бер. Бас онсыз да



мең-зең, мұны ішсең біржола сілең қатар. Тіркелуге мен бүгін Вешенскийге барамын.

Прохор оған қадала қарады. Григорийдің күнге күйіп, желге жарылған беті қаракүрең тартып қызарып кетіпті, тек кері қайырып тараған шаштарының түбінде ғана құйкасы ақшыл тартып тұр. Прохорға соғыс пен қызын-қыстау кездерде туыстай болып кеткен бұл жырынды жауынгер өте сабырлы еді. Тек аздап қана ісінген көздері қажыған катулықпен қарайды.

— Сол әлгі... отырғызып қояр деп қорықпайсың ба? — деп сұрады Прохор.

Григорий серпіле түсті.

— Жігітім, менің қорқатыным да тап осы! Өмірі абақтыға отырып көргенім жоқ, ажалдан бетер қорқамын олан. Ал бұл игілікті де көруге тура келе ме деймін.

— Елге бекер қайттың, — деді Прохор аянышпен.

— Мен сонда қай жакка баруым керек еді?

— Қалада бір жерде бой тасалай тұрып, мына сүрең өмір бір жайлы болған соң келсең етті.

Григорий күліп, қолын бір-ақ сілтеді.

— Бұл маған лайық емес! Күту де, соңынан күү да — барып тұрған жұғымсыз іс. Балалардан аулақ қайда кетпекшімін?

— Сол да сөз бе екен! Олар сенсіз де тұрды ғой! Балаларыңды да, сүйгенінді де соңынан қолына алған болар едің. Айтқандай, саған айтұға ұмытып кетіппін ғой! Соғыс қарсаңында Аксињьямен екеуің үйінде тұрған анау қожайындарыңның екеуі де жан тапсырған.

— Листницкийлер ме?

— Тап солар. Менің Захар құдам шегіністе жас Листницкийдің деншигі болған еді, сол айтты: үлкен пан Морозовскаяда сүзектен өліпті, ал жас пан Екатеринодарға дейін жеткен көрінеді, сол жерде оның жұбайы генерал Покровскиймен шатасыпты да, соның күйігіне шыдай алмай жас пан атылып өліпті.

— Е, өлсе қарасы батсын, — деді Григорий жаны ашымастан. — Жақсы адамдардың өлгені аянышты, ал мыналарға ешкім де қайғырмайды. — Григорий түрегелді, шинелін киді де, есіктің тұтқасынан ұстап, ойлана тұрып, сөйлей бастады: — Бірақ та, ит біле ме, сол жас Листницкий жә болмаса біздің Кошевой сыяқтыларға үнемі қызыға, күндей қарап келдім... Оларға басынан бастап-ақ өмірдің бәрі ап-айқын болды, ал маған осы

күнге дейін көмескі. Олардың, екеуінің де, барар жері белгілі, өздерінің тура тартқан жолдары бар, ал мен болсам он жетінші жылдан бері бұраң жолдармен, мас адамдай, бұлғандап келем... Ақтардан бөлініп шықтым, қызылдарға қосылып кете алмадым, сөйтіп, жылымға түскен тезектей, қалқып жүрмін... Көріп тұрсың ба, Прохор, маған, әрине, Қызыл Армия қатарында ақырына дейін болу керек екен, бәлкім, сонда менің ісім оңға басқан болар еді. Сен өзің білесің ғой, мен баста совет өкіметіне жан-тәніммен қызмет еттім, ал сонан соң бәрі де бұзылып кетті. Ақтардың басшыларына мен жат адам болдым, олар маған үнемі күдіктене қарады. Бұлай болмауға мүмкін де емес қой? Екіншінің баласы, сауатсыз казак — оларға қайтіп жақын болмақшы? Олар маған сенбеді! Ал сонан соң қызылдарда да солай болып шықты. Соқыр емеспін ғой, эскадронда комиссар мен коммунистердің маған қалай қарайтынын байқап-ақ жүрдім... Ұрыста менен көз айырмайтын болды, басқан адымымды аңдып жүрді: «Э-э, сұмырай, ақгвардияшыл казак офицері, отырғызып кетіп жүрмесін бізді» деп ойлағандары сөзсіз. Осыны байқадым да, жүрегім бірден суына бастады. Содан былай, мен мұндай сенімсіз көзқарасқа төзе алмадым. Қыза-қыза келгенде тас та жарылып кетеді ғой. Мені әскерден босатып жібергені де жақсы болды. Әйтеуір іс ақыры жуықтап келеді. — Григорий ақырын ғана жөтеліп, тамағын қырды да, Прохорға карамастан, даусын өзгертіп: — Рақмет сыйыңа, мен кеттім. Сау бол. Егер де қайтып келсем, кешке қарай кіріп шығармын. Бөтелкенді жыйнастыр, әйтпесе әйелің келген соң — арқаңа әңгір таяқ ойнатар, — деді.

Прохор оны баспалдаққа дейін шығарып салды да, сенекте құлағына сыбырлап:

— Пантелевич, байқай көр, өзінді онда тығып қойып жүрмесін, — деді.

— Көрермін, — деп жауап қайырды Григорий, сабырлы пішінмен.

Ол үйге соқпастан Дон жағасына түсті, біреудің қос ескекті қайығын шешіп алды, қос уыстап оның суын төкті, шарбақтан қазық сындырып алып, судың жиегіне қатқан мұзды ойып, жол ашты да, қайықпен арғы бетке қарай жүзді.

Жел шайқап көбіктенген кара-көк толқындар Дон бойымен батысқа қарай домалап жатыр. Толқындар жа-

ғаға жақын маңдағы баяу ағысты судың күтірлек, мөлір мұзын үгітіп, жібек сынды балдырдың жасыл бұрылдарын тербетіп тұр. Күтірлей сынған жұқа мұз хрусталь сыңғырындай зыңылдап, жағалау жиегіндегі су жуған майда тас жұмсақ қана сыбдырлайды, ал өзен ортасындағы екпінді де бірқалыпты ағыс үстінде Григорий қайықтың сол жақ ернеуіне шүпірлеген толқынның шолпылы мен саңқылын және обдон орманының ішіндегі желдің жуан дауысты, тынымсыз қоңыр гуілін ғана есітті.

Қайықты ортан беліне дейін жағаға сүйреп шығарғаннан кейін Григорий отырып, етігін шешті де, жүруге жеңіл болсын деп шұлғауларын аяғына мұқияттап қайтадан орады.

Түс кезінде ол Вешенскаяға келді.

Округтік соғыс комиссариатында адам көп, ың-жын екен. Телефон қоңыраулары қатты-қатты сылдырлайды, есіктер тарс-тұрс ашылып-жабылады, қарулы адамдар бірі кіріп, бірі шығады, бөлмелерден жазу машиналарының үздіксіз тырсылы естіледі. Коридорда жыйырма шакты қызыләскер, үстіне бүрмелі романовтық шолак тон киген бір кішкене кісіні айнала қоршап алып, тұс-тұсынан сөйлеп, қарқылдап күлісіп тұр. Григорий коридордан өткен кезде түкпірдегі бөлмеден екі қызыләскер станокты пулеметті итеріп шығарды. Пулемет дөңгелектері кедір-бұдыр еденмен ақырын ғана дүңкілдеп өтті. Пулеметшілердің семіз және ірі біреуі әзілдеп: «кәне, айыпты рота, жол бер, әйтпесе тапап кетермін!» деп айқайлады.

«Шынында да көтеріліске аттанбақшы болып жатырау, шамасы» деп ойлады Григорий.

Григорийді тіркеуге көп кідірткен жоқ. Қуәлік қағазына асығыс белгі соқты да, соғыс комиссариатының хатшысы оған:

— Дончека<sup>1</sup> жанындағы саяси бюроға кіре кетіңіз. Сіз ескі офицер болғандықтан олардың есебіне алынуыңыз керек, — деді.

— Күп болады, — деп абыржығанын білдірместен, Григорий честь берді.

Екіойлы боп алаңда ол тоқтап қалды. Саяси бюроға бару керек еді, бірақ бұған оның бүкіл жан-тәні қарсы

<sup>1</sup> Дончека — Дондағы төтенше комиссия, саяси бюро — сол комиссияның 1920—1921-жылдардағы округтік, уездік органдары.

болып, баруға аяғы баспай қойды. «... Қамайды!» деді оған ішкі сезімі; Григорийдің зәресі ұшып, жеркөніп, тұлабойы қалтырап кетті. Ол мектеп дуалының жанында, көңі тобарсыған жерге ештеңені аңғармай мағнасыз қарап тұрды, көз алдына өзінің екі қолы артына қайырып байлаулы күйде айғыз-айғыз басқышпен подвалға түсіп бара жатқаны және сонында келе жатып наганның бұжыр сабын мықтап қыса ұстаған адам елестеп кетті. Григорий жұдырығын түйді де, қолының білеуленген көк тамырларына қарады. Осы қолдарды да байламақ па? Григорийдің бүкіл қаны бұркырап бетіне шықты. Жоқ, бүгін ол онда бармайды! Ертең болса — күба-күп, ал бүгін ол хуторға кетеді, бір күн де болса, балаларының қасында болады, Аксињьяны көреді де, ертемен Вешенскаяға қайтып келеді. Жүргенде аздап ауратын аяқ, мейлі, ауырса ауыра берсін. Ол үйге бір күнге ғана барып қайтады, қайтып келетіні сөзсіз. Ертең не болса ол болсын, жоқ, бүгін болмайды!

— Ау, Мелехов! Біз көріспегелі неше жаз, неше қыс өтті...

Григорий бұрыла қарады. Оған қарай Петроның полктасы, Дон армиясының көтерілісші 28 полкының бұрынғы командирі Яков Фомин келе жатыр екен.

Бұл бір кездегі Григорий білетін салдыр-салак, ұқыпсыз киінетін атаманец Фомин емес. Екі жыл ішінде ол адам айтқысыз өзгеріп кеткен: үстіне киген атты әскер шинелі күйіп қойғандай қона қалған, мәпелеген ақсабы мұртын едірейте шыйырып қойыпты және барлық келбетінде, көзге түсерлік айбынды жүрісінде, панданған күлкісінде елден озат артықпын деген пікірі сезіліп-ақ тұр.

— Бізге сені қандай тағдыр алып келді? — деп сұрады ол, Григорийдің қолын қысып тұрып, адырайған көкшіл көздерімен оның жүзіне үңіле қарап.

— Әскерден қайтқанмын-ды. Соғыс комиссариатына кіріп шықтым...

— Көп болды ма қайтқаныңа?

— Кеше.

— Ағаң Петро Пантелевичті жиі-жиі ойлап қоям. Жаксы казак еді, босқа өліп кетті... Ол екеуміз айрылмас дос едік қой. Мелехов, сізге былтыр көтеріліс жасамау керек еді. Қате істедіңіз!

Сөз болсын деп, Григорий:

— Иә, Казактар кателесті... — деді.

— Сен қай бөлімде болдың?

— Бірінші атты әскерде.

— Кім болып?

— Эскадронның командирі болдым.

— Солай ма? Қазір мен де эскадронның командирімін. Мұнда қазір бізде Вешенскаяның өзінің қарауыл эскадроны бар. — Фомин жан-жағына қарап алды да, даусын бәсеңдетіп: — Бермен қара, жүр былайырақ барайық, мені біраз жер шығарып саларсың, әйтпесе, бұл арада өріп жүрген халық бізге оңаша сөйлесуге мүмкіндік бермес, — деп ұсынды.

Екеуі көшенің бойымен жүріп кетті, Григорийге көзінің қыйығымен қарап қойып:

— Ойың үйде тұру ма? — деп сұрады Фомин.

— Е, енді қайда тұрады дейсің? Үйде.

— Шаруашылықпен шұғылданасың ба?

— Ие.

Фомин аянышты пішінмен басын шайқады да, күрсініп қойды.

— Мелехов, сен нашар кезеңді таңдап алыпсың, ой, нашар кезең... Саған әлі де бір жыл, екі жыл үйге қайтпау керек еді.

— Неге?

Григорийді шынтағынан ұстап, аздап еңкейіп қойып, Фомин сыбыр етті:

— Округте тынышсыздық туып тұр. Қазактар азық-түлік разверсткасына өте наразы. Богучар уезінде көтеріліс шыққан. Көтерілісті басуға бүгін аттанбақпыз. Жігітім, саған ең абзалы, бұл жерден тайып тұру, және тезірек тайып кеткен жөн. Петромен екеуміз үлкен дос едік, соның үшін де саған беретін ақылым: кетіп қал!

— Менің барар жерім жоқ.

— Әйтеуір, байқа! Саяси бюро офицерлерді тұтқынға ала бастады, мен мұны саған сондықтан айтып тұрмын. Осы жұманың ішінде Дударевкадан үш, Решетовкадан бір подхорунжийді алып келді, ал Донның арғы бетінен офицер дегеніңізді топ-тобымен әкелуде және тіпті шені жоқ қатардағы казактардың да тамырын ұстай бастады. Григорий Пантелевич, алды-артынды өзін болжа.

— Ақыл айтқанына рақмет, бірақ мен ешқайда да бармаймын, — деді Григорий қасарып.

— Бұл енді сенің өз жұмысың.

Фомин округте болып жатқан хал-жайды, округ басыларымен, округтік әскер комиссары Шахаевпен қандай қарым-қатнастары барын сөйлей бастады. Өз ойларымен болып Григорий оның сөздерін шала тыңдады. Екеуі үш көше жер жүрді де, Фомин тоқтай қалды.

— Маған бір жерге кіріп шығу керек. Әзірше қош. — Қолын кубанькасына қойып, ол Григориймен салқын түрде қоштасты да, жаңа аспалы белбеуі сықыр-сықыр етіп, қаққан қазықтай тіп-тік боп, кісі күлерліктей маңғазсынып, шолақ көшені бойлап жүріп кетті. Григорий оны көзімен ұзатып салып, кері бұрылды. Саяси бюроның екі қабат үйінің тас басқыштарымен жоғары көтеріліп бара жатып ол: «бітіретін болған соң — созудың қажеті жоқ, тезірек бітіру керек! Сойқандық істей білген Григорий — жауап бере де біл!» деді ішінен.

## 8

Таңертеңгі сағат сегізде Акси́нья пештің шоғын көседі, қызарып тершіген бетін алжапқышымен сүртіп, сәкіге отырды.

Тамақ пісіруден ертерек босанбақшы боп, ол таң саз бере төсегінен тұрған-ды, — тауық етін турап кеспе пісірді, құймақ құйды, вареникке<sup>1</sup> шылқыта қаймақ құйып қызартуға пешке қойды; Григорийдің қызарып піскен вареникті жақсы көретінін — ол білетін-ді, сөйтіп, сүйгені келіп тамақ ішеді ғой деген үмітпен ол түскі асты тойға әзірлегендей етіп дайындады.

Акси́нья бір себеп тауып Мелеховтарға баруға, олардікінде ең болмаса бір минут болуға, Григорийге көзінің бір қыйығымен болса да қарауға ынтықты. Үйінің жанында отырып оны көрмеу деген мүлде ойға сыярлық нәрсе емес сыяқтанды. Алайда, бұл тілекті ол зорлап жеңіп, онда бармады. Шынында да ол бала емес қой. Оның жасында мұндай жеңілтектік іс жасауға болмайды.

Ол беті-қолын күндегіден гөрі ұқыптырақ жуды, таза көйлегі мен шілтерлі жаңа ішкі юбкасын киді. Дегенмен өзі «не кию керек?» — деп сандықты ашып қойып ұзақ уақыт ойланып отырды. Жай жұмыс күнінде сәндену лайықсыз еді, бірақ қарапайым, қызмет киімімен отырғысы келмеді. Қайсысына көз тоқтатуға білмей, Акси́нья

<sup>1</sup> В а р е н и к — ақ ірімшіктен жасалған пельмен.

кабағын түйді, тегістелген юбкаларын қалай болса солай бірінен соң бірін шығара берді. Ақырында ол көңіл тоқтатып қара-көк юбкасы мен қара шілтер қойып әдемілеп тіккен, иі түспеген зеңгіл көк кофтасын алды. Оның бар киімінің ішіндегі тәуірі осы еді. Сайып келгенде, көршілері не десе о десін, оған бәрібір емес пе? Мейлі, көршілеріне бүгінгі күн — жұмыс күні-ақ болсын, бірақ мұның өзіне — мейрам. Ол асығып-үсігіп әдемілене киінді де, айнаның алдына келді. Оның ернінде таңдана жымың қаққан күлкі шырайы жүгіре қалды: айнаның арғы жағынан жап-жас бір құмартқан отты көздер күлімдей түсті. Акси́нья өз жүзін салмақпен, ықласын сала қарады да, көңлін бір демдеп, күрсініп қойды. Жоқ, оның әлі де нұры солған жоқ! Әлі де онымен кездескенде тұра қалып, есі кетіп талай казак көзімен ұзатып салар!

Айнаның алдында юбкасын жөндеп тұрып, Акси́нья есіттіре: «Ал, Григорий Пантелевич, берік бол!» — деді де, қызарып кеткенін сезіп, дыбысын шығармай ақырын ғана күліп жіберді. Алайда, осының бәрі самайдан бірнеше ақ шашты аралап жұлып тастауға бөгет те болған жоқ. Оның жасын еске түсірерлік ешнәрсе Григорийдің көзіне шалынбауы тиіс еді. Өзі осыдан жеті жыл бұрын қандай болған болса, Григорийге ол қазір де тап сондай жас боп көрінгісі келді.

Түске дейін ол үйде зорға төзіп отырды, бірақ содан әрі дәті шыдамай, иығына ақ түбіт шәліні жамыла салып, Мелеховтарға кетті. Дуняшка үйде жалғыз отыр еді. Акси́нья амандаса салып:

— Түскі ас ішкен жоқсындар ма? — деп сұрады.

— Осы сыяқты үйден безгендермен түскі тамақты уақытында іше қоярсың! Күйеуім Советте, Гриша станицаға кеткен. Балаларды тамақтандырып болып, енді үлкендерді күтіп отырмын.

Сырт пішінінде байсалдылық сақтап, торыққанын сөзінен де, қыймылынан да аңғартпауға тырысып, Акси́нья:

— Мен сендерді түгелдей үйде ғой деп ойлап едім. Гриша... Григорий Пантелевич, қашан қайтады? Бүгін бе? — деді.

Сәндене киінген көршісіне Дуняшка жедел көз жіберіп, ықласыз түрде:

— Ол тіркелуге кетті, — деді.

— Қашан қайтам деді?

Дуняшканың көзінде жасы мөлтілдеді; ол мүдіріп қалып, кіналай сөйледі:

— Сәндене қалуын... Тапқан екенсің сәнденетін уақыты... Білмейсің бе — оның мүлде қайтпай қалуы да мүмкін...

— Қалайша қайтпайды?

— Михаил оны станицада тұтқынға алады дейді... — долы жас көзінен сараң тамшылап, Дуняшка жылап жіберді де, жеңімен көзін сүрте салып, дауыстап: — Лағнат жаусын мұндай өмірге! Ақыры бар ма, сірә, мұның! Өзі кетіп қалды, ал балалар, тура құтырып кетті дерсің: «Әкетайым қайда кетті, қашан келеді?» деп тіпті жүргізбейді. Ал мен білем бе екем қашан келетінін?! Балаларды әне аулаға шығарып жібердім, ал өзімнің жүрегім тілім-тілім жара... Мұндай да лағнат өмір болар ма! Өлдім десең де бір тыным-тыныштық жоқ! — деді.

— Егер ол түнге қарай қайтып келмесе — онда өзім ертең станицаға барам, бір хабарын білем, — деді Акси́нья; ол осыны айтқанда, бейнебір титтей де көңіл толқытуға тұрмайтын жайшылықтағы ең бір болмашы әңгімені айтқандай, немқұрайды түрде айтты.

Акси́ньяның сабырлылығына қайран қалып, Дуняшка күрсініп қойды:

— Оны енді, сірә, күтуге тура келмес. Мұнда ол өз соруна бола келген ғой!

— Әзірше ешнәрсе де жоқ. Сен жылай беруіңді қой, әйтпесе балалар ойлар... Қош бол!

Григорий кештетіп қайтты. Үйде аз ғана уақыт болды да, ол Акси́ньяға кетті.

Ұзақ күн өнебойы үрейлене бергеннен кейін жолығу шаттығы аздап әлсіреп қалған еді. Акси́нья кешке қарай күн ұзаққа тыным таппастан жұмыс істеген адамша қалжырады. Күте-күте сағы сынып, шаршаған соң ол кереуетке жантая кетті, — қалғый түсіп еді, бірақ терезе түбінен өтіп бара жатқан адамның аяқ дыбысын құлағы шалып қалып, жас қыздай шапшаң атып тұрды.

— Сен Вешкиге баратыныңды неге айтпай кеттің? — деп сұрады ол, Григорийді құшақтап, шинелінің түймесін ағытып жатып.



— Айтып кетуге үлгіре алмадым, асықтым.

— Біз Дуняшка екеуміз бөлек-бөлек сыңсып жылап та алдық, сені қайтпайды ғой деп ойладық.

Григорий ұстамды түрде езу тартты.

— Жоқ, ол халге жеткен жоқ. — Үндемей қалды да, сонан соң: — Әзірше жете қойған жоқ, — деді.

Аяғын сылтып басып ол столға қарай барып отырды. Ашық есіктен төргі бөлме, бұрыштағы кең ағаш кереует, қаптаған жезі қоңырқай тартқан сандық көрініп тұр. Григорийдің жас жігіт кезінде, Степан жоқта келіп жүрген уақытындағыдай, мұндағы нәрсенің барлығы да сол күйінде сақталыпты; заман бұл үйге көзін салмай жана-салап қана өтіп кеткен сыяқты, ол ешнәрсенің ешқандай өзгерісін көрген жоқ десе боларлық; тіпті бұрынғы иіс те сол күйі: быршыған жас құлмақтың, таза жуылған еденнің және болар-болмас қана мұрынға келетін — солған жебір гүлінің иісі аңқып тұр. Осы үйден Григорий таң ата кеше ғана шығып кеткен сыяқты, ал дұрысында бұған талай уақыт болды ғой...

Григорий күрсінуді басып, жайымен шылым орай бастады, бірақ, неге екені белгісіз, қолы қалтырап кетті де, темекісін тізесіне төгіп алды.

Аксинья шапшандата дастарқанға тамақ әзірледі. Салқын кеспені жылыту керек болды. Сарайдан жаңқа алып келіп, еңтігіп және аздап сұрлана түсіп, Аксинья пеш аузына от тұтата бастады. Лаулап ұшқын атқан көмірді де үргілеп, бүкірейіп үнсіз ғана темекі тартып отырған Григорийге де қарап үлгірді ол.

— Ондағы жұмысың қалай болды? Реттедің бе, бәрін де?

— Бәрі де жақсылықпен жайғастырылды.

— Сені, сөз жоқ, ұстайды дегенді Дуняшка қайдан шығарып жүр? Менің зәремді де ол өлердей алды.

— Оның құлағына құйып қойған Михаил ғой. Бәрін ойлап шығарып жүрген сол, менің басымды жұтқысы келіп жүр.

Аксинья стол жанына келді. Григорий оны қолынап ұстады.

— Сен білесің бе, — деді ол, түрегеп тұрған әйелдің көзіне төменнен жоғары қарай қарап, — менің ісім аса оңып тұрған жоқ. Сол саяси бюроға бара жатып, өзім де онан қайтпаймын ғой деп ойлап едім. Қалай дегенмен де көтерілісте мен дивизия командирі болдым ғой, жүз-

басы деген сенім бар. Ондайларды қазір тұтқынға алып жатыр.

— Олар не деді саған?

— Толтыруға анкета берді, бүкіл қызметінді жазасың оған, сондай қағаз. Менің хатшылығым шамалы ғой. Өмірімде бұл секілді көп жазуға тура келген жоқ еді, екі сағат отырып, бүкіл бастан кешкен уақыттарымды суреттедім. Сосын тағы да бөлмеге екеуі кірді, ылғый сол көтеріліс жөнінде сұрастырумен болды. Жаман емес, сыпайы, әдепті адамдар екен. Үлкені маған: «Шәй ішесіз бе? Тек сахарин салған шәй» деді. Шәй ішу қайда бұл жерде, деп ойлаймын. Сендерден тек аман құтылып кетсем болғаны деймін ішімнен.— Григорий сәл үндемей қалды да, бөтен кісіге айтқандай, жаны жек көріп: «Жаза тартуға келгенде жасық болып шықтым... Қорқып кеттім»,— деді.

Вешенскаяда сасқалақтап қорыққаннан бойын билей алмағанына ол өзіне өзі қатты ызалы еді. Қауіптенуі бекер болып шыққаннан кейін ол онан әрі ызаланды. Қазір оның осы бастан кешіргендерінің бәрі жұрт күлерлік ұят нәрсе болып шықты. Жолшыбай ол ұдайы осыны ойлаумен болған еді және оның қазір осы жайларды арттыра сөйлеп, өзін келеке етіп, бәрін әңгімелеп бергені де сондықтан шығар.

Аксинья оның әңгімесін ықласын салып тыңдады, сонан кейін жайлап қана қолын босатып алып, пешке қарай бұрылып кетті. Отты көсеп қойып, ол:

— Ал бұдан былай қалай болмақшы? — деп сұрады.

— Бір жұмадан кейін келгендігім туралы белгі соқтыруға тағы да баруым керек.

— Қалай да өзінді тұтқынға алады деп ойлайсың ба?

— Сірә, солай бола ма деймін. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір, алып кетеді.

— Не істейміз? Қайтіп өмір сүреміз, Гриша?

— Білмеймін. Ал мұны соңынан сөйлесейік. Жуынуға суың бар ма?

Екеуі кешкі тамақ ішуге отырды да, Аксиньяның ертеңгі кездегі көңлін толқытқан бақыт құсы тағы да басына қайта оралды. Григорий онымен бірге, оның қасында отыр; оған енді көлденең көзден қаймықпай-ақ, ешкім өсектер деп ойламай-ақ көзін алмай қарай беруге, жасырмай және қысылмай көзімен-ақ іштегі бар сырын айтып беруге болады. О, тоба, Григорийді ол қалай сағынып қал-

ған, оны қандай сарғая аңсаған, оның сөлекет дығал қолдарына мұның денесі қандай жерік боп қалған! Аксињья асқа қолының ұшын тигізбеді десе де болғандай; ол тек аздап еңсесін ілгері салып, Григорийдің тамақты ашқарақтана жегеніне қарап отырды, бұлдыраған көздерімен рақаттана қарап, оның бетін, гимнастерканың тік жағасы қысып тұрған қара-қошқыл мойнын, топшылы иықтарын, стол үстіне салған, зілдей қолдарын еркелеткендей болды... Одан аңқып тұрған еркек тері мен темекінің батасқан ашқылтым иісін, жалғыз соның ғана өзіне тән белгілі жақын иісін Аксињья құныға жұтты. Көзін байлап қойса да мың еркектің ішінен ол өзінің Григорийін иісінен де айырар еді... Аксињьяның екі беті алкүреңденіп албырап кетті де, жүрегі қатты-қатты, жиілете соқты. Бұл кеште ол ілтипатты үй иесі болуға шамасы келмеді, өйткені төңірегінде Григорийден өзге ешнәрсені де көзі көрмеді. Ал Григорий де оның ілтипатты болуын талап етпеді: нанды өзі кесіп, көзімен іздеді де, пеш үстіндегі тұз сауытын да тауып алды, тарелкасына екінші рет кеспені де өзі құйып алды.

— Иттей ашықтым,— деді ол күлімсіреп, бейне ақталған адамша. — Таңертеңнен бері түк нәр татқаным жоқ.

Аксињья өз міндеттерін тек сонда ғана есіне түсіріп, орнынан ұшып түрегелді.

— О, сорлы басым! Вареник пен құймақты ұмытып та кеткен екенмін ғой! Мына тауық етін жеші, жарқын-ным! Жақсылап же, жаным!.. Қазір бәрін де алдыңа қоям.

Тамақты Григорий қандай ыждағатты, қандай ұзақ жеді десейші! Хұдды бір жұма ас ішпеген кісі сыяқты. Сыйлап ішкізу деген оған мүлде керексіз іс болды. Аксињья шыдамды түрде күтіп отырды, сонан соң ақыры төзе алмай, сол қолымен Григорийдің басын өзіне қарай тартып, оң қолымен кестелі сүлгіні алып, сүйгенінің майланған еріндері мен иегін сүртіп жіберді де, қараңғыда қошқыл-сары ұшқындар жарқ еткізе, көздерін тас жұмып, Григорийдің еріндеріне өз еріндерін жабыстырып, қадалды да қалды.

Шынында, адамға бақытты болу үшін аз-ақ нәрсе керек екен-ау: қалай дегенмен де Аксињья тап осы кеште бақытты еді...

Кошевоймен кездесе беру Григорийге ауыр тиді. Екеуінің арасы келген күннен-ақ белгілі болып қалды да, енді қайтып олардың сөйлесетін ештемесі қалмады және мұның қажеті де жоқ болды. Григорийді көрудің, сірә, Михаилға да ләззаты шамалы болса керек. Михаил екі балташы жалдады да, олар оның үйін жеделте ондай бастады: жарым-жартылай шіріп кеткен шатыр тіреуіштерін ауыстырып салды, жантайып қалған үйдің бір жақ қабырғасын бұзып қайтадан тұрғызды, жаңа маңдайша, рама, есіктер жасады.

Вешенскаядан қайтқаннан кейін Григорий хутор ревкомына барып Кошевойға соғыс комиссариаты белгі қойып берген әскери документтерін көрсетті де, коштаспастан кетіп қалды. Ол Аксињьяға көшіп барды, өзімен бірге балаларын және бірқатар мүлкін алып кетті. Дуняшка оны жаңа қонысқа ұзатып салып, жылап жіберді.

— Ағатай, маған өкпе артпаңыз, сіздің алдыңызда менің кінам жоқ,— деді ол, ағасына жалбарына қарап.

— Не үшін, Дуня? Жоқ, жоқ, о не дегенің сенің,— деп жұбатты Григорий.— Қеліп-кетіп тұр бізге... Сенде қалған бауыр жалғыз мен ғана ғой, мен сені ұдайы есіркеуші ем, қазір де есіркеймін... Ал, сенің күйеуің болса — ол жөндегі әңгіме басқаша. Сенімен екеуміз достықты бұзбаспыз.

— Кешікпей біз үйден көшеміз, ренжіме.

— Жоқ деймін! — деді Григорий кейіңкіреп. — Үйде ең болмаса көктемге дейін тұрындар. Сендер маған бөгеу емессіндер, балалар мен маған Аксињьяның үйінде де орын жеткілікті.

— Үйленесің бе оған, Гриша?

— Үйлену ешқайда қашпас,— деп екіұшты жауап қайырды Григорий.

— Ал соны, аға, ол жақсы әйел,— деді Дуняшка тұрасынан.— Мамам марқұм, саған әйелдікке тек соны алысын деген-ді. Мамам оны соңғы кезде жақсы көріп кетті, өлер алдында оған жиі барып тұрды.

— Сен мені үгіттемексің бе, қалай,— деді Григорий күліп.— Онан басқа мен кімге үйленбекпін? Андрониха кемпірге үйленеді ғой дейсің бе?

Андрониха Татарскийдегі ең кәрі кемпір еді. Оның жасы әлдеқашан жүзден асып кеткен-ді. Кемпірдің жерге

жетекабы бүгілген титтей пішіні көзіне елестеген Дуняшка күліп жіберді:

— Айта білесің-ау өзің де, ағатай! Мен тек жай ғана сұраған ем. Аксињья жөнінде сен үндемейсің — мен сосын сұрадым...

— Тойға басқаны шақырмасам да, сені шақырармынау,— деп әзілдеп, Григорий қарындасының иығынан қағып қойды да, туған үйінен ренжімей кетті.

Шынын айтсақ, оған қайда тұрса да бәрібір, тек тыныш өмір сүру арман еді. Бірақ, міне, сол іздеген тыныштығын ол еш таппай қойды... Бірнеше күнді ол адамды қажытатын іссіздікпен бос өткізді. Аксињьяның шаруашылығында ол бір нәрселерді істей қоймақшы боп көріп еді, бірақ заматта-ақ ештеме шықпайтынын сезе қойды. Еш нәрсеге көңлі соқпады. Екіұшты ауыр жағдай жанын жеп, өмір сүруіне кедергі келтірді; тұтқынға алып абақтыға отырғызады — бұл ең жеңілі, әйтпесе тіпті атып тастауы да мүмкін деген ой бір минут мыйынан шықпай қойды.

Түнде оянғанда Аксињья оның ұйқтамай жатқанын көретін. Әдетінше, Григорий екі қолын төбесіне қойып, тастай қараңғылыққа үңіліп шалқасынан жатады, көздері суық та мейрімсіз. Аксињья оның не ойлайтынын білетін. Тек оған жәрдем беру оның әсте қолынан келмейді. Григорийдің ауыр халін көріп, және бірге тұру арманы орындалмайтынын болжап, Аксињьяның өзі де қасірет шекті. Григорийден ол ештеме сұрамады. Бәрін де ол өзі шешсін деді. Тек қана бір түні оянып кеткенде жанындағы жарқыраған шылым отын көріп, ол:

— Гриша, сен ұйқтаудан қалдың-ау осы... Сен біраз уақытқа хутордан кетіп қалсаң қайтер еді? Болмаса екеуіміз бір жаққа бірге кетіп қалсақ, бой тасаласақ қайтеді? — деді.

Григорий мәпелеп оның аяғын көрпемен қымтады да, ықлассыз жауап қайтарды:

— Өзім ойлап көрейін. Сен ұйқтай бер.

— Сосын, мұнда бәрі тынышталған соң қайтып келсек те болар еді, ие?

Ешқандай тоқтамға келмеген адамдай Григорий тағы да екіұшты жауап қайырды:

— Көрейік, бұдан былай не болар екен. Ұйқта, Ксюша,— деп ақырын ғана, еркелей, еріндерін әйелдің жалаңаш, жібектей, салқын иығына тигізді.

Ал, шынында ол: Вешенскаяға енді қайтып бармауға

тоқтам жасаған еді. Өткен жолы оны қабыл алған саяси бюроның адамы босқа күтеді. Онда ол шинель жамылып стол жанында отырған-ды, столды сықырлата керіліп, Григорийдің көтеріліс жөнінде айтып берген әңгімесін тындап, өтірік есінеп отырған-ды. Енді ол түк те ести алмайды. Бәрі айтылып болды.

Саяси бюроға баратын күні ол хутордан кетіп қалмақшы, қажет десе — ұзақ уақытқа да кетеді. Қайда кепек — мұны оның өзі де білмейді, бірақ кетуге оның тоқтамы берік. Оның өлгісі де, абақтыда отырғысы да келмейді. Не істейтінін ол шешіп қойды, бірақ мұны күні бұрын Аксињьяға айтқысы келмеді. Аксињьяның соңғы күндерін қайғы уына малудың керегі жоқ, онсыз да бұл күндер онша шаттыққа бөленіп тұрған жоқ-ты. Мұны тек ақырғы күні айтқан мақұл деп қорытты ол. Ал қазір Аксињья мұның қолтығына басын тығып, тып-тыныш ұйқтай берсін. «Сенің қанатыңның астында мен жақсы ұйқтаймын» дей беретін Аксињья осы бір түндерде. Я, әзірше ұйқтай берсін. Григорийдің баурына кіре беретін ол сорлының уақыты да аз қалды ғой...

Ертеңгілікте Григорий балаларды ойнатады да, сонан соң ешбір мақсатсыз хутор ішінде қаңғып жүреді. Жұрт ішінде оған көңілдірек. Бір күні Прохор оны әскерде бірге істеген жас казактармен бірге Никита Мельниковтың үйіне жыйылып, арақ ішейік деп азғырды. Григорий адажүде бастартты. Хуторлықтардың айтуынша, бұлардың азық-түлік разверсткасына наразы екенін және арақ үстінде, сөз жоқ, осы әңгіме қозғалатынын ол жақсы білетін. Ол өзі жөнінде секем алды көзқарас тудырғысы келмеді және таныстарымен кездескенде саясат туралы әңгіме қозғаудан қашатын болды. Жетер енді саясат та, онсыз да саясат оған бір қырын соғып жүр.

Сақтық жасау артық та емес еді, өйткені азық-түлік разверсткасы бойынша мемлекетке астық өте нашар түсіп жатқан және осымен байланысты үш шалды кепіл есебінде тұтқынға алып, азық-түлік жыйнайтын отрядшылардың екеуі конвоймен Вешенскаяға айдап әкеткен болатын.

Келесі күні кооператив дүкенінің жанында Григорий жаңада Қызыл Армиядан қайтқан бұрынғы батареяшы Захар Крамсковты көрді. Ол әжептәуір мас, аяғын әлтек-тәлтек басып келеді екен, бірақ Григорийге жақындап келіп, борға боялған күртесінің бар түймесін ағытып жіберіп, қарлыға:

— Саулығыңызды тілеймін, Григорий Пантелевич! — деді.

— Сәлемет бол, — деп Григорий мығым денелі, шегіршіндей мықты батареяшкінің күректей қолын қысты.

— Таныйсың ба?

— Танымағанда.

— Былтырғы Боковскаяның түбіндегі біздің батареяның сені қалай құтқарғаны есінде ме? Біз болмасак сенің атты әскеріңе қыйыншылық келетін еді. Біз онда қызылдардың қаншасын сұлаттық — уа, шіркін! Бір рет дөңбектеп алып, екінші рет шрапнель бораттық... Бірінші зеңбіректің нысанашысы болып істеген мына менмін! Мен болам! — деп, Захар дүңк еткізіп жұдырығымен өзінің жап-жалпақ кеудесін ұрып қалды.

Григорий көзінің қыйығымен жан-жағына қарап қойды, — анадай жерде тұрған казактар екеуіне қарай қалып, әңгімелеріне құлағын тосып тұр екен. Григорийдің екі езуі жыбыр ете қалды, ашу қысып ақсыйғанда, тығыз тізілген аппақ тістері көрінді.

— Сен массың! — деді ол ақырын ғана, тістерін жазбастан. — Бар, ұйқтап ал, былшылдама артық сөзді.

— Жоқ, мен мас емеспін! — деді айқайлап, әбден қызып алған батареяші. — Менікі, мүмкін, қайғының масытығы шығар! Үйге қайтып келдім, ал мұндағы өмірдің сыйқы мынау, бұл өмір емес, б.....! Казактарға енді өмір де жоқ, өмір сүретін казактар да жоқ! Қырық пұт астық салыпты маған, бұл — не сұмдық? Сол салушылардың өздері егіп пе екен астықты? Солар өзі біле ме екен бұл астықтың не нәрсеге өсетінін?

Крамсков мағнасыз, қанталаған көздерімен қарап тұрды да, бір мезет бұлаң ете қалып, Григорийді аюша сөлекет құшақтап алды, бетіне самогонның ауыр күлімсі ісін аңқытты.

— Сен неге лампассыз шалбар киіп жүрсің? Мұжықтардың қатарына кірдің бе? Жібермеспіз? Айналайын, Григорий Пантелевич! Қайта соғысу керек! Айтсақ, тап былтырғыдай етейік: жоғалсын коммуния, жасасын совет өкіметі!

Григорий оны қатты итеріп жіберді де, сыбырлап:

— Бар үйіңе, мас нәлет! Білесің бе өзін, не айтып тұрғаныңды? — деді.

Крамсков шылым сарғайтқан саусақтарын тарбыйтпай жайып жіберіп, қолын алға қарай ұсынды да:

— Кешір, егер де теріс болса. Құдай үшін, кешір, бірақ мен саған өз командирім деп ақыйқат шынымды айтып тұрмын. Сені тура өзімнің туған әкемдей — командирім деп айтам... Қайта соғысу керек! — деп міңгірледі.

Григорий үн қатпастан бұрылды да, алаңды кесіп өтіп, үйіне кетті. Кешке шейін ол сол ерсі кездесудің әсерінен шыға алмады, Крамсковтың мастық айқайын, ішінен тәуір көріп үнсіз күлімсіреп тұрған казактарды көз алдынан кетіре алмай: «Жоқ, тезірек кету керек! Жаксылық болмайды...» деп ойлады.

Вешенскаяға сенбі күні бару керек еді. Туған хуторын ол үш күннен кейін тастап кетуге тиіс еді, бірақ бұлай болмай шықты: бейсенбі күні түнде — Григорий жатуға айналған кезде — біреу есікті қатты-қатты қақты. Акси́нья сенекке шықты. Григорий оның: «Бұл кім?» деп сұрағанын есітті. Жауабын ести алмай қалды, бірақ үрей ұшырған көмескі сезімнің дүмпуінен кереуеттен тұрды да, терезе алдына келді. Сенекте есіктің сұқпасы шылдыр етті. Дуняшка алдымен кірді. Григорий оның өңінің қашып кеткенін көре салып, ештеме сұрамастан, сәкінің үстінен папаха бөркі мен шинелін алды.

— Ағатай...

— Немене? — деп сұрады ол ақырын ғана, шинельдің жеңін киіп жатып.

Дуняшка аптығып, асыға сөйлеп:

— Ағатай, кетіп қал қазір! Станицадан біздікіне төрт салт атты келді. Төргі бөлмеде отыр... Сыбырласып сөйлеседі, бірақ мен естіп қалдым... есіктің артында тұрып бәрін есіттім. Михаил сені тұтқынға алу керек деді... Оларға сені айтып отыр... Кетіп қал! — деді.

Григорий қарындасына қарай шапшаң адымдап, құшағына қысты да, бетінен мықтап сүйді.

— Рақмет, қарындасым! Тез жөнел, әйтпесе кеткеніңді сезіп қалар. Қош бол, — деді де, Акси́ньяға бұрылып: — Нан әкел! Бол! Бүтінін қой, бір сынығы да жетер!

Сөйтіп Григорийдің қып-қысқа бейбіт өмірі де бітті... Ол ұрыстағыдай тез және батыл қыймылдады: төргі бөлмеге өтті, ақырындап қана ұйқтап жатқан балаларды сүйді, Акси́ньяны құшақтады.

— Қош боп тұр! Жуырда хабар етем, Прохор айтар. Балаларды күт. Есікті бекіт. Сұраса — Вешкиге кетті де.



Ал, кош боп тұр, қайғырма, Ксюшам! — Аксиньяны сүйіп тұрып ол еріндеріне ащы ыстық жас тигенін сезді.

Жұбатуға және Аксиньяның дәрменсіз, байланыссыз былдырын тыңдауға Григорийдің мұршасы болмады. Ол әйелдің өзін ораған құшағын ақырын ғана жазды, адымдап басып сенекке шықты, тыңдап құлағын тосты да, сыртқы есікті жұлқып ашып жіберді. Бетіне шолп еткізіп Доннан суық жел соғып қалды. Қараңғыға үйретіп, ол бір секундтай көздерін жұмды. Аксинья алдымен Григорийдің аяғының астындағы қардың сықырлағанын есітті. Әрбір басқан адымы оның жүрегіне шаншудай қадалды. Сонан кейін аяқтың басқан дыбысы бәсеңдеді де, шарбақ сытыр етті. Сонсоң мүлде жым-жырт болды, тек Донның аржағындағы орман ішінде жел ғана уілдеді. Жел шуылының арасынан Аксинья бір дыбыс болса да ұстауға тырысып құлағын тоса түсті, бірақ ешнәрсе де ести алмады. Ол мұздап кетті. Ас үйге кірді де шамды өшірді.

## 10

1920 жылдың қоңыр күзінде, азық-түлік разверсткасы бойынша астықтың нашар түсуімен байланысты азық-түлік жыйнаушы отряд құрылған кездерде, казактар арасында іштен тынған тұнба наразылық басталды. Дон облысының жоғарғы станицаларында — Шумилинскаяда, Казанскаяда, Мигулинскаяда, Мешковскаяда, Вешенскаяда, Еланскаяда, Слащевскаяда, тағы басқаларында кішігірім қарулы бандылар пайда болды. Бұл — Совет Өкіметінің азық-түлік отрядтарын құрып, разверстканы жүзеге асыру ісін күшейту жөнінде жасаған шараларына кулактар мен казактардың әлді-ауқатты жағының қарсы жауабы еді.

Бандының көпшілігі — бестен жыйырмаға тарта найза ұстаған — бұрын белсенді ақгвардияшы болған жергілікті тұрғын казактар еді. Бұлардың ішінде 18—19-жылдарда жазалау отрядтарында істеген, сентябрьдағы мобилизациядан бастартқан бұрынғы Дон ақ армиясының кіші комсоставы — өңкей урядниктер, вахмистрлер және подхорунжийлер, Жоғарғы Дон округіндегі былтырғы көтеріліс кезінде тұтқын қызыләскерлерді атумен атағы шыққан көтерілісшілер — бір сөзбен айтқанда, совет өкіметімен дәм-тұзы жараспайтын адамдар болатын.

Бұлар хутордағы азық-түлік отрядтарына ұдайы шабуыл жасады, астық төгетін пункттерге бара жатқан кірелерді кері қайтарды, коммунистерді және совет өкіметіне шын берілген казактарды өлтірумен болды.

Бандыны жою міндеті Вешенская мен Базки хуторында орналасып тұрған Жоғарғы Дон округінің қарауыл батальонына жүктелді. Округтің байтақ территориясы бойына бытыраған бандыларды жоюға жасалған әрекеттің бәрі де зая кетті, өйткені, біріншіден, жергілікті халықтың бірқатары бандиттерге тілеулес болды, азық-түлікпен қамсыз етті, қызыләскер отрядтарының қайда жүріп, қайда тұрған хабарын жеткізіп тұрды, сонымен қатар, оларды қуғыннан жасырып қалып жүрді, екіншіден, патша армиясының бұрынғы штабс-капитаны, өзі эсер, батальон командирі Капарин төңкеріске қарсы Жоғарғы Донда жуырда ғана туған күштерді құртқысы келмеді, құртуға кеселдік жасаумен болды. Тек анда-санда ғана және оның өзінде де Округтік партия комитеті председателінің қысымымен ол жорыққа шығып, аз-мұз шабуыл жасайтын да, күшті бытыратып, жөнсіз тәуекелге бел байлай алмаймын және округтік мекемелері мен складтары бар Вешенскаяны күзетсіз, иесіз тастап кете алмаймын деген сылтаумен кері қайтып келетін. Он төрт пулеметі, төрт жүзге тақау найзагері бар бұл батальон гарнизондық қызмет атқарды: қызыләскерлер тұтқынға алынғандарды қарауылдады, су тасыды, орман ішінде ағаш кесті, сонымен қатар, міндетті еңбек есебінде, сыя дайындауға емен жапырақтарынан жаңғақ жыйнады. Толып жатқан округтік мекемелер мен кеңселерді батальон отынмен және сыямен ойдағыдай қамтамасыз етіп тұрды, ал дәл осы кезде округтегі ұсақ бандылар саны қауіп туғызарлықтай боп молайып кетті. Ағаш материалдарын дайындау мен сыя жаңғағын жыйнау тек декабрь ішінде, Жоғарғы Дон округімен жапсарлас Воронеж губерниясының Богучар уезі территориясында ірі көтеріліс басталғаннан кейін ғана тоқтатылды. Дон облысы әскер қолбасшысының бұйрығы бойынша құрамындағы үш рота және пулеметшілер взводы бар бұл батальон қарауыл эскадронымен, 12-азық-түлік полкының 1-ші батальонымен және шағын екі бөгеуші отрядпен бірге сол көтерілісті басуға жіберілді.

Сухой Донец селосының маңайында болған ұрыста Яков Фоминнің басқаруымен Вешенская эскадроны флангіден тиіп, көтерілісшілердің шебіне атака жасады, олар-

ды қысып тастап, тырым-тырағай қашырды да, жүз жетпіске таяу адамдарын турап салды, ал өздерінен небәрі үш-ақ жауынгер шығын болды. Эскадрондағылар, тегіске жақын, Донның Жоғарғы станицаларында туып-өскен казактар еді. Олар тап осы жерде де өздерінің казактық ежелгі әдетінен жазбады: эскадрондағы екі коммунистің наразылығына қарамастан, ұрыстан кейін жауынгерлердің тең жартысына жақыны үстеріндегі шинельдері мен сырмақтарын ұрыста шауып өлтірілген көтерілісшілердің үстінен сыпырып алған шолақ сары тондарға ауыстырды.

Көтерілісті басқаннан соң, бірнеше күннен кейін, эскадрон Казанская станицасына кері шақырылды. Әскер өмірінің қыйыншылығынан тыныс алып, Фомин Казанскаяда мейлінше сауық-сайран қызығына түсті. Барын тұрған әйелқұмар, ақжарқын, көпшіл, думаншы — ол түні бойы жоғалып кетіп, пәтеріне тек таң ата қайтатын болды. Фоминді тым өзімсініп кеткен жауынгерлер кешке таман көшеде етігін жалтырата тазартып шыққан командирін көздері шалып қалса, өзара жымыйысып, көздерін қысысып:

— Ал, біздің айғыр кетті жалмеркаларды жағалап! Оны енді ала таң ғана айдап шығарар! — десетін.

Самогон бар, ішкілік болады деген сыбыс құлағына тисе, Фомин, эскадронның комиссары мен саяси жетекшісінен жасырынып эскадрондағы таныс казактардың пәтеріне де кіретін болды. Мұның өзі жиі-жиі болып тұрды. Кешікпей айбынды командир зерігуге салынды, тұнжырап кетті, кешегі сауық-сайранды мүлде ұмытуға айналды. Күнде кешке ол қонышы ұзын сәнді етіктерін бұрынғыша бар ыждағатын салып тазартпайтын болды, күн сайын қырынуды қойды, алайда, отырып қайтуға және арақ ішуге өз эскадронында істейтін хуторлықтарының пәтеріне анда-санда барып жүрді, бірақ әңгімелескенде сөзге сараң болды.

Фоминнің мінезі бұлайша өзгере қалуы отряд командирінің Вешенскаядан алған хабарына тұспа-тұс келді: Дончеканың саяси бюросы көршілес Усть-Медведицкий округінің Михайловская селосында командирі Вакулин бас болып карауыл батальоны көтеріліс жасағанын қысқаша хабарлаған-ды.

Вакулин Фоминнің қызметтесі, әрі досы болатын. Бір кезде Вакулин екеуі Мироновтың корпусында бірге болды,

Саранскіден Донға бірге аттанды, және бүліншілік көтерген корпусты Буденныйдың атты әскері қоршап алғанда қару-жаракты екеуі бір төбе етіп бірге үйіскен-ді. Фомин мен Вакулиннің екі арасындағы достық қарым-қатнас соңғы кезге шейін үзілмей келді. Жуырда ғана, сентябрьдің бас кезінде, Вакулин Вешенскаяға келген еді және сол жолы-ақ ол тісін қайрап: «азық-түлік разверсткасымен егіншілерді күйзеліске ұшыратып, елді апатқа қарай сүйреп отырған комиссарлардың озбырлығын» ескі досына шағым еткен болатын. Вакулиннің пікірлеріне Фомин іштей толық қосылды, бірақ ол өзін сақ ұстады, көбінесе баста жоқ ақылдың орнын толтыратын қулық-сұмдыққа салынды. Ол дұрысында сақ адам болатын, ешуақытта да асықпайтын және жә дұрыс, жә бұрыс, деп бірден айтпайтын. Бірақ кешікпей, Вакулин батальоны бас көтергенін естігеннен кейін, ол үйреншікті сақтығынан жаңылып қалды. Бір күні кешкілікте эскадрон Вешенскаяға жүрер алдында, взвод командирі Алферовтың пәтерінде эскадрондықтар бас қосты. Үлкен қауға шелек толы самогон бар еді. Дастарқан үстінде әңгіме өте қызу жүрді. Осы ішкіліктің ішінде болған Фомин әңгімеге үнсіз ғана құлағын тосты және қауға шелектен ыдысымен самогонды үнсіз батырып алып ішіп отырды. Ал жауынгерлердің біреуі Сухой Донец түбінде атакаға қалай шапқандарын еске түсірген кезде, Фомин ойға шома, мұртын шыйырып қойып, әңгімешінің сөзін бөліп кетті.

— Жігіттер, біз хохолдарды жаман кескілеген жоқпыз-ау, бірақ қазір сонымыздың сазасын өзіміз тартып жүрмейік... Вешенскаяға жеткенімізше ондағы біздің үйіштеріміздің бар астығын азық-түлік отряды сыпырып кетпесе қайтсін? Осы отрядтан казанскаялықтар қатты жәбір шегіпті. Сусектерін айнадай етіп, астықтарын таптаза күреп алып жатқан көрінеді...

Бөлме іші тым-тырыс бола қалды, Фомин эскадрондықтарын көзімен бір шолып өтті де, күлгірси жымыйып:

— Мен мұны — ойнап айттым... Байқандар, артық сөз сөйлеудің керегі жоқ, кім біледі, әзілді шынға айналдырып жүрсе,— деді.

Вешенскаяға қайтқаннан кейін Фомин қосшылыққа жарым взвод қызыләскер алып, Рубежный хуторына, үйіне кетті. Хуторға келген соң ауласына кірместен қақпаның алдында аттан түсті де, қызыләскерлердің біріне тізгінін тастай беріп үйге кірді.

Ол әйеліне салқын түрде иек қақты, кемпір шешесіне еңкейе бас иіп, құрметпен қол беріп амандасты да, балаларын құшақтады.

— Көкем қайда жүр? — деп сұрады ол, табуреткада отырып, қылышын тізесінің арасына қыстырып.

— Дәірменге кетті, — деп жауап қайырды да, кемпір, баласына қарап, қатал түрде бұйыра сөйледі: — Бөркіңді ал, құдайдан безген! Икона астында бөркімен отырғанды қайда көрдің? Ой, Яков, құдайдың қарғысы атады сені...

Фомин лажсыз езу тартты, бөркін алды, бірақ шешінбеді.

— Неге шешінбейсің?

— Мен бір минутқа ғана сіздің халіңізді біліп шығуға келдім, қызметтен үнемі мұрша жоқ.

— Білеміз сенің қызметіңді!.. — деді кемпір қатал түрде, баласының бұзылған мінезін және Вешенскаяда әйелдермен жүретінін ишарамен аңғартып.

Бұл туралы Рубежныйда әлдеқашан лақап тарап кеткен болатын.

Фоминнің ерте қартайған, қуқыл жүзді, көруге жабырқанды әйелі енесіне үрейлене жалт қарады да, пешке таман барды. Еріне қалай да болса жағынып, көңлін тауып, ең болмаса есіркеп жылы жүзбен қарату үшін әйел пештің қуысынан шүберек алды да, тізерлеп отыра қалып, мықшып түсіп Фоминнің етігіне жабысқан қою балшықты сүрте бастады.

— Яша, аяғыңдағы етігің қандай жақсы... Соншама балшыққа батырғаның өзін... Мен қазір сүртіп берейін, тап-таза етіп сүртіп берейін! — деп сыбырлады әйел, дыбысын болар-болмас шығарып, басын көтерместен, күйеуінің аяғында тізесінен жорғалап.

Фомин әйелімен көптен бері бірге тұрған жоқ еді және бір кезде жастық шақта сүйген әйелін менсінбей, аяныштан өзге сезім ол жөнінде онда көптен бері-ақ болған жоқ-ты. Бірақ әйелі оны үнемі сүйіп келді, қашан да болса қайтадан өзіме бір айналып соғар деген қу үмітпен бәрін де кешіре беретін-ді. Көп жылдар бойы ол шаруашылықты қарады, бала тәрбиеледі, өрмінез енесінің көңлін табуға тырысты. Түздегі жұмыстың бар зілі соның әлсіз нығына түсті. Ауыр еңбек пен екінші баладан кейін тап болған дерт жылдан жылға оның денсаулығын меңдете берді. Ол әбден жүдеді. Бетінің нуры солды. Ерте келген

кәрілік екі бетін әжіммен торлады. Көздерінде, хастелі есті хайуандарда болатын, шошымалы көнбістік пайда болды. Қалай тез қартайғанын, денсаулығының күннен күнге іріп бара жатқанын оның өзі де байқамады, әлі де бір үміт құшағында, сирек көріскенде сұлу жұбайын жасқана сүйіп, сұқтана қарайтын...

Қофтасының астынан жауырындары шодырая білініп тұрған әйелінің мықшыйған аянышты арқасына, етігінің балшығын жан-тәнімен тазартып сүртіп жатқанда дір-дір еткен ірі қолдарына Фомин жоғарыдан төмен қарай қарады да: «Несін айтасың, әдемі-ақ! Осындай жексұрынның бір кезде қасына да жаттым-ау... Бірақ өзі мықтап қартайған... Сонда да өзі соншама қалай қартайған десейші!» деп ойлады.

— Әй, жетер енді! Бәрібір тағы былғаймын,— деді ол ызаланып, әйелінің қолынан аяғын босатып алып.

Әйел белін зорға жазды, түрегелді. Сап-сары жүзінде болмашы ғана қызыл шырай пайда бола бастады. Әйелдің еріне бұрған ылғалды көздерінде соншама сүйіспендік, соншама жан қыя берілгендік байқалды да, Фомин шыдамай теріс қарады, шешесінен:

— Ал, қалай тұрып жатырсыздар мұнда? — деп сұрады.

— Бәрі сол бір күйде,— деп жауап қайырды кемпір түнеріп.

— Азық-түлік жыйнаушы отряд болды ма хуторда?

— Кеше ғана Төменгі-Кривойға жүріп кетті.

— Бізден астық алды ма?

— Алды. Қанша алды осы, Давыджан-ау?

Әкесіне тартқан, сол сыяқты алшақ орнаған көкшіл көзді он төрт жасар ересек бала:

— Олардың қасында болған атам, сол біледі. Дәу дағардың онын әкетті білем,— деп жауап қайырды.

— Со-о-лай... — Фомин түрегелді, ұлына көз тастап, портупеясын түзетті. Ол: — Кімнің астығын алғанын оларға айттыңдар ма? — деп сұрағанда, аздап өңі құбылып кетті.

Кемпір қолын бір-ақ сілтеп, табалай езу тартты:

— Олар сені аса елейтін емес! Іштеріндегі үлкені: «Артық астықты талғамастая жұрт тегіс тапсыруға тиіс. Мейлі Фоминдікі болсын, мейлі округ председателінің өзінікі болсын — артық астықты бәрібір аламыз» деді. Сөйтіп сусектерді ақтара бастады.

— Мама, мен олардың сазайын тартқызармын. Тартқызармын сазайын! — деді Фомин күңгірт дауыспен, сөйдеді де, туған-туысқандарымен тез қоштасып, шығып кетті.

Үйге барып қайтқаннан кейін ол ақырындап жүріп тың-тындап, жұрттың ойын біліп, өз эскадронындағы жауынгерлердің түгелге жақыны азық-түлік разверсткасына наразы екендігіне оп-оңай көзі жетті. Оларға хуторлар мен станицалардан жекжат, туған-туысқандары келіп-кетіп жүрді; олар азық-түлік отрядшыларының қалай тінту жүргізетінін, тұқымға және азыққа ғана қалдырып, астықтың басқасын түгелдей сыпырып алатынын айтты. Осының бәрі январьдың аяқ кезінде Базкиде болған гарнизон жыйналысында, округтік соғыс комиссары Шахаев сөз сөйлеген кезінде эскадрондықтардың ашықтан-ашық қарсы шығуына әкеліп соқтырды. Олардың арасында мынадай айқайлар шықты.

— Әкетіндер азық-түлік отрядтарын!

— Астық алуды тыятын уақыт жетті!

— Жоғалсын азық-түлік комиссарлары!

Қарауыл ротасының қызыләскерлері бұған жауап есебінде:

— Контрлар!

— Ыдырату керек нәлеттерді! — деп айқайлады.

Жыйылыс әрі ұзақ, әрі қызу болды. Гарнизонның аз ғана коммунистерінің бірі абыржып, Фоминге:

— Фомин жолдас, сенің сөйлеуің керек! Эскадрондықтарыңның қандай сорақылықты айтып тұрғанын байқайсың ба! — деді.

Фомин байқатпай мыйығынан күліп:

— Мен партияда жоқ адаммын ғой, олар мені тыңдай ма? — деді.

Ол ешбір үн қатпастан, батальон командирі Капаринмен бірге жыйналыс аяқталмастан көп бұрын-ақ кетіп қалды. Вешенскаяға қайтып келе жатып, жолшыбай олар болған жағдайды әңгіме етті де, ойларын тез-ақ түсіністі. Бір жұмадан кейін Фоминнің пәтерінде отырып, Капарин көзбе-көз былай деді:

— Біз я дәл қазір көтерілеміз я, болмайды екен, мүлде қоямыз, мұны бір деп біл, Яков Ефимович! Кезеңмен пайдаланып қалу керек. Қазір өте ынғайлы кезең туып тұр. Казактар бізді қолдайды. Округте сенің

беделің зор. Халықтың пейіл-пікірі — іздегенге сұраған. Неге үндемей қалдың? Кәне, шеш! — деді.

— Мұнда шешетін не бар? — деді Фомин жайлап, сөздерін созып, қабағының астымен қарап. — Бұл шешілген іс. Тек барлығы кедергісіз шығу үшін, маса тұмсығы да батпастай жіксіз де міңсіз етіп жоспар жасау қажет. Кәне, осы жөнінде сөйлесейік.

Фомин мен Капариннің секем аларлық достығы көзге түспей де қалған жоқ. Батальонның бірнеше коммунистері бұлардың сыртынан бақылау жүргізді де, сезіктерін Дончеканың саяси бюро начальнигі Артемьевқа және соғыс комиссары Шахаевқа хабар етті.

— Шошынған қарға шөкеден де қорқады деген, — деді Артемьев күліп, — Капарин — барып тұрған сужүрек, ол мұндай іске тәуекел ете алушы ма еді? Фоминді көзден таса қылмаспыз, ол көптен біздің бақылауымызда, бірақ көтеріліске Фоминнің де батылы бара қояр ма екен. Мұның бәрі түк емес, — деп қорытты ол бекем түрде.

Алайда бақылау кешеуілдеп қалды: қаскүнемдер әлдеқашан-ақ уәделесіп қойған-ды. Көтеріліс 12-март күні ертеңгі сағат сегізде басталуға тиіс еді. Сол күні Фомин эскадронды ертеңгі жортыс серуеніне толық құралды күйінде алып шықпақшы болды, сонсоң кенеттен станица шетінде орналасқан пулеметшілер взводына атака жасап, пулеметтерді қолға түсіретін болды да, сонан кейін округтік мекемелерді «тазартуға» қарауыл ротасына жәрдемдеспек болып сөз байласты.

Фоминді батальон тегіс қолдамас деп шүбаланды Капарин. Бұл жорамалын ол оған бір ретте айтып та салды. Фомин оның сөзін ынталана тындады да:

— Тек пулеметтерді қолға түсірсек екен, сенің батальоныңды соңынан біз бірден-ақ жуасытып алар едік... — деді.

Фомин мен Капаринге сырттан астыртын қойылған бақылау ешбір нәтиже бермеді. Бұл екеуі сирек кездесті, оның өзі де жұмыс бабында ғана болды, тек февральдың аяқ кезінде ғана екеуінің көшеде жүргенін бір күні түнде патруль көріп қалды. Фомин ерттеулі атты жетектеп, Капарин қатарында жаяулап келеді екен. Күзетшілердің дыбысына Капарин: «Өз кісілерің» деп үн қатты. Бұлар Капариннің пәтеріне кірді. Фомин атын баспалдақтың



таянышына байлады. Бөлмеде шам жағылмады. Фомин үйден ертеңгі сағат төртке қарағанда шықты, атына мінді де, өз үйіне кетті. Анықталған нәрсенің бары осы ғана болды.

Дон облысының әскер қолбасшысының атына шифрлы телеграмма беріп, округтік соғыс комиссары Шахаев Фомин мен Капарин жөніндегі сезіктерін хабарлады. Бірнеше күннен кейін қолбасшының Фомин мен Капаринді орындарынан алып, абақтыға отырғызуға рұқсатын берген жауабы келді.

Округтік партия комитетінің бюро мәжілісінде: Фомин Новочеркасскіге, әскер қолбасшысының қарамағына шақыртылады деген округтік соғыс комиссарының бұйрығы оған хабар етілсін, эскадронды басқару ісін өзінің көмекшісі Овчинниковқа тапсыруы ұсыныс етілсін, банды шықты деген сылтаумен тап сол күні эскадрон Казанскаяға жіберілсін де, осыдан кейін түнде қаскүнемдер тұтқынға алынсын деп ұйғарылды. Эскадронды станицадан жөнелтуге деп ұйғарған себебі — Фоминнің ұсталғанын естігеннен кейін эскадрон көтеріліс шығармасын деген сақтық еді. Көтеріліс шығу ықтималы барын батальон коммунистері мен взвод командирлеріне ескертіп қою және станицадағы рота мен пулеметшілер взводын жауынгерлік әзірлікке келтіру қарауыл батальонының екінші ротасының командирі коммунист Ткаченкоға тапсырылды.

Келесі күні таңертең Фомин бұйрықты алды.

— Жә, олай болса, Овчинников, қабылдап ал эскадронды. Новочеркасскіге барам,— деді ол байсалды түрде.— Отчетты қарайсың ба?

Ешкім ескертпеген, ойында ешнәрсе жоқ, партия мүшесі емес взвод командирі Овчинников қағаздарға шұқшыя бастады.

Фомин, ретін тауып, Капаринге «Бүгін көтерілеміз. Мені орнымнан алғалы жатыр. Әзірлен» деп записка жазды. Сенекте ол записканы ординареціне берді де, сыбырлап:

— Записканы ұртыңа тық. Аянмен бар, түсіндің бе? Капаринге қарай аянда. Егер де біреу-міреу жолда тоқтата қалса — записканы жұтып жібер. Тапсыр да, қазір осында қайтып кел,— деді.

Казанская станицасына шық деген бұйрықты алып Овчинников эскадронды шеркеу алаңына шығарып, жо-

рыққа аттануға сапқа тұрғызды, атқа салт мініп Фомин Овчинниковтың қасына келіп.

— Эскадронмен қоштасуға рұқсат ет, — деді.

— Құп болады, тек қысқаша ғана қоштасыңыз, бізді кідіртпеңіз.

Эскадронның алдына шығып алып, ойнақшыған атының тізгінін тежеп қойып, Фомин жауынгерлерге қарап үн қатты:

— Сендер мені, жолдастар, жақсы білесіңдер. Менің өмір бойы не үшін күрескенімді де білесіңдер. Мен сендермен үнемі біргемін. Бірақ, мен мына қазірде казактарды талап жатқанына келісе алмаймын, жалпы егіншілерді талап-тонап жатқанын көтере алмаймын. Міне осы үшін мені орнымнан алды. Ал маған не істемекші — мұны мен білмеймін. Сондықтан да мен сендермен қоштасқым келеді...

Эскадронның шуы мен айқайы бір секундқа Фоминнің сөзін үзіп жіберді. Ол үзенгісіне шірене түрегеліп, қатты көтеріңкі дауыспен айқай салды:

— Егер де, талаудан құтылғыларың келсе — азық-түлік отрядтарын айдап шығындар, азық-түлік комиссарлары Мурзовтарды және Шахаев комиссарды құртындар! Бізге, Донға келіп алып солар...

Фоминнің соңғы сөздерін эскадрондағы айқай-шу есіттірмей жіберді. Мезетін күтіп тұрып, ол ащы дауыспен команда берді:

— Оң жақтан үш-үштеп, оңға қарай шагом марш!

Эскадрон айтқанын екі етпей, командаға бойсұнды. Мұның бәріне аңырып қалған Овчинников:

— Жолдас Фомин, сіз қай жаққа әкетпексіз? — деп Фоминнің қасына шауып келді.

Басын бұрмастан, Фомин келемеж етіп:

— Мына шеркеуді айналып шығамыз... — деп жауап берді.

Осы аз ғана минуттың ішінде болған уақытқа Овчинниковтың мыйына тек сонда ғана барып қонды. Ол топтан бөлініп шықты; оның соңынан саяси жетекші, комиссардың жәрдемшісі және жалғыз-ақ қызыләскер ерді. Олардың кеткенін Фомин екі жүз қадам жер бөлініп кеткен соң ғана байқап қалды. Атының басын бұрып ол:

— Овчинников, тоқта!.. — деп айқайлады.

Төрт салтатты жеңіл желістен шоқыраққа түсті.

Олардың аттарының тұяғы астынан еріген қар кесек-кесегімен жан-жаққа атылды. Фомин айқайлап:

— Алыңдар мылтықты! Ұста Овчинниковты!.. Бірінші взвод! Түс соңына!..— деп команда берді.

Бет-бетімен атылған мылтық даусы шықты. Бірінші взводтан он алты адам қууға ұмтылды. Бұл кезде Фомин қалған эскадрондықтарды екі топқа бөлді: бір топты үшінші взводтың командирін бас етіп пулеметшілер взводын қарусыздандыруға жіберді, екіншісін станицаның солтүстік жақ шетінде, бұрынғы станица айғырларының атқорасына орналасқан қарауыл ротасының жатқан жеріне өзі алып кетті.

Бірінші топ оқты аспанға атып және қылыштарын жоғары үйіріп, бас көшемен шапты. Жолшыбай қолға түскен төрт коммунисті қылышпен турап тастап, бүліншілік жасаушылар станицаның шетінде тезінен сап түзеді де, үнсіз, айқайсыз үйден жүгіре шыққан пулеметшілер взводының қызыләскерлеріне атакаға шапты.

Пулеметшілер взводы жатқан үй шетте оқшау тұр еді. Бұл үй мен станицаның ең шеткі үйлерінің екі арасы жүз саженнан артық емес-ті. Қарсы алдынан бораған пулемет оғына кездескен бүлікшілер кері қарай кілт бұрылды. Таяудағы тар көшеге жетпей-ақ олардың үшеуі оқ тиіп, аттарынан мұрттай ұшты. Пулеметшілерді абайсызда қолға түсіріп алуға болмай қалды. Бүлікшілер екінші қайта әрекет жасауға тырыспады. Үшінші взводтың командирі Чумаков өз тобын тасаға алып барды; аттан түспестен, тас сарайдың бұрышынан ақырындап карап алып:

— Ал, тағы да екі «максимді» итеріп алып шықты.— Сонан соң сеңсең бөркімен маңдайының терін сүртіп жіберді де, жауынгерлерге бұйырып: — Жігіттер, кейін қайталық!.. Пулеметшілерді Фоминнің өзі алып бақсын. Біздің адамдардың қар үстінде қаншасы қалды, үшеуі ме? Жә, міне енді оның өзі байқап көрсін,— деді.

Станицаның шығыс жақ шетінде атыс басталысымен-ақ рота командирі Ткаченко пәтерінен жүгіріп шықты да, жүре киініп, казармаға жүгірді. Отыз қызыләскер казарма жанында қатар тұрып сапқа тізіліп те қалған екен. Ротаның командирін олар:

— Кім атып жатқан?

— Не болды? — деген аң-таң сұраулармен қарсы алды.

Ткаченко жауап қайырмастан, казармадан жүгіріп шыққан қызыләскерлерді үнсіз сапқа тізе берді. Округтік мекемелерде қызмет істейтін бірнеше коммунист онымен қатарласа жүгіріп келді де, олар да сапқа тұрды. Станица ішінде әр жерде атылған винтовка оғының даусы естіліп жатты. Батыс жақ шетте бір жерде қол гранатасы қатты шарт ете қалды. Жалаң қылыштарын көтеріп казармаға қарай шауып келе жатқан жарты жүздей салтаттыларды көре сала, Ткаченко асықпастан қабынан наганын суырды. Ол команда беріп үлгірместен: сапта кесіп алғандай әңгіме тоқтай қалды да, қызыләскерлер винтовкаларын қолдарына алып кезене қойды.

— Мына жүгіргендер өз кісілеріміз ғой! Көрдіндер ме, анау біздің комбат Капарин жолдас! — деп айқайлап жіберді қызыләскердің бірі.

Аттылар, көшеден шыға келді де, біреу команда бергендей, жұмыла аттарының жалына жабыса тұқырып, казармаға қарай лап қойды.

— Маңайға жолатпа! — деп Ткаченко қатты айқайлап жіберді.

Оның даусын жауып, дүркін атыс гүрс ете қалды. Иін тіресе сапта тұрған қызыләскерлерден жүз қадам жерде салтаттылардың төртеуі аттарынан ұшып түсті де, қалғандары тәртіпсіз түрде бытырап, кері қарай шаба жөнелді. Ізінше тарсылдап, гүрсілдеп атылған бытыраңқы оқ дауыстары естіліп жатты. Салтаттылардың бірі, сірә, жеңіл жараланған болуы керек, аттан ұшып түсті; бірақ тізгіннен айрылмады. Пәрменімен шапқан аттың соңынан ол он сажень жер сүйретілді де, сонсоң бір мезетте ұшып түрегеліп, үзеңгіге жармасты, ердің артқы қасынан ұстады да, дік етіп атқа мініп алды. Тізгінді өршелене жұлқып, шауып келе жатқан атын ол кілт бұрды да, келте көшеге түсіп жоқ болды.

Овчинниковты қуып нәтиже шығара алмағаннан кейін, бірінші взводтың эскадрондықтары станицаға қайтты. Комиссар Шахаевты іздеуден де ештеме шықпады. Ол бос қалған комиссариатта да, пәтерінде де болмай шықты. Атысты ести сала ол Донға қарай жүгірді, мұз үстімен жүгіріп өтіп орманға кірді, онан әрі — Базки хуторына барды да, келесі күні Вешенскаядан елу шақырым жердегі Усть-Хоперская станицасынан келіп шықты.

Басқарушы қызметкерлердің көбі уақытында жасы-

рынып үлгірді. Оларды іздеудің өзі де қауіпсіз емес-ті, өйткені пулеметшілер взводының қызыләскерлері қол пулеметтерімен станицаның орталығына таман келді де, бас алаңға тақау көшелердің бәріне оқ жаудырып тұрды.

Эскадрондықтар іздеуді тыйды, шоқырақтап, Овчинниковты қууға шыққандағы шеркеу алаңына қайтып келді. Кешікпей сол жерге фоминдіктер тегісінен жыйналды. Олар қайтадан сапқа тұрды, Фомин күзетші бөліп шығаруға бұйрық етті, қалған жауынгерлерге бөлініп-бөлініп пәтерге орналасуға, бірақ аттарының ерін алмауға бұйырды.

Фомин мен Капарин және взвод командирлері де шеткі үйлердің біріне, аулағырақ жерге орналасты.

— Іс оңбай шықты, ұтылды! — деп салды Капарин түңілген түрде, дымы құрып орындыққа отыра кетіп.

— Иә, станицаны ала алмай қалдық, солай болғаннан кейін біз енді бұл жерде табан тірей алмаймыз, — деді Фомин ақырын ғана.

— Округке құлаш сермеу керек, Яков Ефимович. Енді біздің тайсалатын неміз қалды? Бәрібір ажалдан бұрын өлмеспіз. Қазактарды ду көтереміз, сонан кейін станица да біздікі болады, — деп ұсыныс етті Чумаков.

Фомин оған үнсіз қарап алды да, Капаринге бұрылып:

— Ұнжырғаңыз түсіп кетті ме, бекзатым? Маңқаңызды сүртіңіз! Сүйрейтін болғаннан кейін нығыма қайыс батты деме. Қосылып қолға алған екенбіз, кәне енді, қосыла сүйреп шығуымыз керек... Сенің пікіріңше, қалай дейсің — станицадан кетеміз бе, болмаса тағы бір рет байқап қараймыз ба?

Чумаков кесіп сөйлеп:

— Басқалар байқап көрсін! Маңдайымды тосып мен пулеметке қарсы бара алмаймын. Бұл мағнасыз іс, — деді.

— Мен сенен сұрап тұрғаным жоқ, жап аузыңды! — деп Фомин сұстана қарап еді, Чумаков төмен қарай қойды.

Сәл уақыт үндемей отырғаннан кейін, Капарин:

— Иә, әрине, енді қайтып екінші рет бастау мағнасыз. Қару жағынан олардың күші басым. Оларда он төрт пулемет болса, бізде біреу де жоқ. Және олардың

адамы да көп... Бұл жерден кету керек те, казактарды көтеріліске ұйымдастыру керек. Мұндағыларға қосымша күш келгенше, көтеріліс бүкіл округті тегісінен қамтып та үлгіреді. Бар үміт тек осында ғана. Тек осында ғана! — деді.

Ұзақ уақыт үндемей отырғаннан кейін, Фомин:

— Олай болса, осы қортындыға тоқтауға тура келеді. Взвод бастықтары! Құрал-жабдықтарыңды қазірден бастап түгендендер, кімнің қолында қанша патроны барын санаңдар. Қатал бұйрығым мынау: бір патронды да бекерге жұмсамайсыңдар. Бұйрығымды екі еткен адамның алдымен өзім басын кесем. Жауынгерлерге осылай дендер. — Бір сәт үндемей отырды да, дәу жұдырығымен столды ашулана қойып қалды. — Қап, сайтан-ай, пулемет болғанда! Бәрі сенен, Чумаков! Ең болмағанда төртеуін қолға түсірсең ғой! Олар, әрине, бізді станицадан бірден қуып шығады... Кәне, тарандар! Егер айдап шықпаса, станицада түнейміз де, таң ата көтерілеміз, округті сүзіп өтеміз... — деді.

Түн тыныш өтті. Вешенскаяның бір шетінде бүліншілік көтерген эскадрондықтар болды да, екінші шетінде — қарауыл ротасы мен оған қосылған коммунистер және комсомолецтер тұрды. Қарсы екі жақтың арасын екі-ақ көше бөліп тұрды, бірақ түнде шабуыл жасауға ешқайсысының да батылы бармады.

Ертемен бүлікшіл эскадрон станицаны ұрыссыз-ақ тастап, оңтүстік-шығысқа қарай бет алып жүріп кетті.

## 11

Үйден кеткеннен кейін Григорий алғашқы үш жұма бойы Еланская станицасының Жоғарғы Кривской хуторындағы өзінің таныс-полктасының үйінде тұрды. Сонан соң Горбатовский хуторына кетіп қалды, онда Аксињяның туысқанының үйінде бір айдан артығырақ тұрды.

Ол күні бойы төргі бөлмеде жатып, тысқа тек түнде ғана шығатын. Мұның бәрі абақты сыяқты болды. Григорий іссіздіктен жалықты, сағынғаннан сарғая зерікті. Көңлі үйін — балаларын, Аксињяны тоқтаусыз аңсай берді. Көз шырымын ала алмай, ұйқы қашқан түндерде ол жиі-жиі орнынан тұрып, Татарскийге қайтуға мығым бел байлап, шинеліп киіп алатын, — бірақ біраз ойлан-

ғаннан кейін қайтадан шешініп, үһлеп, етпетінен кереуетке құлай кететін. Ақыры бұлай өмір сүруге мүмкін болмайтын болды. Қожайын Аксињьяның немере ағасы болатын, ол Григорийге жаны ашып та жүрді, бірақ үйінде бұл сыяқты тұрғынды үнемі тұрғыза беруге шамасы келмеді. Бір күні кешкі тамақтан кейін Григорий өз бөлмесіне кіріп бара жатқанда үй иелерінің әңгімелерін естіп қалды. Жек көргендіктен, шырылдаған дауыспен қожайынның әйелі:

— Қашан ғана бітпекші бұл? — деп сұрады.

— Не нәрсе? Не жөнінде айтып отырсың өзін? — деп жауап қайырды қожайын күрілдеп.

— Қашан құтыласың сен мына арамтамақтан?

— Өшір үнінді!

— Өшірмеймін! Астық өзімізге де жететін емес, бітіп қалды, ал сен болсаң мына бір бүкір сайтанды тауып алып асырап отырсың, күнде тамақ беріп күтпексің. Мен сенен мұның бір шегі бар ма, жоқ па деп сұрап отырмын. Ал егер де Совет біліп қойса қайтесің? Басымызды алады, бала-шағамызды жетім қалдырады!

— Өшір үнінді, Авдотья!

— Өшірмеймін үнімді! Бала-шағамыз бар біздің. Қалған астығымыз да жыйырма пүттан артық емес, ал сен мына жатыпшіерді асырап отырсың! Кімің бұл өзі сенің? Тұған ағаң ба? Құдаң ба? Жұрағатың ба? Ол саған жақын жекжат та емес қой тіпті. Бұл саған тура — қоянның сорпасының сорпасындай, сен оны күйттеп, ішкізіп, жегізіп отырсың. О, қасқа бас сайтан! Жап аузыңды, арсылдамай, әйтпесе ертең Советке өзім-ақ барып, үйінде қандай гүл шешек атып тұрғанын мәлім ете қоярмын!

Келесі күні қожайын Григорийдің бөлмесіне кіріп, алашаға қарап тұрып:

— Григорий Пантелевич! Қалай десең де өзін білесің, ал мұнан былай саған менің үйімде тұруға болмайды... Мен сені құрметтеймін, мархұм әкенді де білуші едім және оны құрметтеуші де едім, бірақ қазір сенің тамағыңды асырау маған ауыр тиіп тұр... Және оның үстіне, өкімет сені біліп қоя ма деп те зәрем жоқ. Қайда қаласаң, сонда бар. Мен үйішім бар адаммын. Сен үшін сау басымды саудаға салғым келмейді. Кешір, Христос үшін, бірақ сен бізді құтқара көр... — деді.

— Жарайды, жақсы, — деді Григорий қысқасынан. —

Тұз-дәмін үшін, паналатқаның үшін рақмет. Бәрі үшін де рақмет. Саған ауыр тигенімді мен өзім де көріп тұрмын, бірақ мен енді қайда тығылмақшымын? Кіретін тесігім қалмады.

— Қалаған жағына кет.

— Жақсы. Бүгін кетем. Артамон Васильевич, барлық құрметің үшін саған көп рақмет.

— Алғыс айтарлық ешнәрсе де жоқ.

— Мен сенің жақсылығыңды ұмытпаймын. Мүмкін, мен де қашан болса да сенің бір кәдене асармын.

Көңлі елжіреп кеткен қожайын Григорийді иығынан қағып қойды.

— Сол да сөз болып па! Маған қалса, сен енді екі ай тұрсаң да болар еді, бірақ қатыны құрғыр рұқсат етпейді, күнде ұрсысады, қарғыс атқан! Мен казакпын, Григорий Пантелевич, сен де казаксың, біздің екеуміз де совет өкіметіне қарсымыз, мен саған жәрдем көрсетейін: бүгін сен Ягодный хуторына жүріп кет, онда менің құдам бар, ол сені қабылдайды. Менің сөзім етіп айтарсың оған: Артамон сені қабыл етсін, күші келгенше асырасың, бақсың деп айтты де. Мен онымен соңынан өзім есептесермін. Ал сен тек бүгіннен қалмай кете көр менің үйімнен. Ендігі жерде маған сені ұстап тұруға болмайды, мұнда бір жағынан қатын мазаны алып барады және тағы Совет біліп қала ма деп қауіптенемін... Біраз тұрдың ғой, Григорий Пантелевич, сол жетер... Маған да өз басым қымбат... — деді.

Түнделетіп Григорий хутордан шықты, адырдың басында тұрған жел диірменге жетіп үлгірмей-ақ, бейнебір жердің астынан шыға келгендей, үш салтатты оны тоқтатып, жолын бөгеді.

— Тоқта, иттің баласы! Сен кімсің?

Григорийдің жүрегі зырқ ете түсті. Ол үнсіз тоқтап қалды. Қашу ақылсыздық іс болар еді. Жол жанында не жар, не бұта жоқ-ты: жалаңаш, құр дала. Григорий аяғын екі аттап та үлгірмес еді.

— Коммуниссің бе? Жүр кері, анаңның қабірін! Жә, бол шапшаң!

Екіншісі Григорийді бастырмалата, атпен омыраулатып келіп, бұйрық берді:

— Көтер қолыңды! Ал қолыңды қалтаңнан! Шығар, әйтпесе басыңды қылышпен шауып түсірермін!

Григорий үндеместен қолын шинелінің қалтасынан



суырып алды да, не болғанын анықтап жете түсіне алмай және оны тоқтатқан адамдардың кім екенін білмей:

— Қай жаққа жүрейін? — деп сұрады.

— Хуторға. Бұрыл кері қарай.

Хуторға дейін оны жалғыз-ақ салтатты алып жүрді, қалған екеуі өрісте бөлініп шығып, жолға қарай шапқылап кетті. Григорий үнсіз жүріп келеді. Жолға түскеннен кейін ол аяқ басысын шабандатып:

— Ағай, бері қара, сіздер кімсіздер өзі? — деп сұрады.

— Бас аяғыңды, бас! Қысқарт әңгімені! Қолдарыңды артыңа ұста, есіттің бе?!

Григорий үндеместен, бұйрыққа бойсұнды. Сәлден кейін ол тағы да:

— Жоқ, дегенмен, сіздер кімсіздер өзі? — деп сұрады.

— Православиеліктер.

— Мен өзім де ескі дәстүршіл емеспін.

— Ендеше, қуана бер.

— Сен мені қайда апара жатырсың?

— Командирге. Бас аяғыңды, оңбаған неме, әйтпесе мен сені...

Қарауылшы Григорийді қылыштың ұшымен ақырындап нұқып қойды. Жетілдіре қайраған болаттың суық жүзі сенсең бөрік пен шинельдің жағасының екі арасынан Григорийдің мойнын сүйкей жанап өтті, оның жүрегінде, жарқ ете түскен ұшқындай, қорқыныш сезімі лып ете қалды да, дереу дәрменсіз кейіске айналып кетті. Жағасын көтеріп алып, қарауылшыға болар-болмас мойнын бұрды да, тістене сөйлеп:

— Жынданба, әй, есіттің бе? Әйтпесе мен сенің ана қолыңдағы затыңды тартып алып жүрмейін... — деді.

— Бас аяғыңды, сұмырай, қысқарт әңгімені! Мен саған тартып алғанды көрсетермін! Артқа ұста қолыңды!

Григорий үнсіз бір-екі адымдады да, сонан соң:

— Мен онсыз да үндемей келем, балағаттаспа. Дандайсуын шірік неменің... — деді.

— Қарама жан-жағыңа!

— Мен онсыз да жан-жағыма қарағаным жоқ.

— Үніңді өшір де, тездет адымыңды!

— Мүмкін, жүгіру керек шығар? — деп сұрады Григорий, кірпігіне жабысқан қар ұшқынын қаға түсіп.

Қарауылшы үндемей, атын тебіне түсті. Тер мен түн-

гі ылғалдан су-су болған аттың омырауы алқымдай ұмтылып Григорийдің арқасын қағып кетті, ат тұяғы оның аяғымен қатарласа іріген қарды шалпылдата ойды.

— Ақырын! — деп айқайлап жіберді Григорий, аттың жалына алақанымен тірене түсіп.

Қарауылшы қылышын басының деңіне дейін көтеріп, ақырын дауыспен:

— Қаншықтың баласы, сен аяғыңды бас та, үніңді өшір, әйтпесе мен сені апаратын жерге жеткізбеймін. Бұған менің қолым жүйрік. Жап аузыңды, енді қайтып шығарма дыбысыңды! — деді.

Олар хутордың тап өзіне дейін ауыздарын ашпады. Нақ шеткі үйдің жанына келгенде қарауылшы атының басын тежеп:

— Кір мына қақпаға, — деді.

Григорий аңқылып ашылып жатқан қақпаға кірді. Қораның төрінде төбесін қаңылтырмен жапқан үлкен үй көрінді. Сарай жаппасының астында пысқырған және шөпті қарш-қарш шайнаған аттардың дыбысы естілді. Баспалдақ жанында қарулы алты адам тұр еді. Қарауылшы қылышын қынабына салды да, аттан түсіп жатып:

— Кір үйге, босаға бойымен тура тарта бер, сол жақтағы бірінші есік. Бар, қарама жан-жағыңа, қанша рет айту керек саған, көмейіңді, бауырыңды, көкталағыңмен қоса-қабат!.. — деді.

Ақырындап басып баспалдақтың сатыларымен Григорий жоғары көтерілді. Атты әскерлік ұзын шинель киіп, таяныш түбінде тұрған адам:

— Ұстап алдыңдар ма? — деп сұрады.

— Ұстап алдық, — деп ықлассыздау жауап берді Григорийге таныс қарауылшының қарлыққан даусы. — Желдиірменнің жанында ұстадық.

— Ячейканың хатшысы ма болмаса басқа біреу ме?

— Хрен біле ме кім екенін. Бір нәлет әйтеуір, кім екенін қазір білеміз.

«Бұл жә банды да, жә болмаса жорыя айлакерлік істеп жүрген Вешенскаяның чекистері. Қолға түстім! Ақмақ боп түстім!» деп ойлады Григорий, мыйға жүгіртіп бір ой түйініне келу үшін сенекте әдейі кешеуілдеп.

Есікті ашып қалғандағы оның бірінші көрген адамы Фомин болды. Ол Григорийге таныс емес көптеген әскери киім киінген адамдардың қоршауында, стол жа-

нында отыр еді. Кереует үстіне шинельдер мен шолақ тондарды топтап тастай салыпты, сәкінің үстінде қатарынан тізіліп карабиндер тұр; тап сол жерде және сәкі үстінде қылыштар, патронташтар, оқшантайлар мен ер қоржындар бір төбе боп үйіліп жатыр. Адамдардан, шинельдерден және құрал-жабдықтардан аттың бұрқыраған ащы тер исі аңқыды.

Григорий сеңсең бөркін алып, ақырын дауыспен:

— Амансыздар ма? — деді.

— Мелехов! Ақыйқатында дала кең, жол тар деген осы! Тағы да көрісуге тура келгені-ау? Қайдан шықтың сен өзің? Шешін, отыр.— Фомин стол жанынан түрегіліп, қолын созып Григорийдің қасына келді.— Сен бұл жерде неғып қаңғып жүрсің?

— Жұмыспен келдім.

— Қандай жұмыспен? Тым шеткерірек шығып кетіпсің...— Фомин Григорийді сынап қадала қарады.— Шынды айт — бұл жерде бой тасалап, қашып жүрсің ғой, тегі?

— Бар шындық — міне осы,— деп жауап берді Григорий еріксіз күлімсіреп.

— Біздің жігіттер сені қай жерде ұстап алды?

— Хутор жанында.

— Қайда бара жатыр едің?

— Бастың ауған жағына...

Фомин тағы да Григорийдің көзіне назарын сала бір қарап алды да, жымыйып езу тартты.

— Сен менің байқауымша, ұстап алып мені Вешенскаяға алып барар деп ойлайсың ғой? Жоқ, туысқан, олай қарай бізге жол жабық... Жасыма! Совет өкіметіне қызмет етуден біз тоқталғанбыз. Біз онымен жараса алмадық...

— Талақ қағаз алдық,— деді жуан дауыспен, пеш жанында шылым тартып отырған казак.

Стол жанында отырғандардың бірі сақ-сақ күліп жіберді.

— Мен туралы сен ештеме естімеп пе едің? — деп сұрады Фомин.

— Жоқ.

— Кәне, стол жанына отыр, әңгімелесеміз. Қонаққа си мен ет әкеліңдер!

Григорий Фоминнің бір сөзіне де сенген жоқ. Түсі құп-қу болып, ол салмақты түрде шешінді де, стол жа-

нына отырды. Оның шылым тартқысы келді, бірақ екі тәуліктен бері темекісі жоқ екені ойына түсті.

— Тартатын ештеме жоқ па? — деп үн қатты ол Фоминге.

Фомин қызмет еткішсініп былғары портсигарын ұсынды. Григорийдің папирос ұстаған саусақтырының дір-дір еткенін көзі шалып қалды да, Фомин тағы да бұйраланған жирен мұртының астынан жымыйып қойды.

— Біз совет өкіметіне қарсы бас көтердік. Біз — халықты жақтаймыз, азық-түлік разверсткасы мен комиссарларға қарсымыз. Бізді олар ұзақ уақыт жынды етіп, басымызды қатырып келді, енді олардың басын мына біз қатырмақшымыз. Мелехов, бұл саған түсінікті ме?

Григорий тіл қатпады. Ол шылым тұтатты да, қатарынан бірнеше рет темекіні тездете сорып-сорып жіберді. Оның аздап басы айналып кетті де, жүрегі көтеріліп алқымына тығылды. Соңғы айдың ішінде оның тамағы нашар болған еді, осы кезде әлі кетіп тыйғықтап қалғанын ол жаңа ғана сезді. Шылымын сөндіріп қойып, ол қомағайлана тамақ жеуге кірісті. Лепіре сөйлеп, қаңғырған күндеріне «Рейді» деген атак тағып, Фомин көтерілісті және округті кезген алғашқы күндерін қысқаша әңгімелеп берді. Григорий оның сөзін үндеместен тыңдады да, мүлде шайнамастан, нан мен қойдың шала піскен семіз етін түйдегімен жұта берді.

— Алайда, өзің қонақта жүріп жүдеп қалған екенсің, — деп Фомин бейілдене күліп қойды.

— Қайыненемнің қолында тұрған жоқпын ғой, — деп күңк етті Григорий.

— Солай екені көрініп-ақ тұр. Мықтап іш, тойғаныңша, баса-баса жеп ал. Біз сараң қожайын емеспіз.

— Рақмет. Енді бір шылым тартып алса болар еді... — Григорий ұсынған папиросты алды, сәкінің үстінде тұрған шойынның қасына келді де, ағаш қақпағын ысырып жіберіп, кружкасын батырып су алды. Су мұздай және аздап сортаң дәмі бар еді. Тамаққа мықтап тойып, есеңгіреп қалған Григорий, үлкен екі кружка суды бірден көтере салды, сонан кейін рақаттана шылымын тарта бастады.

— Казактар бізді аса қошеметтейді, — деп Фомин әңгімесін жалғай түсті, Григорийдің қасына отырып жатып. — Өткен жылғы көтеріліс тұсында оларды үркітіп таста-

ды ғой... Алайда, өз еркімен келушілер бар. Қырық кісі кірді. Бірақ бізге керегі бұл емес. Бізге керегі округті толайым көтеру және іргелес Хоперский, Усть-Медведицкий сыяқты округтер бізді қолдауы шарт. Міне біз сонда совет өкіметімен мәселені шындап талқылаймыз!

Дастарқан үстінде дабырлы әңгіме қозғалды. Фоминнің сөзін тындап отырып Григорий көзінің астымен оның серіктеріне қарап қойды. Біреуі де таныс емес! Ол Фоминге әлі де сенбеді, қулық жасап отырған шығар деп ойлады да, сақтық істеп, сөзге араласпады. Бірақ үнемі сөйлемей отыруға да болмады.

— Жолдас Фомин, егер де мұны сен шыныңмен айтып отырған болсаң — сондағы сендердің ойларың не? Жаңадан соғыс ашу ма? — деп сұрады ол, еңсесін басып кеткен ұйқыдан серпіле түсуге тырысып.

— Бұл жөнде саған мен айттым ғой.

— Өкіметті ауыстырмақшысыңдар ма?

— Иә.

— Қандай өкімет орнатасыңдар?

— Қазактар өкіметін.

— Атамандарды ма?

— Жоқ, атамандар туралы әңгімені аздап кідірте тұрармыз. Халық қандай өкіметті қаласа, соны орнатамыз. Бірақ бұл жақын арада бола қоятын жұмыс емес, және мен өзім саясат жөнінде кесіп-пішпеймін. Мен әскери адаммын, менің жұмысым — комиссарлар мен коммунистерді құрту, ал өкімет құру мәселесін саған менің штабымның начальнигі Капарин айтып береді. Ол менің осы жөндегі бір мыйлы адамым. Басты кісі, білімді.— Фомин Григорийге еңкейіп, сыбырлай түсті:— Патша әскерінің бұрынғы штабс-капитаны. Ақылды жігіт! Ол қазір төр бөлмеде ұйқтап жатыр, сырқаттау аздап, үйренбегендіктен болуы керек: үлкен-үлкен асулар асып жүрміз ғой.

Сенекте шу, аяқтың дүбірі, ыңқыл, қысылған арпалыс, «Шығар жанын!» деп тұншыға шыққан айқай естілді. Стол жанындағы әңгіме дереу тыйыла қалды. Фомин құлағын тіге, есікке қарады. Біреу есікті жұлқып ашып жіберді. Будақтаған аппақ бу төменнен бөлме ішіне лап қойды. Бөріксіз, үстінде сұр түсті сырма фуфайкасы бар, сұр байпақ киген ұзын бойлы адам арқасына тарсылдата ұрған соққыдан еңкейе, сүрініп-қабынып екпінмен ілгері қарай бірнеше адым аттап қалды да, иығы-

мен пештің қырына қатты соғылды. Есікті жаппас бұрын сенектен біреу көңілді дауыспен:

— Тағы біреуін алыңыз! — деп айқайлады.

Фомин түрегелді, гимнастеркасының сыртынан буынған белбеуін жөндеді.

— Сен кімсің? — деді ол өктем түрде.

Үстіне сырма фуфайка киген кісі булығып, қолымен шашын сыйпады, жаурынын қыймылдата түсті де, ауырсынып, бетін тыржыйтты. Оның бел омыртқасына ауыр бір нәрсемен — мылтықтың құндағымен ұрса керек.

— Неге үндемейсің? Тілің байланып қалды ма? Кімсің деп сұрап тұрмын ғой.

— Қызыләскермін.

— Қай бөлімнен?

— Он екінші азық-түлік полкынан.

— Ә, бұл бір — олжа! — деді күлімсіреп стол жанында отырғандардың біреуі.

Фомин жауап алуды соза түсті.

— Сен бұл жерде не істедің?

— Бөгеуші жасақ едік... Бізді осында жіберіп еді...

— Түсінікті. Бұл хутор ішінде сендер неше адам едіңдер?

— Он төрт кісі.

— Қалғандарың қайда?

Қызыләскер үндемей қалды да, зорға деп жұмған аузын ашты. Оның көмейінде бір нәрсе бұрқылдағандай болды, аузының сол жақ езуінен иегіне қарай жіңішке қара қан сорғалап қоя берді. Ол қолымен ернін сүртіп, алақанына қарады да, оны шалбарына үйкеді.

— Мына сіздің... нәлет... — ол қан жұтып, бүлкілдеген дауыспен сөйлей жөнелді, — өкпемді езіп жіберді...

— Жасыма! Емдеп жазып аламыз! — деді келеке етіп стол жанынан тұра берген казак, басқаларға көзін қысып.

— Қалғандарың қайда? — деп сұрады Фомин екінші рет.

— Лаумен бірге Еланскаяға кетті.

— Өзің қайдансың? Туып-өскен жерің қай жақ?

Қызыләскер жауандаған көзбен Фоминге бір қарап алды да, аяғының астына ұйыған қан түкіріп, үні ашық жуан дауыспен:

— Псков губерниясынан, — деп жауап берді.

— Псковский, Московский... естігенбіз ондайларды...

— деді Фомин кекетіп. — Кісі астығына бола өте алыс

шығып кеткен екенсің, жігіт... Жә, әңгіме бітті! Не істеу керек саған, а?

— Мені босатып жіберуіңіз керек.

— Аңғал жігіт екенсің, өзің... Мүмкін, мынаны шынында да босатып жіберсек пе екен, жігіттер? Сендер қалай дейсіңдер? — деп Фомин, мыйығынан күліп, бұрылып стол басындағыларға қарады.

Бұл уақығаның бәрін қадағалап байқап отырған Григорий жел қағып, қоңыр тартқан беттердің іштей түсініп, тежей жымыйған шырайларын көріп қалды.

— Бізде екі ай қызмет етсін, сонан кейін үйіне, қатынына қайыармыз,— деді фоминдіктердің біреуі.

— Мүмкін, сен шынында да бізде қызмет етерсің?— деп сұрады Фомин, күлкісін жасырғалы текке әуре боп.

— Саған ат, ер-тоқым береміз, байпақ орнына — кең қонышты жаңа етік аласың... Командирлерің сендердің нашар жабдықтайтын көрінеді. Мынау да аяқкиім бе? Сыртта қар еріп жатыр, ал сенің байпақ киіп жүргенің мынау. Кір бізге, жарай ма?

— Ол мұжық, ол өмірі салт жүріп көрмеген,— деді казактардың бірі шолжындап, әдейі, даусын өзгертіп дуана бола қалып.

Қызыләскер үн қатпады. Ол, нұрлана түскен ашық көз қараспен жұртқа айнала қарап, арқасымен пешке сүйенді, ауырсынып оқтын-оқтын қабағын тыржыйтып, қыйналып, дем ала алмай қалған кезде аздап қана аузын ашып жіберіп тұрды.

— Қаласың ба бізде, әлде қалмайсың ба?— деп Фомин қайтадан сұрады.

— Сіз өздеріңіз кімсіздер?

— Біз бе? — Фомин қасын керіп, алақанымен мұртын сыйпап қойды.— Біз еңбекші халықты жақтаушы күрескерлерміз. Біз комиссарлар мен коммунистерге қарсымыз, міне кімдерміз біз.

Сол сәтте қызыләскердің жүзінен Григорий кенет бір күлкі нышанын көріп қалды.

— Е, сіздер осындай адамдар екенсіздер ғой... Мен бұл қандай адамдар өзі деп ойланып, біле алмай тұр едім? — Қанға боялған тістерін көрсете тұтқын езу тарта түсті де, бейнебір естіген жаңалығына сүйсіне таңқалғандай боп, сөйлей бастады, бірақ оның даусында жұрттың құлағын тіктіргендей бір дыбыс пайда болды. — Өздеріңізше, сіздер, ендеше, халықты жақтаушы кү-

рескерлер екенсіздер ғой? Со-л-ай. Ал, біздіңше, тура бан-  
дитсіңдер. Сонда мен сендерге қызмет етпекпін ғой, а?  
Ой, шіркін-ай, өздеріңіз де барып тұрған қуақы жандар  
екенсіздер!

— Сен де ақжарқын жігіт көрінесің, көріп тұрмын...  
— Фомин сықсыя түсті де, қысқасынан: — Коммуниссін  
бе? — деп сұрады.

— Жоқ, о не дегеніңіз! Партияда жоқпын.

— Ондайға ұқсамайсың ғой.

— Серт етем, партияда жоқпын.

Фомин жөтеліп тамағын кенеп алды да, стол жаққа  
бұрылып.

— Чумаков! Шетінетіп жібер мынаны,— деді.

— Мені өлтірудің керегі жоқ. Жазығым жоқ,— деді  
қызыләскер ақырын ғана.

Оған жауап берген ешкім болмады. Ағылшынның был-  
ғары жеңсіз камзолын киген, дембелше келген Чумаков  
дейтін әдемі казак стол жанынан ықласыз тұрып, онсыз  
да кейін қайыра жылмыйта тараған ақсары шашын сый-  
пап қойды.

— Осы қызмет мені әбден тойдырды,— деді ол шый-  
рақ түрде, сәкінің үстінде бір төбе боп үйіліп жатқан  
қылыштардың арасынан өз қылышын суырып алып, бар-  
мағымен басып оның жүзін байқап тұрып.

— Өзің істемесең де болады. Тыстағы жігіттерге айт-  
сайшы,— деп кеңес берді Фомин.

Чумаков суық жүзбен қызыләскерді бастан-аяқ қарап  
алды да:

— Жүр ілгері, шырақ,— деді.

Қызыләскер пештен кілт шегініп кетті, еңсесі салы-  
нып бүкірейе түсті, су өткен байпағымен еденге дымқыл  
із салып, ақырындап қана есікке қарай жүре берді.

— Осында келгенде тым болмаса аяғыңды сүртсең  
етті. Келіп алып еденді былғай кеттің... Інішек, өзің қан-  
дай ұқыпсыз неме едің!— деді Чумаков жорыя наразы  
болғансып, тұтқынның соңынан еріп бара жатып.

— Шолақ көшеге, болмаса қырманға алып шықсын  
де. Үй жанында істеуге жарамайды, өйткені қожайындар  
ренжиді! — деп айқайлады оларға Фомин ізінше.

Ол Григорийдің қасына келді, жанына отырды да:

— Сотымыз қысқа ма біздің? — деп сұрады.

— Қысқа,— деп жауап берді Григорий, Фоминнің кө-  
зіне тура қарамауға тырысып.



Фомин күрсініп қойды.

— Басқа амал жоқ. Осылай ету керек. — Ол басқа тағы да бірдеме айтқысы келіп еді, бірақ баспалдақ үстінде қатты дүрсіл шықты, біреу айқайлап жіберді де, дара мылтық даусы гүрс ете қалды.

— Немене, әлгілерді сайтан шекелеп жатыр ма? — деді Фомин ызаланып.

Стол жанында отырғандардың бірі ұшып түрегелді де, аяғымен есікті теуіп, ашып жіберді.

— Не боп қалды онда? — деп айқайлады ол қараңғыға қарап.

Чумаков кірді, ол қыза сөйлеп:

— Сондай пысық неме екен! Әлгі сайтан! Жоғарғы басқыштан тұра кеп қашқаны. Оқ шығаруға тура келді. Жігіттер оның ісін бітіріп жатыр... — деді.

— Ауладан шолақ көшеге сүйреп шығарып тастасын, деші.

— Өзім де айттым солай етіңдер деп, Яков Ефимович.

Бір минуттай үйде тыныштық орнай қалды. Сонсоң біреу есінеуін тоқтатып:

— Чумаков, ауа райы қалай? Жадырайтын түрі жоқ па? — деп сұрады.

— Қара бұлт.

— Жаңбыр жауып өтсе — ақтық қарды жуып кетер еді.

— Оның саған керегі не?

— Оның маған керегі жоқ. Сазды шалпылдатып кешуге зауқым шамалы.

Григорий кереуетке келіп сенсең бөркін алды.

— Сен қайда барасың? — деп сұрады Фомин.

— Дәретке шығам.

Григорий баспалдаққа шықты. Бұлт арасынан қылт еткен ай көмескі нұрын төгіп тұр. Кең аулаға, сарайлардың төбелеріне, көкке өрмелеген ақтеректердің жалаңаш бастарына, кертте жанындағы жабулы аттарға — осының бәріне жарым түннің көгілдір тартқан елес сәулесі түсіп тұр еді. Баспалдақтан бірнеше сажень жерде көмескілеу жалтыраған қар суының қағына басын тығып, өлі қызыләскер жатыр. Ақырын ғана сөйлеп, оның үстіне үш казак еңкейе түскен. Олар өлік жанында бірдеме істеп жатты.

— Әлі демі бар, құдай ақы! — деді біреуі ызаланып.

— Сен қодас қол сайтан, жанын әбден шығарғаның

осы ма? Айттым ғой саған, басын шап деп! Ой, татымсыз, оңбаған шала неме!

Оған Григорийді айдап келген кәдімгі қырылдақ қазақ жауап қатты:

— Бітеді шаруасы! Біраз селкілдейді де бітеді!.. Көтер басын! Шеше алатын емеспін. Міне былай етіп шашынан ұстап көтер. Ал, енді ұста.

Су шалп ете қалды. Өліктің үстіне төніп тұрғандардың бірі бойын жазды. Өліктің үстіндегі сырма фуфайканы сыпырып жатып, қырылдақ жүресінен отырып алып ыңқ-ыңқ етті. Сәлден кейін ол:

— Менің қолым жеңіл, оның әлі де жаны шықпай жатқаны сондықтан. Үйде жүргенде қабан сойсам... Демесейші, жіберме! Ой, сайтан!.. Иә, үйде жүргенде қабан сойсам, нағыз жанды жеріне шейін жеткізе бауыздаулығынан шалып кеп жіберетінмін, ал қарғыс атқан қабан, тұрып кетіп, ауланың ішін кезе жөнелетін. Тіпті ұзақ кезетін! Үсті-басы даладай қан, бірақ сонда да жан таласып, қырылдап, жүре беретін. Дем алуға шамасы келмесе де ол көпке дейін өлмейтін. Демек, бұл менің қолымның жеңілдігінен. Кәне, таста енді оны... Әлі демі бар ма? Міне қызық. Мен оның мойнын сүйегіне жеткізе шауып жіберіп едім ғой...— деді.

Үшіншісі қызыләскердің үстінен сыпырып алған фуфайканы қолымен құлаштай кере түсті де:

— Сол жақ өңірін қандап алыппыз... Қолға жабысып жатыр, тьфу, адыра қалғыр! — деді.

— Уқаланып кетеді. Бұл май емес,— деді қырылдақ, байсалды түрде, өзі қайтадан жүресінен отырды.— Уқаланып кетеді жә болмаса жуып кетіруге болады. Оқасы жоқ.

— Сен немеңе, шалбарын да шешіп алғың келіп тұр ма? — деп сұрады біріншісі риза болмай.

— Егер де сен асығып тұрсаң, аттарға жүре бер, сенсіз де біз мұны бір жайлы етерміз. Мүлікті босқа қорқылуға болмайды,— деді қырылдақ қату түрде.

Григорий кілт бұрылды да, үйге кетті.

Фомин оны сыр тарта қарап, қарсылады да, орнынан тұрды.

— Төргі бөлмеге барып әңгімелесейік, әйтпесе мына жерде шулап маза бермейді,— деді.

Отты мықтап жаққан, іші кең, ыстық бөлмеден кендір ұрығының исі аңқып кетті. Кереует үстінде ұзыннан

түсіп, сұр френч киіген кішірек денелі бір адам ұйқтап жатыр. Оның үрші-түрші болған сирек шашын құстың мамығы мен ұсақ қауырсындары жауып кетіпті. Ол кіркір сыңар тысты жастыққа екі бетін жымқыра басып алыпты. Көшпен бері қырынбаған сұп-сұр бетіне аспалы шамның жарығы түсіп тұр.

Фомин оны оятты да:

— Түрегел, Капарин. Қонақ келді. Өзіміздің адам — Мелехов Григорий, есіңе салып қояйын, бұрынғы жүзбасы, — деді.

Кереуеттен екі аяғын салбыратып, қолымен белін уқалады да Капарин орнынан тұрды. Сәл ғана басын иіп ол Григорийдің қолын қысты.

— Өте жақсы. Штабс-капитан Капарин — мен болам.

Фомин Григорийге жарқын жүзбен орындықты ысырып қойды да, өзі сандықтың үстіне отырды. Қызыләскерді жазалаудың ауыр әсер еткенін Григорийдің жүзінен сезіп қалған болу керек, сондықтан Фомин оған:

— Сен бізді жұрттың бәріне осылай қатал қарайды екен деп жүрме. Бұл мәжнүн азық-түлік отрядшыларынан келген. Бұларға және түрлі комиссарларға ешбір рақым жасамаймыз, ал басқаларына кешірім береміз. Мысалы, кеше үш милиционерді қолға түсірдік, аттарын, ер-тоқымдарын және қару-жарақтарын тартып алдық та, өздерін қоя бердік. Неге қажет еді — ол сайтандарды өлтіріп, — деді.

Григорий тіл қатпады. Екі қолын тізесіне қойып, ол өз жайын ойлады, Фоминнің даусын бейне түсінде естігендей болды.

— ...Әзірге, міне, осылай жауласып жүрміз, — деп ұластыра берді Фомин әңгімесін. — Қалай болғанда да казактарды көтеріліске шығарармыз деп ойлаймыз. Совет өкіметіне өмір жоқ. Сырт хабарға қарағанда, бар жерде соғыс жүріп жатқан көрінеді. Айнала көтеріліс шыққан көрінеді: Сібірде, Украинада, тіпті Петроградтың өзінде де. Әлгі қамалдың аты немене еді, сондағы бүкіл флот көтерілген көрінеді ғой...

— Кронштадт, — деп айтып жіберді Капарин.

Григорий басын жоғары көтерді, бос, мағнасыз көздерін Фоминге тікті де, Капаринге бұрды.

— Мә, шылым тарт, — Фомин портсигарын ұсынды. — Сонымен Петроградты алып, енді Москваға жақындап келеді. Бар жерде осындай көтеріліс жүріп жатыр. Біз-

ге де қолды қусырып отыруға болмайды. Казактарды ду көтереміз де, совет өкіметін сілкіп тастаймыз, ал, егер де анау кадеттер көмектессе, онда біздің істің мүлде оңға айналғаны. Олардың білімпаздары өкіметті мейлі құра берсін, біз оларға жәрдемдесейік.— Ол сәл үндемей қалды да, сонсоң: — Мелехов, сен қалай ойлайсың: егер де кадеттер Қара теңіз жағынан қысып келсе, сосын біз оларға қосылып кетсек,— сонда біздің тылда бірінші болып көтеріліс жасағанымыз есепке алынар ма екен? Капарин, сөз жоқ, есепке алынады дейді. Шынымен-ақ осы, мысалға алсақ, менің он сегізінші жылғы жыйырма сегізінші полкты майданнан алып кеткенімді және совет өкіметіне шамалы бір-екі-ақ жыл қызмет еткенімді бетке басар ма екен? — деп сұрады.

«Е, осы екен ғой сенің көздегенің! Ақмақ та бірақ айлакер...» деді ішінен Григорий, еріксіз жымыйып. Фомин жауап күтті. Бұл мәселе оған ойыншық көрінбесе керек. Григорий ықлассыз түрде:

— Бұл ұзақ мәселе,— деді.

— Әрине, әрине,— деп Фомин шын ниетімен қостай түсті. Мен мұны реті келіп қалған соң айттым. Мұнан былай белгілі болады ғой, ал енді бізге мықтап қыймылдау керек, тылда коммунистердің талқанын шығару қажет. Біз оларға бәрібір күн көрсетпейміз! Олар жаяу әскершесін көлікке мінгізіп, біздің соңымыздан қуғын салып жібермекші.. Мейлі сөйтіп көрсін... Оларға көмекке атты әскер жібергенше біз бүкіл округтің астын үстіне шығарармыз!

Григорий қайтадан аяғының астына қарады, ойға шомды.

Капарин ғафу өтінді де, кереуетке қыйсая түсті.

— Мықтап шаршаймын. Құтырған адамдарша, асулардан үдере асып жүрміз, аз ұйқтаймыз,— деді ол болбырлау күлімсіреп.

— Бізге де тынығатын уақыт жетті.— Фомин түрегелді, зілдей қолын Григорийдің иығына салды.— Мелехов, сен жігітсің, Вешкидегі менің сондағы айтқан ақылымды тыңдадың! Сонда сен бой тасаламаған болсаң — асығынды бүгінен түсіретін еді. Ендігі сен Вешенскаяның құмсақ қайраңында жатар едің де, тырнақтарыңа шейін шіріп кетер еді... Мұны мен кітап ашқандай білем. Ал, нендей тоқтамға келдің? Айтып жібер, кәне, сонсоң жатайық.

— Не жөнінде айт дейсің?

— Бізбен жүресің бе, қалай дейсің? Өмір бойы әркімнің үйіне тығылып жүре алмайсың ғой.

Григорий осы сұрақты күткен еді. Бір таңдауын алу керек болды: не бұдан былай да хутордан хуторға қаңғып, қожайын өкімет қолына ұстап бергенше аш-жалаңаш, үйсіз-күйсіз күн кешіріп жүріп, зарығып өлу, не болмаса айыбын мойнына алып, өз аяғымен барып саяси бюроға мәлім болуы, яки Фоминмен кетуі керек. Ол өз жолын таңдап та қойған-ды. Бүкіл осы кеште ол Фоминнің көзіне тұңғыш рет тура қарады, ернін қыйсайта күлімсіреп:

— Менің таңдауым, хұдды батырлар жөнінде айта-тын ертегідегі сыяқты: сол жақтағы жолға түссең—атыңнан айрыласың, оң жақтағымен кетсең — өлесің... Сөйтіп, үш жол бар да, ішінде бір оңғаны жоқ...— деді.

— Сен ертегіні қой да, таңда. Ертегіні сосын айтармыз.

— Тығылар жер қалмады, сондықтан таңдап та қойдым.

— Жә?

— Сенің бандыңа кіремін.

Фомин жаратпай тыржыйып қалды, мұртын тістеді.

— Сен мұндай атты таста. Неге бұл банды болады? Бізге мұндай атақты таққан коммунистер, ал саған бұлай деу дұрыс емес. Көтеріліс жасаушылар десең болғаны. Әрі қысқа, әрі түсінікті.

Наразылығы оның бір минуттық қана болды. Григорийдің жасаған тоқтамына ол көріне қуанып кетті — мұны өзі де жасыра алмады, қолдарын көңілдене уқалай түсіп, ол:

— Біздің полкымыз да молайып қалды! Штабс-капитан, сен естіп жатырсың ба? Мелехов, саған бір взвод береміз, ал егер де взводты басқарғың келмесе — штаб жанында Капаринмен бірге істейсің. Өз атымды беремін саған. Менің запас атым бар,— деді.

## 12

Таң ата аздап күн суыта түсті. Шалшықтардың бетін жұп-жұқа көкшіл мұз кілегей жапты. Қар қасаң да сыңғырлай сықырлағыш боп кетті. Түйіршіктенген қар тыңы-

ның үстінде ат тұяғы көмескі етіп, сусыған дөңгелек із салып кетеді де, ал қарын кешегі жылымық жеп кеткен жерде былтырғы өлі шөбі жапырылған жалаңаш топырақ ат тұяғы астында аздап қана жаншылып, майысқанда, тоңы күңгірт дүңк ете қалады.

Фомин отряды хутордың сыртына шығып, сап құрып, жорық колоннасын түзеді. Алға қарай шолғынға жіберілген алты салтатты жол үстіне шығып, көз ұшында бұлдырап тұрды.

— Менің әскерім міне осы! — деді Фомин күлімсіреп, Григорийдің қасына жақындап келіп.— Мына сыяқты жігіттермен сайтанның да мүйізін қағып алуға болады!

Колоннаға көз жіберіп қарап алды да, Григорий ішінен, мұңайып: «Әскеріңмен қоса-қабат менің буденныйлық эскадроныма тап келсең, жарты сағаттың ішінде біз сендерді жүндей түтіп жіберер едік» деп ойлады.

Фомин қамшысымен көрсетіп:

— Көрініске қалай өздері? — деп сұрады.

— Тұтқындарды қылышпен кескілеуге және өлгендердің киімін сыпырып алуға жаман емес көрінеді, бірақ бұларыңның ұрысқа қалай екенін білмеймін,— деп жауап қайырды Григорий салқын түрде.

Ат үстінде жауырынын желге бере бетін ыққа қарай бұрып, Фомин шылым тұтатты да:

— Бұлардың ұрысқа қалай екенін де көрерсің. Менің адамдарымның көбісі сарбаздар, бұлар намысты қолдан бермейді,— деді.

Әрқайсысына қос ат жегілген, патрон және азық-түлік тиеген алты арба колоннаның ортасында келе жатты. Фомин алға шауып кетті де, ілгері жүруге команда берді. Адырдың басында ол қайтадан Григорийдің қасына келіп:

— Жә, менің атым қалай екен? Көңілдегідей ме? — деп сұрады.

— Жақсы ат.

Екеуі үндеместен, ұзақ уақыт үзеңгі қағыстырып, қатар жүріп келе жатты, сонан соң Григорий:

— Татарскийде болам деген ойың жоқ па? — деп сұрады.

— Үйішінді сағындың ба?

— Амандық білсем бе деп едім.

— Мүмкін, соғып та кетерміз. Чирге бұрылып, казактарды түрткілеп, аздап қозғасам ба деп ойлаймын.

Бірақ казактар онша ықлас салып, «қозғала» қоймады... Григорийдің бұған кешікпей, тіпті бірнеше күннің ішінде-ақ көзі жетті. Хуторды, яки станицаны алғаннан кейін Фомин азаматтардың жыйылысын шақыртуға бұйрық беретін. Көбінесе оның өзі сөз сөйлейтін, кейде оның орнына Капарин сөйлейтін. Олар казактарды қару ұстап қарсы шығуға шақырды, «Совет өкіметінің егіншілерге артқан үлкен ауыртпалығы жөнінде», «Совет өкіметін құлатпаса, ақырғы ауыр күйзеліс келетіні сөзсіз екенін» айтты. Фомин Капариндей әрі сауатты, әрі жатық сөйлей алмайтын, бірақ ұзаққа сілтеп, казактарға түсінікті тілмен айтатын. Сөзін ол әрдайым біркелкі жаттап алған ұранмен аяқтап: «Біз бүгіннен бастап сіздерді азық-түлік разверсткасынан құтқарамыз. Бұдан былай астықты қабылдау пункттеріне тасымандар. Арамтамақ коммунистерді асыраудан тоқталатын уақыт жетті. Олар сіздердің нандарыңа семіріп болды, бірақ бұл жебірлік енді бітті. Сіздер ерікті адамсыздар! Қаруланымдар да, біздің өкіметті қолдаңдар! Казактар, ура!» — дейтін.

Казактар жерге қарайтын да, түнерген күйі үндемей қалатын, бірақ оның есесіне қатындар тілдерін емін-еркін безейтін. Қатындардың иін тірескен қатарынан зәрлі сұрақтар мен жекірген айқайлар жауып кететін.

— Сенің өкіметің жақсы-ақ, ал бізге сен өзің сабын әкелдің бе?

— Сенің ол өкіметің қай жерде өзі, қанжығаңа байлап жүрсің бе?

— Ал сендердің өздеріңнің жеп жүргендерің кімнің наны?

— Бәлки, қазір үй-үйге жүріп қайыр сұрайтын шығарсындар?

— Олардың қылыштары бар. Олар қылышпен тауықтың басын сұраусыз-ақ шаба бастайды.

— Астық тасыма — дегенің қалай? Сендер бүгін мұндасындар, ал ертең сендерді итпен іздесең де таппайсың, жауапты сонда біз береміз бе?

— Бермейміз сендерге күйеулерімізді! Өздерің-ақ соғыса беріндер!

Соғыс жылдарында барлық нәрседен тауы шағылып, жүрегі шайылып қалған, жаңа соғыстан құбыжықтай қорыққан, түңілген қайсарлықпен ерлеріне жанталаса жармасып отырған қатындар сұрапыл өршелене түсіп, тағы басқа да толып жатқан бірденелерді айқайлап жатты.

Фомин бұлардың парықсыз айқайларын немкетті түрде тындады. Мұның қандай құны барын ол жақсы білетін. Саябыр кезенді күтіп тұрып, ол казактарға қарап қана үн қататын. Содан кейін ғана казактар қысқаша түрде ақылға салып жауап қайтарысатын:

— Сен бізді, Фомин жолдас, қыспаққа салма, біз жеткілікті мөлшерде соғысқанбыз.

— Он тоғызыншы жылы көтеріліс жасап байқап көргенбіз!

— Көтеріліс жасайтын құралымыз да жоқ, көтеріліс жасаудың керегі де жоқ. Әзірге мұқтаж емеспіз.

— Соғысуға емес, егіске шығуға уақыт таянып келеді.

Бір күні артқы жақтан біреу былай деп айқай салды:

— Қазір тілің тәтті көрінеді! Он тоғызыншы жылы біз көтеріліс жасағанда, осы сен қайда болдың? Ақылың тым кеш кірген екен, Фомин?

Фоминнің түсі өзгеріп кеткенін Григорий көріп тұрды, бірақ Фомин сабырлылық етті де, жауап қайтармады.

Жыйылыстардағы казактардың қарсылықтарын, қолдаудан бастартқан олардың қысқа жауаптарын алғашқы жұманың ішінде Фомин өте сабырлы түрде тындай жүрді; тіпті қатындардың айқайы мен балағаты да оны күйгелектікке түсіре алмады. «Ештеңе емес, көндірерміз әлі бұларды!» деп жүрді ол өзіне мықтап сене, мыйығынан күліп. Бірақ та, казак елінің негізгі көпшілігінің өзіне теріс қарайтынына көзі жеткеннен кейін ол жыйналыста сөйлеушілерге көзқарасын бірден өзгертіп жіберді. Ол аттан түспей және үгіттеуден гөрі күш көрсетіп, қорқыта сөйлейтін болды. Сөйтсе де нәтижесі сол бұрынғы қалпынша қалды: арқа сүйеймін деген казактары оның сөзін үнсіз тындап, сол үнсіз күйінде тарала бастайтын.

Хуторлардың біреуінде Фоминнің сөзінен кейін бір казачка шығып жауап сөз сөйледі. Ұзын бойлы, еңгезердей, жалпақ сүйек жесір әйел еркектерше дерліктей жуан дауыспен гүрілдеп, қолдарын еркектерше қарыштай, сермей сөйледі. Әйелдің қорасан жеген бұжыр бетінде долданған өжеттілік зәрі шашырап, түрілген көнтек еріндері жек көре, жирене күлімсіреп, қыйсайып кетті. Томпақ қызыл-күрең қолымен ат үстінде жансыз тастай мелшиіп қалған Фоминге қарай нұқып қойып, зәрлі сөздерді бетіне түкіріп тұрғандай болды.



— Не бүлік сенің бұл шығарып жүргенің? Біздің казактарды қай жаққа итермелеп, қай жарға жықпақшысың? Көгермегір соғыстың қатындарды осы жесір еткені де аз болып па? Балаларды осыншама жетім еткені жетпеді ме? Біздің басымызға жаңадан бір бәле шақырғын келді ме? Рубежный хуторынан шыға келген бұл қай азатшыл-патша? Сен өз үйінде тәртіп орнатсаң етті, өз шаруаңның қыйрағанын түзеп болып, сонан кейін бізге келіп қалай өмір сүруді, қандай өкіметті қабылдап, қандайын қабылдамауды үйретсең етті! Әйтпесе сенің өз үйінде қатыныңның мойнынан қамыт түспей келеді, бұл анық, біз мұны білеміз! Ал, өзің мұртыңды күлтелеп қойып, атқа мініп ел аралап, халықты бұзып жүрсін. Шаруашылығыңды қарасайшы — жел сүйемелдемесе үйің әлдеқашан құлап қалар еді. Ұстаз болғың келді ме сенің де? Неге үндемей қалдың, шегірейген сүдінсіз неме, әлде мен теріс сөйлеп тұрмын ба?

Топ ішінде болмашы ғана майда күлкі сыбдыр ете қалды. Сокқан желдей сыбдыр ете қалды да, басыла қойды. Фомин ердің қасының үстінде жатқан сол қолымен ақырындап тізгінді жыя бастады, іркілген ашудан жүзі қарауытып кетті, бірақ ол үндемеді, кездесіп қалған бұл жағдайдан абройлы түрде шығып кету жолын ойша іздеді.

— Қолдандар деп жар салып жүрген осы сенің өкіметің қандай өкімет? — деп қайсарлана сөйлей берді делебесі қозып кеткен жесір әйел.

Әйел қос бүйірін таянып алды да, жап-жалпақ мыкынын бұлғаң-бұлғаң еткізіп, ақырындап Фоминге қарай жүрді. Күлімдеген көздерін төмен қаратып, күлкісін көрсетпей, алдында тұрған казактар екіге жарылып жол ашты. Олар бейнебір би билеу үшін алқа-қотан жер ашқандай, ысырылып жол беріп, бірін бірі итермелей түсті.

— Сенің өкіметің өзіңсіз ешбір жерге тұрақтамайды, — деді жесір әйел жұп-жуан дауыспен. — Ол сенің соңында сүйретіліп жүр, бір жерде бір сағаттан артық өмір сүре алмайды! «Бүгін ат ойнатқан Пахом, ертең батпаққа батқан Пахом» деген нағыз мына сенсің, сенің өкіметің де тап сондай!

Фомин өкшесін аттың бүйіріне мықтап қадап жіберді де, топтың ішіне төнді. Халық жан-жаққа ығыса жөнелді. Кең дөңгелектің ортасында жесір әйел жалғыз қал-

ды. Ол талайды көрген әйел еді, сондықтан тісін ақсыйтып ауыздығын шайнаған Фомин атының тұмсығына, ашу қысып қаны қашып кеткен салтаттының құп-қу жүзіне саспай қарады.

Әйелді бастыра, атын омыраулатып келіп, Фомин камшысын жоғары көтеріп алды.

— Өшір үнінді, шұбар албасты!.. Неге үгіт таратадың сен мұнда?!

Шалқалап жоғары көтерілген аттың ақсыйған тұмсығы ержүрек казачканың тура төбесіне төнді. Бір кесек жасыл көбік аттың ауыздығынан ұшып, жесірдің қара жаулығына, жаулықтан сырғып — бетіне түсті, жесір әйел көбікті қолымен қағып түсіріп жіберді де, бір адым кері шегінді.

— Саған сөйлеуге болады да, бізге сөйлеуге болмайды ғой? — деп айқайлады ол, ашу кернеп жарқ-жұрқ еткен дөңгелек көздерін Фоминге қадап.

Фомин әйелді ұрмады. Камшысын үйіріп ол, даурығып:

— Большевикшіл мерез! Бойындағы бар ақмақтығыңды айдап шығам мен сенің! Етегіңді түргізіп қойып сүмбілеп дүре салғызам саған, сенің ақылың сонда кіреді! — деп айқайлады.

Жесір әйел тағы екі адым кері шегінді, дереу Фоминге сыртын беріп, басы жерге жеткенше еңкейді де, юбкасының етегін жоғары көтерді.

— Ал, сен мынаны көріп пе едің, қазан бұзар жауынгер? — деді де, ол таң қаларлықтай шапшандықпен бойын жазып, жүзін қайтадан Фоминге бұрды.— Мені ме? Маған дүре салғызасың ба? Мұрныңның іші сопақ келер!

Фомин зығырданы қайнап жерге бір түкірді де, шегіншектеген атын тоқтатып, тізгінін кере тартты.

— Жап аузынды, бедеу байтал! Етің қалың болғанға мәзсің ғой, ә! — деді Фомин дауыстап, сөйтті де, жүзіне сұсты пішін сақтауға бекер әурленіп, атының басын бұрды.

Іштен тынып тұрған топ қарқылдап күліп жіберді. Командирінің айрандай төгілген абройын сақтамақшы боп фоминдіктердің бірі жесір әйелге жүгіріп келіп, мылтықтың құндағын кезенді, бірақ онан бойы қол ұсыным биік дырау казак әйелді иығымен көлегейлеп, араға түсе кетті де, жай үнмен зілді түрде:

— Тарт қолыңды! — деді.

Хуторлықтардың және үшеуі жүгіріп келді де жесір әйелді кері ығыстырды. Үшеудің ішіндегі кекілді, жас біреуі фоминдікке сыбырлап:

— Жә, неменеге кезенесің? Қатын сабау кыйын жұмыс емес, ерлігінді сен анау жотаның төбесінде көрсет, ошақ басында біздің бәріміз де батырмыз... — деді.

Фомин аяндап шарбаққа таман ұзап шығып, үзенгіге шіреніп көтеріліңкірей түсті де:

— Казактар! Жақсылап ойланыңдар! — деп айқайлады ол, ақырындап тарап бара жатқан топқа карап: — Қазір біз жақсылықпен өтініп тұрмыз, ал бір жұмадан кейін қайта ораламыз — онда әңгіме басқаша түрде болады!

Оның біртүрлі көңіл күйі келіп кетті, күлімсіреп, бір орында ойнақшып билеп тұрған атының басын тежеп қойды да:

— Қорқақ жандар біз емес! Бізді мына қатындардың... (айтуға жарамайтын бірнеше боғауыз сөздер қосты) қорқыта алмайсыңдар! Біз бұжырлардың да, бұжыр еместердің де талайын көргенбіз! Қайтып келеміз, ал егер де еркімен біздің отрядқа ешкім жазылмаса — жас казактардың барлығын зорлап мобилизациялаймыз. Бұны біліп қойыңдар! Сендерді сылап-сыйпап, көздеріңнің әдемілігіне қарап отыруға уақыт жоқ! — деп айқайлады.

Бір минуттай тоқтап қалған топтың арасынан сылқ-сылқ күлкі мен күле сөйлеген сөздер естілді. Фомин сол жымыйған күйі:

— Ат-та-ры-ңа мі-нің-дер!.. — деп команда берді.

Күлкіден булығып күренденіп кеткен Григорий өз взводуна қарай шапты.

Батпақ жолмен шұбап Фомин отряды жотаға да шығып алды, қастықпен қарсы алған хутор да көзден таса болды, бірақ Григорий әлі сол қалпы октын-октын күліп қойып: «Біздің казактардың ақжарқын халық болғаны мұндай жақсы болар ма. Қайғыдан гөрі бізде әзіл молырақ орын тепкен, әйтпесе, құдай басқа бермесін, мұның бәріне ойынсыз, шын деп карасаң, мұндай өмірде әлдеқашан асылып өлуге болар еді» — деп ойлады. Көңіл күйін кернеген бұл жайдары қалып онан кешке дейін кетпеді де, тек түстенген жерде ғана казактардың әсте көтерілмейтінін және Фоминнің бұл ісінің түбі шұбасыз сәтсіздікке ұшырайтынын ойлап, күйінішті үрейге түсті.

Көктем шыға бастады. Күн көзі қуаттырақ қыздыра түсті. Жоталардың күңгей беттерінде қар еріп кетті де, былтырғы шөйпен шабдар тартқан жер бегін түс кезінде мөлдіреген көкшіл буалдыр мұнар жапты. Қыраттар мен обалар үстінде, саздаққа сіңісе біткен тума тастардың астынан шірне шөптің қылтыйып шыққан алғашқы жапжасыл қылтанақтары көрінді. Сүдігер жалаңаштанды. Адыра қалған қысқы жолдарды тастап, құзғын қарғалар қырмандарға, қар суы басқан күздік егістерге көшті. Сайлар мен салаларда іркілдеп, бегіне шейін ылғал сіңген көкшіл қар жатыр; бұл жерлерден мұздай суық леп еседі, бірақ жыралардағы қардың астында көзге түспейтін көктемгі жылғалар әндеткен нәзік дыбыспен сылдыр-сылдыр ағып жатыр да, шоқ тоғайларда терек дінгектері, тура көктемдегідей, көзге ілігер-ілікпес боп, нәуетек көгеріп қалыпты.

Көктемгі жұмыс кезі тақалды да, Фомин бандысы күн санап кеміді. Түнеп шыққаннан кейін ертеңгілікте бір-екі адам кем шыға берді, ал бір күні тіпті бірден жарты взводка жақын адам жоқ болды: сегіз адам аттарымен, қару-жарақтарымен өкіметке берілуге Вешенскаяға аттаныпты. Жер жыртып, тұқым себу керек болды. Жер жұмысқа шақырып, шыдатпай өзіне қарай тарта берді де, күрестің пайдасыз екендігіне көзі жетіп фоминдіктердің көбісі бандыны астыртын тастап, үйді-үйлеріне тарап кетті. Қайтуға болмайтын, кешірім күтуге үміті жоқ, совет өкіметінің алдында күнасы таудай жауыз жандар ғана қалды.

Апрельдің бірлеріне қарай Фоминнің қылышты жауынгері 86 дан артық емес еді. Бандының ішінде Григорий де қалды. Үйге қайтып баруға оның батылдығы жетпеді. Фоминнің ісі оңбай ұтылған іс екеніне және ерте ме, кеш пе, әйтеуір оның бандысы талқандалатынына Григорийдің көзі мықтап жеткен еді. Ол Қызыл Армияның байырғы атты бөлімінің бірі шындап айқасса алғашқы ұрыста-ақ бұларды быт-шыт қылатынын жақсы білді. Сөйте тұрса да ол жазға дейін күн өткізіп, сонан кейін бандының ең жақсы аттарының ішінен екеуін таңдап алып түнде Татарскийге, онан әрі Ақсиньямен бірге Оңтүстікке тайып кетермін деген астыртын үмітпен Фоминнің қолқанаты болып қалып қойды. Дон даласы — кен

дала, оның алқабы мол, сүрлеуі көп; жаздыгүні жол біткеннің бәрі ашық, және кез келген жерден баспана табуға болады... Аттарды бір жерге тастай беріп, Аксињьямен бірге жаяулап Кубаньға, тау етегіне қарай өтіп кетіп, туған жерден аулақ, сол жақта аласапыран кезенді өткізерміз деп ойлады ол. Оған бұдан өзге жол жоқ сыяқты көрінді.

Капариннің кеңесі бойынша Фомин мұз түспей тұрып Донның сол жақ бетіне өтіп алмақшы болды. Қажет бола қалса, Хоперский округімен шектес, орманы мол жерде қуғыннан қашып паналармын деп үміттенді.

Банды Донның Рыбный хуторының жоғарғы жағынан келіп өтті. Өзеннің кейбір ағысы қатты жерлерінде мұзды айдап та кетіпті. Жарқыраған апрель күнінің көзімен су күміс қабыршақша жалтырайды, ал сонау мұздан бір кез биік тапталған қысқы жол бар жерде, Дон бұзылмапты. Олар сөгілген мұз көбесіне шарбақ салды, аттарды бір-бірлеп жетелеп өткізді, Донның арғы жақ бетінде сапқа тізілді де, алға шолғыншы отряд жіберіп, Еланская станицасына қарай бет алып, жүріп кетті.

Бір күннен кейін Григорий өз хуторының адамы — жалғыз көзді соқыр Чумаков шалға кездесті. Ол Грязновский хуторындағы туыстарына барып келе жатып, хуторға жақын маңда бандымен ұшырасып қалды. Григорий шалды жолдан шеткерірек алып шығып:

— Атай, менің бала-шағаларым есен-сау ма? — деп сұрады.

— Құдай пана, Григорий Пантелевич, есен-сау.

— Атай, менің саған айтар зор тілегім бар: балаларға және қарындасым Евдокия Пантелевнаға менен сәлем, жүгініп бас иді дерсің, Прохор Зыковка сәлем айт, ал Аксињья Астаховаға айтарсың: мені кешікпей күтіп тұрсын. Тек олардан басқа мені көрдім деп ешкімге айтпа, жарай ма?

— Істеймін, әкетай, істеймін! Шұбаланба, тапжылтпай бәрін де жеткізем.

— Хуторда не жаңалық бар?

— Ештеме де жоқ, бәрі бұрынғы қалпынша.

— Кошевой әлі председатель ме?

— Соның өзі.

— Менің үй-ішімді жәбірлеген жоқ па?

— Ешнәрсе естімедім, соған қарағанда, ешкім тиген

жоқ қой деймін. Не үшін тиеді оларға? Сен үшін олар жауапты емес қой...

— Хутор ішінде мен жөнінде не айтады?

Шал сіңбіріп алды, мойнына оралған қызыл орама-лымен мұрты мен сақалын ұзақ уақыт сүрткіштеді де, сонан соң ол жалтармалы жауап қайтарды:

— Құдай білсін олардың не дейтіндерін... Кім неге ұста болса, соны айтып түрліше былшылдайды да. Совет өкіметімен кешікпей табысасындар ма?

Оған Григорий не жауап қайырмақшы? Ілгері асып кеткен отрядтың соңынан ұмтылған атын тоқтатып, ол езу тартты да:

— Білмеймін, ата. Әзірге ешнәрсе көрінбейді, — деді.

— Көрінбегені қалай бұл? Черкестермен соғыстық, түріктермен соғыстық, сонда да бітімге келгенбіз-ді, ал сендер мына өңкей өз адамдарымызсындар, сөйте тұрып өзара бір пәтуаға келе алмайсындар... Бұл жақсы емес, Григорий Пантелевич, ақыйқат сөзім, бұл жақсы емес! Құдай шапағатшы, ол бәрін де көреді, ол сендердің бәріңе мұны кешіре бермейді, осы сөзімді ұмытпа! Қарасайшы, ақылға сыймайтын іс қой бұл: өзіміздің православиелік орыстарымыз өзара ұстасып алған да, енді тоқтатуға бой беретін емес. Жә аздап қана соғысып қойса болмас па, әйтпесе, міне, төртінші жыл болды ғой ұрысқа кіріскендеріңе. Менің қарт ақылыммен айтарым мынау: аяқтайтын уақыт жетті!

Григорий шалмен қоштасты да, взводын қуып жеткелі шапқылай жөнелді. Таяғына сүйеніп, жасаураған көзінің үңірейген ұясын жеңімен сүрткіштеп, Чумаков ұзақ тұрды. Біреу де болса алғыр көреген көзімен ізінше Григорийдің соңынан қарады, оның атқа жігіттерше отырысына сүйсініп, ақырын ғана сыбырлай берді:

— Жігіт-ақ казак! Алғыр да, айбынды да, айнала сай келген, бірақ шығаннан шыққан... Жолынан адасқан! Тек черкестермен ғана жауласуға қоятын өзін, ал мына істеп жүрген ісін көрдің бе! Оның неменесіне қажет еді сол өкімет? Не ойлайды екен бұл балғын казактар? Гришкаға сұрау да, сот та жоқ, оның бүкіл тұқымы осындай шығаннан шыққан... Марқұм Пантелей де осындай қыңыр болатын, атасы Прокофий де есімде. Оның да адам сыяқты қылығы жоқ-ты, қышқыл-қаракат сыяқты бірдеме еді... Ал осы мына басқа казактар не ойлайды екен, құдай ұрсын, түсінбеймін!

Хуторларды басып алғаннан кейін Фомин енді азаматтар жыйылысын шақырмайтын болды. Үгіттің пайдасы жоқ екеніне әбден көзі жетті. Жаңадан жыйнағаннан гөрі, өзінің қолда бар жауынгерлеріне ие болатын шақ келді. Оның жүзі көрер көзге түнере түсті де, әңгімеге де бұрынғыдан сараң болуға айналды. Самогонды жұбаныш ете бастады. Түнеуге тоқтаған жерлерде өрескел ішкіліктер болып жүрді. Атаманына еліктеп фоминдіктер де ішкілікке салынды. Тәртіп азайды. Тонаушылық жиіленді. Банды жақындағанда жасырынып қалған совет қызметкерлерінің үйлерінен қолға ілінген затты ат көтергенше алып кететін болды. Көп жауынгерлердің атқа теңдеген жүктері орасан зорайды. Бір күні Григорий өзінің бір жауынгерінде қолмен жүргізетін іс тігу машинасын көрді. Ол тізгінін ердің қасына іліп қойып, машинаны сол қолымен қолтықтап келе жатыр екен. Қазактың олжасын Григорий қамшы жұмсап қана тастатты. Сол күні кеште Фомин мен Григорий өзара қатты сөзге келіп қалды. Бөлмеде екеуі оңаша болатын. Ішкіліктен ісініп кеткен Фомин стол жанында отыр еді, Григорий адымдап басып бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүрді.

— Отыр, көз алдымда қақандамай! — деді Фомин ызаланып.

Фоминнің сөзін құлағына ілместен Григорий казактың тар бөлмесінде көпке дейін теңселіп жүрді де, сонан соң:

— Әбден мезі боп болдым, Фомин. Тый мына тонау мен ішкілікті! — деді.

— Немене, бүгін жаман түс көрдің бе?

— Сол да қалжың болғаны-ау... Біз туралы халықтың сөзі жаманға айналып барады!

— Жігіттерге ешнәрсе істей алмай қойғанымды көріп тұрсың ғой өзің, — деді Фомин, онша ықлассыз.

— Пәлі, сен өзің ешнәрсе істеп те отырған жоқсың ғой!

— Маған жол көрсететін сен емессің! Ал сенің халқың бір ауыз жақсы сөзге де татымайды. Сол нәлеттер үшін ғой жапа шегіп жүргеніміз, ал олар болса... Мен өз басымды ойлаймын, сол да жетеді.

— Өзің жөнінде де оқсатып ойлап жүрген жоқсың. Мастықтан ой ойлауға да уақытың жоқ! Басынды көтермегеніңе төрт тәулік болды, қалғандары да ішуде. Түн бойы заставаларда да ішетін болды. Ойың не өзің-

нің? Мас күйімізде үстімізден басып, бір хуторда бізді қырып кетсін дейсің бе?

— Сен қалай ойлайсың, мұндай қырғаннан құтыламыз ғой деп пе едің? — деп күліп жіберді Фомин.— Қашан болса да өлуге тура келеді. Суда қалқуға дәндеген құмыра сыяқтымыз ғой... Білесің бе?

— Олай болса ертең Вешенскаяға өзіміз барайық та, қолымызды көтеріп: ұстаңыз бізді, берілдік дейік.

— Жоқ, біз әлі сайрандай тұрармыз...

Григорий аяқтарын талтайтып, столға қарама-қарсы тұрып алды.

— Егер де сен тәртіпті орнатпасаң, егер де мына тонау мен маскүнемдікті тыймасаң, мен онда сенен бөлінемін де, халықтың тең жартысын өзіммен бірге алып кетем,— деді ол ақырын ғана.

— Істеп көр,— деді Фомин зілмен, соза сөйлеп.

— Қөрмей-ақ та істеледі!

— Сен... сен мені қорқытуынды қой! — Фомин наганының қабына қолын салды.

— Уыстауынды қой сен наганның қабын. Әйтпесе менің қолым мына столдың үстінен саған бұрынырақ жетер! — деді Григорий шапшаңдап, сұрлана, қылышын қынабынан жартылай суырып.

Фомин қолын стол үстіне салды да езу тартты.

— Сен менімен неге байланысасың? Сенсіз де басым даң-дұң, оның үстіне қайдағы бір ақмақтық сөздерді айтасың. Сал қылышынды қынабына! Сенімен ойнауға да болмайды ғой, шамасы? Қандай жансың дыз ете қалатын, айтшы өзің? Тура он алты жасар қыз сыяқты...

— Мен ойымдағымды саған айттым ғой, мұны сен жадыға мықтап ұста. Сен сыяқты, адамдарымыздың бәрінің бірдей еңсесі түсіп кете қойған жоқ.

— Білемін.

— Біл де, есіңнен шығарма! Ертеңнен бастап жұрттың теңдеп артқан жүктерін тастат. Біз отрядпыз, атты әскер бөліміміз, жүк тартатын лау емеспіз. Пышақпен кескендей етіп шорт кесіп, тыйым сал оларға. Халық үшін күресушілер дейді-ау бұларды да. Талаған мүліктерін артынып-тартынып алған, хұдды бұрынғы қыдырма-көпестер сыяқты, хуторлардың бәрінде істейтіндері сауда... Көрер көзге ұят! Не жыным бар еді менің сендермен тіркесіп? — Григорий жерге бір түкірді де, ашу кернеп,



зығыры қайнап, сұп-сұр болып, бетін терезеге қарай бұрды.

Фомин күліп жіберді де:

— Бізді атты әскер бір рет те бастырмалатып көрген жоқ қой... Атты қуғыншылар соңына түскенде, тойған қасқыр жегенінің барлығын зытып келе жатқан бойы лықсытып құсып тастайды. Сол сыяқты, бізді мықтап қыспаққа алса, менің албасты басқырларым да — бәрін лақтырып кетер еді. Ештеңе емес, Мелехов, абыржыма, бәрін де істеймін! Азырақ рухым төмен түсіп, менің өзім ғой тізгінді қоя берген, бірақ тізгінді қайтадан жыйып ұстамақпын! Біз екеумізге ажырасуға болмайды, не болса да қыйыншылықты бірге көрейік, — деді.

Бұлардың әңгімелерін аяқтауына реті келмей қалды: буы бұрқыраған бір миска щи алып, бөлмеге үй иесі әйел кірді, сонан соң Чумаков бастаған казактар опыр-топыр кіріп келді.

Дегенмен бұл әңгімелесу үлкен әсер етті. Келесі күні таңертең Фомин теңдерді тастау туралы бұйрық берді де, бұл бұйрықтың орындалуын өзі тексерді. Теңдерді қарағанда қарсылық көрсеткен және тонап алған дүңшесінен айрылғысы келмеген ең бір баукеспе тонаушыны сапқа тұрғызып, нағанмен Фоминнің өзі атып тастады.

— Алып кет мына өлімтікті! — деді ол байсалды түрде, өлікті аяғымен итеріп жіберіп, сөйтті де сапта тұрғандарды көзімен бір шолып, көтеріңкі дауыспен: — Сандық тінтулерің жетті енді, иттің балалары! Совет өкіметіне қарсы мен сендерді осы үшін көтергенім жоқ! Өлтірілген жаудың үстінен түгін қоймай сыпырып алуларыңа болады, егер тіпті жиренбесендер, былғанған ішкімің шешіп алсаңдар да мейілдерің, бірақ үйішіне тимендер! Біз қатындармен жауласуға шыққанымыз жоқ. Ал кімде-кім қарсылық ететін болса — алатын есебі, міне, тап осындай! — деді.

Сапта ақырын ғана бір шу шықты да, тына қалды...

Тәртіп қайтадан орнатылғандай болды. Шағын-шағын жергілікті қорғану отрядтарын ұрыс-қағыста тас-талқан қып жоя отырып, банды Донның сол жағасымен үш күн жортты.

Шумилинская станицасында Капарин Воронеж губерниясының территориясына өтіп кетуді ұсынды. Бұл ұсынысын ол: совет өкіметіне жаңада ғана қарсы шыққан ондағы тұрғын халық, сөз жоқ, бізді кеңінен қолдайды

деп дәлелдеді. Бірақ мұны Фомин казактарға жариялағанда, олар бір ауыздан: «Өз округымыздан кетпейміз!» деді. Банды ішінде митинг басталды. Тоқтамды өзгертуге тура келді. Казанская станицасынан бастап Фоминнің соңына түсіп, ұрыспақшы боп, өкшелеп қалмай қойған атты әскер тобына қарсы ұрыс шығармастан, төрт күн тұтасымен банды тоқтаусыз шығысқа қарай зыта берді.

Із алжастыру да оңайға соқпады, өйткені барлық жерде егіс жұмысы жүріп жатты, тіпті даланың нағыз шалғай түкпірлерінде де жұрт қыбырлап, еңбекке жұмылуда еді. Банды көктемгі қараңғы түнді бетке ұстай зытты, бірақ ат шалдыру үшін ертемен бір жерге аялдай бастаса-ақ, жаудың шолғыншы отряды аяқ астынан шыға келеді, қол пулеметтен бұларға қысқаша оқ жаудырады, фоминдіктер түтеген оқтың астында жалма-жан аттарын ауыздықтай бастайды. Вешенская станицасының Мельников хуторының сыртында сәті түсіп Фомин шебер маневрмен жауды алдап, қара үзіп кетті. Өз барлаушыларының берген хабарларынан Фомин бұл атты әскер тобының бастығы Букановская станицасының Егор Журавлев дейтін соғыс ісіне қанық қайсар казағы екенін біліп алған болатын; атты әскер тобының саны бандыдан екі есеге жақын артық екенін, алты қол пулеметі барын және аттары тың, алыс-алыс асулар жасап қажымағанын жақсы білген еді. Осының бәрі Фоминді ұрыстан бастартып, адам мен атқа тыныс беруге, сонан кейін мүмкіндігі болған кезде, ашық қолдаспай, топқа қапыда бассалып ұйқы-тұйқысын шығаруға, өкшелеп қалмаған жаудан осылай құтылуға мәжбүр етті. Ол және жаудың пулеметтері мен винтовка патрондарын қолға түсіріп, байып қалмақшы да болды. Бірақ оның бұл есептері дұрыс болып шықпады. Григорий қауіптеніп жүрген уақытқа 18-апрельде Слащевская емен тоғайында тап болды. Сол қарсаңда Фомин және жай жауынгерлердің көпшілігі Севастьянов хуторында жығыла мас болып, хутордан таң ата шыққан болатын. Түнде жұрт түгелге жақын көзін ілмеді де, көпшілігі қазір ат үстінде қалғып келе жатқанды. Ертеңгі сағат тоғызда банды Ожогин хуторы маңында еру жасады. Фомин отрядты қорғайтын күзет бөлімшесін тағайындады да, аттарға сұлы беруге бұйрық етті.

Шығыстан ұйтқымалы күшті жел соғып тұр еді. Құм тозаңы қоңыр бұлт боп көк жиекті бүркеп алғанды. Даланың үстін қоп-қою мұнар басқан болатын. Құйындата

аспанға көтерілген мұнар күннің көзін шалып, күн жарығы да бұлыңғыр еді. Шинельдердің етектерін, аттардың құйрығы мен жалын жел ұйқы-тұйқы қылды. Аттар желге сауырын тосып, орман шетінде шашылып, сирек өскен долана бұталарының төңірегінен ықтасын іздеді. Тікендей тиген құм тозаңынан көзге жас толып кетті де, тіпті таяу жердегі нәрсені де айыру қыйын болды.

Григорий атының желбезегі мен жасаураған көз ұяларын ұқыптап сұртті, дорбасын ілді де, атына шинелінің етегіне салып жем жегізіп тұрған Капариннің қасына келді.

— Ой, аялдауға іздеп тапқан орындарыңа болайын! — деді ол қамшысымен орманды көрсетіп.

Капарин иықтарын шошаң өткізді.

— Ана ақмаққа мен айтып едім, бірақ оған ешнәрсені дәлелдеп ұғындыруға бола ма?

— Далаға, болмаса хутордың шетіне тоқтау керек еді.

— Сіз орман жақтан шабуыл болуы мүмкін деп ойлайсыз ба?

— Ия.

— Жау алыста.

— Жау жуық болуға да мүмкін, бұл сізге жаяу әскер емес.

— Орман сыйда, бір бәле бола қалса, көріп те қалармыз.

— Қарайтын адам жоқ, жұрт түгелге жақын ұйқыда. Күзетшілер де ұйқтап қалып жүрмесін деп қорқамын.

— Кешегі мастықтан кейін аяқтары аспаннан келіп жатыр, қазір оларды сүйресен де оята алмайсың.— Капарин, бір жері ауырып кеткендей, бетін тыржыйтты да, ақырын ғана: — Бұл сыяқты басшымен жүріп біз құрймыз. Ол хұдды тығын сыяқты, бос кеуде және, ақмақтың нағыз барып тұрғаны! Сіз осы өзіңіз неге алмайсыз командованиені? Қазактар сізді сыйлайды. Сіздің соңыңыздан олар жан-тәнімен ерер еді,— деді.

— Маған мұның керегі жоқ, мен сіздерге аз, уақытқа келген мейманмын,— деп Григорий салқын жауап берді де, сырын байқаусызда әнтектікпен аузынан шығарып алғанына өкініп, атына қарай бұрылып кетті.

Капарин етегінде қалған жемді жерге төге салып, Григорийдің соңынан ерді.

— Мелехов, сіз білесіз бе,— деді ол жүріп келе жат-

қан бойы, долананың бұтағын сындырып алып, ісіне бөрткен бүршіктерін сыдырып, — егер біз облыстың оңтүстігінде бір жерде қаңғып жүрген Маслақтың бригадасы сыяқты, советке қарсы ірі бөлімдердің біріне қосылып кетпесек, — бұл күйде ұзақ уақыт шыдап тұра алмаймыз ғой деп ойлаймын. Соларға қарай бұзып-жарып өту керек, әйтпесе бізді бір сәті түскен күні бұл жерде жоқ қылады.

— Қазір су тасып кетті. Дон жібермейді.

— Қазір емес, су қайтқан кезде — зыту керек. Сіз басқаша пікірдесіз бе?

Сәл ойланып алғаннан кейін, Григорий:

— Дұрыс. Қету керек бұл жерден. Мұнда істейтін іс жоқ, — деп жауап қайырды.

Қапарин көңілдене түсті. Ол казактар қостайды деген сенімнің ақталмай қалғаны туралы және округті мақсатсыз шарламай, қуаттырақ бір топқа қосылудың аса қажет екендігіне Фоминнің көзін жеткізу керектігі туралы ұзақ етіп сөз сөйледі.

Оның бос былшылын тыңдау Григорийді әбден жалықтырды. Ол көзін алмай атын бақылап тұрды да, аты жем дорбасын босата бергенде жүгеннің ауыздығын салып, айылдарын тартты.

— Әлі тез аттанбаймыз, сіз бекерге асығасыз, — деді Қапарин.

— Ең абзалы, сіз барыңыз да атыңызды дайындаңыз, әйтпесе ер салуға мұршаңыз келмей қалады, — деп жауап қайырды Григорий.

Қапарин оған назарын сала қарады да, жүк күймесінің жанында тұрған атына қарай кетті.

Атын тізгінінен жетектеп, Григорий Фоминнің қасына келді. Жайып тастаған бурканың үстінде, екі аяғы екі жақта, Фомин пісірген тауықтың қанатын самарқау мүжіп жатыр еді. Ол, ыммен қасынан орын көрсетіп, шеткерірек ығыса түсті.

— Менімен түстік тамақ жеуге отыр.

— Түстік тамақты қойып, бұл жерден кету керек, — деді Григорий.

— Аттарды шалдырып аламыз да, қозғаламыз.

— Кейін шалдыруға да болады.

— Неменеге аптығасың сен сонша? — Фомин мүжілген сүйекті лақтырып тастап, буркаға қолын сұртті.

— Бұл жерде біздің үстімізден басады. Ыңғайлы орын.

— Қандай сайтан бізді үстімізден басатын? Шолғыншылар жаңа ғана қайтып келді, адырда ешкім жоқ, бос дейді. Солай болса, Журавлев көз жазып қалғаны, әйтпесе ол ендігі шоқтыққа асылып жүрген болар еді. Букановскаядан күтетін ешкім жоқ. Онда соғыс комиссары болып Михей Павлов дейтін істейді, өзі өткір жігіт, бірақ оның күші аздау, бізді қарсы тосуға ол бара қоярма екен. Мықтап еру жасап алайық, мына жел біраз толастар, сосын Слащевскаяға қарай жүріп кетерміз. Отыр, тауық етін же, неменеге жағадан аласың? Мелехов, сен өзің біртүрлі қорқақтау болып кетіпсің, кешікпей бұта көрсең маңына жуымай, алыстан айналып, көрінім жерден орағытып өтетін боласың ғой деймін! — Фомин қолымен кеңінен орай меңзеп, қарқ-қарқ күлді.

Ішінен балағаттап, Григорий бұрылып кетті, бұтаға атын байлады да, шинелінің етегімен желден бетін көлегейлеп, атының жанына жатты. Желдің гуілін, үстіне басын иген биік ку шөптің әндеткен майда сыбдырын тындап жатып ол қалғып кетті.

Пулеметтің ұзақ бытырлата оқ жаудыруы оны ұшып түрегелуге мәжбүр етті. Тарсыл басылып үлгірмей-ақ, Григорий атын шешіп те алды. Айқайы барлық дауысты басып, Фомин: «Аттан?» деп бақырды. Оң жақтан, орманнан тағы да екі ме, үш пе пулемет бытырлата бастады. Атқа мініп алып, Григорий жағдайды әп-сәтте бағалай қойды. Оң жақтағы орман шетінде тозаң арасынан көзге зорға ілігіп, елу шақты қызыләскерлер лап қойып, қанатын жайып, адырға жібермей жолды кесіп, атакаға ұмтылды. Күңгірт күн көзінде көгілдір тартып, олардың төбелерінде қылыштың суық та таныс жүздері жарқ-жұрқ етті. Орманның нағыз өзінен, шытырман тал-шілік өскен төбешіктен, асып-сасып, диск үстіне диск босатып, пулеметтер оқ жаудырды. Сол жақтан да жарты эскадрондай қызыләскерлер шұбап, қоршау шеңберін тұйықтап, қылыштарын үйіріп, айқайсыз, бар пәрменімен шауып келе жатты. Жалғыз-ақ жол қалған, ол: атакаға сол жақтан шапқандардың сиректеу қатарын жарып өтіп, Донға қарай кету. Григорий Фоминге: «Ер соңымнан!» — деп айқай салды да, қылышын суырып алып, аттың басын қоя берді.

Жыйырма сажень жер шапқылап шығып ол бұрылып

артына қарады. Фомин, Капарин, Чумаков және тағы бір-неше жауынгерлер құйғыта шауып, онан он сажендай-ақ жерде келеді екен. Орман ішіндегі пулеметтер атқылауды тоқтатып тастаған, тек қана оң жақ шеттегі пулемет жүк тиеулі лаулардың айналасындағы әбігерге ұшыраған фоминдіктерге төтелеп, қысқа да өжет атысқа салып тұр. Бұл ақтық пулемет те бірден тыйыла қалды да, Григорий қызыләскерлердің бұлар тоқтаған жерге келіп те қалғанын, арт жақта қазір кескілесу басталғанын ұға қойды. Мұны ол есі шыққан айқайдан, қорғанушылардың оқшау да үздік-үздік шыққан атысынан аңғарып қалды. Енді жан-жағына қарауға уақыты болмады. Құйғытқан шабыспен қарсы келе жатқан шепке құлдырай жақындап, ол нысана таңдады. Үстінде илеген теріден тіккен шолақ тоны бар қызыләскер оған қарама-қарсы шауып келе жатыр еді. Астында аса ұшқыр емес көк аты бар. Жарқ еткен нажағай жарқылында көріп қалған сыяқты, көзге ілінбейтін, кірпік қаққандай бір мезет ішінде Григорий ақ көбік жапқан өмілдірігінде ақ жұлдызы бар атты да, қаны қызып кеткен уылжыған бетті салтаттыны да, оның арғы жағындағы — Донға қарай жылжып бара жатқан даланың кең бұлыңғыр саңлауын да көріп қалды. Келесі кірпік қаққандай мезетте басқа төнген соққыдан жалт беріп қалуы және өзі шабуы керек болды. Аттыдан бес сажень жерде Григорий солға қарай оқыс бұлаң ете қалды, төбесінен су ете түскен қылыштың шапқан ысқырығын есітті де, жұлқынып жіберіп ерге түзеліп алып, деңінен өтіп бара жатқан қызыләскердің басына сілтеген қылышының ұшын ғана тигізіп қалды. Григорийдің қолына қылыштың жауға тиген күші болар-болмас қана сезілгендей болды, бірақ ол артына жалт қарап, басы төмен кетіп ақырындап қана аттан құлап бара жатқан қызыләскерді және илеген сары тонның жаурынынан сорғалаған қоп-қою қанды көрді. Көк ат текірегінен жаңылып, бейне өз көлеңкесінен өзі үріккендей басын жоғары едірейтіп, шекесінен қарап, сар желіспен кетіп бара жатыр еді.

Григорий етбеттей, аттың жалын құша жатып алды да, үйреншікті қыймылмен қылышын төмен түсірді. Зыңылдай ысқырып, төбесінен оқ зуылдады. Аттың жатқыза жымыйтып алған құлақтары селк-селк етіп, ұшынан тер моншақтап келеді. Григорий соңынан қуалай атқан оқтың ұлыған ысқырығы мен аттың қысқа-қысқа ендіккен демін

ғана есітті. Ол тағы да бұрылып қарап Фомин мен Чу-маковты көрді, олардың соңынан елу саженьдей кейінірек Капарин шауып келеді де, онан әрі — екінші взводтың бір жауынгері — ақсақ Стерлядников қана жабылған екі қызыләскерге шауып келе жатқан бойы қарсы қару жасап келе жатыр екен. Фоминнің соңына ілескен сегіз-тоғыз адамы тегісінен кескіленіпті. Үстіндегі иесінен айрылған аттар, желге құйрықтарын жайып жіберіп, бет-бетімен тырағайлап барады, оларды қызыләскерлер алдынан тосып, ұстап алып жатыр. Тек қана фоминдік Прибытковтың зор торы аты, құлағанда үзенгіге аяғы ілініп қалған жансыз қожайынын дырылдата сүйреп, оскырып Капаринді жанасалай шауып келеді екен.

Құмды адырдың арғы жағына түсе беріп, Григорий атын тоқтатты да, қарғып түсіп, қылышын қынабына салды. Атын жатқыза қоюға бірнеше секунд-ақ уақыт қажет болды. Бұл әдіске Григорий атын бір жұманың ішінде үйретіп алған болатын. Тасада тұрып атып, ол бір обойма оқ шығарды, бірақ асығып және абыржып көздегендіктен соңғы атқанда ғана қызыләскердің атын оққа ұшырды. Бұл — бесінші фоминдіктің құғыннан құтылып кетуіне мүмкіндік берді.

— Мін атқа! Құрыйсын! — деп айқайлады Фомин, Григорийдің деңіне жете беріп.

Бандының түгелдей дерлік тас-талқаны шықты... Бүкіл бандыдан бес-ақ адам аман қалды. Оларды Антоновский хуторына дейін қудалады да, тек бес кашкын хуторға жақын жердегі орманға кіріп кеткеннен кейін ғана құғын тоқталды. Қашып шауып келе жатқанда бесеуінің біреуі де жұмған аузын ашпады.

Кішкене өзеннің жанына жеткенде Капариннің аты жығылды да, оны енді қайтып тұрғыза алмады. Өзгелерінің зорыққан аттары да үстерінен жапалақ-жапалақ қою ақ көбік төгіп, теңселіп, аяқтарын әрең қыбырлатты.

— Отряд басқару емес, қой бағуың керек қой сенің! — деді Григорий Фоминге көз салмастан, аттан түсіп жатып.

Фомин үндемей атынан түсіп, айылын ағыта бастады, бірақ ерін алмастан шетке бұрылып кетті де, қырыққұлақ өскен төмпешіктің үстіне отырды.

— Қалай етеміз, енді атты тастауға тура келеді,— деді ол, үрейлене жан-жағына карап.

— Ал сосын? — деп сұрады Чумаков.

— Жаяулап ана жакқа шығу керек.

— Қай жакқа?

— Түн болғанша орман ішінде аялдаймыз, содан кейін Доннан өтеміз де, бастапқы кезде Рубежныйда жасырына тұрамыз, онда менің туыскандарым көп.

— Тағы бір ақмақшылық! — деп Капарин ашынып айқай салды.— Сені ол жерден іздемейді деп ойлайсың ғой, сірә? Ендігі жерде сені тап сол өз хуторыңнан күтеді! Қай жеріңмен ғана ойлайсың осы сен?

— Ал, енді қайда тығылу керек бізге? — деп сұрады Фомин саскалақтап.

Григорий ер қоржынынан патрондар мен бір кесек нан суырып алды да:

— Сендер қанша уақыт саудаласпақсындар? Кеттік! Байландар аттарыңды, ер-тоқымын алыңдар да — жөнеліндер, әйтпесе бізді осы арадан да қолға түсіре алады, — деді.

Чумаков қамшысын жерге тастай берді де, оны аяғымен тепкілеп балшыққа тығып, дірілдеген дауыспен:

— Міне біз жаяу да қалдық... Жігіттеріміздің бәрі тегіс жер күшты... О, тәңірі анасы, талқанымызды шығарды-ау! Мен бүгін тірі қалам деп ойлаған жоқ едім... Ажал көз алдыма келді... — деді.

Олар үндеместен аттарының ер-тоқымдарын сыпырды, аттардың төртеуін де бір қандыағашка байлай салды да, бір ізбен қасқырша шұбырып, ер-тоқымдарын қолтықтап, қалың нудың арасымен Донға қарай кетті.

## 14

Көктемде, Дон тасып бүкіл шалғынды алапты су қаптап кеткен кезде, Рубежный хуторының тұсында сол жак жағалаудың қырат бір кішірек участогі тасқыннан аман қалады.

Обдон тауынан көктемгі тасқын уақытында жас қызыл тал мен емен ағаштары және кара талдың қомақты бұталары қалың өскен арал алыстан көрінеді.

Жаздыгүні онда жабайы құлмақ нақ ұшар басына дейін ағаштарды орап алады, төменде жер бетінде ит мұрны өткісіз тікенді сыйыр бүлдірген бұталары көлбеп жатады,



солғын көк шырмауық бұйраланып бұталарды өрмелейді де, құнарлы жер қыртысынан нәр алған қалың шөп кейбір алаңдарда кісінің бойынан да биік боп өседі.

Жазды күні түс кезінде де орман іші жым-жырт, қараңғы, қоңыр салқын болады. Тыныштықты тек сарғалдақ қана бұзады және көкөктер біреудің қалған өмір-жасын тұстұстан санап жатады. Ал қысты күні орман ың-жыңсыз, жаланап, жансыз мүлгіп тұрады. Қысқы ақшыл аспанның аясында орманның ұшар бастары кертпештеніп алыстан тұнжырай, қарауыта түседі. Тек бөрінің бөлтіріктері ғана оның қалың жынысының ішінде, қар басып қалған құдай арасында күні бойы жатып, жыл сайын одан қауіпсіз баспана табады.

Фомин, Григорий Мелехов және Фомин бандысының талқандаудан аман қалғандары осы аралда орын тепті. Өйтіп-бүйтіп күн көріп тұрды: түнделетіп Фоминнің немере інісінің қайықпен жеткізіп берген жарытымсыз тамағымен қоректенді, тоя тамақ жей алмады, бірақ оның есесіне ер көпшігін жастанып, тілегенше ұйқтады. Түнде кезекпен қарауылға тұрды. Жатқан жерлерін біреу-міреу біліп қалар деп сақтанып, от жақпады.

Аралды айнала ағып, тасқын су оңтүстікке сырғып барады. Жолын кескен кәрі тедектер жынысын жарып өткен тасқын айбынмен гүрілдейді де, одан шығып алған соң, су жауып кеткен бұталардың төбесін шайқап, ақырын ғана, тыныштанып, әндете сыбдыр қағады.

Судың таяу маңдағы үздіксіз шуылына Григорийдің бойы үйреніп кетті. Тіп-тік құлама жағаның жанында жатып ол ұзақ уақыт судың шалқыған кеңістігіне, сидень тұстес күн мұнарына бөленген Обдон тауларының борлы сілемдеріне қарайды. Сонау мұнардың аржағында тұған хутор, Аксинья, балалар бар. Оның жабырқаңқы ойлары сонда алып-ұшады. Тұған-тұысқандары еске түскенде сағыну күйігі оның кенет ішін өртеп, жүрегін жандырып жібереді, зығыры қайнап Михаилға өшпенділігі арта түседі, бірақ ол бұл сезімдеріне жол бермей, керексіз жерле еске түсірмеу үшін Обдон тауларына қарамауға тырысады. Қастық ойға ерік берудің қажеті де жоқ еді. Мұнсыз да оның халі ауыр еді. Мұнсыз да оның кеудесі қыпайып, кейде тіпті жүрегіннің қабы жарылғандай, соқпай қалғандай, тамшылап қаны ағып тұрғандай болады. Жаралану, соғыстағы кемтарлық, сүзек оған істерін істеп кеткен екен: Григорий минут сайын жүрегіннің мазасыз

тыкылдап кететінін есітіп қалатын болды. Кейде оның көкірегінің, сол жақ емшегінің асты түйіліп, қатты ауырғандықтан, тіпті бір мезет еріндері де кезеріп, ыңкылдаудан өзін-өзі әрең-әрең тежеп қалып жүрді. Аурудан құтылудың ол бір дұрыс әдісін де тапты: сол жақ көкірегінің астына басып, сыз жерге жата қалады, болмаса салқын сумен көйлегін сулай қояды да, сонан кейін ауру, бейне-бір қыймай кетіп бара жатқандай, ақырындап оның денесінен шығып кететін.

Ашық және желсіз күндер еді. Анда-санда ғана ашық аспанда ауа желіне түбіттенген ақ бұлттар жүзіп өтеді де, су үстінде олардың аққудай тізіліп, сәулелері сырғанап барып, алыстағы жағаға соғып, жоғалып жатады.

Жағадағы бұлқына тулап, жындана гүрілдеген сарқырамаға қарап тұру, судың әртүрлі дыбысты шуылын тыңдау, ешнәрсе ойламау, қамықтыратын, азапқа салатын жайларды ойламауға тырысу бір жақсы нәрсе еді. Бапшыл және ұшы-қыйырсыз түрлене беретін ағыстың бұйра бетіне Григорий талай сағаттар бойы қарап жататын. Бұйра ағыс минут сайып түрін өзгерте береді: жаңа ғана бетінде қалқытып, сынған қамыс сабақтарын, жаншылған жапырақтар мен шөптің тамырларын ағызып бара жатқан теп-тегіс ағыс бір минуттан кейін маңайынан өткеннің бәрін жебірлене обып жатқан омсырайған шұқырға айналады да, ал аздан кейін шұқырдың орнында бірде раңның қарайып шіріп кеткен тамырын, бірде жайылған емен жапырағын, бірде тіпті әлдеқайдан әкелген бір шоқ сабанды ытқытып шығарып, түбі бетіне шығып, ылай су пірімі бұрқырай қалады.

Кеш сайын батыс бетте кешкі қошқыл-қызыл шапақ өрттей лаулайды. Бойыңа теректің аржағынан ай көтеріледі. Шұғыласымен ойнап, жел су бетін майдалап толқытқан жерде қарауыта құбылып айдың салқын нұры бозғылт жалынданып Дон бойына тарайды. Түн сайын су шуылына қосылып, солтүстікке қарай асып бара жатқан сансыз көп қаз үйірлері үздіксіз қыйқулайды. Ешкім үркітпеген құстар жиі-жиі аралдың арғы жағына, күншығыс жақ бетіне қонып қалады. Жайбарақат жайылмада, орман ішінде шақырысып ата шүрегей сымпылдайды, үйпектер қырқылдайды, үн қатысып ақырын ғана қарашалар мен қаздар қаңқылдап қояды. Ал бір күні Григорий білдірмей жағалауға таман жақындап келіп, аралға таяу қонып отырған бір топ аққуды көрді. Күн әлі шықпаған

кез еді. Орманның қыйыр тізбегінің аржағынан латыл-  
дып таң шатығы жалындып тұрған еді. Шапақ шұғыласы  
түсіп су беті қызғылт тартқан сыяқты да, мұзгіген суда  
төкешіп мойындарын шығысқа қарай бұрған айбарлы  
ірі құстар да қызғылт түсті көрінді. Жағадағы сыбырды  
естіп қалып, олар ашы керней дауыспен айқайдай көте-  
рілді де, орманнан жоғары шыққан кезде Григорийдің  
өзіне ашпақ қардай қауырсынының ғажайып шұғыласы  
жарқ ете қалды.

Фомин мен оның серіктері уақытты әрқайсысы өзіне  
өткізді. Ақсақ аяғын жайлы етіп орнықтырып алып, ша-  
руашыл Стерлядников ертеден кешке шейін үскиімін,  
аяқкіімін жамаумен болды, сөз жерге түнеу қолайсыз  
тиген Капаонн, қатты-қатты жөтеліп қойып, шапақ то-  
нын бұркеніп алып, күні бойы күн көзінде жатып алды.  
Фомин мен Чумаков қағаздан кесіп, қолдан жасаған  
қартаны шаршаусыз соқты. Григорий апалды кезді, су  
жағасында ұзақ отырып қалып жүрді. Бұлар өзара аз  
әңгімелесті, — әңгіменің бәрі әлдеқашан айтылып болған-  
ды, — тек тамақ жейтін кезде кеш сайын Фоминнің іні-  
сін күткенде ғана бір жерге жыйналатын. Бұлар мықтап  
зерікті, тек бір күні Григорий бүкіл осы апалда тұрған  
кездің ішінде бірінші рет Чумаков пен Стерлядниковтің,  
неліктен екені белгісіз, кенет көңілденіп, күрескелі ұстаса  
кеткенін ғана көрді. Бірсылдап, қысқа-қысқа қалжың  
сөздермен тіл безесіп, екеуі ұзақ уақыт бір жерде тұрып  
алды. Ақ қайыршақ құмға екеуінің аяқтары толарсақ-  
тан батты. Ақсақ Стерлядников анағұрлым күштірек кө-  
рінді, бірақ Чумаковтың айлакерлігі басым болды. Олар  
белдесіп, нықтарын ілгері шығара, бір-бірінің аяқтарын  
қадағалай аңдысып, қалмақша күресті. Бар күштерін са-  
ла қыймылдағандықтан екеуінің жүздері түйіліп, сұрла-  
нып кетті, қатты еңтігіп, үздік-үздік дем алды. Күреске  
Григорий қызыға қарап тұрды. Ол Чумаковтың бір ке-  
зенді ыңғайына келіп қалғанда жалма-жан шалқасынан  
жата қалып, қарсы палуанды өзіне қарай тарта, бүгүлі  
тізесімен серпіп жіберіп, басынан асырып түсіргенін көр-  
ді. Бір секундтан кейін, күзендей оңтайлы, шапшаң Чу-  
маков Стерлядниковтің жаурынын құмға жаныштап үс-  
тінде жатты, ал алқына күлген Стерлядников: «Ой, ан-  
тұрған құзғын! Біз бастан асырамыз деп... уәделескен  
жоқ едік қой...» — деп гүрілдеді. \*

— Бала қораздардай байланыса кеттіндер, жетер енді, әйтпесе төбелес шығарарсыңдар әлі, — деді Фомин.

Жоқ, олардың тіпті де төбелесетін ойы болмады. Енді бейбіт түрде, құшақтаса, құмның үстіне отырып алды да, Чумаков күңгірттеу болғанмен, сүйкімді жуан дауыспен лекітіп билеу әніне басты:

Аяздар-ау! Аяздар!  
Ашулы ақпан ызғары,  
Қалтырап қасқыр камыста,  
Сарайда жас қыз дағы...

Жіңішке қоңыр дауыспен Стерлядников іліп алып кетті де, екеуі жап-жатық етіп, күтпеген жерден әдемілен жырлап жіберді.

Үйден шықты сол бір қыз  
Қолына қара тон алып,  
Урядник атта тұр жалғыз  
Қыз жапты тонды бұралып...

Стерлядников шыдай алмады: ол орнынан ұшып түрегелді де, саусақтарын сыртылдатып, ақсақ аяғымен құм күрей, билеп кетті. Өлеңді үзбестен, Чумаков қылышын алып құмнан таяздау шұқыр қазды да, сонан кейін:

— Тоқта, ақсақ сайтан! Сенің бір аяғың қысқарак қой. Тегіс жерде билеу саған ыңғайсыз... Саған жә қабақта тұрып билеу керек, жә болмаса ұзындау аяғыңды шұқырға, қысқарағын қырға қойып билеу керек. Ұзын аяғыңды шұқырға сал да жүріп қара, көрерсің, тамаша болады... Ал, бастайық! — деді.

Стерлядников маңдайының терін сүртіп жіберіп, айтқанын екі етпей, сау аяғын Чумаков қазған шұқырға салды.

— Мынау маған шынында да оңтайлы ғой өзі, — деді ол.

Күлкіден булығып, Чумаков алақанын шапалақтады да, лекітіп ән сала бастады:

Жүрер болсаң — орала кет, сүйгенім,  
Келер болсаң — сені аймалап сүйемін...

Ал Стерлядников бишілердің бәріне тән байыпты бет әлпетін бұзбай, шебер түрде қостап билей бастады, тіпті бір рет жүрелеп билеп те көрді...

Біріне бірі ұқсас күндер жылжып өтіп жатты. Қараң-

ғы түскеннен кейін Фоминнің інісінің қашан келетінін күтеді. Жағаға бесеуі де жыйналады, ақырындап қана әңгімелеседі, шылымның отын шинельдерінің етектерімен бүркеп, темекі тартады. Аралда тағы да бір жұма тұруға, сонан соң түнде Донның оң жақ бетіне өтіп, ат тауып алып оңтүстікке жол тартуға тоқтам жасалды. Ұзын хабардан Маслак бандысы округтің оңтүстігінде жүрген бопшықты.

Фомин өзінің туысқандарына жақын хуторлардың қайсысында мініске жарамды ат барын біліп беруді тапсырды, және мұнан басқа да округте не болып жатқанын күн сайын түгел хабарлап тұруды бұйырды. Бұларға әкелген жаңалықтар қуанышты болып шықты: Фоминді Донның сол жақ бетінен іздепті, қызыләскерлер Рубеж-ныйға баруын барса да, Фоминнің үйіне тінту жүргізгеннен кейін, сол сағатында-ақ кетіп қалыпты.

— Бұл жерден тезірек кету керек. Не жынымыз бар бұл жерде отыратын? Жүріндер, ертең-ақ жөнелейік? — деп ұсыныс жасады Чумаков, бір күні таңертеңгі ас үстінде.

— Алдымен ат жөнінде барлау жүргізу керек, — деді Фомин. — Неменеге асығамыз? Егер дұрысырақ тамақтандырса — бұл тұрмыстан қысқа шейін айрылмас ем. Қараңдаршы айналаның бәрі қандай көркем! Тынығып алайық, сосын тағы да іске шығамыз. Мейлі бізді ұстап көрсін, былайша өздігімізден қолға берілмеспіз. Өкінем, менің ақмақтығымнан біздің тас-талқанымызды шығарды, бұл әрине ренішті, бірақ осымен іс бітті демейміз. Біз әлі жұртты жыйнаймыз! Атқа мінісімен жуық хуторларды сүзіп өтеміз, бір жұмадан кейін біздің төңірегімізде елу адам, онан бір жүз де болады. Адамды көбейтеміз, құдай ақы!

— Бос сөз! Ақмақтықпен өзіңе өзін сенгендік! — деді Капарин шытынап. — Қазактар опасыздық етті, сонымыздан ермеді, және ермейді де. Есер үмітпен жұбанбай, ерлік етіп шындыққа тура қарау керек.

— Ермегені қалай?

— Міне солай, басында қалай ермесе, қазір де солай ермейді.

— Жә, көрерміз біз әлі! — деді Фомин шамданып. — Қаруды тастаман!

— Мұның бәрі бос сөз, — деді Капарин қалжырап.

— Әй мыйқұла! — деп айқайлады Фомин бұрқыл-

дап.— Неге жұрттың үрейін аласың? Көзіңнің жасын ағыза-ағыза, сен ащы салқаннан да жаман жерітіп болдың өзін! Басында неменеге арам тер болып едің? Көтеріліс жасаудың керегі қанша еді? Әуелден шегің жұқа болатын болса, әліңе қарамай неге қыстырылдың? Сен емес пе едің мені алдымен көтеріліске ұйтқытқан, енді неге бүкпантайлайсың? Неге үндемей қалдың?

— Сенімен сөйлесетін ешнәрсем де жоқ, жоғал әрі, ақмақ! — деп екілене айқайлап, Капарин жағасын көтеріп, шолақ тонымен қымтана түсіп, бұрылып кетті.

— Бұл бекзаттардың бәрінің терісі жұқа. Қыйт етсе болды — шаруасы бітті, күйіп-пісіп қалады... — деді Фомин күрсініп.

Судың біркелкі, күшті гүріліне құлақтарын тосып, олар біраз уақыт үнсіз отырды. Қос ата үйрек қуалаған ана үйрек қыйнала қырқылдап, төбелерінен зулап өтті. Ежелесе шырылдап бір топ қара торғай алаңнан төмен шүйілді де, отырған адамдарды көре сала, жалт бұрылып, шыйратқан қара жіптей шұбатылып, жоғары көтерілді.

Аздан кейін Капарин қайтадан келді.

— Мен бүгін хуторға барғым келіп тұр, — деді ол Фоминге қарап, көзін жыпылықтатып.

— Неменеге?

— Сұрағыңа болайын! Көрмейсің бе суық тиіп біржола ауырып, аяғымды зорға тік басып тұрғанымды?

— Жә, сонан соң? Хуторға барсаң, сенің тұмау сүзегің жазыла қалмақшы ма? — деп сұрады Фомин өте сабырлы түрде.

— Ең болмаса бірнеше түн жылы жерде болуым керек.

— Сен ешқайда да бармайсың — деді Фомин қаталданып.

— Ендеше өлуім керек пе осы жерде?

— Не десең, о де. Қалай етсең олай ет.

— Не себепті бара алмаймын мен? Мына сыз жерде суықта түнеу әбден тыйтығыма жететін болды!

— Ал сені хуторда ұстап алса қайтесің? Мұны ойладың ба өзін? Онда біздің түгелдей түбімізге жетеді. Сенің кім екенінді әлде мен білмеймін бе? Алғашқы жауап алуда-ақ сен бізді ұстап бересің. Жауапқа шейін жолда Вешкиге кетіп бара жатып-ақ ұстап бересің.

Чумаков күліп жіберді де, қостап басын изеді. Фо-

миннің сөздеріне ол толығымен қосылды. Бірақ Капарин қайсарланып:

— Баруым керек. Сенің тапқыр болжалдарың мені иландыра алмады, — деді.

— Тыпыр етпе, отыр дедім ғой мен саған.

— Яков Ефимович, ұқсайшы, бұдан былай бүйтіп, аңша өмір сүре алмаймын ғой мен! Менде плеврит және, мүмкін, өкпенің талаурауы да бар шығар!

— Сауығасың. Күннің көзінде біраз жатасың да, сауығасың.

— Бәрібір мен бүгін кетемін. Мені ұстап тұруға правоң жоқ сенің. Қандай жағдайда болса да кетемін! — деп мәлімдеді Капарин қатуланып.

Фомин күдікті түрде көзін сықсыйтып Капаринге қарады да, Чумаковқа көзін қысып қойып, жерден түрегелді.

— Капарин, сен шынында ауырып қалғанға ұқсайсың... Сенің, сірә, қызуың күшті болуы керек... Қәне, мен ұстап қарайын — басың ыстық шығар? — деп, ол қолын созып, Капаринге қарай бірнеше адым аттады.

Фоминнің жүзінен бір жамандық сезіп қалды білем, Капарин шегіншектеп, катал түрде:

— Әрі кет! — деп айқай салды.

— Айқайлама! Неге айқайлайсың? Мен тек байқау үшін. Неменеге жынданасың? — деп Фомин аршындай басып ұмтыла беріп Капаринді алқымнан ала түсті. — Жауға берілмекші болдың ба, нәлет?! — деп ол қылғына миңгірледі де, Капаринді жерге жығуға тырысып, жанталасты.

Бар күшін жұмсап, Григорий екеуін зорға айырды.

... Түстен кейін Капарин жуылған ішкі киімсымағын бұтаға жайып жатқан Григорийдің қасына келіп:

— Сізбен оңаша сөйлеспекпін... Қеліңіз, отырайық... — деді.

Екеуі дауыл жыққан теректің шіріп кеткен дінгегіне отырды.

Капарин, күңгірт жөтеліп қойып:

— Мына есуастың бұл қылығына сіз қалай қарайсыз? Арашалағаныңыз үшін сізге шын алғысымды айтамын. Сіз офицерге лайық адамгершілік іс істедіңіз. Бірақ мынау сұмдық! Бұдан былай менің шамам жоқ. Біз — аң секілдіміз... Біздің ыстық тамақ жемегенімізге неше күн болып кетті, және оның үстіне мына сыз жерге

жатып ұйқтау... Маған суық тиді, бүйірім өте қатты ауырады. Менікі, сірә, өкпенің талаурауы болар деймін. Менің өте-мөте от жанында болғым келеді, жылы бөлмеде ұйқтағым келеді, ішкі киімімді ауыстырғым келеді... Мен кірсіз таза көйлекті, ақ жайманы арман етем... Жоқ, шамам келмейді! — деді.

Григорий күліп жіберді.

— Жанға жайлы керек-жарақты ала жүріп соғысқыңыз келеді ғой, сірә?

— Қараңызшы, соғыс па осы? — деп Капарин ілешала жауап қатты. — Бұл соғыс емес, ұшы-қыйырсыз көшу, және совет қызметкерлерін өлтіру, сонан кейін қашу. Халық бізді қолдаса, көтеріліс басталса, сонда соғыс болар еді, ал мынау — соғыс емес, жоқ, соғыс емес?

— Бізде осыдан басқа жол жоқ. Өздігімізден қолға берілмекшіміз бе?

— Иә, енді не істеу керек?

Григорий иығын шошаң еткізді. Ол аралда ұзақ уақыт жатып жүргенде сан рет ойына келген нәрсесін айтты:

— Қалай болғанда да жақсы абақтыдан жаман бостандық артық. Білесіз бе: абақты мығым, бірақ ол тек сайтанға ғана жайлы — дейді ғой халық.

Капарин таяғымен құм үстіне бір суреттер салып, ұзақ уақыт үндемей отырғаннан кейін:

— Алда-жалда берілу міндетті емес, бірақ, большевиктермен күресудің жаңа бір түрін іздеу керек. Мына жексұрын адамдардан қол ұзу қажет. Сіз интеллигент адамсыз...

— Ой, менен қандай интеллигент шықпақшы, — деп Григорий мырс етті. — Мен бұл сөздің өзін зорға айтам.

— Сіз офицерсіз.

— Бұл әлдеқалай болған іс.

— Жоқ, қалжыңсыз, сіз офицерсіз, офицерлер ортасында болдыңыз, жақсы адамдарды көрдіңіз, сіз Фомин сыяқты әлдеқалай шыққан мансапқор емессіз, сондықтан сіз біздің мұнда қалуымыздың мағнасыз екенін түсінуге тиіссіз. Бұл өзін-өзі өлтірумен тең. Емен тоғайында ол бізді соққыға ұшыратты, егер де біз тағдырымызды мұнан былай да онымен байланыстыра берсек — соққыға бізді ол әлденеше рет тосар. Ол арсыз, және оның үстіне елірген есуас! Онымен жүріп біз құраймыз!

— Сонымен, ендеше, берілу керек емес те, Фоминнен



кету керек қой? Қайда кету керек? Маслакқа ма?— деп сұрады Григорий.

— Жоқ. Бұл да тап осындай авантюра, тек масштабы ғана ірірек. Қазір мен бұған басқаша қараймын. Маслакқа кету емес...

— Енді қайда?

— Вешенскаяға.

Григорий ренжіп, иығын тағы шошаң еткізді.

— Мұның аты өзін қашқан тұзаққа қайта оралу болады. Бұл маған қолайлы емес.

Капарин жарқыраған өткір көзбен оған бір қарап алды.

— Мелехов, сіз мені түсінбедіңіз. Сізге сеніп сыр айтуыма болар ма еді?

— Әбден болады.

— Офицерлік сертіңізді бересіз бе?

— Қазактік сертімді беремін.

Капарин, қостың төңірегінде әуреленіп жатқан Фомин мен Чумаков жаққа бір қарап алды да, екі ара едәуір қашық және бұлардың әңгімесін ешбір естірлік болмаса да, даусын бәсендете түсті:

— Мен сіздің Фоминмен және басқалармен екі араның қандай екенін жақсы білемін. Бұлардың ортасында мен сыяқты, сіз де, көзге шыққан сүйелдейсіз. Сізді совет өкіметіне қарсы шығарған себептерді білудің маған қажеті жоқ. Егер де мен дұрыс түсінсем, — сіздің өткендегіңіз бен тұтқынға алынудан қорыққаныңыз осыған себеп болған шығар деймін, солай емес пе?

— Сіз себебін білудің қажеті жоқ дедіңіз ғой.

— Иә, иә, бұл тек сөздің реті келіп қалған соң айтылған нәрсе, енді өзім туралы бірнеше сөз айтайын. Мен бұрынғы офицер және социалист-революционерлер партиясының мүшесі едім, — кейін өзімнің саяси көзқарастарымды мықтап қайта қараған болатынмын... Ресейді тек монархия<sup>1</sup> ғана құтқара алады. Тек қана монархия! Отанымызға бұл жолды тәңірінің өзі көрсетіп тұр. Совет өкіметінің эмблемасы<sup>2</sup> молот пен серп<sup>3</sup>, солай ғой? — Капарин құмға таяқпен «молот, серп» деп жазды, сосын жайнай түскен көздерімен Григорийдің жүзіне қадала

<sup>1</sup> Монархия — патша билеген мемлекет.

<sup>2</sup> Эмблема — белгі.

<sup>3</sup> Молот и серп — балға мен орақ.

қалды: — керісінше оқыңызшы! Оқыдыңыз ба? Түсіндіңіз бе? «Престолом»<sup>1</sup> — деген сөз шығады. Революция мен большевиктер өкіметі күйреп, ақыры тек қана престолмен тынады! Білесіз бе — мен мұны білгенде бойымды мистикалық үрей билеп, зәре-құтым қалмады. Қалтырап кеттім, өйткені бұл, тілесеніз, — біздің сергелдеңіміздің ақырын нұсқап көрсетіп тұрған құдайдың саусағы...

Капарин алқынып, демін ала алмай қалды да, үн шығармады. Оның өткір және аздап есі кеткен көздері Григорийге төне қарады. Бірақ Григорий бұл сыяқты жаңалықты есітіп қалтыраған да жоқ, мистикалық үрей билеп құты да ұшқан жоқ. Ол әр затқа әрқашан да парасатты, күнделікті тәжірибе көзімен қарайтын, сондықтан жауап орнына:

— Бұл ешқандай саусақ емес. Сіз герман соғысында майданда болдыңыз ба? — деп сұрады.

Сауалға абдырап, Капарин жауапты бірден қайыра алмады:

— Дұрысында, сіз мұны неге сұрадыңыз? Жоқ, тікелей майданда болғаным жоқ.

— Ал соғыс кезінде сіз қайда тұрып едіңіз? Тылда ма?

— Иә.

— Ұдайы тылда ма?

— Иә, яғни ұдайы болмағанмен, көбінесе дерлік. Сіз мұны неге сұрадыңыз?

— Майданда мен он төртінші жылдан мына күні бүгінге дейін болып келгем, үзіліс азғантай ғана болды. Сонымен, міне әлгі, саусақ турасында... Құдайдың өзі жоқ қой, саусақ қайдан болмақшы? Мұндай ақылсыз сөзге нанбай қойғаным көп уақыт болды. Он бесінші жолдан бері, соғысты көре-көре мезі болдым да, құдай жоқ екен деп ойладым. Ешқандай да құдай жоқ! Егер де құдай бар болса — жұртты мұндай тәртіпсіздікке салып жіберуге хақысы да болмас еді. Біз мына, майдандықтар, құдайға сенуді қойғанбыз, оны тек шалдар мен қатындарға қалдырдық. Мейлі, солар-ақ алдансыншы. Ешқандай саусақ та жоқ, және монархия да болуға тиіс емес. Халық оны біржола бітірген. Ал мынау сіздің әріпті теріс айналдырып көрсеткендеріңіз, айыпқа бұйырмаңыз, бұл — баланың ойыншығы, басқа түк те емес. Мен

<sup>1</sup> Престол — так.

бір азырақ түсінбей тұрмын — мұның бәрін сіз неге әкеп тіремекшісіз? Сіз маған қысқаша және түсінікті етіп айтыңыз. Мен юнкерлер мектебінде оқығаным жоқ және, офицер болғанмен, аса сауатты емеспін. Егер де мен сауаттырақ болсам, тасқын су ортасындағы аралда қалған қасқыр сыяқты, мүмкін, мына сіздермен бірге мұнда отырмаған да болар едім, — деп бітірді ол сөзін айқын өкінішті үнмен.

— Мұның оқасы жоқ, — деді Капарин асыға. — Құдайдың барына сіз сенесіз бе, сенбейсіз бе, мұның оқасы жоқ. Бұл сіздің көзқарасыңыздың, ұжданыңыздың жұмысы. Дәл сол сыяқты: сіз монархиссіз бе, құрылтайшылсыз ба, болмаса тіпті дербестік платформаны қолдайтын казаксыз ба — мұның бәрі де мәнсіз нәрсе. Совет жөніндегі қарым-қатнасымыздың мына біздің бәрімізді біріктіріп тұрған бірлігі — міне, бар нәрсе осы. Мұны сіз мақұлдайсыз ба?

— Сонан соң?

— Біз казактардың жаппай көтерілісінен дәмеленіп едік, солай ма? Бұл дәменің күлі көкке ұшты. Енді бұл жағдайдан құтылу жағын көздеу керек. Большевиктермен соңынан да күресуге болады және тек қайдағыбір Фоминнің басшылығымен ғана емес, басқаша да күресуге болады. Ең маңыздысы сол — қазір жанымызды сақтау қажет, сондықтан мен сізге одақтасуға ұсыныс етем.

— Қандай одақ? Кімге қарсы?

— Фоминге қарсы.

— Түсінбеймін.

— Өте оңай нәрсе. Мен сізді амалдас болуға шақырамын... — Капарин көріне қобалжып кетті де, үздік-үздік дем алып: — Сізбен екеуміз мына үшеуін өлтіреміз де, Вешенскаяға барамыз, түсінікті ме? Бізді осы амал аман сақтап қалады. Совет өкіметіне сіңірген бұл еңбек бізді жазадан құтқарады. Біз өмір сүреміз! Өмір сүреміз, түсінесіз бе!.. Өмірімізді аман сақтап қаламыз! Келешекте кезі келгенде большевиктерге қарсы аттанамыз, бұл өзінен өзі белгілі. Бірақ мына Фомин сыяқты сорлымен істеген авантюрадай емес, нағыз шын іс болған кезде шығамыз. Мақұлдайсыз ба? Ескеріңіз, бұл біздің үмітсіз жағдайымыздан құтылудың бірден-бір жолы. Және тамаша жол, — деді.

— Ал мұны қалай істеу керек? — деп сұрады Григо-

рий, ішінен қалтырап, ашу кернеп, бірақ бар күшін салып бұл сезімін білдірмеуге тырысып.

— Мен бәрін ойлап көрдім: біз мұны түнде, оқсыз қарумен істейміз, алдағы түні әлгі бізге азық-түлік әкеліп жүрген казак келеді. Доннан өтеміз де кетеміз, — бар болғаны сол. Ешқандай қулық-сұмдығы жоқ, данышпандық айла, оп-оңай!

Өтірік ақкөңілсіп, күлімсірей түсіп, Григорий:

— Өте керемет! Айтыңызшы, Капарин, сіз мана таңертең... хуторға жылынуға бармақшы болғанда... Сіз Вешкиге баруға жыйналып па едіңіз? Фомин сіздің ойыңызды біліп қойды ма? — деп сұрады.

Капарин жайдары күлімсіреп тұрған Григорийге назарын сала қарап алды да, аздап сасыңқырап, көңілсіздеу түрде өзі де күлімсіреді.

— Ашып айтқанда — солай. Білесіз бе, мәселе қара басынды құтқаруға тірелгенде, амал таңдауға аса қысыла бермейсің.

— Бізді ұстап берер ме едіңіз?

— Иә, — Капарин тура мойнына алды. — Бірақ, егер де сіздерді осы жерде, аралда ұстаған болса, мен сіздің өз басыңызды жаманшылық жағдайлардан қорғап қалуға тырысқан болар едім.

— Ал сіз жалғыз өзіңіз бізді неге құртпадыңыз? Түнде мұны оп-оңай істеп шығуға болады ғой.

— Қауіп. Бірінші атудан кейін қалғандары...

— Таста қаруыңды! — деді Григорий байыпты түрде, наганын суырып... — Сал былай, әйтпесе табанда өлтіремін! Мен түрегелем, Фомин көрмесін, сені тасалап тұрам, ал сен наганыңды менің аяғымның астына таста. Қәне? Атам деп ойлама! Қыбыр етсең-ақ сұлатып саламын.

Өліктей құп-қу болып, Капарин отырып қалды.

— Өлтірмеңіз мені! — деп сыбырлады ол, аппақ боп кеткен еріндерін әрең қозғап.

— Өлтірмеймін. Бірақ қаруыңды аламын.

— Сіз мені ұстап бересіз ғой...

Капариннің сақал басқан беттеріне жас сорғалап кетті. Жиреніп, әрі жаны ашып Григорий бетін тыржыйтты, ол даусын көтеріп:

— Таста наганды! Ұстап бермеймін, бірақ, ұстап беру керек те еді! Ой, сен нағыз опасыз болып шықтың! Ой, нағыз опасыз!

Капарин наганын Григорийдің аяғының астына тастай берді.

— Браунингің қайда? Браунингінді де экел бері. Ол сенің френчіңнің төс қалтасында.

Капарин суырып алды да, никелі жарқыраған браунингін тастай беріп, қолымен бетін басты. Еңірегеннен оның денесі солқылдап кетті.

— Қысқарт сен, нәлет! — деді Григорий қаталданып, соғып жібергісі келіп, өзін-өзі әрең тоқтатып.

— Сіз мені ұстап бересіз ғой. Құрыдым ғой мен.

— Жоқ дедім ғой мен саған. Бірақ аралдан шыққаннан кейін — төрт тарапың түгел ашық. Сендейдің ешкімге қажеті жоқ. Өз басыңа өзің пана ізде.

Капарин бетінен қолын тартты. Көзі ісінген, иегі кемсең-кемсең етеді, жасқа булыққан, оның күрең жүзі адам көргісіз еді.

— Олай болса не үшін... Не үшін мені қарусыздандырдыңыз? — деп сұрады ол тұттығып.

Григорий ықлассыз түрде:

— Менің көзімді ала беріп, желкемнен атып жібермесін дегенім ғой. Сендер сыяқты оқымысты адамдардан бәрін де күтуге болады... Қайдағы бір саусақ туралы, патша туралы, құдай туралы сөйлеп қоймап едің... Қандай табансыз адамсың... — деді.

Капаринге көзін салмастан, ағыл-тегіл шұбырған сілекейін ауық-ауық түкіріп тастап, Григорий аяғын ақырын басып қосқа қарай кетті.

Стерлядников кендір таспамен ердің қапталын тігіп, ақырындап ысқырып қойып отыр. Фомин мен Чумаков ат жабудың үстінде әдетінше карта ойнап жатыр еді.

Фомин Григорийге қарады да:

— Не айтты ол саған? Не жөнінде әңгімелестіңдер? — деп сұрады.

— Өмірге шағынады... Былшылдайды, пәлен-паштуан деп...

Григорий сөзінде тұрды — Капаринді ұстап бермеді. Бірақ, кешкілікте байқатпай Капариннің винтовкасының затворын суырып алды да, тығып қойды. «Кім біледі сайтанды, мүмкін, түнде бір жамандыққа бел байлап жүрер...» — деп ойлады ол ұйқтағалы жайланысып жатып.

Ертемен оны Фомин оятты. Еңкейіп, ол ақырындап қана:

— Капариннің қаруын сен алдың ба? — деп сұрады.

— Немене? Қандай қару? — деп Григорий басын көтерді, иықтарын зорға дегенде жазды.

Ол таң алдында ғана ұйқтап кетті де, таңертеңгілікте мықтап тоңып қалған болатын. Оның шинелі, сеңсең бөркі, етіктері — бәрі күн шығар алдындағы тұманнан малмандай су болған еді.

— Оның қаруын таба алмай қойдық. Сен алдың ба? Ашсайшы ұйқынды, Мелехов!

— Иә, мен. Не боп қалды?

Фомин үндеместен, бұрылып кетті. Григорий түрегелді, шинелін қақты. Чумаков таяу жерде ертеңгі ас әзірлеп жатқан-ды: ол қостағы жалғыз мисканы сумен шайқайды, — буханка нанды кеудесіне тіреп тұрып, бірдей етіп төртке кесті, құмырадан мискіге сүт құйды да, қою піскен қатты ботқаның бір кесегін үгіп, Григорийге қарады.

— Мелехов, сен бүгін ұзақ ұйқтадың. Қарашы күн қай жерге келген.

— Ұжданы таза адам қашан да жақсы ұйқтайды, — деді Стерлядников, тап-таза жуылған қасықты шинелінің етегіне үйкелеп. — Ал Капарин түні бойы көзін ілген жоқ, үнемі төңбекшумен болды...

Фомин, үнсіз жымыйып, Григорийге қарады.

— Ертеңгі асқа отырыңыздар, қарақшылар! — деді Чумаков.

Ол алдымен қасығын батырып сүт алды да, жарты тілім нанды бір-ақ тістеп үзіп алды. Григорий қасығын қолына алды, отырғандарды қадағалап тегіс бір қарап өтті.

— Капарин қайда? — деп сұрады.

Фомин мен Стерлядников үнсіз тамақ жей берді, Чумаков Григорийге қадала қарады да, бірақ ол да үн қатпады.

— Капаринді қайда тығып қойдыңдар? — деп сұрады Григорий, түнде болған уақығаны бұлдырлау болжап.

— Капарин қазір алыста, — деп жауап берді Чумаков, жайбарақат жымыйып. — Ол Ростовқа жүзіп кетті. Қазір, бәлкім, Усть-Хопер төңірегінде қалқып бара жатқан шығар... Әне тұр оның шолақ тоны, қара.

— Шынымен-ақ өлтіріп тастадыңдар ма? — деп сұрады Григорий Капариннің шолақ тонына жалт қарап.

Бұл жөнінде сұрамаса да боларлық еді. Онсыз да

бәрі анық болатын, бірақ ол сұрап қалды. Оған жауапты бірден бермеді де, Григорий сұрағын қайталады.

— Әрине, өлтірдік, белгілі нәрсе, — деді Чумаков, оның мөлдіреген әдемі көкшіл көздерін кірпіктері жауып кетті. — Мен өлтірдім. Менің лауазымым сондай ғой — адам өлтіру...

Григорий оған назарын сала қарады. Чумаковтың қошқыл-күрең, кірсіз беті жайбарақат, тіпті ақжарқын пішінде еді. Алтындай жарқыраған ақсары мұрты, қастары мен артына қайырған қоңыр шаштарын онан да бетер қоңырайтып, тотыққан бетте ерекше көрініп тұр. Фомин бандысының бұл еңбегі сіңген жендеті нағыз көрікті және бір көрмеге момақан жігіт еді... Ол қасығын брезент үстіне қойды да, алақанының сыртымен мұртын сүртіп:

— Яков Ефимычқа алғыс айт, Мелехов. Сенің шыбын жаныңды алып қалған сол, әйтпесе қазір Капаринмен бірге сен де Донда қалқып бара жатқан болар едің... — деді.

— Не үшін?

Чумаков жайымен, баптап сөйлей бастады:

— Капариннің қолға берілгісі келген болуы керек, кеше сенімен бірдемені ұзақ әңгімелесті ғой... Оны біз, мына Яков Ефимыч екеуміз, бұл күнадан аулақ болсын деп ұйғардық. Мынаған түгел айтуыма бола ма? — деп Чумаков жауап күткендей ер пішінмен Фоминге қарады.

Фомин басын изеді де, Чумаков, шала піскен сөкті күтірлете шайнап, әңгімесін айта берді:

— Кештен бастап бір емен кеспелтекті дайын етіп қойдым да, Яков Ефимычқа: «Мен мұның екеуін де, Капаринді де, Мелеховты да түнде бір жайлы етем» дедім. Ол маған: Мелеховты қой, Капаринді бітір деді. Уәдені осыған байластық. Андуға кірістім, Капарин ұйқтаған кезде сенің де қорылдап ұйқтағаның құлағыма шалынды. Еңбектеп келдім де кеспелтекпен бастан бір қойдым. Штабс-капитанымыз аяғын да серіпкен жоқ! Рақаттана көсіле түсті де — жан тапсырды... Ақырындап тұла бойын тінтіп шықтық, сосын біріміз аяғынан, біріміз қолынан көтеріп жағаға апардық, етігін, френчін, шолақ тонын шешіп алдық та, суға күмп еткіздік. Ал сенің жаның да, тәнің де ешнәрсені сезген жоқ, тек ұйқының қызығында болдың... Бүгінгі түні, Мелехов, саған ажал жақын-ақ тұрды! Төбеңде төніп тұрды. Яков Ефимыч са-

ған тию керек емес десе де, мен ішімнен: «Күндіз бұлар не сөйлесуге тиіс? Бес кісінің екеуі аулаққа шығып алып, құпия сөйлесуі — бұл бір пасық іс...» деп ойладым. Сенің қасыңа жасырынып келдім де, қылышпен шүйіре тартып қалмақшы едім, әйтпесе кеспелтекпен қойып жіберсем — еңгезердей күшті сайтан бірден есеңгіремей қалса, ұшып түрегеліп ата бастар деп ойладым... Бірақ тағы да істі Фомин бұзып жіберді. Қасыма келіп сыбырлап: «Тиме, бұл біздің адам, бұған сенуге болады» деді. Анау да мынау, және оның үстіне Капариннің қаруының қайда кеткені бізге жұмбақ болып қалды? Сонымен, сенің қасыңнан кетіп қалдым. Ой, қатты-ақ ұйқтадың, басыңа келген бәлені де сезген жоқсың!

Григорий байсалды түрмен:

— Бекерге өлтірген болар едің, ақмақ! Капаринмен менің астыртын әңгімем болған жоқ,— деді.

— Ал оның қаруы неліктен сенде болып шықты?

Григорий езу тартты:

— Оның пистолеттерін мен күндіз тартып алғанмын, ал затворды кешкілікте суырып алып, ердің терлігінің астына тығып қойдым.

Ол Капариннің кешегі әңгімесін және оның ұсынысын айтып берді.

Фомин риза болмай:

— Мұны сен кеше неге айтпадың? — деп сұрады.

— Жасық сұмырайды аяп едім,—деп Григорий ашықтан-ашық мойнына алды.

— Ой, Мелехов, Мелехов!— деп айқайлап жіберді шын таңданған Чумаков.— Сен аяушылығыңды Капариннің винтовка затворын тыққан жеріңе — терлік астына салып қой, әйтпесе аяу сені жақсылыққа жеткізбейді.

— Сен маған ақыл үйретпе. Сенің білгенінді мен де білермін,— деді салқын түрде Григорий.

— Не деп үйретем мен саған? Ал егер түнде сол аяушылығың арқасында тектен-текке, бостан-босқа сені ол дүниеге жөнелткен болсам,— онда қалай болар еді?

— Қерегінің өзі сол сапар болар еді де қояр еді,— деп Григорий ойланып, ақырын ғана жауап берді. Және басқалардан гөрі өзіне арнағандай, толықтырып:— Өлімді қарсы алу ояу кезде қорқынышты, ұйқтап жатқан уақытта ол оңай шығар...— деді.



Бұлар апрельдің аяқ кезінде түнде қайықпен Доннан өтті. Рубежныйда өзен жағасында оларды Төменгі-Кривой хуторының Александыр Кошелев дейтін жас қазағы күтіп тұр еді.

— Яков Ефимыч, мен сіздермен бірігемін. Үйде тұру әбден жалықтырды, — деді ол Фоминмен амандасып тұрып.

Фомин Григорийді шынтағымен түртіп қалып, сыбыр ете қалды.

— Көрдің бе? Айттым ғой мен... Аралдан өтіп үлгіргеніміз жоқ, ал халық дегенің — міне! Бұл — менің танысым, жауынгер жас казак. Ырым жақсы! Демек, іс шығады.

Даусына қарағанда, Фомин мәз болып езу тартқан сыяқты. Жаңа бір қылмыстаың пайда болғанына ол көрінеу шаттануда.

Аман-сау өтуі және бірден бұларға бір адамның қосыла кетуі — оны сергіте түсті, жаңа үміттерге қанатын қомдатты.

— Тіпті сенің винтовкаң мен наганыңнан басқа, қылышың да, дүрбің де бар ғой? — деді Фомин мәз болып, қараңғыда Кошелевтің қару-жарақтарын сыйпалап қарап. — Казак деп осыны айт! Қоспасы жоқ, нағыз казак екені бірден көрініп тұр!

Күймелі арбаға титтей бір жылқы жегіп жағаға Фоминнің немере інісі келді.

— Ер-тоқымдарыңды арбаға салындар, — деді ол ақырын ғана. — Тездетіндер, құдай үшін, әйтпесе уақыт тартар, жол да жуық емес...

Ол қобалжып Фоминді асықтырды, ал Фомин аралдан шығып, туған хуторының мызғымас жеріне аяғы ілінгенін көрген соң, бірер сағатқа үйіне кіріп шығуға да, таныс хуторластарының халдерін білуге де қарсы емес еді...

Таң алдында Ягодный хуторының жанындағы бір үйір жылқыдан тандап-тандап ат ұстап, ер салысты. Жылқы күзеткен шалға Чумаков:

— Атай, аттар жөнінде аса қайғырманыз. Ат дегендеріңіз бір ауыз жақсы сөзге де арзымайды және біз оларды аз уақыт-ақ мінеміз — қалай тәуірірек ат тапсақ, солай мыналарды иелеріне қайтарамыз. Егер де: аттарды

алып кеткен кім? — деп сұраушы болса, Краснокутская станицасының милициясы алып кетті — дерсің. Қожайындар сонда бара берсін... Біз бандыны қуып жүрміз, дәл осылай дегейсің!

Жолға шыққан соң бұлар Фоминнің інісімен қоштасты, сонан кейін солға қарай бұрылды да, бесеуі де оңтүстік-батыс жаққа қарай кетті. Алыпқашты хабарға қарағанда, Мешковская станицасына жақын бір жерде, жуырда Маслак бандасы көрініп кеткен деседі. Қосылуға бел байлаған Фомин сонда жол тартты.

Үлкен хуторлар мен станицалардан қашқақтап, олар Маслактың бандысын іздеп, оң жағалықтың қыр жолдарымен үш тәулік бойы маңайдың бәрін шарлады. Каргинская станицасымен шектес тавричан поселкелерінде өздерінің жаман-жұман аттарын күйлі, жүрдек тавричан аттарына ауыстырып алды.

Төртінші тәулікке қарай ертемен, Вежи хуторына жақын жерде, қыйырдағы асу үстіндегі атты әскердің жорық тізбегін алдымен Григорийдің көзі шалып қалды. Жол бойымен келе жатқаны екі эскадроннан кем емес те, ал алдында және екі қабырғада шағын-шағын шолғыншы отрядтар келе жатты.

— Не Маслак, не... — Фомин дүрбіні көзіне тақады.

— Не жаңбыр, не ақша қар, не жаумас, не жауар, — деді Чумаков келемеждеп. — Яков Ефимыч, сен дұрыстаңқырап қара, әйтпесе қызылдар болып шықса, бізге аттың басын бұру керек және тез бұру керек!

— Сайтанның көзі жетпесе, айырып бола ма оларды бұл жерден? — деді ызаланып Фомин.

— Қарандаршы! Бізді көздері шалып қалды! Шолғыншы отряд бері шауып келеді! — деп айқайлады Стерлядников.

Анығында бұларды көріп те қалған болатын. Оң жақта келе жатқан отряд кілт бұрылды да, саржеліспен бұларға қарай ұмтылды. Фомин дүрбісін шапшаңдап қабына тықты, бірақ, Григорий жымыя күліп, ат үстінен еңкейіп Фоминнің атын сулығынан ұстады.

— Асықпа! Жақынырақ келтірейікші. Небәрі олар он екі-ақ адам. Анықтап әбден көрейік өздерін, ал әлдеқалай жағдай бола қалса, шаба жөнелуге де болады. Ас-

тымыздағы аттарымыз жақсы, неден қорқасын? Дүрбіне кара!

Минут сайын қарасыны ұлғая түсіп, он екі салтатты бірден-бірге жақындай берді. Жас шөп басып кеткен адырдың жасыл аясында олардың тұлғалары ап-айқын көрініп қалды.

Григорий және басқалары Фоминге тығыршый қарасты. Фоминнің дүрбі ұстаған қолдары аздап дірілдей бастады. Оның қадала қарап зорланғаны соншалық, тіпті күн жақтағы бетін бойлай көз жасы сорғалап кетті.

— Қызылдар! Фуражкаларында жұлдыздары бар!..— деп акырын, күнгірт дауыспен айқайлап жіберді де, Фомин атының басын бұрды.

Қашу басталды. Бұлардың артынан сирек-сирек бытыраңқы атыс естіліп жатты. Оқта-текте артына қарап қойып, Григорий төрт шақырым жер Фоминмен қатарласа шапты.

— Мәссаған, қосылдың атаңның басын!..— деді ол мақтап.

Фомин тұнжырап, үн қатпады. Атын сәл тежей түсіп, Чумаков айқай салды.

— Хуторларды жанай қашу керек! Вешенская отво-дына ойысайық, ол меңіреу түкпір ғой.

Тағы бірнеше шақырым құтырынған шабыстан кейін аттар болдырады. Аттардың ілгері созылған мойындарынан ақ көбікті тер шып-шып шықты да, мойын терілерінің өнбойында терең қатпар пайда болды.

— Шамалау керек! Теже! — деп команда берді Григорий.

Он екі салт аттыдан арт жақта тоғызы-ақ қалған, басқалары кейін қалып қойған екен. Екі араны көзбен өлшеп жіберді де, Григорий:

— Тоқта! Кәне, атқылайықшы өздерін!..— деп айқай салды.

Бесеуі де аттарын желіске салып жіберіп, секіріп-секіріп түсе қалды да, винтовкаларын қолдарына алды.

— Ұста тізгінді! Сол жақ шеттегіні тұрақты нысанаға алып... Огонь!

Бұлар бір-бір обоймадан оқ жұмсады, бір қызыләскердің астындағы атын өлтірді де, қуғыннан тағы да жөней берді. Бұларды босаң қудалады. Алыс жерден мезгіл-мезгіл атқылап-атқылап, сонан кейін қуғыншылар біржола қалып қойды.

— Аттарды суарып алу керек, эне тоған,— деді Стерлядников, қамшысымен алыстағы қыр тоғанның көгеріп жатқан жіңішке айдынын көрсетіп.

Кездескен сай-салаларды көзбен сүзіп, жердің жыра-жықпылын пайдаланып, көзге түспей өтуге тырысып, бұлар енді аяндап келе жатты.

Бөгеттен аттарын суарып алды да, қайтадан жолға шықты, әуелі аяндап жүрді де, аздан кейін — желіске салды. Түс кезінде ат шалдыруға, даланы айқыштап кесіп өткен, терең бір сайдың беткейіне тоқтады. Фомин жақын жердегі қорғанның төбесіне жаяу шығып, сол жерден бақылап тұруды Қошелевке тапсырды. Даланың бір жерінен салтаттылар көріне қалған күнде ол атой беріп дереу аттарға қарай жүгіруге тиіс болды.

Григорий атына шідер салды да, отқа жіберді, ал өзі қасындағы қабақтың құрғақтау жерін тандап алып, жантая кетті.

Балғын шөп бұл жерде, сайдың күңгей бетінде, биігірек және ну өскен еді. Шешек атып болып келе жатқан қыр фиалкасының өте нәзік хош исін күнге қызған қара топырақтың бұрқыраған тұщы демі тұншықтыра алған жоқ-ты. Фиалкалар тыңайған жерлерде де өскен, түйе бұршақтың сыйдйған сабақтарының арасынан да жарып шыққан, әлдеқашанғы межелердің жиектерінде де гүлден салған әшекейдей төселген және тіпті шақат қатты тың жерде де өткен жылғы өңі кеткен шөптің арасынан фиалкалардың, сәбидің көзіндей, тап-таза көгілдір көздері дүниеге мөлдіреп қарап тұр. Бұл шалғай байтақ далада фиалкалар мерзімді өмірін сүріп болуға айналған, ал олардың орнына сай бойында, сортанда күн көзіне өздерінің күрең, сары және ақ тостағаншаларын тосып, тамаша жарқырап қызғалдақтар көтерілген де, жел, гүлдердің түрлі текті иістерін араластырып жіберіп, даланың бойын қуалай әлдеқайда әкетіп жатыр.

Солтүстік беткейдің қайраңында, жарқабақты көлеңкелеп, ылғалы шып-шып ағып, әлі күнге тұтас қар қабаттары жатыр. Бұл қарлардан суық леп еседі, бірақ бұл суық шешек атып жеткен фиалканың бұлдыр және, өткен күннің ойға түскен бір қымбатты мезеті сыяқты, мұнды исін онан да гөрі күшейте түседі...

Аяқтарын талтайта көсіліп, Григорий шынтактап жатыр, ол күн нұрында мұнартқан даланы, қыйырдағы жота үстіндегі күзет қорғандарын, баурайдың қырындағы

құбылған құйылмалы сағымды көзімен жұтып қоярдай боп шолды. Бір минутқа көзін жұмды да, ол бозторғайлардың алысты-жуықты әнін, жайылып жатқан аттардың жүрісі мен пысқырғанын, ауыздықтың шылдырлағанын және балғын шөптің арасындағы желдің сыбдырын тыңдады... Қатты жерге бүкіл денесінің бар салмағын салып ол бір оғаш безіну де тынышталу сезіміне шомып жатты. Бұл сезім оған көптен таныс еді. Бұл сезім әрдайым қауіп-қорқыныш бастан өткен кезде келетін еді де, Григорий төңірегіндегіні жаңадан көрген сыяқты болатын. Оның бейне бір көзі де көреген, құлағы да сақ құлақ болып кеткен сыяқты, бұрын байқалмай өтіп кеткеннің бәрі, жүрегі орнына түскеннен кейін, оның назарын аудартатын болды. Қазір ол жағалтайдың қыялай зуылдап, титтей бір құсқа түйілгенін де, өзінің алшайған екі шынтағының арасына зорға деп жеткен қара қоңыздың қыбыр-қыбыр жүрісін де және сәл ғана жел тербетіп сұлу қыздай сәнденген қызыл-қоңыр қызғалдақтың теңселгенін де бірден зер салып, тең құштармен бақылады. Қызғалдақ жап-жақын жерде, құлаған суыр інінің жиегінде өсіпті. Үзуге қол созсаң жетерлік жерде, бірақ Григорий гүлге, қыртыстарындағы ертеңгі шықтың құбылмалы тамшыларын қымтай сақтап тұрған гүл сабағының тығыз жапырақтарына үнсіз масаттана сүйсініп, тыпыр етпестен жатыр еді. Сонан соң ол көзін аударды да, ешбір ой ойламастан, сонау аспан аясында шүйіліп, әлдеқашанғы ескі суыр індерінің өлі кентінің үстінде қалықтап жүрген қара құсты ұзақ уақыт көзімен қадағалады...

Түнге шейін Еланская станицасының таныс хуторларына жетіп алмақшы боп, екі сағаттан кейін бұлар аттарына қайта мінді.

Бұлардың кетіп бара жатқаны туралы қызыләскер шолғыншылары, сірә, телефон арқылы хабарлап қойса керек. Каменка слободасына ене бергенде өзеншенің арғы жағындағы бір жерден алдынан тарсылдаған атыс шықты. Оқтың әндеткен ысқырығы Фоминді басқа жаққа бұрылып кетуге мәжбүр етті. Жауған оқтың астында слободаның шетімен шапқылап өтті де, бұлар кешікпей Вешенская станицасының шабындық жеріне шығып алды. Топкая Балка поселкесінің сыртында бұларды милицияның бір шағын отряды қолға түсіріп алуға әрекет жасады.

— Сол жағынан орағытайық,— деп бұйырды Фомин.  
— Атакаға шабамыз,— деді Григорий батыл түрде.  
— Олар тоғыз адам, біз бесеуміз. Жарып өтеміз!

Оның ұсынысын Чумаков пен Стерлядников қостады. Қылыштарын суырып алды да, бұлар салыққан аттарын жай текірекке салып ұмтыла түсті. Аттарынан түспестен, милиционерлер жиілете оқ жаудырды да, сонсоң, атаканы қарсы алмастан, шапқылап шетке қарай қаша жөнелді.

— Бұл — әлсіз команда. Олар протокол жазуға ғана шебер, шындап ұрысуға шамасы келмейді! — деп айқайлады Кошелев мысқылдап.

Соңынан қалмаған милиционерлер төніп қалғанда, атыспен қорғана отырып, Фомин және басқалары шығысқа қарай асты, тазы иттер қуған қасқырлардай: оқта-текте арсылдасып алып, бірақ тоқталмастан, аса берді. Бір атыста Стерлядников жаралы болды. Оқ сүйегіне тиіп, сол жақ аяғының балтырынан өтіп кетті. Аяғы жарылып кеткендей ауырып, Стерлядников ох деп айқайлап жіберді, өзі боп-боз болып кетті.

— Аяғыма тиді... Бәз-баяғы осы, ақсақ аяғыма...— деді ол.

Чумаков, шалқая түсіп, тамағын жырта қарқылдады. Қатты күлгеннен оның тіпті көзі жасаурап кетті. Мұның қолына сүйенген Стерлядниковті атына мінгізіп жатып та ол күлкіден селк-селк етіп:

— Апыр-ай, қалай ғана таңдаған десейші өздері? Олар сені әдейі көздеген ғой... Бір ақсақтың шауып бара жатқанын көрген де, кәнекей, осының сол аяғын мүлдем жұлып берейік деп, ойлаған болса керек... Ой, Стерлядников-ай! Ой, өлімшім-ай! Аяғың тағы бір сүйем қысқарады-ау... Сен енді қайтып билер екенсің? Сенің аяғыңа арнап енді шұқырды тереңдігін бір аршын етіп қазуыма тура келеді ғой...— деді.

— Жап аузыңды, көкмылжың! Сенімен қалжыңдасқалы тұрғаным жоқ. Құдай үшін жап аузыңды! — деп өтінді Стерлядников, ауруына шыдай алмай, тыжырынып.

Жарты сағаттан кейін, сансыз сайлардың бірінің иінен шыға бергенде ол:

— Кәне, тоқтайықшы, аздап аялдайық... жарақатымның аузын бітеп тастауым керек, әйтпесе етікке қан толып кетті...— деп тілек етті.

Кідіріс жасады. Григорий аттарды ұстап тұрды да,

Фомин мен Кошелев көз ұшында бұлдыраған милиционерлерге сиректеу оқ атқылады. Чумаков Стерлядниковтің етігін шешуіне жәрдемдесті.

— Қан шынында да көп саулап қалыпты ғой...— деді де, Чумаков қабағын түйіп, етіктегі қызыл қойыртпақты жерге төкті.

Ол қанға шылқып кеткен шалбарды қылышпен тіліп жібергісі келіп еді, бірақ Стерлядников көнбеді.

— Шалбарым ұржаңа, оны тілудің керегі жоқ,— деді де, ол екі алақанымен жер тіреп, жаралы аяғын жоғары көтерді.— Тарт шалбарды, тек ақырындап қана тарт.

— Дәкең бар ма? — деп сұрады Чумаков, қалталарын сыйпалап.

— Сайтаныма керек пе маған ол сенің дәкең? Онсыз да бірдеңе етермін.

Стерлядников жараның оқ өтіп шыққан тесігін зерлей қарады, сонан соң тісімен патронның оғын жұлып шығарып, ішіндегі дәріні алақанына салды, топырақты түкірігімен сулап алып, дәріге қосып ұзақ уақыт араластырды. Жараның оқ тесіп өткен екі жақ тесігін де сол балшықпен қалың етіп майлады да, мәз болып:

— Бұл сынап көрген іс! Жара құрғайды да, екі тәуліктен кейін, иттің жарасындай боп, жазылып кетеді.

Чирдің нақ өзіне жеткенше олар еш жерге тоқтамады. Милиционерлер сондарынан бірталай жерде келе жатты да, анда-санда ғана сол жақтан жалғыз-жарым мылтық даусы естіліп тұрды. Фомин жалтақтап арт жаққа жиі-жиі қарап келе жатты.

— Қарамыздан көз жазбай келе жатқандарын қарашы... Әлде бұлар басқа жақтан көмек күте ме екен? Алыстан торулары бекерге емес...— деді ол.

Вислогузовский хуторына келгенде бұлар Чир өзенше-сінен кешіп өтті, жайбар дөңнің үстіне аяндап шықты. Аттары әбден болдырды. Ылдыйға қарай аттары әрең деп бүлкілдеп түсті де, ал өрге қарай, қара терге малынған аттардың бүйірлері мен сауырларынан ақ көбікті алақандарымен сыпырып тастап, олар аттарын жетелеп шықты.

Фоминнің болжалдары дұрыс боп шықты. Вислогузовскийден бес шақырым жерде тың және шабысы қарқынды аттарға мінген жеті салтатты бұларды қуып жетуге айналды.

— Егер де бұлар бізді мұнан бұлай да бір қолдан

екінші қолға осылай өткізіп отыратын болса,— біз құрыдық! — деді Қошелев тұнжырап.

Бұлар жолсыз даламен жүрді, кезектесе атысып, қорғанды: екеуі, шөп арасында жатып, оқ жаудырған кезде қалғандары екі жүз сажен жер жүріп барып, аттан түсіп, жауды атқылап тоқтатып, алғашқы екеуінің төрт жүз сажен жерге барып жата қалып, атысқа әзірленуіне мүмкіндік беріп тұрды. Бұлар бір милиционерді өлтірді, я жаралады, екіншісінің астындағы атын өлтірді. Кешікпей Чумаковтың аты да оққа ұшты. Ол Қошелевтің үзегісінен ұстай алып, аттан қалмастан, қатарласа жүгіріп отырды.

Көлеңке ұзара түсті. Күн еңкейіп, батуға айналды. Григорий жұбымызды жазбайық деп ұсынды да, бұлар аяндап бәрі бірге жүріп отырды. Олармен қатарласып жаяу Чумаков та аяндап келе жатты. Сонан соң олар адырдың жотасы үстінде келе жатқан, қос ат жеккен арбалыны көріп, жолға қарай бұрылды. Тоқтасқан, сақалды лаушы казак аттарын қамшының астына алып, шапқылай жөнеліп еді, бірақ мылтық атылғаннан кейін тоқтатуға мәжбүр болды.

— Шауып тастайын ба, оңбаған немені! Қашудың не екенін түсінер еді сонда...— деді Қошелев тістеніп, алға қарап жұлқынып, бар күшімен атын қамшылап.

— Сашка, сен оған тиме, рұқсат етпеймін! — деп ескертті де, Фомин алыстан айқайлап:— Қарт, доғар аттарыңды, есіттің бе? Доғар жаның барында!

Қарттың еңіреп жалынғанына құлақ қоймастан, жетек қайысты өздері ағытты, аттардың шлеялары мен қамыттарын сыпырып тастап, жалма-жан ер салды.

— Орнына ең болмаса аттарыңның біреуін қалдырып кетіндер! — деп жалынды шал еңіреп.

— Тісінді сындырғанды қаламайсың ба, қарт сайтан? — деп сұрады Қошелев.— Аттар біздің өзімізге де керек! Тірі қалғаныңа құдай тағалаға құлдық де...

Тың аттарға Фомин мен Чумаков мінді. Өкшелеп, соңына түсіп қалмай келе жатқан алты салтаттыға кешікпей тағы да үшеу қосылды.

— Қамшыны қаттырақ басу керек! Ал кеттік, жігіттер! — деді Фомин.— Егер де кешке шейін Кривскийдің сайларына иек артсақ — онда құтылғанмыз...

Ол атын қамшылап жіберіп, алға қарай шаба жөнелді. Сол жағында жетегінде екінші ат шауып келеді. Ат



тұяғы қырқып, шеңгелдей лақтырған қызғалдақтың ал-күрең бастары, бейнебір зор-зор тамшы қан сыяқтанып, жан-жаққа ұшып жатты. Фоминнің соңынан шауып келе жатқан Григорий, қан сыяқты шашыраған қызғалдаққа қарады да, көзін жұмды. Оның біртүрлі басы айналып кетті де, өзіне мәлім шаншу жүрегіне қадала қалды...

Аттар ақтық күшін салып шапты. Үздіксіз шабыс пен аштықтан адамдардың да сілесі құрыды. Стерлядников ер үстінде теңселіп, ақ бөздей аппақ болып, зорға келе жатты. Одан қан көп кетті. Оны шөл мен лоқсу қажытты. Ол аздап кеуіп қалған нан жеп еді, бірақ оны дереу құсып тастады.

Ымырт түйіле, Кривский хуторына жақын жерде олар өрістен қайтқан табынның ішіне еніп кетті, ақтық рет қуғыншыларға бірнеше оқ атты да, қуғыншының қалып қойғанын көріп, қуанып кетті. Тоғыз салтатты алыста тұрып, бір жерге топтанды, маслихаттасып алғандай болды да, аттың басын кері бұрды.

Кривский хуторында Фоминге таныс казактың үйінде олар екі тәулік болды. Қожайын ауқатты кісі еді, оларды ол жақсы қабыл алды. Қараңғы сарайға жемге қойған аттар сұлыны тауыса алмады да, екінші тәуліктің аяғында сұрапыл шабыстан әбден тынығып, тыңайып қалды. Аттарды кезекпен күзетті, өрмекші ауын тоқып тастаған қоңыр салқын топан сарайында олар қатарынан тізіліп жатып ұйқтады да, аралда ашығып өткізген күндерінің есесін қайырып, емін-еркін тамақтанып, оңалып алды.

Хутордан келесі күні-ақ кетуге болатын еді, бірақ бұларды Стерлядников кідіртті: оның жарасы ушығып кетіп, таңға қарай жараның жиектерінде қызғылттық пайда болды, ал кешке қарай аяғы күп болып ісіп кетті де, ауру есін білмей қалды. Оны шөл қажытты. Түні бойы қалай есі кіре бастаса-ақ, ол су сұрап, қанбастан, мол-молынан ішті. Бір түнде ол бір шелекке жақын су ішіп қойды, бірақ көлденең адамның көмегімен де орнынан тұра алмайтын болды — әрбір қыймылдың өзі де оны рақымсыз қанқақсатты, ол тынбастан ыңқыл қақты. Даусы естілмесін деп оны сарайдың түкпір бұрышына апарып жатқызды, бірақ мұның да пайдасы болмады. Кейде ол

өте қатты ыңкылдады, ал есінен айрылып қалған кездерде сандырақтап, жөнсіз қатты айқайлап жатты.

Оның қасына да күзет қоюға тура келді. Оған су беріп тұрды, күйіп бара жатқан маңдайына сулы шүберек басып, өте қатты ыңкылдаған кезде яки сандырақтаған уақытында алақанмен, я бөрікпен аузын басып отырды.

Келесі күннің көшіне қарай Стерлядников есін жыйды да, тәуірірек болып келемін деді.

— Қашан жүресіндер бұл жерден? — деп сұрады ол Чумаковтан, саусағымен ымдап, оны қасына шақырып алып.

— Бүгін түнде.

— Мен де жүремін. Христос үшін, мені бұл жерге тастап кете көрмендер!

— Қайда бара аласың сен? — деді Фомин ақырын ғана. — Сенің аударылуға да шамаң жоқ.

— Қалайша шамам жоқ? Бері қара! — деп Стерлядников зорланып басын көтерді де, дереу қайтадан сылқ ете түсті.

Беті албырап кетті, маңдайынан шып-шып тер шықты.

— Алып кетеміз, — деді Чумаков үзілді-кесілді түрде. — Алып кетеміз, қорықпашы, жарқыным! Сұрт көз жасынды, қатын емессің ғой сен.

— Бұл — тер, — деп сыбыр етті де, Стерлядников ақырын ғана бөркін көзіне түсіріп жіберді...

— Сені бұл жерге тастап кету де қуаныш болар еді, бірақ қожайын көнбей тұр. Жасыма, Василий! Аяғың жазылады, екеуміз әлі күресерміз де, казачокты да билерміз. Неменеге рухың түсіп кетті сонша, жә? Ең болмаса жараң еңбекке арзыйтындай болса екен-ау, түкке тұрмайтын бірдеме!

Басқалармен сөйлескенде жүз жыртысып, қатал сөйлесетін Чумаков бұл сөздерді жүрегі елжірей, сондай бір жағымды, жұмсақ, бауырмалшыл үнмен айтқаны сонша, Григорий хайран қалып, оған жалт қарады.

Хутордан олар таңға жақын шықты. Стерлядниковті атқа әрең мінгізді, бірақ ер үстінде өздігінен отыруға оның шамасы келмеді, біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа ауытқый берді. Оң қолымен оны қаусыра құшақтап Чумаков қатарласа жүріп отырды.

— Мына масылды көрдің бе... Тастап кетуге тура келеді-ау деймін, — деп сыбыр ете қалды Фомин, Григорийдің маңайына жанасалай беріп, қынжыла басын шайқап.

— Өлтіріп кетпекшісің бе?

— Е, сөйтпегенде, оның тісіне қараймыз ба? Онымен қай жерге бармақпыз?

Бұлар аяңмен ұзақ жүрді, тіл қатыспады. Чумаковтың орнына Григорий, сосын Кошелев ауысып, Стерлядниковті сүйемелдеп келе жатты.

Күн шықты. Төменде әлі де Дон үстінде тұман будақтап тұр, ал адыр басында ауа тұнық, қыян дала ап-айқын еді, төбеде түбіттенген ақша бұлттар қыймылсыз тұрып қалған да, аспан күмбезі минут сайын мөлдіреп көкшілдене түседі. Шөп күмістей шық қамқасын жамылып жатыр да, аттар жүріп кеткен жерде жүлгеленіп қоңырқай із түсіп қалады. Даланы басқан манаураған ұлы тыныштықты бозторғайлар ғана сәндеп тұрғандай.

Басын ат аяғының ырғағына сәйкес еріксіз шұлғып келе жатқан Стерлядников, ақырын ғана:

— Ой, қыйналдым-ау! — деді.

— Шығарма үнінді! — деп Фомин қатулана қайырып тастады. — Сені мәпелеу бізге де оңай емес.

Гетман жолына жақын жерде аттың аяғының астынан безгелдек ұшып шығып, шырақтай шаншылып, жоғары көтерілді. Талықсып келе жатқан Стерлядников оның қанаттарының дырылдаған өткір зуылынан селт етіп, есін жыйып алды.

— Бауырларым, түсіріндер мені аттан... — деп өтінді ол.

Кошелев пен Чумаков ақырындап оны аттан көтеріп алып, дымқыл шөптің үстіне жатқызды.

— Тым болмаса көрейікші осы сенің аяғыңды, қандай болды екен. Кәне, ағыт шалбарыңның түймесін! — деді Чумаков жүресінен отырып алып.

Стерлядниковтің аяғы кең шалбарына сыймай, қыртыс қалдырмай ктеріп, кереметтей күп болып ісіп кеткен екен. Нақ санына шейін күлгін түске айналған терісі жылтырап кетіпті де, сыйпағанда қоңыр мақпал сыяқты боп көрінетін дақ басқан екен. Тек түсі ғана ақшыл, сол сыяқты дақтар қабысып қалған қоңырқай қарнында пайда болыпты. Жарадан, шалбарға жабысып кеуіп қалған қошқыл қаннан сасық иіс аңқып кетті де, мұрнын қолымен қысып, лоқсуын зорға басып Чумаков досының аяғын қарады. Сонан соң ол Стерлядниковтің жабылып кеткен көкшіл қабақтарына жіті қарап алды, Фоминмен екеуі бір біріне көз тігісіп:

— Антон оты<sup>1</sup> шарпығанға ұсайды... я-а-а... Халиң жаман, Василий Стерлядников... Тура шаруасы біткен жұмыс! Ой, Вася, Вася, бұл бәлеге қалай ұшырадың сен...

Стерлядников жиі-жиі ышқынып, дем алып жатты да, бір ауыз да сөз айтпады. Фомин мен Григорий, бейне команда бергендей, аттарынан түсті де, жел жағынан жаралының қасына келді. Стерлядников біраз жатты да, қолымен жер тіреп, басын көтеріп отырды, бұлдыраған және өмірден безген қатал көзбен барлығын бір шолып өтті.

— Бауырларым! Қыйындар мені өлімге... Мен бұл дүниенің адамы емеспін... Әл-қуатым бітті, қыймылдар халім қалған жоқ.

Ол қайтадан шалқасынан жатты да, көзін жұмды. Фомин және басқалары мұндай тілектің боларын білген еді де, соны күткен-ді. Қошелевке көзін қысып қалды да, Фомин теріс айналды, ал Қошелев, бұйрықты екі айтқызбастан, иығынан винтовкасын жұлып алды. Шеткерек кеткен Чумаковтың ерніне қарап, ол: «Ат!»— деген сөзді есітпесе де, долбармен ұқты. Бірақ Стерлядников көзін қайтадан ашып, батыл түрде:

— Мына жерден ат,— деп қолын көтеріп, саусағымен кеңсірігін көрсетті.— Шам-шырақ бірден сөнсін... Менің хуторыма соқсандар — қатыныма айтындар: осылай да осылай болды дендер... Мейлі, күтпесін.

Қошелев күдікті түрде ұзақ уақыт затворымен әуреленді, кідірістеп қалды, ал Стерлядников, қабағын жауып жіберіп, сөзін айтып та үлгірді.

— Менде — жалғыз-ақ қатын... бала жоқ... Бір бала туып еді,— ол да өлі туды. Содан қайтып ол бала көтермеді...

Қошелев винтовкасын екі қайтара көтеріп қалды да, өңі бірден-бірге сұрлана түсіп, екі ретінде де қайтадан түсірді... Чумаков ызаланып иығымен оны қағып жіберді де, винтовкасын қолынан жұлып алды.

— Қолыңнан келмейді екен, кіріспе мұндай іске, күшік қан неме!..— деп айқайлады ол қырылдап, сонсоң басындағы бөркін алды да, шашын сыйпады.

— Тезірек! — деп асықтырды Фомин, үзеңгіге аяғын салып жатып.

Чумаков айтатын сөзін саптап, жайымен ақырын ғана:

<sup>1</sup> Антон оты — өлі еттену, тән тканьдарының жансыздануы, шіруі (халық тілінде).

— Василий! Қош бол, мені және біздің бәрімізді де, Христос үшін, кешіре гөр! Ол дүниеде қосылармыз, сонда айтар бізге әділ төрелікті... Тілегінді қатыныңа жеткіземіз.— Чумаков жауап күтті, бірақ Стерлядников үндемеді, өлімді күтіп сұрлана берді. Тек қана күнге күйген кірпіктері, жел қозғағандай, дір-дір етті де, бір себеппен гимнастеркасының омырауындағы сынық түймесін салу әрекетіне кіріскен сол қолының саусақтары ақырын ғана қыбырлай түсті.

Өз өмірінің ішінде Григорий өлімді көп көрген еді, ал мынаған қарай алмады. Ол тізгінін керіп, жетектегі атын күшпен сүйрей, асығып алға қарай ұмтылды. Мылтық даусын ол, бейне бір оқ тап өзінің жаурынының қак ортасынан тиетіндей-ақ, үрейлі сезіммен күтті... Мылтық даусын күтті де, жүрегі әрбір секундты санағандай дүрсілдеді, ал кейінгі жақтан қатты, үздік-создық, гүрс еткен дауыс шыққанда аяқтары тәлтіректеп кетті де, көкке шапшыған атын әрең ұстап қалды...

Олар екі сағаттай үнсіз жүрді. Тоқтаған жерде ғана бұл іштен тынған үнсіздікті алдымен Чумаков бұзып жіберді. Алақанымен көзін басып, ол күңгірт дауыспен:

— Неге ғана аттым екен мен соны? Мойынға артық күна артқанша, далаға тастап кету керек еді. Әлі сол қалпында көз алдымда тұр...— деп өкінді.

— Әлі күнге бойынды үйрете алмай-ақ келесің бе? — деп сұрады Фомин.— Қаншама халықты қырдың — сонда да бойынды үйрете алмағаның? Жүрек емес сенің кеудеңдегі, тот басқан темір...

Чумаков сұп-сұр болып кетті, Фоминге қадалып, кәрлене қарады.

— Сен қазір маған тиме, Яков Ефимыч! — деді ол ақырын ғана.— Сен менің жанымды тырнама, әйтпесе мен сені де тоқ ете түсіре алам... Тіпті оп-оңай істермін!

— Неме қажет едің сен соншама, саған тигендей? Сенсіз де менің жейтін қамым жеткілікті,— деді Фомин ымыраласу пішінімен, және өзі күнге көзін сығырайтып, шалқасынан жатты да, рақаттанып созыла түсті.

Григорийдің ойлағанындай емес, бір жарым жұманың ішінде бұларға казактардан қырық адам келіп қосылды. Олар әртүрлі ұрыстарда берекесі қашқан бандылардың

қалдықтары болатын. Атамандарынан айрылып, олар оқу бойын кезіп, Фоминге қарай құлшына-құлшына ағылған-ды. Кімге қызмет ету, кімді өлтіру — бұларға мүдде бәрібір, олар ешнәрсені талламайтын, тек көшпелі емінеркін өмір сүруге мүмкіншілік болса, қолға іліккендердің бәрін түк қоймай тонаса болғаны. Саудасы біткен халық еді бұлар, Фомин де оларға қарап тұрып, жиренішті түрде: «Ал, Мелехов, бізге адам емес, тасқынның салындылары қаптады, тегісінен дара асатын адамдар!» — деді. Ішінен Фомин өзін әлі де «енбекші халық мүддесі жолындағы күрескермін» деп санайтын және бұрынғыдай жиі айтпаса да, анда-санда: «Біздер қазақ жұртшылығын азат етушілерміз...» дейтін. Барып тұрған ақмақшылық үміттер оның басынан арылмай-ақ қойды... Ол тағы да серіктерінің жасаған талан-тараждарына қалай болса солай қарайтын болды, мұның бәрі — шарасыз кездесетін зұлымшылық, бұған көну қажет, кезі жеткенде тонаушылардан құтылармын, мына тигтей бандының атаманы болып қалмай, қашан болса да көтерілісшілер бөлімдерінің нағыз қолбасшысы боламын деп дәмеленді...

Бірақ Чумаков қысылмастан, фоминдіктерді тегісінен «қарақшылар» деп атады да, Фоминнің өзіне: қанды ауыз қарақшыдан өзге сен ешкім де емессің деп, даусы қарлыққанша егесіп, дәлелдеумен болды. Оңашада екеуінің арасында қым-қыйғаш талас жиі-жиі туа берді.

— Мен совет өкіметіне қарсы саналы күрескермін! — деп айқайлайды Фомин, ашу кернеп, қып-қызыл болып. — Ал сен маған қайдағы бір сайтан атақты тағасың! Сен, ақмақ, өзін түсінесің бе, менің идея үшін күресіп жүргенімді?!

— Сен менің басымды қатырма! — деп қарсыласады Чумаков. — Сен менің шарбағымға көленденді түсірме. Мен бала емеспін! Идеялы кеменгер шыға қалған екен, қарай гөр! Сен нағыз таза қарақшысың, басқа ештеме де емессің. Бұл сөзден сен неге қорқасың? Түсіңсем бұйырмасың!

— Неге сен мені бұлай деп масқаралайсың? Аузыңа құм құйылып, құрып қалғыр, неге бүйтесің? Мен өкіметке қарсы шықтым, онымен қолыма қару алып күресіп жүрмін, мен қалайша қарақшы болмақпын?

— Міне сен сол өкіметке қарсы шыққандықтан да қарақшысың. Қарақшылар — ұдайы өкіметке қарсы шыққандар, бұл атамзаманнан бері солай. Совет өкіметі,

мейлі қандай болсын, ол бәрібір өкімет, ол он жетінші жылдан бері өмір сүріп келеді, кімде-кім оған қарсы шықса — сол адам қарақшы.

— Басында мыйың жоқ сенің! Генерал Краснов немесе Деникин ше — олар да қарақшылар ма екен?

— Қарақшы болмағанда енді кім деп едің? Тек эполеттері ғана бар... Иә, ол эполет деген де — үлкен жұмыс емес, оны мына біз де таға аламыз...

Фомин жұдырығымен тақтайды тарсылдатып, жерге түкірінетін еді де, күшті дәлел таба алмай, пайдасыз таласты доғара салатын-ды. Чумаковқа бір нәрсені дәлелдеп түсіндіру мүмкін емес еді...

Бандыға жаңадан кіргендердің көпшілігі жақсы қаруланған, жақсы киінген адамдар болатын. Тегіске жақын бәрінің де аттары жақсы, ұшы-қыйыры жоқ асуларға көндіккен және қыйналмай-ақ күніне жүздеген шақырым жер шапқылауға төзетін аттар еді. Олардың кейбіреулерінде қос аттан болатын: бірін мініп, бірін жеңілдей жетекке алып жүретін. Керек болып қалған кезде қос атқа алма-кезек мінген кісі күн тәулігіне екі жүз шақырымдай жер де жүріп кете алатын.

Фомин бір күні Григорийге:

— Егер де бізде әуел бастан қос-қос аттан болғанда — бізді сайтан да қуып жете алмас еді! Милицияға яки қызыләскерлер бөлімдеріне халықтан ат алуға болмайды, бұлай етуге олар қымсынады, ал бізге бәріне де ерік берілген! Біздің бәрімізге де бір-бірден басы артық ат тауып алу керек, сонда бізді өмірінде қуып жетіп, қолға түсіре алмайды. Қариялар айтатын: бұрынғы заманда татарлар шабуылға шыққанда қос ат мініп, тіпті кейбіреулері үш ат жетелеп шығады екен. Ондайларды кім қуып жете алар? Бізге де солай ету керек. Татарлардың бұл данышпандығы маған қатты ұнайды! — деді.

Кешікпей олар ат та тауып алды, бұл жағдай оларды алғашқы кезінде шынында да ұстатпайтын етті. Вешенскаяда жаңадан жасақталған милицияның атты тобы бұларды қуып жетіп, ұстап аламын деп босқа әуре болды. Запас аттар Фоминнің аз ғана бандысына жауды тастай беріп, қауіпті соқтығыстан қашқақтап бірнеше асу жер ілгері қарай кетіп қалуға мүмкіншілік беріп отырды.

Алайда, майдың орта шенінде сан жағынан бандыдан күші төрт есе басым топ Усть-Хоперская станицасы-

ның Добровский хуторына жақын жерде Фоминді ретін тауып Донға қыспақтады. Бірақ шарт-шұрт ұрыстан кейін, өлісі-жаралысы бар небәрі сегіз адамын жоғалтып, банды сонда да бұзып, жарып, Донның жағасымен шығып кетті.

Осыдан кейін кешікпей Фомин Григорийге штаб бастығының орнын ұсынды.

— Жоспармен, картамен әрекет ету үшін бізге сауатты адам керек, әйтпесе бізді тағы да бір күні қыспаққа алып, берекемізді кетіреді. Григорий Пантелевич, кіріс осы жұмысқа.

— Милиционерлерді ұстап алып, бастарын шабу үшін штабтың керегі жоқ,— деп жауап берді Григорий түнеріп.

— Әрбір отрядтың өз штабы болуы керек, жоқтан өзгені соқпа.

— Егер штабсыз өмір сүре алмайтын болсаң, Чумаковты ал бұл қызметке.

— Сен неге болмайсың?

— Бұл істен ешбір хабарым жоқ.

— Чумаковтың хабары бар ма екен?

— Чумаковтың да хабары жоқ.

— Онда оны сен неменесіне тықпалайсың? Сен офицерсің, сенің хабарың болуы керек, тактиканы және басқа бәлелерін білуге тиіссің.

— Сен отрядтың қазір қандай командирі болсаң, мен де тап сондай офицер болғанмын. Тактика бізде біреуақ: жан-жағыңа жиі-жиі қарап қой да, даланы қаңғып кез де жүр...— деп Григорий мысқылдады.

Фомин Григорийге көзін қысып қалып, саусағымен нұқып, қорқытып қойды.

— Сенің сырың маған белгілі! Салқын саяда бұғумен келесің, ә? Көлеңкеде қалғың келе ме? Ағайын, сен мұнымен құтыла алмайсың! Взвод бастығы болдың не, штаб бастығы болдың не — құның бірдей. Егер де сені ұстап ала қойса — жеңілдік жасар деп ойлайсың ғой, шамасы? Жасар, күт.

— Бұл жөнде ешнәрсе де ойлап жүргенім жоқ, беркерге жобалайсың,— деді Григорий, қылышының бауын мұқияттап айналдыра қарап.— Ал өзім білмейтін нәрсеге кіріскім де келмейді.

— Жә, кіріскің келмесе — керегі де жоқ, сенсіз де бірдене етіп амалдармыз,— деп көнді өкпелеген Фомин.



Округте жағдай шұғыл өзгеріп кетті: Фоминді бұрын үлкен қошеметпен қарсы алатын ауқатты казактардың қора-жайлары енді сұқпасы салынып, берік бекітілетін болды да, хуторда бандының төбесі көрінісімен кожайындар жұмыла жан-жаққа қаша жөнеліп, баудың, бақшаның ішіне жасырынып қалатын болды. Вешенскаяға келген ревтрибуналдың көшпелі сессиясы бұрын Фоминді құшақ жайып қарсы алған казактардың көбін катал түрде соттап жіберді. Бұл хабар станицаларға кең түрде тарап кетті де, бұрын бандиттерге ашықтан-ашық ықлас көрсеткендердің санасына үлкен әсер етті.

Екі жұманың ішінде Фомин Жоғарғы Дон станицаларын кезіп, байтақ жерін айналып шықты. Бандыда енді қылыш ұстаған жауынгерлердің саны жүз отызға таюу жетіп қалды да, шала-пұла құрастырылған салтатты топ емес, оңтүстіктен келтірілген 13-ші атты әскер полкының бірнеше эскадроны бұлардың соңына түсіп өкшелеп отырды.

Соңғы күндерде Фоминге қосылған бандиттердің бірқатары алыс жерлерде туып-өскендер еді. Бұлардың бәрі Донға түрліше жолдармен келгендер: кейбіреулері этаптардан, абақтылардан және лагерьлерден жекелеп қашып шыққандар да, ал негізгі көпшілігі, бірнеше ондаған жауынгерлер, Маслак бандысынан ажырап кеткен топтікі және быт-шыты шыққан Курочкин бандысының қалдықтары болатын. Маслақтықтар өз ризалығымен бөлініп әрбір взводтарда болды да, ал курочкиндіктер бірбірінен айрылғысы келмеді. Бұлар өзара берік ұйымдасып, өздерін басқалардан оқшау ұстап, бүтіндей бөлек взвод болды. Және олар ұрыста да, демалыста да тізе қосып қыймылдады, бірін-бірі мықтап сүйемелдеді, ал бір жерден кооператив дүкеншесін, болмаса складты таллай қалса, олжаның бәрін взводтың ортақ қазанына салды, теңдік тәртібін сақтап, олжаны бірдей бөліп алып жүрді.

Көнетоз черкес шапандарын киген терскийлік және кубаньдық бірнеше казактар, Великокняжеская станицасының екі қалмағы, қонышы санына жететін аншы етігін киген латыш, жалаң тельняшкалы және күнге күйіп кеткен бушлатты бес матрос — анархистер Фомин бандысының онсыз да ала киінген әр текті құрамын онан әрі түрлендіріп жіберді.

— Кәне, енді қазір де менің адамдарым қарақшы

емес деп таласасың ба, мыналарды әлгі қалай деуші ең... саналы күрескерлер демексің бе? — деп сұрады Чумаков бір күні Фоминнен, шұбатылған жорық колоннасын көзімен меңзеп көрсетіп. — Тек қана бізге шеркеуден қуылған поп пен шалбар киген шошқа жетпей тұр, әйтпесе тәңрі анасы әулиенің төлеңгіттерінің жыйынды тобы болар еді де, қояр еді...

Фомин үндемей қалды. Оның жалғыз-ақ тілегі — айналасына адамды мүмкіндігінше молырақ жыйнау болатын. Ол еркімен келгендерді аларда ешнәрсемен де санаспады. Қоластыңда қызмет етем деп тіленушілерді жеке-кей оның өзі сұрап, қысқасынан қайырып:

— Қызметке жарайсың. Аламын. Менің штаб начальнигім Чумаков, соған бар, ол сенің қай взводқа баратыныңды көрсетер, қолыңа қару берер, — дейтін.

Мигулинская станицасының бір хуторында жақсы киінген, бұйра шашты, қараторы бір жас жігітті Фоминге алып келді. Ол бандыға кіремін деген тілегін айтты. Сұрай келе Фомин оның — Ростов қаласының тұрғыны екенін, қару-жарак қолданып тонауға қатнасканы үшін сотталғанын, бірақ Ростов абақтысынан қашып шыққанын, Фоминді естіп, жағалап Жоғарғы Донға жеткенін білді.

— Өзіңнің руың-нәсілің кім? Армянинбісің, болмаса болгаринсың ба? — деп сұрады Фомин.

— Жок, мен евреймін, — деп жауап берді жігіт мүдірліксіз.

Фомин бұл күтпеген жауаптан қатты сасып қалды да, көпке дейін үндемеді. Мұндай ойламаған жерден кездескен жағдайда ол не істерін білмеді. Бірақ мыйға салып ойлап, ол ауыр күрсініп алды да:

— Ал, жарайды, еврей болсаң, еврей-ақ бол. Біз сендейлердеп де жиренбейміз... Бір адам болса да сан көбейеді. Сен өзің салт жүре аласың ба? Жүре алмайсың ба? Үйренесің! Алдымен саған бір жуас бие берерміз, ал сонан кейін үйреніп кетесің. Чумаковқа бар, ол сені тағайындайды, — деді.

Бірнеше минуттан кейін құтырынған Чумаков Фоминнің қасына шауып келді.

— Сен жындандың ба, әлде мазақ қыласың ба? — деп айқай салды ол, атының басын тежеп. — Сен маған жөйітті сайтаныма жібердің бе? Алмаймын! Қалаған жағына кетсін, керегі жоқ!

— Ал, ал оны, бір адам болса да сан көбейсін,— деді Фомин байсалды түрде.

— Алмаймын! Өлтіремін, бірақ алмаймын! Казактар паразылық көрсетіп жатыр, бар, өзің келіс олармен!

Бұлар таласып, керісіп жатқан кезде, лау арбасының жанында казактар жас еврейдің үстінен кестелі көйлегі мен кең балақ шұға шалбарын сыпырып алды. Қөйлекті бойына өлшеп көріп, казактардың бірі:

— Сонау хутордың сыртындағы — көрі қурайды көрдің бе? Бар пәрменіңмен соған жүгір де, түбіне барып жатып ал. Біз осы жерден кеткенше жатасың, ал біз жүріп кетісімен—түр да қалаған жағыңа тай. Бізге енді қайтып жуыма, өлтіреміз, ең дұрысы, Ростовқа, шешеңе кет. Соғысу—сендерге—еврейлерге қол жұмыс емес. Патша құдай сендерді соғысуға емес, сауда қылуға жаратқан. Сендерсіз де өзіміз бір жайлы етіп, бұл былықты жөндеп алармыз! — деді.

Еврейді алмады, оның орнына Вешенская станицасының барлық хуторларына әйгілі Паша дуананы қыран күлкімен сайқы-мазақ етіп, екінші возводқа жауынгер етіп тіркеді. Оны казактар даладан ұстап алып келді де, өлтірілген қызылөскердің формалы киімін кигізіп, мылтықты қалай ұстауды көрсетіп, ұзақ уақыт қылыш өнерін үйретті.

Григорий кертге байлаулы тұрған аттарына кетіп бара жатыр еді, бірақ шеттегі қалың топты көріп, соған қарай бұрылды. Ду күлкіні есітіп ол адымын тездете түсті, сонан соң күлкі бәсеңдеп тынышталған кезде біреудің ақыл беріп, байыппен үйреткен даусын естіді.

— Жоқ, олай емес, Паша! Кім олай етіп шабады қылышпен? Олай етіп адамды шаппайды, отынды ғана солай шабады. Міне былай ету керек, ұқтың ба? Ұстап алдың ба — дереу әмір етіп тізерлендіріп отырғыз, әйтпесе түрегеп тұрған кісіні қылышпен шабу саған ыңғайсыз соғады... Ол тізерлеп отырғаннан кейін, сен міне былай етіп, арт жағынан шауып жібер мойнышан. Тура шаппай, қылыштың жүзіне кестіре, қыйғаштап, өзіңе қарай тарта шап...

Қоршаған бандиттердің қақ ортасында, жалаңаш қылыштың сабын мықтан қысып, дуана екі қолын төмен түсіріп, қақшыйып тұр еді. Казактардың бірінің өсиетін ол адырақ сұрғылт көздерін аусарлана сығырайтып, ыржыя күліп тындап тұрған-ды. Оның екі езуінде, бейне аттың

езуінің көбігі сыяқты, отауланып көпіршіген ақ көбік көрінеді, қызылжирен сақалын бойлай сорғалап кеудесіне ағыл-тегіл сілекей шұбырыпты... Кір-кір еріндерін тілімен жалап қойып, шолжындай мүкіс сөйлеп:

— Бәрін де ұқтым, бауырым, бәрін де... Тап солай істеймін... Құдайдың құлын тізерлетіп отырғызамын да, мойнын кесіп түсіремін... Айтқанындай етіп түсіремін! Маған шалбар да, көйлек те, етік те бердіңдер... Менде тек енді пальто жоқ... Сендер маған бір пальто қамдап берсендер етті, мен сендердің көңілдерінді табамын! Бар күшіммен тырысамын! — деді ол.

— Бір комиссарды өлтір — міне саған пальто болады сонда. Ал сен қазір: былтыр сені қалай үйлендіріп еді, соны айтып берші, — деп ұсыныс жасады бір казак.

Дуананың бұлдырланып кіреуке жапқан және адырайып кеткен көздерінде қорқынышты үрей пайда болды. Ол шұбата боқтап жіберді де, ду күлкі үстінде бірдемелерді айта бастады. Мұның бәрі сондайлық жиренішті болды да, Григорийдің тұла бойы қалтырап кетті, ол тезірек шеткері шығып кетті. «Міне осы сыяқты адамдармен қосақтадым-ау өз тағдырымды...» деп ойлады ол күйініп, шер кернеп, өзіне өзі және мына бүкіл жексұрын өмірге ызаланып...

Ол дуананың жекірісі мен казактардың дүр-дүр күлкісін естімеуге тырысып, кертенің жанына жантая кетті. «Ертеңнен қалмай кетем. Уақыт жетті!» деп қорытты ол, семіріп, оңалып қалған аттарына қарап қойып. Ол әбден ойланып, толғана келіп, бандыдан кетуге мұқият түрде әзірленді. Қылышпен өзі турап өлтірген милиционер Ушаковтың документтерін алды, оларды шинелінің астарының астына жасырып тігіп тастады. Аттарын ол екпінді жедел сапарға мұнан екі жұма бұрын дайындай бастаған еді: оларды уақытымен суарды, міндетті әскер қызметі кезінде де істемеген ыждағаттыққа салып, тарап-тазалаумен болды. Қонған жерлерде берсе қолынан, бермесе жолынан алып, жем тауып беріп жүрді де, оның аттары басқалардікіне қарағанда анағұрлым күйлі көрінді, әсіресе, тавричандық теңбіл қаракөк ат өзгеше түрленді. Ол жып-жылтыр болып кетті де, түгі бейне кавказдың қара зер торлаған күмісіндей жылтырады.

Бұл сыяқты аттармен қандай қуғыннан болса да оп-

онай құтылып кетуге болатын еді. Григорий орнынан тұрып, қасындағы үйге барды. Қамба табалдырығында отырған кемпірден ол құрметпен:

— Шеше, шалғыңыз бар ма?— деп сұрады.

— Бір жерде бар еді. Бірақ оның тап қай жерде екенін кім біледі. Саған неге керек еді ол?

— Сіздің бауыңыздан аттарға көк шөп шауып бергім келіп еді. Бола ма шабуға?

Кемпір сәл ойланды да:

— Осы сендер біздің желкемізден қашан түсесіңдер? Сендерге мынаны бер, ананы бер... Біреулері келіп — жем тауып бер деп қысады, екінші біреулері — тартпақтап, сүйрелеп, көздеріне ілінгеннің бәрін әкетеді. Бермеймін мен саған шалғыны! Тілесен не істе, бірақ бермеймін.

— Немене, ізгі кемпір, шөпті айясың ба?

— Е, шөп, сеніңше, бос жерге өсе береді дейсің бе? Мен сыйырымды немен асырамақшымын?

— Далада шөп аз ба екен?

— Е, міне, бара ғой сонда, сұңқарым! Далада шөп көп.

Григорий ызаланып:

— Шеше, сен шалғынды бергенің дұрыс. Мен азғантай ғана шауып алам, қалғаны өзіндікі, әйтпесе, онда аттарды жіберсек — бәрін таптап бітіреді! — деді.

Кемпір Григорийге сұспен қарап қойды да, теріс айналып кетті.

— Бар, өзің ал, шалғы сарайдың астында ілулі тұрған шығар.

Григорий сарай астынан іздеп ескі, сынған шалғыны тауып алды да, кемпірдің жанынан өтіп бара жатып, оның: «Құрымайды да бұл қарғыс тигендер!» деген сөзін айқын естіп қалды.

Григорийдің бұған құлағы үйренген болатын. Хутор халқының өздерін қандай пиғылмен қарсы алатынын Григорий әлдеқашан білген-ді. «Бұлар дұрыс айтады,— деді ол ішінен, шалғыны ептеп сілтеп, жал қалдырмай таза шабуға тырысып.— Біз неге қажетпіз бұларға? Біздің ешкімге де керегіміз жоқ, жұрттың тыныш өмір сүріп, игілікті жұмыс істеуіне кедергі жасаймыз. Бітіру керек мұны, жетер енді!»

Ойға шомып ол аттардың жанында тұрып қалды, шоқшоғымен балауса жас шөпті қарақошқыл мақпал еріндерімен аттардың құныға қармап жатқанына қарап тұр-

ды. Жасөспірімнің өзгермелі даусымен сөйлеген жуандау дауыс оның ойын бөліп жіберді.

— Мына аттың сұлуы-ай, таза аққу сыяқты!

Григорий сөйлеп тұрған адамға жалт қарады. Бандыға жақында ғана кірген Алексеевская станицасының жас казағы, таңдана басын шайқап, қаракөк атқа сұқтана қарап тұр екен. Есі кетіп қызыққан көзін аттан алмастан ол бірнеше рет оны айналып өтті, таңдайын қақты.

— Сенікі ме?

— Саған не керек еді? — деп жауап қатты Григорий түсін суытып.

— Кел айырбастайық! Менің атым торы — асыл тұқымды дон аты, қандай кедергі болса да тоқтамайды және ағынды, ағыны сондай қатты! Нажағай отындай!

— Жоғал әрі, — деді Григорий салқын түрде.

Жас жігіт сәл үндемей қалды, ренжіп, күрсініп қойды да, анадай жерге барып отыра кетті. Ол қаракөк атқа ұзақ қарап отырды да, сонан соң:

— Атың қара өкпе болған. Және тыныстығы да тар, — деді.

Григорий үндемей, шөппен тісін шұқый берді. Аңқау жігіт оған ұнай бастады.

— Ағай, айырбастамайсың ба? — деп сұрады ол ақырын ғана, Григорийге өтінішті көзбен қарап.

— Айырбастамаймын. Үстіне өзінді қосып берсең де, алмаймын.

— Бұл атты сен өзің қайдан алдың?

— Өзім ойлап шығардым.

— Жоқ, шынын айтыңызшы?

— Бәрі сол қақпадан шыққан: бие құлындаған.

— Осы сыяқты ақмақпен сөйлесіп көр, — деді де, жігіт ренжіп, басқа жаққа бұрылып кетті.

Григорийдің көз алдында хутор, бейнебір халқы қырылып қалғандай, қанырап бос жатыр. Фоминдіктерден басқа, айналада тірі жан көрінбейді. Шолақ көшедегі тастап кеткен арба, асығыста үстіне балтаны қадай салған отын жаратын сандал және оның жанындағы шала сүргілеген тақтай, көшенің ортасында тырбық шөпті қырқа жұлқып самарқау оттап жүрген басжіпті өгіздер, құдық шегенінің жанындағы төңкерулі жатқан шелек — осының бәрі тыныш қалыпта жүріп жатқан бейбіт өмірдің кенеттен шырқы бұзылып кеткенін және қожайын-

дардың істеп жатқан ісін аяқтамай тастай беріп, әлдеқайда жасырынып қалғанын көрсетіп тұр еді.

Тап осы сыяқты несіз қаңырап қалған жұртты, көше қашқан елдің ізін Григорий казак полктары басып өткенде Шығыс Пруссияда көрген болатын. Тап осыны енді өзінің туған жерінде көруге тура келді.... Онда бұларды Жаратпай қабағынан қар жауып, қастық жүзбен қарсы алған еді немістер, енді Жоғарғы Дон казактары да солармен бірдей, бұлар да іштей тынған қастықпен қарсылады. Кемпірмен сөйлескен әңгімесі Григорийдің есіне түсті де, көйлегінің жағасын ағытып жіберіп, жан-жағына қамыға қарады. Құрып қалғыр шаншу тағы да жүрегіне кадала кетті...

Күн жерді күйдіре қуырып тұр. Шолақ көшеден тұщы топырақтың, алаботаның және аттың тер исі аңқыды. Бауларда, ұшар басына жалба-жұлба ұялар толған биік қызылталдардың үстінде құзғын қарғалар шулайды. Әлдеқайдағы сай шығанағы бастауларының бұлақ суынан нәр алған дала жылғасы хуторды екіге жарып, бөліп тастап, жылжып ағып жатыр. Жылғаның екі жағынан да суға төне, казактардың кең аулалары тірелген, бұлардың бәрі үйлердің терезелерін бүркеген шие ағаштары, жасыл жапырағы мен жемісінің жас жатындарын күн көзіне көлбеткен салалы алма ағаштары мол, ну өскен баққа бөленіп тұр.

Бұлдыраған көздерімен Григорий бұйра-бұйра жол-желкен басып кеткен аулаға, төбесін сабанмен жапқан, терезе қақпақтары сары үйге, құдықтың зәулім шығырына қарап тұрды... Қырман жанында, ескі шарбақ қадаларының бірінде жауын жеп ағартқан, омсырайған көз ұялары қарауытып, аттың қу басы ілулі тұр. Осы қаданың бойымен иіріле, жоғары қарай жарыққа өрмелеп асқабақтың жасыл сабағы орала өсіпті. Ол түкті қылқандарымен жармасып, аттың қу басын, құраған тістерін қармалай, қаданың нақ басына дейін жетіпті де, салбыраған ұшы сүйеніш іздеп, қасында тұрған шеңгел бұтағына жармасыпты.

Григорий осының бәрін түсінде көрді ме, әлде сонау алыс қалған балалық шақта көрді ме? Кенет киліккен жалынды шер бойын билеп, ол алақанымен бетін басып, шарбақ түбіне бүк түсіп жата кетті де, тек қана алыстан созылып жеткен: «Ат-қа ер са-лың-дар!» деген командадан кейін түрегелді.

Түнде, жорықта келе жатып ол саптан шығып кетті де, атын қайтадан ерттеу үшін тоқтаған болып аттан түсе қалды, сосын алыстай ұзап, бірте-бірте бәсеңдеп бара жатқан ат тұяғының дүбіріне құлағын тосып тындап тұрды да, атына секіріп мініп, жолдан бұрыла салып шаба жөнелді.

Ол тоқтамастан аттарын қамшылай бес шақырым жер шапты да, сонан кейін аяңға түсіп, қуғын жоқ па деп тындап, арт жаққа құлағын салды. Дала тып-тыныш еді. Құм бұйратта тек қана жылқышы құстар ғана аянышты дауыспен бір біріне үн қатысып қояды да, әлдеқайда алыстағы бір иттің үргені еміс-еміс құлаққа шалынады.

Қара түнек аспанда — жылт-жылт етіп, алтындай шашылған жұлдыздар. Далада — жым-жырт тыныштық та, жүрекке жылы қара жусанның исі сіңген майда жел үрлейді... Григорий үзеңгіге шіреніп, көтеріле түсті де, кеудесін толтыра, сергіп, демін бір-ақ алды.

## 17

Григорий шапқылап отырып, таң білінбей-ақ Татарский хуторының тұсындағы тоғайға жетті. Хутордан төменірек, Донның таяздау жеріне келіп, ол тырдай жалаңаш шешінді, киімін, етіктерін, қару-жарағын аттардың бастарына орап байлады да, патрон салған оқшантайын аузына тістеп, аттарын жалдап, жүздірте, өзі де солармен бірге жүзе жөнелді. Мұздай су шыдатпай тұла бойын қарып кетті. Матастырған тізгіндерден сол қолын жазбай, ендіге пысқырынып жүзген аттарға ақырындап дем беріп қойып, ол денесін қыздыру үшін оң қолымен суды есе сермеді.

Жағада ол тездете киімін киінді, айылдарын тартты да, аттардың денесін қыздыру үшін хуторға қарай шапқылай жөнелді. Су сіңген шинель, ердің су-су қапталы, дымқыл көйлек оның тәнін мұздатып жіберді. Григорийдің тісі-тісіне тимей сақылдап, арқасы шымырлай, денесі қалшылдап кетті, бірақ кешікпей-ақ, жедел жүріске денесі жылынды да, хуторға таяу қалғанда жаң-жағына жалтақтап қарап, құлағын сақтана тігіп, аяндап жүрді. Аттарын жар астына қойып кетпекші болды. Қыйыршық тасты дөңеспен жардың жырашығына түсті. Ат тұяғымен ысырылған тастар сырт-сырт етті де, таға соққан тастардан жан-жаққа шашырап от ұшқындады.



Григорий аттарын жас күнінен өзіне белгілі қу қарағашқа байлай салды да, хуторға жаяу кетті.

Мелеховтардың ежелгі мекен-жайы, алма ағаштарының қарауытқан төбелері, Жеті Қарақшының астыңғы жағынан көрінген құдық шығыры міне тұр... Абыржығаннан тынысы тарылып, Григорий Донға түсіп, ақырындап Астаховтар шарбағынан қарғып өтті де, қақпағы ашық терезенің түбіне келді. Оның құлағына тек жүрегінің жиілете соққаны мен бастағы қайнаған қанның шуылы ғана естілді. Ақырындап қана терезе ағашын тықылдатты, оның тықылдатқаны сондайлық ақырын болды, оның тырсылың тіпті өз құлағы да дұрыстап ести алмады. Аксињья үнсіз ғана терезе алдына келіп, әйнекке үңілді. Григорий Аксињьяның жүрегін қолымен басқанын көрді де аузынан еріксіз шығып кеткен оһ деген лебізін естіп қалды. Григорий терезені аш деп ымдап, нығынан винтовкасын алды. Аксињья терезе жармасын ашып жіберді.

— Ақырын! Амансың ба! Есікті ашпа, мен терезеден кірем,— деді Григорий сыбырлап.

Григорий іргелік үстіне шықты. Аксињьяның жалаңаш білектері оның мойнын орап алды. Иыққа салған бұл сүйікті білектер дір-дір етіп селкілдеп кетті де, діріл Григорийге де білінді.

— Қсюша... тоқта... винтовканы ал,— деп сыбырлады ол мүдіріп, естілер-естілмес етіп.

Қылышын қолымен сүйемелдеп, Григорий терезенің алдыңғы табанша тактайын аттап үйге кірді де, терезені жапты.

Ол Аксињьяны құшақтамақшы болып еді, бірақ әйел оның алдына тізерлеп сылқ етіп отыра кетіп, оның аяғын құшақтады да, су шинельге бетін басып, өксуін баса алмай, солқ-солқ еңіреді. Григорий Аксињьяны көтеріп сөкіге отырғызды. Григорийге қарай еңкейе түсіп, оның кеудесіне басын тығып, Аксињья үндемеді, жиі-жиі солқылдай берді де, балалар оянып кетпесін деп өксуін басу үшін шинельдің қайырма жағасын тістелей берді.

Қайғы-қасірет бұл сыяқты мықты әйелді де мойытқан болуы керек, соңғы айлардың ішіндегі өмір ашқы тиген сыяқты... Григорий оның арқасына төгілген шаштарын, терлеген ыстық маңдайын сыйпады. Григорий оған еркінше жылап, шерін басуға мүмкіндік берді де, сонан кейін:

— Балалар аман-есен бе? — деп сұрады.

— Иә.

— Дуняшка ше?

— Дуняшка да... Аман... есен...

— Михаил үйде ме? Ау, қойсайшы енді! Тоқта, көз жасың менің көйлегімді шылқытып жіберді... Ксюша! Сәулем, жетер! Үн салуға мезгіл тар, уақыт аз... Михаил үйде ме?

Аксинья бетін сүртіп, екі алақанымен Григорийдің бетін қысты. Көз жасы мөлтілдей күлімсіреп, сүйгенінен көзін айырмастан, ақырын ғана:

— Жыламаймын... Қойдым үн шығаруды... Михаил үйде жоқ, екі айдан бері Вешкиде, әлдеқандай бір бөлімде әскери қызмет атқарады. Бар, балаларды көрші! Ой, біз сені күтпеген де едік, келер деп арман да етпеген едік!..

Мишатка мен Полюшка дөңбекши түсіп, кереуетте ұйқтап жатыр еді. Григорий балалардың үстіне еңкейе түсіп, аз ғана тұрды да, аяғын ұшынан басып шетке шықты, үнсіз Аксиньяның жанына келіп отырды.

— Сен қалай енді? — деп сұрады Аксинья қыза сыбырлап. — Қалай келдің? Қайда жоғалып кеттің? Егер сені ұстап алса?

— Мен сені алып кетуге келдім. Бәлкім, ұстай қоймас! Жүресің бе менімен?

— Қай жаққа?

— Менімен бірге. Бандыдан кеттім. Мен Фоминнің бандысында болғанмын, естіп пе едің?

— Иә. Сенімен бірге қай жаққа бармақшымын?

— Оңтүстікке Кубаньға, я болмаса одан да әрі. Ептеп күн көріп, тамағымызды асырармыз. Нендей жұмыс болса да жиренбеймін. Соғысу емес, менің қолыма керегінің өзі жұмыс. Осы айлардың ішінде жаным жабырқап бітті әбден... Жә, мұны соңынан сөйлесерміз.

— Балаларды қайтеміз?

— Дуняшкаға қалдырып кетеміз. Соңынан көрерміз. Кейін алып кетерміз балаларды. Кәне? Жүресің бе?

— Гриша... Гриша...

— Керегі жоқ! Жылауды қой. Жетер! Екеуміз кейін жыласармыз, оған кейін уақыт болар... Әзірлен, жар астында аттарым күтіп тұр. Кәне? Жүресің бе?

— Сен қалай деп ойлап ең? — деді Аксинья кенет қатты дауыстап, қорыққаннан өзі қолымен аузын басты да, балаларға жалт қарады. — Сен қалай деп ойлап ең? — деп сұрады ол енді сыбырлап. — Жалғыз тұру маған оп-

оңай деп пе ең? Кетем, Гришам, жаным! Жаяу да кетем, соңынан еңбектеп болса да ере берем, ендігәрі жалғыз қалмаймын! Сенсіз маған өмір жоқ... Енді қайтып тастап кетпе, онан да өлтіріп кеткенің артық!..

Григорийді ол құшақтап кеудесіне қатты-қатты қысты. Григорий оны сүйді де, терезеге көз қыйығын салды. Жазғы түн қысқа. Асығу керек.

— Аз-маз жатсаң қайтеді? — деп өтінді Ақсинья.

— О не дегенің? — деп Григорий шошып кетті. — Кешікпей таң білінеді. Жүру керек. Киін де Дуняшканы шақырып кел. Онымен келісіп алайық. Түнделетіп Құрғақ сайға жетіп алуымыз керек. Күндіз сонда, орман ішінде аялдармыз да, түнде әрі асармыз. Қалай, сен атпен салт жүре аласың ба?

— О, тоба, қалай болса да кетем деп тұрсам, салт жүруді айтады ғой! Мен осының бәрін түсім емес пе деп те ойлап тұрмын? Түсімде сені мен жиі көремін... Және ұдайы әртүрлі...— Түйреуіштерін аузына тістеп тұрып Ақсинья шапшаңдап шашын тарады да, мінгірлеп ақырын сөйледі. Ол тезінен киініп, есікке қарай жүрді.— Балаларды оятайын ба? Ең болмаса олардың беттеріне қарарсың.

— Жоқ, керек емес, — деді Григорий батыл түрде.

Ол бөркінің ішінен кisetін алды да, шылым орай бастады, бірақ Ақсинья шығып кетісімен шапшаңдап кереует жанына келді де, ұзақ уақыт балаларын сүйді, сосын Натальяны есіне түсірді және өзінің ауыр өмірінен көп нәрселерді де еске түсірді...

Табалдырықтан аттай беріп, Дуняшка:

— Ал, аман ба, ағатай! Үйге айналып соқтың ба? Даланы соншама шарлауға болмайды ғой...— Сонан сон жоқтау айтуға көшті.— Тірі жетім болған қарақтарым... Сарғайып күткен әкесі келді ғой...

Григорий оны құшақтады да, сұстана тіл қатты:

— Ақырын, балаларды оятасың! Қарындасым, сен мұныңды таста! Бұл музыканы мен талай есіткенмін! Менің өзімнің де көз жасым мен қайғым жеткілікті... Сені мен бұл үшін шақырғаным жоқ. Балаларды тәрбиелеуге аласың ба?

— Сен қайда кетесің?

— Кетемін және өзіммен бірге Ақсиньяны да ала кетемін. Балаларды өз қолыңа аласың ғой? Жұмысқа орналассам, сонан кейін алып кетем оларды.

— Әрине, солай болмағанда! Екеуіңіз де кететін болғаннан кейін — аламын. Көшеде қалмақшы емес қой олар, я болмаса бөтен адамға тастамайсың ғой...

Григорий үндеместен, Дуняшканы сүйіп алды да:

— Үлкен рақмет, қарындасым! Сенің бастартпайтыныңды біліп едім.

Дуняшка да үндеместен сандықтың үстіне отырды да:

— Қашан кетесіңдер? Қазір ме? — деп сұрады.

— Иә.

— Үйді қалай етесіңдер? Шаруашылықты ше?

Аксинья тартына жауап қатты:

— Өзің қара. Пәтерге кісі түсіресің бе, қалай етсең де өзің білесің. Киім-кешек және мүліктің қалғандарын өз үйіңе апар...

— Жұртқа не деймін? Қайда кетті деп сұраса — мен не демекшімін? — деп сұрады Дуняшка.

— Ешнәрсе де білмеймін де, міне бар әңгіме осы, — Григорий Аксиньяға бұрылды. — Ксюша, жә, тезірек жыйнал. Көп нәрсе алма. Жылы кофта, екі-үш юбка, бар ішкіімінді, аз-маз тамақ алсан, сол жетеді.

Дуняшкамен қоштасып, оянбай қалған күйінде балаларын қайта-қайта сүйіп, Григорий мен Аксинья баспалдаққа шыққан кезде, таң жаңа ғана саз берген еді. Олар Донға түсті де, жағамен жүріп жарға жетті.

— Бір кезде сенімен Ягодноеға тап осылай жүріп кетіп едік, — деді Григорий. — Тек сенің онда түйіншегің үлкенірек еді және өзіміз де жасырақ едік...

Шаттық бойын кернеп, жүрегі алып ұшқан Аксинья Григорийге көлденеңнен бір қарап алды.

— Мен әлі қорқып келем — осының бәрі түс емес пе? Қолыңды әкелші, ұстап қарайын, әйтпесе сенімім жоқ. — Аксинья ақырын ғана күліп жіберді де, жүріп келе жатып Григорийдің иығына асыла түсті.

Григорий оның бақытпен жарқыраған, жылаудан ісінген көздерін, таң қараңғысындағы сұрғылт тартқан бетін көрді. Мейрімді күлімсіреп: «Қонаққа баратындай, жыйналды да, жүре берді. Ешнәрседен тайсалмайды, міне ер қатын!» — деп ойлады ол.

Григорийдің ойына жауап бергендей, Аксинья:

— Көрдің бе менің қандай екенімді... Ысқырып шақырып едің, күшікше соңыңнан ердім де жүре бердім... Мені сондай мендеткен махаббат пен сені ойлап зарыққандықтың салдары ғой бұл, Гриша... Балалар ғана аянышты,

өзім туралы мен «ох» та демеймін. Қайда барсаң да, сенің соңыңнан өлімге болса да, қалмай ере беремін!

Бұлардың аяқ басқанын естіп аттар ақырын ғана кісінеп жіберді. Таң төніп, таянып-ақ қалды. Шығыс жақ шеттегі көк белдеуі болар-болмас қызғылт тартты. Дон үстіне судан тұман көтерілді.

Григорий аттардың тізгінін шешті, атқа мінуге Аксиньяға көмектесті. Таралғы ұзын байланып, Аксиньяның аяғына үзеңгі төменірек келді. Күн бұрын ойламағанына ызаланып, Григорий таралғыны қысқартты да, өзі екінші атқа мінді.

— Соңымнан еріп отыр, Ксюша! Жардан шығып алған соң — қатты шабысқа саламыз. Сені онша зіркілдете қоймас. Тізгінді босатпа. Астыңдағы ат тізгінін босатқан-ды аса сүймейді. Тізелеріңе сақ бол. Оның кейде ойнап тізеге ауыз салатыны бар. Кәне, кеттік!

Құрғақ сайға дейін сегіз шақырым еді. Аз уақыттың ішінде-ақ олар бұл екі аралықты шапқылап өтті де, күн шыға орманға да жетіп қалды. Орман шетінде Григорий жерге түсті де, аттан түсуге Аксиньяға көмектесті.

— Жә, қалай? Әдеттенбегендіктен бірден салт жүру ауыр шығар? — деп сұрады ол, күлімсіреп.

Шабыстан екі беті албырап кеткен Аксиньяның қара көздері жарқ ете қалды.

— Жақсы! Жаяудан гөрі тәуірірек. Тек қана мына аяқтарым...— Аксинья қысылып күлімдей түсті: — Сен әрмен қара, Гриша, мен аяқтарымды көрейін. Бір түрлі терісі ашып барады... Қажап тастаған болуы керек.

— Бұл ештеме емес, жазылып кетеді,— деп жұбатты Григорий.— Бойыңды жаз аздап, әйтпесе аяқтарың біртүрлі дірілдеп...— Сонан соң сүйкімді мазақпен көзін сығырайтты: — Ой, казачкам-ай!

Сайдың нақ табанынан бір кішкене аланды тандап, ол:

— Тап осы жер біздің қонысымыз болады, орналаса бер, Ксюша! — деді.

Григорий аттардың ерін алды, оларға шідер салды, ертоқым мен қару-жарақты бұтаның түбіне қойды. Шөп үстінде әрі қою, әрі мол шық жатыр да, сол шықтан шөп сұрғылттау боп көрінеді, ал әлі де ертеңгі алакөлеңке бойтасалап тұрған баурайдағы шөп күңгірт көгілдір тартып тұр. Шала ашылған гүл тостағандарының ішінде қалғып-мүлгіп сарыала эрегендер отыр. Жоғарыда, дала аспанында бозторғайлар шырылдайды, егін ішінде, алуан

түрлі шөп арасында «Спать пора! Спать пора! Спать пора!»<sup>1</sup> деп жыбырлатып бөденелер бытпылдайды. Григорий емен бұтасының жанында шөпті жаныштады да, басына ер жастанып, жантая кетті. Бөдененің таласқан жыбыр бытпылы да, қалғытқан бозторғай әні де, Донның арғы жағындағы түн бойы суынып бітпеген құмдардан жылжыған жылы жел де — бәрі де ұйқыға бой ұсындырғандай еді. Әсіресе, неше түн қатарынан көзін ілмеген Григорийге ұйқтайтын мезгіл жеткен-ақ болатын. Бөденелер оны ұйқыға көндірді де, ұйқы жеңген Григорий көздерін жұмды, Акси́нья қасында отыр, ол ойға қалып, хош иісті көк шірнегүл жапырақтарын жұлумен болды да, үндемеді.

— Гриша, бізді бұл жерде ешкім ұстап алмай ма? — деп сұрады ол ақырын ғана, гүл сабағымен Григорийдің сақал жауып кеткен жақтарын сыйпап өтіп.

Есеңгіреткен ұйқыдан көзін зорға ашып, Григорий қарлыққан дауыспен:

— Далада ешкім жоқ. Қазір жан жүрмейтін кез ғой. Мен ұйқтаймын, Ксюша, ал сен аттарды қарауылда. Сонсоң сен ұйқтарсың. Мені ұйқы қажытты. Ұйқтап барамын... Төртінші тәулік... Соңынан сөйлесерміз... — деді.

— Ұйқта, жаным, жақсылап ұйқта!

Акси́нья Григорийдің үстіне еңкейіп, оның маңдайына түскен бірнеше тал шашын қайырып, ақырын ғана еріндерін бетіне тигізді.

— Сүйіктім менің, Гришенькам, басында ақ шашын қандай көп... — деді ол сыбырлап. — Қартайып келесің ғой, шамасы? Қеше ғана сен жап-жас жігіт едің... — Сөйтті де, мұңая күлімсіреп, Григорийдің жүзіне көз жіберді.

Григорий еріндерін сәл ғана аша түсіп, бір қалыппен дем алып, ұйқтап жатыр еді. Ұштарын күн шарпыған қара кірпіктері аздап қыбырлай түседі де, жымдасқан аппақ тістерін ашып, жоғарғы ерні қозғалып қояды. Акси́нья оған назарын салып, қадала қарады да, айрылысып тұрған айларының ішінде Григорийдің мықтап өзгеріп кеткенін жаңа ғана көрді. Сүйген Григорийінің қастарының екі арасындағы көлденең түскен терең әжімдерінде, қатпарланған езу қыртыстарында, бет томпақтарының ерекше шодыраюында тіпті рақымсыздық дерліктей бір кәр-

<sup>1</sup> Спать пора — ұйқтар уақыт жетті.

лі қатандық бар еді. Және соғыста, ат үстінде қылышын суырып келе жатқан кезде Григорий қандай қорқынышты екен деп ойлады. Акси́нья тұңғыш рет көздерін төмен түсіріп жіберіп, оның шодыр қолдарына қарады да, әлденеге күрсініп қойды.

Аздан кейін Акси́нья ақырын орнынан тұрды да, шық басқан шөп үстінде етегіне су тигізбеуге тырысып, юбкасын жоғары түріп, алаңнан өтті. Таяу бір жерде тасқа соғыла сылдырап, бұлақ ағып жатты. Ол үстін мүк тәрізді жасыл қына басқан тас плиталар төсеулі сай жырашығына түсті, қайнардың мұздай суынан ішіп, қанды, беті-қолын жуды да, албыраған бетін орамалмен құрғата сүртті. Момақан күлкі шырайы оның еріндерінен арылмай қойды, қуанышты көздері жайнай түсті. Григорий қайтадан мұның өзімен бірге! Қайтадан бақыт сағымы Акси́ньяны белгісіз жаққа жетеледі... Ұйқысыз түндерде Акси́нья талай көз жасын төккен еді, соңғы айларда көп қайғы-қасіретті бастан кешірген-ді. Кеше ғана күндіз, қасындағы қатындар бақшада, картоптың арам шөбін жұлып жатып, әйелдердің мұңды өлеңін айтқан еді,— Акси́ньяның жүрегін шер қысып, құлағын өлеңге еріксіз тосқан болатын.

Қайтшы, қайтшы, қоңыр қаздар, мекенге,  
Қанбады ма жүзе-жүзе құмарың?  
Қанбады ма жүзе-жүзе құмарың,  
Білмедің бе мендей жардың жыларын... —

деп қайыра шырқап, жіңішке әйел даусы жауыз тағдыр туралы мұңын шаққанда, Акси́нья шыдай алмай, көзінен жасы ыршып кеткен болатын. Ол мұңын жұмыс үстінде ұмытпақшы болған-ды, жүрекке тығылған ащы зарды жұмыспен тұншықтырмақшы болған-ды, бірақ көздерін жас қаптап, картоптың жасыл сабағына, дәрмені кеткен қолдарына көз жасы домалай тамшылаған еді де, Акси́нья ешнәрсені де көре алмап еді, жұмыс істеуге шамасы келмеген-ді. Қетпенді тастай беріп ол жерге жата қалған еді де, алақанымен бетін басып, егілуге екі көзге ерік берген-ді.

Ол кеше ғана өміріне лағнат айтқан және оған, жауын-шашынды күн сыяқты, айналасындағының бәрі сұрғылт та қуанышсыз көрінген еді, ал бүгін, бейне жазғы рақатты нөсерден кейінгі күн сыяқты, бүкіл әлем оған шатты да нұрлы көрінеді. «Біз де өз бақытымызды тауып

алармыз!» деп ойлады ол, шығып келе жатқан күннің кесе түскен шұғыласына жарқ ете қалған кертпеш-кертпеш емен жапырақтарына селқос қарап.

Бұталардың жанында және күн көзі қыздыратын жерлерде хош иісті сан түрлі гүлдер өскен еді. Акси́нья оларды бір құшақ етіп теріп алды, ақырындап келіп Григорийге тақау отырды да, жастық шағын еске түсіріп, венок өре бастады. Веногі сәнді де әдемі болып шықты. Акси́нья оған сүйсініп біраз уақыт қарап отырды да, сонан соң оған итмұрынның бірнеше қызыл гүлдерін шаншып, Григорийдің бас жағына қойды.

Сағат тоғызда аттың кісінегенінен Григорий оянып кетті де, үрейлене басын көтеріп алып, қолымен айнала-сын шарлап, қаруын іздей бастады.

— Ешкім де жоқ, — деді Акси́нья ақырын: — Неден қорқып кеттің?

Григорий көзін уқалап, ұйқылы көзімен езу тартты.

— Қоянша өмір сүріп дағдыландым. Ұйқтайсың да, ұйқыда жатып бір көзіңмен айналаңа қарап қоясың, дыбыс біткеннің бәріне селт ете қаласың... Бикешім, бұл әдеттен жуырда құтыла алмаспын. Ұзақ ұйқтадым ба?

— Жоқ. Мүмкін, тағы ұйқтарсың?

— Ойдағыдай ұйқы қандыру үшін маған қатарынан бірнеше тәулік ұйқтау керек. Кел, онан да тамақ ішейік. Нан мен пышақ менің қоржынымда, өзің ал, мен барып аттарды суарайын.

Григорий орнынан тұрды, шинелін шешті, бой жазып иықтарын көтерді. Күн қыздыра бастады. Жел ағаш жапырақтарын қопарыстырды да, олардың сыбдырынан жылғаның әндеткен бүлкіл үні естілмей қалды.

Григорий су жағасына төмен түсті, тас пен бұтақтардан бір жерге бөгеу жасады, қылышымен жер қазып, тас-тардың ара-арасын топырақпен толтырды. Бөгетіне су жыйылған кезде аттарын алып келіп суарды, сонсоң олардың жүгендерін сыпырып алып, қайтадан оттауға жіберді.

Ертеңгі тамақ үстінде Акси́нья:

— Бұл жерден біз қайда барамыз? — деп сұрады.

— Морозовскаяға. Платовқа дейін атпен барып, арғы жағына жаяу кетеміз.

— Аттар ше?

— Аттарды тастаймыз.

— Қыярлық емес, Гриша! Сондай жақсы аттар, әсіре-



се, қаракөкке қарасаң көзің тоймайды. Соны да тастап кету керек пе? Қайдан тауып алдың өзін?

— Таптым... — Григорий көңілсіздеу жымыя түсті. — Бір тавричаниннен тартып алдым.

Аз үндемей отырғаннан кейін, Григорий:

— Қыйсаң да, қыймасаң да тастауға тура келеді... Біз ат саудасын жасамаймыз ғой, — деді.

— Сен қаруды неменеге алып жүрсін? Бізге қарудың керекі не? Құдай басқа бермесін, біреу-міреу көре қалса, — сорлаймыз ғой.

— Түнде бізді кім көруші еді? Мен оны сақтық үшін қалдырдым. Қарусыз маған қорқыныштырақ... Аттарды тастағанда — қаруды да лақтырамыз. Сол кезде оның да керекі болмайды.

Ертенгі астан кейін олар төсеген шинельдің үстіне жатты. Григорий ұйқымен алысып әуреленді, Аксињья шынтақтап жатып, оған ол жоқта қалай тұрғанын, сол уақытта қандай көп қайғы-қасірет шеккенін әңгімедеді. Бой бермейтін қалғу үстінде Григорий Аксињьяның бір қалыпты даусын естіп жатты, бірақ зіл басқан қабақтарын көтере алмады. Кейде ол Аксињьяның даусын мүлде ести алмай да қалады. Григорий селк етіп оянып кетіп, бірақ бірнеше минуттан кейін көздерін қайтадан жұмады. Оның тілегі мен жігерінен гөрі шаршағандығы басымырақ соқты.

— ...Көкем қайда? — деп, сағынып сұрап та жүрді. Мен оларды барымша бақтым, көбінесе еркелетіп баулыдым. Маған бойы үйреніп, үйір болып кетті де, Дуняшкаға сирек барып тұратын болды. Полюшка — момақан, жуас. Құрамыстан көп етіп қуыршақ тігіп беретінмін, ол сонымен алданып, үстел астында ойнайды да отырады. Мишатка бір күні көшеден жүгіріп келді, тұлабойы қалтырап кеткен. «Саған не болды?» — деп сұрадым. Өкіріп жылап қоя берді. «Балалар менімен ойнамайды, сенің әкең бандит дейді. Мама-ау, оның бандит екені рас па? Бандит дегендер қандай болады?» — деді. Мен оған: «Сенің әкең ешқандай бандит емес. Ол сондай... бақытсыз адам» дедім. Сонсоң ол: «Неге бақытсыз, бақытсыз деген немене?» — деп сұраққа алып, соңымнан қалмады. Оған еш ұғындыра алмай қойдым... Мені мама деп атай бастаған олардың өздері, Гриша, мен үйретті деп ойлама. Ал, Михаил оларға теріс қараған жоқ, мейрімділік көрсетіп жүрді. Ол менімен амандаспайды, теріс айна-

лып, жанымнан өтіп кетеді, ал балаларға станицадан екі рет шекер әкеліп берді. Прохор сен жөнінде ұдайы қайғырып жүрді. Жоғалып кетті-ау ол кісі деп қояды. Өткен жұмада сен жөнінде әңгімелесем деп келді де, дауыстап жылады... Біздікіне тінту жүргізді, қару іздеді, еден астын, баз ішін қоймай қарады, қарамаған жер қалдырған жоқ...

Әңгімені тыңдап бітірмей-ақ Григорий ұйқтап кетті. Жел шайқаған жас шегіршін жапырақтары оның үстіне төніп, сыбырласа түседі. Бетінде жарықтың сарғылт сәулесі жүгіреді. Аксињья оның көздерін ұзақ уақыт сүйді, сонсоң Григорийдің қолына бетін тақай түсіп, өзі де ұйқтап кетті, ұйқтап жатып та күлімсіреп қойды.

Ай батқан соң, түннің әлде не уақытында олар Құрғақ сайдан кетті. Екі сағат жүргеннен кейін адырдан Чирге түсті. Тоғайда шәукілдектер шіңкілдеді, өзеннің қамысты қойнауларында бақалар діңкесі құрығанша шулап, алыста бір жерде күңгірттеу үнмен оқпақ әупілдеп жатты.

Тұманда түйліге қарауытып, өзен бойында бақтар жаппай көлбеп жатыр.

Көпірге жақын жерде Григорий тоқтай қалды. Хутор іші тып-тыныш, түн ортасының үнсіз шағы еді. Григорий атын тебініп жіберіп, шетке қарай бұрылып кетті. Ол көпірмен жүргісі келмеді. Бұл жым-жырт тыныштыққа ол сенбеді және онан қорықты да. Хутордың шетінде олар өзеншені кешіп өтіп, тар көшеге бұрыла беріп еді, ор ішінен бір адам түрегелді де, оның соңынан тағы үшеуі шыға келді.

— Тоқта! Бұл кім?

Григорий сарт етіп соққы тигендей, дауыстан селк ете түсті, тізгінін тартты. Әп-сәтте ол бойын билеп алып: «Өз адамдарыңыз!» — деп дауыстап, дыбыс берді де, атын кілт бұрып алып, Аксињьяға: — «Кері бұрыл! Ер соңымнан!» — деп қалды сыбырлап.

Жаңадан ғана қоналқаға орналасқан азық-түлік жыйнаушы отряд заставасының төрт адамы үнсіз және асықтап бұларға қарай жүрді. Біреуі шылым тұтатуға тоқтап, шырпы шақты. Григорий Аксињьяның атын қамшымен мықтап тартып жіберді. Ат ыршып кетті де, бірден шаба жөнелді. Атының жалына еңкейе түсіп, ізінше Гри-

горий де зытып берді. Зарықтырған бірнеше секунд бойы тым-тырыс боп тұрды, сонаң соң күркіреген күндей, сатыр-күтір, кедір-бұдыр бір дүркін атыс гүрс ете қалды, от жарқ-жұрқ етіп қараңғылықты түйреп-түйреп жіберді. Григорий оқтардың қарыған ысқырығын және:

— Ал мыл-тық-ты! — деп соза айқайлаған команданы естіп қалды.

Өзеншеден жүз сажендей Григорий көсіле шапқан қаракөкті қуып жетті, қатарласа беріп:

— Еңкей, Ксюша! Еңкейіңкіре! — деп айқайлады.

Аксинья тізгінін кере түсіп, шалқалап, аттан ауып бара жатты. Григорий оны шап беріп ұстай алды, әйтпесе әйел құлап та кететін еді.

— Жаралады ма сені? Қай жеріңе тиді?! Айтсайшы! — деп сұрады Григорий қырылдап.

Аксинья тіл қатпады, бірден бірге Григорийдің қолына салмағын ауырырақ сала түсті. Шауып келе жатқан бойы әйелді бауырына қыса түсіп, Григорийдің демі тарылып, сыбырлай берді:

— Құдай үшін! Ең болмаса бір сөз айтшы! Ойпырмай, не болды саған?!..

Бірақ үнсіз Аксиньядан ол бір сөз де, бір ыңқыл да ести алмады.

Хутордан екі шақырым шыққан соң, Григорий жолдан кілт бұрылып, жар астына құлдығалады да, аттан түсіп, Аксиньяны қолымен көтеріп алды, ептеп қана жерге жатқызды.

Ол Аксиньяның жылы кофтасын шешіп, шыт блузка мен көйлегінің омырауын жыртып жіберді, сыйпалап жарасын тапты. Оқ Аксиньяның сол жақ жаурынынан тиіп, сүйегін сындырып, қыйғаштап келіп оң жақ бұғанасының астынан шығып кеткен екен. Қанға боялған, дірілдеген қолдарымен Григорий қоржынынан өзінің ішкі көйлегін, дәке, мақта салулы пакетін алды. Ол Аксиньяны аздап жоғары көтерді де, арқасының астына тізесін қойып, бұғананың астынан сорғалаған қанды тыюға тырысып, жарасын таңа бастады. Көйлектің сілемі мен дәкеден қан өтіп, лезде қарауыта берді. Қан тіпті Аксиньяның сәл ғана ашылған аузынан да ақты, көмейінде бүлкілдеп, бұрқ-сарқ келіп жатты. Боп-боз болып, құты қашып Григорий істің біткенін, өз өмірінде болуы мүмкін ең қорқынышты нәрсенің болары болып тынғанын түсінді...

Ол Аксиньяны көтеріп, жардың тік еңісімен, шөп ара-

сындағы, үстіне қой шаттауығы толған жалғыз аяқ жолмен ептеп төмен түсті. Аксињьяның сылқ етіп түсіп кеткен басы оның иығының үстінде жатты. Ол Аксињьяның сырылдап, булығып шыққан демін есітті және жып-жылықан оның денесінен ытқып шығып, аузынан ағып, кеудесіне құйылғанын сезді. Бұлардың ізінше екі ат та жар астына түсті. Пысқырып қойып, ауыздықтарын салдырлатып аттар шүйгін шөпті қырқып шайнай бастады.

Аксињья Григорийдің қолының үстінде жатып таң алдында жан тапсырды. Оқ тигеннен бастап есі кірмей-ақ кетті. Григорий оның суынып, қаннан сор татыған еріндерін сүйді, мәпелеп шөп үстіне жатқызды да, өзі орнынан тұрды. Белгісіз бір күш оны кеудесінен итеріп қалғандай болды да, ол шегіншектеп, шалқасынан ұшып түсті, бірақ шошып кетіп, орнынан дереу ұшып түрегелді. Жалаңаш басын тасқа мықтап соға, тағы да құлап түсті. Сонан кейін тұрмастан, тізерлеп отырып қынабынан қылышын суырды да, қабір қаза бастады. Жер ылғалды және қауға оңай еді. Ол өте асықты, бірақ тынысы тарылып, алқымын қылқындыра берді де, дем алуға жеңілірек болсын деп ол үстіндегі көйлегінің алқымын жыртып жіберді. Таң алдының қоңыр салқыны терге шылқыған кеудесін салқындата түсті де, жұмыс істеу оған онша ауыр болмады. Бір минут та демалыстан, ол топырақты қолымен күреп, бөркімен сыпырып шығарды, бірақ тереңдігі белуардан келетін қабірді қазып болғанша көп уақыт өтті.

Аксињьясын ол таңертең әбден жап-жарық болған мезгілде жерледі. Қабір ішіне түсіргеннен кейін ғана Григорий Аксињьяның қуарып, боп-боз боп кеткен қошқыл қолдарын кеудесіне айқастырып қойды, шала жұмылып, көкке қарай жансыз қадалған және нұры сөне бастаған көздеріне топырақ түспесін деп, бас орамалымен бетін жапты. Григорий онымен аз уақытқа ғана айрылысатынына мықтап сене отырып, қоштасты...

Қабір үстіндегі томпайған сары балшықты алақандарымен басып, мұқияттап жанышты да, қабірдің жанында ол тізерлеп, басын иіп, ақырын ғана теңселе түсіп ұзақ тұрды.

Енді оған асығудың текке де керегі жоқ еді. Бәрі де бітті.

Аңызак желдің түтін іспетті мұнарында жардың қабағынан күн көтеріле берді. Күн сәулесі Григорийдің жалаң басындағы мықтап ағарған шашын күмістей жарқыратты

да, сұп-сұр және адам шошынарлықтай боп қыймылсыз қатып қалған бетіне жылжыды. Бейнебір орасан ауыр ұйқыдан оянғандай, ол басын көтерді де, үстіндегі қара түнек аспан мен көз шағылыстыра жарқыраған күннің қап-қара шарасын көрді.

## 18

Жазға салым, қар кетіп, қыс бойы жатып қалған шөп құрғаған кезде далада көктемгі өрт басталады. Жел айдаған от түйдектеле шапшып, тасқындай жылжыйды, қу қауданды жалмай жұтады, биік түйетікендердің серейген сабақтарына шапшыйды, қара ерменнің бұрыл тартқан ұштарымен сырғанайды, ойпаттарға төселіп жайыла түседі... Соңынан көпке шейін күйіп, шатынап жарылып кеткен жерден ащы ыс исі аңқып жатады. Төніректің бәрінде жас шөп жайнап өсіп, жасылдана түседі, оның үстінде сансыз бозторғайлар аспан аясында қанаттарын қыбыр-қыбыр қалтырата ұйып тұрады, құнарлы, көгал үстінде өткінші қаздар жайылады да, жазға қоныс теуіп қалған безгелдектер ұя салады. Ал анау өрт жүріп кеткен жерде күл-көмірге айналған өлі жер қазымырлана қарауытады. Ол жерде құс ұяламайды, аңдар оны алыстан айналып өтеді, ол жердің үстімен қанатты жүрдек жел ғана зулап өтіп, көкше күл мен қоңырқай тартқан ащы шанды ұшырып алысқа таратып алып кетеді.

Өртке күйіп кеткен дала сыяқты, Григорийдің өмірі де қап-қара болды. Ол өз жүрегіне өте ыстық ең қымбаттының бәрінен айрылды. Рақымсыз өлім бәрін тартып алды, бәрін тас-талқан етті. Тек балалар ғана қалды. Бірақ оның өзі, бейнебір сол қыйраған өмірі өзіне де, өзгеге де, құнды болып шығатындай-ақ, әлі де жер тіршілігіне жансебілдікпен жармаса берді...

Аксиньяны жерлегеннен кейін ол үш тәулік бойы мақсатсыз жапан даланы кезіп жүрді, үйіне де қайтпады, күнасын мойындап Вешенскаяға да мәлімденбеді. Төртінші тәулікке аяқ басқанда ол Усть-Хоперская станицасының бір хуторына аттарын тастап, Доннан өтті, жаяулап, апрель ішінде Фомин бандысы алғашқы рет шетінде талқандалған Слащевская емен тоғайына кетті. Сол кездің өзінде, апрель айының ішінде-ақ, осы еменді тоғай ішінде қоныс тепкен қашқындар бар деп есіткенді. Фоминге

қайтып оралғысы келмей, Григорий сол қашқындарға кетті.

Зор орман ішінде ол бірнеше күн қаңғырды. Ол аштық азабына түсті, бірақ ешбір жерге, мекен-жайға соғуға батылы бармады. Аксињьяның өлімімен бірге ол бұрынғы ақылдылықтан да, жүректіліктен де айрылып қалды. Сынған бұтақтың сытыры, қалың орман ішіндегі сыбдыр, түн құсының айқайы — осының бәрі оның үрейін ұшырып абыржытып тастайтын болды. Григорий шала піскен жер жидегімен, титтей бір саңырауқұлақтармен, жаңғақ ағашының жапырақтарымен қоректенді де, мықтап жүдеп кетті. Бесінші күні кешке оны орман ішінде қашқындар кездестіріп, өздерінің жеркепелеріне алып келді.

Қашқындар жеті адам еді. Олардың барлығы да осы өңірдегі хуторлардың тұрғын халқы болатын — мобилизация басталған кезден бері, өткен күзден бастап осы еменді орманда орын тепкен-ді. Кең жеркепенің ішінде үйлеріндегідей шаруақор қалыпта тұрып, олар ешбір жоқшылық көрмеген-ді. Түнде хуторларына бaрып жиі-жиі үйіштерінің хал-жайын біліп тұрған-ды; қайтарында нан, сұхарь, ақтаған тары, ұн, картоп әкеліп жүрген-ді, андасанда ұрлап мал сойып, жейтін етті бөтен хуторлардан оңай тауып алатын-ды.

Бір кезде 12-ші казак полкында қызмет істеген бір қашқын Григорийді таныды да, оны ерекше сөз көтермей-ақ, топтарына қосып алды.

Сарсылтып шұбаған ұзын күндердің есебінен де жанылып қалды Григорий. Октябрьге шейін ол орман ішінде амалдап тұрып келді де, бірақ күзгі жауын, сонан кейін суық басталған кезде балалары мен туған хуторын сағынып, аңсауы кенеттен оның өзегін өртей түсті...

Қалай да уақыт өткізу үшін ол күні бойы сәкі-төсек үстінде отырып алып ағаштан қасық пен миска ойды, жұмсақ бор тастан шеберлікпен адамның, жануарлардың ойыншық тұлғаларын жасады. Ол ешнәрсені де ойламауға, улы зарды жүрегіне жібермей жолын бөгеуге тырысты. Күндіз ол өзін алдандырып жүрді, бірақ қыстың ұзақ түндерінде өткенді ойға түсіру азабы оған ырық бермей жеңе берді. Сәкі-төсек үстінде ол ұзақ уақыт дөңбекшіп, көзін ілуге шамасы келмеді. Күндіз оның аузынан жеркепеде тұрушылардың ешқайсысы ешбір шағынған сөз естімеді,



оқ тағы тиді, бұйірден тиді... Сол жерде біз оны тастап кеттік. Жүз сажендей шапқылап бардым да, бұрылып артыма қарадым, оны жатқан жерінде екі салтатты әскер қылышпен кескілеп те жатыр екен...

— Я, солай болуға тиісті еді де,— деді Григорий селқос түрде.

Чумаков бұлардың жеркепесіне қонып шықты да, ертемен қоштаса бастады.

— Қай жаққа барасың? — деп сұрады Григорий.

Чумаков жымыя күліп жауап берді:

— Жеңіл өмір қарастыруға. Мүмкін, сен де менімен кетерсің?

— Жоқ, өзің-ақ аяндай бер.

— Иә, сендермен бірге мен өмір сүре алмаспын... Мелехов, сенің қасың, тостаған жасайтын қолөнерің маған лайық кәсіп емес,— деп айтып салды да, Чумаков келекелеп басын иіп, бөркің алды: — Нан-тұз, баспана бергендерің үшін христос қолдасын сендерді, бейбітшіл қарақшылар. Құдайекелерің шатты өмір бере көрсін, әйтпесе мына тіршіліктерің өте көңілсіз. Орманда отырып, арбаның сынық дөңгелегіне табынған осы да өмір болып па?

Ол кеткеннен кейін Григорий еменді орманда тағы да бір жұмадай тұрды да, сонан соң жолға шығуға әзірленді.

— Үйге ме? — деп сұрады қашқындардың біреуі.

Орманда болған бар уақытының ішінде Григорий бірінші рет сәл ғана езу тартты.

— Үйге.

— Көктемге шейін күтсең етті. Бірінші майға қарай бізге кешірім жасап, кеңшілік береді, сонда тарап кетеміз ғой.

— Жоқ, күтуге шамам келетін емес,— деді де, Григорий қош айтысты.

Келесі күні таңертең ол Татарсий хуторының тұсына, Донның жағасына келді. Қуаныш толқыны бойын билеп, өңі сұрлана түсіп, ол туған мекеніне ұзақ қарады. Иығынан винтовкасын, оқшантайын алды, оқшантайдан шитвянканы, кендір ұлпасын, мылтық майы құйылған құтыны шығарды, әлденеге патрондарың қайтадан санап шықты. Он екі обойма және жыйырма алты дана бөлек патрондары бар екен.

Тік жардың тұсында мұз жағадан алшақтап кетіпті. Мөлдіреген жасыл су шалпылдап соғып, жиектің инедей



ұшты, жұқа қабыршақ мұзын омырып жатыр. Григорий винтовканы, наганды суға тастады, сонсоң суға патрондарын төкті де екі қолын шинелінің етегіне сұртті.

Хутордан төменірек барып ол марттың жылымық мүжіген көкше мұзының үстімен Доннан өтті, үйіне қарай адымын кере аяндады. Пристаньға түсе берістегі Мишатканы ол алыстан-ақ көрді де, балаға қарай жүгіргісі келген өзін зорға-зорға тоқтатты.

Мишатка тастардың жиектеріндегі салбырап тұрған мұз сүмелектерді сындырып алып, лақтырып жіберіп, көкшіл сүмелек сынықтарының төмен жар астына қарай сырғанағанын назарын сала қарап тұр еді.

Григорий түсе беріске келді,—үні бітіп, қарлыққан дауыспен:

— Мишатка!.. Ұлым!..— деп шақырды.

Мишатка шошып кетіп, оған жалт бұрылды да, төмен қарады. Ол осы бір адам қорқарлық сақалды кісі мұның өз әкесі екенін таныды...

Сонау еменді орманда балаларын еске түсіріп, түнібойы сыбырлап айтып шығатын, жүрекке жылы, мәпелі сөздер түгелімен қазір Григорийдің жадынан шығып кетті. Тізерлей түсіп ұлының тоңған кішкене қызғылт қолдарын сүйіп, ол қылғынған дауыспен:

— Ұлым... Ұлым...— деген бір ғана сөзді айта берді.

Сонан соң, Григорий ұлын қолына алды. Жассыз, есі шыға жайнаған көздерімен оның бетіне құмарта, қадала қарап:

— Өздерің қалайсындар?.. Әпкең, Полюшка — есен сау ма? — деп сұрады.

Бұрынғы қалпынша, Мишатка, әкесіне қарамастан, ақырын ғана:

— Дуня әпкем сау, Полюшка күзді күні өліп қалды... Тамақ баспасынан... Михаил жездем қызметте...— деп жауап қайырды.

Сөйтіп, міне Григорийдің кірпік қақпай өткізген түндерде арман еткен шағын тілегі де орындалды. Ол туған үйінің қақпасының жанында тұр, қолында баласы...

Оның өміріндегі қалғаны, оны әзірге жермен және салқын нұрлы күн астында жарқыраған бүкіл мынау зор әлеммен жақын етіп тұрғанның бәрі осы ғана еді.



**МИХАИЛ ШОЛОХОВТЫҢ  
„ТЫНЫҚ ДОНЫ“**



---

1923 жылы сентябрьде Москванын «Жастар Правдасы» газетінде «Сынақ» деген ерекше атпен фельетон әңгіме басылды. Бұл әңгіме казактар Донынан Москваға оқуға келіп, еңбек биржасының жолдамасымен тас қалаушы да жүкші болып жұмыс істеп жүрген Михаил Шолоховтың тұңғыш шығармасы еді. Ол кезде осы фельетонның авторы төрт жылдан кейін «Тынық Доның» екі томын бірден шығарады, бұл шығарма «ап!» дегеннен-ақ байтақ оқушылар жұртшылығын өзіне аударып әкетеді, олардың сүйсіне оқытын кітабы болады деп ол кезде ешкім ойлай да қоймаған шығар! Мазмұнының соншалықты тереңдігі, ұйытып әкетерліктей соншалық ақыйқаттығы, жүрек тебіренерлік поэзиялығы, өзіндік өзгешелігі мен көркемдігі, аса шебер жазылғандығы жөнінен романның ерекше көзге түскені сондай, бұған сүйсіне отырып, осыны жазған автордың жыйырма үш жаста ғана екеніне қайран қалмасқа лаж жоқ еді.

Шынында да көркем сөз ұстасының таланты Шолоховта ерте оянып, тез дамыды. Оның бұл тез өсуіне қаһарман революциялық өмір шындығының өзі де жәрдем етті, осындай революциялық өмір шындығы жағдайында Шолоховтың өмірден алған тәжірибесі, жаңа жаза бастаған жас жазушының әлі қысқа, бірақ ізденіске, қажырлы еңбекке толы әдебиеттік жолы өрістеп, бай берді.

Михаил Александрович Шолохов 1905 жылы 24 майда Вешенская станицасының Кружилино хуторында туған. Оның шыққан тегі — кедей табынан. Жазушының анасы Анастасия Даниловна Черникова Дон бойындағы бұрынғы басыбайлы украин шаруасының семьясында туған, ата-анасы өте кедей болғандықтан Анастасия Даниловнаны оқытуға, тым болмаса қара таңытуға да халі келмеген. Әкешесі өлгеннен кейін жастай жетім қалған Анастасия Даниловна

үй қызметшісі болып істейді. Қатаң өмірдің шатқал жолы Анастасия Даниловнада қайратты қайсар мінез шындап, еңбек сүйгіш етіп шығарды, бұл қасиеттерді ол өзінің перзентіне де дарытты. Ұлы Отан соғысы кезінде Вешенская станицасына гитлершіл ұшқыштардың жасаған бір шабуылында Анастасия Даниловна мезгілсіз аяулы қаза тапты. Шолоховтың әкесі, Александр Михайлович, казактардан жалға алған жеріне егін еккен, приказчик болып істеген, диірмен басқарушысы болған және Донда Совет өкіметі орнағаннан кейін — дайындау жұмысын жүргізетін кеңсенің меңгерушісі болған. Шеркеу мектебінде ғана оқып, шамалы ғана білім алғанмен ол өз бетімен көп оқып, журналдар жаздырып алып, үнемі білімін арттырып отырған, кітапты қатты сүйетін және бұл кітапқұмарлығын баласына да еккен жан. Ол балам «инженер болып шығады» деген тәтті қыялмен өмір сүрген адам, оның баласының инженер болғаны да ақыйқат, бірақ ол жай инженер емес — «адам жанының инженері», көркем сөз шебері болып шықты.

Михаил Шолохов та көп оқый алмады. Сол кезде Донда азамат соғысы лаулап кетті де — ол жеті жылдық мектеп білімін де ала алмай қалды.

Күшті дарынмен ұштасқан қажырлы еңбек, қайратты жігер арқасында Шолохов өз бетімен мәдениеттің асыл қазынасын игерді. Ол халықпен бірге ұлы еңбек, ұлы күрес үстінде қалыптасып, есейіп, ержетті. Өмірдің өзі оның шынайы «университеті» болды.

Сол кездегі санмың құрбылары сыяқты, Шолохов та уылжыған жасөспірім кезінде қолына қару ұстап Совет өкіметі үшін соғысқа шықты. Донда қабындаған азамат соғысы жасөспірімнің сана-сезімі қалыптасуын тездетті. Халықтың сәулетті тұрмысы мен бақытты өмірінің шын күрескері болған коммунистердің ұлы шындығын ол ақылымен ойлап, жүрегімен сезіп білді. Он бес жасар Шолохов Каргинская станицасындағы ревкомға барып өз еркімен азық-түлік отрядына кіруге тіленеді; сол отрядта пулеметчик болып, инспектор және азық-түлік жыйнаушы жауынгер болып істейді; Москва мен Питердің нанға мұқтаж ашыққан жұмысшыларына жіберу үшін бай казактардың тыққан басыартық астықтарын еріксіз алуға көмектеседі, 1922 жылға шейін әлек салып келген бандыларға қарсы сан рет ұрыстарда болып, талай-талай қыйын-қыстау кезендерге де ұшырайды.

Коньков хуторының түбінде болған ұрыста жасөспірім Шолохов махношылардың қолына түсіп қалады, оны Махноның өзі жауапқа тартып, тек жас болғандығы үшін ғана атпады, бірақ Махно оған екінші рет қолыма түсе қалсаң дарға асамын деп серт егеді. Жап-жас Шолохов «Тынық Донда» өзі суреттеген Фомин бандысына қарсы талай ұрыстарға да қатнасады.

Ересек бала және жасөспірім жігіт кездерінде Шолохов кітапты өте көп оқыған, Пушкин мен Лермонтов, Гоголь мен Толстой, Чехов пен Горький секілді орыстың данышпан көркемсөз шеберлерінің шығармаларымен аса қатты шұғылданады. Ұлы жазушылардың кітаптары Шолоховта жазушы болу арманын туғызды. Осы арман оның өмірден алған аса бай әсерлерін жұрт алдына тартуға құмарлығын күшейтті. Творчествоға оны өмірдің өзі өктем күшпен жетектеді.

Шолохов әңгіме жаза бастайды, жазған әңгімелері баспасөз бетіне шыға қоймайды, алайда ол алған бетінен қайтпастан, жазушылық тәжірибесін өрістете береді. Оқу, білім алу және жазушылық ісіне шеберлену ниетімен Шолохов 1922 жылы Москваға келеді. Рабфакқа оқуға кіре алмағаннан кейін ол қара жұмыс істеуге кіріседі.

Жаңа ғана тоқтаған азамат соғысының дабылды майдандарынан сол жылдары Москва мен Петроградқа келіп, Дмитрий Фурманов, Александр Фадеев, Леонид Леонов, Константин Федин, Николай Тихонов, Федор Панферов, Борис Лавренев, Всеволод Вишневский, Леонид Соболев, тағы да басқа толып жатқан жас жазушылар әдебиетке кірісе бастайды. «Азамат соғысы бітіп, біздер — партия мүшелері де бар, бірақ көбі партияда жоқ жастар — байтақ отанымыздың әр тарапынан келіп тоғысқан кезде әрқайсымыздың жеке тағдырымыздың айырмасы болғанымен, өмір тарихымыздың бір өңкейлігіне таң-тамаша қалғанбыз,— деді А. Фадеев 1949 жылы февральда, «Франция мен ССРО» қоғамының Париж қаласында шақырған жыйылысында.— Фурмановтың өмір жолы тап сондай еді... Ішіміздегі жасырағымыз да және, мүмкін, тіпті, таланттырағымыз ба дейтіндей, Шолоховтың өмір жолы да тап сондай-ды. Николай Островскийдің өмір жолы да асқан бір ерліктің үлгісі болды. Біздер жолын қуған ағаларымыздың көпшілігі де сол біз тараған әлеуметтік ортадан шыққан адамдар болатын... Маяковский бұлардың ішінде мандайалдысы еді. Даусы жер жарып, зор Маяковский жұмысшы клубтарында және жоғарғы оқу орындарының аудиторияларында күндей күркіреді... Бұрынғы кезде жазған шығармаларының толық жыйнағын бастырған қарт Серафимович біздің балғын кітаптарымызбен бірге «Темір тасқынын» шығарды... Біз көп едік, әдебиетке топ-тобымызбен келдік те, әрқайсымыз өз өміріміздің тәжірибесін, өз даралығымызды ала келдік. Біздің бәріміздің басымызды біріктірген нәрсе — жаңа әлемді өзіміздікі деп түйсінгеніміз, соған ынтық болуымыз».

Бұл — жас совет әдебиетінің буржуазияшыл әдеби ағымдарға қарсы, «Искусство искусство үшін» дейтінді уағыздаушыларға қарсы, — декаденстың әралуан көріністеріне қарсы аса күшті де күрделі күрес жүргізіп жатқан кезі еді. Мұндай ағымдарды жақтаушы-

лар жарқ етпес пессимизм мен хайуани индивидуализмді уағыздады, эротика мен мистикаға табынушылықты дәріптеді. Халық тілегіне жат бұл ағымдар троцкийшілдердің әдебиеттегі агентурасы басқарған «Перевал» тобымен, буржуазияшыл Батыстың алдында бас иген «Конструктивистер» тобымен бірікті. Әдебиетке бір жағынан «пролеткультшілер» де үлкен зыян келтірді, бұлар «революцияшыл жаңашылдық» деген ұранды бетке ұстап, өздерінің әр алуан бұрмалаушылықтарын «жаңа искусство» деп көрсетуге тырысты, орыс әдебиетінің ұлы дәстүрлерінен қол үзуге шақырды, адам баласының жасаған асыл да қымбат мәдени мұраларынан бастартуға шақырды.

Осындай қыйын-қыстау кезеңде коммунист партиясы совет әдебиетінің дамуын атаулы қамқорлықпен бағыттап отырды, жас таланттарды мәпелеп өсірді, жаңа өмір жасау жолында халықпен бірге болған, бірақ әлі де болса шығармаларында жат, буржуазиялық ықпалдардың іздерінен арыла алмаған жазушылардың тура жолмен берік те нық қадам басуына көмектесті. Коммунистік партия идеяларының игілікті әсерлері арқасында Михаил Шолохов та өзінің творчестволық жолын бастады.

Шолоховтың жазушылық еңбегінің алғашқы екі жылы (1924—1925) тұтасымен шағын әңгімелер жазумен өтті. «Комсомолияда», «Сменада», «Огонекта», тағы басқа журналдарда оның: «Мең», «Құлынишак», «Малшы», «Көкпеңбек дала», «Арсыз бала», «Бакшашы», «Продкомиссар», «Оң сапар», «Қос күйеулі» дейтін және басқа да небәрі отыз шамалы әңгімелері басылды. 1926 жылы оның «Дон әңгімелері» және «Көкпеңбек дала» деген кітаптары жарыққа шықты. «Дон әңгімелеріне» жазған алғы сөзінде пролетариаттың қарт жазушысы А. С. Серафимович жас әдебиетшіге аса қымбатты да қайрат беретін жалынды сөздер айтты.

Шолохов творчествосының арғы төркініне көз жіберсек, ол творчество халық өмірінің терең түкпірінен басталғанын, Коммунистік партияның ұлы ісінің жеңіп шығатынына оның кәміл сенгендігі бұл творчествоға зор рух, шабыт бергенін көреміз. Шолохов әңгімелерінің бас тақырыбы — халық, сол халықтың әр алуан жаулармен арпалысқан күресі. Бұл әңгімелерде революция мен азамат соғысының және Донда шиеленіскен тап күресінің шындық пен ерлікке толы драмалық картиналары суреттелді. Бұл әңгімелердің басынан аяғына дейін жер үстінде жаңа өмір жасау үшін күрескен адамдардың жан толқытарлық бейнелері елестейді. Совет өкіметін асқан ерлікпен орнатқан және қорғай да білген, халықтың болашағына тыннан жол салған өз геройларын жас жазушы әңгімелерінде шеберлікпен, сүйсіне суреттейді. Революциялық борыш үшін жан қыюға әзірлік, таймайтын рухани беріктік, нағыз адамшылық сезім — міне Шоло-



ховтың ертеректе жазған шығармаларындағы геройларының ерекше белгілері осындай.

Жазушы өзінің шығармаларында еңбекші казактардың көбін уысынан шығармай келген сословиелік ескі нанымдардың күшін де, сәулетті жаңа идеялардың жетектеуімен балалары совет өкіметін жақтаушылар тобына қосылып, кейде тіпті ағайынды туыстардың екі жақ майданда біріне бірі қарсы шыққанын, сөйтіп орташа және ауқатты казак семьяларында болған іштей ыдыраушылықты да көрсетті.

Кейінірек кең өріс алып, «Тынық Донда» әуені мол шығатын мотивтер Шолоховтың шағын әңгімелерінде-ақ белгілене бастады.

Шолоховтың бірқатар жақсы әңгімелері көркемдік құнын осы күнге дейін жоғалтқан жоқ. Жазушылық шеберлігіне жетіліп алу үшін бұл әңгімелер оған өте жемісті мектеп болды. Адамның жанды характерлерін жасай білу, олардың психологиялық жақтарын ашуға тырысу, аз сөзбен көп айту — міне осы қасиеттердің көбін жас жазушы өзінің сол ертеректегі жазу тәжірибесі арқылы тапты. Рас, оның кейбір әңгімелерінде баяндау жағын тым жеңілдетіп жібергендігі де, үстірт бейнелегені де байқалып қалады. Керексіз натуралдық сыйпаттарды бере беру, «жергілікті тіл ерекшеліктерін» үйіп-төгіп көп қолдануы да кейбір әңгімелердің көркемдігін төмендетіп жіберді. Алайда, кейінірек эпикалық романдарында терең және жан-жақты кең шалқыйтын Шолоховтың тамаша дарындылығы сол бұрынғы әңгімелерінде-ақ көрініп қалған болатын.

Басқа жазушылар сыяқты, Шолохов та бүкіл совет әдебиетімен бірге өсті. Жазушының таланты мен творчествосының гүлденуіне құнарлы нәр берген нәрсе біздің айбынды өміріміздің шындығы.

Құралды контрреволюция мен интервенттерге қарсы ауыр күрес-тен кейін, жыйырманшы жылдардан бастап, совет халқы, адам айтқысыз қыйыншылықтарға қарамастан, жер жүзіндегі тұңғыш — социалистік мемлекеттің құдретті негіздерін қалауға кірісті.

Бұл жылдары совет әдебиетін қалыптастыру процесі қызу түрде жүріп жатты. Совет әдебиеті өзінен бұрынғы ұлы адамдардың дәстүріне сүйене отырып, социалистік реализмнің негізін қалаушы Горькийдің салған жолымен алға басты. М. Шолоховтың «Тынық Донның» екі томы жарыққа шыққан кезде, одан аз-ақ бұрын яки онымен қатарласа, орыс совет прозасында Серафимовичтің «Темір тасқын», Фурмановтың «Чапаев», Фадеевтың «Тас-талқан», Гладковтың «Цемент», Леоновтың «Борсықтар» және Панферовтың «Бруски» романының бірінші томы сыяқты шығармалар пайда болған-ды. Украин, белорусс жазушылары, басқа да туысқан халықтардың, соның

ішінде тіпті революцияға дейін жазба мәдениеті де болмаған халықтардың әдебиетшілері де едәуір жетістіктерге ие болған еді.

1928 ж. «Тынық Донның» жарыққа шығуы әдебиет өміріндегі үлкен уақытқа болды, советтік көркемөнер творчествосының дамуына мықты әсер етті.

Шындығында жазушының «Тынық Донға» сіңірген еңбегін творчестволық ерлікпен теңестіруге болады. Тарихты, Лениннің еңбектерін терең зерттеп үйрену арқылы, империалистік соғыс пен азамат соғысына байланысты мемуарлар мен көптеген басқа материалдарды зерттеу арқылы Шолохов өмір шындығын, өзінің айналасындағы ортаны жақсы таныды, білімін байытты. Қазактармен, мінез-құлқы, характері, тағдыры әртүрлі көптеген адамдармен жиі-жиі кездесу, әңгімелесу арқылы, бақылау арқылы ол өз бойына аса көп әсерлер жыйнады; көрген-білгендерінің ішіндегі ең маңызды, асыл әсерлерін іріктеп, кейін творчестволық қыялында қайта қорыту үшін адамдарға аса назар салып, жіті бақылады.

«Тынық Дон» — талғампаз суретшінің шабытты да талапты еңбегінің жемісі. Шолохов он төрт жыл бойы өзінің геройларымен бірге жасасты, олардың ойлары мен үміт-армандарын, күресі мен азабын, махаббаты мен өшпенділігін, қуанышы мен қайғы-қасіретін бейнелей отырып, эпикалық образдар, ұмытылмас характерлер жасады. Сөйтіп қырқыншы жылдың қысында, көз ілінбей ұйқысыз өткен түннен кейін, таңертең ертемен романның ең ақырғы сөзі жазылып болып, соңғы нүкте қойылғанда жазушы ұлы еңбегінің аяқталғандығына үлкен қуаныш та түйсінді, туысындай болып кеткен геройларымен, он төрт жыл бойы көңілін толқытқанның, тебіrentкеннің бәрімен айрылысқанына жүрегі сыздап, ауырып кеткенін де түйсінді.

«Тынық Донның» алғашқы екі томы совет әдебиетін оқушыларды аса қызықтырып, олардың жалынды алғыс сезімдерін туғызды. Алайда совет әдебиетінің бұл көрнекті шығармасына халық жаулары жала жауып, оны қаралауға әрекет етті. Жазушының творчестволық еңбегінің ішкі мәнін бұрмалаған РАПП сарынындағы сыншылар да бұл романға адал ниетпен қарамады. Романның бірінші томының автор жіберген қолжазбасын журналдардың бірі тіпті баспай да тастады. «Тынық Донның» қозжазбасын оқып шығып, А. Серафимович оны «Октябрь» журналында бастырып шығарды. РАПП сарынындағы тұрпайы сыншылар романды «совет әдебиетіне жат» деуге дейін барды. Кейбір сыншылар өздерінің білместігінен, кейбірі әдейі қасақана Шолоховты дұрыс жолынан адастырып, оны бұрыс жолға салуға тырысып та бақты. Бірақ қаншама қыйын болса да, жас жазушы еңсесін түсірмей, өзінің идеялық және жазушылық позициясын табанды түрде, қаймықпай

жақтап шықты. Коммунистік партияның қамқоршылық, достық қолы оған үлкен көмек көрсетті.

1928 жылы 19 апрельде, «Тынық Донның» бірінші томы басылып шыққаннан кейін, «Правда» Серафимовичтің мақаласын жариялады. Қарт жазушы романның жас авторын бала бүркітпен салыстырды.... «Кенеттен оның алып қанаттары құлаш кере жайылды... Ол өзі де әлі тіпті қаршадай еді-ау. Әдебиет кеңістігінде, әрең байқаларлық нәтиже боп, оның қараңдап көрінгеніне де тек екі-үш-ақ жыл болған-ды. Оның мол сеніммен кенет қанат сермейтінін нағыз көреген сұңғылалар да болжай алмас еді» деп жазды Серафимович. Романның биік қасиеттері туралы және оны оқыған адамдар алдында романның геройларының «жарқ-жұрқ еткен жанды тобы» шыға келгені туралы жазды Серафимович «Правдада». Мақалада Шолоховтың өзінің әр геройын «өз кескіндерімен» бере білетін тамаша қабілеті, қайталанбайтын бейнелер, адамның ішкі дүниесінің қайталанбайтын құрылысын жасай білетін тамаша қабілеті атап көрсетілді. «Осы орасан зор қабілеті Шолоховты шырқау биікке шарықтатты да, оны жұрттың бәрінің көзі шалды».

Шолоховтың творчестволық тағдырына ең көп ықпал жасап, шын көңілден тілектестік білдірген М. Горький болды. 1928 ж. «Тынық Донның» бірінші томын оқып шығып, ол былай деп жазды: «Шолохов, бірінші томына қарап бағалағанда, талантты бола ма деймін». «Жұмысшы табы өзінің мәдени шеберлерін баулып шығару керек» (1929) деген мақаласында ұлы жазушы мынаны айтты. «Фадеев, Шолохов және соларға ұқсас таланттар — біренсаран ғана. Бірақ, өзіміз көріп отырғанымыздай, олардың көркем сөз шебері екенін, осы қасиеттерін жұмысшы табы мейлінше дұрыс бағалады».

1930 жылы А. М. Горький Шолоховты Соррентоға шақырды, бірақ олар кездесе алмады: Муссолинидің фашистік үкіметі Шолоховтың ресми түрде Италияға баруына рұқсат беруді мейлінше кідіртті. Жазушылар тек 1931 жылы апрельде, Москва түбіндегі Красковода кездесті. Кездесу Шолоховтың өміріндегі және творчествосындағы ұлы уақытқа болды.

Романның алтыншы бөлімін жарияларда Шолохов талай қызыншылықтар кездестірді: раппшылдар бұл кітапты бастыруға кедергі жасады.

Шолохов М. Горькийге жазған бір хатында, раппшылдардың жан төзгісіз озбырлығын айтты, олар оны Дондағы контрреволюциялық бүліншілікті ақтауға тырысасың деп кінәлағанын шағынды. Сол хатында Шолохов: «Алтыншы бөлімді оқыған, бірақ менің жазғандарым тарихи шындық екенін білмейтін кейбір қаламдас бауырларымда алтыншы бөлімге қарсы көрінеу теріс пікір, теріс

наным қалыптасып отыр. Әлдеқашан өмірде болып өткен уақыттың «ойлап шығарған көркем көрініске» айналдыруға олар наразылық білдіруде... Маған ең бір қымбатты бірсыпыра жерлерін алып таста, солай етсең ғана кітабың басып шығарылады деген шарт қойылып отыр... Ең қызығы сол — он адам он түрлі жерлерін алып таста дейді, олардың айтқанын тыңдасақ, кітаптың төрттен үш бөлігін алып тастау керек сияқты» деп жазды.

Қолжазбаны оқып шығып, Горький оны «көркемдік қасиеті жоғарғы шығарма» деп мәлімдеді.

«...Красководан, Сіздің үйден кетерде көңлім мықтап сергіп, рухтанып, еңбек етуге құштарлығым арта түсіп қайттым,— деп жазды Шолохов М. Горькийге.— Маған деген жылы жүзіңіз бен ықласыңыз үшін, қымбатты Алексей Максимович, рахмет сізге».

«Тынық Дониның» алғашқы екі томы жарыққа шыққаннан кейін И. В. Сталин Шолоховты біздің заманымыздың атақты жазушысы деп атап, оның көркемөнер творчествосына аса жоғары баға берді.<sup>1</sup> Мұнымен қатар ол, азамат соғысына қатнасқан жеке адамдардың бейнесін жасағанда, жазушының жіберген кейбір елеулі қателіктерін де көрсетіп берді.

Шолохов жалынды сөздермен коммунистік партияға, совет өкіметіне және туысқан халқына зор алғыс білдірді. «Мені туғызған, тәрбиелеп, баулыған совет өкіметі мен большевиктер партиясы. Мен совет халқының ұлымын, совет өкіметінің маған деген қамқорлығын, анасының баласына жасаған қамқорлығындай деп атағаннан басқаша атай алмаймын». Коммунистік партияның XVIII съезінде сөйлеген сөзінде Шолохов совет жазушыларының өз еңбектері үшін халық алдында жауапты екендіктерін айта келіп, былай деді: «Халқымызға біз өзіміздің көркемөнерімізбен қызмет етіп отырмыз, халық біздің еңбегіміз туралы кітап оқушылардың аузымен күнде айтып отыр. Жұрт бізді сынады, ұрсады, творчествода сәтсіздікке ұшырасақ шынтағымыздан сүйейді, еңбегіміз сай болса, мақтайды, сондықтан біздің әрқайсымыз жасампаз халықтың осы бағыттаушы алып қолын, еңбекші де еркелетуші қолын өз төңірегімізде үнемі сезіп түйсініп отырамыз».

\* \* \*

Революция тақырыбы және қанаушылардың қамытын өз мойнынан алып тастап, жауларға қарсы кескілескен күресте өзінің жеңіп алғандарын қорғап қалған, жаңа өмір орнатуға кіріскен халық, әрине совет жазушыларының көп көңіл аударған басты та-

<sup>1</sup> И. В. Сталин, шығармалары, 12 т., 112 бет.

қырыбы болғаны әбден табиғи. Халық күресінің аса күрделілігі, уақытшалардың ұлылығы және адамдардың жаңа мінез-құлықтары мен жаңа қатнастарының қалыптасуы — осының бәрі монументальдік формада көркемдік жағынан тұлғаландыруды талап етті. Сол себепті совет әдебиетінде эпикалық роман жанры табысты түрде баянды да берік орнықты.

«Тынық Донда», кең арналы және мол сулы терең өзен сыяқты осы эпикалық романында Шолохов революцияға дейінгі казактардың өмірін, дүниежүзілік империалистік соғысты, Корнилов бастаған астыртын қаскүнемдіктің талқандалуын, халықтардың оңтүстіктегі контрреволюцияға қарсы бағытталған қарулы күресін және Дондағы қаһарлы драмалық уақытшаларды суреттейді.

Романда суреттелетін уақытшалар казак хуторлары мен станцаларынан біресе Москва мен Петроградқа, біресе Могилев пен Ростовқа, біресе Новочеркасскі мен Новороссийскіге, яғни ақгвардияшылар мен интервенттердің қыйратылғаннан қалған сарқыншақтарының кемемен қашып кетіп жатқан жерлеріне ауысып отырады. Бірақ бүкіл елді тітіренткен уақытшалармен ажырағысыз байланысты болған Мелеховтар семьясы мен романның басты геройы Григорий Мелеховтың өмірі романның негізгі арқауы болып табылады. Дон казактарының өмірін көрсеткеніне қарап, кейбір әділетсіз сыншылардың айтқанындай, Шолохов өзінің шығармасында жергілікті бір облыстың тар шеңберіндегі тақырыпты талдайды деген пікір тумауға тиіс. Шолохов романының күші мен өрісінің кеңдігі мынада: казак жұртшылығының өмірін суреттеумен қатар, жазушы Донда болған уақытшалар мен ілгерілегендіктерде дүниежүзілік маңызы бар тарихи уақытшалардың және халқымыздың өміріндегі ұлы революциялық төңкерістің бейнеленгенін көрсетіп берді.

«Тынық Донда» қуатты халық қозғалысының көріністері, революцияның тазартушы, қайта құрушы ұлы күші сыйпатталады.

Донды мысалға ала отырып жазушы адам баласының тарихында тұңғыш рет орнағалы отырған жаңа әділетті қоғамдық құрылыс жолындағы күресті шеберлікпен эпикалық түрде суреттеді. Европа мен Американың қарақшы империалистері қолдаған ішкі контрреволюцияға қарсы халық күресінің қандай ауыр да драмалы болғанын терең ашып көрсетті. Ескі әлемнің өшу процесі мен өмірдің жаңа тәртібінің туу процесінің қандай күрделі екенін Шолохов зор көркемдік шеберлікпен көрсетіп берді.

Революция жылдары мен азамат соғысы жылдарында казак жұртшылығы ауыр, тікенекті жолдардан өтті. Бұл сол кездегі Донда қалыптасқан әлеуметтік жағдайларға, тарихи өзгешеліктерге байланысты еді. Ұлы Октябрь қарсаңында-ақ Ленин әлдеқашан-

нан бері «жалпы орыс демократиясынан қол үзген»<sup>1</sup>, сословиелік салтына берік, томаға-тұйық казак өлмесінде контрреволюцияның аса күшті ошағы — «орыс Вандеясы» — тууы мүмкін екенін алдын ала болжаған еді. Кейіннен ол, мұнда «жалдамалы еңбекті қинғумен күн көрген бай казактар бәрінен көп», «мұнда контрреволюцияның болатынына үміт көп, бәрінен көбірек»<sup>2</sup> деген болатын.

Дон казактарының тарихында ерлікті де, қайғылы халді де баяндайтын беттер аз емес.

«Тынық Дон» казактың ескі халық өлеңімен басталады, онда дон жері былай сыйпатталады.

Біздің байтақ жерімізді жыртқан соқа емес-ті...  
Біздің байтақ жерімізді аттың тұяқтары тесі.  
Біздің даңқты жерімізге егін емес егілген,  
Казактардың бас сүйегі тұқым болып себілген,  
Біздің тынық Дон бойының көркі кілең жесір ғана,  
Біздің тынық Дон бойының гүлі кілең жетім бала.  
Аққан тасып, толқында біздің Донның арнасы,  
Толқын емес ол, расында ата-аналар көз жасы.

Дон сынды еркіндік сүйгіш орыс жері ержүрек адамдарды туғызды. Олар Ермак Тимофеевичпен бірге алыстағы Сибирьге дейін барды, орыс жерін түркілердің және басқа жаулаушылардың шапқыншылығынан қорғады, Суворов әскерлерінің сапында соғыста ерлік көрсетті, 1812 жылы, отан соғысы кезінде Кутузовтың басқаруымен Наполеонның басқыншы қалың қолдарын талқандауға қатысты.

Шолохов романында суреттелген дон казактары он екі қол казак әскерінің — кубань, терек, астрахань, орынбор, байкал аржығындағылары және басқалары — тарихында ерекше орын алады.

Ерте кезден бастап XVI ғасырдың басында, дон жерінде өздерін казак деп атаған «батырлар, ерікті адамдар» пайда болды. Бұлар феодалдық басыбайлылықтың жан төзгісіз тепкісінен, боярлар мен князьдардың қанаушылығындағы құлдық өмірден қашқан орыс шаруалары, «жұмыс адамдары» мен қашқын стрелецтер<sup>3</sup> еді.

Жапан тұз жазық далада қоныс тепкен ерікті казактар атты және жаяу әскер отрядтары болып бірігіп, Донда көптеген «қалашықтар» салған. Отанымыздың жеріне қол сұқпақ болған бас-

<sup>1</sup> В. И. Ленин, шығармалары, 26 том, 15 бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 27 том, 443 бет.

<sup>3</sup> Стрелец — XVI—XVII ғасырлардағы Москва мемлекетінде тұрақты дербес әскер.

қыншылармен кескілескен ұрыстарда казактар өздеріне тән ба-  
тылдык, төзімділік, табандылық, жауынгерлік ерлік қасиеттерін  
шынықтырды.

Ерікті казактар крепостник-помещиктерге де қауіп туғызды.

Олар боярлар мен князьдардың иелік еткен жерлеріне, именне-  
леріне еліре шапқыншылық жасап, өздерінің оларға деген өшпенді-  
ліктерін және адамша өмір сүруден қалған басыбайлы орыс ша-  
руаларының қыйын тұрмыс жағдайларына наразылықтарын біл-  
дірді.

Дон, крепостниктер мен патша қызметшілеріне қорқыныш  
төндірген Степан Разин, Кондратий Булавин, Емельян Пугачев сы-  
яқты стихиялық шаруалар көтерілістерінің даңқты жолбасшыларын  
туғызды.

Әрине, дон казактарының сол ерте кездің өзінде-ақ бір текті  
болмағаны түсінікті. Уақыт ілгерілей берген сайын, олардың жік-  
телу процесі де тереңдей берді. «Жалаңаш-жалпы» кедей-казактар  
көбінесе «үйлі-күйлі» бай казактарға тәуелді болды. Дон казактарын  
көптен бері-ақ қолына алуға тырысқан патша үкіметі де қарап  
қалған жоқ, казактардың билеп-төстеушілері мен бай топтарына  
сүйене отырып, самодержавие кейде қамшы жұмсау, кейде олжа  
салу саясатын қолданып, бұларды, біріншіден, өзінің тіл алғыш  
құралына айналдырды. «Сыйлыққа» жер беріп, казактарды әскер-  
ни қызмет атқаруға міндетті етті. Ерікті казактар қыспаққа алын-  
ды. Ал патша үкіметінен дворян атағын, әскери атақ пен шен  
алған билеп-төстеушілер, байлар көп жерлерді басып алып, по-  
мещиктер қатарына қосылды, Донға қашып келген орыс және  
украин шаруаларын қанап, басыбайлы етіп құлданды. Олар енді  
казак санатына алынбайтын болды.

Қазактарға артықшылық жағдайлар «сыйлық еткен» патша  
үкіметі атамандар мен казак басшыларының көмегімен казак жұрт-  
шылығын сословиелік соқыр сеніммен шырмады, олардың сана-се-  
зімін реакциялық идеологиямен уландырды. Дон бірте-бірте са-  
модержавиенің тірегіне айналды. Казак жұртшылығының томаға-  
тұйық, оқшау тіршілігі оны орыс халқының өміріндегі прогрессивті  
озат жаңалықтардан барғап сайын алыстата, аулақтата берді. Ер-  
кіндік сүюшілер ордасы реакцияның тірегіне айналды. Донның тра-  
гедиясы да осында еді.

Ұлы социалистік революция дон жерін де терең жырты. Ре-  
волюция дауылы мен азамат соғысының жалынында еңбекші ка-  
зак жұртшылығының көзі ашылды.

Донда революциядан бұрынғы әлеуметтік қатнастардың түйіні  
күрделі болатын. Миллиондаған десятина жер помещик-генералдар-  
дың, чиновниктердің, офицерлердің және казак кулактарының ко-

лында болды, ал осы кезде Дондағы «жергілікті» шаруалар — дон помещиктерінің басыбайлыларына осылай деп атайтын — жерсіз тұншығып жатты. Крепостнойлық право жойылғаннан кейін «шет қалалардан» келіп Донға орналасқан жүздеген мың адамдардың жағдайлары одан да ауыр болды. Кедей шаруалар сұрапыл қайыршылықта өмір сүрді, мұқтаждық оларды помещиктер мен кулактарға жалшы болып жалдануға мәжбүр етті, кейбіреулері рудниктер мен заводтарға қашып барды.

Бірақ казактардың өз ішінде де тап қайшылықтары шиеленісе берді. «Тынық Донда» суреттелген Коршунов сыяқты кулактар мол жер көлемін иемденді, жалшылардың еңбегін қанау арқылы бая берді. Сонымен қатар казактардың төрттен бір бөлігінде, Михаил Кошевой сыяқтыларда, құрал-сайман болмады, ал бастен бір бөлігінде — жұмыс малы болмады.

Кедейлер туралы айтылғанның өзінде, орта шаруа казактарға да балаларын «әскери қызметке зейілеу» — өз алымен, қару-жарағымен, киім-кешегімен дайындап беру — олай типтен жоқ. Алғайда кедейлердің өзі казактардың ескішіл жалғыз нанымдарына, жаман салттарына ағрен арылды.

Жаратылысымыздан орыс «мұжықтарына» артықшыз деген сөзсіздік өрнексіздік сезім көрсеткен казактар өздерін орыссыз деп те есептемеді. Орыстар — олар «мұжықтар», ал казак атаулы казактардан өрбіген десті. Казак провинциясының салдарына және адам айтқысыз қараңғылықтың, нағандықтың зардабына — бір жарым миллион казак жұртшылығының үштен екісі, тіпті одан да көбіреті сауатсыз еді — казак еңбекшілері бейнебір көздерін шөл қыптанғандай, — сандықсыз болып, қоныссыз, жемқор байларға қарсы наразылық білдірген дауыстар тұншығып қалыпты.

Бұл жайлар Шолоховтың романында нанымды суреттелген. Казактар көршілес слободаның шаруаларын «Ағаш шыбаталылар» деп көрсітіп, осы шаруалармен дйірмен басынданы қатты төбелесте казактар бір ұрпақты өлтіреді. Большевик Штокман шолықол Шамилден не болды деп сұраса, Шамил бегі бұлқ ештеден: «Колларды сабадық деп жауап қайырады. Не үшін? «Кол» болғаны үшін. Орыс шаруаларын да сабайды. Не үшін? «Мұжык» болғаны үшін. Әрине, «мұжықтар» мен «коллар» да реті келгенде бұлардың есесін қайырып отырады.

Сословие провинциямен ұланғай тек Пинтелей Мелезов пен оның ұлмен баласы Петро ғана емес, — бұл провинция жас Григорийдің де кеудесіне ұшып ұлгірген-ді. Тіпті Мелезов көпестің дйірменінде машинист болып істейтін Иван Кошаров та «қанын казак» деп даядайсыды.

Әрине, «коллар» мен «мұжықтарға» өш болу еңбекші казак-



тардың бойына туа біткен сезім емес, казак қауымының өзінен өзгеге өштігін, жабайы ескішілдік нанымдарын оларға ежелден-ақ патша үкіметі мен казак шонжарлары үнемі егіп, қанына сіңіріп келген-ді. Сондықтан да Михаил Кошевойдың: «Қазақтар өздері айыпты емес, олар осындай маскарашылыққа душар етілді» дегені әбден дұрыс. Казак өмірінің адамды топастандыратын барлық құрылыс жүйесі еңбекші казактарды өзгелерден окшау қалдырғаны былай тұрсын, оларды жұмысшылар мен шаруаларға қарсы етті. Патша үкіметінің қолшоқпары болып алып, казактар талай рет жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалыстарын жаныштауда жазалаушының қарабеттік ролін де атқарды. Коммунистік шындықтың асыл ұрығын Донда қандай тастак жерге егуге тура келгенін Шолохов тамаша суреттеп берді!

Ол революцияның жеңімпаз қыймылының процесі үстінде сословиелік менмендік шелі еңбекшілер көзінен қалай арыла бергенін және ондаған жылдар бойы еңбекші казак жұртшылығын орыс халқынан ажыратып тұрған жардың қалай құлағанын ашып көрсетті.

Бейне Донның жазғы суы сыяқты, казактар өмірі тып-тыныш жүріп жатқан тәрізді. Бірақ оның сырт карауға тынық ағысының арғы жағында терең қайшылықтар жатқанын суретші көре білді. Ол казактар қауымының тұтастығы деп аталатын пердені сыпырып алды және сол тұтастық дегеннің алдамшы түсінік екенін әшкерелеп берді. Казактар хуторы мен станицаларындағы таптық жіктелуді, таптық қайшылықтарды сословие «тұтастығы» бүркей алмайды, жазушы осы қайшылықтарды аша отырып, Татарский хуторындағы казак кедейлері мен орташаларының және әлділерінің типтік бейнелерін көркем де шебер көрсетті.

Казак жұртшылығының революцияға шейінгі тұрмысының, әдет-ғұрпының, салтының айқын суреттері, Мелеховтардың, Астаховтардың және басқа казактардың тіршілігі ескі өмірдің бүкіл құрылыс жүйесінің барлық жақсылықты тұншықтырып, рухани күші мығым адамдарды да мүгедек етіп, еңбекшілердің санасын бүлдіріп келгеніне оқушылардың көзін жеткізеді.

Орташа ауқатты Мелеховтардың үйіші бастапқы кезде тыныш өмір сүреді, олардың еңбекшілік тіршілігі бір қалыпта жүріп жатады. Тыным таппайтын бейнетқор Пантелей шал да, оның үлкен ұлы Петро да, осы бір «күйлі казактар» «казак абройын» берік сақтайды. Бірақ аз уақыт өткеннен кейін кіші ұлы Григорий бүлік шығарады, тұрмыстың қалыптасқан берік негіздерін бұзуға бел байлайды.

Ел басына сұрапыл апат — империалистік қанды қырғын душар болады, бұл сұрапыл апатты казактар да бастан кешіреді, Шығыс Пруссиядағы, Галициядағы, Польшадағы қан майдандарда казак-

тар қырылады, туған мекен-жайларда көзден ащы жас төгіледі, «казак әйелдері шашын жайып, өлгендерді жоктап, күні-түні дауыс қылады». Майдандағы казактарға соғыс азапты ой түсіріп, толғандырады. Ұлы социалистік революция бұрқ ете қалады, ескі мейірімсіз әлемге ол дауыл боп шүйіледі — тынық Дон да толқынданып, бұркылдап қайнай бастайды.

Миллиондаған жанның басын жұтқан, мүгедек еткен сұрапыл қанды қырғын империалистік соғыс сұр шинельді шаруалардың ізінше казактарды да: не үшін соғысамыз, не үшін азап шегіп, не үшін кансорпа қырғынға ұшыраймыз деген ойға қалдырды.

Қантөгіс айқастар мен миллиондаған адамдардың мағынасыз қырылу картиналары өте ауыр, жан түршігерлік шындыққа толы. Шолохов романының бұл жерлері қылмысты соғыстың бастаушыларына қарсы, М. Горькийдің айтуынша «онай ақша табуға құнығып, араны ашылған, еңбекшілер көпшілігінің өміріне заңсыз, мағынасыз әмір жүргізетін, еңбекшілердің күшін текке сарп етіп жер қазынасын құртатын» болмашы азшылықтың мүдделеріне бола халықтарды бірін-біріне айдап салып қырғынға ұшыратқан империалистік үкіметтерге қарсы ашынған кекті наразылық білдіреді.

Шолохов өз романындағы геройлардың жан күйзелісін, олардың туған-туысқандарын сағынып сарғаюын, еңбекті аңсауын, соғыстың казак жұртшылығының мешеу қараңғы санасына енгізген азапты қайшылықтарын суреттейді. Казак пен шаруаға дұрыс жауап бере алған кім?

Жер жүзінде бір ғана партия, Ленин бастаған қаһарман Коммунистік партия ғана соғыс туралы шындықты халыққа тура айтты және орыстың революцияшыл даңқты жұмысшы табына сүйене отырып, халықты ол Европа мен Американың империалистері бастаған қылмысты қантөгіс соғысқа қарсы күреске аттандырды. «Империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру керек» деген тарихи үндеуін халыққа таратып, партия еңбекшілер бұқарасын бейбітшілік үшін күресуге шақырды, солдаттарды найзасының ұшын қанаушыларға қарсы бұруға, сол бір халықтың жауларына халықтар арасындағы бейбітшіліктің жауларына қарсы шақырды.

Солдаттардың, майдандық казактардың зердесіне жеткен Ленин шындығы Михаил Кошевой, Иван Котляров сыяқты адамдардың жүрегінен жалынды үн тапты, Григорий Мелехов секілді казактардың сана-сезіміне тірек болған негіздерді қопсытты, олардың патша туралы, оның жеке басының билеп-төстеуі туралы, «казактың борышы» туралы бұрынғы ұғымдарын тас-талқан етті.

Революцияшыл пейілдегі майдандық казактар, кедей казактар және революцияның барысында, азамат соғысы кезінде сана-сезімі оянып, сословиелік бұғаулардан, кертартпашыл идеологияның шыр-

мауынан арылып, офицерлер мен атамандарының ықпалынан құтылған орташа ауқатты казактар совет өкіметі жағына шықты. Дондағы көптеген кедей және орташа казактардың — кейде бүкіл хутор-хуторымен — Қызыл гвардияға жетіп, сонан кейін Атты армия қатарында совет өкіметі үшін ақгвардияшылармен аянбай соғысқаны жақсы мәлім. Өмір шындығынан аумайтын Шолохов, екінші жағынан, сословиелік ескі наным мен ежелден келе жатқан надапдықтың салдарынан және контрреволюция басшыларының сұрапыл алдауы салдарынан бірқатар казактар халық жауларының тобына қосылып кеткенін де ашық көрсетті.

Романда Ұлы Октябрьдің алғашқы күндерінен бастап-ақ күзғын қарғадай топтанып помещиктер мен қалталы алаяқтардың, патша чиновниктері мен буржуазиялық уақытша үкіметтің жырынды саясатшыларының, патша генералдары мен офицерлерінің Донға қарай ағылғанын көреміз. Сорлы әскери диктатор Корнилов және оның сыбайлас генералдары Алексеев пен Деникин де, манархистер мен кадеттердің көсемдері де осында, атаман Калединге жөнкілді. Осы Оңтүстікте контрреволюцияның басшылары мен олардың демберушілері — интервенттер Советтік Россияның жұмысшылары мен шаруаларына қарсы қылмысты соғыс ашты. Донды «Орыс Вандеясы»<sup>1</sup> етпекші болды. Дондағы контрреволюция Совет республикасына үлкен қауіп туғызды да, Коммунистік партия жұмысшылар мен шаруаларды және революцияшыл казактарды осы реакцияны талқандауға жұмылдырды.

Империалистік Антантаның қолшоқпары болған Каледин мен Корниловтың, красновшылдардың және олардың Донды неміс империалистеріне сатқан атаманының маскара боп күйрегенін Шолохов ауясыз әшкереледі.

Жас Советтік Россияға 1919 жыл аса ауыр тиді. Қолчак армиясы Урал тауынан әрі қуылды, бірақ Англия, Америка және Франция империалистері қаруландырған Деникиннің қалың қолдары Москваға ұмтылды. Жан-жақтан блокада қоршауына түскен Советтік Россияны ашаршылық алқымынан алды. Өнеркәсіп құлдырап өше бастады, отын жетпеді. Ақгвардияшылар мен интервенттер Москваға кіруге дәмеленді. Бірақ Коммунистік партия бастаған халық Деникиннің де талқанын шығарды.

«Тынық Донда» контрреволюцияның маскара боп күйреу суреттері тамаша түрде қайтадан елестетілді. Мысалы, Новороссийск портында болған ғажайып көрініс былай суреттелген: «Рейдіде ағылшын және француз миноносецтерінің түтіні будақтайды; айбынды сұр дәу — дредноут су бетінде деңкиіп тұр. Қап-кара түтін бұлттай

<sup>1</sup> В а н д е я — XVIII ғасырдағы ұлы француз революциясы кезінде контрреволюцияның ұясы болған бір аймақ (Ауд).

боп оның үстіне шөгіп жатыр. Пристань үстерін қатерлі бір тыныштық басқан. Жуырда ғана соңғы жүк кемесі теңселіп тұрған жерде офицерлердің ер-тұрмандары, чемодандар, көрпелер, тондар, қызыл мақпалмен қапталған орындықтар және тағы бір асығыста баспалдақтан лақтырып тасталған ескі-ұсқы дүниелер қалқып жүр... Россия жағаларын тастап кетіп бара жатқан ағылшын дредноуты «Индия императоры» жөнелткен снарядтар «пристань басында үйме-жүйме болған казактардың төбесінен ауыр самғай зуылдады».

Бұл реалистік әрі терең символикалы суреттер. Жалаңаш, жалаңаяқ, блокада қоршауында бүкіл әлемнен бөлініп қалған халық, аштықты, ыстық-суықты және сұрапыл сүзек дертін, нелер тар кезенді, орасан ауыр сынды басынан кешірген қаһарман халық контр-революция мен шетел интервенттерінің қарулы күштерін жеңіп шығып, тас-талқанын шығарды.

Ақгвардия генералдары мен атамандарының алдауына түскен, казактардың өздерінің мүддесі үшін, солардың болашақ бақытты өмірі үшін жанын қыюшы Қызыл Армия жауынгерлеріне қарсы шыққан Дон казактары күресінің бүкіл драмалық жайын жазушы анықтап көрсетеді.

Орташа казактың солқылдақ, құбылмалы табиғатын жазушы өте терең ашып береді. «Ақыр аяғында, еңбекшілердің ұсақ буржуазиялық бұқарасының басты өкілі болған орта шаруаның дәл осы солқылдақтығы Совет өкіметінің тағдырын да, Колчак — Деникин өкіметінің тағдырын да шешетін еді, бірақ осы «ақыр аяққа» шейін ауыр күрес пен азапты сынның бірталай ұзақ дәуірі өтті...» — деп жазды В. И. Ленин<sup>1</sup>.

Калединнің, Красновтың және Деникиннің диктатурасы халыққа қас үстемдік екенін, тиімсіз екенін орта шаруа казактар өздерінің ащы тәжірибесінен көріп білді. Көп қан төккізіп, қырғынға ұшыратқан қателіктер мен ауыр да қатал сабақтардан кейін казак жұртшылығының бұл орта шаруа тобы да халықтың шын қамын жейтін, соның ішінде еңбекші казак жұртының да мүддесін қорғайтын тек совет өкіметі ғана екенін ұға бастады; ол буржуазия мен пролетариаттың арасында басқа бір үшінші жолдың жоғын және оның өмірде болмайтынын, шын бостандықты жұмысшы табымен одақтасқанда ғана алатынын мықтап түсінді.

Григорий Мелеховтың трагедиялық тағдырын мысал ете отырып, жазушы орасан зор маңызды мәселе көтерді — халық күресінде жеке адамның алатын орны және оның халық алдындағы жауаптылығы туралы мәселені көтерді.

«Тынық Дон» романында Григорий Мелеховтың ішкі қайшы-

<sup>1</sup> В. И. Ленин. Шығармалары, 30 том, 244—245 беттер.

лықтары мен күштарлық құмарлықтары буырқанған күрделі бейнесі көзге елестейді. Үздік шыққан албырт мінезді, рухани дүниесі бай, ер келбетті, турашыл таза жүректі, өмір шындығына құмарта қол созған, тура жолға шығып та алған Мелехов сол тура жолынан айрылып қалады, «сахрада боранды күнгідей» адасып жүріп, өзі де түсінбестен, ауыр-ауыр қателіктер жасайды, халыққа қарсы қылмыс істейді.

Совет әдебиетінде Григорий Мелеховтың образындай соншалық қызу, қырқар талас туғызған, алуан түрлі ала-құла пікірлер туғызған ешбір образ болып көрмеген шығар. Григорийдің тағдырын сондайлық сұрапыл, трагедиялы халге жеткізіп, жазушы Григорийге тым қаталдық істеген сыяқты көрінді кейбіреулерге. Бірақ Григорийдің трагедиялы тағдыры жазушының тыянақсыз, таңғажайып қыялынан туып отырған жоқ, дәлелсіз, негізсіз тіркестірілген кездейсоқ жәйіттердің қортындысы емес, нағыз шындықтың өзі. Бұл өмірдегі ерекше бір құбылыс — *мелеховшылдық*.

Мелеховтың образын реакциялық казак сословиешілдігінің саналы идеологы, контрреволюциялық бүліншіліктің саналы көсемі, казактардың өз алдына жеке ел болуын өршелене жақтаушы деп те түсіндірмек боп әрекеттенушілер де болды. Бірақ бұлай деу романның бүтін мәніне қайшы келеді. Егер де Мелехов саналы «идеолог» болса, оның құлдырауында трагедиялық ешнәрсе де болмаған болар еді, халық жауының өз жөнімен, табиғи түрде біткен жері сол болар еді де қояр еді.

Григорий Мелехов — халықтың қалың ортасынан шыққан адам және ол өзінің хуторластары Кошевой мен Котляров сыяқты совет өкіметін жақтаушылар қатарында күресуі керек еді, ал ол еңбекші халыққа қарсы жауласып, халықтың қанын төкті. Ақырында оның парасатты сана-сезімінен гөрі ескішілдікке сенуі басым болып шықты.

Григорийдің образын оның шым-шытырықты өмір жолына үңіле қарап, терең ойлағанда ғана түсінуге болады.

Он тоғыз жасар Григорий романның басында тұлабойын ала-сұрған қайрат кернеген, жайдары, әрі батыл, әрі албырт, қызу жүректі, қызба мінезді, беті қайтпаған ержігіт күйінде көрінеді. Еріксіз қосылған зайыптық бұғауында зарыққан Аксињьяға оның алғашқы бұлдыр ғашықтығы ешбір қыйын-қыстау ауыр жағдайларға қайыспайтын адамдық терең махаббаттың бастамасы еді, ажалына Григорийдің өзі ықтиярсыз себепші болған Аксињьяның қайғылы қазасы ғана бұл махаббатты үзіп жіберді. Түрлі шарт-ғұрыптары ғасырлар бойы қасиеттеліп келген ескішіл тағы әдет-нанымдары мығым қытымыр тұрмыс салты бұлардың өмір жолында көлденең тұрды. Бірақ шын махаббат жолында бұл ескі патриар-

халдық бұғауларды тас-талқан етіп бұзып шығуға Григорий мен Аксиньяның күші де, ерлігі де жетеді. Бай казак Қоршуновтың қызына үйлендіріп, ұлын жуасытып, «ақылына келтіре қоймақшы болған» әкесімен жанжалдасқаны да, бір бірін ашық сүйгені үшін де Григорийге бөгет бола алмады: ежелгі ескі моральға қарсы шығу, не заманғы мызғымай келе жатқан казак салтының түп негізіне балта шабу еді бұл. Бәрін де елең қылмастан, Григорий үйінен кетіп қалады. Үйішін, өзінің туып-өскен, бүкіл жаратылысы біте қайнасқан хуторын тастап кету оған оңай да тиген жоқ. Салуалы және қадірменді семьядан шыққан жас казак әкенің дегеніне көнбей, наразы боп қарсы шығады, «істің ең оңбағаны» — помещикке жалшы болып жалданады. Бәрін де елең қылмастан, нағыз адамдық махаббат үшін ауыр күресте Григорийге дем беріп, Аксинья да сүймейтін ерін тастап кетеді.

Григорийді үлкен сынға салған империалистік соғыс болды. Бұл соғыс оның жан жүйесінде қатты күйзеліс туғызды. Әскери қызметтің бастапқы кезінде адамгершілікке жатпайтын көріністерге денесі түршігіп, ашынуы оның мейрбан жүрегінің табиғи толқулары ғана еді. Өзі қылышпен шауып өлтірген австриялық оның ішкі дүниесінде қыйналыс, «адамға жаны ашу» сезімін туғызды: ол өзіне ешбір зұлымдық істемеген, өзі де оған ешбір зұлымдық сыйламаған адамды неге өлтіргенін ұғуға тырысты. Бірақ осы сауалына жауап табуға оның күші жетпеді. «Петро, менің жаным әбден қажып бітті. Мен қазірде бейнебір сілейе соққы жеген сияқтымын... Бейнебір дпірмен тасының астында үгітіліп шыққандаймын,— бұлар мені ұнтап, ұнтап, түкіріп тастаған секілді»,— дейді ол ағасына. Империалистік қанды қырғынның сұрапыл сұмдықтары Мелеховтың жанын түршіктірді, бірақ бұл сұрапыл сұмдықтарға айыпты кім, миллиондаған жандар неге бірін бірі қыруға аттанды, мұны казактардың көпшілігі білмеген сияқты, бұдан Григорий де хабардар емес еді.

Москвадағы көз ауыруын емдейтін емханада Григорийдің украиндық темірші-пулеметчик Гаранжамен сөйлескен ашық әңгімесі романда өте тамаша көрсетілген. Соғыстың неліктен, қалай шыққаны және халықтың қанын төгу арқылы кімдердің баитыны жөніндегі бұрын-сонды естілмеген шындықты Григорий құныға тыңдайды. Темірші-пулеметчиктің ашықтан-ашық айтқан жалынды сөздері жас казактың сана-сезіміне бірінші рет шындық сәулесін түсіреді. Тынышы кетіп, ашу кернеген Григорий: не істеу керек? — деп сұрайды.

«— Ал өзіне жүрегің не айтады?  
— Ұқпаймын,— деді Григорий мойындап.

— Кім де-кім мені жардан итеретін болса, мен де оны итеріп жіберемін. Тайсалмастан винтовканы кері бұру керек. Адамдарды аптапқа айдап салғандарға оқ жаудыру керек. Біліп қой, шырағым,— Гаранжа денесін көтере түсіп, тісін қайрап, қолдарын созды,— ұлы дауыл көтеріледі, ол бәрін де жермен-жөксен етеді!»

Бұл әңгімелер Григорийдің санасына із қалдырмай кете алған жоқ. «Ағзам қазірет» госпиталь палатасына келгенде аза бойын өшпенділік билеген Мелехов осынау арамтамақ бекзадаларға кіжіне қарайды: «Міне олар, осылардың қуанышына бола бізді туып-өскен үйімізден қуып шығып, өлімге айдаған екен ғой. Ах, сұр жыландар-ай! Лағнаттар-ай! Арамтамақтар-ай! Мінекей олар, біздің арқа етімізді арса, борбай етімізді борша ететін биттер!.. Үйішімізден айырып, казармада бізді аштан қатырған осылар ғой...» деген ойлардың қайнаған шумағы басында будақтап, үйіріле берді. Ашу кернегеннен аузы көпіріп, еріндері қыйсайып кетті. «Қандай семіз бәрі де, тіпті жып-жылтыр. Аталарыңа алты нәлет, жіберер ме еді өздерінді сонда! Мінгізер ме еді атқа, асындырар ма еді винтовканы, бит-бүргеге талатар ма еді, көгерген нанмен, құрттаған етпен асырар ма еді өздерін!..»

Көзімді аштың-ау, достым, деп пулеметчикке Мелехов алғыс айтады: қазір оның «көзі де ашық, мейрімсіз қатал да ол!» Сонымен бірге жазушы Григорийдің сана-сезімін тоттай жеген сословиелік дәстүрлер мен әдеттердің күшін де, ана сүтімен кіріп, қанына сіңген және Гаранжа айтқан «үлкен адамшылық шындықтан да» басым түскен бүкіл ескішілдік нанымдардың күшін де ашып көрсетті. Іштей Григорий бұл сұрапыл мағынасыз соғысты ұнатпады, ал сөйте тұра өмірін оққа байлап, көзсіз ерлік көрсетіп, казактардың «абройы мен даңқын» қызғыштай қорғайды.

Сонымен социалистік революция да туды. Григорий Мелехов қай жақта, қай топта болды? Ол совет өкіметін жақтаушылар тобында; 1918 жылдың басында Дондағы Қызыл гвардия қатарында, революцияшыл казак әскери бөлімінде атаман Калединге қарсы соғысты, үш жүз казакқа бастық болды.

Бүкіл халықтың және адамның жеке өз басының тағдыры шешіліп жатқан сол бір тарихи кезеңде реакцияшыл қара күштер барлық амалдарды қолданып — советке қарсы өтірік-өсек тарату, жала жабу, сословиелік ескішіл нанымдарды өршіту, өз қалауыңша өмір сүруіңе ерік береміз деген алдау-арбаулар арқылы — әлі де сана-сезімі күшеймеген, бірақ шындыққа ұмтылған еңбекші казактарды айнытып, контрреволюция жағына жетектеді.

Мінеки, ұрыста жаралы болған Григорий ойға шомып, емделу үшін туып-өскен хуторына келе жатады. Неліктен оның жан сезімі

екі жаққа қақ айрылады? Себебі, бір жағынан, ол Донда өкімет үшін шайқасып жатқан қызу күрес үстінде өзінің әскер бөлімін тастап кетуге қыймайды, пулеметчик Гаранжаның сөздері әлі жадынан шығып кете қойған жоқ, оның үстіне әскери-революциялық комитеттің председателі, батареяші-казак Федор Подтелковтың әңгімесі де көкейіне қонып қалған-ды; екінші жағынан, сөзуар жүзбасы Изваринның әңгімелері де оны қобалжытты. Казактардың сословиешілдік ескі нанымның пернесін шебер шертіп, бұл буржуазияшыл автономист совет өкіметінен жақсылық болмайды деп казактардың үрейін ұшырады, Донда нағыз әділ тәртіп орнатамыз дегенсіп, сенгіш жандардың басын айналдырады. Шым-шытырық қайшылықтар жанын жеп, Григорий қыйналады. «Дұрыс сұрлеуді зор қыйыншылықпен, қармалай жүріп табу керек болды; аяқтың астындағы топырақ, сазды ұйық тәрізді, былқ-былқ етті, сұрлеу тарамдана берді, керекті жолмен кетіп бара жатқанына сенімі де болмады. Большевиктерге бой ұрып еді — оларға барды да, басқаларды өз соңынан ертті, бірақ сонан соң ойға қалды, жүрек суына бастады».

Григорий бейбітшілік пен тыныштықты құштарлана аңсайды, еңбекті сағынады, бірақ жұмысшылар мен шаруалардың сол бейбіт өмірде емін-еркін еңбек ету үшін күресіп жатқаны жөніндегі үлкен шындықты ол түсінбейді. Контрреволюцияның басшылары казактардың басын айналдырып, совет өкіметіне қарсы айдап салып жатқанда өзі көксеген бейбітшілігін тауып алуға оның шамасы келер ме! Тыныштық пен бейбітшілікті Григорий Мелехов таба алған жоқ. Ұлан-байтақ Россияның он мыңдаған селендері мен деревняларының өміріне бұзып-жарып кіргеніндей, оның туып-өскен хуторы Татарскийге де буырқанған уақығалар апыр-топыр араласты. Кімді сүйеніш ету керек? Дұрыс жол қайсы? — деген ойларға шомды Григорий, өз тағдырының осы бір қыйын-қыстау кезеңінде. Ағасы Петро үйге келген Григорийден қай жақты қолдайтынын сұрайды. Григорий: совет өкіметін қолдаймын деп жауап берді. Ашу кернеп бұлқан-талқан болған әкесі оны балағаттап тастайды. «Мұжықтар келеді, соғыс шығады, егер біз онда-мұнда толқып, әрі-сәрі боп бұлғандай берсек — бар дүниемізді сыпырып алады да, облысқа көшіріп әкелінген келімсектер мекен тебеді» деп, Пантелей Прокофьевичтің сөзімен айтқанда, «інжілдегіше болжаған» атаман Калединнің хутор жыйналысында сөйлеген сөздері мыйына мықтап қонған әкесі мен ағасының: кірме «мұжықтар» казактардың жерін тартып алады екен, казактардың өздерін большевиктер талан-таражға салып, теп-тегісінен қырып тастайды екен деген жантүршіктірерлік өсегіне ереді де, Григорийді шұбалы ойлар тағы да билейді,



Кімге қосылу керек? Өзектен өткен бұл өткір сауал Григорийдің соңынан бір елі қалмайды. Сонымен ол — өзі қаламаса да — актардың мобилизациялауымен, Красновтың жалған үгітіне балқыған хуторластарымен бірге Қызыл Армияға қарсы соғысқа аттанады. (Әрине, басқа казактардың білмегені сыяқты, ол да генерал Краснов герман кайзерінің жалдамалы агенті екенін білмейді.) Бұрынғы Қызыл гвардияның командирі деп (большевиктерде болған) хуторластарының сеніксіздігін Григорий жақсы біледі; қызылдар жағына шығып кетпес пе? деп оған тіпті өзінің туған ағасы да сенбейді. Казактар не үшін жауласады? Қызыл Армия неге соғысады? — деген ойға қалады Григорий. Сана-сезімі жала мен өсек уына уланған Григорий, шынында да, оны жерден айырған, соғыста жүріп соншама сағынған бейбіт еңбегінен айырған большевиктердің кесірі деп түсінеді, казактардың жері мен мүлкін «мұжықтар» тартып алатындай болып көріпеді оған.

Ол өз «шындығын» іздейді, өмірде жоқ өзгеше бір жолды іздейді. Оның халінің драмалық жағы да міне осында.

Ұсақ меншік иелерінің психологиясының екі жақтылығын, ұсақ буржуазиялық өзін-өзі алдаушылықтың төркінін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин былай деген еді: «ұсақ буржуаның экономикалық жағдайы, оның тіршілік шарттары сондай, алданбасқа оның шарасы жоқ, ол қайтсе де және өз еркінен тыс, біресе буржуазияға, біресе пролетариатқа қарай ауытқыйды. Экономикалық жағынан алғанда, оның дербес «бағыты» болуы мүмкін емес.

Өткендегісі оны буржуазияға қарай тартады, келешегі оны пролетариатқа қарай тартады. Ақыл-зердесі оны пролетариатқа, ескішілдік наным (Маркстің белгілі сөзімен айтқанда) оны буржуазияға сүйрейді»<sup>1</sup>.

Орта шаруаның басына тән ескішілдік наным орта шаруа казактардың басында да бар еді, бірақ казактардың оқшау қауым боп сословиеге бөлінуі бұл ескішілдік нанымды тереңдете түсті. Оның үстіне казактардың көпшілігі орыс шаруалары сыяқты жерсіздік зарын тартқан жоқ-ты, полицияның жүгенсіз озбырлығы да көрмеген еді. Бірақ оның есесіне казактар ондаған жылдар бойы әскери машықтықтың адамды топастандыратын дәрекі тәртібін, бастықтар алдында, «командир әкелер» алдында зәресі ұшып, адамшылық қасиеттерді аяқасты ететін, кісілік тілегін жаныштайтын, тапайтын нелер сұмдықтың бәрін бастан кешірген-ді.

Әрине, Григорий Мелехов үнемі және барлық жерде де орта шаруа казактың жалаң кейіпкері бола бермейді, — ол жиі қолданылатын схема емес, онда айқын көрініп тұрған даралық ерекше-

<sup>1</sup> В. И. Ленин. Шығармалары, 25 том, 180 бет.

ліктер де, өзіне тән мінез өзгешеліктері де бар. Сонымен қатар Мелехов елден ерекше жаралған жан да емес, оның басында орта шаруа казактарға тән ерекшеліктер де бар, көбінесе оның дүниеге көзқарасы мен көңіл күйі сол орта шаруа казактардай. Григорийдің санасында туған тартыс елден ерек құбылыс емес. Бұл орта шаруа казактардың көбінің басында бар жәйіт, әсіресе бұл тартыс жаңа дүние мен ескі дүниенің — революция күші мен реакцияның ақырғы айқасқан жағдайларында өте-мөте шиеленісе түсті.

Мелехов генералдардың құлдығында жүруге рыйза емес, бірақ ол совет өкіметінің халыққа қандай жақсылық келтірерін де түсінбейді, оны қабылдамайды да. 1918 жылы казактар ақтардың майданын тастап кеткен кездегі, хуторластарының ішінде ең алдымен Григорий өз полкын тастап шыққан уақыттағы оның диірмен машинашысы Котляровпен және өзінің кедей досы Кошевоймен егескені оның сыңайын танытатын уақытқа. Шынында да Григорий кулактар мен атамандардың ойлап шығарған өсек-жалаларын қайталап, совет өкіметі «мұжықтарға ғана керек, казактарға ол қырғын, апаттан басқа» түк бермейді дейді.

Осы жағдай оны Қызыл Армияға барудан бастартуға әкеп соқтырды. Достары оны жат адам деп есептейді, бұл ажырасуға Михаил Кошевой қатты қайғырады. Котляровқа ол Григорий оған туған бауырындай болғанын айтады. «Ол біртүрлі менің ең аянышты бірдеңемді алып жатқандай. Біртүрлі мені тонап жатқандай!» — дейді Михаил Кошевой.

Мелеховтың драмасы оның нағыз шындықты түсінбей, екі дүниенің шешуші айқасында, «екі жақтың түйіскен күресінде, екі жағын да мойындамай, теріске шығарып, шекарада» тұруға әрекеттенгенінде. Оның жаны «қоршауға түсіп жанталасқан қасқырдай» қайда баратынын білмей шарқ ұрады. Сөйтіп, әрі-сәрі болып жол айрығында қалғандықтан, ол, ақырында, жаудың қолшоқпары болып шығады.

Сословиелік перненің нағыз жанды жерінен зұлымдық ниетпен шертіп және қызылдар «атаны да, әкені де» қоймай атып, жаппай тонап жатыр деген арандатушылық үрейлі лақаптар таратып, Краснов контрреволюциясы казактарды қызылдардың тылында бүліншілік шығаруға итермеледі.

Міне есі шыға елірген Мелехов бүліншілік жасаушыларға қосылу үшін атпен шауып келе жатады. «Алысып жатқан казактар мен Русь емес, байлар мен кедейлер... Мишка Кошевой мен Котляров та казактар, ал бірақ шылғый қызылдар» деген ой: сақ бол, қайда шауып барасың, дегендей, бір мезет оның мыйына қадала қалған сыяқты болады. Бірақ ашу кернеген Мелехов естияр ақыл-парасат пен ар-ұяттың бұл сақтандыруынан ат-тонын ала

қашады. «Қазак жұртшылығының жолдары жерсіз мұжық Русінің жолдарымен, фабрика жұмысшыларының жолдарымен шалыс түсті» деп ойға кетіп ол офицер Изваринның сөздерін тап осы жерде де қайталайды. «Бейнебір оның өткен өмірінде шындық іздеген, қобалжыған, бір пікірден екіншіге көшкен және іштей ауыр күрес жүргізген күндері тіпті болып көрмеген секілденіп» сословиелік және жеке меншікшілдік сезім оны билеп кетеді.

Бұрын Мелехов қайда «қосылуым» керек деп ойланып келген болса, ендігі жерде ол бүліншілік шығарушылар тобына қосылып та қалады. Оны елубасы етіп тағайындайды, сонан соң оған полкті, тіпті дивизияны да береді де, ол көтерілісшілерді қызыләскер отрядтарына қарсы ұрысқа шығарады.

Ал, сонымен, Григорий өз орнын таба алды ма? Оның аласұрған көңілі орнына түсті ме? Жоқ, оның ішкі қайшылықтары бұрынғыдан да күшейіп, өрши түсті. Мелеховтың образын жазушы қым-қыйғаш қайшылықты да азапты ішкі күрес үстінде дамыта береді.

Ол өзі кімге қарсы? Кімдікі дұрыс? — міне ендігі жерде Григорийдің тынышын кетіре беретін сауалдар осы. Өзі жақтап, сол үшін соғысып жүрген ісі әділ іс емес екенін сезіну санасы Григорийде ояна бастайды. «Кел, Совет өкіметінің аяғына жығылып бас иейік: жазықтымыз біз дейік...» дейді ол Ермаковқа.

Ойланып-толғанудан және еңсесін басқан болмыс зілінен саябыр таппақ боп ол тыйышы кеткен ар-ұятын арақпен суарады. Ұрыста көзіне қан толып, еліру салдарынан төрт қызыл матросты қылышпен шауып тастағаннан кейін сұрапыл қояншық ұстап, кешіккен өкініш жанын қыйнайды. «Кімді шаптым сонда? Бауырлар, кешірім жоқ маған!.. Өлтіріңдер... қолдарыңнан!..» Натальямен қызу сөйлесуі оның жанының жай таппай алып ұшқанын тағы да айқынырақ дәлелдейді. Ар-ұятын жоғалтқанын, маскүнемдікке салынғанын, бұзылғанын айтып кіналаған әйеліне Григорий: «Бүкіл өмір біткеннен қол үзіп отырғанда, неғылған ар сондай... кісі өлтіресің... не үшін... мәлімсіз...» «Менің жүрегімді жегідей жеп, қанымды сорып жатқан не екеніне сенің ойың жетпейді... Өмірдің бағыты дұрыс емес, оған, мүмкін, мен де кіналы шығармын... Қазір қызылдармен жарасып алып, кадеттерді шабу керек еді. Ал бірақ қайтіп? Кім бізді совет өкіметіне қосады?... Мүлдем мыйым ашып кетті, Наташка...» дейді.

Казактардың бүліншілігі жөнінде қатты ойға қалып, ол совет өкметімен қалай табысу ретін іздейді, ақгвардияшыл генералдарға қарсыласу ойына қайта-қайта орала береді. Бірақ бұған оның батылдығы жетпейді, шыға алмастай бір тұйыққа кіргенін сезеді, бұл тұйықтан шығу жолын көрмейді, қызылдар жағына шықпайды

да, бірден-бірге сырғанақ қыядан төмен қарай құлдырай береді: Әділетсіз іс оның жүрегін тілгілейді, рухани күйреушілікке әкеп соқтырады. Өзіне өзінің құбыжық болып көрінуі, ішінің бейнебір «үңірейген көрдей» жан шошырлық қап-қара болу себебі міне осыдан.

Казактардың контрреволюциялық бүліншілігі жөнінде советтік газетте басылған мақаланы оқып, ол ішінен: «Бізді Деникиннің көмекшілері деп атапты... біз өзіміз кіміз? Шынында да көмекшілері болып табыламыз ғой... Шамданатын ештеңе жоқ ендеше. Шын сөз, шіркін, көзге қадалады да» — дейді.

Кей-кейде Мелеховтың жан сезімінде ізгілік қасиеттері де оянып кетеді. Бүліншілікті басқарушылардың заңсыздығына наразылық ретінде ол Вешенскаяның абақтысына баса-көктей кіріп, тұтқындарды шығарып қоя береді, Қызыл Армияның майданына жол ашамын деп, ашу-ыза үстінде Кудиновті қатты қорқытады. Штаб начальнигі полковник Андреянов атып тастамақшы болған тұтқын қызыл командирді ара түсіп алып қалады. Қызыл командирдің табандылығы мен ерлігіне сүйсініп, оның, «Россияны тек дворяндар нәсілі құтқарады» деп адамсынған ақгвардия полковнигінің бетін тойтарып тастағанын Григорий көрінеу тілеулестік сезіммен бақылап тұрады. Бұл дворяндар нәсілінің азымтал ұрпағына Григорийдің өзі де ашықтан-ашық жирене қарайды. Григорий майданды тастай беріп, большевик Кошевой мен Котляровты құтқаруға хуторға қарай шаба жөнеледі. Туған ағасының әйелі Дарьяның Котляровты атып тастағанын естіп ол ашу үстінде жеңгесін шауып тастай жаздайды.

Бүліншілік жасаған казак әскер бөлімдерін ақгвардиялық армияға қосып, оларды Деникин генералдарының қол астына берген кезде Григорийдің санасындағы қайшылықтар онан әрі шиеленісе түседі. Вешенскаяға келген генерал Секретев банкетте мейлінше мақтана сөйлеген сөзінде күздігүні майданды тастап кеткені үшін казактарды жер-жебіріне жете сөгеді. Мелехов іштей өшігіп: «қарғыс атқан нәлет! Сіркесі су көтермей, сынып тұр, кіна қояды-ау және, бір жұмадан кейін, бұл әлі бізді алқымнан ала түседі... Жымдасуыңа болайын! Сына қағар жер қалмады деген осы. Осылай болады ғой деп ойлап едім... Тап осылай болып шығуға да тиіс еді. Казактар енді ер батқандай қайқандар-ақ!» деп ойлады.

Күрестің ырық бермес логикасы міне осындай. Ұсақ буржуазиялық алдамшы ой Григорий Мелеховты ашықтан-ашық жауласқан ақгвардия жағына әкеліп қосты.

Өзін «сөлекет мүжық» деп санайтын Деникин офицерлерінің ортасында Григорий «жат» жанмын, «аққарғамын» деп ойламай тұ-

ра алмады. Григорий бұл мырзалардың мұның өзіне жирене қарайтынын айқын-ақ байқады, өзі де ол жылтыраған «білімді арамтамақтарды» ит етіндей жек көрді. Ақгвардияшылардың халықты жек көретінін, менсінбейтінін, сұрықсыз хайуан деп санайтынын, бүліншілік көтеріп елірген тұрпайы қара тобыр деп есептейтінін өз көзімен көрді және «Россияны құтқару» үшін күресеміз дейтін бұл «құтқарушылардың» патша құлдығынан да жаман тәртіп орнатқанын да көрді. Дон жерінде интервент-ағылшындардың пайда болуы Мелеховтың зығырын қайната ашындырды. Қопылов одан: қарсы келген ағылшын офицерінің шлемі ұнамады ма әлде? — деген сұрағына Григорий: «Маған оның тап осы жерде, Усть-Медведица түбінде кигені ұнамайды... басқа бір жерде кісе дұрыс болар еді... мен болсам өз жерімізге оларды аттатып та бастырмас едім!» деп жауап қайырады. Киімі нашар, аяқтарына шабата киген Қызыл Армия жауынгерлері қолма-қол ұрыста ағылшын танкісін атақалады деген ағылшын офицері Кэмпбеллдің сөзін Григорий, тілектестік сезіммен, ұйып тыңдайды, ағылшын офицерінің: халықты жеңуге болмайды деген қортындысына құлақ қояды. Өз тарапынан ол ағылшын лейтенантына: «Сен мұнда мойныңды жұлғызып алмай тұрып тез үйіңе қайт» — деп ақыл айтады.

Ойдан-қырдан жыйналған ақгвардияшыл сатқындарды айыптай отырып, Григорийдің ойы революцияшыл халыққа онан сайын жиі-жиі орала береді. Қызыләскерлердің асқан ерлікпен өмірін құрбан етуі неліктен және не үшін бұлай екенін түсінуге тырысады ол, мысалы, қытай еріктілерінің неге Қызыл Армия жағында соғысқанын ұққысы келеді. Қызыләскер алатын болмашы жалақы үшін соғыспаса керек қой олар, деп ойлайды. «Демек, мұнда пайдакүнемдік жоқ, басқа бір нәрсе... Ал одақтастар офицерлерін, танктерін, зеңбіректерін жіберіп жатыр, тіпті анау қашырларына дейін жіберген! Ал кейін мұның бәріне ұзын сарықұлақ сұрайды. Айырма міне қайда жатыр!» Казактардың әйгілі дәстүрлерінің күшіне қарамастан, революцияшыл идея жаудың өз ішінде де игілікті ықпалын жүргізе берді. Атамандар мен «командир әкелер» алдында ығу казактар арасында бірте-бірте жойыла бастады, кісілер өзінің адамшылық қасиеттерін түсіне бастады. «Әкесін танытып, ескінің бәрі опырыла құлап түскенін олар ұққысы келмейді! Олар бізді басқа камырдан иленген, қарапайым халықтың арасынан шыққан, оқымаған адам, мал сыяқты деп ойлайды. Мен, яки мен сыяқтыларды әскер ісін олардан аз біледі деп ойлайды... Ал қызылдардың командирлері кім? Буденный — офицер ме? Ескі әскердің вахмистрі, сол емес пе бас штабтың генералдарының әкесін танытқан? Өкшесі жерге тимей офицер полктары содан қашқан жоқ па еді? Гуселышиков — казак генералдарының ішіндегі ең жаужү-

ректісі, атақты генерал; тап сол емес пе өткен қыста Усть-Хоперскаядан жалғыз ішкііммен салт қашып үлгірген? Оның табанын тайдырған кім екенін білесің бе? Кәдімгі-ақ мәскеу слесарі — қызыл полк командирі. Ол туралы сонынан тұтқындар әңгімелеген-ді. Осыны түсіну керек!» дейді Мелехов Копыловқа ақгвардияшылар туралы.

Сонда да Мелеховтың ақгвардия лагерінен қол үзіп кетуге шамасы келмейді, оның наразылығы әлсіз де нәтижесіз болып шығады, оның ойбойын енжарлық билеп алады, ақгвардия майданында не болып жатқанына ол немқұрайды қарайды: «Мейлі жауласа берсін! Көлденеенен көріп байқайын... осыным да жетер!..» дейді ол.

Деникин тобырының Орел және Воронеж қалаларының түбінде тас-талқаны шыққаннан кейін 1919 жылдың күзіндегі казактардың көбінің пейіліндегі морт өзгеріс «Тынық Донның» жетінші бөлімінде айқын көрсетілген. Орыс халқының өмір сүйгіштігінің көптеген кейпін жазушы Прохор Зыковтың образы арқылы көрсеткен, Мелеховтың әрі атқосшысы, әрі досы, осы Прохор Зыков ақтар армиясына мобилизациямен кетіп бара жатқанда Григорийге былай дейді:

«— Пантелевич, қалай болды бұл, жерге қанды осы төккеніміз де жетпей ме?

— Солай дерлік.

— Сенің ойыңша қалай, жақында бұл бітер ме екен?

— Бізді қалай қыйратып салады, солай бітеді».

«Қыйрататын болса, тезірек қыйратса етті, тіпті», — деп ойлайды Прохор. Оның бар арманы қалай да ақтардың армиясынан «зытып беру». Қызыл Армияның тегеуірінді соққысынан ақгвардияшылар оңтүстікке сырғып жөнелгенде, әзіл-сықағы таусылмайтын осы Прохор: «Ал, соғыс бітті! Қызылдар бізді келістіріп-ақ түйгіштеді, ендігі жерде тек теңіздің тап өзіне шейін бөкселеп, тұзды суға тірелгенше шегіншектей береміз» дейді.

Тіпті нағыз кәрі казактардың пейіл-сыңайларында да үлкен өзгеріс туа бастайды: балаларын бүліншілік шығаруға өздері бас болып қайраған шалдар майданнан енді өздері бас болып қашуға кіріседі. Жуырда ғана хуторластарын: «Егер де біз сыяқты шалдарды майданға көбірек жіберген болса, Москваны әлдеқашан алып қойған болар едік!» деп сендіретін Пантелей Мелеховтың жауынгерлік желігі қайда кеткен! Оның өзі-ақ армиядан әлденеше рет қашады, сол үшін оны әскери-дала соты урядник атағынан айырады, тіпті оған дүре соқтырмақшы да болады.

Ақтар армиясында дағдылы құбылыс боп табылатын, «жауынгерлік рухты көтеру» үшін казактарды дүрелеу де құлдырап кеткен тәртіпті қайта көтеруге ақгвардия басшыларына жәрдем етпеді.

Оңтүстік майданның қызыл армиялары Деникин әскерлерін тас-талқан еткен кезде Дон армиясы да Қара теңізге қарай жөңкілді. Өлім алдындағы жан қыйналысы оны тез-ақ алқындырды.

Қазақ бүліншілігінің күйреуін Шолохов өте күшті көркем суреттермен бейнелеп береді.

Сүзекпен ауырған Григорийді арбаға салып Кубань даласында Прохор Зыков алып келе жатады. Жолды жанасалай казактар полкы өтеді. «Кенет алдыңғы жақтан тыншыған даланың үстімен күстай ұшып, әнбастаушының дөкірлеу ер даусы шарықтай шыға келді:

Қандай еді Камышинка өзенінде,  
Кең жайлау Саратов жері өз елінде...

Сөйтіп, орыс халқына қарсы абройсыз соғыста талқандалып масқара боп шегінген ерікті казак ұрпақтары айбынды әнді үнсіз, тұнжырап тыңдады.

Григорий еңіреп жібереді. Шалқыған күшті ән оның жүрегіне шаншудай тиеді, бұл ән бүліншілік кезінде зая төгілген қан дариясын оның есіне түсіреді, әділетсіз іс үшін алысқан абройсыз күресті көз алдына тартады.

Бұл драмалы суретке романның авторы терең мағна құйған. Бұл суретте біз қызылдардың әскерін көрмейміз, тек қана дүркірей қашқан бүліншілік шығарушыларды көреміз, бірақ та онда ақгвардия тобыры мен сол бүліншілік шығарушылардың тас-талқанын шығарған совет халқының мызғымас жеңімпаз күшін айқын сезесің. Революцияның жеңдірмейтін ұлы күші ескі қара түнек әлемнің түп іргесін қыйрата күйретті. Контрреволюция басшыларының алдауына көніп, соңына ерген казактардың жаңаны жақтаушыларға қарсы, советтік қоғам құрылысына қарсы күресі абройсыз аяқталды. Контрреволюция талқандалғаннан кейін казак еңбекшілерінің сана-сезімінде үлкен өзгеріс туды, революция жаңалығы қанға батқан тынық Дон даласында да үстемдік алды.

Жазушының көркем тілге шеберлігінің ең зәулімі романның соңғы бөлімі, мұнда ол Мелеховтың трагедиялы өмірінің ақырғы кезеңін суреттеген. Халыққа қарсы істеген қылмыстары үшін жазаланудан қорқып, Григорий Фоминнің бандысына кіреді, сонан соң туған жерден қашып кетпекші боп әуреленіп жүріп, Аксиныяны өлтіріп алады. Рухани ойрандалып, елден аласталып, тағы боп кеткен Григорий, баласын сағынып қасіретке бөленген күйі туған хуторына күр сүлдесі ғана қайтып келеді.

Оның тағдырының ақтық кезеңі неліктен қайғылы күйге ұшы-

рады? Ақырында келіп ол тура жолға түскендей болып еді ғой. Деникин әскерлерін Қызыл Армия тас-талқан еткеннен кейін жаудың сарқыншағы кемеге мініп Новороссийскіден қашады, ал Григорий мындаған казактар сыяқты Қырымдағы генерал Врангельге қашпастан, біразырақ толғанса да, елде қалуға бел байлайды. Ол Түркияға кетейік деген жолдастарының да ұсынысын қабыл етпей, Қызыл Армия қатарына кіреді де, «өткен күналарына кешірім алу» үшін эскадронды бастап, ақ поляктармен батыл соғысады, тіпті полк командирінің көмекшісі де боп, ұрыста әлденеше рет жараланады да. Атты армия қатарында болып, жараланып қайтқан Прохор Зыков Акси́ньяға түтеген қолма-қол ұрыстардың бірінде Григорий жаудың төрт уланын көзімше турап тастады, ал ұрыстан кейін сапқа тұрған әскердің алдында Буденный келіп Григорийдің қолын алды және «эскадронға да, оған да алғыс айтты» дейді.

Әлдеқалай аласапыран кезең туа қалса, тағы да ақтар жағына жалт беріп шығып кетеді деп күйеуі Кошевойдың күдіктенуі бекер күдік екенін Кошевойдың өзіне де, Прохор Зыковқа да Григорий шын ниетімен-ақ айтады. Ақгвардияшылар арасында болғаны Григорийге ащы да ауыр сабақ болды. «Ол иттер мені кісі деп санаған жоқ, қолдарын ұсынуға да жиренді, осы қылықтарынан кейін мен оларға... Кетсін шешесінің көріне! Мұны сөз қылудың өзі жиренішті! Мен солардың өкіметін қайтадан орнатпақпын ба? Генерал Фицхалауровтарды шақырмақпын ба? Бұл істі мен бір рет істеп көргенмін, сонсоң бір жыл ықылық атумен болғам, жетті, ақылым кірді, бәрінің де ащы-тұщысын таттым!» дейді ол Прохорға. Ақтар жағына енді сүйресе де бармайтынын Григорий көміл сеніммен, шын пиғылмен айтады.

Бірақ өмір оның алдына жалтартпайтын сауал қойды: бұдан былай ол кіммен кетпекші? Ауыр қателіктері мен халыққа қарсы жасаған қылмыстарын ол түбіне жете түсінер ме, мұны түсініп алып, азаматтық борышын адал атқарып, өткендегі күнасын жуу үшін халықпен біте қайнасып кете ала ма, өмірдің революцияшыл жаңа бастамасын жасап, енгізіп жатқан халықпен қол ұстасып бірге кете ала ма?

Үйге қайтып келіп Григорий еңбек етуді, бейбітшілік өмірді үлкен қуанышпен аңсап, арман етеді. Қан дариясының ортасында соғыста өткізген жеті жыл ішінде ол еңбекті аса қатты сағынғанды. Жұмыс туралы, балалары жөніндегі, Акси́ньямен бірге өмір сүру және оны үйіне кіргізіп алып, Мишатка мен Полюшканы екеулеп бірігіп тәрбиелеу жөніндегі оның ойлары мен қыялдары аса түсінікті армандар.

Бейбітшілік өмірді құмарта көксер, Мелехов сол өмірге қате



жолмен келеді. «Жаны қажыған» Григорий еркін еңбекті халық жауларымен күрес үстінде ғана жеңіп алу керек екенін түсінбейді, «ешкімге де қызмет еткім келмейді», «өз өмірімде мен ұрыс мекенатын татып болдым», «революциядан да, контрреволюциядан да тойдым» деп ол Кошевойға сырын айтады; ол күрестен безіп шығып, қалтарыста қалғысы келеді, әлемнен аулақ, оңаша бір бұрышта үйлі-күйлі боп, оқшау өмір сүрмекші болады. Қазактардың хуторлары мен станицаларына өктем түрде баса-көктеп кірген революция жаңалығын, халық өміріндегі ұлы өзгерістерді түсінбегені былай тұрсын,— Мелехов тіпті: «Егер де Татарскийге ақтардың да, қызылдардың да бірде-біреуін жібермесе — бәрінен жақсысы сол болар еді» деген оғаш та аңғырт ойдан шыға алмай-ақ қояды. Сонымен бірге берік бір тұрақты көзқарасы болмағанына өкініп, өзін өзі кіналайды, Кошевойдың және өзінің қас дұшпаны болған ақ офицер Листницкийдің өмірге айқын көзқарастары болғанын қызғана күндейді: «Оларға басынан бастап-ақ өмірдің бәрі апайқын болды, ал маған осы күнге дейін көмескі. Олардың, екеуінің де, барар жері белгілі, өздерінің тура тартқан жолдары бар, ал мен болсам он жетінші жылдан бері бұраң жолдармен, мас адамдай, бұлғандап келем... Ақтардан бөлініп шықтым, қызылдарға қосылып кете алмадым, сөйтіп, жылымға түскен тезектей қалқып жүрмін» дейді.

Табан тірер жері жоқ: халыққа қас ақгвардияшылар лагерінен бөлініп шықты, ал халықтық совет лагеріне де сол қосыла алмаған күйінде қалып қойды,— Мелеховтың трагедиясы да міне осында.

Берік таянышы болмағаннан кейін ол ержүректілігінен айрылады, оның жантүршігерлік құламаға сырғыйтын жолға түсу себебі міне осыдан.

Ол тіркелу үшін жергілікті Төтенше Комиссияға бара жатты да, қорқып кетті. Жеті жыл соғыста өлімнен тайсалмаған, тіпті кірпігін де қақпаған асқан ер де батыл Григорий өмірінде бірінші рет қорқып кетеді. Мелехов атып тастайды, яки абақтыға отырғызады деп ойлайды. «Жаза тартуға келгенде жасық болып шықтым... Қорқып кеттім» дейді ол өзін өзі кемсітіп. Бұрын өзіне қарсы шығып, контрреволюцияның қолшоқпары болған, адасқан адамдарды совет өкіметінің жазаламайтынын ол жете түсіне алмайды. Мелехов жауапкершіліктен мүлде бастартуға бел байлап, хутордан қашып кетеді.

Енді не істеу керек: хутордан хуторға қаңғып, зарығып жүріп құру керек пе, болмаса бірден-бір дұрыс жол — өкімет орындарына келіп, кінаны мойынға алып, бас ию жөн бе, әлде бандиттер ұстап алып келгеннен кейін, Фоминнің бандысына қосылған мақұл ма — деп ойлайды да, ол соңғы жолды таңдайды. Бұл Григорийдің өмі-

ріндегі нағыз жаншошырлық қателесу еді. Бұл қатенің одан бетер қорқынышты болатын себебі — шынында Григорийдің өзі де Фоминнің бірде-бір сөзіне нанбайды, бандиттер бастығының біз халықты жақтаймыз, «азық-түлік разверсткасына қарсымыз, комиссарларға қарсымыз», сол үшін соғысамыз деген көпірме сөзіне әсте сенбейді. Фоминнің бандысын жақын арада-ақ өкіметтің құртып жіберетініне Григорийдің көзі әбден жетеді, бірақ сонда да ол бандыны тастап кете алмайды, қапысын тауып, Аксињьяны қасына ертіп, жат жерлерге жөнep беруден күдер үзбейді, сол үмітпен тіршілік етеді, ол Фомин бандысын казактардың мейлінше жек көретінін де жақсы біледі. «Міне осы сыяқты адамдармен қосақтадым-ау өз тағдырымды!» деп ойлайды ол өзін өзі жек көріп. Атына шөп шауып алу үшін бір кемпірден шалғы сұрағанда, кемпірдің: «Құрымайды да бұл қарғыс тигендер!» деген сөзі есінен кетпейді. «Біздің ешкімге де керегіміз жоқ, жұрттың тыныш өмір сүріп, игілікті жұмыс істеуіне кедергі жасаймыз. Бітіру керек мұны, жетер енді!» деген қортындыға келеді Григорий. Сонда да кінасын мойнына алып, өкімет орындарына келіп бас июге оның батылы бармайды. Таймас ержүректілігі одан біржола жеріген секілді.

Өмір биігінен төмен құлдыраудың логикасы осындай болады. Бұл құлдырау адамды оппаға құлатады, рухани өлімге әкеп соқтырады.

Фоминді тастап, жасырын түрде Григорий өз хуторына келеді, өз ойынша «бүліншілік заманды» туған жерден жырақ, аулақта өткізу ниетімен ол, алды-артын ойламастан, Аксињьяны өзімен бірге әкетеді. Ол міне енді оқ тиіп, қолында жан тапсырған сүйіктісін жерлейді. «Аңызак желдің түтін іспетті мұнарында жардың қабағынан күн көтеріле берді. Күн сәулесі Григорийдің жалаң басындағы мықтап ағарған шашын күмістей жарқыратты да, сұп-сұр және адам шошынарлықтай боп қыймылсыз қатып қалған бетіне жылжыды. Бейнебір орасан ауыр ұйқыдан оянғандай, ол басын көтерді де, үстіндегі қара түнек аспан мен көз шағылыстыра жарқыраған күннің қап-қара шарасын көрді».

Ерекше жан боларлық артықша жаратылысын қор еткен Мелеховтың рухани күйреуін суреттеу үшін жазушы шындық сөздер мен көрікті бояу таба білген. Григорийдің өмірін ол өрт шалған, қап-қара боп кеткен, құс та ұяламайтын, аңдар да айналып өтетін өлі далаға теңейді. Қара түнек аспан мен сол түнек астындағы күннің қап-қара шарасының образы, күл-көмірге айналған қара жер — міне, осының бәрі Мелеховтың күйрегенін баян етеді. Тағы аң сыяқты орман кезген Григорийдің жүрегін балаларын аңсаған сағыныш касіреті кеміреді. Ақыр аяғында ол қашқындар отрядын тастап, бірінші май кешірімін күтпестен, айыбын мойындағалы

Татарскийге қайтуға бел байлайды. Жағада, жардан түсе берісте қаруы мен патрондарын су түбіне жытырады, кішкене Мишатканы құшуға ұмтылады.

«Сөйтіп, міне, Григорийдің кірпік қақпай өткізген түндерде арман еткен шағын тілегі де орындалды. Ол туған үйінің қақпасының жанында тұр, қолында баласы...

Оның өміріндегі қалғаны, оны әзірге жермен және салқын нұрлы күн астында жарқыраған бүкіл мынау зор әлеммен жақын етіп тұрғанның бәрі осы ғана еді».

Тап осы Донға түсе берісте мұнан он жыл бұрын жап-жас Григорий Аксиньямен бірінші рет әзілдескен еді. Сол жерге қазір ол бурыл шашты шал, рухани құр қуыс жан боп, ауыр қылмыстардың қара зілін арқалап келіп отыр. Оны көре сала қорқып кетіп, кішкене ұлы да төмен қарайды.

...Шолоховтың кітабы көп нәрсені үйретіп, көп жайларға көзінді жеткізеді!

Жазушы «Тынық Донда»: тек халқымен біте қайнап өмір сүрсе ғана, тек халқының асыл мақсаттарын рухтана қолдап, қызмет етсе ғана жеке адам ілгері өрлеп, жоғары шалқый бермек деген терең ойды оқушының санасына жеткізеді. Егер де халқынан қол үзсе, әділетсіз іске ұмтылса — онда қаншама қасиетті болғанмен жеке адам ылдйлай бермекші, рухани жағынан азып, құлдырайды, ақырында ойранға ұшырайды дегенді аңғартады.

Романның бас геройы Григорий Мелеховтың тағдыры қайғылы тағдыр. Бірақ жазушы бұғаудан босанған азат халықтың өмірін бойына тіршілік қуатын жыйнап гүлденген қуанышты көктем даласының образына теңейді.

«Тынық Донның» басқа геройлары — Григорий Мелеховтың хуторластары — Кошевой мен Котляровтың өмірі мен тағдыры да өнегелі.

Кошевоймен балалық және жастық шағын бірге өткізген досы Григорий Мелехов өзгеше бір буалдыр «шындықты», үшінші бір жолды іздеп, қым-қыйғаш қайшылықтардың құшағында аласұрса, Кошевойдың әуелде қараңғылығы салдарынан, қарманып жүріп зорға тапқан өмір жолы барған сайын айқындала береді. Котляров-зорға тапқан өмір жолы барған сайын айқындала береді. Котляровпен екеуі қабыл еткен ұлы шындықтың ұрығы тұншығып, қуарып қалған жоқ, өнімді жеміс берерлік құнарлы топыраққа түсті. Қазақтарды кім самодержавиенің қорғаушысы етіп қойғанын, кім оларды жұмысшылардың жазалаушысы және жуасытушысы етіп қойғанын Кошевой жақсы ұқты. Империалистік қанды қырғынның барлық жексұрын сұмдықтарын басынан кешіріп, ол кімнің айып-

ты екенін ұғуға кесірін тигізген казактардың қараңғылығына жаны күйіп, қатты қапаланады. Сондықтан да жасынан қайғы мен жоқшылықтың зарын тартқан жас казактың ескі әлемге өшпенділігі контрреволюцияға қарсы құралды айқаста бұрынғыдан да үдей түседі. Өжет мінезді, өмір сүйгіш, бірбеткей жан, Кошевой, сол бір ауыр жылдарда совет өкіметі үшін жан-тәнін аямай алысқан адамдардың қатарына қосылады.

Өзі аса құрметтейтін Штокманның өлімін естіген кездегі, Котляровты және басқа коммунистерді ақказактардың айуанша азаптап өлтіргенін білген кездегі оның дұшпанға деген өшпенділігі оқушыға түсінікті нәрсе, «қараңғы казак жұртшылығын қулық-сұмдық әрекеттерімен бүліншілікке итергендердің», яғни бай казактардың мекен-жайларының күлін көкке ұшырып, кек алуы да түсінікті.

Жараланғаннан кейін хуторға қайтып келіп, Кошевой ревком председателі болады, совет өкіметінің жауларымен аянбай күреседі. «Жарық дүниенің жүзінде бекерге өмір сүріп жүрген ондай жауларға менің қолым қатаң». Михаил мен Григорий екеуінің жолы екі айрылды. Григорий жау жағына шығып кеткеннен кейін Кошевой оны қаншама жақсы көрсе де, ішін оған деген дұшпандық сезім керілеп кетеді. «Мұнда, бұл соғыста құда-анда, туған-туысқан жоқ» — дейді Кошевой. «Өмірге жерік» Кошевойдың өзінің жауынгер жолдастарына жүрегі өзгеше жылы. Григорийдің қарындасына, жас кезінен сүйген және мұның өзін де қыздарша таза махаббатпен сүйетін Дуняшкаға деген оның махаббат сезімі романда аса нәзік суреттелген, Мелеховтың кішкене ұлы Мишаткаға Кошевойдың елжірей еміренгені де жақсы берілген. Жас казактың образы көп эпизодтарда асқан шеберлікпен көркем суреттелген. Бұл жайлар, өсіресе, Михаилдың отводта жылқышы болып істеген кездегі, жараланғаннан кейін туған хуторына қайтып келіп Дуняшамен және Ильиничнамен кездескендегі Мелеховтардың үйіндегі совет өкіметі туралы шал казактармен сөйлескендегі тамаша көріністерде айрықша сезіледі.

Революциялық борышына Кошевойдың шын көңілмен берілгендігін көреміз. Көптеген жарқын сыйпаттар Кошевойдың мінез-кескінін айқындай түседі. Егер де Кошевойдың революцияшылдық сана-сезімінің сыйпаттары романда тереңірек дамып түссе, кітаптың соңғы, қортынды бөлімінде оқушы казак бұқарасының қалың ортасында жүргенін көрсе, оның образы қандай жоғары, қандай мазмұнды болар еді. Донда Кошевой сыяқты адамдардың болғаны даусыз. Бірақ ол кездерде Дондағы өмір шындығында ой өрісі кең, санасы жоғары адамдардың казак бұқарасына тигізген ықпалын көре алмаймыз.

«Тынық Дондағы» коммунистердің образдары сол кезде совет әдебиетінде алғаш көрінген коммунист образдарының қатарына жатады (Д. Фурмановтың «Чапаевындағы» комиссар Клычков, А. Фадеевтің «Тас-талқанындағы» Левинсон, Бакланов, Дубов, Ф. Гладковтың «Цементіндегі» Чумаков, Ф. Панферовтың «Брускиіндегі» Ждаркин және басқалар). Шолоховтың романындағы коммунистердің ең алдымен көзге түсетін ерекше сыйпаттары сол — олар өз халқын шексіз сүйеді, халықтың жауларына мейрімсіз, жауларды мейлінше жек көреді, коммунист партиясына шексіз берілген, биік мақсаттарға ұмтылған, ержүрек, рухани берік адамдар. Алайда, жазушы кейбір коммунистердің образдарын «Көтерілген тыңдағы» коммунист Давыдовтың образы сыяқты және «Тынық Доаның» көптеген геройлары сыяқты етіп, олардың жан құбылыстарының жан-жақтылығын, нәзіктігін онша толық көрсетпегенін де айта кеткен жөн.

Қараңғылық түнегіне батқан казактар арасына Осип Штокман қыйын жағдайда зор сабырлықпен, өте табанды түрде коммунистік шындықты жеткізеді, Котляровтың, Қошевойдың және басқа казактардың сана-сезімін оятып, оларды революцияшылдық рухта тәрбиелейді. Казактар Донына партия жіберген бұл қайратты, ақылды большевик помещиктерге, фабриканттарға патша тұсында зор байлықты сол казактар алып бергенін түсіндіреді, казактарды «жаңа өмір үшін жерді жұмыла жыртуға», «ескі арам шөптерді тамырымен қопарып тастауға» үндейді. Халық жауларының қолынан қаза тапқан бұл большевиктің, партияның сенімді ұлының өмірі мен күресі революция ісіне берілгендіктің жарқын нұрына бөленген. Революция жауларын атып жатқандарын, бұл істің казактар арасында ереуіл туғызу қаупі барын айтқан Котляровка Штокман: «Майдандарда жұмысшы табының ең жақсы ұлдары қырылып жатыр. Мың-мыңдап қырылуда! Біздің мұңымыз солар жайында болу керек, оларды өлтірушілердің жайын, яки аңдып жүріп, қапыда соғу үшін жағдай күтушілердің жайын қайғыртатын жөніміз жоқ» дейді.

Оқушыға коммунист Илья Бунчуктің образы да күшті әсер қалдырады. Соңынан жұмысшыға айналған казак Бунчук — империалистік соғысты, Корниловтың қаскүнемдігін және азамат соғысының басталуын суреттейтін екінші кітаптағы ең басты геройлардың бірі. Шолохов оның революция үшін тартыстағы күшті жігерін, қайтпас батылдығын жақсы көрсеткен, оны іс үстінде, белсенді қыймыл үстінде, өзіне ерекше жылы көзқарас, зор сеніммен қарайтын майдандық казактармен тығыз байланысты етіп көрсеткен. Казактарға Бунчуктің өзі де шын ықласпен қарайды. Корниловтың революциялық Петроградқа жіберген казактарымен Бунчуктің сөй-

лескен кезіндегі, Корнилов қаскүнемдігінің шын мәнін түсіндірген кезіндегі атмосфера да тамаша көрсетілген, Ленин жөніндегі әңгімелер де шын жүректен айтылған. Жұрттың шындыққа көзін жеткізе білу жөнінде Бунчуктің дарыны аса күшті еді. Ол командирлерінің әмірін бұзудан қатты қорқатын казактардың бұл жүрексіздігін қойғызды, Коммунистік партияның бағыты дұрыс екенін ұқтырып, көпшілікті өз соңынан ерте білді.

Ұрыста қаза тапқан сүйген адамы Анна Погудкодан айрылу Бунчукке аса ауыр тиеді, мұндай қазаның күйінішті екені де түсінікті. Алайда, бұл сыяқты рухани күшті адамның, берік мінезді, табанды коммунистің Погудко өлгеннен кейін босаңсып кетуі өкінішті іс. Подтелков отрядында ол енжарлыққа салынады: казактарды контрреволюцияға қарсы аттандыру үшін Донның солтүстігіне жөнелтілген экспедицияның әрі жауапты, әрі қыйын жорықтары кезінде ол ешбір әрекет істемейді.

Көп қаһармандар — совет жауынгерлері ақгвардияшылармен күресте қаза тапты, бірақ олар жауды жеңетінін өздерінің өлімдерімен де дәлелдеді. Жазушының романда бейнелеген үлкен өмір шындығы міне осындай. Совет жауынгерлерін ұстап бер деген жаулардың пасық ұсынысына жауап ретінде бүліншілік жасаушылардың басшысының бетіне түкірген жаралы командир Лихачевтың ерлік мінезін еске түсірелік. Лихачевтың өмірге ынтықтығы қандай күшті! Ажал алдындағы ақтық минутта орман ішінде ол «өлік түсті бір ақ қайыңды» көреді, қоңыр бүршіктері бөрткен бұтақты сау қолымен жұлып алып «бұлдыраған көздерімен аяздан айығып, сәулетене бастаған ағаштарға қарап қойып, мұртын қырған еріндерімен езу тартып, жымыйып келе жатады». Бұл көріністе аз сөзбен көп нәрсе айтылған!

Қолға түскен қарусыз коммунист-казактарды жанын қыйнап жазалап, офицерлердің айдап салуымен өз станичниктерінің өлтіруі, өздерінің туыстарын, өздерін азат етушілерді өлтіруі өте ауыр, қайғылы көріністер, жүректі жаралайтын драмалы көріністер! «Ал, кәне, бауырлар, соғыса біліп ек біз, енді қазір аброймен өле де білейік... — дейді Иван Котляров жолдастарымен қоштасып, — соңғы деміміз шыққанша, бір-ақ нәрсені есте тұтуымыз керек. Бір-ақ нәрсе қалады бізге ойша жұбаныш боларлық: бізді соғып, сойылға жығар, бірақ совет өкіметін қазықпен өлтіре алмайды ғой! Коммунистер! Бауырлар! Қайсарлықпен өлейік, дұшпандар мазақтамайтын болсын бізді!»

Бір әйел Котляровқа қазық сермеген кезде: «Маматай! Ұрмашы оны! Ойбай-ай, ұрмашы!.. Аяп барамын!..» деп шешесінің етегіне оралып, шырылдаған баланың даусын естіген мезетте ғана Котляровтың жүрегі дір ете қалады.

Азамат соғысының қаһармандары Федор Подтелков пен Михаил Кривошлыков өлім жазасын ерлікпен қарсы алады. Бұл көрініс жантүршігерлік те аянышты. Подтелковтың өлер алдындағы жалынды сөздері надан казактардың тобына арнай айтылды: «Біздің өлімімізді көргісі келгендердің азайып қалғанын қараңдаршы! Ар-ұяты шыдатпаған ғой! Біз еңбекші халық үшін, еңбекші халықтың мүддесі үшін жан-тәнімізді аямай, генерал төбеттермен арпалыстық, ал қазір мына сендердің өз қолдарыңнан өлгелі тұрмыз! Бірақ біз сіздерді жазғырмаймыз. Сіздер — мықтап алдандыңыздар! Революциялық өкімет орнағаннан кейін шындық кімнің жағында болғанын түсінерсіздер. Тынық Донның ең жақсы ұлдарын сіздер мына шұқырға көмбексіздер...»

Жауынгерлік тапсырманы орындарда қандай күйге түскенін әңгімелеген москвалық-қызыләскердің сөзінде үлкен бір саналы пікір жатыр. Қатерлі операцияға шыққанда ол қызыләскерде ешқандай қорқыныш үрейі болмайды. Көпірді бұзуға керекті дайындықтың бәрі істеліп бітеді, жарылатын оталғыш заттың жібіне от тигізу ғана қалады, бірақ су тиген оттық тұтанбайды да, міне осы сәтте оны ең үлкен қорқыныш билейді. Жауынгерлік тапсырманы орындай алмай қалу — жолдастарының өмірін қатерге ұшырату — міне ең үлкен қорқыныш осы болады.

Совет өкіметін жақтаушылардың бәріне, коммунистерге асқан ерлік пен рухани күш берген не нәрсе? Жаулармен шайқасқанда алға қойған мақсаттарының аса ардақтылығы, халыққа жарқын өмір әперу жолындағы күрестің ұлы ісінің салтанат құратынына толық сенгендігі — олардың ержүректілігінің қайнар бұлағы міне осы.

Сонымен қатар, алданған бүлікшілер халыққа қарсы, әділсіз іс үшін соғысқанда моральдық табандылықтан айрылғанын да жазушы нанымды етіп дәлелдейді.

Қанаушылардың, зорлықшылардың, құлданушылардың жексұрын тобыры: атамандар, кулактар, ақгвардия офицерлері мен генералдар «Тынық Дон» романының оқушыларында өшпес өшпенділік сезімін туғызады, езушілерге, адамды жек көрушілерге қарсы күресте кісінің қайратын шынықтыратын қасиетті өшпенділікті туғызады. Контрреволюцияның басшылары өздеріне біз «Россияны құтқарушылармыз» деген екіжүзді сұрқая, лепірме ат тақты, ал шынында олар жерімізді тұтасымен де, бөлшектеп те империалистерге сатып жүргендер, империалистер үкіметтерінің итаршылары еді.

Жапырая өскен «тырбық қурайдай», казак жеріне жабыса орын теуіп, бу диірменнің қожасы Мохов көпес Татарскийді және басқа хуторларды уысына шенгелдеп қысты; Иван Котляров, Валет, Да-

выдка және тағы он төрт қызметші арқа еті арса, борбай еті борша болып сол Моховтың қызметін істейді; жалшылардың сорғалаған терімен Коршунов кулактың байлығы арта түседі...

Революция байлардың табан тіреген тыянағын жұлып алады. Коршунов құтырына түседі, «барлық казактарды шетінен қыру жөнінде қызылдар жарлық шығарыпты» деп қара ниетті қауесет таратады, хутор казактарын бүліншілік жасауға айдап салады.

Рязань кулагі да жаман, ал қаруланып алған дон кулагі онан екі есе қауіпті: «Ол қолына винтовка алады да, бізді қырады. Сені құртады. Және соңына басқа казактарды ертуге тырысады... Осылардың қолымен бізді жайратуға жанталасады!» деп Татарскийде ревком председателі болған Қотляровка Штокманның берген түсінігі әбден дұрыс.

Коршуновтың баласы Митька дон жерін қасқырша шарлайды. Жазалау отрядында подхорунжий шеніне ие болған Митька жұртты аса қаталдықпен азаптайды, дүре соғады, сүмбімен ұрады, әсіресе, большевиктерді, қолға түскен қарусыз қызыләскерлерді және совет өкіметіне тілектес-ау дегендердің бәрін рақаттана атады.

Жүз мыңдаған «тұрғылықты» және «кірме» шаруаларды дон жерінен қуып жіберуді талап еткен казак офицері Извариннің образы арқылы жазушы өз ұлтының іргесін отаннан бөлектеуді көксейтін барып тұрған буржуазияшыл ұлтшылды суреттейді. Өзі помещик баласы, барып тұрған патшашыл және жағымпаздықпен Кориловтың жұлығын жалап жүрген офицер Листницкий қанаушыларға қарсы бас көтерген халықты құртып жіберуге дайын, ол халықты «кұл-құтандар» деп кемітеді. «Менің қолымды қағар ешкім жоқ!» — дейді бұл сырты жылтыр, іші арам жауыз. Фомин бандысының бір басшысы әсер Қапариннің тұлғасы да адам жиренерлік. Қара басының қамы үшін бұл арамза өзінің сыбайластарын ұстап беруге де әзір. Фомин шайкасындағылардың бәрі де шығаннан шыққан бандиттер, ал өзін «казактардың құтқарушысымын» дейтін Фоминге, сен: «Ұзын жолдың бойында ел тонап жүрген қанды ауыз қарақшының өзісің, одан өзге ешкім де емессің» дейді Чумаков, ашықтан-ашық. Фоминнің: ал генерал Краснов пен генерал Деникин де қарақшы ма? деген сұрағына, Чумаков: «Қарақшы болмағанда енді кім деп едің? Тек эполеттері ғана бар» — деп тікелей дәл жауап қайырады.

Түрлі рангалы жендеттер халықтың қанын судай шашқанын жазушы ашынып, ызалана, қайғыра отырып, айқындап көрсетті.

Тарих шындығын «Тынық Дон» романында терең және асқан шеберлікпен көркем түрде көрсете отырып, жазушы кейбір жерде



көмескілеу, кейбір тарихи фактыларды тіпті қате суреттеп те кеткен. Бұл жағдай көбінесе романды жазған кезде автордың қолында тарихи уақыттарды дұрыс баяндайтын материалдардың жеткіліксіздігінен болса керек.

Революцияны тұншықтырушы және халыққа қарсы қаскүнемдіктің басшысы етіп Корниловты дұрыс көрсетумен бірге, автор Корниловтың және оның төңірегіндегілердің шын мақсатын кейде күңгірт, кей жерде мүлде теріс көрсетеді. Бүліншілік басшысының сыртында тұрып жасырын түрде оның бар әрекетін басқарып келген империалистік күштер де ашылмай қалған.

Автордың кейбір қателері романның келесі беттеріндегі Корниловты шындыққа сүйене суреттеген жерлеріне қайшы келіп жатады.

Романның екінші кітабында азамат соғысының геройлары, казактан шыққан Федор Подтелков пен Михаил Кривошлыковтың істерін айқындайтын кейбір тарихи фактылар бұрмаланып көрсетілген. Бір жағынан, кітап бетінде Подтелковтың көрінген жерінен бастап-ақ революцияшыл пейілдегі казактардың жетекшісіне автордың іш тартатынын оқушы сезбей тұра алмайды. Ақ казактар жазалап өлтірген жерде Подтелковтың образы эпикалық түрде аса күшті суреттелген. Жазушының оны шын халықтық қаһарман етіп көрсеткен жері міне осы! Екінші жағынан, Подтелковқа тән емес кейбір сыйпаттарды берген, осының өзі оның образын әлсіретіп алуға, кейде сәл-пәл бұрмалаушылыққа да әкеп соққан. Басында автор Подтелковты казактармен сөйлескенде кішіпейіл етіп көрсетеді де, кейінірек ол ревком председателі болып сайланғаннан кейін тәкәппар, жұртты менсінбей сөйлейтін менмен болып шығады. Подтелков пен Кривошлыковтың казак жұртшылығын бөлектендіруге бейім екені Каледин үкіметімен келіссөз жүргізгенде де айқын сезіледі. Дондағы еңбір күрделі және шиеленіскен мәселе — жер мәселесі, бұған Подтелковтың көзқарасы дәлелсіз суреттелген: осы жердегі жүз мыңдаған «тұрғылықты» және «кірме» шаруаларға жер беру керек пе? Григорий Мелеховтың осы сауалына Подтелков жоқ деп жауап қыйырады. Оқушылар мұнан: «тұрғылықты» және «кірме» шаруалардың көпшілігіне Подтелковтың көзқарасы осындай екен ғой деген қате қортынды шығаруы мүмкін.

Тұрмыстың өзінде, өмірде бұл жай қалай болған еді?

Тарихи документтерге, фактыларға, сол кезде Подтелковты жете білген адамдардың есте қалғандарына қаралық.

Подтелковтың таскындаған саяси өмірі төрт-ақ айға созылды, бірақ кейде көп нәрсені шала түсініп, қателесе де, контрреволюцияға қарсы қандай тамаша батыл күресті десеңізші!

Каледин контрреволюциясы совет өкіметіне қарсы соғыс ашқан кезде партияда жоқ батареяшы казак Федор Подтелков Каменская станицасында болған революцияшыл пейілдегі майдандық казактардың съезінде әскери-революциялық комитеттің председателі болып сайланады. Съезд бен ревком Советтік Россияда бір ғана заңды және әділ өкімет — Орталық Атқару Комитеті мен Ленин бастаған Халық Комиссарлары Советі деп таныды. Советтердің Бүкілроссиялық III съезіне казактар өз делегаттарын жібереді. Оларды Ленин жылы жүзбен қабылдап, жақсылап әңгімелеседі.

Съездің тапсыруы бойынша Әскери-революцияшыл Комитет Дон облысында Өкімет Советтер қолына көшті деген тоқтам жариялайды.

Ревкомға басшылық етіп, Подтелков контрреволюцияға қарсы батыл күрес жүргізді. Ростов қаласын босатқаннан кейін ол жұмысшылар жыйылыстарында революцияға опасыздық жасағандарға қарсы шығады. Әскери-революцияшыл Комитет пен жаңадан құрылған Дон совет Республикасының халық комиссарлары Советі еңбекші казактар мен шаруаларды жұмысшылармен достық бірлестікке, қолға қару алып совет өкіметін қорғауға шақырды.

Совет өкіметіне қарсы атаман Краснов бүліншілік ұйымдастырған қыйын-қыстау кезеңде революцияшыл казактарды генерал Красновқа қарсы аттандыру үшін Подтелков пен Кривошлыковты басшы етіп Серго Орджоникидзе Донның солтүстігіне экспедициялық отряд жібереді. Баратын жеріне жетпей-ақ — Донда бүліншілік шығып кетіп — отряд ақтарды жақтаушы казактардың қолына түсіп қалады. Экспедицияға катнасқандардың бәрі атылады да, Подтелков пен Кривошлыков дарға асылады. Өлім жазасы орындалар алдында сол араға жыйналған жергілікті казактарға арнап Подтелков революцияшыл жалынды сөз сөйлейді. Казактардың надандығын пайдаланып контрреволюцияшылдар оларды алдап жүр, бірақ совет өкіметі келген соң бәрін де түсіндіреді, жұрттың көзін ашады, — дейді ол.

Ақгвардия подполковнигі Чернецовты Ф. Подтелков шынында өз бетімен жазалаған жоқ. Шахтерлерді рақымсыз жазалаған нағыз озбыр контрды ол революция сотымен соттамақшы еді. Чернецовты қылышпен шауып тастағаны рас, — бұл шын уақығға. Бірақ Подтелков өз басын қорғау үшін осылай етті: күртесінің қалтасынан револьверін суырып алып Чернецов Подтелковты атып тастамақшы болды, тек қана нағаны от алмай қалды... Подтелков не істеуі керек еді? Екінші қайтара атуды күту керек пе? Қанішер жазалаушының револьверіне кеудесін тосуы қажет пе еді? Әрине, Подтелков Чернецов жөнінде осындай жағдайда өз басын қорғау шарасын қолданды.

Корниловты суреттеудегі және Федор Подтелков пен Кривошлыковтың жауынгерлік революцияшыл істерін көрсетудегі басты кемшіліктер романның жаңадан өңделіп басылуында тегіс түзетілген.

«Тынық Дон» романында халықтың ортасынан шыққан орыс әйелдерінің образдары үлкен орын алады, деревняның еңбекші әйелдерінің ішкі жая дүниесіне терең үніле отырып, жазушы оларды өте тамаша суреттеген. Бұларды орыстың классикалық әдебиетіндегі ең жақсы әйел образдарымен қатар қоюға болады. Ер мінезді, өр жүректі, махаббатымен көрікті Аксињья; момын мінезді еңбек сүйгіш, тең сүйіспендікке қолы жетпей азап шеккен адал жанды Наталья; әрі дана, әрі ержүрек Ильинична; кіршіксіз жас махаббатымен тартымды Дуняша — міне осы қарапайым казак әйелдерін көркем сөз ұстасы асқан шеберлікпен суреттеген.

Революциядан бұрын деревнядағы орыс шаруа әйелдерінің көрген күні аса ауыр еді. Казак әйелінің халі де қуанышты емес-ті. Ескі өмірдің әдет-ғұрпы ең қайратты, ең өнегелі, пейіл-мінез жағынан мінсіз әйелдерді де тұншықтырып, жасытып келді, қорлыққа іштен тынып шыдауға, ерінен көрген зәбірге көнуге оларды мәжбүр етті.

Күйеуге еріксіз берілген алғашқы түні-ақ ері «аспай-саспай, ойлана жүріп, қатты» сабаған Аксињьяның көрген күні қараң болды. Бірақ қуанышсыз өмірге мойын ұсынған Аксињьяның жолында Григорий кездесті де, бүтіндей билеп алған зор махаббат сезімі оның өмірін кенет өзгертіп жіберді. Бұдықтырған ауыр түстің құшағынан оны жұлып алғандай болды. Бұл махаббатының қандай бәлеге ұшыратып, немен тынатынын түсіне тұрса да, Аксињья шын махаббат, шын адамшылық өмірдің хақы үшін тайсалмай күреске шығады. «Бүкіл қор болған өмірім үшін бір сүйіп қалам! Онан кейін өлтірсеңдер де мейлілерің!» Хутор ішіне таралып кеткен өсек сөз де, ерінен көрген қорлығы да, Натальяға үйленгеннен кейін Григориймен екеуінің уақытша, зор азап шеге отырып ажырасуы да Аксињьяның махаббатын тойтара алмайды. Махаббат рухына бөленген Аксињья Григорийге хуторды тастап «басқа жаққа» кетейік дейді. Сөйтіп, ерге шығып бақыты ашылмаған, әкесі алып берген Натальяны тастап, Григорий Аксињьямен қол ұстасып, өз үйінен, туған хуторынан кетіп қалады, жалшылыққа жалданады. Соғысқа кеткен Григорийді Аксињья ұзақ уақыт көре алмайды; жалғыздық зарын тартқан және жас сәбиінен айрылып торыққан әйелді арамдықпен қолға түсірген Листницкиймен андаусыз жүріп қалғанының кесірінен Григориймен екеуінің ажы-

расқанына төрт жыл толады; осы ұзақ жылдар бойы Аксињья сүйгенін сағынып, іші оттай жанады:

Көп жыл бөлек жүргеннен кейінгі бірінші жолығыста-ақ Аксињьяның зор махаббаты лаулаған өрттей қайтадан шалкыйды.

«Қайда барсаң да, сенің соңыңнан, өлімге болса да, қалмай ере беремін!» — дейді ол «шет жерге» әкетем деп, абайсыз апатты сапарға жетектеген Григорийге. Тек махаббат қана оның көңіліне медеу болып, қуанышы аз өміріне сәуле төкті. Ол күдік қорқынышын да татты, Натальядан қызғанып Григорийге де өкпе артты, күншілдік те жүрегін өртеді, жаны жаратпайтын ерінің соққысын да көтеріп, азапты мәпелеуіне де көнді, жалғыздық зары, андаусызда Листницкиймен айналысқан ұятты өкініші, көп жылдар бойы Григориймен айырылысып тұруы және оны сұрапыл сағынуы — міне, осының бәрін, соңынан өзінің сезімдерінің асқан әсемдігімен нұрланып, Григорийдің жетім қалған балаларын сүйіспеншілігімен жылыту үшін Аксињья осы махаббатын ауыр кезендерден аман алып өтті.

Рухани өсуі жолында биікке көтеріле алмағанына, жаңа өмірге жол тауып шыға алмағанына Аксињья айыпты ма? Жоқ, бұған Аксињьяны тәрбиелеп, өсірген қоғамдық жағдай айыпты.

Биік рухани көркемдікпен нұрланған образ — Наталья образы. Сыншылардың Натальяның ішкі көркемдігі ақаулы, оның жан қуатының бәрі «өзін-өзі азаптауға, өзін-өзі өлтіруге» арналған, «жасампаз күш емес, бұзушы күш» дейтін пікірлері дұрыс емес. Бұлай деу — еңбек сүйгіш қарапайым орыс әйелінің образын теріс талқылау, оның кіршіксіз таза, шексіз берілген терең махаббатына нұсқан келтіру болады.

Натальяның ұялшақ балғын махаббатын Григорийге арнауы, Гришака атай мен қарт Мелеховтарды шын жүректен құрметтеуі, Мишатка мен Полюшкаға аналық махаббатының төгілуі романда қандай тамаша ақындық шеберлікпен берілген!

Қалыңдық кезінде ол Григорийді кіршіксіз нәзік сезіммен сүйеді. Натальяның Григорийді шығарып салып, оған ғашықтық көзбен қараған, кішкене қолорамал тарту еткен жерін еске түсірейік. Өзін сүймейтін Григорийдің оны тастап, Аксињьямен үйден кеткен кезінен бастап, «Гриша, жан сәулем! Кері қайт, Гриша!» деп зарыққан дауыспен оның соңынан айқайлаған күннен бастап жантәнімен сүйген жар — Наталья Григорийді қалайда қайтып оралды деген үмітте болады. Сәтсіз зайыптық тұрмыстың, бақытсыз өмірдің ащы зардабын Наталья көп тартты, өмірі қайғы мен қорлықтан шықпады.

Натальяның Григорийге арналған махаббатының күштілігі

сонша, тіпті көрген ауыр жәбіріне қарамастан ол ерін өле-өлгенше сүйіп, жан тәсілім етер алдында бәрін де кешіріп кетті.

Дана да мейірбан шаруа-ана Ильиничнаның образы — оқушының терең сүйіп, қатты құрметтейтін образы. Бұл әйелдің жүрегінде сарқылмас бір күш жатқан сыяқты. Басына түскен ауыр бәлелер мен азалы өлімдерді ол рухани беріктігімен жеңеді. Өлер шақта бастан кешірген өмірін көз алдына келтіріп отырып, ол өз тұрмысының қуанышы аз, азабы мол болғанына таңданады. Жалғыз ғана бір сурет оның көз алдына өзгеше елестейді. Ильинична күнге күйіп кеткен ақсаңдақ даланы, көкпеңбек аспанды және «жап-жас, бойшаң, әдемі өзін көреді...», арбаға асып қойған бесіктен титтей қара-қоңыр Гришатканы алып, оған асыға емшегін емізеді, тісінің арасынан: «Сүйіктім сен менің, ұлым! Сәулем менің! Аштан қалжыратты ғой сені мамаң...» деп сыбырлайды. Осы бір сурет аналық қуанышын оның есіне түсіреді.

Василиса Ильиничнаның ерлі-зайыпты тұрмысының алғашқы жылдары, дарақы мінезді өр Пантелей Прокофьевичпен өмір сүруі аса ауыр болды. Әйеліне Пантелей Прокофьевич көбінесе жөнсіз тиісті, бірақ оның тиісуі әрдайым «занды» сыяқты болды. Бірақ Ильинична бұған не істемекші, ескі қытымыр тұрмыстың ауыр жағдайында кімге сүйенбекші? Алайда адамгершілігі аса күшті Ильинична ашушаң ерін үйретіп, билеп, жөнге сала бастайды — Пантелей Прокофьевичтің мінезі бірте-бірте өзгере береді.

Сауатсыз кәрі әйел Донда болып жатқан ірі уақығалардың мәнісіне түсінбесе де, кімнің дұрыстықты жақтайтынын, кімнің әділет іске қарсы екенін ұқпаса да, сүйген ұлын ойлап, ана жүрегі үрейлене береді, — ол Григорийдің теріс жолға түскенін сезеді. Бүліншілік кезінде Григорий төрт қызыл матросты шауып тастапты деген хабарды естігенде Ильинична ұлының ар-ұятына салмақ артып: «Сен, Гришенька, ойлан, есінді жыйна! Балаларың болса анау — өсіп келе жатқан, әлігі сен өлтіргендердің де, дәуде болса, балалары қалған шығар!.. Осылай істеуге бола ма? Жасыңнан жұмсақ, жайдары, сүйкімді ең, ал қазір мынау қабағың бір жазылмайды. Байқа, жүрегің қасқыр жүрек боп кеткен сыяқты... Тыңда анаңның сөзін, Гришенька!..» деп жалбарынады.

Әрқайсысының арасы көп ұзамастан, Ильинична ерінен, тұңғыш ұлынан, сүйікті келіні Натальядан айрылады, Дарьяның өлімін азалайды. Соншама өлімнің ащы қайғысын басынан кешірсе де, ол тек қана «кіші ұлын» көңіліне медеу етіп, сонымен тіршілік етеді — ана жүрегі тұтасымен соған ауады, Григорийдің келуін асыға күтіп сарғаяды.

Ильиничнаның ақтық күндерін суреттеген жерлері романның ең жақсы жерлерінің бірі. Өз өлімін ол дем алуға: «ұзақ та бей-

нетті өмірім бойына жапа шегіп тапқан правом» деп есептейді. «Қайран қолдарым, енді жұмыс істеп болдың... Дамыл алатын кезің жетті... ұзақ тұрдым дүниеде, жетер енді... Тек Гришенькамды тосып алсам екен...» дейді ол. Тек осы ұлына деген сүйіспеншілігі ғана оның бар жүрегін жылытты. Григорийді және оның балаларын сүйген Аксињьяның махаббат күшіне бағынып, Ильинична Аксињьямен де татуласты, оны жақсы көріп кетті.

Империалистік соғыста, сонан кейін азамат соғысында өздерінің асыраушыларынан — ерлері мен балаларынан айрылған қарапайым орыс әйелдерінің қасірет-зары суреттелген кітап беттерін зор қайғы, күйініш сезімімен оқыйсың. «Москва яки Вятка губернияларының әлдебір жерінде, ұлы Совет Россиясының әлдеқандай елеусіз қалған селосында қызыләскердің анасы — балаңыз «еңбекші халықты помещиктер мен капиталистердің тепкісінен азат ету үшін ақгвардияшыларға қарсы жүргізілген күресте қаза тапты...» деген хабарлау қағаз алып жоқтау айтады, жылайды... Ана жүрегін ыстық қайғы басып, өртейді, сөнік көздері жылай-жылай суалып, әлсірейді, содан ол бір кезде өзінің құрсағында көтеріп, қаны кетіп, қатын азабын шегіп тапқан, енді келіп әлдеқайда белгісіз Дон жерінде жау қолынан қазаға ұшыраған қыршынын әр күні, ұдайы, өле-өлгенше есіне алумен болады», «коммунизм үшін, жер бетінде ешуақытта да ендігәрі соғыс болмайтын болуы үшін» соғысып, күресте өмірін қыйған ұлын үнемі есіне алумен болады.

«Тынық Дон» эпопеясында Шолохов ескі әлемнің күйреуін баян етті. Революция әкелген жаңа өмір ол кезде Дон жерінде енді-енді ғана беки бастаған еді. Бүкіл совет деревнясындағыдай, Донда болған ұлы өзгерістерді Шолохов өзінің атақты «Көтерілген тың» романында суреттеді.

«Көтерілген тың» романының геройлары тап сол азамат соғысының дауылы жүріп кеткен жерлерде өмір сүріп, әрекет етуде. «Тынық Донда» көрсетілген айбынды да ірі уақығаларға олардың әкелері және тіпті өздері де қатынасқан болатын. Бірақ, Дон қандай өзгерген десеңізші! Ол еліміздің өлкелері мен облыстарының алдыңғы қатарында, дариядай шалқыған, өрісі кең халықтық колхоз қозғалысына қосылып кетті. Бұл — коммунистік партияның данышпандық саясатының жемісі. Советтік казак жұртшылығының жаңа образын біз «Көтерілген тыңда» көреміз.

\* \* \*

Орыстың ұлы жазушыларының алдыңғы қатарлы дәстүрлерін бойына мейлінше сіңірген Совет әдебиетінің күші — оның халық-

пен тығыз байланысында, халықтың мүддесі үшін, Совет мемлекетінің мүддесі үшін қызмет етуінде. Совет әдебиеті совет халқының өмірін бейнелейді, оның ілгері басқан жолына жарық сәуле төгеді. Оның ардақты уазыйпасы міне осында, Шолохов творчествосының күші де міне осында. Шолохов шын мәнісінде өмірді жіті біледі, сондықтан да ол халықтың өмірін, адамның образы мен характерін соншалық поэзиялық көркемдікпен, соншалық терең реалистікпен күшті түрде суреттейді. Маркстік-лениндік дүние танумен қаруланған жазушы өмір шындығын саналуан түрінде, барлық қайшылықтарымен, тартыстарымен жан-жақты бейнелейді, тоқтаусыз алға өрлеудегі жаңаның ескімен күресін айқын көрсетеді. Ол суретшінің көреген көзімен уақыттың нағыз мәнісіне тереңдеп еніп, жаңаның ескімен күресіндегі ең қиын жақтарын ашуға тырысады. Өмірді үстірт, сырт көрінісін ғана алып суреттеу, болмысты жылтыратып сырлап көрсету Шолохов шығармасына жат нәрселер.

Жазушы ымырашылдықтың қандайынан болса да аулақ, оның бірден-бір дұрыс жетекші принципі — өмір туралы тек қана шындықты жазу.

Совет жазушыларының ең жақсы кітаптарының маңызы көбінесе өмірдің күрделі тақырыптарын қалай алып, қай түрде шешумен, негізгі қайшылықтарды, тартыстарды қалай көрсетуімен анықталады. Шолохов жаңа дүниенің ескіге қарсы күресін баян етсе де, казак жұртшылығының революция мен азамат соғысы жылдарындағы жолдарын, Григорий Мелеховтың сергелдеңін жазса да, еңбекші халықтың жауларымен күрескенде мейлінше қатал Михаил Кошевой туралы айтса да, я болмаса колхоз құрылысының дүниеге келуін, деревняда социализмнің табысқа жетуі жолындағы күресте партия жеңіп шыққан қиыншылықтарды әңгімелейтін болса да, колхозға енген «сұр жылан» жеке меншікке жаны ашыйтындығымен күрескен орта шаруа-казак Кондрат Майданников жөнінде, қым-қыйғаш қайшылықтар мен шиеленіскен тап күресінің күрделі жағдайларына киліккен колхоз жетекшісі Давыдов туралы, Григорийдің, Аксиныяның, Натальяның қарым-қатынастары жөнінде жазса да — өмірдегі қайшылықтарды, жеке адамдардың арасындағы және әлеуметтік тартыстарды, өзара қарсыласушы күштердің бір-бірімен шайқасуын мейлінше терең шындық түрінде бейнелейді, кейде тіпті жанға батарлықтай ауыр шындық түрінде суреттейді. Сондықтан да Шолоховтың шығармалары соншалықты ақыйқатты, жүрекке жылы, көңілге қонымды да тартымды, үлгілі-өнегелі, мәңгі ескірмейтін болып келеді.

Адамның тағдыры мен характерінің дамуын жазушы геройлардың өмір сүріп, әрекет еткен әлеуметтік ортасымен тығыз бай-

ланыстырып көрсетеді. Олардың өмірі, қақтығыстары мен тағдыры бұқараның қозғалысымен, халықтың өміріндегі өзгерістермен жымдасып жатады. Бұл жағдай жазушыға халық өмірінің типтік сырлы суреттерін жасауға көп көмек береді.

Шолоховтың романдарындағы көркем жасалған толыққанды образдар, типтік адам характерлері, үлкенді-кішілі уақығалар өмірдің елеулі көріністерін, шынайы болмыстың көрнекті сыйпаттарын бейнелейді. Сонымен бірге типтік адам характерлерінде айқын көрсетілген, қайталанбайтын дара кескін-сыйпаттар бар.

Социалистік реализм әдебиетінің асыл қазнасында Горький мен Маяковский жасаған зор маңызды типтік образдар мен характерлер бар. Фурманов жасаған Чапаев образы, А. Фадеев жасаған Левинсон, Бакланов және жас гвардиялықтардың образдары. Н. Островскийдің Қорчагин, А. Твардовский поэмаларындағы Моргунок пен Василий Теркин, П. Павленконың Воропаевы және басқа толып жатқан образдар бар.

Көп ұлтты совет әдебиетінің аса көркем образдары сыяқты, Шолоховтың Григорий Мелеховы мен Михаил Кошевойының, Аксинья мен Натальясының, Пантелей мен Ильиничнасының, Семен Давыдов пен Нагульновының, Кондрат Майданников пен Островновының образдары халықты идеялық және эстетикалық жағынан тәрбиелеуде мәні үлкен образдар.

Алексей Толстой «Тынық Донды»: тілі, шын жүректен шыққандығы, адамгершілдігі, әсемдігі жөнінен — жалпыорыстық, ұлттық, халықтық шығарма деді. «Тынық Дон» мен «Көтерілген тың» А. Н. Толстой көрсеткен қасиеттері жөнінен ғана халықтық шығарма болып қоймай, сонымен бірге өзінің мәні мен мазмұны жағынан да халықтық, ал мұның өзі көркем сөз ұстасының суреттеу әдістерімен, толқыған жүрек күйімен байланысты. Бұл шығармалардың халықтық болатын себебі — мұнда халық өмірін суреттегенде жазушы халықты тарихтың жасаушысы және шешуші күші етіп суреттеді; бұл шығармалардың халықтық болатын себебі — Шолоховтың көркемөнерінің бүкіл асылы халықпен терең тамырласып жатыр, халық оның өнерін өз қазнасы етіп, есте қаларлықтай өмір суреттері есебінде қабылдады.

Белинскийдің сөзімен айтсақ, Шолохов: «Идеяны формаға мінсіз құйып шығаруға және оған өз басының, өз рухының ерекше бір өзіндік таңбасын түсіруге» аса шебер.

Шолохов талантының тамаша бір қасиеті еңбек адамдарының ішкі дүниесіне, психикасына терең еніп, олардың ақыл-ойы мен жүрегінің не бір нәзік қыймылдарын байқай білуінде, «қарапайым» адамдардың ішкі рухани дүниесінің күрделілігін жіті көре білуінде, олардың сырт пішіні сұсты, тіпті дөрекілеу болғанмен, ішкі ру-



хани дүниесі көркем екенін танып білуінде. Бұл Шолохов талантының ең бір күшті жағы. «Тынық Донға» шейін Аксињья, Наталья, Ильинична сыяқты, орыстың қарапайым шаруа әйелдерінің жан күйзелісін, махаббат сезімінің асқар биігін прозада мұндай көркем етіп ешкім суреттеген жоқ-ты.

Жазушының көркем сөз ұсталығы саналуан және сол көркем сөздердің бәрі де әсерлі де өткір келеді. Шанада жатқан ауру Григорийді көргенде, оны өлген екен деп қалған Аксињьяның құты ұшып кететін жерін қандай шебер және қандай күшті етіп бергенін еске түсірейік, Аксињья тіс жарып дыбыс шығармайды. Оның көздері, жүзі, дәрменсіз түсіп кеткен қолдары бәрін де айтып тұрған сыяқты. Дуњашка оған жалт қарай қалғанда, аузынан еріксіз: «Тірі, тірі! Сүзек ауру» деген сөздер шығып кетеді. Ішкі үнсіз монолог, геройлардың ойланып-толғануы адамның жан құбылысы қай күйде екенін жақсы көрсетеді. Григорийдің азамат соғысы туралы, Қызыл Армияның жауынгерлері жөнінде ойлануы оның жан дүниесінің екі дай боп бөлінгенін, шындық кім жағында екенін іздеп азап шеккенінде ойы мен сезімінің аласұрғанын көрсетеді. Дондағы казактардың соғысы жөнінде Григорийдің Мишаткамен әңгімелесуі өте аз сөзбен берілген, бұған автордың берген түсінігі де қысқа, бірақ осының бәрі Григорийдің үлкен абыржуға түскенін көрсетеді. Григорийдің сөзге сараң болуы жанын жеген сұрауға оның өзі де жауап таба алмағандығынан,— бұған оқушының да көзі жетіп қалады. Сондықтан да Григорий іштей ұят азабын шегеді.

Наталья өлгеннен кейін Григорий үйіне келгендегі көріністі еске түсірейік. Бұл бір елеулі көрініс. Бұл драматикалық көрініс Григорийдің Натальяға және балаларына қалай қарайтынын айқын көрсетеді. Мұнан біз Григорийдің азапты қасіретінің бірден-бірге ұлғая түскенін көреміз. Мінски ол кішкене қақпа жанында аттан түсе сала балаларын құшақтай алып, дірілдеген дауыспен оларды жұбата бастайды; шешесінен Натальяның өлу себебін есітіп жүзі қара-күрең тартады да, төмен қарайды; зат біткенінің бәрі Натальяны еске түсіріп тұрған төр бөлмеден ол «қартаң тартып, сұп-сұр боп, дірілдеген көкшіл еріндерін дыбыссыз бұлк-бұлк еткізіп» шығады да, сол бөлмеге екінші рет кіргенде Натальяның балаларымен қалай арыздасқанын көз алдына келтіріп, «жүрегіне шаншыла қадалған қатты хастені, құлағының күңгірттеніп, зың ете қалғанын сезеді». Григорий үйден жүгіре шығады да, үрейлене алақанымен жүрегін басады.

Бұл драмалық көріністің ерекшелігі сол, мұнда Григорийдің өзінің Натальямен қарым-қатнасы жөнінде көп ойланып толғанғанын көрсетеді. Ол өткен өміріне көз жіберіп, өзінің мінез-құлқының салалап ұғынады. Аксињьямен ұзақ уақытқа айрылысып кеткеннен

кейін Натальямен қайта табысқандықтан Григорий әйелінің өліміне қатты қайғырады, оның өліміне өзім себеп болдым деп күйінеді. Шешесінен Натальяның бәрін де кешіргенін, оны сүйетінін және ақтық минутына шейін есінен шығармағанын есітіп ол онан әрі күйінеді, ұзданы азаптайды.

Адамның ішкі рухани дүниесіне терең бойлап, нендей асыл ой, асыл сезімін аша білетін жазушының осы бір ерекше қабілеті алуан сырлы көркемдікті, толыққанды, құнды образдар мен характерлерді туғызды. Міне сондықтан да Шолохов шығармаларының геройлары өмірдің өзінен сол қалпында алынған сыяқты боп көрінеді. Сондықтан да бұл геройлардың тағдыры қалай басталып, немен тынарын оқушы ішінен тына бақылайды. Ол геройлардың тағдырының өнегелі болуы да осыдан.

Шолоховтың шығармаларында адамдар толып жатыр, бірақ басы артық адам барын сезбейсін. Бас геройлардың образдары соншалық айқын жасалған, тіпті көз алдына тірі адам сыяқты болып көрінеді. Осындай шебер жазылған образдар «Тынық Донда»: Григорий мен Аксињьяның, Панталей мен Ильиничнаның, Петро мен Дарьяның, Наталья мен Дуняшаның, Кошевой мен Котляровтың, Прохор Зыков пен Степан Астаховтың образдары; «Көтерілген Тында»: Давыдов пен Нагульновтың, Кондрат Майданников пен Шукарь шалдың, Лушка мен Островновтың образдары. Әсте олардың біреуі мен біреуін шатастырмайсың. Әрқайсысының өзіндік сыйпаты: күлкісі мен көз қарасы, сөзі мен сөйлеу қалпы, өз мінезі, өз тарихы, өз тағдыры бар.

Жазушы қарапайым адамдарды асыра әсемдеп жалған түрде сырламай, өмірдің тап өзінде қандай болса, сондай етіп, күшті жақтарын да, әлсіз жақтарын да көрсете бейнелейді. Өз заманының, туып-өскен ортасының кесірінен геройлардың кейбіреулері қараңғылықтың, жоққа сенушіліктің, ескі әдет-ғұрыптың құшағында қалып отырады, бірақ сонымен бірге жазушы оқушыға: бұлар қандай терең сезіп, қатты қайғыра біледі, қарашы, адамгершілігі қандай күшті! — дегендей болады. Жазушымен бірге оқушы да адамды адам қанаған әділетсіз ескі әлемнің озбыр салты мен сорақы тәртібі езіп, жаншып, мүгедек етіп тастаған кейбір геройлардың аянышты тағдырына күйінеді де, қайғырады да. Адамшылығы мол, қабілеті зор, бірақ теріс жолға түсіп кетіп, ақырында рухани құлдықлауға ұшыраған Григорий Мелеховтың трагедиясына оқушының қайғыратыны міне осыдан.

Табиғат суреттерін де Шолоховтың өте шебер, нәзік сыршылдықпен суреттейтіні сондай, тіпті дон жерін көзбен көріп, қолмен ұстағандай боласың, бейнебір оның хош иісі аңқып, жырлап, жайқалып, нұрға бөленіп тұрған сыяқты, мейрің қана иіскеп, сан алу-

ан дыбысын есітіп тұрғандай боласын. Шолохов творчествосының алғашқы кездеріндегі табиғат көріністерін суреттеуінде өмірге қабыспайтын натурализм мен импрессионизм сарындары да байқалмай қалған жоқ, бірақ ондай кемшіліктерден жазушы кейін лезде-ақ арылды. Шолохов пейзаждарының құндылығы сол — ол тек қана туған жердің табиғат байлығын шарықтай жырлап, шабытпен суреттеп қана қоймайды, табиғат көрінісі оның романдарының көркемдік мазмұнының бір бөлшегі есебінде бүкіл баяндау желісімен ұштасып, біте қайнап жатады. Табиғаттың әсем көрінісі уақытты тереңдете түсуге, геройлардың характерлері мен жан құбылысын айқынырақ көрсетуге жазушыға жәрдемдеседі.

Күн нұры құйылған август айындағы далада алтындай бидай аңызы, шырыл қаққан шегірткенің ың-жың үні және қара жусанның сүйкімді ащы исі кәрі Ильиничнаның есіне ананың ұлы қуанышын — кішкене Гришатканы түсірді.

Аксиньяның Григорийді сүйіп, жүрегінде лаулап жанған махаббат отын жазушы әл-қуат беретін табиғат күшіне теңейді. Қатты науқастан кейін бірінші рет көшеге шыққанда Аксинья жарқ ете қалған әлемнің сұлулығына, дүниеге бейне бір жаңа келген адамша, тандана қарайды.

Шығыс жақтан төніп келген дауылдың және сатыр-күтір етіп күн күркіреп, бұлттардың төбесін түйрей жарқылдаған нажағайлы нөсердің жақындап келе жатқаны, будақ-будақ қара бұлттың суреттері Григорийдің Аксиньямен қайтадан табысқанын білген Натальяның көптен бері жыйналған және еріксіз бұркырап сыртқа шыққан ызалы кегін, ашынуын көз алдына келтіреді.

Табиғат көрінісінің күңгірт те қапас сарындары Григорийдің рухани күйреп, іштей қаңырағанын бейнелейді. Соңынан қуғыншы түскен қасқыр сыяқты, Фомин бандиттері тырағайлай қашып бара жатқанда ат тұяғы шеңгелдеп жан-жаққа лақтырған қызғалдақтың қызыл-күрең гүлдері Григорийге ірі-ірі тамшы қан сыяқты боп көрінеді. Сол «қызыл тамшыларды» көріп Григорий көзін жұмып қалады. Бұл Фомин бандиттерінің және Григорийдің өзінің де қолы малынған халық қанын оның есіне түсіреді.

Апатты жолға түскен Григорийдің күйікті көңілін жазушы өрт жүріп өткен түнеріңкі далаға теңейді.

Майданнан қайтып келе жатқан Аксиньяның орман ішіндегі ашық алаңда дем алған әсем суретін еске түсірейік. Тіршілік қуаты тасыған табиғаттың көркемдігін қарапайым әйел қалай нәзік ұғады десеңізші. Солып қалған меруерт гүлдің өтіп кеткен жастық шақты, бастан кешірген қуанышы аз сұрғылт өмірді еске түсіруі қандай ауыр! «Басында қардай аппақ, еңсесі төмен түскен гүл тостағаны бар оның әрі бақалтақ, әрі еңкіш сабағын бір кездегі

жап-жасыл жапырақтары әлі күнге шейін күн көзінен қызғана қорғапты. Бірақ шық пен сарғылт тот басқан жапырақтары қуара бастапты, тіпті гүлдің өзін де ажал жидігі жидіте бастаған: төменгі екі тостағаны бүрісіп, қап-қара болып кеткен, мөлдіреген шық моншағына бөленген жалғыз-ақ жоғарғы жағы ғана күн көзінде аса бір тартымды түрде, көзді ұялтарлықтай боп жарқ ете қалады».

Пушкиннен бастап Горькийге дейінгі орыстың ұлы жазушыларының тілге зор мән бергені бізге белгілі. «Біздің тілді, өзіміздің орыстың тамаша тілін, осы бір қазнамызды, бәрінің маңдай алды боп Пушкин жарқыраған сонау заманнан бастап, бізден бұрынғылардың бізге қалдырып кеткен осы бір игілікті мұрасын сақтай көріңіз! — және бұл күшті құралды ардақтай біліңіз; қолы шеберлерге тисе, бұл құралдың керемет істер істеуге құдіреті келеді» — деп жазды Тургенев. Шолохов творчествосының зор көркемдік күшінің тағы бір себебі — оның кітаптарының тілі қарапайым, айқын, бейнелі, әсерлі және сонымен бірге ешқандай екі ұштылықтан аулақ, дәлме-дәл, сондықтан оқушыны үйіріп әкетеді. Бұл — халықтың әзіл-оспақ араласқан нағыз өткір, сом тілі. Шолохов орыстың халықтық тілін мейлінше мол біледі, сондықтан халық тілінің сарқылмайтын бай қазынасын керегіне жаратып, шығармаларының әсерлілігімен оқушысын бағындырып алады. Көркем пікірді бейнелеу үшін ол мірдің оғындай салмақты, жайдары-жарқын, дәлме-дәл сөздерді іздеп тауып, қолдана біледі. Оның сөзді сырлап әсерлеу құралы аса бай. Оның кітаптарынан әр адамның сөзінің өзіндік даралығын аңғарамыз, сөзіне қарай әр адамның қандай әлеуметтік ортадан шыққанын, қай ортада тіршілік етіп отырғанын жақсы сеземіз, характер ерекшелігін байқаймыз, және ол адамның көңіл күйінің қандай екенін ұғамыз. Автордың өз тілі біресе қатал да ашулы келеді, біресе жұмсақ та мұнды келеді, кей жерде албырт та жайдары болып, сықақ ұшқыны жарқ-жүрк етеді, кейде салтанатты әрі қайғылы, әрі мұнды үн естіледі, кейде ол тілден салтанатты шаттық күйін сезесің. Көптеген поэзиялық теңеу, бейнелеу, әсірелеу, халықтық мақалдар мен мәтелдер Шолоховтың романдарында маржандай шашылып жатады. Осының бәрі көркем сөзге өзгеше мәнер енгізеді. Оған нағыз күшті әсер мен үйіріп әкетерлік ажар береді.

Чеховтың «Дала» деген шығармасы жөнінде Горький: «Бәрі — айқын, бар сөзі — қарапайым, әрқайсысы — өз орнында» — деген еді. Горькийдің бұл сөзі Шолоховтың көркем сөз шеберлігіне баға беру үшін де өте орынды анықтама. Жазушы үнемі тілінің айқын, қарапайым, дәлме-дәл болуын көздейді, осыған ұмтылады және осылайша, үзбей ізденіп, тілді кемеліне келтіру арқылы асқан

шеберлікке қолы жетті. Шолоховта сөз талғаудың нәзік сезім дарыны күшті. Мұның бәрі осындай. Бірақ көркем сөз ұстасы болу үшін жалғыз ғана шабыт жеткіліксіз. Жазушының еңбегі — қыйын еңбек. Жазушының тамаша қасиеті: аянбай еңбек етуінде, тілінің көркем болуы жөнінде өзіне қатаң талаптар қоя білуінде. Шолохов табысқа көңілі көнши қалатындардың, үлкен шебер жазушымын, жазғандарым енді кемеліне келтіре жақсартуды керек етпейді дейтіндердің қатарына қосылмайтын жазушы. Шолохов — мұқалған, шаблонға айналған жауыр сөздер мен сөйлемнің қас дұшпаны, ол өз кітабының әрбір бетін өңдеу үшін өте көп еңбек сіңіреді. Оның мағына жағынан рендес көп сөздердің ішінен қасарыса іздеп, керегін қоярда-қоймай тауып алатынына қайран қаласын. Сөздің бәрі өз орнында — етістік те, теңеу де тамаша сыяқты, бірақ жазушыны бұл әлі де қанағаттандырмайды. Сөйтіп, ол шығармасының көркемдік кестесіне айнымай қонатын сөздің дәл өзін тауып алады.

Рас, «Тынық Донның» алғашқы кітаптарында, шетпұшпақтап «Көтерілген тыңда» да, керексіз жерде «жергілікті тіл ерекшеліктерін» пайдалану, диалектизмге тым әуестеніп кету сыңайлары да сезілетін. Жазушының көркемдік ұсталығы есейген сайын бірден-бірге тілі де өткірленді, таза, мөлдір бола бастады. «Көтерілген тыңда» және «Тынық Донның» соңғы томында жазушының тілі асқан қарапайым, айқын, әсем тілге айналды.

«Тынық Дон» мен «Көтерілген тыңның» соңғы басылуында жазушы осы кітаптарда бастапқы кездегі кеткен тіл кемшіліктерін мықтап түзетті. Шолохов шығармаларының бір ерекшелігі — бейнелеу құралдарының біріне бірі сай келіп, үйлесіп жататындығында. Шолоховтың поэтикасы тұтасымен ой-пікірді мінсіз көркем түрге бөлеуге, сол арқылы шығарманың идеясын күшейте түсуге, образдарды, адам характерлерін терең де әсерлі етіп шығаруға бағытталған.

Совет әдебиеті шеберлерінің алдыңғы аға тобының да, кейінгі жас күштерінің де творчествода озат жетістіктерге ие болу себебі — олар Пушкин мен Лермонтовтан бастап, Толстой мен Чеховке дейінгі көркем сөздің ұлы ұсталарынан, социалистік реализмнің ата-сы Горькийден көркем тіл өнерін үйренді. Орыс классиктерінің шығармаларынан Шолохов шеберліктің үлкен сырына қанды. Олардың озат дәстүрлерін игеріп, Шолохов Совет әдебиетінің ерекше дарынды көркем сөз сүретшісі болды. Шолохов стилінің, адамды және оның характерлерін сүреттеуінің, тіл көркемділігінің өзіндік ерекшелігі қайталанбайтын ерекшелік. Шолоховтың шығармаларының мәнісінде жаңашыл творчество.

«Үйрену дегеніміз — біреуге еліктеу емес, шеберлік әдістерін

менгере білу деген сөз,— деді Горький.— Жұмыс әдісін менгеру — өмір бойы сынымен ғана тыну деген сөз емес... Классик жазушыны бейнебір өз шәкіртін сыйрағынан ұстай алып, көрге сүйрей жөнелетіндей көріп, одан сақтанушылықта, классиктерден үйренуден жасқануда біртүрлі кісі күлерлік бір нәрсе бар».

Бірқатар жазушылардың шығармаларындағы негізгі кемшіліктің бірі көркемдік шеберлігінің бәсеңдігінде жатыр. Кітап көбінесе асығыс, тартымсыз, сылбыр тілмен жазылады. Жас жазушылардың тек қана орыстың ұлы классиктерінен үйреніп қоймай,— бұл өсу жолындағы ең бірінші шарт қой,— совет әдебиетінің көрнекті шеберлерінен де, соның ішінде көркем сөздің тамаша ұстасы Шолоховтан да үйренулері аса пайдалы.

М. Шолоховтың көркем творчестводағы озат еңбектері жоғары бағалануда. Үкімет оны Ленин орденімен және Отан соғысы ордендерімен наградтады; 1941 жылы «Тынық Дон» романы үшін бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді. 1939 жылы Шолохов ССРО Ғылымдар Академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Төрт кітапты «Тынық Дон» эпопеясы және деревняда жүргізілген ұлы өзгерістердің ізінше іле-шала жазылған «Көтерілген тың» Отанымыздың шегінен тысқарғы шетелдерге де мәлім: бұл шығармалар барлық европа тілдеріне аударылды. Ұлы Қытайда, Индияда және Японияда басылып шықты, соңғы кездерге шейін Америка Солтүстік Құрама Штаттарында, онан басқа да толып жатқан елдерде талай рет басылды.

Совет әдебиетінің басқа да ең жақсы кітаптары сыяқты, Шолохов кітаптары халық демократиясы елдеріндегі көркем сөз ұсталарына игілікті әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар капиталистік елдердегі прогресшіл жазушылардың творчествосына да игілікті ықпалын тигізуде.

\* \* \*

М. А. Шолохов — аса көрнекті қоғам қайраткері. Жерлестері оны ССРО Жоғарғы Советіне үшінші рет депутат етіп сайлады, ол партияның Вешенский аудандық Комитетінің бюро мүшесі. Ақыл сұрап, кеңесу үшін Шолоховқа колхозшылар мен колхоз председательдері, оқытушылар, партия және совет қызметкерлері келіп тұрады. Совет адамдарының ағыл-тегіл хаттары мен жас әдебиетшілердің қолжазбалары оған үнемі келіп жатады.

Совет патриоты Шолохов өзінің публицистикалық жалынды сөздерін совет халқына арнайды. 1942 жылдың 22 июнінде Ұлы Отан соғысының біржылдығында «Правда»да басылған Шолоховтың «Өшпенділік ғылымы» деген жалынды әңгімесі оқушылардың

көкейіне мейлінше терең срнады. Жазушы Совет еліне келген үлкен апат туралы әңгімелей отырып, қас дұшпанға, жауыз фашизмге қарсы күрестегі халықтың рухани күшінің есейіп, нығая түскенін айтып береді. Соғыс бейбіт еңбегінен айырған және сан қыйын-қыстау кезеңдерді бастан кешірген, ата-бабасынан бері қарай жұмысшы болып келген лейтенант Герасимовтың образы арқылы жазушы Коммунистік партия мен бүкіл советтік өмірдің асыл құрылысы тәрбиелеп өсірген совет адамының характерін, қайыспас қайсар табандылығын айқын көрсетті, оның социалистік отанға деген шексіз сүйіспеншілігін, совет халқының жеңіп шығатындығына шексіз сенетінін, жауға рақымсыз қатал екенін, өшпес өшпенділігін бейнелеп көрсетті.

Совет Одағы Коммунистік партиясының 50 жылдығына арнаған, 1953 жылдың 30 июлінде «Правда»да жарияланған «Мәңгі жаса, туысқан партиям!» деген мақаласында жазушы: «Жарты ғасыр бойы халықтың төл мүддесін мүлтіксіз жақтап, қалтқысыз қорғап келген, оны қауіп-қатерден сақтандырған, халықтың іс-әрекеттеріне дана басшылық еткен, қырағылыққа үйреткен және онымен үнемі шындықтың батыл да түсінікті тілімен сөйлесіп отырған партиясын халық қалай сүймесін, қайтіп оның соңына ермесін? Халықтың игілігі мен бақытты болу қамын ойлауды өзінің ең ардақты міндеті деп санаған партияны халық сүймей тұра алар ма! Халық өзінің туысқан партиясын шын ықласымен сүйеді, оның жарқын, коллективтік ақыл-парасатына сенеді, оның барлық бастамасы мен ісін әрдайым бар күшін сала қолдайды...

Қол жеткен жержүзілік тарихи жеңістердің жарқыраған зәулім биігінде тұрып, совет халқы өзінің ту ұстаушы партиясының басшылығы арқасында өткен қаһармандық жолына насаттана көз жібереді. Ұлы түпкі мақсатқа жету жолында — коммунистік қоғам орнату жолында әлі де талай істер істеу керек екендігін, сан қыйыншылықтар мен кемтарлықты бастан кешіруге тура келетінін совет халқы жақсы түсінеді. Алайда өзінің ұлан-байтақ қуатына, коллективтік көсемі және алдыңғы отряды — Коммунистік партияның сарқылмас күшіне шексіз сенген совет халқы толық жеңіс күткен болашаққа зор айбынмен қарайды» деп, өзінің шын жүректен шыққан ең асыл сөздерін жазды.

Гуманист-жазушының жалынды, шын ықласты, батыл сөздері бейбітшілікті қорғаудың игілікті ісіне қызмет етеді.

Жаңа империалистік соғыс өртін тұтатушыларға, дүние жүзін билеп-төстемек боп дәмеленушілерге, «адам баласына керексіз сілімтіктер тобырына» қарсы жазушы қаламының зәрін төге, жирене жазды. «Уоллстриттың қарақшы қара жалауының астына ұлт біткеннің азғындары мен олардың көсемсымақтары еміне топырлау-

да. Бүкіл адам баласының көз алдында арсыздықпен жасақталып жатқан бұл жексұрын топтың ішінде жоқ емесі жоқ». Адам баласын жек көретін қаскүнемдердің қазымыр аттарын «дүние жүзіндегі әрбір адал жан қарғыспен, жиренішпен атайды, бұларды тарих жиренішті өлімге душар етеді».

Құлдық бұғауын сыпырып тастаған қытай халқының ұлы жеңісіне шаттанып, халықтық демократия елдерінің озат табысына, бейбітшілікті қорғау жолындағы пәрменді қозғалысқа қуанып, жабушы алып қуатты совет державасы бастаған бейбітшілікті, демократияны, социализмді жақтаушы лагерьдің жеңімпаз күшіне берік сенім білдіреді.

«Жарық пен түнек» деген публицистік очеркінде Шолохов бейбітшілік үшін күрескен бүкілхалықтық қозғалыстың мызғымас күшін елестетеді.

«Соғыс өртін тұтандырушыларға жауап ретінде халықтардың ашынған даусы жер шарының тұс-тұсынан: «Біздің тілейтініміз соғыс емес, бейбітшілік... Дәурені өтіп бара жатқан капиталистік Бағысты қара түнек жапты. Бірақ барлық елдердің еңбекшілеріне Шығыста атқан бостандық пен бақыт таңы үміт сәулесін төгіп тұр. Жарық — түнекті жеңешек. Туысқандық пен достық туын берік ұстаған адам баласы: «Жасасын күн, жоғалсын қаратүнек!» дейді!»

Гуманист-жазушы, совет патриоты, Михаил Александрович Шолоховтың бүкіл творчествосы ұлы мақсатқа — халықтың бақыты жолындағы, жер үстінде нұрлы өмір орнату жолындағы күреске қызмет етеді.

*К. Потапов*



---

Жетінші бөлім . . . . .	3
Сегізінші бөлім . . . . .	305
Михаил Шолоховтың «Тынық Доны» . . . . .	513

*К. Потапов.*

Михаил Шолохов

ТИХИЙ ДОН

*IV книга*

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1956

Редактор Х. Узденбаев  
Художник К. Баранов  
Техредактор С. Ищанов.  
Корректор Г. Жангалин

Подписано к печати 30/X 1956 года.  
Изд. № 161. Формат 84 · 108 1/32 = 35,5 п. л.  
— 29,11 уч.-п. л. (31,8 уч.-изд. л.)  
Тираж 15000. Цена 11 руб. 55 коп.

Полиграфкомбинат Главиздата  
Министерства культуры КазССР.  
г. Алма-Ата, Пастера, 31. Зак. № 1273.







